

12017

4852к

*Зәкір АСАБАЕВ*

# ЗАМАНА ТЫНЫСЫ










**Зәкір АСАБАЕВ**

**ЗАМАНА ТЫНЫСЫ**  
**(Очерк, эссе, көсемсөз,  
естеліктер)**



**АЛМАТЫ**  
**«ДӘСТҮР»**  
**2017**

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84(5қаз)**

**А 87**

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

**Асабаев З.**

**А 87** Замана тынысы: Очерк, эссе, көсемсөз, естеліктер. /Зәкір Асабаев. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2017.– 384 б.

**ISBN 978-601-7505-49-3**

Белгілі жазушы-журналист Зәкір Асабаевтың әдебиет пен мәдениеттің көрнекті өкілдері мен қоғамдағы толассыз жүріп жатқан құбылыстар жайында жазған очерк, суреттеме, эссе, естеліктері оқырманын бей-жәй қалдырмайтыны анық.

Кітапта күллі бір кезең, дәуір, халықтың бастан кешкен елеулі оқиғалары суреттеледі.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 821.512.122**

**КБЖ 84(5қаз)**

**ISBN 978-601-7505-49-3**

© Асабаев З., 2017.

© «Дәстүр», 2017.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2017.

## ҚОС ҚАЙРАТКЕР, ҚОС ТҮЛҒА

*Нұрымбек Жанділдин*

Осынау екі азаматтың есімін бүгінде білетіндерден көрі білмейтіндер басымдау екеніне таласпай-ақ қоятын уақыт та жеткелі қашан. Себебі, алдақашан келмеске аттанған базбіреулердің аты-жөндері аттандап атой салып жатса да, ол екеуі жайында көптен құм. Бекер. Біз аруақтарына тағзым етіп отырған олардың екеуі де белгілі қайраткер, Совет өкіметі дәуірлеген жылдардың «өнімі» болатын. Және екеуі де Қазақстан Орталық партия комитетінің идеология саласына жауап беретін жоғары қызметте болды. Аты-жөндері: Нұрымбек Жанділдин, Саттар Имашев.

Қош, бұларды неліктен неге еске алып отырмыз? Сондарында халық жадында сақталып, құрметтейтіндей қам-қарекет, жарқын із қалып па еді? Әлде, жәй ас ішіп, аяқ босататын қатардағы басшылардың бірі болған ба еді? Бәлкім, сен солай дерсің. Ал, бізше олай емес. Екеуінің «жазығы» сол шақтардағы заман ырқы, темір тәртіпке бейімделе жұмыстанып, жаңбыр-жаңбырдың астында ғұмыр кешкені демесе, қасақана қиястыққа бармағанын (бүгінгі) аға буын өкілдері тәуірлеу білсе керек. Сондай-ақ, бүгінде оларды білетіндерден көрі білмейтіндер көп (десек те), білетін қауым аз деу де жөн еместей. Шүкір, баршылық, жетеді. Алайда, білудің білуі болады. Нақты айғақ, мәлімет-мағлұмат, дерек, көз көріп, куә болған жағдаяттар тұрғысынан білу бар да, пәленше үйдеді, түгенше бүйдедінің төңірегіндегі өсек-аян, жел сөз, ғайбатпен шегенделіп, шемен болған «дейді екендер дейді екеннің» жарапазаны өзінше. «Жақсының артынан шөп ілеседі» дегендей, кейде кейбір самырзақ ешкікөздер үшін соңғылардың әуселесі басым түсіп жатуы да ғажап емес, әрине. Солай бола тұрса да...

Олар кім? Ұлы ақын Қасым Аманжоловша айтсақ, «аспандағы асық па, жоқ, жерде жатқан жасық па?» Міне, дәл осыған кесіп-пішіп төрелік айтпасақ та, кезінде оларды көріп-білген, бірге қызмет істеген, ақ сөйлеп, адалын айтатын ағайындардан естіген, тіпті, екеуімен де азын-аулақ дидагласып, тілдесіп, лебіздерін тыңдаған қарапайым көптің бірі ретінде ой өрбітіп

көрсек дейміз (әрине, базбір дәлсіздік, жаза басу, қателесу ғажап еместігін – қауіп еткеннен алдын-ала ескерте отырып).

Енді тоқ етеріне келсек, олардың екеуі де қазақтың таным-түйсік, көргені, түйгені, тәжірибесі мол, биік мансапқа қатал сараптау сатыларынан өте отырып көтерілген, өзіндік бет-бейне, түсінік-пайым, алым-қарымы мол зиялы перзенттері болды. Кадр саясатын уысында ұстаған Мәскеу Қазақ республикасының бірінші басшысынан бастап, жауапты салаларды басқаруға жергілікті ұлт өкілдерін қаншалық шектеп, тежесе де, әйтеуір, идеология саласына олай ете алмады. Қарап отырсаңыз, пәленбай жыл ішіндегі республиканы басқарған пәленбай бірінші секретарьлардан бар болғаны екі қазақ – Шаяхметов пен Қонаев қана еске түседі (ертректе жарты жыл бірінші болған тағы бір қазақ болған деуші еді, аты еске түспей отыр). Бұл қазақ соған назалану орнына, кезінде сол екеуінің өзін де көпсініп, онша қуанбай, әлі күнге дейін «көлеңкелі жақтарын» жіпке тізуден шаршайтын түрі көрінбейді. Қолбин деген кәрі түлкінің келуін жиырма бес жыл күттім деп зар жылағандар да болды-ау, ой, дүние-ай! Ендеше, іштеріне пышақ айналмайтын қызғаншақтар үшін Нұрымбек Жанділдин мен Саттар Имашев кімнің шікәрәсі еді, тәйірі?! Олардың да елге, халыққа сіңірген еңбегі жайлы жақ ашпай, бірлі-жарым (амалсыз) мүлт кетіп, «жаза басып, жаңылған» тұстарын ғана әліге дейін бүксітетіні неткен бейшаралық десейші. Айталық, Нұрымбек Жанділдин жерде жатқан адам ба еді, біреулердің оны мұрын шүйіре ғайбаттайтыны түңілдіреді (жиренішті-ақ). Апырай, сонша не болды деп қапыласың. Ол деген кезінде «Социалистік Қазақстан» газетінде ұзақ жыл қызмет еткен көрнекті жазушы Жекен Жұмақанов: «Нұрымбек нағыз секретарь еді ғой, әр күнгі жұмысын сағат сегізде газет қараудан бастап, редакцияларға жақсыны жақсы, жаманды жаман деп телефон соғатын, кейде редакцияға күтпеген жерден кіріп келіп, шұғыл мәжіліс өткізетін, газеттің сырын бес саусақтай білетін», – дейтін Жанділдин емес пе еді?

Өткен ғасырдағы 60-шы жылдардың ортасында секретарлықтан босап, шет тілдер институтында ректор болған ол «Мәдениет және тұрмыс» журналына сұхбат алуға барған менен Жекен жайлы сұрап: «Сендерде істей ме? Е, ол мықты



ғой, жолы болмай жүр. Редакторларың Мұса Дінішев белгілі журналист. Екеуі де соғысқа қатысқан, менен сәлем айт»,— деген еді. Онымен тынбай, мені бірінші рет көріп отырмын деместен: «Кезінде міндетімізді адал атқардық, бізде де көз-құлақ бар, естіп-көріп жүреміз, жұрттың анау-мынау сөзіне мән бермеңдер» дегені де бар болатын. Түсі сұсты, сөздері тас кескендей екен. «Өзім жазамын» деп дайындап апарған сұрақтарды алып қалды да, үш-төрт күннен соң жауаптарын машинкаға бастырып, тап-тұйнақтай етіп беріп жіберді. Бұл бір.

Екінші, сол шақтарда бізбен жақын құдалығы бар Қалдарбек Есімбеков дейтін ұлтжанды азамат (бұрынғы Шәуілдір) Қызылқұм аудандық партия комитетінде сегіз жылдай бірінші секретарь боп істеді. Әне, сол қадірменді Қалекен Алматыға қызмет бабымен әр келген сайын осындағы қызылқұмдық белгілі азаматтарды жиып, ресторанда шай беретін. Құда ретінде мені де қосатын. Сондай кездерде Мұхтар Әлиев, Өмірзақ Айтбаев, марқұм Мыңбай Ілесов, Шәмші Қалдаяқов тағы басқа қызылқұмдықтармен әлденеше рет дәмдес болғанбыз. Әдебиет, өнер, мәдениетке жақын Қалекен, Қалдарбек Есімбеков сол уақыттағы жас ақын Мұхтар Шахановтың да қызылқұмдық (кейін отырарлық) болуына сеп жасады (Мұхтар ұмытпаса керек). КПСС-тің ХХІҮ съезіне делегат боп, екі рет Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен наградталған Қалдарбектің кісілігі жайлы абыз қаламгер Садықбек Адамбеков «Қазақ әдебиетінен» бастап, басқа да басылымдарда сан рет мақала, очерктер жариялады. Аузынан тастамай айтып жүретін.

Шымкенттен Алматыға ұшарда хабарласатын Қалекенді күтіп алып, қонақүйге апарып жайғастыратынмын да, содан ол қашан қайтып кеткенше бірге болатынбыз.

Әне, сол Қалекен:

— Кеше Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-секретары Сақтаған Бәйішевтің үйінде қонақта болдым,— деді Алматыға кезекті келісінің бірінде маған.— Нұрымбек Жанділдин бастаған біраз адамды шақырыпты. Апырай, ол кісі, Нұрекенді айтамын, қазақтың салт-дәстүрі, домбыраға қырын қарайды деуші еді, бекер екен ғой. Сақанның үйінде етті қолмен жеп, домбырамен ән салып, күй тартқанына мен емес, дастарқан басындағылардың

бәрі куә боп, риза болды. Мінезі соншалық биязы, жұмсақ болмаса да, кесіп айтып, өткір сөйлейді екен. Өз басым осы күнге дейін домбыраны дәл солай шебер тартқан ешкімді көрген жоқпын. Өз мінін елемей, елді сынап, жасаған жақсылықты таптап, бізді де сырттай сыбап жүретіндер жоқ емес қой. Ал, Нұрекең үлкен қызметте болған адам. Жұрт білмей айта береді екен-ау деп қайран қалдым. Қазір секретарь емес, институтта ректор, мен болса-болмаса алыста тұратын адаммын. Сондықтан, кейде сөйтетінім бар ғой, тәуекел деп оған сол ойларымды сыпайылап жеткіздім.

Нұрекең ештеңе демей, бетіме қарады да қойды. Онысы маған «Сен сөз бен істің арасын аңғаратын сияқтысың» дегендей көрінді. Аңғарайын-аңғармайын, шындық осы. Кім қалай десе өзі білсін, бірақ, мен көрген Нұрымбек Жанділдин қазақтың қасиетті домбырасын сыйламайтын пендеге ұқсамайды екен», – деп Қалекең тершіген маңдайын сүртіп, өңі нұрлана түсті. Оның кім қалай десе өзі білсін дегеніне орай, менің де көрген-білгендерім еске түсіп, бір сәт соларға ой жүгірттім. Бірі...

Орталық партия комитетінде істеген жылдарда не дейсің, Нұрымбек Жанділдин домбыраға қарсы екен, әншілер әнді пианино, фортепиано, баян, аккардеон, гитараның сүйемелдеуімен айтуы керек деп нұсқау беріпті дегендей дабыраны жұрттың бәрі естіп, таса-тасада күбір-жыбыр желдей ескені... Дәл соның айғағындай, даңқы дардай, атағы таудай белгілі әншілердің бәрі болмаса да, «Қазақконцертте» істейтін біреуінің домбыраны былай қойып, концертмейстр Морфессидің баянда сүйемелдеуімен тік тұрып ән салғанына куә болғаным да бартын. Іштей өкініп, бармақ шайнағаннан бөлек қолдан не келсін. Әйтсе де, кім білсін, қасаң идеологияның күдіреті ме, бәлкім, сол да жөн шығар, домбыра, қайда қашады, онымен алысқа ұзамаймыз, ендігі жерде оған қоса еуропалық аспаптарды да менгерген жөн деп қарағандар да болғаны жасырын емес. Әлгі Морфессидің баянына қосылып ән шырқаған Жазекеңнің де солай деп ашық айтқанын да естігенбіз. Сөйтіп, әділ ме, жоқ па, Жанділдинге сәл нәрсеге бола жаманат жамылды. Баяғыда «Мәдениет және тұрмыс» журналының бірінші саны он мың дана тиражбен жарық көрген (1958) жылдарда Абайдың өлеңіне жазған «Өзгеге көңілім тоярсың» деген әні басылған Әблақат

Еспаевтың қаламақы алып тұрып: «Мәдениеттерің жақсы, тұрмыстарың нашар екен» депті-мыс деп әлі күнге айтылатынындай, Нүрекең қазақтың домбырасына қарсы болған деген қаңқу сөз де ауыздан-ауызға өтіп, әліге дейін қалмай келеді. Бір тәуірі, Жанділдин жайлы одан бөлек пәлендей бықсық сөз сол кезде де, кейін де естілген емес, басқадай албасты айғақ, дерек жоқ десе болады. Есесіне...

Оның да жаны сірі емес, орталықтың қытымыр қысым, кеудемсоқ өктемдігіне төтеп беру амалдарын басқалардан бір емес, он есе артық білмей қалай атқарар еді қитұрқысы қырық есекке жүк боларлық, бір қарағанда, өзгелер қызыға да қызғана қарайтын осынау жауапты лауазымды. Ал, туа бітті зиялы, танымал ғұлама, уақыт, дәуір, заман тынысын жіті аңғарып, сезіне білген, тамырын дөп басуға құмбыл қайраткерде басқадай мүмкіндік те болмаған шығар-ау демеске де әдді жоқ, ағайын. Және біз бұл жерде қазақтың киелі домбырасына «қарсы» шығып, «тәрк етпек» болған жоғары шенді партия шенеунігін әлденеден арашалап, ақтап, қорғаушы (адвокат) бола қалу ниеттен алыспыз. Кезінде басы жұмыр барша пенде секілді, ащы-тұщысы аралас ғұмыр кешкен марқұмның аруағы оны қажет те етпес (деп ойлаймыз). Қаузамағымыз – оның аты аталған жерде сол баяғы бір «білместігін» қайта-қайта қоздатып, жаңғырта бергенше, елге, қоғамға сіңірген қыруар еңбегі мен жағымды іс-әрекеттерін де елеп-ескеріп, әділетті сөйлеп, сабадан аса бермеу қажет пе, жоқ па, сол айнала. Соншалық не тындырды, 1958 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен екінші онкүндігінде өнер патриархы, қазақ музыкасының жанашыры, академик Ахмет Жұбановты өз қолымен кұрған Құрманғазы атындағы оркестрге дирижерлік етуге жібермеді, не сол шақта СССР Халық артисі болуы мүмкін Қазақ ССР Халық артисі Роза Бағланованың орнына ол атаққа Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген артисі Роза Жаманова ие болғанына (оған тағатын басқа да кінәлардың толып жатқаны шүбәсіз, әрине) Жанділдин жазықты демекпісің? Олай десең, сәл қателесесің. Сәл дейтініміз, кесіп айтуға тіліміз батпай, біз де қателесіп қалмау үшін дәл осы екі түйткіл жөнінде аталмыш онкүндікте (34 жасында) СССР Халық артисі атанған, таяуда өмірден өткен ұлы әнші, қоғам қайраткері Ермек Серкебаевтың пікірін келтірсек

те аздық етпестей. Өзі жайлы алты жыл ішінде үш рет қайталап басылып, қазір бестселлерге айналды деуге болатын эссе-диалог кітапта Ерекең: «Онкүндік кезінде Нұрымбек ағамыз бізге биіктен қарамай, қайта біраз мәселені көпшілікпен, оның ішінде менімен де ақылдасып жүрді. Бірде мен жататын бөлмеге түн ішінде кіріп келіп, Роза Бағланованың онсыз да атақ-абыройы жетеді, әрі, эстрада әншісі, әлі-ақ СССР халық артисі болатыны да анық, ал, опера саласында Күләш Байсейітовадан бөлек СССР Халық артисі атағына ие болған қазақ қыздарынан ешкім жоқ, өзің білесің, қазір ол бақилық, сондықтан, сол атаққа Роза Жаманованы ұсынуға қалай қарайсың деп менен пікір сұрады. Мен не дейін, өзімнің де ойым сол еді, екі қолымды көтеріп қолдаймын дедім. Маған дейін ақылдасқан Қалибек Қуанышбаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Құрманбек Жандарбеков те бірден қолдапты. Сөйтіп, Роза Жаманова – ол кезде бар болғаны Еңбек сіңірген әртіс екеніне қарамай – ережеге томпақтау болса да, Жанділдиннің тікелей араласуының арқасында–СССР Халық артисі атанды. Бұл жерде айтайын дегенім, Жанділдин жауапты мәселелерді жеке билеп-төстемей, жұртпен бірге талқылап, олардың пікірімен санасып отыратын. Сол онкүндікте Ришат және Мүсілім Абдуллиндердің онша жолдары болыңқырамады. Мүсілім ішек-қарнымыз араласқан жан досым болатын. Сонда да, шындықтан асып қайда барамыз, ептеп өздерінен де бірдеңе-шірдеңелер болды дегендей... Қазақ асатпай жатып құлдық деуден сақтан деуші ме еді, оларда да сол құралпас бірдеңелер болса керек. Бірақ...

Нұрекең айтқандай, арадан онша көп уақыт өтпестен–Роза Бағланова, Ришат Абдуллин – екеуі де СССР Халық артисі атағына ие боп, қатарымыз толыға түсті. Ал, сол онкүндікте Ахмет Жұбановтың өзі ұйымдастырған Құрманғазы атындағы оркестрге дирижерлік етуге жіберілмей және жөнді марапатқа ие болмау себебіне келсек, ол онкүндік басталардан көп ілгері «кам» жасап, домалақ арыз-шағымды қардай боратқан қызғаншақтардың қырсығынан деп білген жөн. Ағасы халық жауы, өзі ұлтшыл, моральдық жақтан бетінде шіркеу бар дегендей. «Мақтау жеткізеді, шағым өлтіреді». Бұл жерде Жанділдиннің жазығы жоқ. Жаманатты болу қиын ба, бәлкім, ақыры қолынан келмейтін болған соң, неге бұлай дегендерге «солай» деп айта салған болуы да ғажап емес. Бірақ, өз басым

Нұрымбек Жанділдиннің Ахмет Жұбановты шын силайтынын талай рет көрдім, куәмін. Ахаңның алдын кесіп өтпейтін. Бұлар жеке пікірім».

Сексенге толған жасына дейін шығармашылық өмірбаяны туралы бірде-бір рет шағын кітап тұрмақ, жібі түзу жөндем мақала жазылмаған (оған өзі де ырық беріңкіремегенін жасырмайтын) Ермек Серкебаевтың өз аузынан айтылған – Жанділдинге қатысты – жайларды дыбыс жазу құралы және кітаптағы нұсқа негізінде келтіргенді дұрыс санадық. Сондай-ақ...

Белгілі музыкатанушы ғалым, профессор Пернебек Момынов та таяуда Нұрымбек Жанділдинге қатысты: «Ол Орталық партия комитетінде істеген кезінде қазақ мәдениетін бір сәт естен шығармай, қолдан келгенінің бәрін істеп баққанына куәлердің бірімін. Бірде мені кабинетіне шақырып, барлық облыс орталығынан Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық мектеп сияқты мектеп ашсақ қалай болады дегені бар-тын. Мен олай істеуге болмайды, ондай мектептердің статусы консерваториямен пара-пар, толып жатқан музыкалық аспаптар қажеттігін айтпағанда, кадр тапшы, кім дәріс береді, кез-келген көлденең көк атты жұмыс істей алмайды. Сондықтан, кейбір облыс орталықтарынан ғана бірді-екілі мектеп ашуға болар дегендей уәж айттым. Ал, мен басқаша ойлаушы едім деген Нүрекең бірден келісіп, риза боп қолымды қысты. Кейін Жұбанов атындағы сияқты екінші мектеп тек Қарағандыда ашылып, ол әлі күнге жұмыс істейді. Жалпы, Жанділдиннің қай мәселені болса да, сол саланың мамандарымен ақылдасып, көптің пікірімен санасатын жақсы қасиеті болғанын мен жақсы білемін. Өле-өлгенше пәле-жаладан көз ашпаған Ахмет Жұбановқа сан рет араша түсіп, іштен тынған сәттерін де көргенмін. Білмей сөйлейтін керауыздар не демейді. Ондайлар Нүрекеңнің өзі жөнінде де осы күнге шекті әлденелерді бықсытып қояды емес пе? Бір де бірі дұрыс емес. Ол тұрмақ, қоңыр тіршілігімізді жасап, тыптыныш жүретін біз секілділерді де өсек-аяңға таңатындардан не үміт, не қайыр», – дегені бар-тын.

Осынау қазақ музыкасы мен оның арғы-бергі қайраткерлері жөнінде жазған үш томдық монографиялық кітабының бір-бір данасы Президент Назарбаевқа берілген Пернекеңнің жоғарыда айтқан пікіріне шәк келтіруге хақымыз жоқтай көрінеді.

Өйткені, жасы тоқсанға ойысқан ғұлама ғалымның қашанда ак сөйлеп, адалын айтатынына бәс тігуге бейілміз.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, философ-ғалым Нұрымбек Жанділдиннің рухын ардақтап, құдайлық сөздерін айтқан басқа да ағайындарды білеміз. Солардың бір де бірегейлерінің тағы бірі – Ақат Құдайбердиев, иә, иә, кәдімгі ұлы ақын Абайдың немере інісі Шәкәрімнің ұзақ жыл Алматыда тұрып, кейін туған жеріне көшіп барып, көзі жұмылғанша Жидебайдағы Абай музейіне шырақшылық еткен Ақат Шәкәрімұлы (дер едік). Абай ауданына іссапармен барғанда аудандық партия комитетінің екінші секретары, ағып тұрған ақынжанды азамат–мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – марқұм Бәтташ Сыдықов Абай музейіне өзі бастап апарып, Ақаңмен үйінде қона жатып әңгімелескен кездер еске түседі. Өне, сол жолы Ақат Шәкәрімұлы Алматыдан атамекеніне оралған соң әкесінің қырық жыл құдық түбінде жатқан сүйегін өз қолымен аршып алып, Абайдың қабіріне жақын маңға қайта жерлеп, басына кесене тұрғызғаны хақында мұндана айтқан-ды. «Үлкен арнамым әкемнің толық ақталмай, шығармаларының түгелдей жарық көрмеуі»,– деп күрсінгенді. «Ертеректе Нұрымбек Жанділдиннің қабылдауында болып, көмектесуін өтінген едім, обалы қайсы, әкемнің қайғылы тағдырына менен де қатты күйіне отырып, әзірше ол мүмкін емесін, қолынан келмейтінін айтты. Ренжіме деп қайта-қайта қолымды қысып, жылы пейілмен шығарып салды. Онда Алматыда (Тастақ жақтағы) мектептердің бірінде мұғалім едім. Нүрекең маған білдірмей жасады ма екен, кім білсін, әйтеуір, ұзамай әлдебір марапатқа ие боп, аяқ астынан көзқарастары күрт өзгерген мектеп басшылары бұрынғыдан жылы қарап, асты-үстіме түсетін болды. Мұны өзімше Жанділдиннің арқасы-ау деп шамаладым. Ол жөнінде жұрттың анау-мынау дейтіні бекер екеніне сонда-ақ көзім жеткендей болған. Түсі суықтау көрінгенмен, жүрегі жұмсақ, көп біліп, көп тоқығаны көрініп тұратын азамат қой (онда Жанділдиннің көзі тірі кез еді).

Кейін Абай ауданына барған сол жолғы іссапардан «Мәдениет және тұрмыс» журналына жазылған очеркте көбіне ауыл өмірі, шопандардың хал-жайы, оларға көрсетілетін мәдени-тұрмыстық қамқорлықтар баяндалып, ұлы ақынның мұражайы,

Шәкәрімнің ұлы Ақат Құдайбергеновпен кездесу жөнінде сөз арасында тиіп-қашып қана, атүстілеу айтылған-ды (себебі, негізгі мақсат-тапсырма басқа болатын). Әйтсе де, арадан біраз жыл өтіп, Шәкәрім толық ақталған соң, Ақатпен кездесудің мәнжайы (сол кезде түсірілген фотосуретпен қоса) журналда жарық көрді. Өкінішке қарай, ол кезде Ақаң өмірде жоқ еді. Сонда да, аруағы риза болсын деп, естелік ретінде біраз жәй тәптіштей сөз етілген-ді. Домбыраға «қарсы болғанынан» ба, Жәнділдиннің атын атау қаперге келмегені шындық-тын. Оның үстіне, ол (Жәнділдин) Шәкәрімді ақтауға шамасы келмей, сағы сынбады ма? Қалай шамасы келсін, егер содан бір-екі жыл ғана алдын Шәкәрімнің өлеңдерін «Социалистік Қазақстан» газетінің тұтас бір бетіне жариялап жібергені үшін – басылым басшысы – редактор Қасым Шәріпов сол замат орнынан қалпақтай ұшқан болса. Ал, Нұрымбек Жәнділдин дәл сол тұста Орталық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы еді. Демек, Қасым Шәріповті жазалаған да сол болмай, кім болмақ? Былайғы қауым сол кезде, одан кейін де, тіпті, қазірге шейін солай ойлап, солай пайымдайды. Бәріне Жәнділдинді жазықты санайды. Жоқ, тіпті де олай емес. Жәнділдиннің де үстінен қарайтындар әрісі Мәскеу, берісі осында да жетіп артылатын. КГБ-сы, цензурасы бар, өзге де шолақ белсенділер Шәкәрім тұрмақ, Тұрар Рысқұлов, Мағжанның аруағын күңіретіп, бебеулеген уақыт еді ғой. Сондай-ақ, ол шақтарда Шәкәрімді айдалада атқызып, мүрдесін құдыққа лақтырып кеткен «чекист» Қарасартовтың да (басқалардың да) көзі тірі болатын. Совет өкіметіне «сіңірген еңбегінің» қызығына бөленіп, ырғап-жырғап жүріп жатқан-ды (Академик Е.Бөкетовтің болған оқиғаны Қарасартовтың аузынан қаз-қалпында таспаға жазып алып, газетте жария ететіні көп кейін, сәл жылымық кез жеткен соң).

Міне, мәскеулік алпауыттардың аузына қараған замандағы саналуан қазақ атқамінерлердің бірі (куыршақ десе де артығы жоқ) Жәнділдин сондай қияметтің қыл көпіріндей қиын дәуірде ғұмыр кешіп, жұрыс-тұрыс, қызмет – бәрі шектеулі, аңдулы болғанын да ұмытпаған жөн дер ек. Және бұл жолы оны жоғарыда айтқанымыздай, мақтап та, даттап та, әлденеден арашалап, қорғап та отырған біз жоқ. Ол өз дәуірінің перзенті, сәл теренірек айтсақ, партияның сойылын соғатын (соқпай

көр) солдаттарының бірегей демей-ақ қоялық, – бірі болды. Бар болғаны. Қазақта әріден келе жатқан «өлдің-өштің» дейтін қатал ақиқат бары аян. Егер сол бір аса білімді, алғыр, зерек, зипа, философ-ғалым, компартия қайраткерінің есімі онша көп аталмай, ұмытылғандай болуының себеп-салдары тек домбыраға «өштігі» болса, қазақтың одан басқа да мына өмірден шашасына шаң жуытпай, Абайдың «Әбдірахман өлгенде» деген өленіндегі «... жақсы өліпсің, япырай» дейтініндей дәрежеде алдақашан бақилық болған небір жақсы мен жайсаңдарының да аты-жөндерін неге ешкім онша көп ауызға ала бермейді?! Алмақ түгіл, солардың көбінің есімін есте қалдырарлықтай (кейбіріне ресми қаулы алынса да) іс-шаралар жүзеге асты ма, жұрттың жадында ма? Әй, қайдам. Мәселенки, С.Кеңесбаев, Ж.Тәшенов, Ж.Шаяхметов, Н.Оңдасынов, М.Балақаев, Н.Сауранбаев, А.Машанов, С.Бәйішев, Б.Кенжебаев, Қ.Шәріпов, К.Үсебаев, Латиф Хамиди т.б. Қайта кей-кейде оларға қарағанда Н. Жанділдиннің аузының «салымы» бар, жағдайы сәл-пәл мизам таразылау ма дейсің. Себебі, домбыраға қатысты десе де аты аталып, оқта-текте мейманасы бір «тасымай» ма? Әй, деген!..

Енді көзі тіріде де, бақиға озған соң да Жанділдиннің кебін одан да көбірек киіп, ол отырған орынтақта одан да көбірек отырып, өсек-ғайбат, өтірік-налаға да бір кісідей «кенелген» тағы бір қайраткерге келейік. Қапыда қазаға ұшыраған Шәкәрім Құдайбердиевтің ұзақ уақыт қапаста ұсталып, біржола құрып, жоқ болуға шақ қалған бүкіл (өлең, жыр, дастан, ән, күй) шығармашылық мұрасын аман сақтауға қамқорлық жасаған – Жанділдиннің қолынан келмеген шаруаны тындырған – ол кім десен...

Ол кәдімгі Қонаевтай ұлы тұлғаға адал серік боп, ыстық-суықты он жеті жыл бірге көріп, бірге өткерген көрнекті партия және мемлекет қайраткері...



## Саттар ИМАШЕВ

Саттар Нұрмашұлы Имашев. Келмеске кеткен кеңестік кезеңде дербес (одақтас) республика атанған қазақ еліндегі идеологиялық салаға басшылық еткен саусақпен санарлық қайраткердің тағы бірі Саттар Имашев. Орталық партия комитетінде ұзақ уақыт секретарь боп қызмет еткеніне де, өмірден озғанына да көп жылдар өткен оны білетіндер бүгінде, бәлкім, сиреген де шығар. Көзін көріп, қызметтес болғандар да азайған болар. Ол идеология саласын басқаруға Н. Жанділдиннен кейін келді. Одан бері қанша су ағып, қыс пен жаз өтті дегендей. Бірақ...

Саттар Нұрмашұлы Имашевтың қазақ елінің өсіп-өркендеу кезеңдеріндегі, әсіресе, әдебиет, мәдениет, өнер салаларының дамып, алға басуына қосқан үлесі, қолтаңбасы, жалпы, идеологияға қатысты ұшы-қиырсыз іс-шараларды ұршықтай үйіріп іске асырғанын ешкім де жоққа шығара алмасы кәдік. Бір сөзбен айтқанда, өз дәуіріне жараса еткен еңбек, атқарған қызметі ел тарихында қалғаны даусыз. Және оған да кесіп-пішіп баға беріп не қорғаштап, мақтағалы да, даттағалы да отырған жайымыз жоқ. Әлгінде айтқанымыздай, біздікі тек өзі ғұмыр кешкен заман ауанына лайық биік лауазымды қызмет атқарған тұлғаны еске алып, аруағына тағзым етумен шектелу десек те жетіп жатқандай. Ал, ол оған бек лайық, әрі, он жеті-он сегіз жыл идеология басқару деген тіпті де аз жүк емес, оның үстіне, сол шақтардың қыр-сырына қанық, дәуір қарбаласын бір кісідей бастан өткеріп, біліп-сезінген ағайындармен бір сәт ой бөліскен де көптік етпес деп қараймыз.

Бірінші айтарымыз, егер оны да пенде деп қарасақ, әлбетте, жақсы да, жақсы емес те жақтарын таразылап, жіліктеп шағарлық ниеттен аулақпыз. Екінші, Имашев кім еді, кім болды, ұзақ жыл елге сіңірген еңбегін жылы жауып, матап-бүркеп, мойын бұрмау керек пе, әлде, қарапайым пенде ретінде болса да, еске алып, атын атау дұрыс па (деп қайталап айтайық). Біз соңғысына құмбылмыз. Бұл пікірлерді өмірден өткелі аты-жөні дұрыстап аталмай, із-түзсіз қалып бара жатуының әділетке жата бермейтініне орай айтып отырмыз.

Білеміз, осы күнге шекті Қонаевтың өзін қара есекке теріс мінгізуге ділгерлердің (бірақ қолдарынан келмей сан соғып жүрген жоқ па?) Имашев дегенде түктің мәнісіне бармай мұрындарын шүйіріп, беттерін тыжырайта қыңыр сөйлеуге бейім екенін. Олай болса, сөзіміздің бісмілләсін әуелі сәл-пәл солардың «айызын қандырып» тастау үшін көзіміз көріп, құлақ естіген бір жағдайдан бастайық та, қалғанын сонан соң көре жатайық.

Өз басым Имашевпен жұмыстас, құда-жекжат, көрші-қолаң, аралас-құралас болған емеспін. Тек анда-санда қызмет бабымен басқа әріптестермен қоса кабинетіне шақырғанда немесе үлкен жиындарда көріп, сөзін (баяндама) тыңдағаным болмаса. Бір жолы біраз белгілі газет-журналдардың редакторларын кабинетіне шақырғанда «Мәдениет және тұрмыс» журналының жетекшісі командировкада болып, орнына мен бардым. Бұл Саттар Имашевті тұңғыш рет жақыннан көруім болатын. Үлкен кабинеттің төрінде таудай боп отырған сырттай таныс тұлға өзін өте-мөте кішіпейіл ұстап, сөзіне әзіл қыстырып, қазақша-орысша аралас қысқа да нұсқа сөйлеп отырды. Бас-басымызға аты-жөнімізді атап, нақты тапсырмалар берді. Біз де қысылып-қымтырылмай, еркін сезіндік. Бірде әзілі ме, шыны ма, мол денесімен селкілдей күліп, «бешмармақты азайту керек, люди обжирают» деп қалды. Мұнысына онша түсінбей, тіксініксіз қалғандар болды. Өйткені, сол тұстарда дүкен біткеннің бәрінде азық-түлік тапшы, ет деген көзден ұшып, бес саусақты толтыра асап, «обжирать» ететін ахуал жоқ еді. Біреулер естілер-естілмес «өзі етке тойып жүрген соң айтып отырғаны да» деп күбірледі. Сол құралпас тағы да бірдеңелер айтқан Имашевтің алдынан біз, бәрібір, үлкен әсермен көңілденіп шықтық. Әсіресе, коштасар тұста маған қарап: «Мүсекең келген соң оған осыларды ұмытпай айт», – дегеніне танданғаным есте (бәрін біліп отыр екен-ау деп ойладым. «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы Мұса Дінішев ол кезде майдандас серіктерімен кездесу үшін Сталинградқа кетіп, сонда жүр еді).

Міне, солайша, қызмет жағдайына байланысты Саттар Нұрмашұлымен одан кейін де ара-тұра ұшырасып жүрдік. Білікті, тәжірибелі, ысылған, сақ, сергек, бір пошымы баяғының билеріне келетін, селкілдеп күлгенде төбедегі сандалшамдар

сықыр-сықыр теңселіп, қосыла сылдырлайтындай көрінетін байсалды да басалқалы нағыз партия шенеунігі болатын-ды жарықтық.

Нағыз партия шенеунігі болған соң, біреуге жағып, біреуге жақпайтыны, біліп-білмей айтылатын өсек-аяң, ғайбат-жала, жасаған жүз жақсылықты былай ысырып, сәл жаза басқан жаңылыс қадамды жүндей сабап, шаңын қағатын жайдақылықтар болмай тұрмайтыны да екібастан белгілі. О, Саттар Нұрмашұлы жөнінде де нелер айтылмады, негізсіз, дәлелсіз нендей бықсықтар қоздамаушы еді десейші. Оны өз құлағы да шалып жүретіні жалған емес-ті. Бірде бір жиында жасаған баяндамасында ашық тұспалдап айтқан сондай сөздері газет беттерінде де жарияланды. Қонаевтың 25 жыл ішінде облпарткомның бірінші секретарлығына Оңтүстік өңірлерден (небәрі Асқаров пен Аухадиев) екі-ақ адамды сайлағанындай (олардың жалпы саны 100-ден артық болатын), Имашевті де пәленбай облыстағы идеологиялық хатшының көбін өз адамдарынан қояды дегендей өтірік-ғайбат гулеп жататын. Облпарткомның бірінші секретары қазақ не орыс болса, идеологиялық секретарлар да соған керісінше болатынына қарамай...

Мейлі, оларды қоя тұрайық та, енді өзіміз жақсы білетін басқа да кейбір дерек-фактілерге ден қойып көрелік.

Қазақтың көрнекті жазушысы Өтебай Қанахин, өзінің айтуынша, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында туған, ашаршылық жылдарда көптеген ет жақынынан айрылып, анасы екеуі қалады, кейін екеуі екі ажырап, Өтекең балалар үйінде тәрбиеленеді. Бұқара облысының Тамды ауданында ғұмыр кешетін көзі тірі анасымен ұзақ жылдардан соң табысады. Бұл екі арада Өтекең әскер қатарына алынып, әскери-әуе десанты бөлімшесінде қызмет етеді. Соғыс аяқталған соң Совет әскерлері құрамымен бірге Порт-Артур қаласына барып, жоғары лауазымды офицерлік қызметін 1954 әлде 55-жылға дейін жалғастырады. Біржола сонда қала берер ме еді, қайтер еді, егер «Ауыр күндер» атты роман жазып, қолжазбасын Алматыдағы Жазушылар одағына жіберіп, Сәбит Мұқановтан шығармаң ұнады, «Жұлдыз» журналында жарияланады, тез жет деген жауап алған соң, СССР Қорғаныс министрлігіне

қайта-қайта хат жазып, әрен рұқсат алып, қазақ астанасына түпкілікті келмегенде. «Онда үйленгенмін, бір ұлым бар, кейін тағы екі ұлды болдым, пәтер жалдап, «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметке тұрдым, – деп әңгімесін жалғастыратын Өтекең. – Ол газетте мен сияқты соғысқа қатысқан редактор Қасым Шәріповтен бастап, Жекен Жұмақанов, Құрманғали Ұябаев, Кемел Тоқаев, Хамит Ерғалиев, Сәуірбек Бақбергенов секілді көп азаматпен бірге жұмыс істедім. Бір-екі жылдан кейін «Ара» журналы ашылып, редакторы Ғабит Мүсірепов мені сонда шақырды. Ұзамай «Жазушы» баспасына бас редактор боп ауыстым. Жыл сайын бір-екіден кітабым шығып, жаңа пәтер алдық. Онда жұмыс қауырттау екен. Анда-мұнда қатынас қағаз жазу көп уақытты жейді екен. Орысша. Көбіне Орталық партия комитетіне. Бірде ойламаған жерден сол мекемеге – ОК-ке қызметке шақырды. Қызмет болғанда, анау-мынау емес, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. Меңгеруші әйел еді, кейін ер адам болды. Екеуі де орыс. Себебі, идеология жөніндегі секретарь қазақ – Имашев екен. Ол мені алғаш қабылдаған кезде барғанымда алдында жатқан бір буда қағазға көзім түсті. Бәрі менің бірде баспа, бірде одақ атынан орысша жолдаған қатынастарым. Мол денелі, қысықтау көзді, салқынқанды, сабырлы Имашев маған ойлана қарап отырды да:

– Порт-Артурда әскери қызметте болыпсың. Онда кім болып істеп ең? – деді.

– Штабта хатшы болдым, писарь дей ме, сол тақылеттес, – деп жауап бердім.

– Дұрыс. Ол мына іс қағаздарыңнан көрініп тұр. Сені сондықтан осында жұмысқа алмақпыз. Бөлім меңгерушісінің орынбасарлығына. Қалай, келісесің бе? – деді сөзді келте қайырып.

Келісемін демей не дейін. «Рахмет! Сенімдеріңізді ақтауға тырысамын», – дедім де, сол күні жаңа қызметке кірістім. Шынымды айтсам, мұндағы жұмыс күрделі болғанмен, онша қиындығы жоқ екен. Бәрі таныс, ықпыл-жықпылы белгілі, жаңғақтай шағуға болады, тек ерте келіп, кеш қайту керек, оның үстіне, командировка көптеу екен. Енді онсыз бола ма? Осылай сатыдан-сатыға өрлеп, бірқатар тәуір лауазымдардың құлағын ұстамады ма бұл ағаң. Кейін семья жағдайыма байланысты

Имашевтің алдынан өтіп, өз еркiммен босадым да, осында келдiм ғой. Міне, ендi сенiмен бiр кабинетте отырмыз. Екеумiз де «Мәдениет және тұрмыс» журналының бөлiм меңгерушiсiмiз,— деп қарқылдай күлдi Өтекең.

Бәрi рас. Солай. Екеумiз ағалы-iнiдей жұп жазбаймыз. Бiзге қызыға да қызғана қарайтындар аз емес. Әсiресе, әйелдер, қыз-келiншектер: «Үнемі бiрге жүресiндер, ым-жымдарың бiр-ау»,— деседi екiұптылау етiп.

Мұны әзiл дейiк. Бiрақ, кейде аяқ астынан өң-түсi сұрланып, жан дүниесi астаң-кестең болғандай көрiнетiн Өтекең сәл қынжыла, күйiне отырып әлдебiр тосындау әңгiмелердiң шетiн шығаратын: «ЦК-да жүргенде талай қызықты көргенбiз,— деп. —«Жазушы» баспасына ауысқаннан бастап кейбiр дос-жолдастар сенi сүйрейтiн мықтыларың көп дейтiндерiне онша мән бермесем де, ЦК-ға ауысқан соң «айттық қой, Имашев та, сен де жершiлсiндер, бәрi соның арқасы» деудi шығарды. Бiр емес, әлденеше рет. «Ау, мүлде олай емес» дегенге иланбайды. Илану не, қайта мазақ етiп, тiптi, өршелене тiл тигiзетiн болды. Мәскеуге домалақ арыз да айдады. Сонан соң бiр жолы шыдамай: «Қой, Сәке, сiзге зияным тимей тұрғанда бұл жерден кетейiн», — деген де кезiм болды. Бiрақ, Имашев «айта бередi, шындық олай емес қой, босқа ренжiме» деп көнбедi. Өз басым, сiрә, бұлай болар деп ойлаппын ба? Сонда пәленбай адам iстейтiн ең үлкен үгiт-насихат бөлiмiнде батыс өңiрден көп болса үш-төрт қызметкер болатын да, олардың өзi жұмысқа Имашев мұнда келерден көп бұрын қабылданған адамдар болатын. Бiлесiң ғой, таяуда осы журналда жарияланған «Кәрi шөңге» деген әңгiмем сол орайдан жазылды. Осы нағыз жала емес пе, шырағым. Сен жассың ғой, бiле жүрсiн деп айтып отырмын»,— деген Өтекең iзiнше жұмсақ жымыып, селкiлдей күлдi. Ал, мен болсам...

Әлдекiмдердiң анда-санда Имашев жайлы осыған ұқсас қамды-қатала бәдiктерiн құлағым шалғанмен, байыбына барып iндетуге көңiлiм шаппайтыны былай тұрсын, өрем де жетпейтiн (болса керек). Бәрi кейiн... Сәл ақыл тiс шыққан соң, сәл ойланытын шақ жеткен соң дегендей. Бiрақ, бәрiбiр, Имашевтi пәлендеу бос сөз-тiн. Қазақ «Тегiн адам таз болмайды» (дөрекiлеу мәтел) дейдi. Имашев екi дүниеде де тегiн адам емес-тi. Өз бiлiк-

танымымда ол деген республиканың сонау жылдардағы ортан қолдай көшбасшыларының бірі. Қазақ тарихында ел басқарған екі қазақтың бірі – Қонаевтың сенімді серігі, оң қолы. Басқаша мүмкін емес. «Басқашаның» бәрі – қызғаныштан балалайтын киянат, жала, дәйістік.

– Дәл солай,– дейтін арадан жылдар өткенде Мәдениет министрлігінде өнер басқармасын басқарып жүргенде ОК-тің Мәдениет бөліміне 26 жасында жауапты қызметке ауысып, төрт жылдан кейін бұрынғы шаңырағына министрдің орынбасары боп қайта оралған көрнекті театртанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әшірбек Сығаев. – Имашевті менен жақсы білетін ешкім жоқ десем, бәлкім, нанбауыңыз мүмкін. Нанбағаныңыз дұрыс. Ешкім жоқ емес, көп, жетіп жатыр: Сайын Мұратбеков, Сұлтан Оразалин, Марал Ысқақбаев, Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдіков... қайсы бірін айтайын. Солардың қайсысы Имашевтің екі туып бір қалғаны дейсіз. Оның үстіне, Имашев ресейлік қазақ емес пе? Пәлен-түген дейтін түгі жоқ. Имашевті жамандайтындардың өсегіне менің де құлағым сарсылып біткен. Имашев нағыз партия функционері. Көріп тұрыңыз, бұл қазақ әлі Имашевтың тырнағына зар болады. Мені жұмысқа алу үшін қабылдап, әнгімелескенде көмекшісіне: «Бұл жігіттен үш-төрт жылда мынау деген қызметкер шығады»,– деп бас бармағын көрсеткен. Солай болдык па, болмадық па, әуелі Алла, онан соң сіз білесіз (деп қалжыңға бұрды).

Өз басым Әшірбек те, ол жоғарыда атаған зиялылар да сол көзқарастарынан айныған жоқ шығар деп үміттенемін. Басқа болмаса да, Әшірбектің табандылығына иман кәміл.

Қарапайым тілмен айтсақ, әргі-бергіде Жәнділдин мен Имашев жайлы сөз қозғалғанда олар екеуі бірігіп ширек ғасырдан астам Қазақстанның идеологиясын басқарды деп қоя салу басымырақ. Ал, жарайды, сонда ол қандай идеология? Бүгінгідей көзбен көріп, қолмен ұстауға болмастай аты бар да, заты жоқ бұлдырлау әлдене ме, жоқ, қоғамдық қалыпқа ие, рухани даму, өрлеу-өсу, халықпен біте қайнасып жадында сақталғандай салмағы, жарқын із, өзіндік сүрлеуі бар басы ашық, әмбеге раушан, түсінікті, салиқалы сала ма? Бәлкім, сен дос, мына пақыр советтік идеологияны ақтап-аршып, шаң

жуытпай араша түсіп, дәріптеп-насихаттауға құмбыл біреу ме деуің де ықтимал-ау. Онда төтесін айтайық, ол міндетті ғылыми тұрғыдан зерделеп, әлде, монография, әдеби шығарма, деректі хикаят па, диссертация тағы сондай-сондай бірдеңе-шірдеңелерді тыным таппай қаузауға бейім саған (басқаларға) қалдыра тұрайық та, ал, біз сөз бостандығына сай көріп-біліп, куә боп, түсініп-сезінген жайлардан тағы да титтей қоспасыз есте сақталғандарды оқырманмен бөліссек, сол да аздық етпес деп білеміз. Ең бастысы, кейінгі ұрпақ кеңестік идеологияның күнгеі мен көлеңкелі жақтары қандай болғанынан аз да болса хабардар боп, түсінік алса артық емес дейміз. Анау екінші дүниежүзілік соғыста (Отан соғысы деп біл) ешқандай бас қолбасшы, майдан (фронт), дивизия, полк командирлерінің қатысуынсыз жеңіске жеткен тек халық деп сандалған Ресейдің (бұрынғы) президенті Медведев не былтыр «Қазақ әдебиеті» газетінде осы тақырып айналасында өнбес дау қуған өз тарихшыларымыздың талассыз айғақ, дерек, фактілерді тәрк еткендей боп, қалай болса солай, ойланбай айта салған тайыздау трактаттар белең ала бермес үшін десек те. Айтпақшы, осыдан үш-төрт жыл бұрын ба екен, қай дәуір, қай формацияның идеологиясы болмасын, жаңғақтай шағып, тамырын дөп басуы тиіс бір топ қазақ (ғұлама) тарихшыларының «Жас қазақ» газетінің бетінде әйда кеп айтысқандары есіңізде шығар?! Ұзақ алқынып, итжығыстан аса алмай бара жатқан соң, бір-бірлерінің айыбын ашып, плагиат жасағандарын жайып салуға мәжбүр болды емес пе? Иә, иә, плагиат, біреудің еңбегінен көшіріп алып диссертация қорғау (әдеби, мәдени, ән, музыка ұрлықтарын қоя тұрайық). Атышулы тарихшылардың былтырғы, былтыр дегенмен күні кеше десе де артық емес, 2013 жылдың екінші жартысындағы дәл сондай айтыс-тартыстары да немен бітіп, қандай нәтиже шыққанын білмейміз. Білетініміз, әйтеуір, олардан әл-әзір кеңестік идеологияның шын бет бейнесін толық ашып бергендей тұшымды еңбек байқай алмай жүретініміз. Кеңес деген атынан сескене ме, қайдам, ол тақырыпқа онша көп аяқ басуға құлықсыз сықылды көріне береді. Бізде де сол олқылықтың орнын толтыра қояйық дейтін мақсат-ниет жоғын да айта кетейік. Тек...

Кенестік кездегі идеология қалай еді, сол хақында бірер сөз. Халықтың рухани өсуі, ауыл, аудан, қаладан бастап, барлық жерде мәдени ошақ, соған сай іс-шаралар, ауыл-село мәдениеті, ауыл шаруашылық салада жұмыс істейтін миллиондаған еңбеккерлерге көрсетілуі тиіс мәдени-тұрмыстық қамқорлық, мектеп оқушыларын октябрат, пионер, комсомол сатылары бойынша білім беріп тәрбиелеу, жоғары білім берудегі қатаң ереже, тәртіп, мамандарға алдын-ала жұмыс орнын тауып қою, солардың ішінен ел басқаратын қайраткерлер тәрбиелеу (шығару), кітап, баспа, газет-журнал, не керек, идеологияға қатысты мәселе шаш етектен еді, әрі олар мінсіз атқарылатын. Бүгінгідей оқушы тұрмақ, үлкендер, тіпті, ешкім түсінбейтін сауатсыз оқу құралдары, төрт оқулықта Төле би, Қазбек би, Әйтеке бидің туған, өлген жылдарын төрт түрлі етіп жазу болмайтын. Болса, қылмыспен тең деп саналатын. Қатаң жазаға тартылатын. Қазір қайда ондай? Тәуелсіздік алған жылдардан бері бір ғана оқу министрі он екі, он үш рет ауысып және бәрі де өздерімен бірге ала келетін «жаңа» реформаларын іске асыра алмай, омақасып жатса, не деуге болады?

Кенестік дәуірдің басы ашық, баршаға түсінікті идеологиялық жұмыс саласында басқадай сұмдықтар болса да, дәл ондай сұмдықтар болған емес, болмайтын да. Жанділдин мен Имашевті сондықтан еске алып, өз міндеттерін жеке бас емес, мемлекеттік тұрғыдан қалай атқарғанына жақтамай да, даттамай да, ешкімнің егініне түспей, ешкімге салмақ-жүк артпай, айттым-біттімге салмай, қоғамның қаймана бір мүшесі ретінде ой жіберіп отырмыз. Бар болғаны. Жасырмаймыз, көбіне субъективті арнадан нәр тартуға талпынып. Олай болса...

Енді жоғарыда Жанділдин жайлы баяндалған жазбаларда аты аталған Шәкәрім ақынның ұлы Ақат ақсақалға оралайық. Себебі былай. 1974 жылы Абай ауданына барғанда көріп, танысқан Ақат Құдайбердиев (онда фамилиясы солай аталатын) кейін арадан көп жылдар өткенде «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакциясына мені арнайы іздеп келді. Бұрынғыдан сәл еңкіш тартып, жасы ұлғайғанмен, тың, ақыл-есі, сөзі қалпында, жүріс-тұрысы ширақ, өзі аса көңілді екен. Ұмытпасам, сол шақтарда әкесі Шәкәрімнің шығармаларына



жол ашылып, алғашқы тырнақалды кітаптары там-тұмдап шыға бастаған-ды.

– Сенімен баяғыда танысқамыз ғой, амандығыңды журналдан біліп тұрамын. Абай ауданының сені білетін ел-жұрты дұғай сәлем айтып жатыр,– деген-ді Ақат ақсақал редакцияға келіп, орындыққа отырған соң жайраң қаға күлімсіреп.

– Рахмет, Ақа! Сізді біз де ұмытқан жоқпыз! Анда-санда баяғыда өзіміз түсірген суреттеріңіздің кейбірін жариялап тұрамыз, көріп жүретін шығарсыз, – дедім мен оған.

– Көргенде қандай. Рахмет барлығыңа. Енді келген бұйымтайымды айтайын. Ол өзі былай...

– Айта беріңіз...

– Өзің білесің, басқаларға қарағанда, менің әкемнің жолы ауыр болды ғой. Әйтеуір, түбі қайырлы боп, бағы жанды, шүкір. Енді саған айтайын дегенім, әкемнің барлық шығармаларын осындағы архивтен әрең тауып қолға түсірдім,– деді Ақат ақсақал асықпай, байыппен сөйлеп. –Архивке алғашында өзім барып едім, ондағылар анау деп, мынау деп, іздеуге ерінді ме, бере қоймады. Онан соң орталық комитетке барып, Имашевтің қабылдауына жазылдым. Айтылған уақытта алдына кіріп, жағдайды айттым. Кім екенімді білген Имашев жылы сөзін айтып, хабарын өзіміз айтамыз, телефоныңызды тастап кетіңіз деген соң, осында түскен жамағайын інімнің үйінің телефонын беріп, кабинетінен риза боп шықсам да, көңілім алабұртып, тағатсызданып жүрдім. Бірақ, ол азамат екен, мені қабылдаған күннің ертеңіне түстен кейін көмекшісі телефон соғып, тез барыңыз, бәрі дайын деді. Барсам, бұдан үш-төрт күн бұрын барғанда жөнді сөйлемеген бастық алдымнан өзі шығып қарсылап, шаруаны тап-тұйнақтай тындырып берді. Уақыт өзгеріп, әкем біржола ақталды ғой, сондықтан, оңай нәрсені қиындатпай, онсыз да сөйтуіне болар еді, бірақ, өйтіп неғылсын, алғысымды айттым да, әкемнің барлық еңбегін алып, қуанышым қойныма симай үйге бардым. Саған тоқ етерін айтып отырмын ғой, Имашевтің арқасында бәрі ойдағыдай болды. Егер ол болмағанда, кім білсін, қолға түгел тиер ме еді, тимес пе еді, білмеймін. Сонан соң рахмет айтайын деп Имашевтің қабылдауына екінші рет жазылдым. Бұл жолы бірден қабылдап, кітап етіп шығару туралы бір жерлерге телефон

соғып, нықтап тапсырды. Енді міне, Алла бұйырса, әкемнің мен білетін шығармалары алда толықтай жарық көрмек. Сол жөнінде мақала жазып, саған әкелдім. Мүмкін болса, журналға бассаңдар жақсы болар еді, – деген Ақат ақсақал машинкаға басылған он шақты бет қағазды алдыма қойды.

Онда маған айтқандары ретпен, кең түрде баяндалып, Имашев жөнінде де жылы лебіздер мол екен. Оларды оқып, кәдімгідей арқаланған менің де Имашевқа деген құрметім еселеп арта түскендей болды. Шыны керек, барлық нәрсе жалғыз маған байланысты емес, әрі, одан бері араға көп уақыт түсіп кеткендіктен, сол мақала журналда басылды ма, жоқ па, (басылған болуы да мүмкін) дәл есте жоқ, бірақ, Ақаттың әдебиет институтынан шыққан кітабында болсын, басқа еңбектерінде болсын, аталмыш мақаланың жарық көрген болуы мүмкін, ең бастысы, сондай дүние бар екеніне зәредей күмән жоқ. Оны Ақат ақсақалдан өз қолыммен алып, өз көзіммен көргенмін, оқығанмын. Қолды боп, не жоғалды деуге ауыз бармайды. Бір жолы сонда (институтта) істейтін Қорабаев дейтін ғалымға айтқанымда (қасында Сәрсенбі Дәуітов бар) ол болды, қам жеменіз, іздейміз, табамыз деп уәде берген-ді. Кейін ол да, мен де бір-бірімізбен хабарласудың жөні келмеді. Бұдан екі жылдай бұрын өмірден өткен марқұм Әбдеш Қалмырзаев сол мақаланы қалайда тауып, маған әкеп берші. Сәкең (Саттар Имашев) жайлы жаз деп жүрсің ғой, сонан соң көрейін деуші еді. Еңбек жолын «Социалистік Қазақстан» газетінен бастап, одан Орталық партия комитетінде нұсқаушы, сектор меңгеруші, бөлім меңгерушісінің орынбасары, бірінші орынбасары, Көкшетау облпарткомда секретарь, Жоғары партия мектебінің ректоры, «Мысль» журналының бас редакторы, «Ақиқат» журналының бөлім редакторы сияқты қызметтер атқарған, философ-ғалым, профессор Әбдеш Сәрсенұлы Қалмырзаевтың өмірінің соңғы 5-6 жылында етене жақын, сырлас болғандықтан, мен оған үнемі Имашев туралы жаз деп қолқа салатынмын. Ондағым, біріншіден, өмірден озғалы ешкім жөндеп еске алмай, бір ауыз жылы сөзін қимайтын Имашевты ұмыту тірілерге сын, әділ еместігіне мән беру болса, екіншіден, ол жайлы Әбекеңнен артық кім жазуы мүмкін деген тұспал. Әр жақтан, әр саладан қалам тербейтін Әбдеш Сәрсенұлының философиялық

терең мәнді трактаттары мен көсемсөз, очерк, мақалалармен қоса, қомақты кітаптарымен жақсы таныс Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың оны бір емес, әлденеше рет қабылдап әңгімелескені, құрмет грамота, орден, медальдармен марапаттап, ұдайы құрмет көрсететіні, оларға қоса, кезінде партия, Кеңес органдарында жоғары лауазымды қызметтер атқарған бірі аға, бірі іні дос әріптестері хақында жазған көлемді мақала эссе, очерктерін оқи жүретіндіктен де: «Әбеке, анау Орталық Комитетте бөлім басқарған Халықов, Сұлтан Жиенбаев, Байкен Әшімов, Сағадат Нұрмағамбетов, олардан өзге де белгілі қайраткерлер жайлы үнемі жазып, Имашев туралы үндемейтінің қалай, ол жазуға лайық емес адам ба, нағыз тұлға емес пе еді?»—дейтінмін риясыз пейілмен. Оны Әбекең де риясыз қабылдап, түсінетін де: «Дұрыс айтасың, Имашев мейлінше таза, тәжірибелі, алғыр, білгір, әділ, сақ, принципті қатаң ұстайтын турашыл, сонысымен бұра тартатын кейбір бұлтыңбайларға ұнай да бермейтін ысылған, табиғи функционер еді ғой. Қонаев бірінші боп келген бойда тың өлкелік партия комитетінде секретарь боп жүрген жерінен ОК-ке тегіннен-тегін шақырды дейсің бе? Саттар Нұрмашұлы оның сенімін толық ақтады, ақтай білді. Өз басым Сәкеңмен көп жыл қызметтес болдым, көп жайға қанықпын, онда күлбілтелеу, артық сөз деген болмайтын. Небір қиын-қыстау тығырықтан жол тауып, Мәскеулік алпауыттарға да оңай алдырмайтын, бүкпентайлыққа қаны қас болатын. Қонаев сол үшін бағалап сыйлады, сенді. Әлбетте, Имашев жөнінде жазу керек. Ол үшін, айттым ғой, әуелі маған Ақат Құдайбергевтің Имашев туралы жазғанын тауып бер, сонан соң міндетті түрде...

Сөйтпін жүргенде Әбекең қайтыс боп, мен де онша белсене қоймадым...

Әдетте, Әбекең көбіне кешкілікте хабарласып, ұзақтау сөйлесетінбіз. Бір жолы даусы сәл қобалжыңқырап шыққан ол «бір нәрсеге ренжіп отырмын» деді. «Ол не, Әбеке?» «Пәленшені білесің ғой»,— деп бір белгілі адамның атын атады. «Әрине,— дедім. —Таяуда ол туралы «Егемен Қазақстанда» көлдей мақалаң шықты емес пе? Неге білмеймін». «Ендеше, ол сол мақала жазылардан біраз бұрын мерейтойына байланысты шығарған кітабын беріп еді. Онсыз да не жазуды жақсы

білетіндіктен, оған зер салмап ем. Жақында парактап отырып, Имашевті жамандайтын тұстарына көзім түсті де, зерделеп қарасам, айтқанының бәрі ақиқаттан алыс, өтірік-жаламен ағайындас, дейді екендер дейді екеннің бәдігі. Қарашы, қандай нақұрыстық, ә? Мұндайды басқадан болса да, дәл сол кісіден күткен жоқ едім. Тіпті, айтқандарында сәл-пәл шындық болса мейлі екен, жарайды деп қоя салуға болар еді. Олай емес. Кіл ғайбат, ауыл-аймақтың бөстекі әңгімесі, негізі жоқ жел сөз. Енді саған айтайын, өтірік сөйлеп нем бар, осы адамды Қонаевқа ұсынған да, бауырына тартқан да Имашев болатын. Егер кітабын берген бойда оқығанымда, ешқандай мақала жазбай, тойына да бармас едім. Қалай дейсің, дұрыс па?»

Мен аяқ астынан не дерімді білмей, күмілжіңкіресем керек. Соны сезе қойғандай, әлгінде оған телефон соғып, бәрін ашып айттым деді Әбекен. Ал, мен ол не айтты деп сұрағаным жоқ. Оны да «Қайдан білейін, жұрттан естігендерім ғой, қателік кеткен екен» деп кешірім сұрағансыды деп Әбекеннің өзі айтты.

Қадірменді Әбекен, Әбдеш Қалмырзаевпен арамызда болған осы бір шағын әңгімені де тектен-тек келтіріп отырмағанымыз түсінікті шығар деп ойлаймыз. «Елеусіздеу» болса да, белгілі адамның белгісіз қырларының бірі, тіпті, бірегейі ретінде десек те. Хан болсын, қара болсын, марқұмдар туралы нашар сөз сөйлеуге болмайды демей ме? Әрі, соны ескеріп...

Нұрымбек Жанділдин, Сағтар Имашев. Екі тұлға, екі қайраткер. Компартия билеген, айналаға екі шоқып, бір қарайтын заманда қыл үстінде ғұмыр кешкен қазақтың қос тарланы, аяулы перзенті. Жарық дүниеден адами парыздарын бір кісідей өтеп аттанған оларға бүгінде мақтаудың да, даттаудың да қажеті шамалы. Тек есте сақтайтын азды-көпті еңбектері еленіп, қажет шаралар жүзеге асса, кәнеки!

Біз болдық. Ендігісін сен айт. Ал, не дейсің, жайсаңым?!

## АСУЛАР МЕН БИІКТЕР Әшірбек Сығай жайлы естелік

Өткен ғасырдағы 70 жылдарда қазақ баспасөзі шырқай өрлеп, қай-қайсысы болмасын, қалың қауымға жүздеген мың данамен таралып отырды. Олардың сыртында, ақын-жазушылардың том-том шығып жататын кітаптары бар. Жаңадан отау тігіп, аяғын қаз-қаз басып келе жатқан жас шаңырақ – басылымдар өзінше. Бір ғана «Мәдениет және тұрмыс» журналының таралымы 400 мыңнан асқан еді сол тұстарда. Онда мен осында орынбасар – екі басшының бірімін. Күнделікті жұмыс бастан асады.

Бұларды айтып отырған себебіміз, күнделікті қызмет қаншалық қауырт болса да, өзге басылымдарды оқуға уақыт табамыз. Барлық басылымдардың басшылары да, қосшылары да таныс, сырмінез. Баспасөзде бұрын көрінбеген жаңа есімдер бірден назарға ілігеді. Сондай шақтарда, әсіресе, күн сайын шығатын газеттер бетінде жасындай жарқылдаған – бұрын байқалмаған – бір жас перінің аты-жөні жиі көзге түсе бастады. Жазғандары өткір, терең, мазмұнды, ойлы, салмақты, салдарлы. Автордың аты-жөнінің астына сыншы деп жазылып жүрді. Біз, әрине, жазғандарын оқыған бойда бұл кім болды дейміз ғой, баяғы.

Ол Әшірбек Сығай еді. Мақаласын, сыни тұжырымдамасын оқығанымыз болмаса, өзін біле бермейміз.

Бірде Мұхтар Әуезов атындағы театрдың директоры, халық әртісі Райымбек Сейтметов таяу арада жаңа қойылымның тұсаукесері болатынын айтты. Өз басым онымен қимас дос ретінде жақын араласатынбыз. Поэзиялық жаңа спектакльдің аты – «Махаббат заңы». Белгілі ақын Мұхтар Шахановтың өлеңдері мен поэмалары негізінде. Алдын-ала айта кетейік, дарынды режиссер Райымбек Сейтметов содан кейін де Мұхтардың екінші пьесасын, Абай, Т.Бердияров басқа да біраз ақынның өлеңдері бойынша спектакльдер қойды. Бәрі табысты өтті.

Мұхтардың пьесасын көруге келгендер залдың аузы-мұрнына сыймай кетті. Бұл жас ақынның алғашқы асқан биік

асуларының бірі еді. Спектакль бітіп, жұрт тараған соң дастархан жайылды. Өнер маңайындағы біраз қауымның басы қосылды. Құттықтаулар, ақ тілеулер. Отырғандардың көбі таныс, бейтаныстар да баршылық. Дастарханның орта шеніндегі орта бойлы, шағын денелі сарғалтақ жігітке әлсін-әлсін көзім түсіп отырды. Жасы үлкендерден имене ме, сыйлағаны ма, ешкімнің бет-жүзіне қарамай, өзімен-өзі томаға-тұйық отыр. Сөзге араласпайды, сөйлемейді. Бірақ, әлденеге риза еместей, өңі сұсты, қабағы қатулау. Біреу-міреуді менсінбей отыр ма деп те ойлауға болатындай. Бір жағына төгіле қайырылған жібектей сарғыш шаштарын жиі-жиі сипап қояды. Бұл кім деп маңайдағылардан сұрау ыңғайсыз. Біле жатармыз деп сабырға жеңдіреміз. Кенет дастархан басқарушы Райымбек:

– Әй, Әшірбек, неге көңілсіз отырсың?! Бірдеңе демейсің бе? – деп саңқ етті. – Бұл менің інім Әшірбек Сығаев, екеуміз бір жерденбіз, жазғандарын оқып жүрген шығарсыңдар. Жақында актерлік факультетті бітірді, – деді онан соң. – Мамандығы актер, әнші, бірақ, жазушы боламын деп жүр. Әзірше театр сынын дөңгелетуде.

Е, Әшірбек Сығаевымыз осы болды ғой, не айтар екен дейміз (оның сөйлемекке ұмсынғанын байқап). Сөйледі. Қысқа, нұсқа. Мазмұны есте жоқ. Пьесаны мақтады-ау деймін. Әйтпесе, Мұхтар сыр берер ме еді, қайтер еді. Тілектес Мейрамовты да мақтады. Тілектес бас рөлді ойнаған-ды. Ақын бейнесін жақсы сомдады. Әшірбек мақтау айтқанда, жас актердің құлағына дейін қызарғаны көз алдымда.

Ол күні жақын танысудың сәті түскен жоқ. Бір-бірімізге бас изеп қоштастық та, жөнімізге тарастық.

Ертеңіне Мұхтар телефон шалып, алдағы сенбиде Райымбек, тағы біреулерді шайға шақыратынын айтты. Маған да келіңіз деді. Айтылған күні шағын топ дастарханда отырдық. Қуанышы тасып-төгілген Мұхтарда ес жоқ. Жиналғандарды бір-бірлеп таныстырып болысымен, Мұхтар Райымбекке қайта-қайта алғыс айтумен болды. Басқалар да қалысып жатқан жоқпыз. Жаратылысынан қолы ашық, барынша меймандос Мұхтардың дастарханы басында – ұмытпасам – Нұрғали Нүсіпжанов, телевизия қызметкері Жаңабек Токпановтар да болды-ау деймін. Мен үшін таңсықтауы – энеукүні театрда көрген шынашақтай сарғалтақ

жігіт – Әшірбек. Жеке өзі келіпті. Келініміз Күләшпен кейінірек таныстық.

Мұхтарға құтты болсын, жаза бер дегендей тілек-ниеттер есесімен айтылып жатыр. Түннің бір уағында тарайтын мезгіл жетіп, тысқа шықтық. Қимай қоштасу, кім қай бағытқа, кім кіммен бірге қайтады – айтылып жатыр.

– Мен сізбен бірге жүреді екенмін, өйткені, сіз тұратын мөлтекауданмен мен тұратын мөлтекаудан арасы жақын құсайды, – деді Әшірбек маған қарап.

– Қарсылық жоқ.

Біз тұратын үйдің жанына келген соң көшеден ұстаған машинадан атып шыққан Әшірбек көліктің қаражатын төлеп қоя берді де, екеуіміз ұзақсонар әңгіме соқтық. О, тоба, әнекүнгі театрда көрген қабағы қатулы Әшірбек пен қарсы алдымда тұрған ашық-жарқын Әшірбектің айырмасы жер мен көктей. Ағалап іші-бауырыма кіріп барады. Аузын ашса жүрегі көрінетін ашық-жарқын, қарапайым, көпшілдігі көрініп, білініп тұр. «Осылайша біраз қауқылдасайық, аға! Сізді сыртыңыздан жақсы білемін. Райымбек ағамнан естимін, жазғандарыңызды оқып жүремін. Алда араласып тұрайық. Үйіңізге келерміз, сіз де барарсыз», – дейді.

Не керек, Әшірбек екеуіміздің ол өмірден өткенше жалғасып, жымдасып кеткен «аға дос, іні достық» қатынасымыз сол күнгі кештен бастау алған-ды. Ол үшін Райымбек пен Мұхтарға қарыздармын. Өмірдің айтулы кезеңдерінің бірінен саналатын сол шақтар неге ұмытылсын. Бәрі есте, көкейде.

Райымбек айтқандай, Әшірбек Мәдениет министрлігінде істейді екен. Мен ойлағандай, инспектор, нұсқаушы, басқа да емес, театр бөлімінің бастығы екен. Редакциямен екі ара қол созым жер. Сәл мүмкіндік болса, бір-бірімізге шауып барамыз. Түскі үзілісте іргедегі паркте түстеніп, серуендейміз. Не айтса да кесіп сөйлейтін, өткір, алғыр, майдалық, көлгірліктен ада, тура мінезді. Сыр бүкпейді. Қолында ата-анасы, келіншегі, жас сәбилері барын айтқан.

«Бұйырса, алысқа шабатын боларсың» деймін ішімнен. «Алдың ашық болғай».

Даусы ашық, өткір, адуынды. Менімен құрдасындай әзілдесуге бейімделіп алды. Қалжыңға бағып, айтпағанды айтады, деме-

генді дейді. Сыйымды, жарасымды. Қайта қылжақпастығы бір басына жететін мен пақыр кейде оның әзіліне жауап қайтара алмай, тосылыңқырап қаламын. Бір мүшелдей кіші, бірақ, жаны жарқын інімен жасы қатар құрбыдай көсіле шабуға ыңғайсызданамын. «Иә, иә» деуден аспаймын.

– Өзіңздесіз бе, қазір барамын, – деді бір күні күтпеген жерден.

– Келе бер!

Келді. Әдеттегідей, иығымнан бір нұқып, күлімсірей қарады да:

– Сізге ешкім білмеуі тиіс құпия айтуға келдім, – деді бәсеңдеу үнмен. – Тек аузыңызға ие болыңыз. Райымбек ағама да айтқан жоқпын. Тек сізге. Бүгін министр шақырып алып, өнер істері жөніндегі басқарма бастығы боласың, бір күн мұрсат, ойланып кел де жауабын айт деді. Екеумізден өзге ешкім сезбесін деді. Оны білетін енді сіз үшінші боп тұрсыз. Не дейсіз, келісім берейін бе, жоқ па? Өзіме тәжірибем әлі аздай көрінеді. Ауыр соғып жүрмес пе екен?

– Сеніміңе рахмет. Шынында да, мұндай нәрсе тістен шықпауы тиіс. Айналаны білесің. Маған айтпасаң да өкпе болмас еді. Айтқан екенсің, онда тыңда. Бас тартпа. Келісім бер. Ондай жоғары лауазым текке ұсынылып отырған жоқ және күнде айтылмайды.

– О, бәрекелде, – деді кексе адамдарша мипаздай сөйлеп. – Өзім де солай дейтін шығар деп едім, дөп түстіңіз. Демек, енді ешкіммен ақылдасудың керегі жоқ қой, солай ма?

– Өзің білесің, бірақ, меніңше солай. Айтпақшы, келін ше, біле ме, не дер екен?

– Ол не десін, әйелдерге ақшасы көп болса болды емес пе?

– Келіннің аты кім?

– Күләш. Әлі танысасыз ғой. Тағы бір сұрақ. Айта берейін бе?

– Айта бер.

– Онда былай. Жаман айтпай, жақсы жоқ, министр уәдесінде тұрмаса қалай болады? Осы жұмысты істей берейін бе, әлде арызымды беріп, кетіп қалайын ба? Қазір қайта-қайта шақырып жатқан редакциялар көп. Бәрі кел, өнер бөлімін басқар дейді. Мен бармай жүрмін.



– Қой енді, – деймін. – Ондайды ұмыт. Министр уәдесін жұтпайды. Көр де тұр. Бірақ, сен де маған уәде бер, қай күні бұйрық шығады, сол күні мен бірінші құттықтап, бірінші боп жуамын. Келістік пе?

– Болды, ұрынып тұрған өзім, қалай келіспеске! Хабар менен. Күте тұрасыз.

– Күтуін күте тұрамыз, әрі, тілеуінді тілеп жүреміз. Басқарма бастығы міндетті түрде коллегия мүшесі болады. Әрі қарай одан да жоғарыға шырқайсың, құдай қаласа!

Әшірбек қайтып кетті. «Е, Алла, жолын оңғара гөр» деймін іштей мінәжат етіп. Бір ойым айтады: «Өтпей қалса да ештеңе жоқ, бәрібір, өсетін жігіт» деп. Жүрегім шым етеді. Оқыс ойды қолма-қол қуып шығамын. Алдағы жарқын күнді күтемін.

Тілек қабыл болды. «Кеше Орталық комитет бекітті, бүгін бұйрық шықты. Әзірше онша көп ешкім білмейді. Білсе де мейлі. Ал қалай, мен кешке театрға барғалы отырмын. Келініңіз де келеді. Жеңгеміздің уақыты болмаса, өзіңіз келіңіз.

– Болды, – деймін. – Барамын.

– Онда жолыққанша!

Жұмысты ертелеу аяқтап, ертелеу бардым дегеннің өзінде, Әуезов театрының алдына жеткенімде жұрттың бәрі алдақашан ішке кіріп, асығып-аптыға жүгіріп бара жатқан бірді-екілі көрермендер көзге түседі. Әшірбек әлі жоқ. Тұр деген жерінде тұрмын. Бір кезде қарсы алдымнан бетінде тарыдай қара меңі бар, орта бойлы, аққұбаша, көркем келіншек маған бір қарап, кесе-көлденендеп өте шықты да, анадай жерге барып тұрды. Түсінікті. Күләш келін, жұмысынан жеткені осы болса керек. Ізінше Әшірбек те келді. Күләшқа апыл-ғұпыл мені таныстырып, ішке кірдік. Жайғастық. Мен үзілісті күтемін. Тағатсыздана. Бар есіл-дертім бір шампанның басына тезірек су құю. Уәде бойынша, Әшірбектің жаңа қызметін бірінші боп атау, жуу. Кеңсесіне кейін бара жатамыз.

Үзіліс те жетті. Күләш екеуін буфетке ертіп барып, ол мақсат та орындалды.

– Сіз де қадалған жерден қан алады екенсіз. Айтқаныңызды орындап тындыңыз! – деді Әшірбек жарқылдай күліп.

– Райымбек бар ғой, әлі спектакльден кейін тағы жалғастырамыз! – деймін.

Қанаты қатар-қатпаста дос-жарандарынан оқ бойы озып, жора-жолдас, тума-туыстарының көзайымына айналған Әшірбектің үлкен асуларға басқан алғашқы қадамының бірі осылай. Күндердің күні Орталық комитетке нұсқаушы болатын мезгіл де жетті. 26 жасында. Үлкен бедел, абырой, мәртебе.

– Идеология хатшысы Саттар Имашев көмекшісіне бұл жігіт төрт жылдан кейін мынау деген кадр болады деп айтты, – деді бас бармағын көрсетіп.

Құдай қолдап, аруақ жар боп, дос інім солайша биіктен-биікке өрледі, бақыт құсы басына қонған үстіне қона түсті. Орталық комитеттен қайтадан Мәдениет министрлігіне оралды, министрге орынбасар боп. Одан Өнер академиясына ректор, одан тағы да Мәдениет министрінің бірінші орынбасары. Отызында орда бұзып, қырқында қыр асқан, Алматы, Астанадан бастап, барлық облыс орталықтарында өткен (өтетін) неше алуан байқау, фестиваль, басқа да алқалы жиындарда жюри председателі, қазылар алқасын басқарған, белгілі театр сыншысы, ұстаз-профессор, Мемлекеттік сыйлықтың (басқалары бір төбе) иегері, «Театр тағлымы», «Сахна саңлақтары», «Толғам», «Жарнама алдындағы ой» секілді кітаптардың авторы, көрнекті жазушы Әшібек Сығай жайлы кезінде талай айтылып, жазылды, ел-жұрты риясыз сыйлады, ардақтады, аялады. Біз де жарты немесе бүкіл Қазақстандағы үлкен-кіші қауым бес саусақтай білетін, жора-жолдас, ниеттес достары жетіп артылатын, адал пейілді, тілегі ақ жанашырларға зәредей зәрулігі жоқ Әшірбекті өзгелерден бөле-жарып, бірде-бір қалаулысы мен едім деп отырған жоқпыз. Бірақ, артымнан ерген інім екені рас-тын. Ала білетін ағайын алатынын осылардан ала жатар деп, қырық жылдан астам уақыт бір жүріп, бір тұрған қайран азаматтың рухына тағзым дейміз. Келінім Күләш, мені көз ашқаннан етене білетін ұлдары Қанат, Сұңғат, Нұрзат қарақтарым бүгінде бір-бір шаңырақ иесі, солар аман-сау болып, өсіп-өне берсін... дей отырып... тағы да аса қымбат бір-екі жайды да айта кетуді пәрыз санаймыз.

### **Әшірбектің Асанәлімен достығы**

Әшірбектің бүкіл болмысы, жүріс-тұрыс, қызмет, алқалы жиын, ресми шара, жолдас-жоралармен қарым-қатынас, тіпті,

қонаққа бару, қонақ шақыру – барлығы әзіл-қалжыңсыз болмайтын. Сол бір болмыс-оқиғалар кино лентасындай елестеп, түйдек-түйдегімен еске түседі. Тіпті, әлденеге көңілі толмай, ашу шақыратынының өзі әзілмен әдіптеліп, зілі болмайтынын көріп-білген шақтар арманға айналып, келмеске кетті. Өмірбақи төбесіне көтеріп, риясыз ардақтаған – ұстаз санаған – аса қадірлі (он бес жыл министр болған мәдениет патриархы) Жексенбек Еркінбеков, оның орынбасары Ғайныкен Бибатыроваларды аспандата отырып, шымши қалжыңдап қоятыны да болатын. Ең жақын семьялық құрдас дос-жарандарына да керек жерде айтарын ашық айтып, «ондырмай» шенеп-мінейтіні, әрдайым қорған-пана, тумаса да туғаннан артық болған жерлес ағасы Райымбек Сейтметов, одан бір де кем санамайтын мені де «тықсырып» тастайтын кездер осы күнде көзден балбұл ұшулы, о, жалған-ай. Иә, өмір жолын қағаз-қаламнан бастап, атышулы қоғам қайраткері, әйгілі сыншы-жазушы, телегей-теңіз білім иесі, ғұлама-ғалым, үлгілі отбасы, ағайын-туыс, дос-жаранға қадірлі боп ғұмыр кешкен айналайын Әшірбегімнің әзіл-қалжыңдары ғибратқа толы еді-ау. Егер «әзіл түбі – зіл» дейтін дана қазақ тәмсілінің астарында (сен ойлайтындай зіл емес) ғаламат көрегендік, түпсіз тереңдік жатса, ол алдымен Әшірбекке тән болатын.

Енді осы айтқандарды бірер айғақ-деректермен – қос театр абызының бірі Асанәлі Әшімовті қалайша құрметтеп, қалайша еркелеп, әзілдесіп, қалжындайтынымен дәйектеуге ұмсынып көрейік. Ұмытпай тұрғанда айта кетейік, бүгінгі қазақ театрындағы қос абыздың екіншісі – қадірменді Сәкен, Сәбит Оразбаев (солай екені онсыз да белгілі оларды абыз деп аспандатып, құрғақ сөз емес, іс жүзінде көрсетіп жүретін белгілі эстет-жазушы Қали Сәрсенбаев екенін де айта кеткен орынды деп білеміз).

Өз басым өмірбақи – негізінен бір-ақ редакция – «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарты ғасырдан астам қызмет атқарғандықтан, айтулы өнер өкілдерінің көбімен азды-көпті таныс-біліс, сыйлас, олардың ішінде Райымбек, Әшірбектей ерен өнер өкілдерімен етене жақындау болдық. Ал, Асанәлі мен Сәбитті ол екеуінің үлкен өнерге қадам басқан шақтарынан бастап театр сахнасы, киноэкран арқылы білсем, кейін та-

ныс-білістік аясы кеңіп, ұлғая түсті. Райымбек пен Әшірбектің арқасында одан сайын жақындастық. Олай дейтінім, басқаны айтпағанда, Райымбек пен Әшірбектің салтанатты мереке-жиын, мерейтойлары, қонақтықта бір дастарханда бас қосып, сан қызықшылықты бірге өткердік. Оның үстіне, Райымбек Сәбит сырқаттанып қапты, көңілін сұрайық деп бұрынғы және қазіргі үйлеріне талай рет бірге бардық. Асекең, Асанәлінің үйіне де солай. Бір жолы Әшірбектің (Каменкадағы) үйінен шыққан бойда Райымбек «жолшыбай Асанәлінің үйіне соғамыз» деген соң, сонда барып, Асекеңнің анасымен сәлемдестік. Асекең жаңа үйінің қоршама балконын айналдыра көрсетіп, маған керемет альбом сыйлады. Райымбек екеумізді түннің бір уағына дейін жібермей, әңгіме-дүкен құрдық. Асекеңнің басына түскен қиын шақтарда да жұрт қатарлы басы-қасында болдық. Сонау жылы Асекеңмен «Алатау» санаторийінде қатар демалып, бірақ, пәлендей әмпейлесе алмадық. Себебі, қасында алғашқы жарқосағы Майра бар-тын да, маған жерлес бас дәрігерден оның ауыр сырқат екенін естіп, мазаламауды ескердім. Асекеңе білдірмедім. Әйтсе де, бірде санаторийдің мәдениет үйінде опера театрының бір топ әншісі концерт беріп, Асекең, Майра үшеуміз қатар отырып көрдік. Бір әнші «Құсни-Қорланды» орындаған соң Майра: «Сізге ұнады ма?! – десін. Мен күлбілтелемей шынымды айттым: «Онша ұнаған жоқ», – деп. «Маған да ұнамады», – деді Майра. Кейін ойламаймын ба, сол жолы айтулы опера әншісі Майра менен неге пікір сұрады екен деп. Пікір сұрағанына риза болсам да, жауабым ұнамай қала ма деп ойламағаным рас. Ал, марқұм Майраның сол жолы менен пікір сұрау себебін Асекең жақсы білсе керек. Өйткені, содан бірер жыл бұрын ба екен, Асекең, Майра бәріміз Райымбектің үйінде қонақта болғанда... мен... Асекең осы күнге дейін көрген жерде... «әндерінді сағындық қой» деп жүретініндей... біраз ән айтқан болып ем... қомсынатындар олай дей бермейді...

...Майра өмірден өткен соң, орны толмас қазаның Асекеңе оңай соқпағанын барша жұрт біліп, адал жанашырлар іштей де, сырттай да күйініп, егіліп жүрді. Сондайлардың бір де бірегейі Әшірбек бірде: «Асекеңнің үйіндегі жангеміздің қайтыс болғанына жылдан асып кетті. Қу қызмет қол байлап, ағамызға көңіл шай бере алмай жүрмін. Бұйырса, алда сөйтемін. Осы ба-

стан біліп жүріңіз, Рекең мен сіз міндетті түрде бірге боласыздар. Және өлгеннің артынан өлмек жоқ, біраз уақыт өтіп кетті ғой, сондықтан, Асекеңнің көңілін көтеру үшін серперлетіп, қорқорлатып (Әшірбектің өз сөзі) дуылдатып өткізуіміз керек. Басқа да жігіттер болады», – деді.

– Біз дайын, – дедім (басқа не дейін).

«Сәлемнің де сәті бар» дегендей, арадан тағы да біршама уақыт өткенде Асекеңді ортаға алып, Әшірбектің үйінде бас қостық. Мезгіл қыс. Ораза кезі. Күн қысқа, түн ұзақ. Дастархан басында театр, өнер қайраткерлері. Директор, режиссер, халық артистері дегендей. Төрде – Асекең. Қарсы алдында сол кезде жаңа шыққан көлемі кішігірім бөшкедей үш литрлік сұхой вино. «Қазір күн батып, ауыз ашатын мезгіл болады, мұны сонда Асекең бір өзі ішеді», – деп құтыртып қояды Әшірбек. Асекеңнің ауыз бекіткенін сонда білдік. Өзгелер тост артынан тост айтып, ішіп-жеп, ән шырқап, жиын көңілді өтіп жатыр. Райымбек: «Асеке, құдай кешіреді ғой, бір күнге аузыңды ерте ашып, бізге қосылсайшы», – десе, Әуезов театрының директоры Қалмахан Бисембиев: «Бір адамға ана вино көп болады, одан да біз құсап аз-аздап арақ ішкенің дұрыс шығар», – дейді. Асекең де алдырмайды: «Әуелі сендер түгел мас болыңдар, онан соң өзім білемін», – деп. Сөйтесі де, «аузымды ашсам ба, ашпасам ба екен» дегендей, терезе жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. «Неге жалтақтайсыз, біз тәуекел деп құйып жіберейік, сіз бісміллә деп алып жіберіңіз», – деп Әшірбек кеу-кеулейді. Асекең шынында да екі ойлы. Әйтсе де «сәл күтейін» деп күбір етеді...

Бұл күні қонаққа Әшірбектің облыстық театрлардың бірінде бас режиссер боп істейтін жан досы, марқұм Жақып Омаров та келген-ді. Әшірбек ақ сары, Жақып қара торылау демесе, екеуінің кескін-келбет, ойы да, бойы да бірдей. Екеуі де алғыр, әзілкеш. Қосылып ән салғанда дауыстары да бірдей, ашық, сазды. Дуэтпен ән дегендер кетіп жатыр бірінен соң бірі «Сырымбет», «Дәйдидау», «Қара торғай», «Ақтолғай»...

Сөйтсе де, әлбетте, жұрттың бар ықылас-пейілі Асекең, Асанәліде. Ауыз ашар мезгіл де жетті. Үш литрлік виноның тығыны да ашылды. Үлкен фужерге лүпілдете құйылды. «Ал, Асеке, бүгінше ауызды осымен ашасыз», – деді Әшірбек. «Сөйте

сал», – деп Райымбек нықтады. «Қыстап неғыласыңдар, ол онсыз да сөйтейін деп отыр ғой», – деп Қалмахан сықылықтады.

– Мейлі, айтқандарың болсын, – деп Асекең дәу фужер толы шарапты бір-ақ қылғытты. Қылғытты да: «Тағы құйыңдар, сендерді қуып жетейін», – деп жұртты ду күлдірді.

Неге екенін қайда, (марқұм) Жақып Омаров отырыс басталғалы ақ арақты үлкен фужерге толтыра құйып, анда-санда түбіне дейін сарқып ішіп отырған-ды. У-дуда оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Бірақ, Асекең байқап отырса керек, бір кезде Жақыпқа саусағын шошайта қарап:

– Әй, сенің анауың арақ па, су ма, жұртты алдап отырған жоқсың ба?, – десін.

– Солай дейсіз бе? Онда бәс тігейік! – деді Жақып.

– Қалайша?

– Дәмін көріңіз, су болса ішпеңіз, болмаса түгел ішесіз, алдыңыздағы виноны мен де түк қалдырмай ішемін, келістік пе?

– Келістік! Әкел!

Асекең фужердегі «судың» дәмін көрді де: «Е, ұтылдым, уәдені жұтпаймын», – деді де, түбіне дейін қағып салды.

Жақып болса-болмаса. Қыран-топан күлкі.

Мәжіліс қыза түсті. Лұқпан хакім айтқандай, Асекеңнің құрметіне арналған бір күн мың жасаған күнмен тең болғандай болды.

Ақиқаттан артық не бар? Бұл фәниде осындай да сыйластық салтанат құрған думанды сәттер өткен. Сол кешке куә болғандардың біразы – Әшірбектен бастап – бақилық. Алла Тағала тірілерге жүрім беріп, марқұмдардың аруағы шат болсын!

Асыл бейнең жадымызда, Әшірбек жаным! Рухыңа мың тағзым! Кешір!..

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ҮРЖАРҒА КЕЛУІ

*Құрметті оқырман! Заман өзгеріп, ұрнақ алмасып, оқырмандардың жаңа тобы пайда болып отыратыны табиғи жай. Соған орай, бұдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын жазылып, Сәбит Мұқанов оқып, құптаған соң жарық көрген – қазақтың ұлы перзенті Сәкен Сейфуллинге қатысты деректі хикаяны құзырларыңызға қайта ұсынып отырмын. Оқиға сол дәуірдегі үрдіске сай баяндалады.*

*Автор.*

Елімізде бай-құлақтарды конфискелеп, коллективті шаруашылық орнату дәуірі тұсында «тап жауларының» қарсылық көрсетуі салдарынан бірқатар қиындықтар болғаны аян. Ол кезде ел арасындағы жағдаймен жете танысып, ұйымдастыру шараларын жүргізіп қайту үшін бір топ жазушы үкімет тапсырмасымен республиканың түкпір-түкпіріне командировкаға аттанған. Солардың бірі – жазушы әрі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин Семей облысының шекараға жақын бірқатар аудандарында болып, бұл тапсырманы абыроймен орындап қайтқан. Төмендегі әңгіме жазушының сол жолғы бір сапары негізінде, байырғы заң қызметкері, қарт коммунист, шығармадағы кейіпкердің бірі – Лұқбек Мұқамеджановтың естеліктері негізінде жазылды. Л.Мұхамеджанов жуырда қайтыс болған, ал оның зайыбы, Абайдың туған немересі Мәкен Тұрағұлқызы қазір Сарыағаш қаласында тұрады. Әңгімедегі басқа кейіпкерлер де өмірде болған адамдар, бірқатарының әлі көзі тірі. Олардың аты-жөндері де өзгертілмей алынды.

\*\*\*

Үржарға Сәкен келді. Иә, жалынды революционер, қоғамдық қызметімен де, ұшқыр қаламымен де халықтың сүйіспеншілігіне бөленген атақты ақын, жазушы...

Ол кездегі Үржар селосының бейнесі осы күнгі кейбір совхоз бөлімшелерінен де қораш. Сонда да аудан орталығы деген аты бар. Жерден еңсесін зорға көтеріп, әрең қалқып тұрған тоқал үйлерде сән де, сиық та жоқ. Көшелер тізеден батпақ. Адым сайын көлкіп жатқан жаңбыр суы. Бір тәуліктей жауған жаңбыр

әлгіде ғана тынған. Ені тар, лас, қисық-қыңыр көшелердің кейбірінің бойына телефон желілері тартылған. Өкпек жел тербеген телефон сымдарынан жағымсыз, үрейлі дыбыс ызыңдайды.

Мезгіл кара күздің соңы. Селдір-селең тырбық ағаштар алдақашан жапырағынан айырылып, қу таяқ боп қалған. Тұнжыраған аспан қабағы он шақты күннен бері бір ашылмайды. Күні-түні түнеріп, айнала күңгірт тартып, қарс ұрады да тұрады. Неше күн бойғы жаңбыр діңкеге тиіп біткен. Жүні жығылып, құты қашқан аудан сиқы көңілсіз, жүдеу.

Түске қарай бұлт қайта қоюланып, село үстін тағы да зіл қараңғылық баса түсті. Күшейе түскен ызғарлы жел тұтасқан бұлттарды тоз-тоз етіп, әлдеқайда қуып барады. Қол созымдай биіктегі жер бауырлай көшкен шарбы бұлттарды тіпті уыстап «ұстап» алуға боларлықтай.

Қиқа-жиқа салынған саман үйлердің маңы жым-жылас, қыбыр етер жан жоқтай. Тек оқта-текте бірлі-жарым бүрсен қаққан кемпір-шал, тана-торпақ қуалаған жыртық иық балашағалар сұлбасы көлең қағады. Селоның түстік жағындағы беткеймен үстінде үюлі шөбі бар өгіз арба төмен қарай түсіп келеді. Шөп үстінде кескен томардай боп отырған арбакештің камшы ұстаған қолы шолтаң-шолтаң етеді.

Сәкен даладағы осынау көріністерге терезеден бірауық қарап тұрды да, аудандық атқару комитетінің председателі Әбдірахманның қарсысындағы креслоға отырысымен:

– Ал, Әбеке, айта бер, жағдай қалай? – деді, «іске көшейік» дегенді аңғартып.

– Сәкен аға, прокурорды шақырайын ба?

– Өзің біл.

Әбдірахман телефон трубкасын көтерді:

– Алло, маған прокурорды қосшы!

Кабинеттің ауасы ауыр, қапырық. Сәкен көйлегінің түймелерін ағытып, шалқайыңқырап отырды. «Желдеткішті ашса қайтеді?» демекші боп терезеге қараған ол әйнек көздерінің бітеу екенін көрді де, үндемеген күйі бет орамалымен желпініп-желпініп қойды.

Сәкеннің түр-тұлғасынан жолсоқты боп қажып жүргені аңғарылады. Күздің тынбай соғатын суық, ызғырық желі



әдемі өңінің әрін бұзып, тоздырып, қарайтып жібергендей. Көмірдей қара мұрттары тікірейе ширығып, иегі мен қос самайын қайратты қалың түк басқан. Әбдірахман бәрін сезіп отыр. Бір жарым айдан бері ат үстінде жүрген Сәкен түгіл, өзі де мына тұрған Семейге барса қатты шаршап оралатын-ды. Ал, Сәкеннің бұл ауданға жеткенше басынан нелерді өткізгенін бір тәңірдің өзі білсін.

Сәкен Үржарға әлгі әзірде келген-ді. Осы бір күндерде оның шекараға жақын аудандарды аралап жүргенін, дәл бүгін болмаса да, таяу күндердің бірінде Үржарға да келерін Әбдірахман күнілгері білетін. Күтіп жүрген-ді. Сол сәт бүгін жетіп отыр. Әбдірахман әлгіде Сәкенмен құшақтаса амандасып, ақынның сырт киімін шешіп, шегеге ілді. Аңқылдаған жас жігіттің риясыз пейілін аңғарған Сәкен де жылы шыраймен:

– Кабинет иесі сенсің ғой. Орныңа өзің отыр, – деген-ді, төрдегі креслосын ұсынған Әбдірахманға.

Әбдірахман Перзадаев – аудандық атқару комитетінің председателі. Бірден дәрменсіздік білдіре мұңын шағып жыланған жоқ. Керісінше, «тиісті міндетті қолған келгенше атқарып жатырмыз» деп, іскер, ойлы басшыға тән мінез көрсетті.

– Застава бастығымен байланысымыз мықты. Сұраған көмектерін қолма-қол беріп отырмыз. Шекарада тынышсыздау. Бірлі-жарым ебін тауып арғы жаққа өтіп кетіп жатқандар баршылық. Бұл жөнінде сізге қазір Лұқбек келген соң толығырақ айтып берер, – деді Әбдірахман тартпасынан әлдебір кітапты шығара беріп.

Сәкеннің көзіне Әбдірахманның қолындағы өз кітабы оттай басылды. «Тар жол, тайғақ кешудің» таяуда баспадан шығып, Сәкеннің даңқын бұрынғыдан да мол жайған нұсқасы. Әбдірахман:

– Сәкен аға, кітабыңызды оқып шықтық. Көзге мақтағандық емес, бәрімізге ұнады. Осы кітап жөнінде газеттерге шыққан жұрттың пікірін де оқып жүрміз, – деді де, қолтаңба жазып беруін сұрады.

– Жарайды, – деді Сәкен қаламын ыңғайлап.

Еңсегей бойлы, тығыршық денелі, қараторы өнді Әбдірахманның әрдайым күлім қағып тұратын өткір көздері мен салмақты да салиқалы сөздері кімді боласын баурап

алғандай екен. Сәкен оның өмірден жан-жақты хабары мол, аққараны айыра білетін сауаттылығына, пысықтығына көңілі толып, сүйсініп қалды. «Қазіргідей аласапыран кезде ел басқаруға көкірек-көзі ашық осындай жігіттер қандай қажет десейші?!»

Кенет кабинет есігі ашылып, ішке ұзын бойлы, бұйра шашты, қылдырықтай аққұба жігіт енді. Сәлемдескеннен кейін Әбдірахманның алдындағы Сәкенге қарама-қарсы креслоға отырды. Әбдірахман:

– Сәкен аға, бұл жігіт Лұқбек Мұхамеджанов деген ініңіз болады. Ауданның прокуроры, – деді Сәкенге келген жігітті таныстырып.

Бұл екі арада Лұқбек Сәкеннің жүзіне қайдан көрген кісім деп таңданған адамша екі-үш рет тесіле қарап үлгерген еді.

– Өте жақсы, – деді Сәкен.

Әбдірахман енді Лұқбекке бұрылып:

– Таныдың ба? Мына кісі Сәкен Сейфуллин ағамыз ғой, – деді сыпайы күлімсіреп. – Дәм-тұз айдап келіп қалыпты.

Осы сәтте Лұқбек орнынан ұшып тұрды да, Сәкенге құшағын жая барып қазақшалап қайта көрісті. Онан соң:

– Қош келіпсіз, сізді күтіп жүр едік. Жақсы болды, – деді ағынан жарыла.

Сәкенді көргеніне баладай мәз болған Лұқбектің жүрегі атша тулап, кәдімгідей қобалжып, денесінің дірілін баса алар емес. Тілінің ұшына Сәкеннің мөлдір де отты жырлары үйіріліп, лықсып тұр. Баспа бетіне шыққан өлеңдерді оқып қана қоймай, көңіліне ұнағандарын жаттап алу Лұқбектің ежелден әдеті болатын. Ол Сәкен өлеңдерінің де көбін жатқа білетін-ді. Сәкен жазған сайдың тасындай салмақты өлең жолдарының бірі көкірегінде:

*«Сыр сандықты ашып қара,*

*Ашып қара, сырласым.*

*Сым пернені басып қара,*

*Басып қара жырласын»,* – деп сыңғыр қағады.

Үшеуі біраз әңгімелесіп, пікір алысты. Лұқбек Сәкенге шекараға жақын бұл ауданда жергілікті тап жаулары, зиянкестермен қатар, қыбын тауып шекарадан өтіп кету үшін сонау арқадағы алыс аудандардан да қашып-пысып келушілердің бар

екенін, тері тонын теріс айналдырып киген ондайларды бірден біле қою оңай еместігін айтты.

– Біздің тірегіміз қарапайым халық. Солармен байланыс мықты болу керек, – деді Сәкен.

– Дұрыс, аға, – деді Лұқбек.

– Осы жақында ғана Төлеухан Мұратов дейтін бақташы өз үйінде екі «диуананың» түнеп жатқаны туралы бізге астыртын хабар жіберіпті. Үш милиционер таң алдында барып әлгілерді қолға түсіріп әкелді. Диуанамыз деген сабаздар Лепсі жағының момын елді талай жыл қан қақсатқан Өрісбай, Әлім дейтін байлары екен. Қос көкжал ұзамай арттарынан жетуі тиіс мал-мүлкін шекарадан алып өтуге алдын-ала қам жасау үшін келген екен, бойларынан қару-жарақ та табылды, – деп те қойды.

– Міне, көрдіңдер ме? – деді көңілденген Сәкен. – Көп асқанға бәрібір бір тосу болары анық. Әлгі Төлеуханның атасына мың да бір рахмет. Өзіне дұрыстап құрмет көрсеттіңдер ме?

– Алғыс жариялап, «Социалды Қазақстан» газетін бір жыл тегін алып тұру үшін квитанция жаздырып бердік.

– Ондай адамдарды көтермелеп отырған жөн.

Сәкеннің бір байқағаны, мына Әбдірахман мен Лұқбек тек қызметтес жолдастар емес, әрі, жастары қатарлас, әзіл-қалжындары жарасқан, тату-тәтті дос, құрдас жігіттер құсайды. Үшеуі тысқа шықпақ боп, орындарынан тұра бастаған мезгілде Әбдірахман:

– Ау, Лұқбек, енді сен мына Сәкен ағадан бата алып қалуың керек. Ақын болам деп, қанша түртінектесең де түк шығара алмай жүруші едің. Мүмкін, бойыңда туа біткен талант болса, бұдан былай көзі ашылып кетер, – деді Сәкенге көзін қысып қойып.

Онан соң:

– Сәкен аға, қалжың өз алдына, бұл Лұқпан ініңіздің шын-ында да тиіп-қашып өлең жазатыны бар. Сонан соң ғой айтып отырғаным. Оның үстіне, бұл ініңіз атақты Абай атамызға күйеу бала. Келіншегі Абайдың Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұлдың қызы, есімі – Мәкен. Өзі керемет әнші. Біздің елде әнші, бишілер көп-ақ. Әлі оларды да тыңдап, төрелігін айтарсыз, – деді.

Әбдірахманның үйіне жайғасқан Сәкен алғашқы күні онша көңіл қошы болмай, төсекке ерте жатты да, таңертең ерте тұрды.

– Сәкен аға, бізде бір ыңғайсыз жағдай боп тұр, – деді ертенгі шай үстінде Әбдірахман. – Соны сізге айтпауға болатын емес.

– Айт, – деді Сәкен.

Осындағы милицияның бастығы Жауқаштиев он шақты күннен бері қырық шамалы кілең жас балалы әйелді босат десек көнбей, абақтыда ұстап отыр. Ауа райының сиқы мынау. Ал, абақты іші ит байласа тұрғысыз, мал қорадан бетер бірдеңе. Онда адамдарды ұстауға мүлде болмайды. Оның үстіне, тұтқын әйелдердің жазығы жоқ. Бар кінәлары – байлардың тоқалы екендігі. Күйеулері алдақашан зым-зия жоғалған. Жауқаштиев әйелдерге «күйеулеріңнің қайда жүргенін айтпасаңдар босатпаймын» дейді. «Білмейміз» дегенге иланбайды. Малға сатылып келген сорлы тоқалдардың білмейтіні де рас қой. Облыспен сөйлесіп ек, «жақында комиссия жібереміз» деумен тыңды. Комиссиясы қашан келіп, қашан тексереді, оны бір құдай білсін. Өзірге жас балаларға обал боп барады. Мұны не істейміз?

– Ендеше, бүгінгі жұмысты сол абақтыдан бастайық. Шайдан соң барамыз, – деді Сәкен.

Талай жыл дүрілдеген Айтқазы болыстың асығы алшысынан тұрып, қолы жүріп тұрған кезде ағаштан оюлап, төбесіне Айдың бейнесін орнатып, неше түрлі бояумен безендіріп салдырған үйі селоның орта шеніндегі биіктеу төбенің басында болатын. Айналасы қызыл кірпіш дуалмен қоршалған. Сол салтанатты сарай сыйқы қазір адам көргісіздей. Есік-терезе сынды мүліктері жүрдай боп тоналған. Едені шіріп, шарбағы қирап, қабырғалары жырым-жырым болған. Атаман Дутовтың жасағына ілесіп кетер алдында үйді әдейі бұздырып, тасталқан еттірген Айтқазының өзі көрінеді. Содан бері қаңғырған ит-құстар ғана паналайтын иесіз үйдің жұрнағы енді балалы әйелдерді қамайтын абақтыға айналыпты.

Айналасы аңғал-саңғал, қауқиған ескі қабырғалардың ортасындағы көң-қоқыстың үстінде тұтқын әйелдердің бірі шапан, бірі күртесін жамылып, кесек жастанып, көрмесінің күнін көріп жатқаны рас боп шықты. Үй төбесінің көп жері аңғал-саңғал ашық. Өне бір жақтаудың төрт-бес тірек-ағашы омырылып, қисайған қамыстарымен қоса құлап түсуге шақ тұр.

Жай-түйді көзімен көрген Сәкен:

– Сендерді не үшін қамағанын білесіндер ме? – деді, бір-біріне тығылып, үрейленген тұтқын әйелдерге.

Әйелдер үнсіз. Сәкенге жақ жүндері үрпиіп, үрке қарайды. «Енді күніміз біткені ме?» дегендей, көздері шараларынан шығып барады.

– Білмейсіңдер ме? – деді Сәкен жұмсақ үнмен.

Енді ғана топ ішінен бір жуан денелі, орта жасар, қараторы әйелдің тілі шығып:

– Ей, дөкей, қылжақты неғыласың. Бізді құдайдың мазақтағаны аз ба? Одан да атсаңдар да, ассаңдар да түге, тезірек тындырсаңдаршы жұртты тәлкек етпей. Білсең өзің айт, не кінәміз бар? – деді де, әрі қарай булығып сөйлей алмай, жаулығымен бетін басқан күйі теріс айналып кетті.

– Қамықпаңыз. Атыңыз кім? – деді Сәкен.

Әйел бойын бекітіп, есімін айтты:

– Айша.

– Сіз де байдың тоқалысыз ба?

– Біздей көнтеріні бай неғылсын. Менің ерім Бәкен дейтін байдың малайы еді. Көрінде өкіргір Бәкен оны өзімен бірге алып жоғалмады ма? – әйел тағы кемсендей бастады.

– Балаларыңыз бар ма?

– Екі балам бар еді, төркінімде қалған.

– Жарайды, – деді Сәкен ілгері қарай қозғалып.

– Милицияның кеңсесіне барайық, – деді тысқа шыққан соң Әбдірахманға.

Сәкен милиция бастығының пәпігін су сепкендей басып, бірден тәубеге келтірді.

Осы күні түс ауа тұтқын әйелдер түгел босатылды. Оларды «Алматыдан келген дөкей азат еткізіпті» деген хабар ауыздан-ауызға тарап жатты.

Сәкеннің келгеніне үшінші күн. Аспан айығар емес. Кешке қарай тағы да жауған жаңбыр таң атқанша толас тапқан жоқ. Әбдірахман үйінің оңаша бір бөлмесін жеке иемденген Сәкен тыстағы жаңбырдың тысырын ести отырып түні бойы кітап оқыды.

Таңертең кешегі уәде бойынша Лұқбек екеуі бір-бір салт атқа мініп заставаға аттанды. Жаңбыр саябыр тапқанымен, аспан сол қалпы. Күңгірт тартқан төңірек жабырқап, жыламсы-

рап тұр. Тастақ жолдың бойы көлкіген су. Селдір боз тұман бар. Бұларды шығарып салған Әбдірахман:

– Көп кешікпей ораларсыздар. Бүгін сенбі ғой. Кешке дейін мен де шаруаны реттеп, Сәкен ағаны қонақ етейік, – деді.

Бүгін Әбдірахман үйіне біраз жұртты шақырып, Сәкеннің құрметіне дастарқан жаймақ ойы барын кеше алдын-ала ескерткен-ді. Сәкен келісімін берген.

Салт аттылар селодан шығысымен тау сілемдері біртіндеп биіктей түсті. Жалтыр жоталар мен жалаңаш қыраттар селдір боз тұман арасынан сұсты көрінеді. Тау іші құлаққа ұрғандай жым-жырт. Қара жолдағы қиыршық тастардың ат тұяғы тиген сайын шықырлағанынан өзге тысыр еткен дыбыс жоқ. Көз тоқтатып, көңілде тоқылып қалардай әсем көрініс, табиғаттың сұлу өрнегі байқалмайды. Сонда да сонау тік беткейлердегі тарам-тарам ақ жолақтар, құлама құздар мен жартастар, аспанда дүрілдей ұшқан ұзақшалар Сәкенді әжептәуір ойға түсіріп, тебіrentіп келеді.

Боз тұман сейіліп, төңірек бұрынғыдан жарық тарта бастады. Тау іші. Салқын самал. Таза ауа. Жараулы сәйгүлік. Сәкен жайлап ән салып, Лұқбек оған қосылып келеді:

«Ақ боз ат менің тұлпарым,

Шалқиды көңіл сұңқарым...»

Жолшыбай Лұқбек Сәкенге кезінде біреулердің мұның үстінен Құнанбай қажының немересіне үйленді деп арыз беріп, біраз әуре-сарсаңға салғанын құлаққағыс етіп ескерте кетті.

– Жігіт не көрмейді, Лұқбек. Келіннің арғы атасы Құнанбай болса, бергі атасы Абай екен. Тек бір-бірінді сүйіп үйленген болсаңдар болғаны да. Қорқатын ештеңе жоқ.

– Мәкен екеуміз бір ауылда бала кезден құлын-тайдай тебісіп, бір-бірімізді жақсы көріп өскенбіз. Бар айыбым, оған үйленерде ескілік ырым-жырымға бара алмадым да, бір түнде алып қашып кеттім. Мәкеннің қалауы да сол болатын.

– Онда не сөз. Сүйген болсаңдар бітті. Заң өз қолыңда емес пе? – деді Сәкен жайдарылана күліп.

Онан соң:

– Тау ішінде жабайы аңдар бола ма? – деді.

– Болады, аға.



Дәл осы тұста Сәкен «о-һо» деп елең ете түсті де, атына қамшыны басып-басып қап, жолдың оң жағындағы жайпақ беткеймен өрлеп шаба жөнелді. Жүз метрдей жерге барды да, атының басын тартып, кері бұрылды. Лұқбек биіктегі тас жотадан әрі қарай сылаң қаға асып бара жатқан алтайы қызыл түлкіні енді байқады. Түлкі сол бойда ғайып болды. Осы екі арада Сәкен қалтасынан тапаншасын шығарып ала қойыпты. Амал не, кеш қалған.

– Ой, әттең, – деп қайтып кеп жолға түсті. – Әлгіде құмай тазы болса ғой, жотадан асырмастан екі бүктер еді. Өзі де нағыз түлкі-ақ екен шіркін.

Заставаға келген шаруаларын тындырған соң, екеуі селоға көз байлана қайтып оралды.

Әбдірахман үйі қонақ күту қамында екен. Үлкен кең бөлмеге жұмсақ көрпелер төселіп, мамық жастықтар қойылған. Сәкендер келісімен қонақтар жинала бастады. Көбі жас жігіттер мен қыз-келіншектер. Сәкен Лұқбектен өзгесін танымаса да, ізетпен амандасып, сыпайылық көрсетіп жатыр. Лұқбек жанындағы сұлу өңді аққұбаша келіншекті Сәкеннің жанына ертіп келіп: «Мынау біздің үйдегі келініңіз», – деді әдеппен.

Қонақтар дастарқанға отырып, қымыз тартыла бастаған мезгілде есіктен қорбандап ене берген біреудің «кеш жарық» деп гүр еткен дауысы естілді. Жұрт сәл анырғандай боп есікке қарасты.

– Мүмкін бе екен? – деді еңгезердей, бурыл мұрт қара кісі табалдырықтан бері қарай емін-еркін аттап өтіп.

– О, Бәке, қош келіпсіз, – деді орнына ұшып тұрған Әбдірахман қол ұсына.

Оның қолын селсоқ қана алған қартандау кісі төрдегі қонақтардың ішінен әлдекімді іздегендей жағалай шолып шықты да, Сәкенге көзі түскен мезетте:

– Сәкенжан, – деп қатты дауыстап жіберді.

Бұл кезде Сәкен де орнынан қарғып тұрған еді. Ол тура есікке қарай ұмтылған күйі барып, қартаң кісінің кең құшағына еніп кетті. Екеуі ұзақ құшақтасып тұрып қалды.

Қартаң кісінің басында түлкі тымақ, үстінде түйе жүн шекпен, аяғында ұзын қонышты саптама етік. Жасы елуден асып, алпысқа тақап қалғандай. Қалың қабақ асындағы өткір көздері

шыңыраудың суындай тұнық та өткір. Ол «қоңыр қозым, Сәкенім» десе, Сәкен «ағатайым» деп толқып тұр. Сәкен оны өз қолымен шешіндіріп, екеуі жұп жазбай барып төрге жайғасты.

– Ау, Сәкенжан, бұл қалай? Келгелі бері ағанды іздемей, бұл жүрісің не жүріс, а? – деді қартаң кісі тізесін бүгер-бүкпестен даудырай сөйлеп. – Мен осы Үржардан төрт-бес шақырым жердегі Еңке ауылында тұрамын. Қазір қалың елдің аузындағы әңгіме өзіңсің. Ай, осы менің Сәкенім болар деп шамалап едім. Іншалла, жаңылмаппын. Сені де көретін күн бар екен. Аллаға мың мәрте шүкірлік!

– Кәне, Бәке, дәмге қараңыз, – деді Әбдірахман жана келген қонаққа қымыз ұсынып.

Келуші Бекенғали дейтін байырғы аңшы, әрі әнші, аздап орыс тілін білетін, елге қадірлі адам еді.

– Сіздің мұнда екеніңізді білгенім жоқ, – деді Сәкен.

– Білмеуің орынды, Сәкенжан. Қайдан білесің. Сарыарқадан келгенімізге біраз жылдың жүзі боп қалды. Өтіп жатқан уақыт қой. Жалған дүние деген осы да! – деді Бекенғали қымызды аузына апара бере.

Енді Сәкен қонақтарға мән-жайды түсіндіріп:

– Бұл кісі кешегі ақ патшаның тұсында арқадағы Нілді заводында жұмысшы боп істеген, – деді. – Мен Нілдідегі орыс мектебінде оқығанда осы ағамның үйінде бір жыл жатқанмын.

Қонақтар Бекенғалиға мән бере көз тастап, әлдене деп қостаған, құптаған сыңай білдіріп, орындарынан бір-бір қозғалысып қойды.

– Затым Семей жағынан деуші едіңіз. Ақыры туған еліңізге келген екенсіз ғой, – деді Сәкен тағы да Бекенғалиға қарап.

– Иә, біз осы жақтың найманы едік қой. Нілдіге бір жапырақ нан іздеп барып едік, шырағым. Шүкір, арқадан абыройсыз оралғаным жоқ. Көңілі көлдей қисапсыз дос-жаран, соның ішінде өзіңнің әкеңдей қимас аға, сендей іні таптым. Содан өзге не керек, – деді Бекенғали.

– Рас, рас, – десті отырғандар да.

– Кәне, дәмге қараңыздар.

– Қымыз алыңыздар.

Осы сәтте домбыраның сыңғыр еткен үні естіліп қалды. Оны Лұқбек ұстап отырған-ды. Бұйра шашы дудырап көтеріле



түскен Лұқбектің қазіргі пошымы «е» десең ала жөнелетін қас тұлпардан аумайды. Оның сырын білетін құрбылары да «ал, Лұқа, бірдеңе деп жібермейсің бе?» дегілері келгенін жасыра алмай, жаутаңдап, жұтына қарасып, үлкен кісілердің алдында әдеп сақтағандықтан іркіліп отыр.

Лұқбектің оң жағында тоты құстай түрленіп жан жары айдау ару келіншені Мәкен, одан әрі қарай Шәкір, Ісләм, Мүслима, Жәмила сынды қыз-жігіттер жайғасқан. Мына Шәкір Әбенев дейтін жігітті Лұқбек те, Әбдірахман да Сәкенге алдын-ала сырттай таныстырғанда суырып салып та, жазып та өлең шығаратын ақын, әрі жезтаңдай әнші деп мақтағанды. Сондықтан ба, Сәкеннің оны іштартып, басқалардан көрі өзімсініңкірейтіндей жайы бар сияқты.

– Ал, Лұқбек, ән баста!

– Сөйт, қалқам! – деді Бекенғали да.

Бұндайда қылымсып, бәлсінуді білмейтін Лұқбек бірден өзі жақсы көретін «Қарға» әніне салды. «Қарғам-ау, сен қалайсың... о...у... мен де ... генде ...о ...»

– Ой, пәле-ай!

– Не дейді-ау, сабазың!

Лұқбек қатарынан екі-үш әнді әуелете шырқап болған соң, домбырасын келіншегі Мәкенге ұсынды. Мәкен атасы Абайдың әндеріне басты. «Татьяна әні», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем Қаламқас»...

Мәкен осы жолы Абайдың жұрт арасына әлі кең тарап үлгермеген, өзінен басқа ешкім біле бермейтін бірнеше әнін де шырқады.

– Міне, өнер, міне, дарын, шын асылдың сынығы да асыл деген осы-ау, – деп, Лұқбек пен Мәкенге асқан ризашылығын білдірген Сәкеннің өңі ерекше ажарланып, айрықша рахат сезімге бөленгендей боп отырды.

Ән кезегі шынашақтай шымыр жігіт Шәкірге келгенде, тұйғынша сорғалай жөнелген ол да бірнеше халық әнін өз нақышымен, бабымен айтып, тыңдаушыларды бір желпінтіп тастады.

– Пәлі, ылғи күміс көмей әншілер Үржарға жиналған екенсіңдер. Бұларың жақсы, – деді Сәкен шаттанған үстіне шаттанып.

Ұлы дәмнен кейін қайта қымыз сапырылып, ойын-сауық қайта қызды. Бұл жолы өзінің сазды жуан даусымен Бекенғали да бір-неше ән салып берді. Дені Балуан Шолақ әндері. Бекенғалидың тек әні ғана емес, алып тұлғасы мен жуан, зор даусы да арқаның сол өнерпаз жолбарысынан бір ауса неғылсын.

Қонақтар түн жарымнан ауа тарады. Бекенғали кетерінде осы топты ертең түгелімен қонақ болуға шақыра тұрып, Сәкенге:

– Мінемін десең баптап отырған жүйрік атым бар. Аң аулап, серуендеймін десең, қызылды қиядан шалар қыран бүркіт пен құмай тазым бар. Бүгін-ертең алғашқы ұлпа қар да түсетін шығар. Қаласаң, қан сонарға бірге шығамыз. Осы есінде болсын, Сәкенжан, – деді.

– Құп, Беке, – деді Сәкен Бекенғалидың бешпетін ийғына жаба беріп. – Бикамал жеңгеме үш қайтара сәлем айтыңыз. Дәм бұйырса, көрісерміз.

Дала тас қараңғы. Аспанды қабат-қабат қара бұлт басқан. Қыздың лебіндей жұмсақ жел еседі. Бұл ұзамай тағы да жанбыр жауып, артынан күн суытады деген сөз. Тысқа дүркірей шыққан қонақтар лезде қараңғы тұңғиыққа сүңгіп, жоқ болысты.

Төсекке жатқан Сәкен олай да, бұлай да аунақшып, көзі жұмылмай қойды. Қонақ күтіп, қалжыраған Әбдірахман жастыққа басы тиісімен қор ете түскен. Әлгіде ғана естіген әсем, сикырлы әндер Сәкеннің құлақ түбінде тынымсыз ызындап, сарнап тұр. Біресе ұшқыр қиялы құйындай самғап, талмаусыраған ақын көңілін сонау алыста қалған күндермен қауыштырып жібергендей болады. Денесі бір ысып, бір суып, біресе, азамат соғысының салтанатты маршы, біресе ақпанның сары аязында кісендеулі тұтқындарды алып, ажал апанына қарай самғаған тастай суық, азап вагоны дөңгелектерінің сақыр-сұқыр дыбысын естігендей болады. Ақын тынши алар емес. Ақын арпалысып жатыр. Тұла бойы жалын. Жолбарысша атылып төсектен тұрып кеткісі келеді. Бұл толқыныс, әлде шабыт сәті ме, кім білсін. «Сап, сап» дей түседі өзін тежеп. Сезім билеген Сәкен көрер таңды көзімен атқызды...

1966 ж.

*Р.С. Хикаядағы аты аталған адамдардың барлығы өмірде болған, Лұқбек Мұқамеджановтың жадында сақталған жан-*

дар екенін қайталап еске саламыз. Солардың бірі Шәкір Әбенев еліміз егемендік алғанда – Сауытбек Әбдірахмановтың демеуімен сахнаға шығып, болашақ Елбасына ақ бата берген қазына қарт-тын. Сонау жылдарда Әбдірахман Перзадаевтың Алматыда тұратын қызын көргенбіз (қазір білмеймін). Сарыағашта аудандық сот төрағасы боп тұрғанда Төлеген Айбергенев екеуімізге Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін құпия жағдайда сұдыратып оқып беретін Лұқаң, Лұқбек Мұқамеджанов қапияда қаза болған соң зайыбы, Абайдың баласы Тұрағұлдың қызы Мәкен апай Алматыға көшіп келіп, біраз жыл зұмыр кешті. Бақиға озғанына біраз жыл болды.

Марқұмдардың жандары жәннатта боп, аруақтары шат болғай!..

## РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МАХАББАТЫ

*немесе ұлы әнші Совет одағының батыры*

*Садық Әбжаппаров қалай бас қосты*

Өнерге өзіндік бет-бейне, дара талант, қырық қатпар қыр, сан қилы соқпақпен келген сирек жаратылыс, ерен әнші Роза Бағланова жайлы жазылған кітап, мақала, очерк, сыр-сұхбаттар мен құжатты фильм, кинохроникаларда жеке өмірі жөнінде дерек-мәліметтер сиректеу. Ал, басқаларды айтпай-ақ, орыстан шыққан белгілі өнер өкілдеріне келсек, олар да тасып төгіледі, ештеңе жасырмай, әрқайсысының бірінші махаббаты кім, тіпті, қанша рет үйленді, нақсүйері кім, қанша әйелден (не күйеуден) қанша перзенті бар, қандай (көбі қайғылы) жағдайда бақиға озғанына шейін ашық айтады. Алдақашан марқұм болғандарды да, бүгінгілерді де жіпке тізгендей етіп. Және осы тақырыптағы телехабарлары қандай әсерлі. Жасы ұлғайғанда үйленген (нешінші екені шарт емес) әйелінен көрген екі қызы да атақты актриса болған ертеректегі әйгілі әнші Вертинский, әнші-актер Марк Бернес, жалғаннан жалғыздықтан жапа шегіп өткен әнші, актер, актрисалар: Любовь Орлова, Людмила Зыкина, Татьяна Пельцер, Татьяна Самойлова, Нонна Мордюкова, (оның тұңғыш махаббаты) Вячеслав Тихонов... барлығының шыққан биігі әлемге мәлім, жеке өмірлері бес саусақтай белгілі. Ал, сен жеке өмірдің керегі қанша деуің де ықтимал шығар, бәлкім. Пәлі! Дәл сондай

қадыр-құрмет олар тұрған үйлердің қабырғасына ескерткіш-тақта қойып, көше, мектеп, басқа мекемелерге аттарын бергеннен де салмақтырақ емес пе? Өркениет үлгісі екенін айтпағанда. Бір қарағанда, сенікі де дұрыс па, кім білсін. Бірақ, бәлкім, біздегі (арғы-бергі) белгілі тұлғалар жөнінде көздері тіріде де, өлген соң да – бұл орайдан – жөндем ештеме жасалмай, есесіне, ақиқаттан алыс өсек-аяң, бықсық әңгімелер тоқтамай, әлсін-әлсін қоздап қоятыны сондықтан шығар. Бұл жерде әлімсақтан келе жатқан қазақы психологияны да естен шығарып керегі жоқ. Сонда да...

Қазақ дарабоздарының жеке өмірлеріне жете үнілу, белгісіз қырларын тереңдеу біле түсу үшін салиқалы телехабарлар жасау түк те артық болмас еді. Тым болмаса, Құрманбек Жандарбеков пен Шара Жандарбекова, Қанабек Байсейітов пен Күләш Байсейітова, Бауыржан Момышұлы, Шахан Мусиндерді ғайбаттан арашалау үшін десек те. Жоқ! Атама! Әзірге бізде бұл жағы көктей солып, өркен жая алмай тұрғаны өтірік емес.

Әйтсе де, өз тарапымыздан нартәуекелге бел буып отырған жай бар. Айтпағымыз белгілі қаламгер Камал Смайылов «Парасат» журналына редактор боп келген соң арнайы айдар етіп ашқанындай, «белгілі адамдардың белгісіз қырлары» хақында. Сәл басқаша айтсақ, ұлы тұлғалардың жеке өміріндегі жұртқа беймәлімдеу тұстарына (орыстар сияқты) үніліп көру. Бұл жолғы таңдау ұлы әнші Роза Тәжібайқызы Бағлановаға түсіп отыр. Бұл жолғы дейтінім, бұдан он шақты жыл бұрын қазір көзі тірі киноактриса Рая Мұхамедиярованың жеке өмірі, Ғабит Мүсіреповке махаббаты, өзге де көпке беймәлім жайлар хақында жазған көлемді мақала «Парасат» журналында жарық көріп, кейін «Аңыз адам», басқа да газет-журналдар, Сұлтан Оразалин құрастырған жинақ, кітаптарда қайталап басылды.

**Ал, енді Роза Бағлановаға келсек, мойынға артық жүк артпай, тек алғаш бас қосқан жары кім еді немесе тұңғыш махаббаты туралы сөз сабақтаумен шектелмекпіз.**

Роза Бағланова. Есімі Отан соғысы жылдарында алдымен сол шақтағы күллі одаққа, одан соң Қазақстанға мәлім болған дарын иесі. Данқы шетелдерге жетіп жатты. Концерт бригадасы құрамында майданда болған жылдарда әйгілі қолбасшылар, атақтары жер жаратын маршал, генералдар ол шырқаған әндерге

тәнті болып, қол соққан қазақ бұлбұлы. Қазақстанда кейінірек танылды дейтін себебіміз, Қазалы аймағының талабы тас жаратын құртақандай қызы соғыс басталар қарсаңда арман жетегімен Тәшкенге барады. Түскен үйінің көршісі өзбектің сол кездегі жасы егде тартқан атақты әншісі Қари Якубов екен. Ол қора ішінде ертелі-кеш көбелектей қалқып, ән салып жүретін Розаны бірнеше рет сырттай байқап, бірдеңе шығатынын білген соң, жұмыс орнына ертіп барып, қабілетін байқайды. Әріптестеріне таныстырады. Филармонияға қабылдайды. Әрі қарай соғыс. Майдан даласы. Сарбаздардың көңілін аулап, рухын көтеру үшін баратын өзбекстандық концерттік топ құрамында әрдайым Роза болды. Селебеген оқ астында ән шырқап, сан рет ажалдан аман қалды. Орден, медаль, грамоталармен наградталды. Майдан қолбасшыларынан алғыс алды... Соңғы демі таусылғанша өзін Отан соғысының ардагері санады...

Ұлы Жеңістен кейін атамекенге оралып, Алматыда тұрақтады. Кімсің Роза атанған әнші даңқы көкке шарлады. Ол орындаған әндер ауыздан-ауызға тарады. Халық алақанда аялады.

*«Жадырап күндей,  
Жайнаған гүлдей...*

*... Күткен едім, сәулем, мен сені»,* – деп қаншама жас жүректің махаббат жалынын алаулатты.

*«Қол ұстасып,  
Судай тасып,  
Еңбек етіп араласып,*

*Өтсе өмір осылай, арман жоқ»,* – деп қаншама көңілге сенім ұялатты.

Соғыстан соңғы қауырт жылдар: гастроль, фестиваль, байқау, жарыс. Алматыдан басталып, Қиыр Шығыс, Мәскеу, Ленинград... шетелдермен шендесетін сапар... Берлин, Бухарест, Будапеште өткен фестиваль, байқаулар жүлдегері, лауреат атанған жарқын күндер...

Ол кездерде қазіргідей телевизор тұрмақ, жөнді естілмейтін (солай аталатын) радиомикрофон қат. Радиоқабылдағыш қасқалдақтың қанындай. Сөйтсе де, ел-жұрт Розаны білді. Жаппай. Барлық жерде. Патефоннан тындағанға құрсаң. Гастроль ме? Ауылды атама. Аудандарды да атама. Облыс орталықтарында анда-санда. Бірде... соғыстан кейінгі жылдардың бірінде...

Шымкентте Жеңіс күні құрметіне жиын өтеді. Бір Арыс ауданынан 7, өзге аудандардан 2-3 не 4-5-тен Совет Одағының батырлары қатысты. Алматыдан өнер қайраткерлері келді. Ішінде Роза Бағланова бар. Жиыннан кейінгі концерттен соң парк ішіндегі алаңда батырларға арнап дастарқан жайылды. Фронтвой жүз грамм, ән, күй, би. Алматылық өнерпаздар кезек-кезек ән шырқады. Өз кезегінде қонақтар жайғасқан стол мен стол арасында билеп жүріп ән салған Роза орта шенде отырған қалың бұйра шашы мандайын жапқан, қастары тұтаса біткен еңсегей бойлы әсем жігіттің жанына бірнеше рет қиғаштай барып, нәзік саусақтарымен басынан сипай өтіп кетіп жүрді. Оған арнап ән шырқады: «Катюша». Онан соң екеуі дөңгелене биледі. Жігіттің омырауында «Алтын жұлдыз». Думан қыза түсті. Розаның қайда тұрасың дегеніне жас батыр: «Ешқайда тұрмаймын, Мәскеуде оқимын. Бәлкім, келешекте Алматыда тұратын болармын», – деп жауап берді. «Оһо, біз жақында Мәскеуге барамыз», – деді Роза. «Онда сонда жолығады екенбіз де», – деді жігіт. «Күтесіз бе?» «Күтемін!».

Олар осылай танысты. Роза айтты: «Қазалының қызымын», – деп. Батыр айтты: «Оңтүстіктің Шаянынанмын», – деп. Қоштасарда Роза кезекті әнін шырқады: «Ах, Самара, городок». Бұл күні олар қайтып кездескен жоқ. Батыр сол түні арнайы самолетпен Мәскеуге ұшып кетті (бұған бес минутсіз қауіпсіздік органы офицерінің құпия құқы болатын).

... 1950 жыл. Сентябрь. Кезекті оқу жылы басталған. Сегізінші класта оқимыз. Бүкіл ауданда «Ленин жолы» деп аталатын жалғыз ғана орта мектеп бар. Сонда. Аудан көлеміндегі шағыншағын қырық-елу колхоздан бір-екі баладан жинап, қатарлас (параллель) екі класты әрең толтырған. Бұл әрісін айтпағанда, 1928-29 жылдардағы коллективтендіру, одан соңғы асаршылық, ұзамай басталған соғыс лаңының салдары еді. Немесе халық жаппай жоқ бола жаздағанның көрінісі. Бірақ, жоқ болмады. 60-шы жылдарға қарай тұрғындар 100 мыңға жуықтады. Соған орай, жер-жерде оннан астам орта мектеп ашылды. Ал...

Біз сегізінші класқа келгенде (1950) жалғыз орта мектепте жоғары білімді мұғалімдер де жетіспейтін. Сегізінші класта республика оқу министрлігінен (уақытша шартпен) келген Төлеген Мырзатаев физика-математика, әйелі неміс тілінен

бір жыл сабақ берді. Келер (1952) жылы Алматыда институт, университет бітірген Өзбекәлі Жәнібеков, Сейдадат Батаев, Орынша Көкебаева, Қадыр Бақтыбаевтар келді. Бірінші еңбек жолын бізге (9 класс) тарих, географиядан сабақ беруден бастаған болашақ қоғам және мемлекет қайраткері **Өзбекәлі Жәнібеков келген бойдан көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, бес айдан кейін аудандық комсомол комитетіне ауысты. Ұзамай бірінші секретарлыққа өсіп, одан обком, республика комсомол ұйымына жетекші болды. Кейін Алматыда көрісіп, дәм-тұздас боп жүргенде оны (баяғыша) «ағай» дейтінмін.**

Өзекең керемет әнші еді. Комсомолға ауысқанда қатты өкіндік. Бізге кетпегені керек еді. Себебі, одан Алматыдағы айтулы өнер ордалары, оларда жұмыстанатын белгілі әнші, күйші, актер, суретшілер жайлы небір қызықты әңгімелер еститінбіз. Екі сөзінің бірі Роза Бағланова болатын. Бізден бірер класс төмен оқитын Роза Өзенбаева дейтін қызға: «Сен келешекте Роза Бағланова боласың, ол Бухаресте өткен Жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты», – дейтін. «Өзбектер барабанға (дойра) арнап нота жазады» дегенді де Өзекеңнен еститінбіз.

Әне, сол 8-ші класта оқып жүргенде біз сабақ бітісімен жапатармағай аудандық кітапханаға асығатынбыз. Оқып біткен кітапты өткізіп, жаңасын аламыз, газет тігінділерін қараймыз. Әсіресе, түрлі-түсті суреттермен шыққан «Қазақстандық Совет Одағының батырлары» деген альбом болушы еді, соны қараймыз. Өз басым соғыс батырлары туралы сол альбомнан алған мәлімет-деректер осы күнге дейін кәдеге жарап келеді десе артық емес. Кейде альбомға бірнеше бала тұс-тұстан жабыла қараймыз. Ішімізде Шаян ауданынан келген бір бала болушы еді, сол бізге альбомдағы толқынды қара шашы мандайын жауып, қалың қастары тұтасқан әскери жігіттің күлімсірей түскен суретіне қарап: «Бұл біздің Шаяннан», – дейтін.

Батырлардың осалы болмайды, Талғат, Мәлік, Әлия, Мәншүк – кіл дәйлер. Әйтсе де, шаяндық батыр бейнесі көкейдің бір түкпірінде жүретін. Аты-жөні – Садық Әбжаппаров. Тікелей таныс-біліс болмаған соң, кейде соғыстан кейін не істеді, қайда екен деп те қоятынбыз. Алайда, шіркін-ай, өзін бір көрер ме еді деген қызығушылық та санадан өшпейтін. Оған себеп, бізбен

оқыған шаяндық баланың Садық Әбжаппаровты жағы тынбай жерлеспіз дей беретіні болса, екінші себеп, (кейін білуімізше, бірінші жарқосағы) Розадай әншінің жылдан-жылға атағы дүркіреп, даңқы аспанға шарлағаны дер едік. Әнші Роза мен Садықтай батырға қызығушылық ешқашан бәсеңдеген емес. Алматыға кеп, қызмет істеген жылдарда да. Анда-санда ойға түсетін де, Роза туралы осы біледі-ау дегендерден сұрасақ, шамасы, білмейтін болулары керек, жөнді жауап айтпайтын. Біреулер «оны қайтесің?» деп езуіне мысқыл үйірілетін, не «өзінен сұрамайсың ба?» дейтіндер де болатын. Әншіден (Роза) сұрауға, бас екеу емес. Әйтпесе, талай кездесіп, (журнал үшін) сұхбат алып, үйіне де барған кездер болған. Оның үстіне, орыстарда болмаса, қазақтың белгілі тұлғалары, әсіресе, әйелдердің жеке өмірі хақында сөз қозғау салтта жоқ, нәзік нәрсе деп қаралатын. Ал, мен өзім өз болғалы, қалам ұстаған жарты ғасырдан бері бұл тақырыпқа бір-ақ рет барып, белгілі киноактриса Рая Мұхамедиярованың ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповпен қалай бас қосып, қалай ажырасқаны жайында жазған мақала әуелі «Парасат» журналы, онан соң бірқатар (редакторларының ұсынысы бойынша) өзге басылымдарда, авторлық жинақтарда жарияланғаны жөнінде жоғарыда сөз арасына қыстыра кеткенмін. Рая еш нәрсе жасырмай, бәрін ашық айтқан-ды.

... Өткен ғасырдағы сексенінші жылдардың соңына қарай ертелі-кеш үй іргесіндегі таза ауада тыныстау үшін баратын Панфиловшылар паркінде бойы ортадан жоғары, кең жауырын, тік иық, онша толыспаған, бұрын-соңды ұшыраспаған әлдебір өзгеше пошымды, түсі әрі жылы, әрі суық (десе болғандай) қыран қабақ, қыр мұрын, өткір көзді егделеу қазақты жиі көретін боп жүрдік. Біресе ана тұс, біресе мына тұста спорт киіммен жерді солқылдата басып бара жатады. Кейде скамейкада отырған біздің қарсы алдымыздан өте шығады. Аяқ басуы нық, ширақ. Байыз тауып отырмай, ұдайы жүріс үстінде болатыны аңғарылады. Енді бірде тротуарда бетпе-бет ұшырасып, бір-бірімізге көз қиығымызды тастаймыз да, үндемей кете барамыз. Сәлемдеспейміз. Ығы-жығы жұрттың қайсы бірімен сәлемдесесің. Танымасты сыйламас деген. Әйтсе де, оны жиі көретіндіктен, түр-түсі есте жақсы сақталып қалды. Атын білмегенмен, сол екенін жазбай айырамыз. Дембелшен, шымыр денелі



қартаңдау қазақтың жоғары қайырылған қалың шашы мен екі арасы тұтасыңқыраған кастарында бір тал ақ жоқ, бет-аузында әжім жоқ.

Бізді ол да жақсы біліп алса керек, қарсы жолыққанда өткір көздерімен жалт етіп бір қарамай өтпейді. Сәлем беруге қанша рет ұмсынсам да, бірдеңе жібермейді, не батыл жетпейді, әлде жігерсіздік. Жо-жоқ, бейтаныс қазақтың жүзіндегі жылылықтан гөрі сұсы басым, айбатты. Өткір жанары өңменнен өтпесе де, елпілдеме елпекбай деп тежейтін де сол секілді. Әйтеуір, тегін адам емес. Паркте кейін пайда болған бұл кім болды екен (дейміз үнемі).

Сол шақтарда мен оларға қосылмасам да, паркке таңғы сағат алтыда келіп, бірге жаттығу жасап, бірге жүгіріп, дене шынықтыратын бір топ азамат болды. Бірі – Жамбыл атындағы филармонияның директоры Әбдімәулен Дәуітбаев, бірі – «Қазақконцерттің» директоры Избасар Өтешов – екеуі екі әйгілі өнер ордасының тізгінін ұстаған әйгілі дөкейлер. Осынау топ мүшелері ауа райының қалай екеніне қарамай – дауылды, жауынды, мейлі, қар жаусын, тіпті, бұршақ жауса да – бір күнді қаза жібермей, ылғи да дәл таңғы алтыда бас қосып, бой сергітіп тарасатын. Кейбірі күндіз, кейбірі жұмыстан соң кешкі мезгілде де қыдырыстайтын. Бірде...

Күндізгі сағат төрт шамасында күтпеген жерден «Қазақконцерттегі» қызметіне үнемі парк арқылы баратын Избасарды көріп қалдым. Біреумен сөйлесіп тұр екен. Ол адам мен жақындай бергеннен (осы жолы тұңғыш рет асығыстау қол алысып сәлемдестік) жұмысым бар еді деп кетіп қалды. Ол, әрине, бұған дейін талай көріп жүрген, мен үшін түр-түсі таныс та, өзі бейтаныс қазақ болатын. Аман-саулық сұрасып, елпілдей бастаған Избасарға:

– Ізек, анау кім? – дедім қасымыздан кетіп бара жатқан қазақты меңзеп.

– Анау ма?

– Иә!

– Сен не, білмеуші ме ең? Сәкең ғой, Садық Әбжаппаров. Алматыға көшіп келгеніне бір жыл болды. Гоголь мен 8 марттың қиылысында тұрады. Келген бойда 4 бөлмелі үй алған. Әсет Бейсеуовпен көрші. Әскери адам, денсаулығы мықты. Күн

сайын таңғы сағат 6-да паркте жолығамыз. Біздің топқа мүше. Үйі жақын, күндіз де, кешке де паркте жүреді, – деді әсерлене сөйлеп. – Қайталап айтайын, Сәкең Совет Одағының батыры. Өзі біздің жақтан, Шаяннан. Білесің бе, ол Роза Бағланованың бірінші күйеуі ғой. Екеуі соғыстан соң үйленген. Бірақ, кейін ажырасып кеткен. Сәкең басқа әйелге үйленіп, қазір сонымен тұрады. Бала-шағалы, немерелері бар. Үйінде боп, жеңгемізбен танысқанмын. Роза апамыз да, шүкір, бала-шағалы.

– Сәкенді бұрыннан білуші ме едің?

– Айттым ғой әскери адам деп. Органда істепті. Сондықтан үнемі қаладан қалаға көшіп жүріпті. Соңғы қызмет орны – Өскемен екен. Төрт жыл бұрын артистерді басқарып барғанымда, Сәкең жеңгеймен бірге концертке келіп, сонда танысқанбыз. Өте қарапайым, кішіпейіл. Танысқың келе ме? Келсе айт. Бүгін-ақ жолықтырайын, – деп елпең қақты Ізекең.

– Бүгін болмаса да, танысқан шеккі болмас еді. Ол біз бала кезден білетін батыр ғой, Ізеке!

– Бітті. Телефон бар, қашан кездесуді айтамын, жарай ма?

– Жарайды. Роза Бағланованың бірінші күйеуі дедіңіз, сол жөнінде сұрасам айып болмас па екен? Қалай көресіз?

– Тоқта! Тоқта! Асықпа. Розаны айтамын, олай деп аузыңа алушы болма. Көріп жүрмін, осындағы біреулер мінгірлей бастаса, ағамыз бірден тыйып тастайды: «Оны қайтесіңдер, басқа әңгімелерің жоқ па?» – деп.. Сен де қозғама. Алда көре жатасың. Білемін, бұл нәрсе саған қажет. Жазуың да мүмкін ғой. Солай ма?

– Жарайды, сұрамаймын, не керек.

– Не керек деме, әуелі таныссайшы. Бәлкім, Сәкең көңілі түссе, өзі-ақ айтар. Ол кіммен қалай сөйлесуді біледі, сол есінде болсын.

Солай деген Ізбасар ұзамай телефон соғып: «Сен туралы айттым. Сәкең келісті. Танысуға сенен де құмбыл сияқты. Пәлен уақытта кафеде жолығамыз», – деді еңтіге сөйлеп. «Басын ашып алайық, бір шартым бар», – дедім. «Айта бер». «Қонақ ету менен. Әйтпесе бармаймын». «Ой, сен де бір... Кім қарсы? Мен бе? Келе бер. Тек ұмытпа!»

Міне, солайша Садық Әбжаппаровпен Панфилов паркіндегі көп кафелердің бірінде бас қосып, бала жастан аңсаған арманға

қол жеткендей болды. Ойдан-қырдан әңгіме соғып, талай сыр ақтарылды. Әрине, Роза Бағлановадан басқасы. «Апырай, ә!? Мынау егде тартқан шымыр адам шынымен Садық Әбжаппаров па?» – деймін сенер-сенбесімді білмей. Совет одағының батыры! «Сол! Дәл өзі!..» – деп жауап бергендей болады ішімнен біреу.

Айтқандай-ақ, Сәкең аса дегдар, инабатты, ішкі де, сыртқы да мәдениеті мол зипа, зиялы, үлкен-кішіге теңдей қарайтын кішіпейіл жан екен. Өмірінше әскери салада қызмет етіпті. Шені полковник, дербес зейнеткер. Зейнеткер дегенмен, Избасар айтқандай, денсаулығы мығым, жараған аттай. Арадан апта өтер-өтпесте «кезек менікі» деп Избасар екеуімізге ол да шай берді. Ол кезде...

«Мәдениет және тұрмыс» журналын әр жыл сайын 250 зейнеткерге тегін жаздыратынбыз. Соған орай, келесі жылдың тізіміне Сәкенді де қостым. Жаңа жылдың бірінші санын алған бойда хабарласқан ол: «Әй, інім, саған рахмет. Алдын-ала айтпаған екенсіңдер. Мен журналға өзім жазылып қойған едім. Енді ай сайын екі журнал алатын болдық. Алдағы жылы есінде болсын, жаздырмай-ақ қой. Мен бұл журналды шыққалы бері қайда жүрсем де алып тұрамын», – деді қорғасындай салмақты, ашық үнмен.

Мұндайда: «Менің еңбегім ерен, абыройым зор, журналға неге тегін жаздырмайсыңдар!», – деп жер тепсінетіндер еске түспей тұрсын ба, түсті. Мольнан, қосақ-қосағымен... Сәкең бұл жағынан да биік екенін аңғартты...

Солайша, онымен ара-тұра кездесіп, әңгімелесіп, сырлас-мұңдас боп жүрдік. Жұмысбастылықтан кейде апталап, айлап көріспей кететін шақтар да болып тұрды. Ондайда Избасардан сыр тартамын: «Паркке барып тұрасың ба?» – деп. «Таңертеңгі алты біздікі ғой!» – дейді ол. Неге сұрадың демейді, біледі. Оны қолма-қол аңғартады: «Сәкең сені сұрап қояды. Көріспей кетіпсіңдер ғой, хабарласып тұрмайсың ба?» – деп.

– Ой, Ізеке! Қарбалас боп кеттік қой. Сәкеңе айт, хабарласамын! – деймін.

Ал, енді түбі бір сәті түсер деп батыр ағамыздан Роза Бағлановамен қалай бас қосқаны жайлы көпке дейін жақ ашпадым. Избасар алдын-ала ескертпесе де, бәрібір, өзім де сөйткен

болар едім. Әйткенмен, өзі айтатын шығар деген дәлемді Сәкен де сезіп жүрді-ау деймін, шамасы. Күндердің күнінде суыртпақтап шетін шығара бастауым мұң екен, жарықтық бірден шешіліп: «Көзі ашық жігітсің ғой. Роза екеуіміз бір-бірімізге Ләйлі-Мәжнүңдей ғашық боп үйленгенбіз, шырағым, – деді парктегі скамейкада отырғанымызда. – Саған тоқ етерін айтайын. Артистке үйленгенімді тума-туыстарым да, жақын дос, жора-жолдастарым да қостаған жоқ. Біз оған қарамадық. Алматыда тұрдық. Кереметтей пәтеріміз болды. Бірақ, біз үйленгенмен, үй бола алмадық. Үй болу үшін ерлі-зайыптылар күн сайын бір есіктен кіріп, бір есіктен шығуы керек. Бізде ондай болмады. Екеуіміз қысы-жазы екі жақта айлап-жылдап командировкада жүрсек, қайдан үй боласың? Мен командировкадан келгенде ол кетеді, ол келгенде мен кетемін. Ақ некеге адал болдық. Роза екеуіміз өкпе-назсыз, адамша ажырасқанбыз. Кейін ол да, мен де қайта тұрмыс құрдық. Мен қызмет бабымен қайда барсам да қасымда болатын қарапайым қызға үйлендім. Сырттай біліп жүремін, бүгінде Роза бақытты ана, әже. Менің де бала-шағам ержетіп, орындарын тапқан. Немерелерім өсіп жатыр. Басқа айтарым жоқ».

Сәкеннің Роза Бағлановамен қалай бас қосып, семья құрғаны жайлы осы айтқандарына қанағат деп жүре бергеннен бөлек лаж жоқ еді. «Басқа айтарым жоқ» деген соң қайта күйсеп қайтейін. Әйтсе де, екеуі де қан майданға қатысып, анау-мынау емес, бірі батыр, бірі атышулы әнші ретінде көптің назарында болған тұлғалардың, тым болмаса, алғаш қалай танысқандарын егжей-тегжейлі білер ме еді деген қызығушылық арта түспесе, зәредей азайған жоқ-тын. Сірә, оны да мен айтпай-ақ, өзі шама-лап жүрді-ау деймін. Бір жолы 9 майдағы парадтан кейін Панфиловшылар паркінде жолығып, Жеңіс мерекесімен құттықтадым. Ағамыз көңілді екен, «анда барып аяқ суытайық» деген соң, оңаша скамейкаға жайғастық. «Бір сағаттан соң офицерлер үйінде банкет болады, соған дейін саған әңгіме айтып берейін, – деді ағынан жарылып. – Соғыстан кейін біз Розамен көктемнің дәл осындай жайнаған күндерінде кездесіп, соңынан үйлендік қой...»

Сәкеннің майын тамызып айтқан сөздеріне еліккенім сондай, бір сағат уақыттың қалай өткенін сезбей де қалдым. «Міне,

осылай» деді де, тұс-тұстан өзі секілді жоғары шенді офицерлер жиналып жатқан зәулім ғимаратқа қарай ширақ адымдап жүріп кетті. Өзіне әскери мундир әйбат жарасады екен. Жалт-жалт еткен погондар, көзіне түсіре киген фуражка, омырауда Алтын Жұлдыз... бәрі үйлесіп, келісіп, жарасып тұр. Гажап!.. Сәкеңнің сол күнгі бейнесі әлі күнге көз алдымда. Қазақшалап айтсақ, Батыр Сәкең! Садық Әбжаппаров! Совет Одағының халық артисі Роза Бағланованың бірінші күйеуі!

Сәкеңнің сол күнгі әңгімесінен олардың жас кездерінде қалай танысып, табысқаны жайлы (осы жолғы әңгімелер негізінде) сөзіміздің басында шалқып-тасыңқырап баян еткенбіз. Соған салауат!..

Роза Тәжібайқызы ше? Өмірінің соңғы жылдарында телевизордан берілген сұхбат-хабарларда ол да алғаш жаны сүйіп қосылған жары Садық Әбжаппаров екенін құрметпен еске алып айтқанына сіз де, біз де куә болдық емес пе? Болдық! Болғанбыз! Солардың әсерінен осынау эссе-очеркті жазу құмбылдығы оянған-ды. Енді міне... оқырман қауымға ұсынар сәт жеткенге тәуба. Үрім-бұтақ, бала-шағаларына бақыт тілейміз. Ата-әжелерінің жас кездегі өмірін олар да біле жүргені ганибет дегендей.

Соңғы айтарымыз, көптеген алыс шетелдерде, көрші Ресейде, Өзбекстанда Роза секілді ұлы әншілер өмірінен түсірген көркемсуретті фильмдер баршылық. Бізде жоқ есебі. Розаның өмірі дап-дайын материал емес пе және қандай! Киноға сұранып тұр. Қозғал, қазақ! Қозғал!..

Рухтары шат болсын!..

## «МАЭСТРО» ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ немесе профессор Шерәлі Біләловтың сұрақтарына жауап

Автордан: СССР және Қазақ ССР Халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, ұлы әнші, сирек баритон, екі-үш жыл бұрын өмірден озған Ермек Серкебаев туралы жазылып, алты-жеті жыл төңірегінде үш рет жарық көрген – алда тағы да шыққалы отырған – эссе-диалог кітапқа оқырмандар тарапынан ауызша-жазбаша айтылған, айтылып келе жатқан пікір де, сұрақта толалар емес. Өйткені, кітаптағы басты кейіпкер-тұлға бұған дейін қазақ тілінде кітап тұрмақ, жөні түзу мақала да жазылмаған Ермек Серкебаев емес пе? Маэстро! Екінші рет шыққан кітапты (бүкіл шығынды өзі көтерген) белгілі жазушы-баспагер Жақау Дәуренбеков солай деп атады. Алғашқы бірінші кітаптың атауы «Ән-ғұмыр» болатын. Қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы Мұхтар Құл-Мұхамедтің ұсыныс-қолдауымен жарық көрген үшінші нұсқаның атауы ұзын саны он бестен аса эссе, очерктермен қоса (ол да «Ана тілі» баспасынан) шыққандықтан, «Жылдар сыры» деп аталды. Үш жолы да авторға салмақ артпай, қамқорлық жасаған азаматтарға алғыстан бөлек сөз жоқ, әрине.

Енді негізгі айтарымызға келсек, қазір бір демде оқылып, оңай табыла қоймайтын кітапқа қызығушылық артқан үстіне артуда. Қайдан, қалай табуға болады дегендей. Солардың бірі – филология ғылымының докторы, физика-математика ғылымының кандидаты, профессор Шерәлі әл-Қорасани ибн-Біләл. Оның (ауызекі әңгімеден бөлек) өтініш-кіріспе сөзі мен сұрақтары өзгеріссіз беріледі.

\*\*\*

*Ермек Серкебаев туралы кітапты әрең таптым. Зәкір Асабаев ағамыздың бұл туындысы осы күнде оқырмандарға кеңінен белгілі екенін көріп-біліп жүрмін. Баспасөз беттерінен мұндағы дерек-дәйектер дап-дайын сценарий, телесериал жасауға сұранып тұр дегенді де оқыдық.. Қолға алатын ер табылса, кәнекей? Тек Сатаев, Әзімов, Тұрсынов, Рақышевтай кинорежиссерлердің көзіне түссе екен деңіз. Кітаптың ерекше*

құндылығы – айнадай жарқыраған айдын көл бетінде қиялай жүзіп, көкке өрлеген иманжүзді Ермектей дарын иесінің есте қалардай бейнеленуінде. Осының бәрі ұлы тұлғаның құдай дарытқан табиғи қасиеттері болғанмен, соларды кілтін тауып айшықтай білген автордың да қабілет-қарымын көрсететініне дау жоқ болса керек. Ендігі мақсатымыз авторды сөйлете отырып шығарма құпиясын аша түсу, әншінің базбір жете ашылмаған қырлары болса, тереңірек біле түссек деген іңкәрлік. Олай болса, сұрақ – бізден, жауап – сізден, құрметті автор!

**Сұрақ:** – «Маэстро» тақырыбына қалай келдіңіз? Ермек Серкебаевтай тұлға туралы жазу қиынның-қиыны екенін біле тұра қалай батылыңыз барды?

**Жауап:** – Жауапты мынадан бастайық. Бірінші кітап жарыққа шыққан соң бірқатар мерзімдік басылымдар жекелеген тарауларды кезек-кезек жариялап жатты. «Қазақ» газеті, тіпті, екі тарауды бір нөмірге басты (одан кейін де). Осы жақында тағы да екі тарауын жариялады. «Егемен Қазақстанда» шыққан үзіндіні оқыған бойда телефон соққан Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Мен Ерекеңмен талай кездесіп, бірге жүріп, бір тұрдық, сан рет сапарлас болдық. Жақсы адам, ұлы адам. Бірақ, сөйлесу қиын еді. Қалай тіл таптыңыз?», – деп сұраған-ды. Мен: «Я его укротил», – дедім әзілдеп. Мұхтар қарқылдап күлді. «Егемен Қазақстанның» редакциясында болғанда «биылғы үздік мақала осы» депті. Онысына бәрекелді, әрине. Ұзамай Мұхтар кітаптың үшінші рет басылуына көмектесті. Ол үшін де алғыс таудай. Ал, енді...

Қалай батылым барғанына келсек, оның түк құпиясы жоқ. Ермек Серкебаевпен «Парасат» журналының сол шақтардағы редакторы Баққожа Мұқаев сөйлесіп, (тіл тауып) келісіпті, мені жіберді. Бардым. Алғашқыда біраз тулап, кірпияз мінез көрсетті. «Еруліге қарулы» деп мен де қарап қалмадым. Сөйтіп, мәмілеміз жарасып, бір жарым жылдан аса ай сайын үйіне барып жүрдім. Іштей де, сырттай да ұғысып, түсінісіп, бірге туған бауырдай болдық. Әлбетте, күрделінің күрделісі, «қиын» адам, бірақ, жан дүниесі бай, нәзік, тұла бойы тұнған қазына, бұған

дейін солардың зәредей бөлігі сыртқа шықпаған екен (мен білген, яғни, маған айтқандарын деп қарайық).

**Сұрақ:** – Ерекеңе барудан алдын тақырыпты зерттеп-зерделеген шығарсыз?

**Жауап:** – Ол солай енді. Сол жолы да, кейін де әзірлеген сұрақтарды қағазға түсіріп апарып жүрдім. Алайда, әнгімелесу барысында олар жайына қалып, еркін сөйлесетінбіз. Көптеген түйткіл өз-өзінен туындап, өз-өзінен шешімін тауып жататын.

**Сұрақ:** – Кейін жазған кезде қиғаштық болмайтын ба еді?

**Жауап:** – Ешқандай! Оған Ерекең көне ме? Қалай айтты, солай жазылды. Кезекті тарау жазылып, компьютерде терілген соң, үйіне апарып тастап кететінмін де, екі-үш күннен кейін қол қойдырып алып келетінмін. Олар менде әлі сақтаулы.

**Сұрақ:** – Ерекеңнің сөздерін қолмен жаздыңыз ба, әлде, диктофон пайдаландыңыз ба?

**Жауап:** – Екеуі де. Бірақ, көбіне қолмен жазатынмын. Жылдамдық стенографистен кем болмаған соң, диктофонға зауық соға бермейтін. Бәрібір, өзі оқып, тексереді. Және қалай?!

**Сұрақ:** – Ескерту айтып, жаратпаған кездері болды ма?

**Жауап:** – Болған жоқ.

**Сұрақ:** – Қалай? Шын ба? Шамшыл, кірпияз...

**Жауап:** – Жо-жоқ! Ерекең ешқандай шамшыл да, кірпияз да емес. Барынша кішіпейіл, зипа, нағыз зиялы.

**Сұрақ:** – Демек жан дүниесіне терең бойлап, жаулап алған екенсіз де.

**Жауап:** – Олай демеймін. Тіл табысып деуге болар.

**Сұрақ:** – Шығарманың диттегені не еді? Мақсатыңызға жеттім деп ойлайсыз ба?

**Жауап:** – Өзімше жеттім деуге болады. Бірақ, көп қазына ішінде кетті. Қайтыс болғанда «Е.Қ.» газетінде солай деп жаздым да. Ерекеңнің кітапта айтқандары мұхиттың бір тамшысындай. Айттым ғой ешкім ертерек қолға алмапты деп. Оған маэстроның өзі де ырық бермеген сияқты. Кесірлік емес, қарапайымдықтан. Шамадан тыс әсершілдіктің кейде кері жағы да болады. Сырттай менмендеу көрінетіні алдамшы құбылыс. Өз бағасын өзі білу басқа гәп. Ерекең жақсы мағынадағы өр тұлға еді. Пах!..



**Сұрақ:** – Кейіпкеріңіздің бет-бейне, қадыр-қасиет, жан-дүниесін жоғары дәрежеде ашып көрсете алдыңыз ба? Егер «иә» болса, «маэстро» сіздіңше қандай адам?

**Жауап:** – Кім-кімді де жоғары дәрежеде ашып көрсету оңай емес. Ал, қандай адам дегеніңе келсек, Ермек Серкебаев, орыстар айтатындай, нағыз үлкен әріппен жазылатын Адам. Немесе ұлы Горькийдің қиялындағыдай кристалдай таза, алып Адам. Аңыз Адам!

**Сұрақ:** – Аңыз адам болса, сол аттас журнал Ерекеңе тұтас нөмір арнаған шығар?

**Жауап:** – Оны білмедім. Өздерінен сұра.

**Сұрақ:** – Ермектің отбасы – әйелдері, балалары, тіпті, өзі де орысша. Шеттерінен орыстілді болса да, маэстроның қазақы болмысы көзге ұрып тұр, яғни, өзі де, жақындары да таза қазақ сияқты. Осының құпиясы неде екен?

**Жауап:** – Түк құпиясы жоқ. Әкесі Бекмұхамбет ұлы ақын Мағжан Жұмабаевпен бірге өсіп, бірге оқыған ұстаз. Пединститутта дәріс берген. Шешесі – Бибігүл Төлегенованың анасы сияқты – жан-тәні қазақ татар қызы. Ал, Ерекең текті тұлға. Бұларға кітапта толық жауап бар. Бәлкім, қайта бір қарап шығарсың.

**Сұрақ:** – Сіз Ермек Серкебаев қазақты әлемге танытты депсіз. Оған қандай дәлеліңіз бар? Шетелдерде берілетін бір-екі концерттен қазақты әлемге таныта қою қиын шығар?

**Жауап:** – Дұрыс айтасың. Қазақты бір-екі концертпен ешкім әлемге таныта алмайды. Бірақ, кейде бір ән, бір ариямен де танылуға болады. Ермек үкіметтік деңгейдегі концерттерге шықты демесе, әлемге концерт арқылы танылған жоқ. Ол опера әншісі. Мефистофель, Ер-Тарғын, Фигароның арияларын дәл ондай орындаған әнші бұрынғы постсоветтік республикаларды былай қойғанда, орыс, француз, испан, италияндарда да сирек.

**Сұрақ:** – Солай ма? Асыра бағалап жіберген жоқсыз ба?

**Жауап:** – Ермекті асыра бағалауға шама керек. Керісінше, кем түсіп отырған жоқсыз ба дегін.

**Сұрақ:** – Маэстроның бойына дарыған жойқын әншілік өнердің бастау көзі, түбірі неде? Қалай дегенмен, ата-анасы белгілі өнер адамдары емес қой?

**Жауап:** – Олай болу шарт емес. Хас талантты табиғат жаратады. Кезінде бүкіл әлемді аузына қаратқан орыстың ұлы әншісі Федор Шаляпиннің ата-анасы алыс түкпірдегі самогон сасыған деревняда ғұмыр кешкен шаруалар болған. Бұл жөнінде Ерекең айтқан, өзім де білемін. Бірақ, тек дейтін бар, оны жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, Әлібек Дінішевтің анасы Кәмила Абдуллина әйгілі әнші болған, егіз інілері Ришат пен Мүсілім Абдуллиндер де атақты әншілер. Әлібек соларға жиен. Әкесі Мұса Дінішев өмірбақи мәдениет саласында жұмыстанған. Қарақыпшақ Қобландының ұрпақтарынан бірнеше буыннан соң Қажымұқан туған. Балуан Шолақтың төртінші не бесінші атасы жойқын күш иесі болыпты. Бәлкім, Ермектің де арғы тегінде ғаламат өнерпаздар болған шығар. Бірақ, Ермектің аты–Ермек. Қазақтың маңдайына біткен сирек дарын, ғажап жаратылыс.

**Сұрақ:** – Қалай ойлайсыз, радиода диктор боп істегені Ермектің әншілік тағдырына оң ықпал етті ме екен?

**Жауап:** – Кітапта айтылатындай, Ермек радиоға тұрмыс қиындығынан барған. Әрі оқып, әрі жұмыстанған. Сонда істеп жүргенде таланты танылып, радиода ән, ариялар шырқаған, тіпті, оларды Мәскеуге барып таспаға жаздырған. Солардың арқасында Мұқан Төлебаевтың назарына түсіп, ол оны опера театрына алып барған. Кейін консерваторияға түсіп, әншіліктен де қол үзбеген. Оқи жүріп, Абай арияларын өз бетінше түгел жаттап алған. Жалпы, радиода істегені Ермекке жақсы болған.

**Сұрақ:** – Маэстроға қойған сұрақтарыңыздан искусстводан хабарыңыз бары, әнге іңкәрлігіңіз байқалады. Шамасы, өнерден өзіңіз де қара жаяу емессіз-ау деймін.

**Жауап:** – Мақтанды демесең, айтайын. 1958 жылы жазда қазақ радиосына Наталья Борисованың пианинода сүйемелдеуімен «Бурылтай», «Айнамақөз», «Гүлдерайым», «Ертіс», Естайдың «Кұсни-Қорлан» әндерін жаздырып, олар көп жылдар бойы эфирден беріліп жүрді. Оның үстіне, жарты ғасырдан астам «Мәдениет және тұрмыс» журналында жұмыс істегенде өнер адамдарымен етене араластық емес пе? Сондықтан, айтқаныңның жаны бар. Өзімді ол тұрғыдан пәлендей жарнамалаған емеспін. Білетіндер біледі, білмейтіндерде жазық жоқ. Қомсынып, қорашынғандар табылды. Әйтсе

де, алғашқы әсерден бе екен, сен айтқандай пікірді қадірменді Асекең, Асанәлі Әшімов те үнемі айтады. Ретті жерде «әндерінді сағындық қой» деп қояды. Атыраудағы Илья Жақанов Алматыда тұрған жылдарда маған музыкалық хабарға тапсырыс беріп, толып жатқан радиоочерк жаздырған-ды. Оның өзі жайлы да жаздым. Біразы алтын қордағы қамқор жандар құзырында болса керек. Анда-санда (әлі де) беріліп тұрады.

**Сұрақ:** – «Біржан-Сара», «Ер-Тарғын» операларының маэстроның бағы ашыла түсуіне қосқан үлес салмағы қандай?

**Жауап:** – Ермек Серкебаев «Біржан-Сара» операсына қатыспаған. «Ер-Тарғын» партиясын Кәукен Кенжетаев, Әнуарбек Үмбетбаев үшеуі қашан жастары жетіп, сахнадан қол үзгенше алма-кезек орындаған. Ермектің көкке самғауына «Ер-Тарғын» партиясының пәлендей ролі болды демегенмен, қазақ операсындағы орны нығая түсуіне ықпал еткені анық. «Ер-Тарғын» –Ермекті сағына еске алатындар мұны біледі.

**Сұрақ:** – Сіз Күләш, Қанабек, Құрманбек, Кәукен, Шабал т.б. өнер тарландарын жетік сезініп-түсінетін сияқтысыз. Соларға жеке-жеке сипаттама берсеңіз қайтеді?

**Жауап:** – Сияқтысыз деген не ол? Сияқтың өзіңе. Ал, мен соншалық жетік болмасам да, сен атаған алыптардың өнеріне бір адамдай қанық екенім рас. Бірақ, жеке-жеке тоқталып жатпаймын. Өйткені, бұл ұзақ әңгіме.»Маэстрода» айтылғандар аз емес. Аз десең, сен атағандай алыптардың әрқайсысы туралы жазылған не өздері жазған кітаптар бар. Соларды оқы: Б. Нұржекеев, С. Ләтиева, Кәукен Кенжетаев өзі және Шабал жайлы жазған.

**Сұрақ:** – Маэстро өз өнерін жоғары бағалайтындығын, өз бағасын білетіндігін, әншілік әлемдегі орнын анық пайымдайтындығын аңғардық. Сіз қалай бағалар едіңіз?

**Жауап:** – Сен кешір. Ерекеңді менің қалай бағалайтынымның ешкімге керегі жоқ. Егер солай деуге болса, қалай бағалайтыным кітапта бар. емес пе? Жеке тұрғыдан, әрине, жоғары бағалаймын. Ондай әнші жүз жылда бір туса, кәнеки?! Кітаптағы сұхбаттарда Ерекең де солай дейді. Өзін «ұлы әншімін» дейді. Рас! Ұлы әнші! Іші күйгендер тұз жаласын! Кітапты оқымағандарға өкпе жоқ!

**Сұрақ:** – Ермек Бекмұхамбетұлы махаббатта салқынқандылық, парасаттылық танытады екен. Тым салмақты. Жеңілтектігі байқалмайды. Осындай сұлу, сымбатты, құдай бәрін бере салған адамның аруларға немқұрайды қарайтыны көңілге кірбің ұялатады. Өзім аса түсінбедім. Сіз ше?

**Жауап:** – Ерекең әнші ғана емес, қоғам қайраткері, театр жанында бастауыш партия ұйымына секретарь, Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитетке мүше, Қазақ ССР Жоғарғы Советіне бірнеше рет депутат болған. Сондықтан ұстамды, парасатты болуы, жеңілтек болмауы заңды. Аруларға салқын қарады дейтін кім? Ешқайда ондай лепес жоқ. Жалпы, ашық-машықтық туралы кітапта жеткілікті баяндалады. Қайта күйсейтін дәнеңе жоқ. Халас! Бітті!

**Сұрақ:** – Ермек ағамыз өнердегі әріптестері Күләш, Роза Бағланова, Роза Жаманова, Бибігүл Төлегенованың орындаушылық қабілеттеріне жоғары баға береді. Сізге осылдардың қайсысының өнері жақынырақ, несімен жақын, салыстырып айтасыз ба?

**Жауап:** – Әңгіме Ермек жөнінде. Оқырман соның айтқандарына құмбыл. Маған қайсысы жақынырақ, несімен жақын екенінің қажеті шамалы. Салыстырып та керегі жоқ. Мен үшін Күләш, Бибігүл, қос Роза... бәрі қымбат, біртуар әнші. Күләш аспандағы аймен тең. Әнін естігенде көзге жас үйіріледі. Бибігүл жасай берсін!..

**Сұрақ:** – Ермек әнші сіздің Күләш Байсейітоваға қатысты сұрақтарыңызға қатқылдау жауап беріпті. Ашыла қоймауының себебі не деп ойлайсыз? Күләштің өзі, отбасы туралы басқалардан естіп-білгендеріңіз жайында айтып бере аласыз ба?

**Жауап:** – Ерекең жалғыз Күләш емес, кім жөнінде болса да алыпқашты әңгіме айтуды жаратпайтын. Өсек-өтірік, жала, ғайбатқа мүлде жоқтығы тайға таңба басқандай байқалатын. Бірақ, сырттан бүксітпей, көзге айтатыны бар екен. Менің Күләш жөнінде ішімдікке бой алдырғаны рас па, күйеуі Қанабекпен қатынастары жақсы болмапты ғой дегенім оған мүлде ұнаған жоқ. Мен арқылы өсек отын қоздатқың келе ме, сен қандайсың өзі, олар жөнінде білгің келсе, Қанекеңнің кітабын оқы деп бұлқан-талқан болған соң, үндемей құтылғанмын.

Алайда, Күләшті жоғары бағалап, пір тұтатыны анық-тын. Құрманбек, Қанабек, Фарифолла Құрманғалиевты да сыйлап, қалай әспеттейтіні туралы кітапта көп-көп дерек-мәлімет бар. Жалпы, ол өзінен кейін шыққан жас әншілерді кемсітпей, сынап-мінемей, әрқайсысының тиесілі орны барын сыпайылап айтумен шектеледі. Ділі таза, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықпайды. Мәрт, сөзге ермейтін, өсек-аянға сенбейтін туралығы үнемі аңғарылатын. Шалдыр-шалағайларды ұнатпайтын.

**Сұрақ:** – СССР Халық артисі Мүсілім Магомаевқа көзқарасы жөнінде сұраған екенсіз. Жауабына қанағаттанып па едіңіз?

**Жауап:** – Әлбетте. Мұнда да күлбілтелестен, шындықты бүкпесіз жайып салады. Мүсілімнің ұлты шешен екендігінен бастап, еуропаша білім алған бірегей әншілігін мойындайды да, ал өзін (Ерекенді) іштей болса да, ол да (Мүсілім) мойындап, тіпті, өзінен жоғары санағанын дәлелмен айтады. Алматыға келсе маған жолықпай кетпейтін, сахнаға шыққанда сіздерде осындай әнші бар деп менің атымды атап, көкке көтеретін еді, әйелі, ол да әнші, СССР халық артисі Тамара Синявская екеуі үйде талай рет қонақ болған, Мәскеуге барғанда олар да мені тауып алып, арқа-жарқа болатынбыз, футбол ойындарына бірге баратынбыз дейтін. Ерекеннің мұндай жауаптарына қалай қанағаттанбайсың, әрине, қанағаттанатынмын. Бір Магомаев емес, қырғыз Болат Мыңжылқиев, эстон Георг Отс, италиялық Паваротти, Доминго, Карарес секілді тенор әншілер жайындағы пікірлері қандай, шіркін. Ермектің әр сөзінен талантты талант таниды дейтін тәмсілдің лебі жалындап есетін. Өттең, қазақта мендей әнші болмай тұр, болып жатса, бірінші қуанатын өзім болар едім, талантты әншіні қолдан жасай алмайсың, табиғат жаратады дегенді жиі қайталайтын.

**Сұрақ:** – Аяулы Ермек ағамыздың Социалистік Еңбек Ері атағын алғаны төңірегінде қойған сұрақтарыңызға берген жауабын оқып отырғанда ұлы әншіге деген сүйіспеншілік, ризашылық одан сайын бойды баурайды. Осындай дара тұлғаның адамгершілік сипатын айқындай түсіңізші.

**Жауап:** – Кітапта жазылғаннан бөлек айтарым жоқ. Аты-жөні үлкен әріптермен жазуға лайық – Адам–дедік қой. Горькийдің сөздерін келтірдік. Солар жетер.

**Сұрақ:** – Ендеше, Нұрсұлтан Назарбаевты жоғары бағалай отырып, айналасында табанының бүрі жоқ жылпостар көбейіп бара ма деп қорқатынын айтыпты, соған қалай қарайсыз? Шынымен солай деп пе еді?

**Жауап:** – Пәлі! Мен ә дегеннен Ерекең не айтса, тек соны жазып, жанымнан бір ауыз сөз қоспауға бекініп бардым демеп пе едім? Онан соң ол әр тарау жазылып біткен кезде өзі оқып, қол қойып беретін, олар менде әлі күнге сақтаулы дедім. Қосымшалап жіберген жоқсыз ба дегенін артық. «Жалпақшешейің мен емеспін, жоғары атақтың бәрін Нұрекеңсіз де алып қойғанмын» дейтіні де бар еді. Қысқасы, ұлы тұлғаның әр сөзі теберік. Не көп, кітап көп кезеңде Серкебаев туралы эссе-диалог кітаптың бұйырса төртінші рет басылу қарсаңында екені тіпті де тегін болмаса керек. Осыны түсініп, кеңпейілділік танытушы ағайындарға менде де алғыстан басқа не болсын. Ешкімге қол жайып, өтініш жасамағаным бір Аллаға аян. Бәрі Ерекеңнің шарапаты.

**Сұрақ:** – Ермек ағамыздың Сталин мен Гитлердің арасындағы текетірес, қанды қырғынға қатысты анам айтты дейтін «Кім тышты, ғарып тышты, қара жерді жарып тышты» дейтін сөзінің мағынасы қалай?

**Жауап:** – Соғысқа байланысты туындаған қиындықтардан запы болғанда салыстырмалы түрде айтқаны шығар. Тек мұндағы Ғарип дегенді сен ғарып дейсің. Олай емес. Ғарип – адамның аты. Яғни, Ерекеңнің анасы Зылиқаның інісі. Есімі – Ғарип. Соны айтып отыр. Ерекеңнің туған нағашысы.

**Сұрақ:** – Зылиқа демекші, Мағжан Жұмабаевтың бергінде жасы жүзге таяп қайтыс болған әйелінің есімі де Зылиқа емес пе еді?

**Жауап:** – Солай. Екеуінің де аты Зылиқа. Және екеуі де аты татар болғанмен, заты қазақ хас арулар болған. Ермектің әкесі Бекмұхамбет пен Мағжан қалай тату дос болса, олар да солай тату болған. Өле-өлгенше жұп жазбаған. Ермек Мағжанның әйелі Зылиқаны мейлінше құрметтеп, оған өмірден озғанша қолдау-көмек жасап тұрған.

**Сұрақ:** – Ермек ағамыз төрт әйел алғаны, олардан туған бала-шаға, немере, үрім-бұтақтары туралы ештеңе жасырмапты. Солардан қандай ой түйдіңіз?!

**Жауап:** – Дәл осылар мен үшін пәлендей маңызды емес-тін. Ұлы болсын, болмасын, кез-келген басы жұмыр пендеге ортақ ахуал ғой. Бірақ, Ерекең бірінші әйелін тастап кетуге себеп болған екінші әйелінен не үшін ажырасқанын қанша сұрасам да айтпай қойып еді. Ақыры, кітап шығайын деп жатқанда редакцияға өзі келіп, барлығын баяндап берді. Онысына бәрекелді деп, кітаптың ең соңына бір тарау етіп қостық. Себебін түсінбедім.

**Сұрақ:** – Соңғы сұрақ. Осы шығарма арқылы аса құнды дүние тудырғаныңызды сезінесіз бе?

**Жауап:** – Бұрын болмаса да, соңғы жылдарда сезінетін сияқтымын. Бірақ, кеуде көтеруден аулақпын. Бірінші жолы шыққан кітаптың екі жүздей данасын оқушыларға Ерекең өзі таратты. Мен біреу де таратқан жоқпын. Он шақты данасын алдым да қойдым. Тұңғыш сүйінші сұрап, пікір білдірген (оған да Ерекең берген) – белгілі сыншы, марқұм Әшірбек Сығаев болды. Онан ұзамай «Қ.Ә» газетіне көлемді мақала жазған – әнші Нұрғали Нүсіпжанов (оның жазу қабілеті мықты екенін біреу біліп, біреу білмейді). Бірқатар әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлері мен қалың оқырман жылы пікірлерін ұдайы айтып келеді. Үн-түнсіз жүргендер де жетеді. Бәріне салауат.

**Сұрақ:** – Жақсы ма, жаман ба, әр қаламгердің өзіне жараса оқырманы болады. Сіздің жазғандарыңызды жинақтап, сақтап жүремің дейтіндерді білемін. Біреуі – өзім. Бұған қосарыңыз бар ма?

**Жауап:** – Әр қаламгердің азды-көпті оқырманы болады дегенге қосыламын. Жазғандарыңызды жинап жүремің дейтіндер көп болмаса да, аз да емес. Сондай-ақ, архитектор Әбдісағит Тәтіғұлов, ақын Жүмекен Нәжімеденовтің әйелі Нәсіп, жазушы Жақау Дәуренбеков, энергетик Ахмет Бисенов, полковник Т.Мұсатаев, марқұм Әбдеш Қалмырзаевтың зайыбы Үрзада, марқұмдар Пернебек Бейсенов, Құрманбек Әбдідаевтың үйлеріндегі Күлән, Гүлзада жеңгелер, марқұм профессор Әлдеш Жүнісбековтің зайыбы Пернекүл, тілші Асылы Осман, Сапабек Әсіпов, Сейфолла Оспанов, Тұрысбек Сәукетаев, Бейбіт Қойшыбаев, Қасымхан Бегманов, Әнуар Тарақов, Кәкен Қамзин, Мамадияр Жақыпов, Жанат Елшібеков, Қорғанбек Аманжолов, Нәзікен Алпамысқызы, Самат Ыбы-

райымов, Нұрғали Оразов, Жанар, Қорлан Хасеновалар, Сәбит Дүйсенбиев, Абатбай Кірқабақовтай азаматтар үнемі жылы пікірлерін білдіреді. Осындайды қаламаушы едім. Сен сұраған соң, «мақтанып» отырмын. Сүйенерім, әйтеуір, шын ғой. Таяуда бір кезде «Парасат» журналында бірге жұмыстанған екі белгілі азамат та сені оқып жүреміз деп ағынан жарылды. Оларға да рахмет, әрине. Ә, айтпақшы, бір тұрақты оқырманым өзін екенсің ғой. Жарайды, онда гәп тәмам. Қатыржан, құрсаң болайық. Аллаһу әкбар!

### «КӨП ҚАЗЫНА ІШІНДЕ КЕТТІ»

#### *Ермек Серкебаевтың туғанына 90 жыл толуына орай*

Қазақ халқын бүкіл әлемге танытқан, халық әндері мен халық композиторларының мәңгі жасайтын інжу-маржан шығармаларына табынып, құлшына шырқаудан танбаған, сондай-ақ, орыс және батыс классикалық туындыларын келіміне келтіріп, кемел орындаумен ерте танылған Ермек Серкебаев сексеннің жуан ортасынан асып, тоқсанға таяп бақиға озса да, көп қыр-сыры жеріне жете ашылмай, көзі тірісінде көрген-білген, сезініп-түйсінген қыруар жәй-түйлер арғы дүниеге бірге кетпеді ме екен деген өкінішті ой-нала жиі мазалайтын. Жасы сексенге жақындағанда тағдыр нәсібімен жақындасып-табысып, бір жылдан астам уақыт әңгімелесіп-сырласып, бірге тумасак та, туғаннан артық болған шақтар қимастықпен (үнемі) еске түседі. Сол кездесулер нәтижесінде жазылған эссе-диалог кітап алғаш (5 мың) жарық көрген бойда бірден тарап, одан кейін екі рет қайта басылды. Таяуда жазушы Мұхтар Құл-Мұхаммед алда тағы да шығарған артық болмас еді дегендей етті. Ал...

Аталмыш эссе-диалог кітаптың жазылып, тұңғыш рет жариялануына себепкер марқұм жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» журналының бас редакторы Баққожа Мұқаев болатын. Оны да айта кетейік, алғашқы мақсат журнал үшін етек-басы жинақы, кең-мол бір әңгіме-сұхбат жазу еді. Бірақ, соңынан өз-өзінен жалғас тапқан жазбалар нөмір сайын жариялана келе кітапқа айналып, Баққожа бастырып шығарды



да, Ерекен, Ермек Серкебаевтың дәл 80 жылдық мерейтойы күні тарту етілді. Одан кейін екі жыл өтер-өтпесте Баққожаның курстас досы, «Ана тілі» баспасының директоры, жазушы Жақау Дәуренбеков өз қаржысына 2 мың дана етіп (авторға 150 мың қаламақы беріп) екінші рет шығарды.

Сол шақтарда қазақтілді басылымдардың біразы кітаптан үзінділер жариялап, алыс-жақындағы оқырмандар құлақтанып жатты. «Егемен Қазақстанда» тұтас бір бетте жарияланған үзіндіні оқыған бойда (телефонда) пікір айтқан тілектес азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед әңгімеміз бітер-бітпесте: «Қазір кітап шығарудың ахуалын білесіз, тираж аз, оқырманға жете бермейді, сондықтан, менің сауғам болсын, мемлекеттік тапсырыспен үшінші рет шығарайық», – деп, ол жолы да «Ана тілі» баспасынан «Жылдар сыры» деген атпен жарық көрді. Міне, сол Мұханның тағы да шықса, көптік етпес еді дегенін жоғарыда айттық (өзге де ұсыныс айтушылар жоқ емес).

Бұларды ауызға алу себебіміз, кітаптың бірнеше қайтара басылғанын жарнамалау емес, әңгіме Ермек Серкебаев, көзі тірісінде (кітапта айтылған, айтылуы қажет) көптеген жағдаяттың одан кейін де жабық жатқанына өкініш, кейбірі аз да болса хатқа түскеніне қанағат жайында болып тұр. Сол кездерде де, бүгін де көзіқарақты оқырмандар маған Ерекеннің өмірінен біраз нәрсе алып қалғаныңыз жақсы болған екен деседі. «Мұнда баяндалғандар дап-дайын сценарий екен, телесериалға сұранып тұр» деп те жазылды газеттерде. Сондай-ақ, Ермек Серкебаевтың өмірінен кітап арқылы дерек-мәлімет білгендер «ах, шіркін, көп қазына ішінде кеткен екен-ау, неге ертерек қимылдамадың» дейтіндер де баршылық. Бірі – бүгінгі әйгілі мәдениет патриархы, опера театрында директор, ширек ғасыр Мәдениет министрлігінде басқарма бастығы, Министрдің орынбасары, министрлік лауазымдар атқарған қадірменді Жекен, Жексембек Еркінбеков, ол да сонда министрдің орынбасары болған Ғайнікен Бибатырова, бірқатар өнер оқу орындары мен ордаларын басқарған: Күләш Байсейітова атындағы музыка мектебі, Чайковский атындағы музыкалық училищеде директор, ән-би ансамблінде бас дирижер, «Қазақконцертте» директор, Музыка қайраткерлері одағында ұзақ жыл председател лауазымын атқарған Ермек Серкебаевқа орынбасар болған Ізба-

сар Өтешев, Жамбыл атындағы филармония, «Қазақконцертте» директор болған Әбдімәулен Дәуітбаев, байырғы мәдениет қайраткері Орынбасар Исақов тағы басқалар. Бірінші кітап жарыққа шыққан бойда Ерекеңнің өз қолынан алып, баспасөз беттерінде пікір білдірген театр сыншысы, ғұлама-ғалым, марқұм Әшірбек Сығаев, «Қ.Ә.» газетінде көлемді мақала жазған халық артисі, белгілі әнші Нұрғали Нүсіпжанов та Ермек Серкебаевтың білгені көл-көсір болғанын жария еткен-ді. Сондықтан да...

Ермек Серкебаев өмірден озғанда «Егемен Қазақстанда» жарияланған бірер ауыз шағын аза пікірдің тақырыбын мен де «Көп қазына ішінде кетті» деп қойған едім. Осы мақала тақырыбын да солай атап отырмыз. Енді осы орайда аз-кем пікір өрбітіп көрейік.

Айттық қой, Жексембек Еркімбеков ағамыздың сөзімен айтқанда, жүз жылда бір туылуы мүмкін ерен өнерпаз Ермек Серкебаев жастай танылып, жасы ұлғайып, консерваторияда дәріс оқитын қарт ұстаз дәрежесіне жеткен кезге дейін қазақ қана емес, бүкіл жер жүзі мемлекеттерінің театрларында жарқырай көрініп, туған халқының даңқын асырды, өзін де танытты деп. Өз басым Ерекеңнің аты-жөнін сонау (өткен ғасырдың) 50-жылдардың орта шенінде Ташкентте оқыған студенттік жылдарда естіп, Алматыға қызметке келген соң сахнадан жиі көріп жүретін болдық. 1958 жылы Қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеуде өткен екінші онкүндігінен 34 жасында СССР халық артисі боп оралған соң, Алматыдағы мерекелік (қорытынды) концертіне қатысу бақытына ие болдық. О, Мәскеу, Алматыда өтетін партиялық съезд, форум, жиындарда Туликовтың «Родина» атты әнін бірінші боп шырқайтын Ермек Бекмұхамбетұлы қазақ операларында да басты партиялар орындап, концерттерде топ бастап, сахнаның сәні, көркі болмады ма? Әне, жылдар өткенде сөйлесіп, сырласып, мұңдасу өзінше де, оған дейінгі уақыттарда қаймана көптің бірі ретінде сырттай біліп жүретін кездердегі ол туралы ой-пікір, сезім-түйсіктер өзінше екенін бүгінде айтты не, айтпады не? Жалғыз Ермек емес, опера, драма, кино саласындағы дара тұлғалардың барлығы өздерінше бір-бір әлем, сырлы арал іспетті емес пе еді?

Ендеше, солардың арттарында театр, экранда сомдаған рөлдерден бөлек не қалды, не бар, не жоқ, о жер, бұ жерде айтылатын (олар да сиреді қазір) ауызекі дақпырт сөздерден бөлек іліп аларың қайсы? Сонау орыстың ұлы әншілері Шалыпин, Вертинский, Утесов, балет бишісі Павлова, Уланова, сахна мен экран жұлдыздары Черкасов, Орлова, Ладынина Лавров, Ульянов, Тихонов, Мордюкова, Гурченко сынды екі күннің бірінде эфир арқылы бір не екі сағат насихаттау, арғы-бергі өмір соқпақтарын жұрт назарына ұсыну, зерттеу еңбектер, кітаптар бар ма? Бұл тұрғыдан өкініш көп. Бұрын да, қазір де. Еске алу, санада сақтау, насихаттау арқасында әлгі аталған орыстың ұлы тұлғалары (қазір де) қатарда жүргендей көрінсе, бізде алдақашан бақиға озған Қуанышбаев, Жандарбеков, Байсейітов, Байсейітова, Өмірзақов, Сәлменов, Қожамқұлов сынды (толып жатқан) ерекше дарын иелері мүлде ұмытылды демесек те, соның ар жақ, бер жағы екеніне кім таласады? Телевидениеден андасанда берілетін жадағайлау хабар-ошар, басылымдарда (сирек) жарияланатын бірлі-жарым мақалалар олқылықтар орнын толтыра ала ма? Өмірден өткен өнер жұлдыздарын есте қалардай етіп халыққа тұрақты насихаттап отыру қиын ба соншалық? Орыстың ұлы тұлғаларын тынбай насихаттайтын Ресейлік қос бірдей арнадан (бірі – «Культура») алар үлгі-өнеге аз ба? Еліктеуге шеберлер соларға еліктесе қайтеді деп те назаланасың кейде. Марқұм Герольд Бельгер осылар хақында үнемі армандап өтті. Көрген-білгендер, ой-толғамдарын күнделіктеріне түсіретін, өзара әңгімеде де айтатын. «Кеше Пахмутова туралы хабар көрдім, Хворостовскийдің концертін тындадым, бізде неге осылай етпейді» деп ренжитін. Әшірбек Сығаев та: «Тихонов қайтыс болды, Лавров өтті, енді, міне, араға көп салмай Ульянов та кетті сондарынан. Әлгі «Көктемнің он жеті сәтіндегі» Штирлиц ресторанда отырғанда мас күйде қасына кеп мойнына асылатын жеңілтек әйелдің эпизодтық рөлін керемет орындайтын Лидия Маркова дейтін тамаша актриса есіңізде ме, сол да қайтыс бопты», – деп мұңаятын. – Орыс телевидение арналары солар туралы тәулік бойы аза хабар көрсетеді. Ғажап! Керемет! Бізде қайда ондай!? Шолтаң етумен тынады. Қайтып бұрылмайды. Бұрылса да жарытпайды. Тәжірибелі мамандар жоқ. Жанашырлар жалтақ. Мәселе сонда.

Мұның бәрі тегін емес. Сағыныш. Өнерді сағыну. Ардақтау. Арман. Алыптарды ардақтау. Ұмытылмаса деген арман. Ермек Серкебаев жөнінде құрсаған қалың ой осылай иектеп, осылай толғантып отырса, амал нешік?! Апырай, күні кеше бақиға озған ол да топырағы кеппей жатып ұмытылмаса игі еді деген қауіп жоқ емес. Әйтпесе, ресейлік «Культура» арнасындағыдай кең пішіліп, мол қамтитын салдарлы хабар, басылымдарда ойлы-күйлі, айшықты, салиқалы мақала, естеліктер, арнайы кеш, өзге де шаралар неге (жоқ деуге ауыз бармай отыр) кемшін? Әлде, таяуда бірді-екі өнер қайраткері, әйелі қатысқан жарнама пошымдас телекөрсетілімге бас шұлғумен шектеле салу керек пе? Тым болмаса, ұлы әншінің биыл 90-ға толатыны неліктен алдын-ала хабарланып, қам жасалмады? Тіпті, менің өзім осы жазбаға кірісер алдында білгенімді жасырмаймын.

Ермек Серкебаев алып тұлға. Әзірге тым құрыса, Ерекең жөнінде су алдыра бермей тұра тұрайық. Бәрі алда (деп қарайық). Өзіміз білетіндерге ойыссақ, ол жөнінде шыққан эссе-диалог кітаптағы бөлімдер әнші қалай айтты, солай жазылып, бір сөзі өзгертілмей, қаз-қалпында шыққан-ды. Өйткені, о бастағы принцип солай-тын. Кезекті бөлім жазылардан алдын сөйлесіп, қағазға басылған соң апарып беретінмін де, оқып шығып, қол қойдым деп телефон соққан соң алып кететінмін. Онан сон журналда басылатын («Парасат»). Мінезі дейсіз бе?

Бұл өзінше гәп. Жасы сексенге таянғанша – әнші жайлы – қазақша бір кітап жазылмауына сол мінез құрғыр да көлденең қырсықтың бірі болса керек. Тіпті, сіз жөнінде қазақ қаламгерлері жазған жөндем дүние бар ма дегенімде басын шайқағаны есте. Осының өзі-ақ оған екінің бірі жазуға батылы барып, ыңғай білдіре алмағанының көрінісі секілді еді. Тіпті, бас газеттен үзінді оқыған Мұхтар Құл-Мұхаммедтің: «Мен Ерекеңмен талай сапарда бірге болып, бірге жүргенде әңгімелесу оңай емес-ті. Сіз қалайша тіл тауып сөйлестіңіз?» дегені де біраз жайды аңғартқандай болған-ды. Әуелгіде «Я его укротил», – дедім эзілдеп. Мұхтарды түсінуге болатын еді, әрине. Жоғары лауазымды тұлға. Іссапарлар кезінде әдеп (субординация) сақтаған да болуы керек. Бірақ, солайын солай дегенмен, Ерекеңнің шын мәнінде кім екенін, мінезге бай екенін

ол білмей кім біледі деп ойлағаным да рас-тын. Оған басты айғақ...

Мен білген Ермек ерекше эмоция адамы болғанмен, шын мәнінде қай-қай жақтан да сыпайы, ұстамды, байыпты, ішкі де, сыртқы да мәдениеті жоғары, қайырымды, қарапайым, кішіпейіл, сырттай сұсты көрініп, бір қарағанда, апыл-ғұпылдау сөйлегенмен, мінезі де жайлы, емен-жарқын, ашық әңгімелесуге бейіл, зипа болатын. Оған сан рет көзім жетіп, куә болғаным өзіме аян. Қайта кейде мен оған әлденені тіксіне айтып, шытырлық, «кірпияздық» көрсететін кездер болып жүрді. Ондайда бетіме тандана қарап, қарқ-қарқ күлетін маэстро «әй, сен тентек екенсің» дейтін де қоятын. Жүре келе мұның соңы кәдімгідей бауыр басқан туыстық сезім, қимастыққа ұласқанын да байқап жүрдім. Төрт-бес сағаттық әңгімеден соң бір-екі шыныдан кофе ішіп, кетуге жинала бастағанымда соншалық ыстық ықылас, мұнды көзбен сүзіле қарап, көңіл-күйі құлазып отырып қалатындай көрінетін. «Шау!» – дейтінмін есіктен шығып бара жатып серпілту үшін.

Ұлы тұлғаның мінезі жөнінде текке айтып отырғамыз жоқ. Әлі күнге біреу олай, біреу былай дейтіндер бар. Сол үшін. Сондай-ақ, журналда кезекті сұхбат жарияланған сайын әлдекімдер тарапынан (менің еркімнен тыс) ол пәлен-түген, шырт етпе, шайыр, өзімшіл, менмен дегендей сөздер де айтылмай тұрмайтын. Ондайлардың бас-басына жауап беріп, ақ тер, көк тер болып жатайын ба? Тек біреулерге «Мінез деймісің? Әуелі өзіңе қара. Ереккендей мінезі жайлы адам жоқ» деп төтесінен тоқ еткізуге тура келетін. Бұл пікірдің шындықтан алыс емесін жоғарыда да айттық. Оның үстіне, әсіресе, творчество адамдарының әрбірінің тек өзіне тән айтуы да, қайтуы да тез, бірде көл, бірде шөл бола салғыш ерекшеліктері болатыны әлімсақтан аян екені тағы бар емес пе?

Сөзден сөз туады дегендей, кейде алдын-ала әзірлеп, қағазға жазып апарған сұрақтар былай қалып, әңгімеміз мүлде басқа ауанға ауысып кететінін екеуміз де аңғармай, күтпеген жерден әлдебір қажет жайлардың беті ашылатынын сезбей де қалатынбыз. «Осы сіз «Қорланды» сахнада орындадыңыз ба?» – дедім (дей салдым) бірде. Сол-ақ екен, Ерекең «Қорлан» әні, оның авторы Естай жөнінде шұрайлы әңгіме тиегін ағытып

қоя берсін. «Әрбір әншінің қолайына келетін әндері болады, – деп бастады. – Сен білесің бе, «Қорланның» үш түрі бар екенін. «Қорлан», «Құсни-Қорлан», онан соң ол екеуінен бір мысқал кем емес, аты да «Бір мысқал» үшінші «Қорлан». «Бір мысқал» алғашқы екеуінен асып түспесе, төмендігі жоқ. Оны аға досым Шәкен Аймановпен бірге павлодарлық қарт әнші Байғабыл Жылқыбаевтың орындауында талай тыңдадық. Жарықтық бабымен, мипаздап, беріліп айтатын. Әттен, бүгінде ондай әншілер жоқ. Бар, бірақ, байғабылдардың шаңына ілеспейді. Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Бісміллә Балабеков, Қосымжан Бабақов секілді әншілерді өз әкем де жақсы көретін. Маған бұларды біліп жүр, ән шырқау мәнеріне көңіл аудар, олардың әрқайсысы бір-бір мектеп дейтін де, өзі де домбыраға қосылып, жай дауыспен халық әндерін шырқайтын. Әдетте, мен біреулердің әке-шешен өнер адамдары ма дейтіндеріне «жоқ» деймін де, екеуінің дастархан басында әу дейтіндерін ауызға алмаймын. Шын мәнінде, ата-анам өнер қадірін жақсы білетін, әнге іңкәр жандар еді. Шешем қаны татар болғанмен, жаны қазақ, халық әндерін нақышына келтіріп, тамылжыта орындайтын. Ұзақ жасаған әкем ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» дегеніндей, бақиға аттанарда көзінен мөлт-мөлт жас тамшылап, «Қызыл бидайды» айтып жатып қайтыс болды. Ғажап емес пе? Әкем Мағжан Жұмабаевпен әрі жерлес, әрі Уфада бірге оқыған дос болған. Анамның аты Зылиқа, Мағжанның әйелінің аты да Зылиқа, оның ұлты татар еді. Әке-шешеммен өле-өлгенше сыйласты, араласты. Жә, ол мұңлықтың бізден бөлек сүйенер жанашыры да жоқ есебі еді. Бірді айтып, бірге кетті деме. «Ер Тарғын» деп пе едік? Иә, «Қорланның» бірінші түрі «Ер Тарғын» операсында увертюра ретінде хормен орындалады. Ария түрінде де бар. Ендеше, Ер Тарғын рөлінде «Қорланды» қалай айтпайын, айттым. Бірақ, сахнада жеке салған емеспін. Маған қол емес. «Қорлан» мен «Құсни-Қорлан» Ришаттың бәсіресі. Оларды одан асырып орындайтын әнші болған емес, қазір де жоқ. Әсіресе, Ришат шырқайтын «Құсни-Қорланды» рахаттана тыңдаудан жалықпаймын. Ал, енді «Қорланды» шығарған Естай 1943 жылы Алматыда өткен акындар слетіне қатысқан деп естимін. Соның өз орындауында «Қорлан» неге

жоқ. Тым болмаса, сол жолы неге жазып алмады екен? Қарашы, Әміренің аты бар, таспада сүйсініп тыңдайтын әні жоқ есебі. Иса Байзақов біздің үйге жиі келетін, керемет әнші еді, оның да даусы сақталмаған. «Қорланның» авторы Естай әнші де солай (дедім). Неге? Түсінсем бұйырмасын. Біздің қазақтың артын ойламайтын аңғалдығы басым ғой. Жайбарақаттық, парықсыздық па, білмеймін. Бәлкім, күндердің күнінде мына менің орындауымдағы ән, ария, романстарды таба алмайтын халге де жетеміз бе, кім білсін? Сондықтан, Мәскеудегі өз ұлым Байғали жетекшілік ететін А,студиоға барып, аса қажет біраз әндер мен арияларды жаздырып, үйде сақтап отырмын. Қазір тыңдайсың (Ерекең аппаратты қосып, әлгі шығармалардың барлығын тыңдадық. Даусы кою, анық, ашық, тартымды).

Әдетте, өнер адамдары берілген сұрақтардан автоматты түрде ауытқып, өзге арнаға түсіп кететін сәттерде айтылатын әңгімелердің көбі таспаға жазылып не қағазға түссе де, кітапқа енбейді. Бірақ, жоғарыда айтылғандардың көбі кітапта бар. Олар Ермектің қазақ өнері, ән қазынасынан хабары молдығын айғақтайтын жәдігер ретінде қосылды. Оған өзі де риза боп, «мына жоспарда жоқ, лағып айта салған сөздердің кітаптан орын алғаны дұрыс болған екен, саған рахмет» деген-ді.

Сондай-ақ, ағайынды Ришат және Мүсілім Абдуллиндер, Әнуарбек Үмбетбаев, Құрманбек Жандарбеков туралы «қосақ арасында» айтқан сөздерінің де біразы кітапқа енді. Мәселен, үнемі ағалық ақылын айтып, қазақтың ескі сөздерінің мағынасын түсіндіріп, қамқорлық жасап жүретін Құрманбек Жандарбеков ашуы келген тұстарда Ермекке үнемі «мойныңды жұлып аламын» дейді екен. Бұл сөз бүкіл коллективке тарапты. Бір жолы аэропортта билет тіркетіп жатқанда қол жүгінін салмағы артық болған Әнуарбек Үмбетбаев бір сом төлеу керек боп, төлемеймін деп қиғылық сапты. Сонда «бір сом деген не, төлей салмайсың ба?» деген Ермекке жыны қозған батыр тұлғалы Әнуарбек тап беріпті. Ермек қаша жөнеліпті. Соңынан қуып жеткен Әнуарбек алқымынан ала тұрып: «Мойныңды жұлып алайын ба?» дегенде, Ермек асып-саспастан: «Жұла алмайсың, бұл Құрекеннің мойны», – депті. Сөз төркінін ұға қойған Әнуарбек күліп жіберіп, «әй, қу-әй, тауып кеттің, жарайды, күнәнді кештім» деп жөніне жүре беріпті.

Алғашқы келісім бойынша, қанша дегенмен орысша оқыған Ерекеңе тезірек жетіп, тезірек қабылдау үшін сұрақтарды орысша қоятынмын. Анық есту үшін (оны да алдын-ала келісіммен) даусымды көтеріңкіреп сөйлейтінмін. Ал, қазақшаны жүз процент білетін Ерекең мүдірмей жауап қайыратын. Және сөздерінің арасына әрқилы мақал-мәтел, туа бітті қылжақпаспын деп алып, әлдебір дүрегей әзіл-қалжыңдарды да қосып жіберіп отыратын. Олары орынды, қызықты болғандықтан, мақалаға қосылатын. Солардың бірі...

Қызметі үлкен, қалтасы қалың бір мықты мені қайта-қайта достарымен бас қосатын жиынға шақырып жүрді. Уақыт болмай, әрі құлқым соқпай, үнемі сылтау айтып, бас тартатынмын. Дегенмен, бір жолы бардым. Таудағы дачасына кіл лауазымы жоғарыларды шақырған екен, мені де жік-жапар боп қарсы алды. Дастархан қайысып тұр, құс сүтінен басқаның бәрі бар. Танауларын көтерген өңшең сырбаз, маңғаз еркектер, үлде мен бүлдеге бөленген сылқым әйелдер. Анау-мынауды кісі демейтін кердеңбайлар. Мені де танымағансып, көзге ілмегенсиді. Үй иесі ғана асты-үстіме түсіп, елпілдеп-желпілдеулі. «Қалай, ұнай ма?» – дегендей бетіме мәлие қарайды. «Ой, бәрі тамаша. Тек мұнда Николай Васильевич Гогольдің жоқтығы болмаса!», – дедім. Не ұғып, не қойғанын өзі білген үй иесі ыржақ-ыржақ күле берді. Мұндай жерде сөз жараса ма? Бір-екі ән айтып ем, оларды да ешкім тыңдап жарытпады. Ұзамай тайып тұрдым...

Шыны керек, кітапта Ерекеннің осы тақылеттес әзіл-қалжыңдары түгел қамтылды. Өйткені, олар қариялық жасқа жеткен, көрген-түйгені мол, пайымы парықты, бітімі қалыпты, талғамы дара, ойы сара, сарабдал сана, дарабоз өнер иесінің көкірекке тоқыған толғамдары еді. Біз бір-екеуін келтірдік. Толық нұсқа кітапта, әлбетте.

Базбір ой-толғамдарды оқырмандар білу үшін ауызға алдық. Ерекең әр тарауды мұқият қарап, үш-төрт күн асықпай оқып, қол қойып берген соң ғана өндіріске жіберілуші еді (дедік қой). Жазатайым жаңылмау, мүлт кетпеу үшін деп те.

Ендеше, көргені көп, тоқығаны мол, дүниенің төрт бұрышын аралаған дара дарынның творчестволық асулары, жеткен биіктері, балалық кез, шәкірттік шақ, тәлімгер-ұстаздары, пір тұтқан адамдары, қолдаушылары, жеке басқа тән тіршілік-



тұрмысы, қызық-шыжықтар, бала-шаға, махаббат хикаялары, қоғамдық көзқарас, бағам-бағдар, ізбасарлар, қайырымдылық жоралғылар – бұларға тоқталып отырған жоқпыз және бұл жолғы мақсат олар емес, басқа, өзімізше сыр-толғау, ойтолғау. Пешенеге бұйырып, қаламға ілінгендер – кітапта (дедік). Үш рет қайталап басылса да, тиражы он мыңнан аспайтын кітаптың күллі оқырманға жетпейтіні, жетпегені, жетуі мүмкін емесі өкініштің үлкені. Бірақ, ел-жұрт Ермек жайлы білуі лазым. Шама-шарықша.

Саясатқа бармайтын. Алайда, кітаптағы әңгіме барысында қазақтың ұлы перзенті Қонаев туралы жеткілікті айтады. Нұрсұлтан Назарбаев хақында да солай. Аса тағлымды, қызғылықты сыр шертеді. Кітаптың кезекті тарауының бірі «Нұрсұлтанның ел басқаруы ұнайды» деген тақырыппен бірнеше басылымда жарияланды. «Жағымпаз емеспін, жоғары атақтың бәрін Нұрсұлтансыз да алып қойғанмын. Нұрсұлтанның тұсында алғаным – тәуелсіз еліміздің ең жоғарғы наградасы «Отан» ордені. Нұрсұлтан мені ұмытпайды, жағдайымды сұрап тұрады. Жақында машинада бара жатқанымда телефон соғып, туған күніммен құттықтады. Одан ешқашан күлше сұраған емеспін, сұрайтын да ниетім жоқ. Тұратыным – үш бөлмелі пәтер, айлық күнкөріс нәпақам 500 доллар» деп те қоятын (кітаптан).

Қазақ ССР және СССР халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР және СССР Жоғарғы Советіне әлденеше рет депутат боп сайланған, Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитет мүшесі болған маэстродан бірде «Әлем артисі» деген атағыңыз бар ма дегенімде, «ол не тағы, сен де қайдағыны шығарады екенсің, ондай атақты қайда береді, кім береді, ондай атақты майлап берсе де алмас едім» деп, ал кеп туласын. Кешірім сұрап, әрен сабаға түсірдім.

Енді Ерекең хақында айтпасқа болмастай тағы да бір-екі жайды айтайық та, сонымен тәмамдайық. Ерекең, сөз жоқ, күллі әлемге кеңінен мәшһүр ұлы әнші. Ал, біз білетін ұлы тұлғалардың көбі өз мамандығынан тыс, ғылым-білім, өнер, әдебиет алыптарымен тығыз қарым-қатынаста болып, бір-бірімен хат алмасып, олар хақындағы білген-түйгендерін қағаз бетіне түсіріп, кітап жазғандары да ұшырасады. Айталық,

Ресейдің алыс түкпіріндегі самогон сасыған деревняда дүниеге келіп, жасы жиырмаға жетпей өз бетінше нота үйренген ұлы әнші Шаляпиннің классикалық операларда басты партиялар орындағаны, өз заманындағы атақты ақын, жазушы, суретші, композиторлардың көбімен жақын жолдас, қимас дос болғаны, замандастарының естеліктері, әншінің өзі туралы жазған өмірбаяндық кітабында да баяндалатыны белгілі. Әсіресе, Горький, Рахманиновпен жазысқан хаттары терең философиялық ой-пікірге толы. Тек солар арқылы да (басқасы да толып жатыр) ғұлама-ғалым деп те қарауға болатындай «кемсауат» Шаляпинге таңданбасқа әдді жоқ. Оны 1920-21 жылдары елден Советтік Ресейдегі мемлекеттік жүйеге наразы болғаны үшін кетті деген бекер, олай емес. Шаляпин сол қиыншылық кездерде батысқа мол табыс үшін өз еркімен кетіп, қайта оралуға мүмкіндік таппай, шет жұртта көз жұмды. Оны Горький екеуінің бір-біріне жазған хаттарынан нақты білуге болады. Кейін сүйегін Ресейге әкеліп қайта жерледі. Жалпы, өнер, әдебиет, мәдениет саласындағы арғы-бергі ұлы тұлғалардың достығы хақында дерек-мағлұмат көп. Өкінішке қарай, Ерекеңде бұл жағы кемшіндеу екен. Ақын-жазушылардан кімдермен етене жақынсыз дегенге Хамит Ерғалиев мен жөнінде «ірілердің ішінде іріктелген» деп айтқан деумен шектелетін де, сол сөзді телевизордан да айтып жүрді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын орысша аудармадан оқып, қазақтың қандай халық екенін сол арқылы білдім дейтін. «Өмірде көрген-білгеніңізді қағазға түсіру ойыңызда болды ма?» дегенге «сөйткенде болар еді, бірақ, құлқым соқпады» деп қысқа қайыратын.

Бұларды еш нәрсеге де бейжай қарамайтын, күнделікті өмір, қоғамдық құбылыстарды ой елегінен өткізіп отыратын ұлы адамға мін ретінде қарап отырған жоқпыз. Оған дәлел-айғақ ретінде төмендегі жай-жапсарды келтірсек те болғандай.

«Қазақтың драма, опера театрының бастауында болған, кәсіби білімі жоқ табиғи талант иелері Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Ғарифолла Құрманғалиев, Манарбек Ержанов, Жамал Омарова, Рәбиға Есімжановадай әншілер, Жиенқұлова, Тапаловадай бишілер мен өзге де дарындар ұмытылып барады. Соларға қазіргі Абай атындағы театр жанындағы аллеяда ескерткіш қойса, керемет

болмас па еді? Жұрт еске алып, тағзым етіп жүрер еді. Бұл еш қиын емес қой. Нұрсұлтанға жолықсам, міндетті түрде айтамын», – дейтін. Онан соң...

«Кеңсайға барып жүресің, өзің де көретін шығарсың, мен де көріп жүремін. Айтшы, сондағы мәйіттерді біреу үй, біреу күмбез салып, тонналаған таспен бастырып тастаған дұрыс па сеніңше? Бұл не? Бұл тыраштық, түкке қажетсіз бәсеке, қазақы мырқымбайлық. Мәскеудегі зираттарды араладым. Бірінде ондай жоқ. Таллинде Георг Отс жерленген зиратта болдым. Онда да солай. Қарапайым тас белгі қойған. Өз ата-анамның қабірін көтергенбіз. Қарапайым. Ешкімнен кем емес. Құранда айтпайтын ба еді, мұсылманның қабіріне көк тас қойса жетеді деп. Кеңсайда басқаша. Көз ұялады» (кітаптан).

Міне, ағайын! Күні кеше ортамызда жүрген ұлы әнші Ермек Серкебаев жайлы әзірше ортаға салсақ деген азын-аулақ сыр-толғау жоралғысы осы. Артық-кемі болса, әншінің рухынан және оқырмандардан кешірім өтінеміз.

Рухы шат болсын!

*Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,*

*Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.*

*Абай.*

*«Е.Қ.» газетінде жарық көрді.*

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ҰНАТҚАН ЕКІ ӘН

Белгілі қоғам қайраткері, қазақ халқының біртуар перзенті, атақты акын, жазушы Сәкен Сейфуллин шығармаларының көркемдігі ерекше кемел дүниелер екені белгілі. Бас-басына тоқталып жатпаймыз. Айтпағымыз – нақақтан атылып кеткеннен соңғы алмағайып кездердің өзінде қалың жұрттың оны мақтаныш санап, шығармашылығы, даңқына қанық болғаны, білгені, табынғаны, күндердің күнінде жауһар туындылары халқына қайтып оралатынына сенгені. Ақталған бойда жарыққа шыққан кітаптарын Сарыағаш ауданының орталығындағы дүкенге (Ташкенттен) барып сатып алғанымыз есте. Онда студентпіз. «Тар жол, тайғақ кешу», «Айша» т.б. Көп ұзамай – ол да айдауда болып оралған – Сәкеннің жерлесі, әдебиетші-ғалым Сейділ Талжановтың «Сейфолланың Сәкені» деген деректі повесі қолға тиді. Одан көп ұзамай Мәскеу қаласынан әдебиеттанушы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «ЖЗЛ» (Жизнь замечательных людей) сериясымен «Сәкен Сейфуллин» атты кітабы шықты. Бұлар руханият жетістігі, табысы, Сәкеннің аруағы асып, ғарышқа самғауының айғағы еді. Қалың қауым Сәкен шығармаларын тұшына, тамсана оқыды. Оқып қана қоймай, олар қаншама диссертация, монографиялық зерттеулерге арқау болғаны өзінше мәртебе-тін.

«Ер Төстігім бір төбе» дегендей, тұтас бір кезеннің шежіресі деуге сыйымды «Тар жол, тайғақ кешудің» орны да, жөні де бөлек еді-ау, шіркін (қазір де солай). Өз басым кітапты сан рет қайталап оқығанда, автордың алғырлығы, тереңдігі, өз басына да киелі өнер қонған хас дарын, нәзік сезімді, сегіз қырлы, бір сырлының өзі екеніне зәредей шәк болмай: «Ой, бәрекелді! Болсаң осындай бол!» – демеске әдді жоқ-тын. Енді соған бір-екі дәйектеме келтірейік.

Ақын Сәкен, жазушы Сәкен, қайраткер Сәкеннің әнін де өзі шығаратын бесаспаптығынан бөлек, қазақ ән-күйлеріне іккәрлік, тіпті, ғашықтық десе де жарасқандай ынта-ықылас, ыстық сезім неткен ғажап еді десеңізші. Ойлы оқырман үшін оның шығармаларындағы әйел кейіпкерлер есімінің дені

Мүслима, Жәмила боп келетіні де ғажап құбылыс болатын. Сондай-ақ...

Ес білгеннен сүйсіне тыңдап, санада сақталған халық әндерінің кейбірі «Тар жол, тайғақ кешуде» ілтипатпен аталады және ән тарихы – шама-шарқынша – талданады, сараланады, кім шығарып, кім орындағаны баяндалады. Әншінің аты-жөнін атап, мерейін көтереді. Бұл сөзімізге ел аралауға шыққанда Қабиба дейтін қыздан «Әупілдек» атты керемет ән тыңдап, әсерленгені, ол жөнінде хатқа түсіргені дәлел дер ек. Оқушының да «Әупілдекті» тыңдау құштарлығы оянады. Біз де сондай күйді бастан кешкенбіз.

Өткен ғасырдағы 60 жылдардың орта шенінде Целиноград (бұрынғы Ақмола) облысының аудандарын аралағанда жергілікті адамдардан Сәкеннің «Әупілдек» әні жөнінде «Қамысы Әупілдектің мүше-мүше, қанбадым осынау көлдің суын іше» дейтін өлең тармақтарына орай «осы жақта Әупілдек деген көл бар ма, қайда болуы мүмкін» деп сұрастыра жүретінбіз. Арқа өңірінде не көп, қайың, карағайлы орман көп, көл көп, бірақ, Әупілдек туралы білетін ешкім болмай, «қайдам, бар болса бар шығар» деуден аспады. Бірақ, олар солай дегенмен, осынау байтақ өлкенің әйтеуір бір жерінде Әупілдек дейтін көл барына не болғанына сенім жоғалған жоқ, әрине. Болған. Ән де болған. Ән тарихын Сәкенге мөлдірете баяндап берген Қабиба есімді әнші қыз да болған. Оған күмән жоқ. Әйтпесе, Сәкен неге жазады? «Па, шіркін! «Әупілдек!» Тағы бір арман...

«Әупілдекті» өзге жұрт біле ме, орындайтын әнші бар ма? Болса, кім? «Әупілдек» ұмытылмауы тиіс қой. Иә, солай. Ұмытылмауы тиіс. Болжам расқа шықты. «Әупілдек» бар екен, ұмытылмапты. Бір жолы радиодан естідік. Сол ма деген күдік желге ұшты. Ән сөзінің бірінші тармағы «Қамысы Әупілдектің мүше-мүше» боп басталып, «Барар ем қалқатайға әлденеше» боп аяқталса, әрине, сол. Сәкен тыңдаған, Сәкен ұнатқан, Сәкен суреттеген «Әупілдек». Орындаушы кім? Ол енді қай-қай әнді де бабымен, мәнерімен, табиғатын сақтап, «шырқатып, шымырлатып, сорғалатып» (И.Крылов) шырқайтын дарабоз әнші, халық артисі Рәбиға Есімжанова! Жылдар өткенде Қазақ радиосы музыкалық редакциясының бас редакторы Илья Жақановтың тапсырмасымен музыкалық очерк жазған әйгілі әнші, атакты әнші, компо-

зитор Қосымжан Бабақовтың немере туысы Рәбиға Есімжанова! Рәбиғамен әңгіме барысында көп жайдың беті ашылып, бірінші күйеуі белгілі өнер жанашыры, қоғам қайраткері Орынбек Беков екені, Сәкенді көргені хақында сыр шертілді. Хабарда олар айтылмайды. Сол хабар радионың алтын қорында. Осы күнде де беріліп тұрады.

Рәбиғамен сөйлескенде Сәкен тамсана суреттейтін «Зұлқия» туралы да сұрап, «оны да орындайсыз ба?» дегеніме «жоқ» деп жауап бергені жадымда. «Зұлқия» күрделі ән, қолайыма келмейді» деген. «Онда ол әнді орындайтын кім бар?» дегеніме де «білмедім» деп сыпайы күлімсіреген-ді.

Бір өкініштісі, өз басым Сәкен соншалық ынтызарлықпен суреттеп, аспандата әспеттеген «Зұлқияны» орындаған әншіні осы күнге шекті естіген де, білген де емеспін. Бірақ, әуенін білемін. Естігенмін, тыңдағанмын. Патефонда. Пластинкадан. Халық артисі, қобызшы Гүлнәфис Баязитованың орындауында. Одан бөлек дерек білмеймін. Әлбетте, «Зұлқия» жоғалған жоқ. Тым болмаса, бір жерде нотасы бары анық. Зерттеуші, іздеушілер талпынса, табары хақ. Тауып кәдеге жаратса, ғибратты іс болмақ. Сәкеннің аруағы риза болары да сөзсіз.

«Әуілдек». «Зұлқия». Сәкен Сейфуллин ұнатқан екі ән. Біз екеу дегенмен, Сәкен ұнатқан әндердің аз емесі айтпаса да түсінікті. «Біздің жақта», «Тау ішінде» секілді өз әндері де олардан асып түспесе, кем емес. Бүгінде «Әуілдекті» де, «Зұлқияны» да біреу-міреу орындау былай тұрсын, естеріне де алмай ма деген күмән-күдік қою. Олар тұрмақ, осы күнде баспасөз беттерінде Сәкеннің «Тау ішінде» әнінің қалай, кімге арнап шығарылғаны жөнінде кереғар пікірлер жиі шаң беретіні өкінішті. Соны нақтылауға шамасы жетпейтіндерге пәлен деу қиынның қиыны. Әркім өз білігін тықпалайтын кеселден арылу одан да қиынға айналған қу тіршілік..

«Әуілдек». «Зұлқия». Сәкенше айтсақ, ән төресі. Екеуі де. «Беу, шіркін, «Әуілдек!» Пай-пай, «Зұлқия-ай!» «Зұлқияны» тыңдаған да, тыңдамаған да арманда!» (Сәкен).

Пах!

## СӘБИТ ОРАЗБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Қасиетті қазақ сахнасының қос абызы, кешегі өткен театр тарландарының көзіндей қос дарабоз – Сәбит Оразбаев пен Асанәлі Әшімов! Бүгінде екеуі де там-тұмдап рөл ойнап, том-томдап кітап жазып, бастан кешкен қилы жағдай, көрген-білгендерін ортаға салып, жастарға ақыл айтып, өнеге көрсетіп, аман-сау ортамызда жүргендеріне мың тәубе!

Кейде жандары ашығаннан әлденеге күйінетін кездері де болмай тұрмайды. Бірі жас әріптестерінің керенаулау, кеудемсоқтау, іздену-талпынуға құлықсыздау, айтқанды жүре тыңдайтынына налыса, бірі базбір әкімқаралардың өнер атты қасиетті ұғымның байыбына бармай, уәдеге жомарт, іске жоқтау екеніне ренжиді. Бұл пікірді таяуда халық артисі Сәбит Оразбаевтан естіген бір жағдаятқа орай келтіріп отырмыз. Сәбеңнің көңілі босқа қабармағанына, іште қатып жатқан дертін қозғайтынына көз жеткендіктен, оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.

Қош! Сәбит Оразбаев не айтты дейсіз бе?

– Өзің айтып жүргендей, елу екі жыл – «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет еткен сен қазақ өнері, оның ішінде театр, сахна саңлақтары жайлы бір кісідей білетін болсаң керек қой, ә! – деп бастады сөзінің бісмілләсін.

Олай болса, өнер жолын Ташкентте бастап, Алматыда жалғастырған Құрманбек Жандарбековты де білесің. Өйткені, сен де Ташкенттен келгенсің, солай ма?

– Солай, Сәбе! – дедім не дегісі келетінін сезе қойып. – Айта беріңіз, құлақ сізде!

Олай дейтінім, Ермек Серкебаев өзі туралы жазылған эссе-диалог кітапта қайран Құрекен, Құрманбек Жандарбековтың жылы сөздері, кәсіби білімі болмаса да, орасан білігінің арқасында опера әншісі – актер ғана емес, бас режиссер, профессор, қазақ өнерінің көшбасшысы, ұстаз, алыптардың алыбы, артында өшпес із қалдырған бірегей тұлға екені жөнінде айтқандары сарт еске түсе кетсін. Құрекеннің Ермекті туған баласындай мәпелеп, қазақтың көне мақал-мәтелдері, қанатты сөз, күрделі ұғымдардың мән-мағынасын түсіндіріп, ашуы келгенде «мойныңды жұлып алайын ба» дейтініне шейін. Жалғыз Құрманбек емес, Қанабек,

Манарбек, Әнуарбек, Ғарифолла, Күләш, Шабал, Кәукен, Ришат, Байғали – бәрі. Құрманбек елден ерек. «Опера театрының екі жағындағы аллеялардың бірінің бойынан сол алыптарға неге ескерткіш орнатпасқа?! Егер солай етсе, жұрт жаппай келіп, тағзым етпес пе еді? Ол тіпті де қиын шаруа емес қой. Осыны ескеретін ер табылар ма екен екен? Әй, табылмайтын шығар, сірә? Үйде елеусіз жатқан мендей есіл ерге тым болмаса, айында, аптасында телефон соғуға жарамайтындардан не үміт, не қайыр! Көзім тіріде солай, ертең бақиға озған соң қалай болмақ?» – дегендері көкейде.

– Диалектика заңы ғой, Ереке!

– Оны білемін! Ақылың өзіңе!..

Сәбең сөйлеп жатыр.

– Иә, иә, Сәбе, – деймін аяқ астынан иектей жөнелген ой көшкіндерін тежеп. – Дұрыс айтасыз.

– Дұрыс па, бұрыс па, әйтеуір, айтудай айтып келемін. Бәріне. Кейінгілерге де! Зауытбек Тұрысбеков Шымкент облысына әкім болған кезден бері. Құрекен біреу. Шымкенттің облыстық драма театрына Жұмат Шанинның атын беру үшін ойға-қырға шапқылап, жар құлағы жастыққа тимеген Құрманбек емес пе еді?! Облыста опера театры ашылғалы қашан. Соны Құрманбек Жандарбековтің атымен атауға неге болмайды? Сылтаулары Жетісай театры Құрманбек Жандарбековтің атымен аталады ғой, бізде ол уәж емес. Ауыстыра салуға болады. Шымкентте Құрманбек атында көше бар ма? Онда да, мен айтқан соң ба екен, қаланың шет жағынан бір көшеге атын берген дейді. Естуімше, ұзындығы төрт не бес жүз метрден аспайды-мыс. Бұл не? Мадақ па, мазақ па? – Осылай деген Сәбең сәл үнсіздіктен соң, сөзін қайта жалғады:

– Түсінікті ме? Әлде, менікі қате ме? – деп.

– Өте орынды, – деймін. – Сіз айтпасаныз кім айтады? Мен бұл жөнінде ойламаған екенмін. Бірақ, менің ойлаған-ойламағаным кімге дәрі. Бізді кім тыңдайды...

– Олай деме. Сені тыңдамаса, газеттерді тыңдайтын шығар. Жазбайсыңдар ма?

– Әйтсе де, Сәбе...

– Не әйтсе де...



– Бәрібір, сіздің дауыс көтергеніңіз дұрыс-ау деймін. Жыл ба-сында Президент қабылдап, орден алдыңыз...

– Сонда айттың ба деймісің? Айтқан жоқпын. Бұйырса, алда көреміз. Мүмкін, Асанәлі екеуіміз айтармыз. Шымкент облысының жаңа әкімі өнер, әдебиетке жақын деседі. Соның да құлағына салармыз. Бәлкім, бізсіз де өзі ескерер. Шымкент опера театрына атын беріп, ескерткіш тұрғызып, бір даңғылдың есімін Құрекене қиса, түк етпейді. Құрманбек солай етуге бек лайық. Ондай адам екі тумады.

– Лайым, солай болғай!

– Менің де ойым сол. Жаңа әкімнен үміт үлкен.

– Құрманбек Жандарбековке ұзақ жылдардан бері жанашыр боп жүргеніңіз, жарасымды-ақ екен. Тек нәтиже шықпағаны демесе...

– Бәрін біліп отырсың. Солай, әрине! Сөзіміз ұзап кетті. Доғарайық. Сау бол!

– Сау болыңыз, Сәбе! Асанәлімен ақылдассаңыз тәуір болар еді. Телефоннан Сәбиттің жұмсақ күлкісі естілді...

## ӘЛІБЕК ДІНІШЕВКЕ ҚОЙЫЛМАҒАН СҰРАҚ

Еліміз тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр болғанмен, СССР деп аталған алып державадан қалған, сақталып келе жатқан үлгі-өнеге, салт, айшықты із, атау, өзге де үрдістер аз емесі аян. Өткеннің бәрін мансұқтап, тосырқай беруге болмайтынын өмірдің өзі көрсетуде. Бір ғана әдебиет, мәдениет, өнер, ғылым саласын алсақ, Қазақ ССР, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Совет Одағының Батыры, Қазақ ССР, СССР Ғылым академиясының академигі, СССР халық артисі атағын иеленгендерді қазір басқаша емес, солай атап жүр емеспіз бе? Осынау мәнзаланы ұмытпаған жөн шығар деп отырған жай бар, ағайын. Әрі-беріден соң, бұлар мәнін жоймайтын, жойылмайтын мәртебе, мерей, тарихтың жарқын беттері десе де болғандай. Сол орайдан келгенде...

Бүгінде қатарымызда жүрген Социалистік Еңбек Ері, СССР халық артисі Бибігүл Төлегенова, СССР халық артисі Асанәлі Әшімов, Әлібек Дінішевтің қазақ қоғамындағы қадір-қасиетін

кім білмейді, кім пір тұтпайды! Үшеуі де тұлға, ерекше жаратылыс, теберік!

Мен білетін Әлібек те солай, әрине. Мен білетін дейтінім, Отан соғысына қатысқан, республикаға танымал басшы-журналист болған әкесі Мұса Дінішевпен ұзақ жыл қызметтес болғанда, Әлібекті бала жасынан біліп, көз алдымызда өскенін меңзегендік. Анасы Кәмила апай да, оның егіз інісі, ағайынды Ришат, Мүсілім Абдуллиндер де дарабоз әнші болды. Ришат Абдуллин СССР халық артисі, Мүсілім Қазақ ССР Халық артисі атанды. Өз басым осындай ортадан шыққан Әлібектің консерваторияда әннен дәріс берген ұстазы Надия Шәріпованы білгенім, Тбилисиде өткен Чайковский атындағы Бүкілодақтық конкурсте бірінші орын алғанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Саттар Имашевтың (Әлібектің) әкесі Мүсекеңнің кабинетіне телефон соғып құттықтағаны, сондай-ақ, жас дарын иесінің Үкіметтік концертте тұңғыш рет сахнаға шығып, Абайдың («Айттым сәлем, қаламқас») әнін шырқағаны, жиыннан соң ұлының мәртебесін Мүсекеңмен бірге кафеде атағанымызды сағынышпен еске алатынымды да айта кету артық болмас деп үміттенемін (оған Әлібектің профессор ағасы Фархад куә).

Одан бері көп уақыт өтті. Әлібектің – маған да етене жақын – әкесі Мүсекеңнен бастап, біраз тума-туыстары бақилық (рухтары шат болсын). Еңбек жолын опера театрынан бастаған Әлібек арадан біраз жыл өткенде өз атында театр ашып, шығармашылық қызметін ұстаздықпен қоса атқаруға көшті. Анда-санда жүздескенде сұрамаймын, бірақ, әлі күнге солай болса керек.

Ер ортасы жастан асқан Әлібек қазір қазақтың қасиетті жері мен еліне кеңінен танымал, жұрт сахнадан тыңдауды асыға күтетін бірегей әнші. Алыс, жақын шетелдер, өз топырағымыздағы үлкен-кіші замандас, әріптестерінің жоғары бағалағаны, бағалайтынын көріп, біліп жүрміз, шүкір.

Бет бейне, кескін-келбеті әкесінен аумайтын Әлібекті көргенде Мүсекеңді көргендей күй кешіп, кәдімгідей толқитыным рас. Әлібек те солай-ау деп шамалаймын. Ағасы Фархадтың солай екеніне күмән жоқ. Жолыға қалғанда аңқылдай амандасып, арқа-жарқа болады. Жанарында мұң тұрады.

Таяуда Әлібекті көрдім. Опера театрында. Антракт кезінде. Астанадан келген – театрға өзім шақырған – белгілі ғалым Сағымбек Әлтаев екеуміз шеткерілеу бұрышта әңгімелесіп тұр едік, бір азамат жанымызға келіп, сәлем берді. Бетіне қарасам – Әлібек. Бірден танып, риза болып, аз-кем тілдестік. Оған қойсам деген – көкейде жүретін – бір сұрағым болушы еді, бірақ, қойған жоқпын. Қоймауға бекінген болатынмын. Өйткені, ол сұраққа бұдан он бір жыл бұрын Ермек Серкебаев жауап беріп қойған-ды. Сондықтан.

Әлібектің дарынын ерекше бағалап, ыстық ықыласпен қарайтын жасы үлкен әріптестерінің бірі Ерекең, Ермек Серкебаев екеніне сол шақтарда көзім жеткен. Ерекең жөнінде эссе-диалог кітап жазылған күндерде. Әңгіме барысында Ерекең сөз ретіне қарай Әлібектің жақсы қырларымен қоса, наз іспетті пікірлерін де жасырмай айтқан-ды. Сөзінің түйіні: «Әлібектің болашағы алда, үлкен үміт күтемін» болатын.

Айттық қой, Ерекеңмен бір жылдан аса ара суытпай әңгімелескенім он-он бір жылдай бұрын деп. Өне, сонда Ерекең: «Консерваторияда дәріс бересіз, профессорсыз. Өзіңіз секілді бір әнші тәрбиеледіңіз бе?» – дегеніме: «олай ету мүмкін емес, талантты әншіні табиғат жаратады, қолдан жасай алмайсың» деп шорт кескен. Мұнысы бек дұрыс екенін бұған дейін де шамалайтынмын, әлбетте.

Ертеректе Әлібектен театр жөнінде журнал үшін сұхбат алғанда оның «Нұрсұлтан Әбішұлы маған келешкте өзің сияқты бір әнші тәрбиелеп шығарсаң, сол жетеді, театр ашқан мақсатымыз орындалады деді» дегені есте жүретін. «Қалай, Әлібек, Президенттің өтініші орындалды ма, өзің секілді не өзіңнен асқан әнші шығардың ба?» – леуге қаншама оқталсам да, Ерекеңнің айтқаны еске түсіп, іркілетінмін. Бұл жолы да (театрда жолыққанда) іркілдім. Тіпті, сұраған күннің өзінде оның да: «Хас талантты табиғат жаратады, қолдан тәрбиелеу мүмкін емес, өзімнен асқан әнші шығарсам, алдақашан көріп, тыңдап, білмес пе едіңіздер», – демесіне кім кепіл. Сондықтан сұрамадым. Әлібек Дінішевке қойылмаған сұрақ мәнзаласы осылай. Сол жолы ол тағы да...

Менің жазған дүниелерімді оқып жүретінін айтты. Сеніммен, қадап айтты. Оның қазақ басылымдарына әрдайым құрметпен

қарап, журналист әкесінің аруағын ардақтап, аялап жүретініне көзім жете түскендей болды. Талай рет, Мұсекеңнің туғанына жүз жыл толған салтанат үстінде де...

Театр ішінде қасыма әдейілеп кеп сәлем берген Әлібектің ілтипатына риза болғанымды несіне жасырайын.

«Папам туралы кітап жазылса жақсы болар еді», – деді қоштасарда.

– Ойланатын шаруа, – деуден бөлек сөз түспеді аузыма.

Олай дейтінім, Мұсекеңнің өмірден озғанына он бес жылдан ауып барады. Мен командировкада жүргенде өткен марқұмның жылдық асына қатысқан «Парасат» журналының бас редакторы Баққожа Мұқаевтың: «Естеліктер жинағын шығару керек. Мақалалар топталса, өзіміз қолға алып, барлық шығынды редакция көтереді дедім», – дегені есте. «Ешкім ештеңе деген жоқ» дегені де.

Содан бері сондай жинақ шықты ма, шықпады ма, қараңғы. Шыққан болса, нұр үстіне нұр. Шықпаса, әлі де кеш емес. Әлібекке «ойланатын шаруа» деуімнің бір ұштығы сонда жатқан-ды...

Қазақтың ғаламат әншісі Әлібекке жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын дей отырып, ұзақ ғұмыр, толағай табыстар тілейміз.

Алға, Әлібекжан! Бауырым!..

*P.S. Жеңіл баяндалып, салмағы мың батпаннан кем емес эсселер. Осы қалыпта жарияланса яхчи болар еді.*

## МЕНИҢ РЕДАКТОРЫМ

### *Ұстаз-аға Мұса Дінішевтің беймәлім қырлары*

Сонау жылдарда базбір журналист ағайындар: «Біз жұрттың бәрін әспеттеп, дәріптеп жазып жатамыз, ал, біздер жөнінде ешкім бір ауыз жылы сөз айтпайды. Мақтау-марапатты былай қойғанда», – десетін әзіл-шыны аралас. «Ондайға иек қышымайды, дәметпейміз де ғой», – деп қостайтын тағы біреу. Солайы солай-тын. Журналистер туралы ешкім (мүлде десе де болады) ләм демейтін. Жылына бір келетін «Журналистер күні» мерекесінің өзі құлықсыздау өтетін бір жиналыспен тынатын. Бірлі-жарым атақ-марапат, орден, грамота алғандардың

аты-жөндері жалпы тізіммен шектелетін. Олардан гөрі, қайта, аузының салымы барларының мерейтойы жөнінде құлаш-құлаш мақалалар жазылып, шығармалары не мақталып, не датталып жататын ақын-жазушылардың жағдайлары көш ілгері-тін. Оны елеп, еңсесі түсіп жүретін журналистер тағы болмайтын. Нақ бір солай болуы тиістей, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Сондықтан ба екен, қазақ журналистикасының іргетасын қалап, биікке көтерілуіне, өркендеп-дамуына ұшан-теңіз үлес қосқан аға буын әріптестерді бүгінде бірлі-жарым адамдар болмаса, көп қауым біле де бермейтіні. Көп қауымыңыз не, олар тұрмақ, кейінгі буын – журналистер өкілдері біле ме десеңізші. Тіпті, мейлі, сан жағынан саусақпен санарлық болса да. Кеңес өкіметі тұсында пайда болған қазақ басылымдарының әрқайсысының көшбасында болып, қазығын қаққан, қалыптасуына орасан үлес қосқан қайраткерлер қандай құрметке де лайық емес пе еді? Қазақ журналистикасының мерейін асырып, қаншама ізбасар-шәкірттер тәрбиелеген сол алыптар (иә, алыптар) туралы олардың көздері тіріде азын-аулақ жылы лебіз айтылды ма? Өз басым ондайды білмеймін.

Сөзді неліктен бұлай бастауымыздың себеп-салдарын түсініп отырған шығарсыз деп ойлаймыз, әрине. Бір сәт өткенге көз жіберіңізші. Жоғарыда айтылғандардың рас-өтірігін сонда білесіз. Айтыңызшы, қазір (бәрі де ұзақ жылдар бас редактор боп, басқа да жауапты қызметтер атқарған) Ақшалов, Балиманов, Бәйішев, Алтайбаев, Тайкіманов, Құдышев, Ақшолақов, Қарағұлов, Байсақалов, Шәріпов, Үсебаев, Бейсембаев, Байжанов, Дінішев, Қазыбаев сынды есімдер таныс па? Екінші бірі біле ме? Суалдыра бермейік, бірлі-жарым білетіндер білер, бірақ, болар-болмас, толар-толмастың ар жақ, бер жағы (екені күмәнсіз).

Бұл жолы сол іспеттес олқылықтардың орнын толтыра қояйық демесек те, заманында мамандығының майын ішіп, аса сындарлы ғұмыр кешкен, мейлінше қарапайым, зипа, кімге болмасын, қамқорлығы шексіз, шарапаты, үлгі-өнегесі мол (болған), жоғарыда аталған аға буын өкілдерінің бірі, аяулы азамат Мүсекең, Мұса Бөкенбайұлы Дінішев хақында шама-шарқымызша сөз қозғауға ниет еткен жай бар. Бұрын айтылмаған белгісіздеу қырлары және әр жылда келетін екі ме-

реке – 23 февраль, Қызыл Армия күні. 9 май, Ұлы Жеңіс мейрамы – солар хақында.

Өткен ғасырдағы одақ тараудан екі-үш жыл бұрын болған мына бір оқиға еске түседі. Мүсекең екінші рет кеткен соң «Мәдениет және тұрмыс» журналын он екі жыл басқарған бас редактор да кетіп, орнына басқа басшы келді. Бұған дейін он жеті жыл бас редактордың орынбасары (жауапты секретарь) боп істеп келе жатқан маған ол ертеден таныс, ұстаз іспетті, ақ жарқын адам болатын. Өне, сол азамат келген бойда бұған дейінгі редколлегия құрамын түгелге жуық өзгертіп, жаңа мүшелер сайлады. Ұзамай жаңа алқа мүшелерінің басын қосып, мәжіліс өткізді. Бұл журнал тиражы барынша шарықтап өскен кез болатын (жоғары билік басындағылар бұрынғы редакторды орнынан аларда оған пысқырған да жоқ. Көп өтпестен журналдың аты «Парасат» боп өзгертілді де, 180 мыңнан бір-ақ айырылып, суалуға көшкені сол кезең).

Өне, сол жаңа редактор жаңа алқа мүшелерімен өткізген алғашқы бас қосуда орнынан буырқана көтерілген су жаңа мүшелердің бірі әй-шәй жоқ салған жерден:

– Журналдың тиражы көп деп мәз болмаңдар. Қалай көбейетінін білеміз. Аңқау жұрт бірінен-бірі көріп жазыла береді де. Сапа нашар, мәселе сонда. Сен енді сапасын көтер, мазмұнын жақсарт. Ол қолыңнан келеді! – десін жаңа редакторға бұйрық бергендей өктем сөйлеп.

Бұл сөз басқаларды білмеймін, өз басыма ұнамады. Бұрқ еткен ашу-ызадан жан-дүние бұлқан-талқан болды. Бірақ, шыдау керек. Әйтсе де, өз-өзіме келе алмай: «Сабазың қалай-қалай сайрайды? Бұлай деуге қандай қақы бар, – деп ширығамын іштей. – Журналда ала алмай жүрген өші бардай неге өршеленеді сонша?».

Бұдан әрі жаңа алқа мүшелерінің не айтып, не қойғанымен ісім болмай, өз ойыммен болып кеттім. Арғы-бергі бастан өткен, көрген-білгендер еске түседі. Журнал тиражының бүгінгі таңда еселеп көбейгені – негізінен – бұған дейін әрқайсысы он екі жылдан жиырма төрт жыл басқарған екі бас редактор – Мұса Дінішев пен Бақытжан Жиенғалиевтің тұсы. Оған дейін де жаман емес-ті. Журнал ашылған мезгілден бастап орынбасар, бас редактор болған Сапар Байжанов пен Абай Бейсембаевтың тұсында да

жыл сайын молайып отырған. Дінішевті Жиенғалиевке дейін он екі жыл басқарды деп, Мұсекеңнің 1965 жылы мұнда екінші рет оралған кезінен бастап айтып отырмыз. Шын мәнінде, 1958 жылы журналды өз қолымен ашқан ол 1960 жылы Мәдениет министріне орынбасар боп ауысқан-ды. Сонда ол – барлығын қосқанда – мұнда он алты жыл редактор болды. Журнал алғаш шыққан кезде тиражы он мың еді. Ал, мына (жаңа алқа мүшесі) кеудемсоқ пақырдың журнал тиражының санаулы жылдар ішінде жарты миллионға жуықтағанын көпе-көріне қызғанып, төрт бірдей бас редактордың еңбегін елемеуі, сыпайылап айтқанда, іштарлық, қызғаныштан туған қиястық еді.

Ау, журналдың мазмұны да, көркемделуі де жылдан-жылға жақсарып, аймақтық, одақтық байқауларда кіл мақтау-марапатқа ие болатынын, директивалық (партияның орталық комитеті) органдардың оң қабақпен қарайтынын жоғарыда аталған екі бірдей (М.Дінішев, Б.Жиенғалиев) бас редактордың күні бүгінге шекті оң қол – орынбасары – мен білмегенде, кім біледі? «Мәдениет және тұрмысты» қамқорлыққа алған «Огонёк», «Советский союз» журналдарымен – келетін өкілдерін күтіп алып, шығарып салып – қарым-қатынас жасаушы, оларға баратын да, келетін де мен емес пе едім? Жоқ, жаңа алқа мүшесі, сен оңбай қателесіп, не әдейі «қателесіп» тұрсың!..

Осылайша, жаңа бас редактордың жаңа алқа мүшелерімен жасаған алғашқы жиынында өзімше бір ысып, бір суып, әрең сабаға түстім. Мұса Дінішев, Сапар Байжанов, Абай Бейсембаев, Бақытжан Жиенғалиевтер кімнің егінін қам орып еді?! Қайталап айтайық, журналдың бүкілхалықтық сипатқа ие болғаны ең алдымен солардың арқасы болатын. Оны ешкім мансұқтай алмайды, олай ету мүмкін емес. Оны да айта кетейік, біз журналды бұдан да шырқау биікке көтеруге сеп жасай ма деп дәмеленген (бәрін жоққа шығарып, лепіре сөйлеген) жаңа алқа мүшесінен пәлендей қайыр болмады, әлде, қолы тимеді, әлде құлқы болмады, содан қайтып оның өзін де, алқа жиынына қатысқанын да көрмедік (ондайлар қайда да болатын). Бірер жылға жетер-жетпесте бұл жерден біржола табанын жалтыратып тынды. Оған жаңа келген бас редактордың қатысы жоқ-тын. Айтсақ, ойланбай көкіген мүміннің көпке топырақ шашқан бетпақтығын айттық. Керек десеніз, алдақашан бақилық болған

төрт бірдей бас редактордың аруағын тірілтіп, тіпті, беделді басылымды шаң-тозаңнан тазарту үшін десек те (онда төрт редактордың да көздері тірі еді).

Енді Мүсекене келейік. «Жақсының ақылы таңертен кіреді» (әлде, басқаша ма) дегендей, менің есіме оның адами қасиеті, кісілік келбеті, табиғи қарапайымдылық, шарапат-шафхат, риясыз жақсылықтары, әсіресе, кейінгі жылдарда жиі түсе беретін боп жүр. Қызмет бабындағы зипалық, тектілік, әділдік, камқорлық, коллективті басқару тәсілі де өзгеше еді-ау жарықтықтың. (Бүгінгі жас пері – әріптестерге үлгі-өнеге болуға жарайтындай).

Еңбек жолын «Мәдениет және тұрмыстан» бастаған қазіргі көрнекті жазушы Марат Мәжитовтің сөзімен айтқанда (белгілі жазушы Шәрбану Бейсенова да қосылар деп ойлаймыз), жұртты қыжырта сөйлеп, күнұзақ жиналыс жасап, уақыт алмайтын Мүсекеңнің тұсында журнал қалай шығады деп ешкім уайымдамай, қызметкерлер еркін жүріп, еркін тұратын. Мүсекене сенетін. Ол барлығын алдын-ала кесіп-пішіп, әркімге нақты тапсырма береді. Қай санға қандай материал қажет, макет, фотосурет, көркемдеу – барлығын графикке сый белгілейді. Ілуде болмаса, қызметкерлер жазған мақаланы кері қайтармайтын. Және кейбір кодыққа міндім деп қодиятын шікәмәк басшылар сияқты ешкімнің басқан ізін аңдымай, берілген тапсырманың уақытында орындалуын ғана қадағалайтын.

Жоспарлау, лездеме, кезекті санды өндіріске жіберер қарсаңда тақырып талқылау (бұл тек осы редакцияда болған), партия, кәсіподақ, саяси оқу, алқа мүшелерінің жиынын көпке созбайды. Коллектив мүшелерінің қуаныш-қызығы (қоныс той, шілдехана) болса, бірінші құттықтап, мерейін өсіретін де Мүсекең. Ресми мерекелерді де міндетті түрде коллективпен бірге өткізеді.

Бұлар, бір қарағанда, жәй нәрсе боп көрінгенмен, соларды бастан өткеріп, куә болғандарға тіпті де олай емес. Ол үшін ұзақ жыл Мүсекеңмен бірге жұмыс істеп, сырмінез болу керек.

Мүсекең парасаттан жаралған пайғамбар, кем-кетіксіз еді деп отырған біз жоқ. Бірақ, өз басым, бәлкім, білгім келмейтіндіктен де шығар, пәлендей еш нәрсесін білмеймін. Онда не



білесің десең, мыналар деп, тағы да бір-екі фактіні көлденең тартқан болар едім.

«Мәдениет және тұрмыс» журналы ашылған соң, екі-үш ай шамасында «Лениншіл жастың» байырғы фототілшісі Петр Редько сонда ауысты. Онда мен «Лениншіл жаста» істеймін. Газеттің редакторы А.Бейсембаев, орынбасары С.Байжанов, жауапты секретары К.Қазыбаевтан бастап, П.Редьконы дастархан жайып, құрметтеп шығарып салдық. Мен 1964 жылы Сарыағаштан келіп журналға орналасқанда, ол (Редько) әлі сонда екен. Бір-екі жылдан соң зейнетке шықты. Онда да Мүсекең бастап, «Алматы» ресторанында дастархан жайылды. Фототілшілік қызметке Ю.Куйдин қабылданды. Көп істеген жоқ, АПН дейтін одақтық мекемеге жоғарылап ол да кетті. Келесі фототілші – осында жиырма бес жыл істеп, Израильге кеткен марқұм В.В.Мыльников. Қазақ тілінде сөйлей алатын бұл үшеуінің есімдерін журналдың ыстық-суығына төзіп, іргелі басылым болуына өз тараптарынан қомақты үлес қосқандары үшін атап отырмыз. Бүгінде үшеуі де бақилық, соңғысы тарихи отанына барып, сонда бақилық бопты деп естігенбіз.

Менің әдеби қызметкер кезім. Бірде В.Мыльников екеуміз болмашы бірдеңеге шекістік те, төрелік сұрап Мүсекеңе кірдік. Ол да, мен де бір-бірімізді тіліміз жеткенше кінәладық. Мүсекең екеуміздің де сөзімізді бөлмей, асықпай тыңдады. Айтқанымыз оған қалай әсер етті, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, өң-түсінен ештеңе байқалмайды. Қайсымызды қолдап, қайсымызды қолдамайды деп біз отырмыз. Ол бір кезде екеумізге кезек-кезек қарады да: «Барып жұмыстарыңды істендер» – деді салқын сөйлеп.

Басқа бастық болса, Мыльников екеумізді кезек-кезек сілкілеп, жиналыста талқылап, аяқ астынан құдайы беріп қалар ма еді, қайтер еді. Ал, Мүсекең өйткен жоқ. Біз басымыз салбырап, шықтық та жүре бердік. Енді осыдан кейін пәлен-пыстанға төрелік сұрап, Мүсекеңе барып көр!

Қашанда сабырлы, салмақты Мүсекең артық сөзге бармайтын, қарапайым болғансып ойдан-қырдан сөз сапырып, уақыт алмайтын. Жасы қатарлас жолдас-жоралары кімдер екенін де жөнді білмейміз. Бірақ, ондайлардың аз емесін білетінбіз. Ол кезде үрдіс солай, кейде мейрам күндерінің алды не соңында көп хаттар іші-

нен Қарағанды облыстық газетінің редакторы Бейсенғали Тайкіманов, әлдебір жактан – ол да жауапты қызметкер болу керек – Омарғали Құдышев, Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары Бисен Жұмағалиевтен келетін (көлемі бір жапырақ) құттықтау (открытка) хаттарды іріктеп, апарып беремін. Алады да, тастай салады. Аракідікте әлгі хаттардың кейбіріне көзім түседі. Сонда байқайтыным: Қарағандыдан құттықтау жолдайтын Б.Тайкіманов Мүсекеңе құрдастарға жарасатын қылжак сөздердің небір кереметтерін жазады, «аузың ырбиып» дегендей. Соларға қарап та Мүсекеңнің қимас достары аз емесін аңғаруға болатын-ды.

Енді осы Алматыда жасы Мүсекеңмен қарайлас бірнеше баспа директоры, газет-журналда редактор болған, соғыс ардагері Төлеутай Ақшолақов дейтін зиялы адам болды. Батыр тұлғалы, бетті, айбарлы, бастық болуға жаралғандай білімді, сауатты еді. Сол Төкенді Мүсекеңнің сексен жылдық мерейтойында көріп, ертеден сыйлас дос-жар екендеріне куә болдық. Тәрде қатар отырған қос майдандастың әзіл-қалжындары қандай жарасымды еді десейші! Пай-пай-ай!

Байырғы журналист, мінезі қатал, кесіп сөйлейтін, белгілі аудармашы Жүсіп Алтайбаевтың көптеген жоғары лауазымды қызметтер атқарып, ҚазТАГ-та директор болғанын еститінбіз. «Ара» журналына ұзақ жыл басшылық еткенде, аз-мұз таныс-біліс те болдық. Онда да көзбе-көз емес, «Араның» жабық конкурсында жүлде алған қысқа сықақ әңгімелер мен жиі жарияланатын фельетондар арқылы. Бірде Шығыс Қазақстан облысында болғанда «кармаққа» ілінген фельетонды «Араға» лайық болғаны үшін Жүсекеңнің өз қолына апарып бергенім бар. Ештеңе демей, алған да қалған. Ұзамай басылды. Кейін қорытындысы шықты: білдей мекеменің (Облсельхозтехника) білдей бастығы орнынан алынып, біреулеріне сөгіс берілді деп. Жүсекеңді жақын білуімнің алды-арты осы.

Кейінгі бір жылдарда оның газет-журналдар жыпырлап жайғасқан тоғыз қабатты (Горький 50) үйге жиірек келетінін аңғарып жүрдік. Бетпе-бет жолықса ғана сәлемдесеміз. Қашанда қабағы қату, түсі суық, сұсты, сондықтан, қол береміз де, өте шығамыз. Біздің журналға да келеді, бірақ сирек. Бірде сатира мен юморға тиесілі бетте сықақ әңгімесі жарияланды.

Ол менің қолыммен әзірленген жоқ, жауапты секретарь ретінде баспаханаға жіберерде бір-ақ көріп, «Араның» карикатурисі Н.Казанцевке сурет салдырғанмын.

Журналда шыққан материалдардың қайсысына қанша сом (гонорар) қойылу керектігі арнайы кестеде белгіленген. Кейбіріне сәл төмен не сәл көтеріп қоюға болады, бірақ, беталды өзгертуге болмайды. Кесте бойынша, Жүсіп Алтайбаевтың сықақ әңгімесіне артық та, кем де емес, 30 сом қойылды. Қаламақы жазылған тізімді қол қойдыру үшін редакторға апардым. Әшейінде қаламақыға өзгеріс жасамақ тұрмақ, жөндеп те қарамайтын Мүсекең кенет қаламын қолына алып: «Алтайбаевқа 85 сом қояйық, пенсионер ғой», – десін де, Жүсекеңнің тұсындағы қаламақы сомасын өз қолымен өзгертсін.

Мұнысына іштей риза болдым, құптадым. Мүсекеңнің «Алтайбаев пенсионер ғой» дегені жауапкершілікті өз мойныма аламын» дегені екенін де түсіндім. Кейде ондай болады.

Ол шақта – барлық редакцияда – қаламақы айына екі рет беріледі. Тек белгіленген күндерде. Бір күні ойламаған жерден менің бөлмеме Жүсіп Алтайбаев кіріп келді. Мұнда келеді деп үш ұйықтасам, түске кірмейтін адамға сәлем беріп жалпылдап жатырмын. Жүсекең отырды. Онан соң:

– Қаламақымды алдым, – деді бірден. – Көтеріп қойыпсың. Соған рахмет айтуға келдім. Алда бұлай етпендер. Заң бұзуға болмайды. Құдайға шүкір, жерге қарап отырған жоқпыз, жетеді.

Қапелімде абдырап қалған мен:

– Жүсеке, Мүсекеңе айтыңыз, сол кісінің... – деп күмілжідім.  
– Біз әшейін...

– Білемін, – деді сұстанып. – Біз де редактор болғанбыз, білемін. Мұсаға өзің айт. Қазір оған да кіремін. Бірақ, ештеңе демеймін. Сен жауапты секретарьсың, қаламақы сенің жұмысың. Мұса ескі досым ғой, соны ескерген шығар. Бірдеңе десем, ілінісіп қалуымыз мүмкін. Мен мінезі шарт адаммын. Сенің жөнің басқа. Өзің айта бер және бұдан былай мен емес, қанша жерден пенсионер болса да, басқаларға да олай етпе. Тиісті мөлшерден аспа. Ренжіп қалған жоқсың ба? Білеміз, артық ақша кімге керек емес?! Қош!..

Орнынан тұрды да, шығып жүре берді. Сол жолы Мүсекеңе кірді ме, жоқ па, білмеймін. Мүсекеңе кейін осы жайлы айтқанымда: «Ол сондай, айтқаны дұрыс», – деді де қойды.

Қайран, ағалар! Ала жіптен аттамаған, достығын бұлдамаған тектілер. Екеуі де қазымыр емес, қазына еді-ау. Ұмытып барады екенмін, бір жолы Жүсекең мен Мүсекеңнің Тастак жақтағы оңаша кафеде екеуден-екеу шай ішіп, шүйіркелесіп отырғандарының үстінен түскенім бар. Жалғыз емес едім, тез кетіп қалдым...

Коллектив мүшелерін Мүсекең түсінгенмен, олар оны түсіне бермейтін. Бір жолы бөлім меңгерушісі Бекен Әбдіразақов фототілші В.Мыльников екеуі Торғай облысының Жангелдин ауданына барып келіп, жеті беттік мақала жазды. Мүсекең оның бес бетін қысқартты да, екі беті басылды. Бекен ал кеп туласын. Бастық қой, ештеңе етпейді дегенге тоқтамайды. Соны нақбір мен жасағандай, әлсін-әлсін келіп маған шүйіледі. Мүсекеңе: «Неге өйттіңіз», – десем: «Мақала жамандықтан емес, керегін алдым. Сонау жылы Шымкент облысының Бөген ауданындағы Сыпатаев атындағы совхоздан сен жазған сегіз бет мақаланың алты беті қысқартылып еді ғой, есінде ме? Сен сонда ренжіген жоқсың», – деді жайбарақат түрде.

– Иә, солай, – дедім. – Ренжімегенім, қаламақыны жақсылап қойдырғансыз. Әдеттегіден әлденеше есе артық...

– Бекен ренжіп жүр ме, немене? Ренжісе, айт. Қаламақыны мол қоямыз де.

– Енді былай, солай ғой...

Айтарын маған айтып шер тарқатқан Бекеннің Мүсекеңе ештеңе демегені білгірлік еді. Өйткені, сыйлайтын. Бекенді «Жұлдыз» журналының жауапты секретарлығынан босаған бойда қызметке қабылдаған Мүсекең де оған бөтен қарамайтын. Онша-мұнша еркелігін елемеуге тырысатын...

– Сен осы Отан соғысына қатысып па едің? – деді маған бірде күлімсірей қарап.

– Жоқ, – дедім соғысқа қатыспағанымды біле-тұра айтқанына түсініңкіремей.

– Бәсе, – деді селкілдей күліп (кейде солай күлетіні болатын).

– Әлгі анау Сақтаған Бәйішов туралы мақаланы түзегенде рота, взвод, полк дегендерді мидай араластырып жіберіпсің. Оның

дұрыс емес. Жазған Жекен ғой (Жұмахановты айтады), өзіне жөндетпедің бе? Жалпы, бұдан былай Жекеннің мақаласына қол тигізбе, керек болса, өзім...

– Күп болады, Мүсеке. Жекен аға демалыста болған соң...

– Демалыста болса, келеді. Сонда не дейсің? Ол сені солай етті деп маған айтады. Мен не деймін? Ендігәрі олай етпе, – деді мен «кидалаған» мақаланы тартпасына сала беріп.

Мұса Дінішев 1976 жылы шілде айының басында «Мәдениет және тұрмыс» журналынан босап, шетелдік қазақтарға арнап айына бір рет шығатын жаңа газетке («Отан») редакторлыққа ауысты. Оны Орталық партия комитетіндегілер «қажет болған соң солай еттік» десті. Мүсекеңнің орнына бас редакторлыққа Бақытжан Жиенғалиев келіп, 1988 жылдың соңына дейін істеді (рухы шат болсын).

**Пенсияға шығып, С.Имашевтің ұсынысымен халықаралық «Отан» газетіне бас редакторлыққа ауысардан екі ай бұрын түсірілген (4 май, 1976 жыл) мына суретте Мүсекең редколлегия мәжілісін өткізіп отырған сәт. бейнеленген. Солдан оңға қарай: Журнал ашылған кезден редколлегия мүшелері, профессор Райхан Ержанова, академик Рәбиға Сыздықова, редакцияның бөлім меңгерушісі, жазушы Шәрбану Бейсенова, отыз жыл редколлегия мүшесі болған академик Бақия Атшабаров, осы жолдар авторы, бас редактор Мұса Дінішев.**

## ЫЗҒАРЛЫ КӨКТЕМ

Бұл жылы біздің ауылда жартымды қыс болған жоқ. Оқтатекте қар аралас жаңбыр жауады. Ұйтқып жел соғады. Сүйекті шағатын қара суық. Түнде жер біраз тоназиды.

Соғыс кезіндегі өзінше колхоз саналатын бұл ауылда бар болғаны отызға жетер-жетпес қожалық бар. Топырақ дуалдан тұрғызған жатаған үйлер бір қалыптан шыққандай кіл екі бөлмелі. Кіре беріс бөлмедегі пешке от жағады, ас пісіреді, азық-түлік, басқа кәкір-шүкір, құрал-саймандар сақталады. Келесі бөлмеде бір үйде қанша жан болса, бәрі бірге тұрады. Жаскәрі демей. Қыста төрт бұрышты ағаш сандал құрып, үстіне қалың көрпе жабады. Астындағы шұңқырға ертеден кешке

дейін ауық-ауық пештен алып лапылдаған шоқ салады. Үй иелері төрт жақтан сығылыса отырып, аяқтарын көрпе астына жіберіп жылынады. Сандал үстіне жайған дастарханнан ас-су ішеді. Кешкілікте сығырайған май шам.

Міне, ауылдағы тірлік сиқы осы. Барлық үйде. Колхоз жыл бойы ешкімге соқыр тиын бермейді. Әр үйдің алдында 25 сотықтан меншікті жері бар. Көктем шыға колхоз трактормен жыртып береді. Жұрт жүгері, күнбағыс, қауын, қарбыз, бұршақ егіп, жыл бойы соларды талғажу етеді. Екінің бірінде қой, ешкі, сиыр малы жоқ.

Ауылдан әудем жер қашықтағы биік-биік белдеу төбелер етегінде қара сулы өзен ағады. Жағасы қалың қамыс, ұйыса өскен әртүрлі шөптер. Ауыл мен екі арадағы алқапты тоғай дейді. Жұрт ол жаққа онша жоламайды. Жазатайым ұшырасуы ықтимал қабан, борсық, шибөріден сескенеді. Кейде ойын балалары топтасып барады.

Осынау Сырдарияға барып құятын ені үш-төрт метр, түбі терең өзен бойын жайлайтын біздің колхозға ұқсас ұсақ колхоздар да аз емес. «Коминтерн», «Большевик», «Еңбек», «Жеті төбе», «Саңырау», «Қоңыр төбе» – кете береді. Бұйра толқынданып, шымырлап ағатын өзен суы көмірдей кап-қара, ащы. Мал болмаса, адам ішуге жарамсыз. Бірақ, лақа, тебен, сазан секілді балықтар мол. Біреулер ау құрып немесе қармақпен ұстап жатады.

Өзеннің арғы бетіндегі МТС – машина, трактор станциясы мен біз тұратын «Ынталы» колхозының арасы үш шақырымдай. Сондағы бастауыш мектепте қатынап оқитын үш бала күн сайын МТС-тың ту сыртындағы көпірден өтіп барамыз.

Ақпанның соңында екі-үш рет жауған қырбақ қар тез еріп кетті. Әйтсе де, көктем келді. Ерте көктем. Наурыздың басында суық күшейді. Түнде тұман. Күндіз сейілгенмен, күн көзі көрінбей, аспан сұрланып, буалдырланып тұрады. Түске қарай жер еріп, батпаққа айналады. Екі үйдің арасына қатынау мұң.

Таңертең көрші әйел келіп: «Үйімізден тамшы ағып жатыр. Жүрші, соған бірдеңе жасайық», – деп апамды ертіп кетті. Апам одан келісімен үш перзенті – біздерге апыл-ғұпыл тамақ берді де, арбакеш баламен бірге фермаға кетті. Түстен кейін оқитын мен сабақ әзірлеуге кірістім.

Түске таман күнделікті дағды бойынша Тоқтарбай келді. МТС-тағы мектептің екінші класында Өскенбай үшеуміз бірге оқимыз. Ұзамай іркес-тіркес қол ұстасып жолға шықтық. Аспан түнеріңкі. Суық жел сумаңдай еседі. Тал, теректер уілдей шайқалып, жалпылдай ұшқан қарғалар өңеш кере қарқылдайды. Ауыл сыртындағы зират жақтан қаңғыбас иттердің ұлығаны естіледі. Оны жақтырмаған кейіс кабақ кейуана «қара бастарына көрінсін» деп күңк етеді.

Неге екені белгісіз, менің бойымды әлдебір үрей билеп, жүрегім суылдайды. Тоқтарбайға қараймын. Ол да үнсіз аяңдап келеді. Үшеуміз ауылдан шығып, (Құр Келес деп аталатын қара сулы) өзен бойындағы жалғыз аяқ жолға түстік. Айнала – қалың қамыс. Үкілерін жалбыратып, судырлай теңселеді.

Ересегіміз – Тоқтарбай. Естиярымыз да, пысық, зерек, сабақты жақсы оқитын да сол. Ашуланса бет-аузы құлағына дейін қызарып кететін Өскенбай ызақорлау, шақар. Бірақ, үй шаруасына епті: су тасу, отын жару, тіпті, сиыр сауу да қолынан келеді. Бәріміздің әкеміз соғыста. Осы күндерде оларды ойлай-ойлай қажып біткендейміз. Әйтеуір, аман келсе деген үміт қана.

Дарқанкүл қария Өскенбайдың үйімен көрші тұрады. Оны шеше дейміз. Шалы Мансұр былтыр дүние салған. Соғысқа алынған екі ұлының кішісі Төребай жарты жыл бұрын төрт мүшесі аман-сау қайтып келген. Жүрегі жарыла қуанған Дарқанкүл ешкі сойып той жасаған. Әскерге кеткенге дейінгі түр-келбеті онша есте жоқ, бірақ, қазірде біз күнде көретін Төребай сырықтай ұзын бойлы, қыр мұрынды, қызыл шыррайлы, келісті жігіт. Үстіне шинель, аяғына хром етік, басына маңдайына жұлдыз қадаған көкшіл малақай киіп шыққанда қатты қызығып, тамсана қараймыз. Кейде бізбен бірге доп, асық ойнайды. Қалған уақытта күн ұзақ колхоз кеңсесінде отырады.

Айтпақшы шағын колхоздың бастығы, есепшісі, егіс бригадирі, ферма меңгерушісі, бір трактор, төрт-бес ат арбасы бар. Олардың барлығының басшысы да, иесі де кіл әйелдер. Ауылда ересек ер адам жоққа тән. Төребай келгелі бері кеңседе істейді. Не істейтінін білмейміз. Майданнан елден ерек сап-сау келу себебін де ұға бермейміз.

Қайтсе де, екі ұлының бірі аман оралған Дарқанкүлдің мерейі үстем, көңілі қош. Соғыстағы балаларын көздері төрт бола

күтіп жүрген өзге кейуаналар «бізге де Төрөбайдың жолын бере гөр» деп Алладан ертелі-кеш тілек тілейді.

Төрөбайдың келгеніне жарты жылдан асты. Бүгінде оның да, Дарқанкүл шешейдің де күндері қараң, айлары батып барады. Аядай үйлерін қасірет буып, ақырзаман төніп тұр. Төрөбай бір айдан бері төсекте. Жағдайы ауыр. «Сорлы бала-ай, жазылып кетсе тәуір болар еді», – деседі екінің бірі. Күллі ауыл тілеуін тілеп, жаратқанға жалбарынады.

Біз не білейік, апамның айтуынша, Төрөбай сол алғаш келген күндердің өзінде-ақ тық-тық жөтеледі екен. «Құрт ауруы бол-маса неғылсын деп ойлаушы едім», – дейтін апам. «Сөйтсем, қолына мылтық ұстап, майданға да кірмей, Семейде әскер оқуын оқып жүргенде екі өкпесі қабынған соң қайтарып жіберіпті ғой. Онда жылы жақтың адамдары шыдамастай қақаған суық болады екен. Анау өзбектердің көп боздағы үйлеріне жете алмай, сол жақта өмірем қатыпты», – дейтін апам тағы да.

Өскенбай Дарқанкүл шешеймен көрші, әрі оларға жақын ағайын болғандықтан, Төрөбай төсекке таңылғалы қолқабыс жасап, көмектесіп жүреді. Әр күні бізге сол үйден шығып қосылады.

Бүгін де түс әлетінде Токтарбай екеуміз сонда барып, үйге кірдік. Төрдегі төсекте Төрөбай шалқасынан жатыр екен. Жанында бір шөкім боп ақ шаштары қобыраған Дарқанкүл шешей отыр. Төрөбайдың қу сүйегі қалған, көкірегі сыр-сыр етеді. Екі езуінен көпіршіген ақ көбік ағады. Көздері шүңірейіп, кірпігін ерең қағады. Ештеңе естімейтін, сезбейтін секілді.

Өскенбайға белгі бердік. Ол басын изеді. Тысқа шықтық. Өзен жағалап келеміз. Өкпек жел жұлқына уілдейді. Аспан алай-түлей. Қамыстар сусылдайды, құстар шуылдайды. Алға басқан аяқ кейін кетіп, жүріс өнбейді. Берекеміз қаша түскен.

Ауылдан сәл ұзасымен:

– Төрөбай көкемнің жағдайы жаман, – деді Өскенбай мұңая сөйлеп. – Бүгін түнде апам да, мен де солардың үйінде қондық. Дарқанкүл шешем талып қала береді...

Токтарбай маған қарады. Мен не дейін. Осыдан екі-үш ай бұрын Төрөбайдың жағдайы тәуір болатын. Күндегі дағдымызбен Өскенбайды ертіп кетуге барғанда:



– Көктем жақын қалды ғой. Аузымыз аққа тисінші. Сонан соң, құдай қаласа, жазыламын, бәріңді Тәшкенге апарып, зоопаркке кіргіземіз, – деген-ді.

Міне, көктем есік қағып тұр. Төрөбай ессіз жатыр...

Біз түстен кейін оқитынбыз. Ертеңіне тағы да үйреншікті мезгілде жолға шықтық. Ауылдан шамалы ұзағанда Дарқанкүлдің «қанатымнан қайырылдым» деп боздаған ащы даусы естілді. Ізінше тұс-тұстан шыққан шерлі үннен бүкіл ауыл күңіреніп кеткендей болды...

Біз кері қайттық. Үш бала бір-бірімізді сүйемелдеп, жылап келеміз...

– Қу соғыс жалмап тынды ғой, көктей солды ғой сорлы бала, – деп зар қақты ел-жұрт.

– Ей, жарандар, бұл алапат кімді жұтпай жатыр. Төрөбай айдалада ит-құсқа жем болмай, туған жерден топырақ бұйырды, шүкіршілік етейік, – деп қауқылдасады алыс-жақын ауылдардан келген ақ сақал-қара сақалдар.

Сол бір ызғарлы көктем осылай басталған-ды. Біздің ауылдың 1943 жылғы көктемі... Ерте көктем...

## **ДАСТАРҚАН БАСЫНДАҒЫ А'КАПЕЛЬДІ ХОР** *Жүмекенді еске алған кештегі ой*

«Бұдан жаманымда да тойға барғанмын» дейтін қазақ қай кез, қай заманда да жақсылық, қызық-шыжықтарын жақын-жуық, дос-жаран, тума-туыстардың басын қосып, қасиетті дастархан басында атағанды бақытқа балаған, мәртебе санаған. Айтулы той-жиындар өзінше. Қазақ үшін қонақтыққа жиналатын шағын бас қосудың өзі тойдан бір де кем емес. Тек... тек... кей-кейде...

Соларда әсерлі әңгіме, әдемі әзіл-қалжың, аталы сөз, ән-күй, ұлағатты ой-пікірлер былай қалып, бөстекі бөспебайлық алға шығыңқырап кетеді-ау демесе. Иә, әрі қарай тереңдей бермейік, тереңдеп керегі жоқ, не айтпағымызды өзіңіз де сезіп, түйсініп отырсыз (емес пе?). Бірду-дырду, мәнсіз жиын, баруын барып, кеткенше асығатын ызғын-шу, даурықпа тойлардың небір көкелерін көріп жүрсіз (емес пе?). Қатысып жүрсіз. Көргенбілгеніңізді айтып та жүрсіз. Ара-тұра (бүгінгі) қазақтың той-

ларын о жер, бұ жерде сынап та жүрсіз. О, жоқ, ойбай! Пікір білдіреді екенсіз ғой. Пікір!..

Біз де барлық бас қосу, қонақтық, жиын-тойлар бірыңғай, жадағай жартыкеш деп отырғанымыз жоқ, әлбетте. О, небір үлгілі, ұлагатты, рухани жасарып-жайнап, ширақ барып, ширап қайтатын тойларға да қатысып, куә болған шақтарыңыз аз ба? Осы ойымызды дәлел-дәйектермен тұздықтау қажет болса, кешегі өткен ерен тұлға Әшірбек Сығаевтың мерейтой, үйелмелі-сүйелмелі үш ұлын үйлендірген жиындар қалай өтуші еді, шіркін. Қысқа да нұсқа құттықтау, ән-күй, «Сазген», «Адырна» тектес оркестр, ансамбльдер. Қала берді, халық артисі, абыз өнерпаз Сәбит Оразбаев, туа бітті зиялы, ғалым-жазушы Бейбіт Қойшыбаев, жазушы-драматург Мағира Қожахметовадай тұлғалардың да күні кеше өткен мерейтой кештері қалай өткенін бізден өзгелер де айта жатар деп ойлаймыз. Мақтан үшін емес, марқаю үшін, халықтықты әйгілеу үшін... Енді тағы да... әңгімені...

Сол тұрғыдан жалғастырап болсақ, біршама бұрын ақиық ақын Жүмекен Нәжімеденовті еске алу кешін де атамай, аттап кетерге әдді жоқ, ағайын. Неге дейсіз ғой? Онда бір сәт зер салыңыз.

Әуелі сән-салтанаты жарасқан әсем залдағы мерейлі кеш көзкөргендер айтқан естелік, ән, күй, бимен әрленді. Онан соң кешті ұйымдастырушы Мереке Құлкенов қонақтарды дәмге шақырды. Дастархан басында – үлкен-кіші жақсылар мен жайсаңдар. Жасы үлкендер бөлектеу. Менің оң жағымда – Жүмекеннің зайыбы Нәсіп. Одан әрі – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Зақаш Кәмелединов, өзге де бұрын көріспеген, бірақ, жүздері таныс, самайларын қырау шалған, ақ пейіл азаматтар. Байқауымша, біразы Жүмекен өскен аймақтың тумаларына ұқсайды. «Жігіттерге тапсырып ем, келгеніңіз дұрыс бопты», – дейді бұрын бірді-екілі дәмдес боп, риясыз сыйласатын (Жүмекеннің зайыбы) Нәсіп.

Артық-ауыс сөзі жоқ, көрген-түйгені мол екені өздерін сыпайы ұстап, қарапайым әзіл-қалжыңдарынан байқалатын қонақтардың зипалығы өзгеше. Олардың кезінде қазақтың ұлы перзенті, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, біртуар тұлға Димаш Қонаевтың демеуімен Қазақстан комсомолына

бірінші жетекші, облпартком секретары, Қазақстан Орталық партия комитетінің секретары, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің председатели сияқты биік лауазымдар атқарған – бүгінде зейнеткер – Зақаш Кәмелединовке ізет жасап, құрметтеп отырғандарын орынды, білгендік деп қарадым өз басым. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Ертеректе кеңпейіл ақын інім Мұхтар Шахановтың үйінде (одан басқа да жерлерде) бір дастарханда бірге дәм татып, арқа-жарқа әңгімелескен, одан Төлеген Айбергеновке (қайтыс болғаннан кейін) берілген комсомол сыйлығы белгісін (ақынның) жары, марқұм Үрнисаға тапсырған кезінде Зақаштың көзінен ағыл-тегіл жас сорғалаған сәттер еске түсіп, селкеусіз сезім баурады. Сірә, өткенге тас атпа деп текке айтылмаған шығар да. Зақаштың рухын жоғары ұстап, пенде атаулыларды шырқ үйіретін күрделі құбылыс-болмысқа тектілікпен қарай білуі де аңғарылмай қалған жоқты. Адамзат баласы бір-біріне кеңпейілмен қарап, жақсы тілекке жүргеннен асар сауап болсын ба?

Жұмекендей біртуар ақынға бағышталған дастарханда естеліктер, шынайы тілек, алғыстар айтылып, қонақтар сыпайылықтан аспады Біз отырған столдағы жасы үлкендер де өздерін байыпты, байсалды ұстап, сабыр сақтап отырды. Әйтсе де...

Көңілсіз бола бастады ма, немене, кенет төрде отырған – айтуынша, жетпістен алдақашан асқанмен, өңі жас ақсары жүзді, ұзын бойлы, дене бітімі тіп-тік, сөзі нық, келісті қазақ айналасына қарап: «Ал, келіндер, «Еділ мен Жайықты» айтайық!» – деп саңқ етті. Сол-ақ екен, орындарынан шалт көтерілген (онымен жастары қатарлас) жеті-сегіз ер адам қатарласып тұра қалды да, аталмыш әнді шырқай жөнелді. Қысылып-қымтырылу, кідіру жоқ, әуенді де, сөзін де жаңылмай, әдемі әуелетті-ау дерсің. Ынтымақ-бірліктері жарасқан, бір-бірлерін жақсы білетін (бәрі де ірі қызметте болғаны байқалып тұр) осынау зиялылар, шамасы, Ілия Жақановтың аталған әнін басқа той-жиындарда да осылай шырқап жүретін болса керек. Ән айтуға бірінші ұсыныс жасаған еңсегей бойлы, ер мінез азаматтың мамандығы дәрігер, дәрігер болғанда, анау-мынау емес, кісілігі мол, білікті, тізгін ұстап, басшы болған дәрігер екенін сөз арасында құлағымыз шалып отырған. Жаңылмасам, аты-жөні Ғаділбек Мусин (болса ке-

рек). Қалғандар есте жоқ. Бірақ, Мусин бастаған хорға қосылып ән салғандардың да өнерді қадірлейтін азамат екендері көрініп, байқалып тұрды.

Хормен ән айту – өзінше өнер. Кәсіби композиторлар хорға арнап музыкалық аспаптармен сүйемелдеп орындайтын және сүйемелсіз айтатын туындылар жазады. Қажеттілікке қарай, кейбір көпке белгілі әндерді (халық әндерін де) музыка аспабымен сүйемелдемей айтуға лайықтап қайта жазады (нотаға түсіреді). Әртүрлі дауыспен қосылып (музыка аспабынсыз) орындайтын топ а'капельді хор делінеді. Яғни, халық аспаптар, симфония, камералық оркестрлер секілді – хор капелласы. Біздегі Жамбыл атындағы филармония құрамында ертеден өнер көрсетіп келе жатқан (кейін Бақытжан Байқадамов аты берілген) әйгілі хор капелласы кәсіби композиторлардың хорға не хор мен оркестрге арнап жазатын шығармаларымен бірге, халық әндерінің небір інжу-маржандарын да орындайды. Сүйемелдеусіз шырқалатын ол әндерді алғашқыда Мацуцин, Орлов, Ерзакович, Хамидилер өндесе, кейін Гүлжазира Ахметова, Анатолий Молодов, Сәуле Өтегенова-Оразбаева т.б. дирижерлар қолға алды.

Бұларды күнде айтылып жатпағандықтан, оқырман да біле жүрсе артық болмас деп айта кеткенді жөн көрдік. Бұдан алпыс-жетпіс жыл бұрын (а'капельді) хор орындайтын – Орлов өңдеп, өз басқаруындағы – халық әні «Сәулем-ай» неткен ғажап еді, пай-пай! Әлі күнге құлақта. Хор капелласында ән шырқап, биікке көтерілген өнер шеберлері қаншама еді?!

Әне, марқұм Жүмекен Нәжімеденовті еске алу кешінде ардагер дәрігер Ғ.Мусин бастаған өнерлі топ орындаған Илия Жақановтың «Еділ мен Жайығы» да содан бір де кем түскен жоқ дер едім өз басым. Бұл біз үшін таңсықтау құбылыс болғандықтан мән беріп отырмыз. Мұндай үрдіс үйде де, түзде де халық әндерін тек ер адамдар хормен қосылып айтатын грузиндерде ғана бар. Олардағы бірыңғай ер адамдар мен бірыңғай әйелдерден тұратын хор капеллаларының жөні бөлек.

Өнер – халықтікі дегенді құлаққа құйып өстік емес пе? Ендеше, кездейсоқ куә болған осынау жақсы нышанды текке ауызға алып отырмағанымызды да ұғарсыз деп үміттенеміз, дос. Бұл деген киелі той-жиын, өзге де бас қосыла қалған жерлерде

ойдан-қырдан қысыр әңгіме қоздатып, өсек-аяңға кеңірдектеп қайтқаннан әлдеқайда қасиеттілік емес пе деп жатқанымыз да, қайтейік...

Жүмекенді еске алған дастархан басындағы бірыңғай зейнеткер ер азаматтар хормен орындаған өзге әндер де жүрекке жетіп, жан жадыратты. «Жарайсындар, атыраулық ағайындар» деп сүйсінді жұрт.

Қазақ гимнінің мәтінін жазған, дүйім қазақтың перзенті Жүмекеннің рухы шат болсын!

## ӘУЕЗОВТІҢ АРАГОНҒА ХАТЫ

1949 жылы Александр Фадеев Париждегі бір кездесуде «...қазақ әдебиетінде қазір тамаша романдар пайда болуда. Солардың бірі – өткен ғасырда өмір сүрген қазақтың классик ақыны Абай жөнінде жазылған «Абай» атты роман деп ұлы Мұхтар Әуезов есімін француз жұртшылығына тұңғыш рет жария еткен-ді. Оның тағы бір себебі, сол жылы Мұхтар Әуезовке «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық беріліп, қазақ әдебиеті мәртебесінің шарықтай өскені бар. Кейіннен Әуезов пен оның «Абай» романын белгілі ақын әрі жазушы Луи Арагон өз халқына кеңінен насихаттады. Кеңестер еліне келген сайын Мұхтар Әуезовтің есімін жиі еститін Луи Арагон «Абай» романын француз тіліне аударуды да ойластырып жүрді. Бірақ, күрделі поэтикалық туындыны тәржімалау оңай-оспақ болмасын да ұққан-ды. Сонда да жас филолог, драматург Антуан Битез екеуі тәуекелге бел буады. Мұхтардың 60 жылдық мерейтойына дейін оны қалайда француз тіліне аударуға күш салады. Біршама уақыттан соң романның бірінші бөлімі өзінің басқаруымен және алғысөзімен «Абайдың жастық шағы» деген атпен жарыққа шыққалы жатқаны туралы Мұхтарға телеграмма жібереді.

1958 жылы тәржімалаудың қиынға соққаны себепті кітап сәл кешігіңкіреп, Париждің аса ірі «Галлимар» баспасынан жарыққа шығады. Луи Арагон өзі жазған алғысөзде романның француз тіліне аударылу себебі және авторы – Мұхтар Әуезовтің – кім екені, таланты хақында сөз етеді.

Екі жазушы дәл сол 1958 жылы апрель айында Москвада кездесіп дидарласады, таныс-біліс болады. Сол жолы елге қайтарында Мұхтар Әуезов Луи Арагонмен қоштасу үшін қонақүйге барып жолыға алмаған соң, хат жазып қалдырып кетеді. Осы жерде айта кетерлік нәрсе, бұған дейін Мұхтар Әуезов пен Луи Арагонның тікелей қарым-қатынасы туралы дәлел-айғақ жоқ делініп келді. Енді, міне, Мұхтар Әуезовтің хаты сол тақылеттес пікірлердің дұрыс емесін аңғартқандай боп отыр. Француздық белгілі тілші-ғалым, әдебиет сыншысы, Олжас Сүлейменовтің үш өлең кітабын аударған Леон Рибель деген азамат Луи Арагонның архивінен Мұхтар Әуезовтің хатын тауып, көшірмесін ұсынған. Оны (белгілі журналист, тарихшы-ғалым, марқұм Хамит Мадановтың қызы) әдебиетші Рита Хамитқызы Маданова жан-жақты зерттеп тексерді, ел игілігіне айналуы үшін көп тер төкті, көз майын тауыса еңбектенді. Енді Мұхтар Әуезовтің Луи Арагонға жазған хатының мазмұнына келейік..

### **Қымбатты жолдас Луи!**

*Бұл жолғы Сіз бен біздің кездесуіміз бар болғаны жеке бастың таныстығымен ғана шектелгеніне өте-мөте өкініштімін. Бүгін, майдың 29-ында, мен өзіміздің Қазақстанға, Алматыға қайтпақшымын. Мұнда, Москвада жүргеніме үш айдан асып кетті, тиісті мерзім алдақашан біткен. Ол жақта да әдеби, ғылыми дегендей, күтіп тұрған жұмыстар жетіп артылады. Мен онда халқымыздың мәдени өміріндегі көптеген салалар бойынша неше қилы міндеттер атқарамын ғой.*

*Сізді көру, үніңізді есту, тіпті, Сізбен бірер минутқа болса да тілдесу көптен бергі арман-тілегім еді, енді солардың іске асқанына шын пейілмен қуаныштымын. Мен Алматыға, ондағы Сіздің жазушы достарыңызға баға жетпестей аса қастерлі де қымбат хабар апармақпын. Сіздің айтқандарыңыздан ұққаным, «Абайды» французшаға аударып баспаға әзірлеуде, сондай-ақ, өз қолыңызбен алғысөз жазудағы Сіздің сіңірген еңбегіңіз ұлан-ғайыр, өлшеусіз. Оқырмандарымызға бұл жөнінде де айтатын боламын. Сіздің туған даласына Пушкиннің Татьянасын табыстырған Абайдың жеке басына, сол арқылы бүкіл қазақ әдебиетіне көрсеткен ықыласыңыз, шын пейілмен жасаған көл-көсір достық қызметіңіз хақында*

айтамын. Сіз даналықпен нұрланған биік мәдениеттің шалқар әлемінен өзіңіздің ұлы халқыңыздың бекзаттығын танытып, зифалығын көрсеттіңіз.

Бұдан былай Сіздің Парижден жеткен хабар-ошарыңыз үшін өзімді тек бақытты санамақпын және де алыстағы кеңес жерінде жүрегі қашанда Сіз деп соғатын, алғыс-ризалығы мәңгілік, ылғи да құрметпен бас иетін, әрі, өзіңізге шын берілген тағы да бір адал досыңыз бар екенін үнемі есте ұстағайсыз.

Бүгін мен сізге күні бойы сан рет телефон шалып, бөлмеңізден таба алмадым, сонан соң Сізбен әзірше осы қағаз арқылы қоштасуды лайық көрдім.

Эльза Юрьевнаға менің шын жүректен шыққан сәлемімді жеткізуіңізді өтінемін.

**Достық сәлеммен,**

**Мұхтар Әуезов.**

**1958 ж. 29/ІҮ.**

**Менің адресім: Алматы қаласы,**

**Абай көшесі, 185.**

Бұл жерде назар аударарлық бір нәрсе, хаттағы «...Сізбен әзірше осы қағаз арқылы қоштасуды лайық көрдім» деуіне қарағанда, бәлкім, сол күні Мұхтар мен Арагон көзбе-көз кездесті ме екен деп те ойлауға болғандай. Сондай-ақ, егер қоштасуға келген Мұхтар Әуезов Луи Арагонды орнынан тапқан болса, онда бұл хат жазылар ма еді, жазылмас па еді деген де ой келеді. Неде болса, екі ұлы тұлғаның арасындағы достық қарым-қатынастың нақтылай бір белгісі дерлік бұл хаттың мән-маңызы айрықша екені шүбәсіз. Сондай-ақ, сонау жылдары осы хатты тауып, сараптама жасаған – көзі тіріде бір адамдай сыйласқан аға досым Хамит Мадановтың қызы – Ритаға тағы да алғыс айту артық емес деп санаймыз.

**P.S.** *Кезінде (сирек жәдігерлікке жататын) осынау хат жайында Рита Мадановамен телефон арқылы сөйлесіп, пікірлескен болатынбыз. Дәл есте жоқ, Рита бұл хаттың көшірмесін ұлы жазушының музей-үйіне табыстаймын деген сияқты еді. Қазір ол жағынан хабарым аз. Сонда да, бәрібір, бүгінгі қауымның біле жүруі үшін оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік..*

**БІЗДІ ӘЛІ ӘЛЕМ МОЙЫНДАЙДЫ**  
**Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының**  
**директоры Асқар Бөрібаевпен сұхбат**

**Асқар Бөрібаев.** 1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында туған. К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық музыкалық мектеп, Құрманғазы атындағы консерватория түлегі. Виолончелист. Мәскеуде аспирантура бітіріп келген соң, консерваторияда сабақ береді. Мамандығы пианист зайыбы Шолпан екеуі шетелде он екі жылдан астам жұмыс істейді. Туған елге оралып, мамандықтары бойынша қызметтерін жалғастырады. Кейін Асқар кейін Мәдениет министрінің орынбасары лауазымына жоғарылап, өткен жылы Абай атындағы опера және балет театрына директор боп тағайындалды. Сол тұстарда сұхбат алсақ деп емерің жасағанда, асықпасақ қайтеді, жаңа келіп жатырмын ғой, мұндағы жай-жапсарға қаныға түсейін деген соң, ол да жөн шығар деп, асыққамыз жоқ. Міне, арадан жылдан астам уақыт өтті, енді сәті жеткен шығар деп телефон соғып ұсыныс айттық. «О, кэй!» Келе беріңіз!» Келіскен уақытта кездесіп, тақ-тұқ сұрақ-жауаптан гөрі, емін-еркін, жайбарақат әңгіме-дүкен құруды құмбыл көрдік. Сол орайдан сөз бастасақ...

Өз басым Асқарды жақын білгеніме он шақты жылдың жүзі болыпты. Онда да ертеректе белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, марқұм Баққожа Мұқаев «Алан Бөрібаев деген әлемді таңдапқан жас дирижер шығыпты, шамасы, шетелдегі оқуын жаңа бітірген не бітіргелі жатқан болуы мүмкін. Сонымен жолығып, жөні келмесе, әке-шешесі осында көрінеді, екеуі де музыкант дейді, солармен сөйлесіп, «Парасат» журналына мақала әзірлеңіз» деген соң, ұзамай Асқарды тауып, асықпай әңгімелесіп, ол да анау-мынау емес, айтулы ұстаз-маман болғандықтан, мұқабаның бірінші бетіне ұлы Алан екеуінің бірге түскен суретімен қоса, көлемді сұхбат жарияланды. Айтса айтқандай, Бөрібаевтар отбасы байырғы музыканттар әулетінен екен. Асқардың жары Шолпан атақты композитор Ахмет



Жұбановтың (жуырда дүниеден өткен химик-ғалым, академик) ұлы Болаттың қызы, (Асқар екеуінің ұлы) Алан Ахаң– Ахмет Жұбановтың шөбересі екен. Аталмыш (Жұбановтар) әулетте бұлардан бөлек те әйгілі музыканттар қауымы бір шоғыр. Мен алғаш көргендегі Асқар мен Шолпан әлі уыздай жас дерліктей, жұптары жарасқан жұбайлар еді. Мәдениетті, кішіпейіл, биязы, қазақша таза сөйлейтін Шолпанның телефондағы сөздерінен-ақ текті тұқымнан екені аңғарылған-ды. Ұзамай шетелден келген Алан да телефон шалып сәлем берді, алғыс айтты. Бұларды неліктен ауызға алып отырғанымыздың себебін ойлы оқырман білер, сезер, тұшынар деп ойлаймыз (әр қазақ солардай болсын дейік).

*Кәсіби жоралғы бойынша Асқарға алғашқы сұрақ қойдым.*

– Бір кезде Жұмат Шанин негізін қалаған музыкалы драма театрынан бөлініп шығып, дербес отау құрған, бастауында Құрманбек, Шара Жандарбековтер, Қанабек, Күләш Байсейітовтер, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Үрия Тұрдықұлова, Райхан Жумин, Жұбанышәлиев, Еркінбеков, Шалабаевтар басқа да белгілі тұлғалар болған шаңыраққа директор болуыңыздың сыры неде, кім ұсынды, қалай келдіңіз, жүрексінген жоқсыз ба?

Сәл таңданғандай, сәл ойланғандай болған Асқар: «Уақыт өзгереді, ұрпақ алмасады, басшылар ауысады, бар деген сон келдік те»,– деді баяу үнмен, сыпайы күлімсіреп. Мен, әрине, бөтен ойсыз, дағдылы сөзімді айтқанымды риясыз ұғып, түсінгені көрініп тұр.

– Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхамедпен біраз жыл бірге істедіңіз. Соның тұсында ма?

– Жоқ, Арыстанбек Мұхамедиұлы министр болған кезде келдім. Мұхаңмен де қызметтес болдым, жақсы таныс-біліс, сыйласпыз.

– Тағы қайталайын, қанша дегенмен, жаңа орта, бейтаныс коллектив, жұмысты неден бастау керек деп толқыған боларсыз...

– Жо-жоқ. Бейтаныс коллектив дегеніңіз артық. Екі министрдің кезінде де мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасар болғандықтан, мұндағы жағдай да, республикадағы басқа да театр, концерттік мекемелердегі ахуалдарға да қанық бо-

латынмын. Репертуар, кадр, материалдық база – бәрі назарда ұсталағын, бес саусақтай белгілі-тін.

– Сонда да...

– Түсінбедім.

– Жаңа басшы жаңа леп әкеліп, басқа болмаса да, әлгі өзіңіз айтқан кадр, репертуар мәселесінде өзгерістер болған шығар.

– Ешқандай. Шамасы, сіз базбір басшылардың келе сала өз командаларын жасақтап, ауыс-түйістер жасап, жұртты қыран топан етіп дүрліктіретінін меңзейтін болсаңыз, мұнда ондай қажеттілік болған жоқ, болмас та. Себебі, ең бастысы, репертуар әрқашан министрліктің бақылауында емес пе, кадрлар да солай. Басым бөлігі әркілы фестиваль, жарыс, байқау, конкурс, қала берді, шетелдік сындардан сүрінбей өтіп, топ жарған, бәйге алған, кәсіби шеберлігі жоғары мамандардың қай-қайсысының да мүмкіндігі алақандағыдай белгілі болған соң, ондай нәрсе бізге жат. Біздің міндет – бұрыннан келе жатқан дәстүрді әрі қарай жалғастырып, жаңғыртып, шеберлік шыңдау, биік белестерге көтерілу. Осы тұрғыдан не істеліп жатыр десеңіз, онша қара жаяу емесімізге азын-аулақ айғақ-деректер айтуға болады.

– Онда құлақ сізде.

– Жарайды, маған жаңа басшы қандай тың шараларды қолға алды, жүзеге асырды деп отырсыз ғой. Төтесіне келсем, былтырдан бері бұрыннан келе жатқан кейбір спектакльдер бүгінгі күн талабына лайықталып, жаңа тыныс, жаңа серпіліспен сахналанса, репертуарды толықтырған соны туындылар да жоқ емес. Мәселен, Абай, Кармен опералары қайта қойылды.

– Сөзіңіз аузыңызда, оны қалай түсінуге болады? Сюжет өзгере ме?

– Жаңғыртылып қойылды. Абай не Карменнің либреттосын өзгертуге кімнің қақысы бар? Сурет, декорация, жарық... соларды айтамын...

– Жаңа спектакльдер қойылды дедіңіз, олар қандай?

– Жалпы, қазір жаңа спектакльдер қою қиынның қиыны. Бір опера не балет қою өте қымбат. Соған қарамай, өткен жылы Елбасымыздың қолдауымен қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне Еркеғали Рахмадиевтің (либреттосы Әбіш Кекілбаевтікі) «Абылай хан» операсының жаңа нұсқасы мен «Ұлы дала аңызы» атты балетті көрермендер назарына ұсындық. Өзіңіз

білесіз, Абылай хан операсы – өткен тарихымыз бен жарқын болашағымыздың үндестігі жайлы тарих тағлымы. Операның мазмұны мен тақырыбы тәуелсіз қазақ мемлекетінің туған жерге деген сүйіспеншілікпен әрленген ұлттық идеологиясы, егемен еліміздің еркіндігі, ел тұтастығы және бірлігі, бостандығының айқын келбетімен айшықталған.

– *Абылай хан партиясын кім орындады?*

– ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Талғат Күзембаев орындады. Жетекші солистер: ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Б.Бөкенов, Б.Жұбаева, Б.Жомартов, А.Трегубенко, еңбек сіңірген артист М. Шалабаев т.б. қатысты. Оларды да айта кетейін, режиссер – Ресей халық артисі Юрий Александров, суретші – Ресей халық суретшісі Вячеслав Окунев. Екеуі де Ресей Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, екеуі де Санкт-Петербургтан. Дирижер еңбек сіңірген қайраткер Нұрлан Жарасов. Бас хормейстер – Әлия Темірбекова. Балетмейстер ҚР халық артисі Гүлжан Түткібаева.

– *Жаңа қойылымның бірі «Ұлы дала аңызы» атты балет дедіңіз ғой.*

– Солай. Ол да Қазақ хандығының 550 жылдығына тартуымыз болды. Елбасы Назарбаевтың «Біздің тарихымыз – бұл бірлік пен тұтастық тарихы» деген девизбен сахналанған балет қазақ композиторлары Ғ.Жұбанова, Н.Тілендиев, М.Маңғытаев, М.Сағатов, Т.Қажғалиев, А.Серкебаев, Ә.Бестібаевтың музыкасына қойылды. Балетмейстер – театрдың балет труппасының жетекшісі, Халық артисі Гүлжан Түткібаева. Спектакльге театрдың жетекші балет солистері Әйгерім Жұмағұлова, Әсел Құмарова, Гүлвира Құрбанова, Динара Есентаева, Нұрлан Қонақбаев, Азамат Асқаров т.б. өнерпаздар қатысты. Бір опера, бір балет – екі жаңа туынды да зор табыспен өтті.

– *Театрдағы шығармашылық кадрлар көңіліңізден шыға ма?*

– Әрине. Барлығы тәжірибелі, мамандығына жетік, төселген өнерпаздар.

– *Кадр тапшылығы білінбей ме?*

– Қалай деуге болады? Қай-қай өнер ордасына да елден-ерек біртуар өнерпаздар қашанда қажет. Айталық, Ермек Серкебаев, Паваротти, Доминго. Хворостовский, Басков, Магомаевтай біртуар әншілер мен Плисецкая, Улановадай ғаламат бишілер

болып жатса, кәнеки?! Ондайларға қайда да, қашанда зәрулік басым. Әйткенмен, қазір бізде дәл солардай демегенмен, олардан кем деуге де болмайтын әнші, бишілер жоқ емес, шүкір.

– Осы театрда сонау Құрманбек, Күләш, Қанабектен бастап, бертіндегі Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Кәукен Кенжетәев, Шабал Бейсекова, Байғали Досымжанов, Әнуарбек Үмбетбаев, ағайынды Абдуллиндер, М.Мұсабаев, Н. Қаражігітов сынды мықтылар еңбек етті. Бүгінде біразы бақилық. Соларды еске алу жағғы қалай? Арнайы кештер өткізіп тұруға мүмкіндік бар ма, уақыт табыла ма?

– О, не дегеніңіз, бізге салса, сол сирек дарын иелерін күн сайын еске алатын кештер өткізер едік және оларға жұрт ағылып келер еді. Бірақ, мүмкіндік қайда?! Күн сайын, апта, ай деуге де болады, ондай кештер өткізе берсек, басқа жұмыстар жайына қалмай ма? Әйтсе де, сұрағыңыз орынды. Мүмкіндікке қарай, кейбір тұлғаларды еске алу шаралары өтіп тұрады. Биыл, мәселен, 4-7 маусым аралығында Ермек Серкебаевты еске алуға арналған өнер фестивалі аясында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Чайковскийдің «Аққу көлі», Г.Доницеттидің «Лючия ди Ламмермур» атты туындыларын қойып, соңғы күні гала-концертпен қорытындыланды. Халық көп жиналып, ризалық білдірді. Әрі, театр ұжымын да жігерлендіріп, абыройларын асқақтатты. Бүгінгі күні Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры Қазақстанның музыкалық өнерінде бас флагман болып есептеледі. Театр Еуразия кеңістігіндегі ірі театрлар қатарынан орын алады. Театрдың шығармашылық құрамында сахнаның атақты шеберлері мен жас таланттар, сондай-ақ, халықаралық беделді байқаулардың әлем мойындаған лауреаттары өнер көрсетеді. Қазақтың опера және балет театрының шеберлеріне Франция, Италия, Жапония, Түркия, Қытай, АҚШ және басқа елдерде қол соғып, зор қошемет көрсетіледі. Біздің театр басқа театрлардың шығармашылық ұжымдарымен қарым-қатынас орнатып, өздерінің қойылымдарына жеке орындаушыларды ғана емес, бүкіл ансамбль артистерін шақырып отырады. Сондай-ақ, жыл сайын опера және балет өнерінің халықаралық фестивалін өткізуді дәстүрге айналдырғанбыз. Әрбір жаңа маусымда әлемдік опера мен балеттің классикалық жаңа қойылымдарымен театр көрермендеріне рухани шабыт сыйлап, оларды қанаттандырып

отырады. Ермек Серкебаевты еске алуға арналған өнер фестивалы осы айтылғандардың жоғары деңгейдегі көрініс-дәлелі екенін айшықтады. Үлкен фестиваль болмаса да, өзге де өмірден өткен алыптарды да ретіне қарай еске алып, өнеге-үлгілерін насихаттай жүру үнемі ескеріледі. Күләш, Ришат, Байғали сынды әншілердің әрқайсысы бір-бір тарих қой. Алда олардың да рухын асқақтатар шараларды қолға алу ойда.

– Әлемдік ұлы композиторлар Верди мен Вагнер бір-бірін көрмесе де, іштей бақталас боп, бірін-бірі ұнатпапты. Бірақ, екеуі де бір-бірінің шығармасын мойындап, құрмет тұтыпты. Сіздердің театрда Вердидің опералары баяғыдан қойылады, репертуардан түскен емес. Ал, Вагнер ше? Одан не бар?

– Ол енді солай. Сіз атаған Дж.Вердидің жеке өмірінде, әріптестерімен қарым-қатынасында күрделі, қайшылықты жақтары аз болмаған. Вагнерді ұнатпаса ұнатпаған шығар, бірақ, оның шығармаларын мойындауы мәрттік. Италиялық Верди мен неміс Вагнерді бір-бірімен салыстырудың (біз үшін) қажеті аз. Екеуі де ұлы тұлға, бірегей композитор. «Трубадур», «Риголетти», «Травиата», «Аида» сынды опералардың біздің (күллі әлемнің десе де болады) репертуардан тұрақты орын алуы заңды нәрсе. Себебі, олар біздің театрдың мәртебесі биік болуына ежелден алғышарттардың бірі болып келді, бола да береді. Вагнерге келсек, репертуарымызда оның «Пантейзер» атты операсы бар. Дж.Пуччинидің «Богема», «Тоска», «Турандот», «Мадам Баттерфлий», Чайковскийдың «Евгений Онегин», «Қарғаның мәткесі», «Иоланта», «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі» сынды классикалық туындылары туралы да солай деуге болады. Қазақтың арғы-бергі опера әншілерінің дені осы аталған шығармаларды келіміне келтіре орындау арқылы көсегелері көгерді, бақтары жанды, кәсіби маман боп жетілді, қалыптасты, мәртебе-марапатқа бөленді. Осылардың негізінде көп болмаса да, қазақта біраз ұлттық опералар, балеттік шығармалар өмірге келді. Өнер солай өркендейді, дамиды. Түптің түбінде, бұрын өң түгіл, түсте болмаған қазақ опералары мен балеттік шығармалар да әлем сахнасында тұрақты орын тебуі үшін мұның бәрі сатылап ілгерілеу үрдісі деп қарауға құқылымыз. Лайым, солай болғай. Батыстың (Ресейдің де) белгілі театрлары кемі бұдан екі жүз, үш жүз ілгері шаңырақ көтерсе, олар-

мен салыстырғанда біздің театрды әлі «бала» деуге болады. Алда бүкіл әлем назарына ілігетін қазақ операсы мен балеттік шығармалар болады деп сенеміз.

– *Дұрыс, Асқар. Шамасы, Қазақ опера және балет театрында бір Чайковскийдің бірінен-бірі керемет шығармаларының барлығы дерлік қойылып, репертуардан түспеуі неткен гажап құбылыс. Бір ғана «Аққу көлі» не тұрады. «Щелкунчик» те солай.*

– Қосыламын. Біле білгенге, Чайковскийдің шығармаларын сахналау оңай шаруа емес. Ал, біз оларды алдақашан игергенбіз. Оған шетелдік, ресейлік атақты мамандардың пікірлері дәлел. Бір ғана мәлімет келтіре кетейін. Мәселен, Чайковский «Ұйқыдағы ару» балетін «Чародейка» (1887) операсы мен Бесінші симфониясын (1888) аяқтаған соң, «Пиковая дама» операсына кірісер қарсаңда жазған. Бұл балеттің өмірге келуіне Императорлық театрдың директоры И.А.Всеволожскийдің тапсырысы себеп болған. Балетті орыстың данышпан балетмейстері (ұлты француз) Мариус Петипа қойған. Айтайын дегенім, Петипадан асып түстік демей-ақ қояйын, алайда, бұрын да, бүгін де біздің театр сахнасында қойылып жүрген «Ұйқыдағы арудың» сапалық деңгейі ешкімнен кем түспейді. Қазір балеттің жілігін шағатын небір биші қазақ қыздарына көңіл марқаяды. Солардың арқасында, ешкімді бөле-жара айтпай-ақ қояйын, әлі-ақ бүгінгіден де биік шыңдарға көтеріліп, ғарышка самғайтынымызға күмән жоқ дегім келеді-ақ.

– *Ау, Асқар інім, сіз келгелі ауыз толтырып айтардай біраз жаңалықтар болыпты ғой...*

– Жаңалықтар аз-кем болса да жоқ демеймін. Бірақ, олар жалғыз мен емес, бірінші, көпшіліктің күш-жігерінің арқасы, екінші, өмір ағысы, оны ешкім тежей алмайды. Мен (не біз) жәй септескен болуым ықтимал. Барлығын мойныма алмаймын. Әйтсе де, мақтанды демесеңіз, мен басшылыққа келгелі қазақ операларын («Абай», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Айсұлу») субтитрден орыс, ағылшын тілдеріне аударып көрсету жүзеге асқанын өз инициативам екенін жасырмаймын.

– *Әйбәт. Ендеше, ол бастама көрермендердің көбейе түсуіне ықпал еткен шығар.*

– Солай деуге болса болар.

– Соңғы сұрақ. Сөзіміздің басында қайта жаңғыртылып қойылды деген «Абай» операсына дирижерлік еткен өзіңіздің талантты ұлыңыз Алан екенінен хабардармыз. Алан қайда қазір?

– Алан «Абай» операсында жай дирижер емес, қоюшы-дирижер болды. Бұл деген тіпті де оңай-оспақ шаруа емес. Бұл бір кездегі балаң жас оң-солын танумен бірге, тұлғалана өсіп, тәжірибе жинақтап, айтулы маман болды деген сөз. Әкесі болғандықтан емес, Алан Астана-опера театрының ыстық-суығына ортақтасып, бұғанасы бекіп, биікке самғауына шамашарқынша үлес қосып жүргенін ел-жұрт (қалың ел қазағым) біле жүрсе деп ауызға алғанның оғаштығы жоқ шығар деп ойлаймын. Әкенің емес, халқының ұлы болуды бірінші кезекке қоюға ақылы жететініне тәнтімін. Іңкәрлігіне ризамын.

**Шегініс.** Асқардан Алан Бөрібаевтың он жыл бұрын батыс Еуропа елдерінде топ жарып, қазақтың атын аспанға шығарған кездерде—онда жасөспірім шақтан жаңа асқан жас жігіт – «Парасат» журналында әкесімен жасаған сұхбат арқылы ол туралы жақсы білетіндіктен, өзімнің де әрдайым тілеуін тілеп, бүгінде сақа жігіт болғанына үнемі іштей шүкіршілік етіп, жоғарыда ишара еткендей, күндердің күнінде біржола елге оралып, қазақ өнерін әлем мойындайтын дәрежеге жеткізеріне кәміл сенетінімді де құлаққағыс ете кеткім келеді.

**Асқар:** Алан қазір қайда дедіңіз ғой. Қазір Ирландиядағы ұлттық оркестрде бас дирижер. Астанадағы «Астана-опера» театрында бас дирижер. Жапонияның Осака қаласындағы симфониялық оркестрге дирижерлік етеді.

– Үйленген шығар?

– Тәубә, солай.

– Келініңіз қазақ қызы ма?

– Тәубә солай. Есімі Алтын. Мамандығы өнертанушы.

– *Ендеше, біз де тәубә дейік. Бәрі құтты болсын, жұғысты болсын. Алла жар боп жүрсін. Шолпан екеуіңіз қызығына тоймай, аман-есен бола беріңіздер. Көп жасаңыздар.*

– Рахмет, аға. Айтқаныңыз келсін. Өзіңізге де жақсылықтар тілейміз. Сәл асығыстау ем, тағы қояр сұрақтарыңыз бар ма?

– *Әлгіңде соңғы сұрақ деп ем. Дегенмен, гайыптан келе қалған тағы бірер сұрақ жылтың қағып тұр...*

– Айтыңыз.

– *Материалдық жағдай қалай? Коллектив мүшелерінің хал-ахуалы, күнделікті тұрмыс, жалақы, тағы басқалар дегендей.*

– Ол жағынан аздап ұяттымыз. Өзіңіз білесіз, қазір қайда да дағдарыс. Қымбатшылық салқыны тимей тұрған жоқ. Жыл сайын кемі үш-төрт не екі-үш жаңа спектакль қоюымыз керек. Былтыр өйтіп-бүйтіп тәуір шықтық. Биылғы жылды қайдам. Бұлыңғыр. Әйтсе де, жақсылық күтеміз. Нұрсұлтан Әбішұлы соңғы Жолдауында айтты ғой, жабырқамай, жасымай, шыдамды болындар, бәрі уақытша, түзеледі деп. Жұрт қатарлы көре жатамыз. Министріміз Арыстанбек демеп қояды: «Еңсені биік ұстандар, қара шаңырақтан құт кетірмейміз»,– деп. Осыларды дәтке қуат етеміз. Әйтпесе, қазірдің өзінде қалтаның түбі көрініп қап жүр...

– *Тағы бір дәстүрлі сұрақ. «Ақшамның» журналының оқырмандарына не айтасыз?*

– Не айтамын. Бақыт болсын.

– *Коллектив мүшелері газет-журналдарға жазылушы ма еді?*

– Оны әркім өзі біледі де. Әйткенмен, жазылатындар, оқитындар бар. Ескереміз. Рухани байлықтан артық ештеңе жоқ. Құдай рухани кедейліктен сақтасын!

– *Дұрыс, Асқар. Қосыламыз. Өнер саласының мамандары оқымаса, не болмақ? Қанша жерден талантты, атақты болса да, Абай, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауинді оқымайтын пенденің ой-өрісі кемшін болары анық.*

## КАМАЛ СМАЙЫЛОВТЫҢ МӘРТТІГІ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, қарымды қаламгер, жазушы-журналист, марқұм Камал Смайыловтың бүкіл ел, замандас, қызметтес, әріптестері, өзгелерге де қол ұшын беріп, көмегін аямай, шуақ шашып ғұмыр кешкеніне айғақ-дәлел жеткілікті. Кімге болса да бақай есепсіз, риясыз, адами тұрғыдан қарап жасайтын (жасаған) жақсылық-шапағаттары көптің жадында. Осы күндерде ойлағанда, – алыстан келген ауыл мұғалімі – өз басымның да жақсы-жаманды қаламгерлер қатарына



қосылуыма себеп болған Кәмекең болатын. Ол жақсылығы ұмытылған емес, көзі тірісінде (өмірінің соңғы жылдарында) екі-үш басылымда кеңінен толғап жазылды да. Қашанда күліп сөйлейтін қалпымен «е, оқыдым» деп қоя салған. Алайда...

Бұл жолы аяулы жанды еске алып, сөз етпегіміз, оның басқалар біле бермеуі мүмкін (сирек құбылыс деуге сыйымды) елден-ерек бір мәрттігі хақында. Шынын айтсам, мен өзім де күтпеген сол оқиға жөнінде таяуда Кәмкеңмен қызметтес болған, бір зейнеткер еңбек ардагерінен естідім. Қанға біткен әскеттікпен «рас па?» деп екі-үш қайтара тықақтай сұрап, шындығына көз жеткен соң, оқырманмен бөлісуді құп көріп отырған жай бар. Ендігі әңгіме сол зейнеткер атынан баяндалады.

– Ортаазиялық (көрші) төрт республикада да қазақтар аз емес қой, – деді Жеңіс Кетебаев. – Орта мектепті медальмен бітірген соң, Ашхабадта жоғары біліп алып, комсомол саласында тәуір қызметке іліктім. Сол қарқынмен басқа да біраз биіктерге көтерілуім ықтимал еді, бірақ, есіл-дертім атамекен боп, Алматыға тартып кеттім. Мұнда жақсы қарсылап, телевидениеге орналастым. Ойымда дәнеңе жоқ, баршаны бауыр санап, жана орта, жана дос-жарандар арасында пәруәйім пәлек боп, бұйырған қызметті істеп жүріп жаттым. Ешкім жөнінде қияс пікір, бөтен ой жоқ, жұрттың бәрін тілектес-ниеттес санап, өзімдей көрдім. Шыны да солай-тын. Алайда, осы тірлігімді көпсініп, бір саусағын ішке бүгіп жүретіндер де бар екен. Ол пәтер кезегіне тұрмақ боп, кәсіподақ ұйымына өтініш берген кезде байқалды. Үстімнен қарайтын тікелей бастығым: «Саған пәтер жоқ. Алматыға келгеніне шүкір деп жүре бер, әйтпесе, келген жағыңа қайтып кет», – деді бетіме зәрлене қарап. Өңі де, сөзі де әсем, бауыр санап жүретін жігіттің мұнысына түсінбей: «Қызмет істегеніме үш жыл болды ғой», – дегеніме селт етпестен, бөлмесінен қуып шықты. Бірақ, құдай жар боп, ұзамай жұрт қатарлы пәтерлі болдық. Әлгі бастығым (ол кезде мен басқа бөлімге ауысқанмын) бір жолы коридорда жолығып қап, өткендегі ісіне кешірім сұрады. «Көңіліңе алма», – деді. «Мақұл, сіз де ренжімеңіз», – дедім. Және мұнысына ішім жылып, риза болдым. Марқұм бір жылдан соң мезгілсіз дүние салды. Рухы шат болсын.

Қазақ, орысы аралас он адам жаршымыз. Бастық жаршы, бес адам аға жаршы, қалғандар төменгі сатыдағы жаршы. Төменгі сатыдағының бірі – мен. Ауыс-түйіс боп жатады. Күндердің күні аға жаршылыққа сұрандым. Бастық жаршы «есте» деді. Әдетте, өзгерістер жылдың басында болады. Үлкен бастық – Камал Смайылов. Өзімнің бастық жаршым оған айттым, болады дейді. Бірақ, қызметім өзгермейді. Кәмекеңе пәлен деу өң түгіл, түске кірмейді. Екі жыл өтті. Үшінші жыл басталды. «Не болды» десем, тікелей бастығым тағы да: «Кәмеңе айтқанмын, біледі» деуден аспайды.

Камал ағаның алды кең, кез-келген қызметкер еркін кіріп-шығып жүретінін білетінбіз. Бір күні тәуекел деп мен де кіріп, жағдайымды айттым. «Қалай, әлі кіші жаршысың ба?» – деді ол елең етіп. «Бара бер», – деп шығарып салды. Сөйтсем...

Камал ағаның әр жылдың басында шығатын ресми бұйрығы бойынша менің аға жаршылыққа көтерілгеніме үшінші жыл болыпты да, бастық жаршым ол жөнінде маған қасақана айтпайды екен. Сірә, түбі шындық ашылады деп ойламаса керек. Бұлар жөнінде...

Мен қабылдауына барған күні кешкілік үйге телефон соққан Камал ағаның өзінен естідім. Қашанда жайдары қалыпта асығыстау сөйлейтін Кәмекең: «Танертең жұмысқа барған бойда бірден Мадридке кір (Мадрид Рысбеков орынбасары), айттым, ол біледі», – деді.

Танертең Мадрид Рысбеков жаршыларды кабинетіне жинап: «Бүгіннен бастап бастықтарың Жеңіс Кетебаев болады, председателдің бұйрығы солай», – деп, мені бұрынғы бастығымның орнына отырғызды. Бұрынғы бастықты аға жаршы етті. Осымен әңгіме бітті. Ың-шыңсыз...

– Ойда жүрген нәрсе еді де, – деді осылар жөнінде айтқан Жеңіс Кетебаев жеңіл күрсініп. – Бұл жерде біреу-міреуді мұқатып, өзімді көтермелеп отырған дәнеңе жоқ. Мақтанудан аулақпын. Тек дарақ бір жерден көгереді дегендей, кейін сол мекемеде өзге де жауапты қызметтерге жоғарыладым, председателдің орынбасарына дейін өсіп, зейнетке шыққаным да көпке аян, көке.

– Зейнетіңнің қызығын көріп, аман-есен жүре бер, – дедім оған. – Камал Сейітжанұлы Смайылов менің де аға дос, жа-

нашыр ұстазым болған. Сен айтқандай мәрттігіне сан рет куә болғанмын. Сен екеуміз білмейтін жайлар да аз болмауға тиіс, – деп аруағына тағзым еттік.

## САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ҚАЙСАРЛЫҒЫ

Атышулы заңгер-ғалым, академик, қазақтың біртуар перзенті Салық Зиманов жайлы бүкіл ел-жұрт біледі, ардақ тұтады, аялайды, ұмытпайды. Бақиға озғанына көп болмаған ұлы тұлғаны бұдан біраз жыл ілгері өмірден өткен белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, философ-ғалым, профессор, атышулы журналист, сан салада қалам тербеген аса зипа, зиялы, қарапайым, кішіпейілдігі шексіз Әбдеш Қалмырзаев екі сөзінің бірінде қазақтың мен құрметтейтін төрт перзенті бар, олар – Сағадат Нұрмағамбетов, Бәйкен Әшімов, Сәдуақас Темірбеков, Салық Зиманов деуден жалықпайтын еді, жарықтық

Әне, таяуда сол сирек тұлға Сәкең, Салық Зимановтың ел басына сан түрлі сын сағаттар туған сәттерде жасаған ерлікке пара-пар қайсарлығы хақында белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, медицина ғылымының докторы, профессор, Әжібай ата сынды текті тұқымның ұрпағы, «Фармация» компаниясының президенті Кеңес Үшбаев айтқан сыр-сұхбатты жұрт білсін деп ортаға салмақпыз, ағайын. Қысқаша қайырсақ...

– Қонаевты орнынан алып, Колбин келген соң, әлдебір ойдан шығарылған дақпырт-жала өрістеп, республика басшылығындағы онсыз да сирек қазақтардың орнына ана тіл, ұлттық салт-дәстүрден жұрдай, халық болашағын ойлауға дәрменсіз небір әпербақан, кеудемсоқ дөкірлер қойылмады ма? Сондайлардың бірі – әуелі Алматы облыстық партия комитеті, онан соң, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде секретарь болған Меңдібаев есінде шығар, – деп бастады әңгімесін Кеңес. – Сәл-пәл дәлсіздіктер болса басқалар түзете жатар, қарсылық жоқ, есімде қалғаны, сол тұстарда Жоғарғы Советке депутат едім. Меңдібаев секретарлықтан босап, майлы жіліктен дәмесі үзілмеген болса керек, жанын салып жоғары лауазымды қызметке ұмтылды. Ұмтылғанда, Республика Министрлер Советі Председателінің орынбасарлығына сайлануды көкседі.

Ол кезде Республика Министрлер Советінің председателі Ұзақбай Қараманов болатын. Жан дүниесі жайсаң, қайырымы мол, иі жұмсақ Ұзекең, сірә, келісім беріп қойды ма екен, нақты білмеймін, әйтеуір, әлгі қызметке Меңдібаевтың кандидатура-сы аталып, талқыға салынатын болды. Құдай жарылқап, сол күні мен залдың алдыңғы қатарында отыр едім. Меңдібаевтың фамилиясы аталған бойда орнымнан ұшып тұрдым да: – Меңдібаев мырза! – дедім даусымды көтеріп. – Ты совершил кадровый геноцид. Жұртқа не бетіңмен қарамақсың? Тағы да солай етесің бе? Жоқ! Біз енді ондайға жол бермейміз. Солай емес пе, депутат мырзалар? – деп залға көз тастадым. Назарым бірден – ол да бірінші қатарда отырған – Салық Зимановқа түсті. Көздері шоқтай жанған Сәкең екі қолын бірдей көтеріп: «Дұрыс айтасың, Үшбаев інім!», – деді маған қарап.

Залдан: Солай! Солай! – деген дауыстар естіліп, жұрт дүрлігіп кетті.

Уақыт түске таянған еді, соны пайдаланып, әрі жұрт тыншысын дедім де, председатель үзіліс жариялап жіберді.

Сыртқа бет алған менімен Салық Зианов бастаған бір топ депутат ілесе шығып, тамақтануға бармастан әлгі мәселені коридорда талқыладық. Онан соң Сәкең өзге депутаттармен де жеке-жеке сөйлесіп, не керек, Меңдібаевты сайлатпаудың барлық амалы жасалды.

Сессия басталған соң, айтқандай-ақ, Салық Зиманов бастап, өзге депутаттың бәрі Меңдібаевты бір ауыздан сайлатпай тастады. Бұларды айтып отырғаным, егер сол жолы Сәкең мені бірден қолдап, депутаттарды сонынан үйіріп әкетпегенде, құдай біледі деп айтайын, базбір бос белбеу пақырлардың көңілшектігінен Меңдібаевтың биік лауазымға қайта сайланып кетуі де ықтимал еді. Салық Зимановтың қайсарлығының арқасында партиялық форум, съездерде бір ауыз қазақша сөйлемейтін Меңдібаевтың жолы кесілді. Және сол кесілгеннен қайта бас көтере алмастай етіп, біржола кесілді. Табаламаймын, Меңдібаевқа керегі сол болатын. Жолбикеге обал жоқ.

– Салық Зимановқа бәрекелді. Өзіңнің де себің зор бопты ғой, – дедім Кеңеске әзіл-шынын араластырып. – Басқа біреу болса, мен қатырдым деп күпінер еді. Сен болсаң...

– Қылжақты қайтесің. Салық Зиманов онсыз да әруақты тұлға. Ел үшін жасаған ерліктерінде есеп жоқ. Мен өз көзіммен көріп, куә болған біреуін ғана айттым. Рухы шат болсын! – деді Кеңес Үшбаев өңі сәл алабұрта.

– Салық Зимановпен кейін араласып тұрған шығарсыңдар?!

– Әрине, араластық. Өмірден өткенше сыйластық. Керемет адам еді ғой марқұм.

Міне, қадірлі оқырман! Базбір пенделер жиырма жыл көз жасын тия алмай, зарығып күткен (осының түбірін зерделе) кәрі қақсал Колбин қазақ билігінің басына келгеннен соң оған лайықты қолшоқпар болған, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Кіші 1937» атты мақаланың «көзге көрінбес» кейіпкерлерінің бірі – Меңдібаев қасқаның дәуірі осылай аяқталды.

Нұрың пейіште шалқысын, Салық аға Зиманов! Қазақтың Зимановы! Ел намысы таразыға түскен күндерде табандылық танытқан тектілігіңді жадында сақтап, теберіктей тәу етіп жүрген іні досың, қадірменді Кеңес Үшбаевтың абыройы асқақтай берсін! Ұлтшыл, намысты, қыран текті қаламгер, ақын, дәрігер, бас фармацевт Кеңес Үшбаев!

*Р.С. Жоғарыда өткеннен сабақ алу тұрғысында айтылған жайларды – қос кейіпкер – маған жаз деп емес, сөз арасында жәй әңгіме ретінде баян еткен-ді. Соны да ескерейік.*

## РИШАТ ПЕН БАЙҒАЛИ

*Қос алып – қос әнші және аз сөз Байғали Досымжанов*

- әнмен әрленген балалық шақ
- патефон... радио...
- екеуі де «өлтiрушi» едi...
- Ришат Абдуллин мен Байғали Досымжанов – мақтанышымыз

Алуан нәсілді халық-тайпа атаулының бәріне өнер, ән-музыканың ортақтығы ғажап құбылыс. Бұл көне дәуірлерде көктеп, көштен қалмай келе жатқан – сұрапыл өнер дарыған – қазақ атты халыққа да ортақ. Анда-санда ой-пікірді (осылайша) әріден толғап қою да көптік етпестей көрінеді. Ән, күй, жыр, жалпы музыка адам баласымен бірге жаралғанына не күмән?

Олардың әр халықтың ішкі-сыртқы жан дүние, бет-бейне, рухани даралығын айқындайтыны өз алдына (дегендей).

Бұл жолғы сөзді осылай бастаудың себептері де жоқ емес. Қазақ музыкасында (өзгелерді бөле-жару емес) неткен тереңдік, сиқырлы құдірет жатыр десейші. Соларды ғасырдан-ғасырға мирас етіп, байытып, түлетіп, жасартып-жайнатып, сары майдай сақтап келе жатқан бұрынғы-кейінгі ұрпақ өкілдеріне мың тағзым да аз секілді.

Музыка – баға жетпес рухани байлық. Енді аспаннан жерге жақындап пікір өрбітер болсақ, ес білгеннен жан дүниені (солай дейік) музыка баурады, құрсады, аялады, жаныды, шыңдады, ширатты, сейілтті, алға жетеледі. Бала жастан бастан өткерген қызық-шыжық, ыстық-суық, михнат-тауқымет – бәрі ән, күй, жыр-дастан, музыкамен тағдырлас, сабақтас...

Ән. Ән сал. Ән шырқа. Қазақ осылай дейді. Түсінікті. “Өлең айт” дейді. Түсінікті. Ән сал, ән шырқа – бір ұғым. Оңтүстік жақта “ән салдан” гөрі “өлең айт” басымдау. Абайдың “Туғанда дүние есігін ашады өлең” дегеніндегі “өлеңнің” ән екені белгілі. “Әннің де естісі бар, есері бар” дегеніндегі “ән” де солай, яғни, “өлең”. Ән – өлең, өлең – ән. Бұл пікірді бүгінгі ұрпақтың құлағына алтын сырға ретінде келтіру де артық еместей. Өйткені, өлең ән емес, ән өлең емес деп (кейіннен көбейе бастаған) білгіштерді де кездестіріп, көріп жүреміз. Сондықтан, жеке пайымдауымызды «қыстыра» кету артық болмас деп үміттенеміз.

Бұл бір. Екінші, өткен ғасырдағы екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында содан жеті-сегіз жыл бұрынғы ұжымдастыру, азынаулақ дәулеті барлардың мал-мүлкін тәркілеп, жер аудару, айдап-асу, одан қалың елді қынадай қырған ашаршылық, одан ауылда да, қалада да бас көтерер азаматтарды халық жауы деп қудалау, ату-шабу секілді сойқандардан кейін сансырап-сандалып, көрмегенді көрген ел-жұрт уақыт өте еңсе көтеріп, тұрмыс-халі ептеп болса да оңалып, түгіндері түзу шыға бастады. Бір ауылда бір-екі үйде болса да, бұрын оң түгіл, түсте көрмеген велосипед, патефон дегендер (соғыстан бұрын да) болатын-ды. “Қоңыртөбе” колхозындағы бастауыш мектептің мұғалімі менің әкемде солардың екеуі де бар-тын. Әрі, бұл сол уақыт үшін айтары жоқ жаңалық-тын. Велосипедті айтпағанда,

шағын ауылдағы үлкен-кішінің патефон тыңдауға ертелі-кеш келіп жататыны ғажап еді-ау. Анам марқұм патефонды өз қолымен қойып (ойнатып емес), келгендерге ерінбей-жалықпай тыңдататын. Менің төрт-бес жастағы кезім болу керек, әлі мектепке бармаймын, сауатым жоқ, соған қарамай, қай пластинкада қандай ән, күй барын (аттарын) жатқа білемін. Шамасы, анам үйрететін болса керек, кейбір орындаушылардың аты-жөнін де тақ еткіземін. “Бипылды” айтатын Жамал Омарова, “Ардақ”, “Шама”, “Қызыл бидайды” айтатын Қали Байжанов, “Молдабай”, “Біздің күшті” айтатын Әли Құрманов, “Тәккуді” (орындайтын емес) айтатын Күләш, “Мұхитты” айтатын Ғарифолла, “Айжан қызды” т.б. күйлерді тартатын Қали Жантілеуов дегендей. Қысқасы, қай пластинкада не бары мәлім. Орысша, өзбекше пластинкалар да солай. Бүгінгідей ғарышқа шарықтаған техникалық мүмкіндіктер жоқ кезде бұл деген керемет. Қиял жүйрік, шексіз, кейде патефонның ішінде кіп-кішкентай адам отырған жоқ па деген де ой келеді.

Отыз-қырық шақырымдай жердегі Ташкентке қарай тура біздің ауылдың үстімен самолеттер ұшады. Шырқау биіктегі олардың тұрпаты ойыншықтай болып көрінеді. Ішінде адам бар деп ойламайсың. Егер олардың ішінде адам болса, патефонда неге жоқ. Міне, бала қиял, балаң түсінік!..

Ертелі-кеш үсті-үстіне қоя берген соң, патефонның инесі мұқалады, мұқалған соң дыбыс қырылдап шығады, кей пластинка шетінен, кейбірі ортасынан қақ бөліне сынып жатады. “Айжан қыз” күйі бар пластинка шарт сынып, жарамсыз болғандағы өкініш осы күнге дейін өзекті өртейді. Ой, дүние-ай!

Аз-мұз толғанысқа түссек, түсіп отырған шығармыз, бірақ, жаңалық ашып отырған жоқпыз (кейінгі және бүгінгі ұрпақ үшін жаңалығы басым болса да). Бұлар балалық шағы соғыс жылдарына тап келген ұрпақ өкілдерінің көбіне таныс, басынан өткен жайлар, ортақ өмір өткелдері ғой.

Солайша, патефоннан тыңдайтын ән-күйлер жүрекке жетіп, құлаққа сіңіп, естері енді-енді кіріп келе жатқан балдырғандардың саналарына сіңе берді, көкейлеріне тоқыла берді. Оларға күнделікті көріп-біліп, түйсініп-сезініп жүрген дағдылы тіршілік-тыныс, балалық бал дәуреннен де бөлек ғажайып, еш нәрсемен салыстыруға болмайтын тылсым өмір

есігі айқара ашылып, іңкәрлік, ынтызарлық алауы жалын атып, лаулай берді, өнер, әсемдік әлемі құшағына тарта берді, құштарлық арта берді...

Соғыс! Қару ұстауға жарайтын ер-азаматтар ел қорғауға аттанып жатты. Күні кешегі ашаршылық, басқа да нәубеттерден әуірімдеп аман қалып, енді-енді қаз тұрған, енді-енді отау құрған, оларға қосылып, әлі кәмелетке толмаған, әсіре науқан әсерімен екі-үш жасты асыра жаздырған бозбала үрпек бастар комсомолмыз деп олар кетті.

Ел іші жылау-сықтау, қайғы-қасірет. Әкеміз соғысқа аттанардан сәл бұрын “Қоңыртөбе” колхозынан “Ынтыалы” колхозына көшіріп келген біз осындағы ағайын-туғандар ортасындамыз. Әйел атаулының бәрі – жаңа түскен жас келіншектермен қоса – күні бойы жұмыста: мақта шабады, жегенелейді, арамшөп жұлады, суарады, қысы-жазы михнат. Ауылдан едәуір алыстағы мақталық алқаптан ертеден кешке дейін әйелдердің қосыла шырқаған әні естіліп жатады. Жүректі езіп, жанды жасытардай мұнды, зарлы әуендер.

Тұрмыс жүдеу, киер киім, ішер ас тапшы. Соған қарамай, жас келіншектер кешке қарай бір үйге жиналып, қосыла ән айтады, менің соғыстағы үлкен нағашымның әйелінің осы ауылға келін боп түскен еті тірі, пысық, жалпақ беттеу, сарғыш өнді (ашаршылық жылдары апасы екеуі Қызылорда ма, сол жақтардың бірінен келген, төркін жұрты белгісіз) сіңлісі Бібәйша әпшем тартатын домбыраға саусақтарын сыртылдатып ойнайды (бұл жақта билеуді солай дейді). Дастарқанда ішіп-жейтін түк болмаса да, көңіл көтереді.

Мұны айтып отырғанымыз, ән айтуға үлкен де, кіші де, балашаға, кемпір-шал да құмбыл. Және кілең бұрын естілмеген, қайғылы әуендер. Ел басына күн туғанда жұрттың бәрі жабыла өлең айтып, шер тарқататынын сонда көргенбіз. Әрине, бірінен-бірі өткен мұңлы әндер. Оларды шығарған да ешқандай композитор емес, ел-жұрттың өзі. Басқа қайғы орнап, жан қыспаққа түскенде адамдардың өздері-ақ жаңа әуендердің небір түрін киналмай тауып ала қояды екен. Оған дәлел, сол шетінен ағып тұрған әншіге айналған ауыл әйелдерінен естіп, құлақта қалған бес әуен әлі күнге жадымда. Өзімше оларды 1941, 1942, 1943, 1944, 1945 жылдарға жеке-жеке теліп қойғанмын. Әрбірінің



өзіндік мақамы әр бөлек. Алғашқы екі жылдағысы ерекше зарлы, сай-сүйекті сырқыратады. Одан кейінгі екі жылдағысы сәл мизам таразылау. Қайырмасы “Қасқа төс құнаным-ай, колхоздың орындай жүр планын-ай” боп келетін соңғы – 1945 – Жеңіс жылындағы ән бұрынғылардан сәл де болса көңілді, ойнақылау, ептеп әзіл-оспағы да жоқ емес. Оларды ән десе ән, әуен десе әуен. Бесеуі бес түрлі, бір-бірімен шатастыру мүмкін емес. Бірақ, бір дәуір, бір кезеңде туғаны сарындарынан байқалып, сезіліп тұрады. Уақыт. Кезең. Тағдыр.

Олар көкейде, нотаға түспеген. Отан соғысы тақырыбына симфония ма, сюита ма, сондай бірдеңе жазуға сұранып-ақ тұрғандай. Өзі де соғыс жылдарының төлі, композитор Мыңжасар Маңғытаев бауырым мен солай етемін деп жүргенде өмірден өтіп кетті. Екі салғырт солайша уақыт өткізіп алдық. Бес әуен күтулі. Оқасы жоқ, әлі де үміт бар, кеш емес.

Соғыс бітті. Ашты-тоқты күндер. Қиындық шаш етекпен. Майданға кеткендерден тірі келгендер келіп, келмегендер келмеді. Келгендер санаулы, келмегендер бір қауым. Тірілер тіршілік жасамай қайтеді. Әйтсе де, соғыс біткен соң ертелі-кеш жаппай ән салу азайды, күндердің күнінде, тіпті, ат басындай алтын беремін десең де, ілкіде болмаса, ешкім оңайлықпен өлең айта қоймайтын болды.

Бұл ән, күйден қадір кетті деген сөз емес. Окта-текте шеттен келетін өнерпаздардың концерт, спектакльдеріне үйіліп-төгіліп баратындарда қисап болмайды. Олар бір аудандағы елу-алпыс шақты колхозды түгел аралайды. Өз ауылымыздағы концертті көрген соң, ертеңіне көрші колхозды жағалаймыз. Кейде үшінші колхозға жол тартамыз. Шамасы, концерт бригадалары келген әзірде аудан басшыларына жолығып, шаруашылықтарды түгел аралауға рұқсат алатын болу керек. Өне, сондайда кейбір колхоз бастықтарының оларға тоңмойындық жасап, қабылдағысы келмейтіні байқалатын (ақша төлеуге тарсынады да). Бірақ, бәрібір қабылдайды. Және концерт не спектакльге (әдетте, өнер иелері екеуін де көрсетеді) олар жұрттан бұрын барып, рахаттана тамашалайды. Және мал сойып, қонақ етеді. Осындайда соғыстан соңғы жылдары ауылға Алматыдан күйші Самиғолла Андарбаев, әнші Сара Мамытова, Қызылордадан Нартай Бекежанов келгені еске түседі-ау. Қысқасы, тұрмыс-тіршілік қаншалық

ауыр, азабы мол болса да, өнер атты құдірет халық тіршілігінен бір елі ажырамай, қатарласа самғады, күш-жігер, қайрат берді, ең ғажабы, қара домалақ жас өскіндерді алға жетеледі, шабыттандырды, үмітін оятты, сенім ұялатты.

Қайталап айтайық, соғыс аяқталған бойда жұрт бұрынғыдай жаппай ән шырқап, би билемейтін болды дегенде, бұл жалпы өнерден безіну, қол үзу емес, керісінше, сол кезеңдердің өзіне тән үрдіс-болмысы болатын. Ал, жоғарыда қалың қауым соғыс жылдарында сұрапыл мұңға батып, қайғыдан қан жұтқан қаралы шақтарда ән, күй, жыр, қиссалардан жұбаныш тапқаны бөлек ахуал.

Келесі ауданы бойынша жалғыз орта мектеп болып, барша колхоздан бір-екіден жиналған балалар сонда оқыды (аудан орталығында). Бұл тіпті де жетіскендік емес, халық (құрып кетуге аз қалып) саны селдіреп қалғанының айғағы-тын. Мәселен, біз ауылдағы жетіжылдықты бітірген соң, сол жалғыз орта мектептің қатарлас (параллель екі) сегізінші класына барып оқыдық. Бітіргенде де солай. Рас, аудан басшылары мен бірлі-жарым өзге ұлт өкілдерінің балалары оқитын орыс класы болды. Міне, ән, музыка осы кездерде де бізді демеп, қиялға канат бітіргені таусылмас хикая-тын. Сол шақтарда белең алған қырғиқабақ соғыс қаупі күшеюіне орай “Бейбітшілік сақталады”, “Бейбітшілік туы берік қолда”, “Қазақстан”, “Ақ көгершін”, “Алатау”, “Жетісу” секілді патриоттық әндер жиі шырқалып, кіл комсомолдар оларды құлшына орындайды. Ол кездерде әлдекімдер о жер, бұ жерде киноға түскен атақты актерлер мен актрисалардың фотосуреттерін сататын. Әркім қалағанын алып, бойтұмардай сақтайды. Олардың ішінде “Біржан-Сара” операсындағы басты рольдерді орындайтын Байғали Досымжанов пен Күләш Байсейітова, Әнуарбек Үмбетбаев пен Шабал Бейсекова, “Абай” партиясын орындайтын Ришат Абдуллиннің суреттері де болады. Бәрінің атақ-даңқына қанықпыз. Фотосуреттерде олардың алған жоғары атақтары, Сталиндік сыйлықтың лауреаты екендіктері жазылады. Оларға көзіміз тоймай қараймыз.

Әрине, олар алыптардың алыбы, басқалар сияқты, ауылға келмейді. Алматыдан оқу бітіріп келгендерден “оларды көрдіңіздер ме?” деп сұраймыз. “Көргенде қандай” деп майын

тамыза айтып береді. Аузымыздың суы құрып, таңдай қаға тамсанамыз. Бұл сол кездегі бүкіл Қазақстанға ортақ құбылыс екеніне уақыт өте көзіміз жетті.

Жоғарыда соғыс жылдарының шикіөкпелерін өнерге іңкәр еткен патефон хақында текке айтқан жоқпыз. Орта мектепте оқып жүргенде де патефон әлі бар болатын. Сәті түскенде неше алуан жаңа пластинкалардан бұрын белгісіз талант иелері орындайтын жаңа әндер тыңдайтынбыз. Бірінен-бірі асады, бірінен-бірі әсерлі, әуезді, бөлек үн, бөлек нақыш. «Алқоңыр», «Назқоңыр», «Айттым сәлем Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Үкілім-ай», «Ләйлімді» орындайтын Байғали Досымжанов, «Япурай», «Түлдерайым», «Қорлан» (бірінші, екінші түрі), Абайдың әні «Бойы бұлғаң», «Қор болды жаным» т.б. әндерді орындайтын Ришат Абдуллин, Ришатқа қосылып та, жеке де «Бір бала», «Ергіс» секілді әндерді төгілтетін Мүсілім Абдуллин, «Аққұм», «Жаяу Мұсаны» айтатын Әнуарбек Үмбетбаевтардың жөні бөлек-тін. Соларды ойлағанда, Алматыға қарай құс болып ұшып кеткің келеді.

Мұның бәрі балалық бал дәурен, бозбала шақтағы тасып-төгілген әсер, таным, сезім, түйсіну, еліктеу, арман, қиял үрдістері, әлбетте.

Ташкент қаласында оқыған студенттік жылдарда да солай. Алматы – арман. Тұрмыс тауқыметінен онда аяқ жетпей қалғаны – өзек өртейтін өкініш. Сонда Қазақ университетінің орыс филологиясында оқитын Әбдіқайым Асанов дейтін жерлес бала болушы еді (онда бір-бірімізді бала дейміз ғой), сонымен жиі хат жазысып, белгілі әншілер жайлы сұраймын, ол тәптіштеп жазып, айыз қандыра жауап береді. «Ришат Абдуллиннің жартылай қараңғы залда Абай ариясын орындауы керемет», – дейді. Күләш, Шабал, Әнуарбек жайлы жазады. «Ермек Серкебаев дейтін жас әнші шыққан, оның жөні мүлде бөлек», – дейді.

Күйшілер Жаппас Қаламбаев, Лұқпан Мұхитов, Қали Жантілеуов, әнші Кәукен Кенжетаевты Ташкентке гастрольге келгенде – бір апта бұрын билет алып – көзімізбен көріп, өнерлерін тамашаладық. Бірақ олардың арасында Күләш, Қанабек, Құрманбек, Байғали, Әнуарбек, Ришат болған жоқ-тын.

Қалтасы тесік студенттерде радиоқабылдағыш қайдан болсын, ол жарықтық іргедегі Келес ауданында да жоққа тән, кей

үйлерде даусы әрең шығатын микрофон деп атайтын қалақтай радио болады. Олардан көбіне орысша музыка, хабар-ошар беріледі. “Қазақ музыкасынан” концерт сирек. Беріле қалғанның өзінде жарты сағатқа жетпей шорт үзіледі. (Бұл өзінше өкініш, алда тоқталамыз).

Қазақ музыкасына табынып, елігіп, ынтызар боп өскен (өзіміз құралпас) барша замандастарға ортақ бұл жайларды тектен-текке баяндап отырмағанымызды шамалайтын боларсыз, ағайын. Музыканы өміріне серік етіп, барша ғұмырын арнаған кешегі-бүгінгі дарын иелеріне бас имеген, мәңгі қарыздар емес пенде болмаған, болмайды да. Әнсіз тіршілік жоқ. Бұл бір.

Екіншіден, ән (музыка) туралы толғаныс бұлармен бітпек те, толастамақ та емес. Сондықтан, жоғарыда айтылғандармен шектеле тұрайық. Ән болған соң, әнші болады: кеңталант та, кемталант та, асығы да, жасығы да дегендей. Ендігі әңгімені қазақ музыкасының (ән өнері) кезіндегі қос бірдей мәңгі сөнбес жарық жұлдызы, артына өшпес із қалдырып, өнер тарихында аттары алтын әріппен жазылған дара тұлғалар Ришат Абдуллин мен Байғали Досымжановқа бұратын сәт жеткендей.

Ришат Абдуллин немесе Ришат және Мүсілім Абдуллиндер. Ағайынды Абдуллиндердің айлары оңынан туып, қазақ өнерінің шарықтай дамуына қосқан үлестері қашанда, қай кезде де арнайы сөз етуге лайық (бөлек) әңгіме. Олардың бүкіл қауымды тәнті етіп, таусылмас рухани байлыққа бөлегендері әлі де көп жұрттың жадында, көкейінде, әсіресе, сол қос алыптың көзін көргендерге күні кешегідей көрінетіні де содан болса керек.

Жоғарыда айтылғандай, ес кіріп, етек жапқанға дейін Ришат орындайтын әндер мен арияларды негізінен патефон, радиодан естіп жүрдік. Ести білер құлақ, сезе білер жүрек әр әншінің әр әнді өзінше орындау мәнерінен дарын ерекшелігі екшеліп, даралық қуаты сұрыпталатынын да аңғарады. Ришат Абдуллин! Құдірет! Ғаламат! “Қорлан”, “Құсни-Қорлан”, “Япурай”, “Қор болды жаным”, “Бойы бұлған”, “Түлдерайым” сынды әндерді одан асырып айтатын жан әлі күнге жоқ деп кесіп айтуға болатындай. Өздерін одан кем емеспіз дейтіндер де бар болса бар шығар, бірақ, Ришаттай қайда, ешкім оның шаңына ілеспейді. Оған ешкім таласа алмайды. Бұл жерде Ришатты асыра мақтап, өзгелерді төмендетерлік дәнеңе жоқ. Ришат орындаған әндер

оған дейін қалай айтылғанын кім білсін, бірақ, о баста қалай айтылса, бүгінге солай жеткен деуге сиымды (деуге болғандай).

Ал, ендеше, айтшы, Абайдың әні “Қор болды жаным”, Естайдың әні “Құсни-Қорлан”, халық әні “Япурайды” Ришаттың көзі тірісінде де, одан бергі уақыттарда да дәл сондай етіп шырқайтын біреу-міреу болды ма? Тіпті, тісі батпайтындықтан ба екен, сірә, солай болар, біз атаған және басқа ғаламат әндерді қазір кім орындап жүр? Ешкім! Байыбына бармай барылдау есеп емес. Мәселен, қазір ешкім де “Қорланды” біреу-міреу жақсы не жаман орындады дей алмайды. Себебі, үлгі етер эталон жоқ. Егер болса, ол – Ришат Абдуллин. “Япурайды” қазқалпында, табиғи мәнерімен орындайтын одан басқа кім? Ешкім. “Қор болды жаным” да солай. “Гүлдерайым”, “Алқоңыр” қазір мүлде естілмейді. (Ришат орындамағанмен, “Шама”, “Ардақ”, Ағаш аяқ”, “Сапар”, Жүсіпбек, Манарбек орындаған біраз әндер де сол кепті киіп тұр емес пе, о жалған-ай!).

Мынадай да ой келеді: қазір, тым болмаса, кезінде Құрманбек, Қанабек, Ришат, Жүсіпбек, Манарбек, Ғарифолла, Рәбиға, Рақия орындаған әндерге бастау ретінде қарап, өз білігінше өзгертіп, құбылтпаса, ойына не келсе соны істеуге құмбыл пенделердің бұрмалауына жол берілмесе дейсің. Бірақ, оны ескеріп, құлағына қыстырып жатқан кім бар? Өзімізге жете мәлім бір айғақты алға тартайық. “Гүлдер” ансамблі алғаш дүниеге келгенде бір топ қыз сахнаға “Бипыл” әнінің негізінде өңделген музыкаға билеп шықты. Кейін Жамал Омарова орындаған алғашқы нұсқа былай қалды да, “Бипылға” ділгер әншілер күні бүгінге дейін биге лайықтап жазылған сол нұсқа бойынша айтып келеді. Құлаққа түрпідей тиеді. Басқа кейбір әндер де солай. Ең қорқыныштысы, солар және басқа әндердің келер ұрпаққа өресі тар біреулердің бастапқы қалпын бұзып, бұрмаланып жетуі ықтимал екені.

Онан соң, әр әншінің (атақтылар, дара талант иелері, әрине) өз қолайына келетін, өзге әншінің орындауына келе бермейтін әндер болатыны да табиғи жай. Айталық, “Құсни-Қорланды” осы күнге дейін Ришат секілді орындай білетін әнші жоқ, күпірлік болмасын, біртуар өнер иесі, бітімі бөлек әнші Байғали Досымжанов орындаған «Ләйлім», «Бұрылтай», «Үкілім-ай» әндері де солай. “Үкілім-айды” бүгінде ешкім шырқамайды.

Кейде кейінгілер ішінде “Бурылтайды” айтатындар жоқ емес, бірақ, жарымжан мәнермен бұзып-жарып орындайды. Ау, ағайындар, Байғали айтатын “Бурылтай”, “Айнамкөз”, “Көз жібердім алысқа” дейтін әндер Ришатқа қол келмесе, Ришат айтатын әндер Байғалиға “томпақтау” екені айдан-анық емес пе? Сондай-ақ, “Абайдың ариясын” орындайтын Ришаттың “Біржанның ариясына” тісі батпаса керек. Байғали да “Абайдың ариясын” орындады деп естігеніміз жоқ. Сондай-ақ, ол екеуінің де Ермек Серкебаевтың “еншісіндегі” Фигароның каватинасына иектері қышымаған болса керек.

Халыққа кеңінен танымал тұлғалар ішінен Ришат пен Байғалиды бөле жарып, екеуіне назар аударып отыруымыздың себебі де сол. Басқалар жөніндегі әңгіме басқа уақытта. Әзірге...

Бұл екеуінің өздерін де, әндерін де көріп, тыңдаудың сәті өз басыма 1958 жылы жазда дәм жазып Алматыға келген соң түсті. Сол жылғы декабрь айында Мәскеуде Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтетін боп, күнілгері қызу дайындық жүріп жатты. Неге екенін қайдам, соларды күн құрғатпай жазып, жария етіп отыруға “Лениншіл жас” газетіндегі әдебиет, мәдениет (екеуі екі бөлек) бөлімдерімен қоса, Камал Смайылов басқаратын үгіт-насихат бөлімі де белсене араласты. Камал Сейітжанұлы қарауында әдеби қызметкер боп істейтін мені екі күннің бірінде біресе драма, біресе опера театры, Роза Бағланова, Жамал Омарова жұмыс істейтін концерттік мекеме, Құрманғазы атындағы оркестр, Хор капелласы, киностудия т.б. жерлерге жұмсайды. Жазайық, жазбайық, барып тұру, көріп-біліп тұру міндет. Ең үлкен олжа – Ришат пен Байғалиды сахнадан сан рет көріп, олар орындайтын романс, ария, әндерін айыз қана тыңдау (басқалар да бар екені өз-өзінен түсінікті). Өнер қайраткерлері дайындаған дүниелердің бәрі бірдей Мәскеуге апарылған жоқ, әлбетте. “Біржан-Сараға” даңғыл жол ашылды. “Біржанды” Байғали, “Сараны” Роза Жаманова сомдады (шырқады). Қазір Байғалидың қандай марапатқа ие болғаны есте жоқ, ал, Роза мен опера авторы Мұқан Төлебаев елге КСРО Халық артисі атанып оралды.

Онкүндікке қатысушылар Мәскеуге аттанардан бір-екі күн алдын газет ақ жол, оң сапар тілеген қомақты мақалалармен

қатар, арнайы тұтас бір бет арнап, Камалдың айтуымен, ол бетті осы жолдар авторы шұғыл түрде дайындады (ескі тігінділерден көруге болады).

Сол күндерді еске алу бүгінде үлкен ғанибет, мәртебе, мерей. Онкүндікке аттанғандарды II Алматы вокзалынан шығарып салу, сусар бөрік киген Сәбит Мұқановтың сөзін тыңдау өзінше дәурен еді. Онкүндіктің қалай өтіп жатқанын көбіне радио арқылы естіп, хабардар боп жүрдік. Біржанның арияларын айтқан Байғалидың Мәскеуден естілген даусы әлі күнге құлақта.

Бала кезден, бозбала шақтан дидарларын бір көріп, әндерін тыңдау арман болған Ришат пен Байғали секілді алыптармен сахнадан болса да, осылайша ұшырастық, қауыштық, солар жұрт алдына шығатын күні басқаның бәрі қалады, театрға қарай ұшамыз. Радиодан тыңдауға да іңкәрлік мол. Таңертеңгі бағдарламада айтылатын пәлен сағат, пәлен минутта “қазақ музыкасынан концерт” дейтінді қапы жібермеуге тырысамыз. “Көзімнің қарасы”, “Ләйлім”, “Бурылтай”, “Үкілім-ай”, “Көз жібердім алысқа” сияқты маржандарды естуге ынта шексіз. Пай-пай! Қазақ боп жаралғанға мың тәуба!

Мұның бәрі Алматыға келген соң. Әжептәуір қызметкер атанғанмен, бірде аш, бірде тоқ, басында үйі жоқ, үйі жоқ болған соң күйі жоқ, сүр бойдақ, сонда да көңіл көкке шарлап, сырдың суы сирақтан келмейтін, шаттығы мен шатағы аралас, шалқудан шаршамайтын шақтарда. Ришат пен Байғалиды көрген соң... Сахнадан...

Кездесу, жүздесу, сәлемдесу, тілдесу, сөйлесу... олар кейін. “Лениншіл жас” газетінде жылдан астам қызмет еткен соң, тағдыр әлдебір себеппен Сарыағаш аудандық газетіне топ еткізбесін бе? Онда да бірқауым жұрт. Редакцияда жоғары білімді маман біреу – редактор. Қалғандар одан-бұдан, ойдан-қырдан, жүрек қалауымен жұмыс істеп жүрген мықтылар. Ол мықтылар анау-мынау емес, астанадағы “Лениншіл жастан” құдай айдап келген “мықтыны” ортаға алып, көркейіп, көбейіп, тасып-шашып жүреді. Аузын ашса жүрегі көрінетін, шетінен ақжүрек, жаны жайсаң жампоздар. Алматыдан келгеннің республикалық, облыстық басылымдарда әлсін-әлсін жарық көретін көлдей-көлдей жазған-сызғандарына елден бұрын қуанып, қалпақтарын аспанға ататын да солар. Өйтпей қайтсін. Ұзамай тілдей сары

қағаз келеді емес пе? Жай қағаз емес, мыс-мыс қаламақы, ақша. Енді оны «жумай» көр!

Бірде Сарыағаш курортына демалу үшін Ришат Абдуллин келіпті десті. Ертеңіне салып ұрып сонда жетейін. Ришатты тауып, палатасына батылдана кіріп барайын. Жұқалау өңді, ақ сары, көкшіл көз, көркем кескінді әйелі екеуі отыр екен. Салқындау сөйледі. Солай да солай, сыртыңыздан сыйлаймыз, Алматыда жұмыс істедім, сіз қатысқан спектакль, концерттерге талай бардым дегенге селт етпейді. “Қымызға қалайсыз?” – дегенде барып сәл түсі жылығансыды. Жақын маңдағы бір кезде бүкіл Өзбекстанды қалтыратып-дірілдеткен атақты Қараман қарақшының ауылынан қымыз әкелінді. Ришат ағамыз алғыс білдіру ырымын жасады. Аты-жөнің кім деген жоқ. Кім демесе де, өзім айтқаным “иә” деуден аспады. Мінезі ашық, жылы жүзді әйелі қарапайым, қазақшаға ағып тұр. “Ертең Алматыға қайтамыз, Ташкенттен ұшамыз” дегенінен демалыс мерзімдерінің біткені аңғарылды. Солайша бұдан кейін де күн құрғатпай келіп тұру, жақынырақ танысу, сырлас-сыйлас болудың “күлі көкке ұшты”. Қоштастық. Алда қашан, қайда, қалай кездесеміз, ондай нәрсе мандайға жазылған ба, жоқ па, олар жайлы сөз болған жоқ, болуы да мүмкін емес-ті. Қош, Ришат аға, арман аға, осыған да шүкір, салауат.

Міне, бұл Ришат әншімен тұңғыш рет бетпе-бет жүздесіп, аз-мұз тілдесу, сөйлесудің алғашқы ұшқыны еді. “Ой, бәленше, – деп атымды атап, – бізді анау жездеміз журналға бір рет те жазбады ғой, енді өзің бірдеңе етсейші”, – дейтініне алда әлі он бес жылдай мезгіл бар еді.

Өз бағасын білетін дара дарындар кез-келгенге неге бірден ашыла салсын. Ал, мен Сарыағаш курортында Ришатпен алғаш жолыққанда – мың жерден Алматыда жұмыс істеп келсем де – ол үшін қаймана көптің бірі емес пе едім. Оның үстіне, кейіннен куә болғанымдай, Ришат та, Мүсілім де өздерін паңдау ұстап, кім-кімге де ағынан жарылмайтын жандар екен. Алайда, екеуінің де ашық-жарқын, қарапайым, кішіпейіл екеніне күмән-күдік қалмаған күндерге де жеткенбіз. Артығымен десе де болады.

Ришат және Мүсілім Абдуллиндер жайлы екінің бірі біле бермейтін жайлар қазір де аз болмауға тиіс. Мысалы, олар қоғам



және мемлекет қайраткері, киностудияда сценарий бөлімінің бастығы, Мәдениет министрінің орынбасары, “Мәдениет және тұрмыс” журналын ашуға бірден-бір ұйытқы, себепкер, әрі, сол басылымның тұңғыш редакторы болған, ұзын-ырғасы он бес жылдай басқарған марқұм Мұса Дінішевтің зайыбы Кәмилә Мұқымқызы Абдуллинаның туған інілері екені базбіреулерге күні бүгінге дейін жаңалық боп көрінетініне талай рет куә болғанбыз. Кәмилә апай да таңдайынан бал тамған әнші, қазақ өнеріне бір кісідей үлес қосқан аяулы жан болатын. Екі інісі Ришат пен Мүсілімді Алматыға шақырып, қамқорлық жасаған, әншілікке баулыған, жол нұсқағанын апайдың өз аузынан талай естігенбіз. Жекелей де, дуэтпен қосылып ән шырқайтын ағайынды Абдуллиндер де апайларын төбелеріне көтеріп, сыйқұрметтерін аямайтын. Қазіргі ұлт намысын жоғары ұстап, туған ел, қазағым деп еңірегенде етегі жасқа толатын әнші Әлібек сол Кәмилә апай мен Мұса Дінішевтің кенже ұлы. Ал, мен Мүсекеңмен он екі жылдан астам бір шаңырақ астында қызмет еттім. Оның ішінде төрт жыл, яғни, Мүсекең пенсияға шығып, “Мәдениет және тұрмыс” журналынан басқа жұмысқа ауысқанға дейін оның орынбасары болдым. Соған орай ағайынды Абдуллиндермен де жақынырақ танысып, Ришатпен де, Мүсіліммен де дәм-тұздас боп, көрісіп-білісіп жүрдік. Мүсілім де дарабоз әнші, әрине. Қазақтың халық әні “Бір бала”, “Ертісті” нәшіне келтіре шырқайтын Мүсілімдей әнші әл-әзір жоқ деп батыл айтуға болады. Ол өзіне тиесілі арияларды да, классик композиторлардың романстарын да шебер орындайтын. Ришат екеуі қосылып айтатын «Туған ел», «Жан ерке» әні неткен керемет-тін. Кәмилә апай отбасы жағдайына байланысты әншіліктен ерте қол үзсе де, екі інісі мен ұлы Әлібектің аяқ алысын үнемі бақылап, бағдарлап, назарда ұстады. Жасы тоқсаннан асып дүние салды. Жаны жаннатта болсын.

1976 жыл. Маусым айының соңғы күндері. Орталық партия комитеті ойламаған жерден Мүсекеңді пенсияға шығарып, басқа қызметке ауыстырды. Жеті айға жуық редактор болмай, ол міндет уақытша маған жүктелді. Мүсекең кеткен соң арада екі-үш күн өтер-өтпесте кабинетіме Ришат кіріп келсін де: “Әй, пәленше, – деп атымды атасын. – Анау Мұса жездеміз жақын адамдарын мақтады деген сөзден қорқып, Мүсілім екеумізді

осы журналға шығармады ғой. Енді сонны сен қолға алсаң қайтеді? Әлде, сен де қорқасың ба? Онда ашып айт. Қандай жазығымыз барын білейік”, – десін.

Мұндайды күтпей, сәл абдыраған мен пақыр:

– О, жок, Реке! Мүсекең принципті адам ғой. Сіздер туралы жазамыз, суреттеріңізді басамыз, – деп жік-жапар болып жатырмын.

– Е, бәсе, – деп жымия езу тартты. – Онда кешіктірме, сол үшін келдім.

Сол замат, сол сәтте Рекеңнің көз алдында фототілші В.Мыльниковке тапсырма берілді.

Өз мамандығының хас шебер марқұм Мыльников сол күні барып Ришаттың ұлы Заурды ортаға алып, ағайынды Абдуллиндерді фотосуретке (слайд) түсіріп келді. Ертеңіне жұмыс басталар-басталмаста телефон соққан Ришат: “Мақала жазасындар ма? Кім жазады?” – десін менен бұрын қимылдап.

– Мен жазсам қалай көресіз? – деймін.

– Дұрыс көремін, – дейді ол. – Үйге келесің бе, өзім барайын ба?

– Келсеңіз болады, – дедім.

– Міне, қазір, – деп ұзамай жетіп келді.

Бұл шығармашылық биігіне әлдеқашан көтерілген ағайынды Ришат және Мүсілім Абдуллиндердің кемелдеріне келіп, атақ-даңқтары дүрілдеп тұрған кез. Тиражы 400 мыннан асып, күллі республикаға кең тарайтын “Мәдениет және тұрмыс” журналының беделі де аспандаулы шақ. Айтулы журналда күллі театр, концерттік мекемелерден бастап, халыққа белгілі өнер өкілдері жайлы үзбей жазылады. Белгілі композиторлардың жаңа әндері (көбі) сиясы кеппей жатып (редколлегия мүшесі Еркеғали Рахмадиевтің батасымен) жарық көреді. Нариман Қаражігітов, Шолпан Токсанова, Аманкелді Сембин, Бақыт Әшімова сынды әншілер сахнаға шығар-шықпаста аталмыш журналда насихатталған-ды. Әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Берқайыр Аманшиннің ұсынысымен Әлібек Дінішев жайлы да көлемді-сараптамалық мақала басылды. Қайсы бірін айтайық. Міне, енді ештен кеш болса да, ағайынды Абдуллиндерге де “кезек” жетіп отыр. Ришат алдымда отыр.

Шынымды айтсам, онымен емен-жарқын сөйлесуге батылым жетпей, қысылатын сияқтымын. Соны аңғарған Ришат:

– Менің барым осы, көп шешілмейтін, көп сөйлемейтін, сирек күлетін, – тіпті күлмеймін десем де болады, – суық адаммын. Оған қарама, не білгің келеді, сұрай бер, – деді қатқылдау үнмен.

Ойға түскен, қажет деген сұрақтарды беріп жатырмын (олар көл-көсір). Тұжырымдап, қысқа қайырып. Әлгіде ғана көп шешілмеймін, көп сөйлемеймін деген әнші, бұған дейін солай болса, солай шығар, бірақ, бұл жолы ағынан жарылып айтты да, ынты-шынтымен күлді де, ән де шырқап жіберіп отырды. Ол жолы қойған сұрақтар мен қайтарылған жауаптарды (көбі көкейде сайрап тұрса да) қазір түгел келтірмеймін. Тек, бір-екесі болмаса...

– Өскеменде тудық. Мүсілім де, мен де бала жастан әнге ғашық боп өстік. Қазақтың халық әндеріне. Соны байқаған Кәмилә апамыз Мүсілім екеумізді Алматыға алдырып, әуелі осында, онан соң Мәскеуде оқытты-тоқытты, тәрбиеледі. Сол үшін оған қарыздармыз, – дегені есте (кезекті сұраққа орай).

– Ол жағынан аздап хабарым бар, Ришат Мұқымұлы, – деймін мен де сәл еркіндеу сөйлеп. – Қазақтың халық әндерін сізден артық шырқайтын әншіні білмеймін, білген де емеспін, – деймін көлгірсіп, күлбілтелемей.

Мақтау кімге жақпасын, бірақ, бұл анау-мынау мақтау еместін, әлгі сөздер буынын балқытқан Ришаттың сұсты жүзі жадырап, құлпыра түсті, көздері күлім қағып, жайраң қақты.

– Әсіресе, “Япурай”, “Құсни-Қорлан”, “Алкоңыр”, “Ертіс”, «Нүркей», “Еркем-ай”, Абайдың ешкім орындамайтын әндерін шырқағанда өлтіресіз... – деймін.

– “Ертісті” мен айтпаймын, Мүсілім айтады, ол соның еншісіндегі ән, ал Абайдың ешкім орындамайтын әндері дегенің дұрыс емес, орындай алмайтын десем, бір басқа. Өзің айтшы, “Қор болды жаным”, “Бойы бұлғанды” менен басқа қай әнші орындайды? Тыңдаған жоқсың, солай ма?

Ришатқа сонда солай деген болсам, әлі солай. “Япурай”, тағы басқалар жайлы да солай. Жуырда әлдебір атаулы концертте “Япурайды” бір жас әнші хордың сүйемелдеуінде орындаған болды. Құдай сақтасын, жұлма-жұлмасын шығарып, тері то-

нын теріс айналдырғандай етті. Ол тұрмақ, “Япурайды” Ришат сияқты тағы бір КСРО халық артисі орындағанда да, әрі де, мәні де солғындап, жүрекке жетпейтін. Рас, ол өнерпаз өзге ария, романс, әндерді шебер орындайды, талас жоқ. Бірақ, “Япурайға” тісі батпайтын. Жоғарыда айтқандай, бұл заңдылықтың бір түрі болса керек.

Иә, тағы да шегініске жол беріп алдық... Ришатпен әңгіме жалғасуда. Біраз әндердің атын атап, оған соларды шырқағанда өлтіресіз дедім бе? Иә, осы сөз дйттеген жерге дәл тиді-ау деймін, өйткені, мен солай дегенде Ришат “өлтіресіз дейсің бе?” деп бір қойды да, екінші, үшінші рет: “Өлтіремін бе? Өлтіремін ғой, ә?” – деп одан сайын нықтай, шегелей түсті.

– Өлтіресіз, – деймін мен де құлшына серпіліп.

Сол жолы ұлы әншімен үш сағаттай әңгімелесіп, жылы қоштастық.

Ұзамай журналда ағайынды Абдуллиндердің Ришаттың әнші баласы Заурды ортаға алып түскен айшықты суреттерімен бірге, көлемді мақала жарыққа шықты. Он шақты журналды үйіне жібердік. Ришат телефонмен алғыс айтты. Ондай тұлғалар юморды неге түсінбесін: “Әй, – деді атымды атап, – өлтіріпсің!” – деді жоғарыдағы менің өзі жөнінде айтқанымды қайталап.

– Ой, қойыңыз, Реке! Өлтіргені несі?

– Қойсан қой, өлтіріпсің, білдің бе? Енді қазір үйге кел. Шай ішеміз!..

Ришатпен бір жолғы кездесіп, әңгімелесудің қысқаша жай-жапсары осындай. Оған егіздің сыңары боп келетін Мүсілім жайлы да айтар әңгіме аз емесі хақ, алайда, оның да уақыт-сәті келе жатар. Ағайынды Абдуллиндер қай-қай жағынан да бір-бірімен шамалас, тұрғылас, деңгейлес, бірінен-бірін бөле қарауға болмайтын, екеуі де алып, дарынды әнші, алабөтен өнер иелері. Тіпті бірі КСРО, бірі Қазақ КСР-ның халық артисі болса да...

Қашанда ақырын жүріп, анық басатын, (замандастарының естелігі бойынша) көше қиылысынан бір қарап, екі шолып өтетін, кешкі сағат тоғыздан кейін тысқа көп шықпайтын, темекі, ішімдікке бой алдырмаған Ришат Мүсілімнен біраз жыл бұрын бақиға аттанды. Керісінше, серілерше сермеп, еркін

жүріп, еркін тұрған Мүсілім ұзақ уақыт өнерден қол үзбей, туған халқының (қазақ деп біл) ортасында айшықты ғұмыр кешті. Алматының қақ ортасында екеуінің атында “ағайынды Абдуллиндер” көшесі бар. Ұрпақтары өсуде.

Қазақ музыкасы. Құдіреті ғаламат. Тылсымы түпсіз. Саралау-сараптауға тіл де, мүмкіндік те жетпейді. Біздікі жай әшейін елірме әсер, татымы кем тамсану, бөстекілеу әфсана, қаймана пенденің түйсік-толғамы десе де жетіп жатыр. Бар болғаны...

Ришатпен сиректеу болса да кездесіп, әңгіме-дүкен құру бұйырса, тұла бойы нәзік сезімге толы, жарық жалғанға қазақ музыкасының құдіретін жарқырата жария ету үшін жаралған (деуге болатын) бірегей әнші Байғали Досымжановпен ондай мүмкіндік бола қойған жоқ. Ес білгеннен сырттай табынып, тамылжыта шырқайтын әндерін еліте тындап ержетсек, әсем шаһар Алматының ауасын бірге жұтып, бір мекенде жасасақ та, не қызмет бабы, не басқадай жағдайда жолығып, сұхбаттасу, пікір алмасудың реті келмепті. Кейін әнді қойып, ұзақ жыл опера театрында бас режиссер болған оны сонау елуінші-алпысыншы жылдарда сахнадан көріп, тындап жүрдік, оған да шүкір, тәуба.

Байғали деген – Байғали. Иә, ән шырқауды ертерек доғарды-ау деймін. Оған опера және балет театрында ұзақ мерзім бас режиссер болғаны да себеп болды ма екен, кім білсін. Жо-жоқ, оны бетпе-бет таныс болмағанмен, мереке-жиындарда, жоғары деңгейдегі мемлекеттік шараларда сан рет көріп, сәлемдесіп жүрік. Пәлендей көпшілдігі жоқ, томаға-тұйық, саяқ жүруге құмбыл пендеге ұқсаңқырайтын. Солай екеніне тағы да сол “Мәдениет және тұрмыс” журналының тұңғыш редакторы Мұса Дінішевтің 80 жасқа толған мерейтойында көз жеткендей болды.

Өзі негізін қалаған “Мәдениет және тұрмыс” (қазіргі “Парасат”) журналынан қашан бақилық болғанша қол үзбеген Мұса Дінішев 80-ге толған мерейтойына (1992 ж.) Смағұл Елубаев екеуімізді арнайы шақырды, гүлімізді алып бірге бардық. Ол кезде Мүсекең тың, ширақ, көру, есту қабілеті қалпында, эзіл-қалжыңын айтып, би билеп, көңілді жүрді. Қалай дегенде де, қатары сирей бастаған замандастарынан өзі сыйласатын (Төлеутай Ақшолақов секілді) біраз үзентілері де

отырды дастарқан басында. Олармен бірге басқа да жастары ұлғайған біраз өнер тарландары болды. Ағайынды Ришат және Мүсілімдер жоқ, ол кезде о дүниелік. Менен жоғары, сол жағымда Байғали Досымжанов, одан кейін зайыбы Хадиша Бөкеева отырды. Кейде құдай берерін осылай да береді. Олардың бұл жиынға шақырылу себебі, кейін белгілі болғандай, Хадиша Бөкеева Мүсекеңмен бір өңірден, ертеден аралас-құралас, сыйлас екен. Бұл Хадишаның Мүсекеңнен көрген қамқорлық, кісілік бейнесін көзіне жас ала тұрып тебірене сөйлеген сөзінен де байқалды. Байғали – Хадишаның жар қосағы. Және олар екеуі де бүкіл өмірін өнерге арнаған, Мүсекеңмен былай да бір саланың адамдары. Сондықтан да, мен Байғали сынды самдағай әншімен бірінші (және соңғы) рет бір дастарқан басында қатар отырып, дәм-тұздас болдым. Сірә, жақсының шарапаты деген сол болар. Ришат, Байғали. Екеуімен де Мүсекеңнің арқасында азды-көпті дидарластым. Ришатпен көбірек. Байғалимен бір-ақ рет.

Байғалидың алдындағы тарелкаға оны-мұны тағам түрлерінен салған боламын. Бір ауыз тіл қатпай, болар-болмас бас изейді де қояды. Дұрыстап ештеңе жемейді. Ештеңеге елікпейтін, қызықпайтын адамша үн-түнсіз, тұнжыраған қалпынан бір айныса неғылсын. Сонда да...

Ептеп сөзге тартсам, не айтатынын, сөйлеу мәнерін естісем деймін. Қайдан! Алдырмайды. Паңдық, менмендік, тәкаппарлық емес. Тіршіліктен безініп, суынып, тәрк етіп, кәріліктен қажыды деуге де келмейді. Таза болмыс, жаратылыс, табиғи кескін, бітім-тұлға.

Сонда да той емес пе және кімнің тойы! Әне, Мүсекеңнің ұлы Әлібек бастаған жезтаңдай дарындар кезек-кезек бірі ән салып, бірі күй шалқытып, би билеп, думандатуда. Осындайда нәзік сезімді өнер иесі емес пе, Байғали қанша жерден Байғали болса да, бір сәт шіркін-ай, орнынан атып тұрып “Бурыйтайды” әуелете салса несі кетер еді деп те дәметеміз ғой, баяғы. Жо-жоқ. Атама. Айналадағы қауымға қызмет жасап жүрген Марат Мәжитов бокалға құйып ұсынған шарапты да Байғали былай ысыра салды. “Алып жібермейсіз бе?” – деген менің бір ауыз сөзіме де Байғалидың орнына Хадиша: “Болмайды!” – деп зірк етті. Болды, болды, қойдық, ойбай!

Ал, енді осыдан кейін бір ән салып бер деп қолқалап көр. Байғали оп-онай сарқырай жөнелетін тау бұлағы не Сайрамсудың сандуғашы, немесе бір желпінсе, көзі ұйқыға ілінбей желігі басылуы екіталай сен де, мен де емес, Қазығұрттағы Нұх пайғамбардың кемесіндей нық, тау қозғалса қозғалмайтын зілқара, салмақты, салдарлы, салиқалы, сырбаз, зипа жан. Мәдениетті, зиялы, жаны жұмсақ, пейілі кең, ізгі жүректі, асқақ та айбынды, айбарлы ақбура!

Ерлі-зайыпты – Байғали Досымжанов, Хадиша Бөкеева – қос абыз, хас өнерпазға бек жарасады осы отырған отырыстары!

Байғали елден ерек айтатын “Үкілім-ай”, “Ләйлім”, “Жиырма бес”, “Көз жібердім алысқа”, “Көзімнің қарасы”, “Жан сәулені” бұл жолы оның орындауында естімейсің. “Бурылтайды” аузына алма. Қош бол, “Бурылтай!”

...Байғали қайтыс болды. Қалың қауым онымен өзі өмір бақи қызмет еткен Абай атындағы опера театрында қоштасты. Қаралы шеру “Кеңсайға” бет алды. Байғали кетіп барады. Келместің кемесімен. Көңілде мұң, жүректе нала...

Көкейде: “Қош, Байғали!”

Тіл ұшында: “Қош, Бурылтай!”

\* \* \*

*Ришат, Байғали. Қос алып, қос бәйтерек, қос жұлдыз. Қазақ музыкасының қос шамшырағы. Халық жадынан өшпейтін қос әнші. Қазақпен бірге жасай беретін аяулылар. Абдуллиндер атында көше бар (дедік). Байғали атында не бар? Белгісіздеу... Абдуллиндер атында көшеден бөлек не бар? Белгісіздеу...*

*Ойлан, қазақ! Ойхой, дарқан қазақ!..*

### «СОҢҒЫ ПОШТАДАН...»

#### қазақ баспасөзінің болашағы бұлдыр

Көкейді қозғап, ойды он саққа бөліп жүретін – төменде сөз еткелі отырған – төркіні таныс, мақсаты мәлім жай-жапсарлардың қалам ұстайтын (үлкен-кіші) ағайындардың бәрі болмаса да, біразын толғантып жүруі бек ықтималдығын ескеріп, аз-кем пікір білдіруге ниет еткен жай боп тұр. «Ақиқаттың аулы алыс», «шындықтың жолы ауыр» дейтіндермен келіспей-тінімізді көлденең тартып және оның себеп-салдарын шама-

шарқымызша кестелеуге тырысып. Және осынау мақалаға баяғыда ұмытылып, келмеске кетсе де, аға буын әріптестер көзіне оттай басылуы мүмкін (кезіндегі) «Соңғы почтадан» деген айдарды еске ала отырып. Неге? Ол үшін сөзді сәл әрі...

Қазақ республикасы деп аталған кеңестік кезеңдегі ұлт тілінде шығатын ұзын-саны он-он бестен аспайтын басылым болған шақтардан бастасақ та, біраз жай-түй түсінікті болар дейміз. Сол уақыттардағы (тираж емес) саны аз, сапасы жоғары қай басылымды алсаң да, реттілік, жүйе, тәртіп, жауапкершілік лебі лапылдай есіп тұрмайтын ба еді? Соған орай, редактордан бастап одан төмен сатылардағы қызмет иелерінің қай-қайсысының да орны, ролі даралана көрініп, әркім өз саласына ықтият болатын. Мұндай үрдіс (әлі де) үзілмегенмен, қазіргі базбір көрініс-болмыстарға қарап отырып, айырма жер мен көктей екені аңғарылмай тұрмайды. Бұл өткенді аңсап, жасып-жабырқау не бүгінгіні «мансұқтап», түңілу емес, әрі дегенде, елу жылда ел жаңа ауанында туындаған сезім-толғаныстар болар, сірә.

Мәселенки, бүгінгі басылымдарда (газет-журнал, радио, телевидение т.б.) ауыл шаруашылығы, шаруа-жастар, құрылыс, көркейту, көгалдандыру секілді ресми бөлімдер бар ма? Бар дегендердің біразының атына заты сай ма, бұлдыр, бұлыңғыр, екіұштылау екені қалай? Басқа болмаса да, қазіргі басылым беттерінде ауыл өміріне қатысты барды бар, жоқты жоқ дейтін сараптама, талдау, екшеу, зерттеу, бағамдау үрдістері сұйқылтым, жалаң, жайдақ екені де аян (жоқ деуге ауыз бармай отыр). Оның объективті де, субъективті де себептері аз емес шығар, сонда да. Ал, айтшы, негізгі оқырмандар тұратын облыс, аудан, ауылмен байланыс әлжуаз жерде тираж қалай көбеймек? Жылымшы мақтан-мадақ, ала шапқын күдік-күмәні мол дерек-мәлімет, дүмбілез, шикі, дау тудыруға таптырмас тарихи материалдар есебінен бе? Таяуда бір басылымда жазылғандай, атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің туылған, өлген жылдары төрт басылымда төрт түрлі көрсетілуі немесе Абылайханның туған, өлген жылдары осы уақытқа шейін нақтыланбауы кімге абырой, кімге дәрі? Аясы тар жалаң насихат, дәмсіз дәріптеу, тәптіштеу, құрғақ көсілуден тираж көбейеді десең, өзің біл. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, бұл тіпті де барды бағаламау, көрмеу, елемеу, мансұқтау емес, керісінше, ащы



шындық, жанайқай, ақиқаттың бір пұшпағы болғандықтан ауызға алып отырмыз. Мына түрмен тираж қалай көбейеді деп. Бұқаралық ақпарат құралдардың сол бұқарамен байланысы жылдан-жылға жіңішкеріп, тамыры тартылып бара жатқан жоқ па деп. Әйтпесе, қазір тиражын үш, төрт, бес мың деп көрсететін кейбір басылымдарды зерделеп көрші, дәл солай ма екен, сол үш не төрт мыңның ақиқаты қанша, жалғаны қанша екен? Е-һе! Ішің білсін алуа-ай!..

Қайталаймыз (еріксіз). Ешкімді де кінәлап, не табалап отырған ешкім жоқ. Алыс емес, қасыңдағы ақиқатты айтқанға сен де мұңайма! Одан да тығырықтан шығар жол іздеген оң. Қандай жол? Бар ма? Бар, әрине. Онда қалай, айт деймісің? Жоқ! Оны өзің ойлан. Оған қарымың да, қауқарың да жетеді емес пе? Ал, біз осымен доғарайық та, негізгі айтарымызға ойысайық. Ұзақ жыл көрінбей кеткен «Соңғы почтадан» деген (баяғы) айдарды еске ала кеттік қой, соған да ат басын бұрып дегендей.

Әлқисса, сол – жоғарыда айтқан – кеңестік дәуірде ұзын саны он-он бестен аспайтын (одан көп емес) басылымдардың қай-қайсысының да өзіне жетерлік не жетіп артылатын басы ашық тиражы болатыны сол кездегі әріптестерді кәдімгідей қолтықтан демеп, алға жетелейтін. Қазақша шығатын «Ара», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз», «Білім және еңбек» журналдары мен «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінен түсетін миллиондаған табыс (қаржы) партбюджет дейтін болушы еді, соған құйылып, қызметкерлер өлдім-талдым күн кешетін (Мәскеуде де солайтын, ол жақтан келетін ашқарақ журналистердің жыртық шалбармен жүретінін талай көргенбіз). Бірақ...

Еңсе биік, рух жоғары болатын. Ешкім пәлен деу тұрмақ, төрт құбыласы тең, бәріне риза секілді жүріп-тұратын. Журналистердің дозақтан бетер азапты жұмысына бәрежелді деп бір ауыз жылы лебіз білдіруді атама. Үф еткен желдей бір сәттік қасаң мақтау ілкіде. Оның өзі де көз алдап, мәз қып қою үшін. Сондықтан, ешкім онша көп ештеңе дәметпейтін де. Алайда, қалжың ретінде болса да, біз еңбегі еш жандармыз дейтін журналистердің кәсіби шеберлігін шыңдап, адал жүріп, адал тұру, адами қадыр-қасиетті жоғары ұстауға тікелей ықпал ететін

тағлымды, жақсы үрдістердің аз болмағанын жасырудың жөні жоқ. Одан ешкім де ұтпаса, ұтылған жоқ, әрине. Қызмет бабында сатылай өсіп, мерейі артса, көбіне сол (біз айтып отырған) үлгілі үрдіс арқылы болып жататын. Рас, еңбегі еленбей жүре беретін пенделер де ұшырасатын. Ол басқа әңгіме (география, көке, жәке дегендей). Дегенмен, біз атаған үлгілі үрдістердің жөні бөлек-тін. Партиялық дағды-тәртіптің бір тәуір тұсы да сол сияқты боп көрінеді. Осы күндерде арагидік қимастықпен еске түсетін.

Бұқаралық баспасөз құралдарында жұмыстанатын үлкен-кішілердің еңбегі мүлде бағаланбайды емес, бағаланатын, әрине. Көбіне «байғұсты бәрекелді өлтіредінің» кебіндей болса да. Орталық партия комитетінде тек журналдарға бақылау жасайтын нұсқаушының әр нөмір жарыққа шыққан сайын «жақсы екен» деген бір ауыз сөзі кәдімгідей қанат бітіріп, жігер береді. Кейде керісінше. Нұсқаушыдан жоғары лауазым иелері де солай. Басқаларды қайдам, өз басым мұндай ахуалды сан рет бастан өткердім. Өткергенім сондай, жыл сайын Орталық партия комитеті облпарткомдардың жұмысын тексеруге жіберетін арнайы бригада құрамына әлгі «бәрекелдінің» арқасында кемі екі-үш реттен қосатын да, жарты айдан аса сапарлап қайтатынбыз. Абай, Жаңақала, Шаян, Алакөл, Күршім аудандарына (әлдебір түйткілді тексеруге) жеке жіберген кездері де болып тұрды. Ал, енді «Соңғы почтаның» мәнісіне келсек, оның жөні басқашалау, яғни, барша газет-журналдарда (радио, телевидение өз алдына) басылатын материалдардың көңілге қонымдыларын «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Қазақстан коммунисті» журналдарында – өзгелерге үлгі ретінде – бір-екі ауыз жылы сөзбен қысқа ғана лебіз білдіріп жарналамайды да, мүлт кеткен тұстар болса, оларды да аяусыз шенейтін. Орысша басылымдар туралы «Коммунист Казахстана» журналы мен «Каз.правда» газеттерінде басылады. Төртеуі де Орталық комитеттің органы боп есептелетіндіктен «Соңғы почтаның» салмағы зіл батпан. Оған іліктің екен, мақтаса – құдайдың бергені, даттаса – бас кетудің ар жақ, бер жағы. Іргеміздегі «Қазақстан ауыл шаруашылығы», «Үгітші блокноты», «Ара» журналдары редакторларының ішінде дәл соның («Соңғы почта») әсерінен қызметпен қоштасқандар болғаны да есте (аты-жөндерін де айтуға болады). Сондықтан қай басылым болмасын,

«Соңғы почтадан» мақтау күтпесе де, сын тезіне ілінбесек деп тілейтін. Ал, «Соңғы почтаның» ыстық-суық аралас материалдарын кейде оларды жария ететін басылымдардың өз қызметкерлері немесе Орталық партия комитетінің қызметкерлері жазады. «Соңғы почтаға» жүрдім-бардым қарап, аяқсыз қалдыруға есте болмайды. «Соңғы почтаға» іліктің екен, мақтаса да, сынаса да міндетті түрде редакция коллективінде талқылап, алынған қаулы «соңғы почта» шыққан редакция мен Орталық комитетке жіберіледі. Бұл енді онша жиі емес, әр басылымның «аузының салымына» қарай болып тұратын нәрсе. Соған орай, өздерін партиялық басылымбыз деп басқаларға шекеден қарайтын редакция қызметкерлерінен өзге қай-қай басылым қызметкерлері де кәдімгідей именіп, аяқтарын тартыңқырап жүретін. «Қазақстан коммунистіндегі» қырғи тілді, марқұм Шәрібек Есмұрзаев, «С.Қ»-дағы «Соңғы почта» материалының «қожасы» Орақ Смағұловтан жұрт көбірек сақтанатынын да айта кеткен артық емес (турасын айтып кейде туғанға жақпай қалатыны боп тұратын жан-дүниесі әділ, таза, принципті, шынайы жаратылыс иесі Орақ марқұмның иманы саламат болсын).

«Соңғы почтадан». Бәлкім, қазір бұл базбіреулерге (әсіресе, кейінгі буын өкілдері) әфсана-ертегідей естілер. Алайда, оның әр қаламгердің мамандығын шындаған үстіне шындап, кәсіби тұрғыдан жетіліп, жауапкершілікті жете сезініп, жинақы, ширақ жүрулеріне себі үлкен болғанын қайталап еске саламыз. Осыған тағы бір дәйектеме келтіру көптік етпестей көрінеді.

Өзім босағасын аттап, қызмет еткеніме биыл елу жылдан асқан «Мәдениет және тұрмыс» журналында ол жарық көргеннен (1958 ж.) бастап жыл сайын әр облыстың бір ауданына бүкіл коллектив боп барып, бір нөмірді тұтас арнайтын дәстүр болды. Сол бойынша 1966 жылы Шымкент облысының Ленгір ауданына редактор Мұса Дінішевтің бастауымен редакция қызметкерлері түгелге жуық барып, бөлім меңгерушісі Жекен Жұмақанов Көшкінов дейтін партизан майдангер туралы, ал мен «Коммунизм» совхозында өткен оқушылар конференциясынан есепті мақала, Калинин колхозынан қомақты очерк жазып, өзгелер де бұйырғанын қамтып дегендей, көл-көсір фотосуреттермен көркемделген арнайы нөмір жарық көрді. Ұзамай Шымкент облпарткомынан алғыс айтқан жеделхат, ізінше аудан

басшылары атынан жәшік-жәшік көкөніс, жеміс-жидек келді. Өзіміз де журнал жаман шыққан жоқ-ау деп жүрдік (ол кезде тиражы 250 мың болатын, 490 мыңға жеткені кейін).

Арадан ай жарымдай өткенде бір күні таңертең редактор М.Дінішев барша коллективті жедел түрде кабинетіне шақырып ап, не білдіңдер десін. Қызметкерлер тым-тырыс. Бірақ, бастық көңілді, жұртқа күлімдей қарап, жымың-жымың етеді. «Онда былай, – деді тартпасынан «Қазақстан коммунисті» журналын шығарып. – Мынаны әлгінде Құрманбек беріп жіберіпті («Қ.К.» журналының редакторы Қ.Сағындықов). Ішінде Шымкенттен жазған арнайы нөмірімізге пікір бар екен. Пікір болғанда, сенің «Коммунизм» совхозында өткен оқушылар конференциясы туралы жазған репортажыңа (Мүсекең солай айтатын) екі бет арнап, жілігін шаға талдапты», – деп маған қарады. «Басқалар жөнінде жалпы нөмір жақсы шыққан» депті. Кім жазғанын көрсетпепті. Оны сұрап керегі жоқ. Бәрібір, айтпайды», – осылай деген Мүсекең қолындағы журналды маған беріп, қалған әңгіме кейін, боссындар деді. Оны да айта кетейін, ұзамай редактор Ленгір ауданына барғандарға да, бармағандарға да ақшалай сыйақы берді (қаламақы бөлек). Сөйтіп, көптің мерейін бір көтеріп тастады. Ал, мен болсам...

«Қазақстан коммунисті» журналындағы «Соңғы почтадан» деген айдармен жарияланған екі беттік (авторы жоқ) мақаланы қайта-қайта оқып, іштей масаттанамын, әрине. Ол кезде газет-журналдар редакциясы әлі тоғыз қабатты ғимаратқа жиналмаған кез. Әрқайсысы әр жақта. «Қазақстан коммунисті» журналының қызметкерлерінен (өз басым) ешкімді танымаймын. (Таныған күнде де пәлен деу екіталай). Бірақ, екі бет мақаланың жалпы ауаны, сөйлем, сөз қолдану, жазу мәнері таныс сияқты көріне береді. Бірақ, сырттай тон пішуге болмайды. Ақыры, күндердің күнінде белгілі болды.

«Соңғы почтадан» айдарымен «Қазақстан коммунисті» журналына екі беттік пікір жазған «Мәдениет және тұрмыс» журналының (мені бұдан дәл елу жыл бұрын қызметке алған) бұрынғы редакторы, сол шақта Орталық Партия Комитетінде нұсқаушы боп істейтін Сапар Байжанов боп шықты. Оны бірде аса құпия түрде, сыбырлағандай боп өзі айтты. Менің де солай шығар деген жорамалым расқа шықты. Қайран Сапар аға, саған

деген өз құқым, өз құрметім өзімде, рухына мың тағзым, жанын жаннатта болсын.

«Соңғы почтаның» өзіме қатысты азын-аулақ айтылған ой-толғамы өзінше де, оның барша қазақ басылымына тигізген ықпал-әсер, кәсіби шеберлік, мамандық шыңдау, кісілік, азаматтық, принцип, ұстанымнан ауытқымау жолындағы тәлім-тәрбиелік мәні өзінше екені жоғарыда біршама қамтылғандықтан, бұдан әрі сондай үрдістер қазіргі барша әріптестерге де жұғысты болса, сабақ болса деген тілекпен «соңғы почта» жайлы әңгімемізді тамамдағымыз келеді. Әлбетте, мәселе сол айдарды енді алда-жалда тірілтуде емес, керісінше, оның қай кезеңге болса да сия беретін шафхат-шапағат, жақсылық жақтарында. Бүгінгі баспасөзге келсек, Аллаға шүкір, қазір қазақ бұқаралық ақпарат құралдары дәуір, заман талабына сай шығып жатады деп күлбілтелеусіз, толық сеніммен айтар ек. Илансаң да, иланбасаң да өзің біл, өз басымның оқырман ретіндегі жеке пікірім солай. «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Қазақ үні», «Жас қазақ», «Алматы ақшамы», «Жас Алаш», «Жұлдыз», «Мәдениет», «Парасат», «Дәстүр» т.б. басылымдарға жеке-жеке атап айтарлық ой-пікірлер баршылық еді, бірақ, мақала көлемі көтермейтіндіктен, мүмкіндік болмай отыр. Тек есте болатын нәрсе, өткенді әңгімелеу – бүгінгіні аласарту, төменшіктету емесін ұмытпа, дос. Өткеннен сабақ алу деген бар, оны да ұмытпа. Бүгінгі демекші, бүгінгі хал-жағдай бәрімізге белгілі. Тираж көбейсе, ауыл өмірі қамтылса дедік. Олар оп-оңай ма екен? Материалдық-техникалық база жұтаң жерде прогресс аулы алыс емес пе қашанда?! Ал, командировкамен ауылға бару керек дейсің. Оған қаржы қайда? Тіпті, әйтеуір, амалын тауып бара қалғанда да, кім қарсылайды сені? Кім жағдай жасап, барам деген жеріңе кім алып барады? Сондықтан, жоғарыда айтылғандар осыларды да қаперге ала отырып баяндалды. Гонорар өзінше. Гонорардың болар-болмас не мүлде жоқтығына ешбір редакцияны жазғыруға болмайды. Қайта, олардың қалай шықса да, шығып жатқандарына рахмет деу керек. Иә, қалай шықса да. Ойбай-ай, әлі алда соған да қол жетпей қап жүрмесе екен деңіз...

Иә, дос. Ақиқат алыста емес, қасыңда. Ең бастысы, сауаттылық, әділдік, туралық, жауаптылық, кішілік, кісілік серік болсын (дейік). Жатпай-тұрмай ізденейік, тыпырлайық, талпынайық (деу де көптік етпес). Тираж көбейсін, тираж. Әйтпесе, жоқ тиражды бар деп, қанша жерден қосып жазсаң да, әлі-ақ артың ашылып, сол бардың өзінен айырылып, суалу деген қыр астында қылтып тұрғаны үрейлендіреді...

### «...ҚАЗАҚТАР ЖАЛҒЫЗ АБАЙДЫ ДА ҚҰРТЫП ТЫНБАСА НЕҒЫЛСЫН...»

*Герольд Бельгердің наласы*

Ұлы Абайды әлемдік әдебиет алыптарымен қатар атап, 20 өлеңін қазақ, орыс, неміс – үш тілге аударып, кітап етіп шығарған Герольд Бельгер көзі тірісінде қазақтың сол ұлы перзентін өз қандастарының ғайбат, жала, өсек-аяң, ыбыр-жыбырынан қорғаштап баққаны, сол үшін үнемі налитыны соңында қалған күнделік жазбаларында сайрап жатыр. («Өтеді өмір осылай» атты жинағында да бар). Солардың ішінен (күнделікте) екі күнде не жазғанына назар аударсақ та біраз жайға көз жетердей.

**Бельгер айтады:**

– Мынадай бір ойлардан қашсам да құтылар түрім жоқ. Соңғы мезгілдерде Абайдың аруағына бағышталған екі асқа қатыстым. Екеуінде де адам көп болды (қазақтың мұндайда ақ жүрек бола қалатыны қандай керемет). Құл-Мұхаммед берген бірінші ас берекелі, салдарлы өтті. Бірақ, екі аста да зиялыларға жараспайтын уақ-түйек, нәрсіз-дәмсіз көбік сөздер көңіл қажады. Өз басыма бірінші сөз алған абыз ақсақалдар, қаһармандар, жоғары мансап иелері Абайдың кім екенін білер ме екен деген ой келе берді. Өйткені, екі аста да бір айтқанын сан рет қайталап, малтасын езген бір қария, тілті, Абайды өзі сияқты жаужүрек етіп жіберді, құрдасы не құдасы секілді Әбеке деп те күшінді. Одан басқалар да қалысқан жоқ. Нәтижеде, екі дастархан басында да айтылғанның көбі тағлымды ой-пікір, ғибратты лебіз емес, сүт бетіндегі қаймақтарға сиымсыз, кісілікке жат, кінәмшіл, өркөкірек кәрі-құртаңдардың көкімесі болды да шықты. Кербез әнші Роза Бағланова не айта қоюы мүмкін еді? Тек бірінші аста Абайды қаншалық түсінетінін аллам білсін, Бибігүл

Төлегенова оның бір-екі әнін тамылжыта шырқап, тәуір ырым жасады демесе!

Екінші аста бір жазушы қағазға жазған мәтінін мұрнынан мінгірлеп әрең оқыса, екінші қасқа жұрттың тыңдағанын тындамағанына қарамастан, ұзақ-сонар «лекция» оқыды, келесі мықты – осы құрметтің бәрі бейне соған арнап жасалып жатқандай – өзі жөнінде мылжындап тұрып алды.

Әлбетте, қазақтардың жасы үлкенді сыйлайтыны әйбат-ақ. Алайда, сол жасы үлкендер осындай жиындарда ұшы-қиырсыз бәдікнама, жарапазан орнына, парасатты, өнегелі сөз сөйлесе іштері кебе ме? Әйтпесе, қадірлерін кетірмей, тыныш отырса қайтеді? Жастың ұлғаюы даналық нышаны емес. Қазақ айтпайтын ба еді «жақсы адам қартайса қазына, жаман адам қартайса қазымыр» деп. Екі аста да қысқа да нұсқа сөйлеп, жұртты ауыздарына қарата алатын зиялылар аз болған жоқ. Бірақ, «игі жақсылар», «көпті көрген көнелер», абыройы асқан ақсақал, көксақал, қаһарман, лауреаттардан кезек артылмаған соң, олар үнсіз қалмай қайтуші еді?! Токетерін айтсақ, осындай ізгі ниет, игі мақсат үшін жасалатын толып жатқан бас қосуды интеллектуалдық деңгейі төмен, тәлім-тәрбиелік мәннен жұрдай, сиықсыз, сырдаң, ештеңенің парқын білмейтін пенделер үшін жасалатын ырду-дырду, ысырапшылдық, төгіліп-шашылу, босқа кеткен қайран уақыт демеске әдді жоқ. Сондықтан да, Абайдың рухы, бәлкім, екі астың үстінде де қалықтай ұшып келіп айтқан шығар: «Өңшең қырт, бос қаңғырт», – деп.

Сонымен, шарт былай: айтарың болса, жөндеп айт, басын бос қабақ болса, текке сандалма. Қос қолды оңды-солды сермеп, ауа қармап шақшаңдау білгірлік емес. Қыбын тауып өзіңді дәріптеуге үздікпе.

Жалпы, бүгінгі қоғамның интеллектуалдық деңгейі құздан құдилаған құрдымға ұқсайды. Бізде түнекті жарып шыққандай рухани тұлға жоқ. Мысалы, бір замандардағы Әуезовке ұқсайтын (27.07.04 ж.).

**Осынау ойларға саралау жасаудан алдын екінші күнделік жазбамен танысайық. Герекең онда былай дейді:**

– «Қазақ әдебиеті» газетінен (№40/06) Лира Қоныстың «Дала мен қала» газетінде (№34/06) «Қарлығашым келдің бе?» деген жазбасы хақында оқыдым («Қ.Ә»-не бәрекелде!). Мұнда ав-

тор (Ли́ра Қоныс) шыбын жаны шырқырап: «Мойындайықшы осы, Абайды Абай еткен кім?» – деп безектейді екен. Сөйтеді де: «Өлеңі дейсің бе? Келіспейтін шығармын» деп кергиді екен. (Оның келіскен-келіспегені кімге дәрі). Көкейін тескен қыжыл: «Абайды Абай еткен Құнанбайдың байлығы ғой!» (Пәлі! Бұл Лираның «бай болсам, Абайдан асқан ақын болар ем» дегені ме?).

О, тоба! Енді Абайды осылай тәлкек ету қалып па еді?! Жарайды, (менің түсінігімде) әдебиет босағасынан енді-енді сығалап жүрген, әлі аты да, заты да беймәлім ақылгөйдің Әуезов, Мұқанов, Мүсіреповті қалай «бағалайтынына» көз жұма қарайық, бірақ, Абай ше? Бұл не? Абайдың өзі айтпақшы, «атың шықпаса, жер өртенің» кері ме? **Ал, мен баяғыдан бері қақсап айтып та, жазып та келемін: «Ай, осы қазақтар түптің түбінде жалғыз Абайды да құртып тынбаса неғылсын»,** – деп.

Мен үш апта ішінде (құрастырып, алғысөзі мен соңғы сөзін жазып, кең-мол түсінік беріп) «Абай» атты шағын кітап дайындадым. Аты: «Абай. Үш тілдегі 20 өлең». Қазір шығар-шықпасы қаржыға тіреліп тұр. Ертісбаевқа хат жаздым. Ақша берер ме екен, әлде, «Құнанбай берсін!» – дер ме екен?!

Апырай! Әдебиетшілеріміз қалай-қалай төменшіктеп, бейшара халге жеткен десейші?! Кәріпжанов дейтін біреу айына 365 мың доллар жалақы алады екен, ал, мен, әлдебір неміс, Абайдың өзім әзірлеген кітабын бастыруға 5 мың доллар таппай, пұшайман хал кешудемін. Осы ма әділдік?! Қайран, Абай! (10.10.06).

Қош, Бельгер неге налиды? «Ай, осы қазақтар түптің түбінде жалғыз Абайды да құртып тынбаса неғылсын» деуіне не себеп? Ол жағын өзің зерделей бер. Өйткені, Абайдың кітабын күндіз-түні оқып, цитата алатын өзің емес пе? Цитатшыл күзембайлар (Бельгердің сөзі) біреуден естігенін жаза салмай, әуелі кітапқа қарап, дұрыс-бұрысына көз жеткізсе қайтеді? Өйтпейді! Қайта Абай солай деген деп шапылдауға дайын. Оларды «жеңу» мүмкін емес. Өмірбақи жазған (он төрт жыл бұрын қолға алған «Плетень чепухи» – «Шалдыр-шатпақ» емес) күнделіктерін жиырма жылдан астам уақыт «Парасат» журналында жариялаған шақтардағы әңгіме-сұхбат кезінде Бельгер солай дейтін. Орысша-қазақша мақалаларында да жазды. Маған да «жазбайсыз ба?» дейтін». Содан ба, басқадан ба, бұдан біраз



бұрын өзімше тыртандап, «Тарт қолынды, Абайдан!» деген мақала жазып, «қазір тираж аз, біздің оқырмандарымыз бөлек, солар да оқысын» деп уәж айтатын редакторлардың колдауымен төрт-бес басылымда жарияланды. Бірі – «Жұлдыз». Оқыған эзірде телефон соққан Бельгер «тақырыбы ұрып тұр екен» деп саңқ етті. «Бір өзім қашанғы зарлаймын, маған да серік керек» деп те қойды. «Гереке, басқалар да бар ғой, назарыңызға түспеген шығар» дедім (Ғаббас Қабышев пен Үмбетбай Уайдинді меңзеп). Бірақ...

Одан бері де қаншама айлар, жылдар, қыс пен жаз артта қалып, қаншама су ақса да, селт ету жоқ, қайта, Абайшыл цитатшылар қатары геометриялық прогресспен өсіп, көбейген үстіне көбеюде. Мені қойшы, Бельгердің жанайқайына құлақ асқан пенде болмауы қалай? Жалған десен, дәл қазір (кеше не бүгін шыққан) қазақша кез-келген басылымның бірін ал да, қарап жібер. Қандай-қандай ғажаптарды көрер екенсің. Көзін бірден «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршыға» түспесе, көк базарға кел. Абай солай деп пе еді? Бәлкім, ұлы ақынның «Өлді деуге сия ма, ойландаршы» дейтінімен шатастырып отырған болар. Тирақсыну тыйылар емес, тыйылмас та. Тым болмаса, бір тармақты дұрыс айтып, дұрыс жазбайтындардан не үміт, не қайыр! Біз де бір тармақтың құйрығынан ұстап, қатып қалған ештеңеміз жоқ. Тек осындай көзжұмбайлық жылдар бойы тоқтамай келе жатқан соң ауызға алып отырмыз. Түк өнбесін білсек те. Бұл бер жағы. Қуырдақтың көкелері толып жатыр. Белгілі тұлғаның белгілі басылымда жарияланған жазбасында Абай «Қарны (?) тоқтық, жұмысы жоқтық» дейді-мыс. Тағы біреуінде «Өлеңмен қара жерге (?) кірер денен», «Сенбе жұртқа тұрса да сені (?) мақтап», тағы біреуінде «Қалың жұртым (?) қазағым, қайран елім (?)» боп кете береді... Себебі, «біледі». Айтарын Абаймен әрлеу мәртебе! Оны да біледі. Тіпті, бір ағайынның осы күні кеше ғана Абайдың «Шыдайды риза болып, жар ісіне, қорлық пен мазағына жан тойса да» дейтін екі жолының соңғысын «қорлық пен мазағына таңылса да» деп жібергені де өте білгендік! Пах!

Бұл жолы («Жұлдызда» жазылғандай) «Тарт қолынды Абайдан!» демей-ақ қояйық. Абайдан аулақ жүр (дей салайық).

**«Өлді деуге бола ма (?), айтыңдаршы (?)...» Ура...а...а!.. Пах-пах!..**

**БІЗДІ ТАБЫСТЫРҒАН – ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ**  
*қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым-журналист,  
 профессор Әбдеш Қалмырзаевтың рухымен сырласу*

Бір мекенде тұрып, бір майданда жұмыстанатын үлкен-кіші әріптес ағайындардың кейбірін жақсырақ, кейбірін былайша біліп, енді біреулерін сырттай шамалайтын жағдай бәріміздің басымыздан өткен, өтіп те келеді. Заңды, орынды. Ал, жастай жоғары лауазымға іліккен Әбдеш Қалмырзаевты жұрттың бәрі білетін. Біздейлерді ол да білетін. Тығыз араласпасақ та, сәлеміміз дұрыс болатын. Зейнетке шығып, «Ақиқат» журналында істеп жүргенде бірде мені іздеп келіп, ықыластана сөйлесті. Содан бастап көңілі жақын, тілектес жандарға айналдық. Төменде соның кей парасын журналист-ғалым Әбдештің рухымен сырласу түрінде баяндауды жөн көрдік. Оның Арыс аймағына күйеу екенін де ескеріп.

Қадірлі Әбдеш Сәрсенұлы! Фәни жалғаннан сұм ажалдың сұрқай көшіне ілесіп, о дүниелік болғаныңа біраз жылдың жүзі боп қапты-ау. Көзің жұмылғанша қалам сілтеп, тереңнен қозғап жазатын ой-толғамдарың мен сыпайы қалпың көз алдымызда, сені бұл фәниде жоқ дегенге көндігуі қиын көңіл төрінде. Сызыла шығатын қоңыр үнің – осы күнге шекті – телефоннан естілетіндей көрінеді де тұрады. Көзің тіріде ылғи да қоғам, халық тағдырына қатысты жайларға ден қойып, ғылыми-философиялық – қатпары қалың – дүниелер жазатынына үйреніп кеткеннен бе, кейбір «тұзы» жеңіл, қарабайыр жайларды қаузауға төселген базбір әріптестеріңе ұқсап қарапайым мақалалар жазғаныңда «е, бері таман жақындапсың ғой» деп әзілдеуші ек. Әзілдесек те, (мақала деуге қимайтын) солардың өзі де екінің бірінің тісі батпайтын, оқырманды байлап-матап тастайтын дүниелер болып келетін. Бірі – хұснихат. Өзің жазған бір хұснихатта не айтылмаған еді? Пікір қақтығыс, кез-келген құбылыс-оқиғаға көзқарас-пайым, саралау үрдісінің жөні басқа еді ғой, шіркін. Айталық, Гоголь мен Щепкин. Чаалаев пен Пушкиннің өзара жазысқан хаттарында ойларын ашық айтып, бір-бірлерін аяусыз сынайтыны нанымды өрнектелмеуші ме еді. Және сол алыптардың оларды кек тұтып, бір-бірімен жауласпай,

өзара қадір-құрметке селкеу түсірмеген іріліктері неткен тектілік десейші. Тұнып тұрған тағлым, өнеге!.. Ит боп жетілген сон. күшігінле асырағандардың балтырын канатқыштарға әсте ле бұйырмайтын!..

Соның алдында техника дамыған қазіргідей кезде хат алмасу, хұснихат үрдісінің азайып, солғындап бара жатқаны жайлы пікір алмасуға осы жолдар авторы да «Әбдеш Қалмырзаевқа хат» деген мақала арқылы үн қосқан-ды. Хат соңында «жауап күтпеймін, Шерхан мен Камал болмай-ақ қоялық» делінгенді (сен оқыған бойда хабарласып «дұрыс, қажеті жоқ» дедің). «Хат алмасу» сонымен біткендей еді.

Бірақ, Әбеке, осы жолы сендей жаратылысы бөлек, телегей-теңіз ілім-білім иесі, ділі берік, кісілігі кіршіксіз, зиялы, зайырлы замандас, ғұлама ғалым, ғұмырыңның соңғы жылдарында (өзіңнің қалауыңмен) табиғи рәуіште табысып пікірлес, сырлас, мұндас болған пенделердің бірі ретінде бұл жолы аруағына бағыштап, тағы да хат арқылы тағзым етуге ниет еткен жай боп тұр.

Бір сала, бір майданда, бір кезеңде жақсылы-жаман қатар жұмыстанған мен өзіңмен ертеден жақын араласып-құраласып, тонның ішкі бауындай болдым десем, ақиқаттан алыс болар еді. Сені өткен ғасырдың 60-шы жылдарында «С.Қ»-дағы қызметің арқылы білетінбіз. Әуелі сырттай, одан жай амандасатын дәрежеде. Сен сауатты, байыпты, білімді, іскер, алғыр маман ретінде қатарластарыңның алды болып, жап-жас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне нұсқаушы боп бардың. Мен «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі едім. «С.Қ»-да өзіңмен қызметтес болған майдангер жазушы Жекен Жұмақанов та сонда-тын (журналда). Сен ОК-ке барғанда Жекен аға айтқан бір сөз есімде. «Тегінде ЦК кадр таңдауда ілкіде болмаса, онша көп қателеспейді. Көрдіндер ме, Әбдешті дұрыс тапқан» деген еді жарықтық.

Ал, ол кезде (оған дейін де, кейін де) Орталық комитетте қызмет істейтіндердің жартысы десем жалған болар, кемі үштен бірі журналистер болатын. Орыс, қазақ теңдей. Кадрды қайдан алады? Әрине, Мәскеу мен Алматыда жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітіргендер мен «С.Қ» мен «КазПравда» газеттері, «Қазақстан коммунисті», «Коммунист

Казахстана» журналдарынан. Орталық комитеттегі бес сектор, үш-төрт орынбасары болатын ең үлкен үгіт-насихат бөлімі мен Мәдениет бөлімінде кіл журналистер, акын-жазушылар жұмыстанды. Ол екі бөлімнен тыс Партиялық-ұйымдастыру, Ғылым, Ауыл шаруашылық бөлімдерінде де журналистер аз болмайтын. Тіпті, аса құзырлы да жауапты Партиялық-ұйымдастыру бөлімін журналист Қуаныш Сұлтанов басқарды. Ғылым, Ауыл шаруашылық бөлімдері кадрды көбінше «С.Қ» мен «КазПравда» газеттеріндегі ғылым, ауыл шаруашылық бөлімдерінде істейтін журналистерден таңдап алатын. Бұл деректерді кейінгі буын өкілдері біле жүрсе деп ауызға алып отырмыз (журналистика тарихын зерттейтіндерге де қажет болуы ғажап емес дегендей).

Сөйтіп, Әбеке, Орталық комитетте нұсқаушы боп жүрдің. Орталық комитет пен Министрлер советі және Жоғарғы Совет бір ғимаратта орналасқан-ды. Мен Министрлер советіне «С.Қ»-дан өзіңмен бір мезгілде аға референт, Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияға жауапты секретарь боп ауысқан, орта мектепті бірге бітіріп, бірге аттестат алған туыс-жерлесім (марқұм) Немат Келімбетовке барғанда сенімен де жолығып қалушы едік.

Үшеуіміздің асханадан бірге тамақтанған кездеріміз де болды. Сені кеңірек танып-білуім сол тұстарда жалғаса түсті. Сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары, Көкшетау облпарткомда секретарь, Жоғары партия мектебінде ректор, «Мысль» журналында бас редактор боп сатыдан-сатыға орледің. «Мысль» журналында жүргенінде жиірек ұшырасқанмен, кәдуілгі аман-саулықтан аспайтынбыз. Бір-бірімізге ықылас-пейіл, түзу сияқты болатын да, сол жеткілікті көрінетін.

Қызмет бабында жолықпадық демеймін. 1973 жылы жазда «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы Мұса Дінішев мені орынбасар (өзінен кейінгі лауазым – жауапты секретарь) етіп, біреуі өзі – үш адамның кепілдемесі бойынша Орталық комитеттің секретариатында номенклатураға бекіткен соң, баспасөз секторының меңгерушісі ретінде: «Мүсекен ұлық адам, сенімін ақта, менің тікелей бақылауымда болатыныңды ұмытпа», – дедің. Одан соң Жазушылар одағында өткен әлдебір

жиыннан соң: «Жекен істеп жүр ме? Оның қойны-қонышы толған факт. Соны пайдаланыңдар. Журнал жаман емес. Жекен соғыс ардагері, шетке қақпаңдар», – дедің.

Мұндайда біздейлерге «мақұл» деп бас шұлғығаннан бөлек не болсын және Әбекең әкімсіп емес, жанашырлықпен айттып тұрса. Әрине, ЦҚ-дан аяқ тартамыз. Әбеке, сондағы журнал туралы айтқан бір-екі ауыз жылы сөздеріңнен кәдімгідей арқаланып қалғанымды енді айтайын.

«Жақсының артынан сөз ереді, жаманның артынан бөз ереді» дегенді бірінші рет өзің жоғары бағалайтын әнші Ермек Серкебаевтан естіп едім (ол солай айтқан). Біздің білетініміз басқашалау еді. 2005-2006 жылдарда Ерекеңмен әлденеше рет кездесіп, әңгімелесу нәтижесінде ол жөнінде «Ән-ғұмыр» атты кітап жазылып, жарыққа шықты. Ол әйгілі әнші жөніндегі бірінші (бәлкім, соңғы болуы да ғажап емес) кітап еді. Әнші жөнінде жазу «Парасат» журналының бас редакторы, марқұм Баққожа Мұқаевтың идеясы болатын. Алғашқыда ол «солай да солай, Ерекеңмен сөйлестім, көлемді етіп бір мақала жазыңыз, бәлкім, артынан тағы да жазып, кітап етіп шығарармыз» деді. Кітап жазу үш ұйықтасам ойымда жоқ мен: «Мақала жаз дедің, соны орындасам болды, кітапта шаруам жоқ», – дедім қырсықтығым ұстап. Баққожа бетіме тандана қарады да қойды (бірақ, кейін соның айтқанындай болды ғой).

Алғашқыда мінезі аума-төкпелі Ермек Серкебаевпен тіл тауып сөйлесу қиынның қиыны болды. Ауыз ашсаң бас салып, «саржағал» дей ме-ау, «сен кімсің» дей ме-ау, әйтеуір, мөңкудей мөңкіді. Бірақ, бас тартқан жоқ. Алдын-ала дайындаған сұрақтарға өйтіп-бүйтіп айтқан жауаптары бойынша он бес бет мақала жазып, сырлап-қырнап, Баққожа әуелі өзі оқысын деген соң, бір данасын Ерекеңе апарып бердім. Ол «оқимын, жауабын үш күннен соң айтамын» деді.

Үш емес, бес күннен соң телефон шалып: «Әй, қайда жүрсің, мынауынды алмайсың ба?» – деп зіркілдеді. Бардым. Алдым. Өзгеріс жоқ. Тек әлдекім қарындашпен бірлі-жарым әріп, тыныс қателерін түзепті. Соңына «басуға жарайды» депті. Ерекең қол қойыпты. «Апырай, мені сыннан өткізген Ерекең емес, басқа біреу болды-ау» деймін. «Кім екен?»

Бірінші әңгімелескен күні Ерекең «қазіргі әйелімнің аты Әлфия, опера театрында орыс тіліндегі әдеби бөлімді басқарады, қазақ бөлімін Бақыт Мерәлиева басқарады. Екеуі бір жүріп, бір тұрады» деген еді. Анда-санда «Парасат» журналына телефон соғып, кейде келіп те жүретін Бақытты білетінмін. Мені ол да біледі. Демек, менің сыншым Ерекең емес, сол екенін ұқтым. Обалы не, Бақыт құдайлығын айтыпты. Ерекең оған сеніпті. «Ереке, мақала ұнады ма?» – дедім сонда да. «Ұнады. Әй, сен бірдеңе біледі екенсің. Осы күйде басыңдар!». Пах!

Баққожаның айтқаны болып, Ермек Серкебаев жөнінде кітап жазу осылай басталған-ды. Бір айда бір рет кездесеміз, бір бөлім он бес бет болады. Алғашқы 5-6 бөлім журналда жарияланды, тағы соншасы кітапқа енді. Тиражы 5 мың. Ерекеңнің 80 жылдығына тартуымыз сол болды. Оған 200 данасын апарып беріп, қалғаны эп-сәтте таралып кетті. Екі жылдан кейін «Ана тілі» баспасының директоры, жазушы Жақау Дәуренбеков екінші рет өз қаржысына басып шығарды (маған қомақты қаламақы берді. Мұндай жанашырлар сирек). Екеуміздің етене табысып, жақын араласуымызға, күндердің күні маған «сенен басқамен сөйлескім келмейді» дейтінге дейін жетуімізге себепкер осы кітап десем, артық емес. Соны сәл тарата баяндайын.

Бірді айтып, бірге кетіп отырған дәнеңе жоқ. Әлгі кітаптың жылдан астам уақыт жазылу барысында негізінен өзінің ет жақындары мен әріптес дос-жаран, өнер адамдарынан бөлек өмірі ешкімнің атын атамайтын, атамау себебі, жадында сақтамайтын маэстро Ерекең, Ермек Серкебаев сенің аты-жөніңді әлденеше рет атағанда, шынымды айтсам, танданыңқырап жүрдім. Біріншіде ләм демедім. Келесі жолы да «мән бермедім». Сонан соң барып «қимылға» көштім. Сақтыкпен. «Әбдеш Қалмырзаевты білесіз бе?» – деп. «Неге білмеймін, – деді маған едірейе карап, – білмесем айтамын ба? Сен не, келеке еткің келе ме?» (Ерекеңмен мен үнемі орысша, ол қазақша сөйлесетінбіз, оның өзіндік себептері болатын). «Мамандығы бөлек, қайдан білесіз деп жатқаным да». «Қайдан білемін? Көкшетаудан білемін. Ол сонда секретарь болмады ма? Мен барғанда үнемі қасымда жүретін. Ондай секретарды көрген де, білген де емеспін».

Кітап шыққан күні «Риц-паласта» Ерекеңнің мерейтойы өтті. Жанына барып: «Әбдеш Қалмырзаевты шақырдыңыз ба?» – дедім (әдейі, әрі не дер екен деп). «Ах! – деді басын шайқап. – Ол қайда қазір? Алматыда ма?» «Иә!» «Өкінішті!» «Жә, енді оған кітап сыйласаңыз да жетеді, сөйтесіз бе?» «Әлбетте! Міндетті түрде! Оны қайдан табамын? Жо-жоқ! Табамын! Кітап беремін!», – деді көздері жалт-жұлт ете күлімдеп.

Кейін өзінді оқта-текте көргенде бұл жайлы ештеңе демейтінмін, ойыма да келмейтін. (Ерекең жайлы кітап екінші рет шыққанда да жалайырға жар салған жоқпын).

Әбеке, сен зейнетке шыққан соң «Мысль» журналынан босап, Жұмабек Кенжалин басқаратын серіктестікте кеңесші, «Ақиқат» журналында бөлім бастығы боп, қалаған уақытта келіп-кетіп, еркін жүріп-тұрдың. Сол тұстарда Дулат Исабеков інім «Мәдениет» деген журнал ашып, сонда қызметке тіркелген мен де аптасына бір-екі рет материал апарып жүретінмін. Өне, сол шақтарда өзіңмен бұрынғыдан жиірек ұшырасушы едік.

Бірде таңертең редакцияға барған менің жаныма күлімсірей жақындап келдің де: «Мен сені бесінші рет келіп зорға тауып тұрмын. Бұған дейін төрт рет таппай кеттім. Мен ешкімді іздеймін. Сені іздеу себебім, Ермек Серкебаев кітап беріп, бір түнде оқып шықтым. Жақсы жазылыпты. Мен олай жаза алмас едім», – деп кілт бұрылдың да кете бардың.

Ойда жоқта басқа емес, өзіндей ғұламадан әлгідей лебіз естіп, абдырағандай болған мен: «Әбеке! – дедім соңыңнан жылдамырақ жүріп. – Бір минут! Мен де айтайын. Өзің айттың да, ЦК боп жөнep барасың ғой, тегі».

– Иә, – дедің кідіріп.

Мен асығып-үсіге:

– Сенің жазғаныңды мен де жаза алмас едім, – дедім бір-ақ қайырып.

«Жақсы» дедің де қойдың (кетуге ұмсынып).

Кешкілікте телефон соқтың: «Бағана ренжіп қалған жоқсың ба? – деп. – Көпшіліктің көзіне түсе беруге болмайды. Сақтық керек (дедің тағы да ендігі сақтықтың екеумізге де қажеті жоғын ескермей). Баяғы дағды ғой, оқасы жоқ дедім өзімше.

Содан бастап жолыққанда қысқа сөйлеп, ал, телефонда сөз тиегін ұзақтау ағытатын болдық. Екі-үш күн хабарласпасақ,

бас салып іздейтінсің. Сені артық мазаламауға, шаршатып алмауға жасайтын амалдарымды, әрине, білмейді емес, білетінсің. Сөйте тұрып: «Қайда жүрсің, таппай қалдық кой», – дейтінсің. Телефонда болса да, ықыласпен күлімсіреп тұратының сезілетін. Ұлағатты әңгімелер айта тұрып: «Бүгінде біздің жасымыздағыларды мылжың дейді, білдің бе? Дей берсін. Естіп тұрсың ғой, осы сөздер мылжың ба?» – деп жауап күтетінсің. «Ойбай, жоқ, Әбеке! – дейтінмін мен. – Айта бер. Тек...» «Шаршаған жоқпын», – дейтінсің «тек» дегеннің мәнісін түсіне қойып.

– Мен ерекше сыйлайтын адамдар кім, айтайын ба? – дедің бірде. – Сағадат Нұрмағамбетов, Салық Зиманов, Бәйкен Әшімов, Сәдуақас Темірбеков, Өтежан Нұрғалиев. Бұларға Қонаев пен Имашевты қосуға болады (деп те қоятынсың). Жазықсызды жау көретіндерде шаруам жоқ, өшпенділіктері өрши берсін. Пішту!

Қайсы бірін айтайын. Мұндай ашық әңгіме, риясыз ой бөлісу, сырласу, әсіресе, соңғы жылдарда көбірек болды-ау деймін. Мені қойшы, өзіңнің маған соншалық ақ ниет, адал пейіл, сеніммен қарағаныңды айтсайшы. Рахмет деу артық болар, тәнтімін деу дұрыс шығар (егер ол да артық болмаса).

**Бәрін айт та, бірін айт, бізді табыстырған – Ермек Серкебаев!**

Сол кітапты оқып шығысымен бірден (автор) мені шарқ ұрып іздегенін сирек құбылыс еді. Іздеп қана қоймай, маған сеніммен қарап, өзіңмен теңдей көрдің. Соңғы жылдарда дауасыз кеселге душар боп, ол жөнінде көп айтпайтынсың. Ауруханаға жиі түсетін болдың. Түскен бойда хабарласып, палатадағы телефон нөмірін беріп: «Кел дегенім емес, керек боп жатса...» – дейтінсің. Ал, мен барып тұрдым, әрине. Соңғы рет түскенінде де бардым. Қызың отыр екен. Ол кетіп қалды. Мен жаныңда біраз болдым. Кенет көктен түскендей етіп: «Көп болса өлерміз», – дедің. Жүректі тіліп өтті. Қажыған екенсің-ау. Сыр білдірмедім. Басқа лаж да жоқ-ты. Шетелге жүрерден бір күн бұрын телефонда сөйлестік. Даусын сергек секілді еді. Сәтін салсын дедім. Жамандыққа қиғаным жоқ. «Шығарып салуға барайын ба?» – дегеніме: «Керегі жоқ. Таңға жақын ұшамыз. Жанымда балалар бар ғой», – дедің... Ар жағы белгілі...



...Мұнда ма? Сол баяғы қалып. Қу тірлік. Фәнидің жалғандығын біле тұрып, «боқ батпақтан» (Бельгердің сөзі) шықпайтындар да аман-сау, шапқылап жүр. Ақылға жүйрік. Желдей еседі. Көлгірлік көлдей. Қия бассаң, орып жіберуге дайын, сақадай-сай. Солай... солай... іншалла... Тәуба!..

Айтпақшы, сен қайтқанда жаназанда боп, жаны шырқыраған генерал Сағадат Нұрмағамбетов те аттанған соңыңнан. Алдақашан. Бәлкім, пейіш төрінде ұшырасып жүретін шығарсындар...

Ұрпақтарың өсуде. Ұрзада (келін) арқылы біліп тұрамын. Ол өзіңді жиі айтады. Күрсінеді. Сағынады да. Біз де...

Рухың шат болсын!..

## БЕЛЬГЕРДІҢ АРУАҒЫНА ТИІСПЕ!

Қазақ еліндегі қалың қауым Герольд Бельгердің есіміне ертеден қанық (біреу көп, біреу аздау дегендей). Орта мектепті қазақша бітіріп, Абай атындағы педагогтік институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетін тәмамдаған ол Кеңес Одағының батыры, атақты ғалым Мәлік Ғабдуллиннің шапағатымен – шамалы уақыт ауыл мектебінде мұғалім боп істеген соң – тәржімәші, жазушы болып қалыптасты. Өткен жылдың соңына таман жасы сексенге толып, биылғы жылдың басында өмірден озды. Осынау жазбаларды рухы шат болсын деп ұсынып отырмыз. Әрі, оқырмандарымыз нақтырақ біле жүру үшін. Бельгердің ғажайып өмірнамасы теңіздей терең, ғарыштай шексіз. Біз шетпұшпақтап сөз етуге құмбылмыз.

Ал, ол өзі әдебиетке сіңірген еңбегін мұхиттың бір тамшысына балайтын. Бірақ, қандай «тамшы», мәселе сонда. Енді Бельгердей белгілі тұлғаның кейбір белгісіз қырларына зер салып көрелік.

Ол Еділ бойынан Солтүстік Қазақстан облысындағы қазақ ауылына жер аударылған қарапайым фельдшер Карл Бельгердің ұлы. Қазақ еліне келгенде алты жаста екен. Бірнеше апа-қарындастары болған. Олар Герольд Алматыда институт бітіріп, қызметке араласа бастаған кездерде Ташкент қаласына қоныс аударып, өле-өлгендерінше сонда тұрған. Әке-шешесі мен бір апа, бір қарындасы сонда жерленген. Германияға барған

тағы бір апасы өткен жылы дүние салды. Соңғы он шақты жылдан бері денсаулығының кемтарлығына байланысты қайран Герекең солардың көбінің қабіріне топырақ салуға мүмкіндігі болмады. Тек іштей егіліп аһ ұратын. Әке-шешесінің үй-жайын немере қарындасы әлдебір өзбекке сатып, Ресейге кеткен, қазір сонда тұрады. Қызы Ирина көп жылдан бері Мәскеуде. Жансақтау бөлімінде ес-түссіз жатқан әкесіне екі аптадан кейін келіп палатаға кіргенде, Герекең қызына көзін ашып, күлімсірей қарады да, бір сағатқа жетпей жан тәсілім етті. Қазір Герекеңнің үйінде әйелі Рая Закировна ғұмыр кешулі. Герольд Бельгердің қазақ әдебиетіне, әсіресе, тәржімәші ретінде қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Төл шығармаларының көбін орысша, онан соң немісше жазған. Қазақ тілінде жазғандары да бар, бірақ, көп емес. Орышадан қазақшаға аударылғандары да саусақпен санарлықтай.

Герольд Карловичтің тәржімәшілігіне келсек, қазақ әдебиетінің бүгінгі көзі тірі классигі Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» тағы басқа романдарынан бастап, Әбіш Кекілбаев, Дүкенбай Досжановтың роман, повестері, Қалтай Мұхаметжановтың екі-үш пьесасы, басқа да қаламгерлердің шығармаларын орыс тіліне аударды. Өзінің бірыңғай жеке шығармашылығымен соңғы он бес-жиырма жылда шұғылданды. Оған дейінгілері саусақпен санарлықтай.

Әйтсе де, Герекеңді қалың оқырманға (олардың ішінде Елбасынан бастап, көптеген атышулы мемлекет қайраткерлері де аз емес) мейлінше әйгілеп, кең танытқан өткір де көркем, қоғам тынысын дөп басып жазған публицистикалық мақалалары болды десек қателеспейміз. Қазақ, орыс тілдерінде (Ресей мен Германия өзінше) шығатын белгілі басылым беттерінде үзбей жарияланған мақалаларын жұрт қолдан-қолға тигізбей, іздеп жүріп оқыды. Алда да солай боларына шәк жоқ (мұраларын айтамыз). Ақын-жазушы, қоғам қайраткерлері, қарапайым халық ішінде сырлас-мұңдас, сыйлас-қадірлестері есепсіз еді. Шетелдерде де. Өз айтуынша, күн сайын бес сағат жазу жазып, үш-төрт сағат кітап, газет-журнал оқыған оған күн сайын сонау Шығыстағы жасы тоқсаннан асқан аға досы Бошай Кітапбаев, өзге де жер-жерден телефон соғып, үйіне келетін тілектестерде сан болмады. Барлығына уақыт табатын. Күн сайын телефон шалатындарды тізімдеп отыратын. Олардың ішінде жақын

дос-жолдастардан бөлек, бейтаныстар қаншама еді десейші. Жоғары билік басындағылардан көбірек телефон соғатын Иманғали Тасмағамбетов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, ара-тұра Елбасы, Қасымжомарт Тоқаев, Оралбай Әбдікәрімов, Бердібек Сапарбаев, Нұрлан Оразалин, марқұм Орал Мұхаметжановты ризалықпен атап отыратын. Ақын-жазушыларда қисап жоқ. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин екеуін классик деп кесіп сөйлейтін (жеке пікір деп біл, ренжіп қалма), Иранғайып Оразбаев, Темірхан Медетбек, Айгүл Кемелбаева, Дулат Исабеков, Қали Сәрсенбаев, Талғат Айтбаев, Тынышбай Нұрмағамбетов, Смағұл Елубаев, Дүкенбай Досжан, Софы Сматаев, Қасымхан Бегманов, орыстілділерден Олжас Сүлейменовті жоғары бағалаудан танған емес. Екі ақыннан өзгелердің көбін мысыққа теңеді дейді. Ол рас. Қарагөз Сімәділоваға берген сұхбатында солай депті (таяуда шыққан авторлар ұжымының кітабында бар, жібермей қоюға құқымыз болмады). Алайда, бұған Абай айтқандай, «көңілдің кейбір кездері» шығар деп қараса да болғандай. Бір ол емес, әлгі аталған кітапта Шыңғыс Айтматов 154 шетел тіліне аударылды, қазақта 10 шет тілге аударылған жазушы жоқ деп те жібереді. Белгілі эстет, Герекеннің жанындай жақсы көрген іні досы Қали Сәрсенбаев оны «жөңкілген ойдың жетегінде айтылып кетіпті, олай емес қой, Гераға» деп уәж айтады (сол кітаптағы мақаласында).

Қоғамда болып жататын күнделікті қым-қуыт оқиғаларға қарапайым пенде ретінде де, саяси тұрғыдан да жатпай-тұрмай үн қосып, бірде біліп, бірде біліңкіремей сөйлесе де, әйтеуір, пікір білдіруді азаматтық парыз санап, тыс қалуды ар көретін. Айтатын. Ащы айтатын. Сондықтан да, «Дат» апталығында он төрт жылдан бері басылатын «Плетенья чепуханы» оқу үшін аламыз дегендердің талайын білеміз.

Бір айта кететін нәрсе, Бельгер өмірбақи күнделік жазды. Олар жиырма жылдан бері «Парасат» журналында жарық көріп отырды. Әр санда басылуы тиіс аударма-нұсқаны міндетті түрде мұқият қарап, батасын алған соң ғана өндіріске жіберілетін. Күнделікте жай «ақалай-мақалай» (өз сөзі) емес, мейлінше актуальды қажет жай-жапсарлар қамтылатын. Сын да аз болмайтын. Біз «сын» дегенмен олар жеке тұлғаның жеке көзқарас-пайым, ой-пікірі. Қазақ сын дегенді жауласу деп санайды. Сондықтан,

көзқарас, пікір. әйтсе де, сын дей берейік. Бельгер өзінен бастап, ешкімді аямай, керек десе, жоғарыда аталған жақын жандарды да іліп тастап отыратын. Бірақ, зіл, кек деген болмайтын. Атымен. Сынаған адамдарын аялап, жақсылық тілейтін. Мәселен, кейінгі жылдарда көбірек сынаған әріптесінің бірі Әбе, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Дүкенбай Досжанов, Сәбит Досанов, Әбіш Кекілбаевтар болса, «мені адам еткен үш тұлға болды, Мәлік Ғабдуллин, Шалов, Нұрпейісов» дейді де, солар жайлы кітап жазып жатқанын талай айтатын. Мемлекеттік сыйлыққа екінші рет бел буғанда Әбіштің «бұғып» қалғанына өкпелесе де, достығы қалпында. «Жағымпаз, биліктің коридорында қиялға бөгіп жүреді» дейтін Дүкенбай өмірден өткенде қатты қайғырып, отбасына көңіл айтады да, дәл сол жазбада оның шығармаларының бәрі бірдей оқылмайтын дүние деп жазады. (Күнделігін қара. «Ақиқат». №1.15 ж).

Күнделік демекші, олардың жиырма жылдан бері «Парасат» журналында тұрақты жарияланып келгенін айттық қой. Өзге басылымдар сол журналдан алып жариялайтын (былтырдың өзінде «Жұлдыз», үш газет солай етті). «Ақиқатты» айттық. Алда «Парасатта» бірнеше жыл бойы жарияланған күнделіктерден іріктеп алып басайық, қазір тираж аз, біздің оқушыларымыз бөлек, олар да оқысын, соған ықпал етіңіз деп «құда түсуші» азаматтар аз емес.

Бельгердің күнделіктерін «Парасатта» басуды тұңғыш қолға алған марқұм Баққожа Мұқаев. 1995 жылы бас редактор боп келген бойда Бельгердің Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Шәкір Әбенев туралы көлемді эссе-очерктерін алып, үшеуін де осы жолдар авторына тәржімалауды тапсырды. Ол кезде материал соңына аударған пәленше деп жазылмайтын. Тіпті, жазу қажет дегенде де, тәржімәші келіспей, бас тартатын. Солардан соң редакция құзырына күнделік келді. «Бұларды да сіз аударыңыз, Бельгердің тілегі солай»,—деді бас редактор. Бельгермен солайша сырттай таныстық. Күнделікті жариялау басталған соң, ара-тұра әлденелерді анықтау үшін Бельгермен телефон арқылы сөйлесіп, таныстық-білістікке жол ашылды. Кездесіп, сөйлесіп, пікірлесіп жүретін де кез жетті. Оның ұстанымы: күнделіктің бір сөзі, бір фактісін өзгертуге, алып тастауға көнбейтін. Бір жолы өзім сыйлайтын бір ғазиз жан туралы айтылған бір фактіні «қасақана» ұмыт қалдырғаным үшін

Бельгерден біраз сөз естуге тура келді. «Ол менің сыйлас адамым ғой! Алда бұлай етпеңіз, егер тағы сөйтсеніз, күнделікті журналға мүлде бермейтін боламын»,—деді үзілді-кесілді сөйлеп. «Ақиқат» журналы биыл «Парасаттың» рұқсатымен сонда жарты жылдық сандарында басылған күнделікті эзірлеу кезінде бас редактор Аманхан Әлімов нәйәті бір күнгі жазылған дүниені бермей-ақ қойсақ қайтеді дегенде (онда әлі көзі тірі) Бельгер «болмайды, онда бәрін де баспа» депті.

Бельгердің «Парасат» журналында жарық көрген күнделіктеріндегі базбір жекелеген ой-пікірлері күні, айы, жылы көрсетілмей, «Плетенья чепухада» кездеседі. Бірақ, сирек, кей-кейде ғана. Сондай-ақ, «Парасатта» басылған күнделіктердің қомақты бөлігі бұдан үш жыл ілгері белгілі архитектор, профессор, академик Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Алматы жобалау Академиясының құрметті президенті, әдебиетші, бірнеше кітап авторы, қаладағы барша ең танымал құрылыс нысандарының жобасына жетекшілік еткен, «Мәдениет» журналының редколлегия мүшесі әрі жанашыры, ұлтжанды азамат Әбдісағит Тәтіғұловтың демеушілігімен қалың кітап боп жарыққа шықты. Осы биыл Бельгер (осы жолдар авторына) тек сізге сенемін, сізге тапсырамын, қалай етсеңіз де өзіңіз біліңіз деп аманаттаған – өзі жайлы соңғы отыз-қырық жыл бедерінде оны жақсы білген жанашырлары жазған –мақалалар жинақталған жиырма бес баспа табақ кітапқа қолдау жасаған да Әбекен, Әбдісағит Тәтіғұлов. Қазақтың ғаламат перзенті Ахмет Байтұрсынов туған топырақтың перзенті, әрі Ахандай асылмен туыстастығы да жоқ емес Әбдісағит Шаймұхамбетұлының өзінің әріптес ұстаздары, алғашқы қазақ архитекторлары Мендіқұлов пен Бәсеновтердің том-том кітаптарын шығарып, мерейтойларын өткізіп, Бельгерден өзге де қаншама қазақ ақын-жазушыларына жасаған қамқорлықтарына бәрекелді демеске әдді жоқ. Әбдісағит Шаймұхамбетұлы ұзақ жылдар бойы Бельгермен жақын араласып, дос-жаран болды. Олар хақында Әбекеннің жоғарыда аталған кітапқа түйіндеу сөз орнына берілген шағын мақаласында нақтылай айтылады. «Адам күні адаммен» деген осы шығар дейсің. Әбекендей арыстар көп болғай. Бәрінің де мерейлері үстем боп, ұзақ жасай берсін. Шыққалы бері қолдау жасап келе жатқан «Мәдениет» журналы атынан да тағы да ризалық білдіре кету көптік етпес дейміз оған.

Иә, Герольд Бельгер осындай тұлға, осындай жазушы еді. Өзінің жылдар бойы ауызша да, жазбаша да талай рет білдірген өтінішіне орай, мәйіті «Кеңсайдағы» қазақ достарының жанына қойылды. Сол жерден мәңгілік қоныс тапты. «Оу, бұл қалай, ұлты бөлек, діні бөлек адамды онда жерлегені несі» деп бажақтайтындарға: «Анау Райымбек даңғылының бойында қазір қайдам, бұрын «Ташкентский» делінетін (зандастырған) ортақ зиратта қазақтың қаншама біртуар ұл-қыздары жатыр, соны ойла, түбі түскен шелектей қаңғырлама, текке екіленбе ешкікөз» деуден бөлек айтар сөз жоқ. Бельгердің аруағына тиіспе!

### **ЕКЕУІ ДЕ РАМАЗАН ЕЛЕБАЕВ – ӘНШІ, КОМПОЗИТОР**

Әспеттеп айтуға тұратын әдемі құбылыстардың бірі – аты-жөндері ұқсас әдебиет, мәдениет, өнер өкілдері болатыны (дер едік). Қазір өз басыма қай жерлерде жүретіні, қандай қызмет істейтіні беймәлімдеу қаламгер Ғабит Мүсірепов, кино саласында топ жарып шыққан Сафуан Шәймерденов, журналистік қарымы мықты Қасым Аманжоловтай қазақ ұландарының қадамдары құтты басталғаны көкейде жүреді. Атышулы тұлғалардың есімдеріне ие олардан кім-кімнің де үлкен үміт күтуі орынды, әрі жарасымды, әрі бұл үдеден шығып жүр деп қарау артық емесі де түсінікті. Сонау жылдарда еліміздің түкпір-түкпіріне командировкаға шығатын кездерде инженер, агроном, зоотехник, механизатор, малшы, автоклуб меңгерушісі боп істейтін небір Сәбит Мұқанов, Талғат Бигелдиев, Роза Жаманова, Бауыржан Момышев (ұлы емес), Зейнеп Қойшыбаеваларды көретінбіз. Көретінбіз де, сәл таңданып, сәл қалжыңдап, кейбірінің есімдері ретіне қарай жазатын мақалаға еніп кететін. Кейде басылым басшыларына «иә, солай» деп ақталуға тура келетін.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында радиодан екі әнші қосылып айтатын «Тұмарым» дейтін қырғыз әні жиі берілетін. Нәзік, шұрайлы, құлаққа жағымды әуен шырқала бастағанда кім болса да шаруасын қоя тұрып, елжіреп тыңдайтын сол әнді орындайтындар Рамазан Елебаев және Бек Әбдіраев еді. Оған дейін жөнді білмегенмен, орындау мәнерінен екеуінің де талғамы жоғары, талантты екендері байқалатын. Қызығушылық оянып, қызмет бабымен араласатын «Қазақконцерт» директоры

А.Бекбаев пен филармония басшысы Әбдімәулен Дәуітбаевтан сұрағанда, марқұм Асекең (Бекбаев) «е, олар бізде істейтін жігіттер ғой, журналға жазбайсындар ма?» деп түйткілді шешіп тастады.

Ұзамай ол жігіттердің сахнаға шығып, жекелей де, дуэтпен де айтқан әндерін тындаудың да сәті түсті. Ол кезде фонограмма жоқ, табиғи, ашық, тұнық дауыспен шырқаған әндері тамаша. Екеуі де өрімдей жас, жүздері балбұл жайнап, өнер үшін жаралғандары көрініп тұр. Кішіпейіл, тәрбиелі, әдептіліктері де аңғарылмай қалған жоқ. Өндері таныс. Демек, бұған дейін әлде сахна, әлде телевизордан көрген болдык, бірақ, онша есте қалмаған. «Тұмарымды» тыңдаған соң көңіл бөлген екенбіз де (деймін өзімше). Енді солай, әлбетте. Айтпақшы, «Алатау» санаторийінде демалғанда олар да сонда болған – Маңғыстау облысының прокуроры Әбдіқадыр Нұрмағамбетов пен Шымкент облыстық радиосының бастығы Елтай Мырзаев радиодан «Тұмарым» естілсе, тұра қалып үнсіз тыңдайтындары әлі күнге есте. Әбекең де, Елекең де өнерге іңкәр, таланттарды жоғары бағалайтын. Сонымен...

Күндердің күнінде Рамазан мен Бекті редакцияға шақырайын. Ашық-жарқын әңгімелесіп, асықпай сұхбаттастық. Сымдай тартылған Рамазан ұзындау, сұнғақ, ақсары жүзді, ашаңдау да, Бек орта бойлы, шымыр денелі, палуан тұлғалы, қара торы жігіттер екен. Рамазан шығыс, Бек Жамбыл жақтың тумасымыз дәсті. Жас пері, хас таланттар емес пе, сұхбат кезінде сұрамасам да, ән шырқап, менің ұнатқанымды білген «Тұмарымның» қайырмасын қосылып та, жеке-жеке де айтып беріп отырды. Аузын ашса жүректері көрінетін мейлінше таза, ақкөңіл, шынайы жаратылыс иесі жігіттермен жылы қоштасып, кейін олар жайлы журналда мақала, «Социалистік Қазақстан» газетінде көлемді сұхбат жарық көрді. «Әй, сен өзің «Мәдениет және тұрмыста» істеп, мәдениет өкілдерімен бізден гөрі көбірек араласып жүресің ғой, әлгі екі әншімен жасаған сұхбатың әйбәт екен, летучкада жақсы пікірлер айтылды», – деп жылы лебіз білдірді «С.Қ»-ның сол шақтағы басшылары. «Гонорары жақсы болады, жуасың» деп те қойысты.

Сол кездерден бастап жұптары жазылмайтын қос әншімен көрген жерде аға-інідей қуана қауышып, «сіз-біздесіп» жүретін болдық. Олар біртіндеп шыңдалып, сахна гүлі, та-

нымал әншіге айналды. Радио, телевизордан түспейтін болды. Өкінішке қарай, Бек Әбдіраев өмірден ерте кетіп, Рамазан әншілігін жалғастырып жүр. Кейінгі кездерде дерегін білінкіремеймін. Қайсыбір жылы үлкен өнер ордаларының бірінде өткен жеке шығармашылық кешінен кейін көргенім жоқ. Оқта-текте радиодан берілетін әндерін тындағанды қанағат етумен жүрген ахуал бар. Жан досы Бекпен қосылып қырғыз әні «Тұмарымды» шырқайтындары ғажап-ақ болатын. Бек өмірден озған соң Рамазанның ол әнді көпшіліктің қолдауымен сахнада жеке орындаған шақтарына да сан рет куә болдық. Неге екенін қайдам, әлде, бізге солай көрінетін бе еді, Рамазан «Тұмарымды» жеке шырқағанда бұрынғыдай әсерлену бола бермейтін. Өзі де мұңға батып, құлықсыздау айтатындай сезілетін. Бірақ, айтатын. Пах! Ән төресі «Тұмарым». Бүгінде ешкім айтпайды. Айтса, естімес пе едік. Есесіне, сахнада екіленген біреулер аузын аша секеңдеп, әлдебір түкпірден фонограммадан беріліп жататын есте қалмайтын, селт еткізбейтін есті емес, есер әндер, жо-жоқ әнсымақтар. Жаттап алып, өзін айтуды атама. «Әннің де естісі бар, есері бар» дегенді Абай айтса, фонограммамен ән айтатын көзбояу концерттерге жапырыла баратын жұртқа жаным ашиды» дегенді эссе-диалог кітапта Ермек Серкебаев айтады. Оқымайсың ғой, оқымайсың, сондықтан білмейсің. Тым болмаса, Ермектен мұраға қалған теберіктей – таяуда төртінші рет жарық көретін – сол кітапты оқысаң нең кетер еді. Әй, кең жүректі саңлағым-ай, қайтейін. Қазір біреулердің «Мемлекеттік сыйлыққа лайық кітап сол» дейтіндерін естісең, бәлкім, күлерсің. «Дап-дайын сценарий, сериал жасауға сұранып тұр» деп үсті-үстіне мәселе көтеріп жатқандар өз алдына. Атаққұмарлықтан жұрдай авторға бәрібір екеніне де илан. Әңгіме ән жөнінде болған соң ғана там-тұмдап еріксіз ауызға алынды. Көпсінбе. Ермек Серкебаевтың жеке тараулары әлі күнге дейін мерзімдік басылымдарда жарияланып жатады, тек өз аузымен айтылып, зәредей бөгде сөз араласпаған лебіздерін оқимын десең, өзін біл. Таяуда «Қазақ» газетінде бір тарауы басылды.

Иә, әңгіме ән, әнші жөнінде. Бір кездегі жас, бүгінгі жасамыс әнші Рамазан Елебаев жөнінде. Жасамыс дегенмен, жас жағынан одан да жасамыс, өмірге жаралғанына ғасыр толды я асты десе болғандай–екінші, фәни жалғанға жалындап келіп,



жалындап кеткен хас өнерпаз, әнші, композитор, қазақ көгінде жарық жұлдыз боп жарқырамақ арманы қан майданда өзімен бірге мерт болған тағы бір Рамазан Елебаев бар. Болған. Ендеше, ендігі әнгіме желісін сол асыл тұлғаға қарай бұрайық. Аға Рамазанға ойысайық Алтайдан шыққан ақиық, ақтаңгер, атақты батыр Бауыржан Момышұлының қарамағында Отан үшін от кешіп, жанын пида еткен үлкен Рамазан Елебаевқа. Ол кім еді, кім болды, бүгінгі ұрпақ ол жөнінде біле ме, не біледі? Осылар төңірегінде (біз де) азын-аулақ білген-түйгендерімізді ортаға слайық. Олай болса...

Білетіндеріміз бен оқып-түйгендеріміздің кей парасы былай. Өткен ғасырдағы (1941 жылы басталған) екінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жерінен аттанған боздақтардың бірі – сол жоғарыда аты-жөні аталған Рамазан Елебаев. Майдандағы сан қиы ерліктері өзінше де, өнерге құштар, әнші, композитор, шырқата салатын әуендерімен жауынгерлердің рухын көтерген жігерлілік, өршілдігі өзінше. Шығыс Қазақстанда туған жайсаң жанның ел басына күн туғанда етікпен су кешіп, азамат атына кір келтірмеген сайыпқырандығы хақында атақты батыр Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» атты кітабынан бастап, Бауыржан Момышұлы, Әзілхан Нұршайықов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Шәріпов, Жекен Жұмақанов, Құрманбек Сағындықов, Сақтаған Бәйішевтей майдангер қаламгерлердің жазбаларында бірінде аз, бірінде көптеу дерек-мәліметтер келтіріледі. Солардан тоқ етері десе де болатындай басты түйгеніміз – жауынгер Рамазан Елебаевтың соңында «Жас қазақ» деген бір де бірегей ән қалғаны. Ән болғанда да, орыстың ұлы композиторы Алябьевтің «Соловей», Дайрабайдың күйі «Дайрабай», Ғазиздің әні «Ғазиз», Қалқаның әні «Қалқа» секілді санадан өшпей, сан ғасырлар шырқалып, мәңгі жасай беретін ән. «Жас қазақ». Әлгі аталған дарабоздардан қалған бір-бір туынды іспетті жалқы ән. Олардың барлығында да басқа да шығармалар болған болуы бек ықтимал, әлбетте. Бірақ, тарихта қалып, халықтың жадында сақталғаны – бір туынды.

Біз ес білгелі Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні туралы неше түрлі мақалалар да жазылды. Ән мәтіні де әрқилы боп тарап, әрқилы айтылып жүрді. Мәселен, біз мектепте, институтта оқып жүргенде естіген мәтіндер түрліше болғанмен, жалпы мазмұны біреу болатын. Соңы «Жас қазақ» деп қайырылатын.

Бертін келе (1950 жылдар соңында) «Жас қазақ» әнінің сөзін тұңғыш жазған Ғабиден Мұстафин екені туралы жан-жақты талдап жазылған деректер оқыдық. Олардан Ғабиден ақын емес, прозашы. Олай болса, өлең жазғаны қалай деген сұраққа нақты жауап табылды. Көзі тірісінде оларды Ғабеннің өзі де растап, себеп-салдарын байыппен бағамдап түсіндірді. «Мен жазайын деп жазғаным жоқ, арнайы бригадамен бірге жауынгерлердің рухын көтеру үшін майданға барғанда Рамазанның сөзі жоқ әнін тыңдап, Жүсіпбек Елебеков үйренуі үшін керек болды да, тәуекел деп жазғаным рас. Кейін ұнамаса, кәсіби ақынға жаздырыңдар, қарсы емеспін дегенім де рас. Соны малданып, әнге өзінше сөз жазғандар да болды. Бірақ, түбінде мен жазған сөз қалып тұр. Жүсіпбек көнбей қойды»,—деп. Рамазанның әні «Жас қазақты» ертеректе.

Осы жолдарды оқығанда, жоғарыда айтылғандай, біздің де басқа мәтінмен айтқанымыздың себебін аңғарғандай болдық. Жарайды, онда тұрған ештеңе жоқ. Ең бастысы, ән бар емес пе? Өшпес ән, асыл мұра. Сол әнмен Рамазан Елебаевтың аты да бірге жасап келеді. Іншалла! Тәуба!

Бұл жерде бір емес, одан да көп кітапқа жүк болардай композитор Елебаевтың шығармашылығы, жауынгерлік жолы, өмірдастанына толық тоқталмай, оған мүмкіндік қажеттілік те жоқ екенін, сондықтан, кей парасын ғана әңгіме ететінімізді сөз басында аңғартқанбыз. Ендеше, бұл жолы тағы да қосымша айтарымыз, атақты әнші Жүсіпбек Елебековтің Рамазан Елебаевтың сөзін Ғабиден Мұстафинге қолқалап жаздырған «Жас қазақ» әнін автордың өз аузынан үйреніп, елге әкеліп халыққа таратқаны, әрі оған қорған-қамқор боп, бірлі-жарым жазатайым өңін бұзып орындайтындарды қатаң жөнге салатынынан аттап кете алмай отырғанымыз. Иә, Жүскең бұл ән туралы айтудан, насихаттаудан шаршамайтын. Қаншама газет-журнал беттерінде жазды, сұхбат берді. Радио, телевизорда да әуелі әннің шығу тарихын сөз етіп, онан соң барып домбырамен шырқайтын. Өзіміз оның орындауда үлкен сахналардан, радио, телевизорлардан, дастарқан басында да тыңдадық. Қайтыс боларынан біраз бұрын журналдың тұтас бір бетіне Ғарифолла Құрманғалиев екеуінің бірге түскен суретін (мәтінсіз жалаң түрде) жариялау үшін слайдқа түсуге және журнал шыққан соң Ғарекең екеуі алғыс айтамыз деп редакцияға келгенде де «Жас

қазақ» туралы айтуды ұмытпағаны неткен тектілік еді десейші. Сөздерін хатқа түсіріп, сейфке сап, сақтап қойдық. Жастары қатарлас, өнерге қатар келген екі әншінің тек түрлі-түсті суретін ғана журналға басу кезінде біреулер үшін әжептәуір тосын әңгіме болды. Сол суретті көп азамат осы күнге шекті сақтап жүр. Біреуі – қазіргі бірегей әнші Еркін Шүкіманов. Солай деп жуырда өзі айтты.

Онан соң белгілі кинорежиссер Мәжит Бегалин Бауыржан Момышұлының шығармалары бойынша түсірген «Ел басына күн туса» атты фильмдегі «Жас қазақ» әні Жүсекеңнің орындауында қандай шерлі, қайғы-мұң аралас шабытпен шырқалатыны бізсіз де тамам елге аян. Онша-мұншаға селт етпейтін ұлы Баукен, Бауыржан Момышұлы фильмді алғаш көргенде басқа емес, сол әнді тыңдағанда егіле босап, көзіне жас алғанына белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбаев куә болғанын айтады.

Бірі майданда қаза болған, бірі бейбіт дәуірде ғұмыр кешкен, қазір қатарымызда жүрген екі Рамазан Елебаев. Біріншісі – әнші, композитор, екіншісі – бірыңғай әнші. Атақ-марапат бір басына жететін танымал әнші. Екеуі де Шығыс Қазақстан топырағында туған. Екеуі де Рамазан Елебаев. Аты-жөндері емес, киелі өнер жағынан да ұқсас, тағдырлас, қасиетті қазақ жерінің ақ сүт емген адал перзенті, мақтанышы екеуі де.

Енді жуырда «Алматы ақшамы» газетінің бірінші бетінде «Майдан музасы» деген айдармен –Фабиден Мұстафиннің суретімен қоса жарияланған – «Жас қазақ» әнінің төрт шумақтан тұратын мәтінін келтірейік те, нүкте қояйық.

### *Фабиден МҰСТАФИН*

#### **ЖАС ҚАЗАҚ ӘНІ**

*Әні – Рамазан Елебаевтікі*

Қар жамылған кен дала канға бөгіп,  
Күрілдейді сұр аспан өлім төгіп  
Жас қазақ мұрттай ұшты уралап.

Жанын қиып кете алмай жас өмірден  
Асқақтаған арманға өрмелеумен  
Жас қазақ жатты көзі от жайнап.

Сол бетінде жан берді, ол тұрмады,  
Ары үшін елімнің боп құрбаны

Жас қазақ атылды оқтай көре сап.

Ел қорғаған майданда жас арыстан,  
Төлегендей артыңа қалдыр дастан  
Жас қазақ жатты жауын жаныштап

Рухың шат болсын, майдангер Рамазан!  
Әннен шашу шаша бер, замандас Рамазан!  
Алтайлық ақтаңгерлер!  
Екеуі де Рамазан Елебаев!

## БҰҚАРАЛЫҚ ҚАЛАМГЕРЛЕР, ЖЫРАУЛАР

Бұдан төрт-бес ғасыр бұрын қазақ пен өзбек бір халық болған деседі. Бірақ, кейінгі екі жүз жылдықта олай емес. Екеуі екі бөлек ел, мемлекет. Совет өкіметі тұсында жеке-жеке республика болды. Бүгінде қатар жатқан тәуелсіз республика.

Түк сөз жоқ. Өткен өтті, кеткен кетті. Заман ырқы солай. Алайда, бүгінгі өзбек елінде қазақ іздері сайрап жатыр. Атақты үш бидің екеуінің мүрдесі өзбек топырағында жатқанын айтпағанда, Ташкент, Самарқан, Бұқараны билеген қазақ қайраткерлерінің аты-жөндері айдай әлемге аян. Ташкентке үш ғасыр үкім жүргізген Жолбарыс, Тұрсын хандар, Төле би хакім, Самарқанда минареттер салған, ұлты қазақ екені құлпытасында жазулы тұрған Жалаңтөс баһадүр не тұрады.

Ташкент облысындағы жер-су аттарының көбі әлі де қазақша, халқының тең жарымынан астамы қазақ екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Қазағы көп Қарақалпақ автономиялы облысын сөз етпесе де болады. Олардан тыс Бұқара мен Самарқан, Науай, Жизақ облыстары ше? Әйтеке бидің мәйіті жатқан Самарқандағы Нұрата, Қаттақорған аудандары қазақтар қалың мекендер. Бұқара облысындағы Тамды, Кенемек, Ромитан аудандары да сол құралпас. Әсіресе, бірыңғай қазақтар (ғана) мекендейтін Тамды ауданын ондағылардың атамекен санауы заңдылықтай көрінбей ме?

Солайы, солай. Оған айғақ-дәлел жеткілікті. Бұқара облысының басқа аудандарында да қазақ ұлты аз болғандықтан, Совет өкіметі жылдарында облыс басшылары арасын-

да облыстық халықтық бақылау комитетінің председателі Сүлейменов, облпартком секретары Даришев, облыстық банк бастығы Каримов сынды қазақтар қызмет етті. Енді Тамдыға келсек...

Ол ауданның басшы-қосшылары, күллі шаруашылық, мектеп, өзге де мекеме басшылары қазақ болмай қайтуші еді? Көптеген тамдылық балалар Ташкенттің жоғары оқу орындарында оқуда. Пединститутта бізбен қатар оқығандар да аз еместі. Социалистік Еңбек Ері Балиманов деген аға шопанның даңқы күллі газеттің бәріне жазылып, дүрілдеудей дүрілдеп жатты. Жиделібайсын мекені орналасқан қиырдағы Қашқадария облысында облатком председателі Елібаев, облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары Тумашев, бірнеше аупарткомда бірінші болған Жанпайызов, Маткаримов, Шегебаевтардың аты-жөндері Мәскеуге дейін жетіп жататын.

Бұқара облысындағы Тамдыға қайта оралсақ, өз басым осы ауданнан шыққан азды-көпті қаламы қарымды ақын-жазушылардың бәрін болмағанмен, біразын жақсы біліп, жақын араластық та. Мұндайда алдымен ауызға Өмірзақ Қожамұратов ілігетіні анық. Ол туа бітті талантты ақын еді. Онымен 1959 жылы Алматыдағы қызмет орнымнан («Лениншіл жас» газеті) демалыс алып, Ташкентке барғанда болашақ әйелі Үрниса екеуі пединститутты әне-міне бітіргелі жатқан досым Төлеген Айбергенов таныстырған-ды. «Ертең сені бір жігітке жолықтырамын, шет тілдер институтында оқиды, Бұқараның Тамды облысынан, керемет ақын, менен де күшті десем болады»,—деген Төлеген шынында да солай етті. Ертеңіне түсте сұңғақ бойлы, бұйра шашты, ірі денелі, қарулы, жүзі жылы, кішіпейіл Өмірзақ үшеуміз әуелі ресторанда түстеніп, онан соң армансыз қала араладық. Төлеген екеуі кезек-кезек өлең оқып, ойдан-қырдан әңгіме соқтық. Қысқасы, таныстық. Суретке түстік. Қазір менде сақталмаған сол сурет Төлеген туралы естеліктер жинағына еніп, құжатты фильмде көрсетіледі. Көзге оттай басылады.

Төлеген оған дейін (1958 жылы қара күзде), Алматыға келіп, мен тұратын жалдамалы пәтерде екі апта бірге болып қайтқанды. Бірақ, оған дейін ол да, өлеңге әуес басқа талапкерлер де шеттерінен өздері көрмеген алыстағы Алматыны жыр етуге құмбыл-тын. Мәселен, Төлеген Алматы хақында:

*«Көз тіккен көктен еңкейіп,  
Бәйтерек болса Алатау,  
Саясында сәулетті*

*Тігілген сен бір ақ отау»* – десе, өлеңін қағазға қарамай жай дауыспен нықтап оқитын Өмірзақтың:

«Теректері бойлап өскен қыз балтыр,

Көшелері оқтай түзу мұз жалтыр», – деп көсілетін екі бунақ өлеңі сол замат көкейде тоқылып қалды. Әлі ұмытылмайды.

– Көрдің бе? – деді Төлеген маркая күлімдеп. – Біліп қой. Бұл Өмірзақ әлі майталман ақын болады.

– Айтқаның келсін.

Өмір жолы сан тарау. Қилы тағдыр. Мен сол келгеннен Алматыға бармай, Сарыағаштың аудандық газетінде қалып қойдым. Төлеген Үрнисаны алып, елі – Қарақалпаққа кетті. Бір жарым жылдан кейін Сарыағашқа көшіп келіп, үш жарым жыл Сарыағашта тұрды. Одан Алматыға келіп, бір жыл он бір ай ғұмыр кешті. Мен 1964 жылдың көктемінде Алматыға біржола қоныс аударып, «Мәдениет және тұрмыс» журналында әдеби қызметкер боп істеп жүрдім. Пәленбай жыл баспанасыз күй кешіп, микрорайоннан екі бөлмелі пәтерге әрең қол жетті. Бес-алты жылдан кейін бас редактордың орынбасары боп жағдай сәл-пәл түзелгендей болды.

Едәуір уақыт қызметсіз жүрген Төлеген (менде оған қол ұшын берер қауқар болған жоқ) екі жылға жетпей бақиға озды. Оны қайдам, бұл уақыттар аралығында мен Өмірзақты көргенім жоқ. Оны Шымкент облысының біраз аудандарында о жер, бұ жерде қызмет істеп, айықпас ауруға шалдығып, емделу мақсатымен Алматыға келгенінде бір-ақ кездестік. Турберкулез институтында жатқанында Үрнисамен бірге бір рет көңілін сұрап барып шықтық. Командировкада болып, үш аптадан соң келгенімде оны туыстары еліне алып кетіп, сонда қайтыс болғанын Үрнисадан естідім. Қайран есіл ер, өмірде де, шығармашылықта да жолы болмай, арманда кетті. Әйтеуір, бірді-екілі өлең кітаптары шықты (одан көптеу болуы да мүмкін). Қолға тиді. Оқыдым. Тұнып тұрған поэзия. Біраз өлеңі Зейнолла Серікқалиевта екен, ол да бір-екі рет кітап етіп шығарды. Өмірзақты ел-жұртқа қайтсем де кең танытам деген мақсат-жоспары көп еді, кейін өзі де мезгілсіз бақилық боп, іске аспады.

Солайша бір талантты ақын атаусыз қалуда. Өлгендер тұрмақ, тірілердің қадіріне жетпейтін заманда бірдеңе деу қиын-ақ. Қайран, Өмірзақ! Түбі жолың болар, өзің болмасаң, өлеңдерің жарып шығатын кез келер деп үміттенуден өзге лаж жоқ боп тұр. Пушкин, Лермонтов, Есенин құралпыс ақын Төлегенге келсек, оны әуелі құдай, онан соң отты жырлары, қала берді, талантты ақын Мұхтар Шаханов аренаға шығарғанына куәлердің біріміз. Әділдік үшін Мұхтардың бұл азаматтығына тән бермеуге болмайды. Іздеушісі жоқтықтан тасада қалған Өмірзақтай небір арқалы, дарынды ақындар аз емес. Жаңылмасам, өмірден жас кеткен Бауыржан Үсенов деген ақын да сондай тағдыр кешті-ау деймін.

Өмірзақ Қожамұратовты мүлде атаусыз демейміз. Біреулерден сирек те болса кітаптарын көріп қаламыз. Бауыржан Жақыповта да болса керек. Әйтсе де, Өмірзақ жайлы сөзді осымен доғарайық та, өзіміз білетін бірлі-жарым басқаларға ойысайық.

«Мәдениет және тұрмыс» журналында қатардағы қызметкерден ЦК-ның номенклатурасына тіркеліп, ұзақ жыл екінші басшы болған жылдарда редакцияға жыл сайын ойданқырдан он-он екі мың хат келетін де, оларды қабылдап, тіркеп, бөлімдерге таратып, авторларға бас-басына жауап жіберумен үш бірдей қызметкер (тек солармен) шұғылданатын. Оның үстіне, алыс-жақыннан ат сабылтып келіп тұратын авторлар қаншама. Бірде Бұқара облысының Тамды ауданынан жиі-жиі хат жолдайтын Совет Жаманғараев дейтін ұзын бойлы, қараторы өңді, мейлінше қарапайым, елпеңдеп қалған жігіт ағасы өз аяғымен редакцияға келіп, бірінші менімен танысты. Институтты менімен бірге тәмамдаған Маханжаров деген жігіт бар еді, сізге соның айтуымен келдім дегені есте. «Қайда түстіңіз?»—деп едім, осында институтта оқытушы туысқаным бар, соның үйіне деді. Екі-үш папка қолжазбасы бар екен, оларын «Жазушы» баспасына апар деп жол нұсқап жібердім. Кейін кітап боп шықты ма, жоқ па, хабарым жоқ.

Ал, сол Совет Жаманғараевыңыз тіпті де тегін емес-ті. Сықақ өлең, шағын әңгімелері журналда жарияланып тұрды. Басқа газет-журналдарда шыққандарын да байқайтынмын. Шамасы, Тамдыдағы аудандық газетте істейтін секілді еді. Кейін із-түзсіз

кетті. Бүгінде мүлде. Оны бір білетін мен, онан соң бірлі-жарым тамдылықтар болса, солар білуі ықтимал. Таяуда осы сірә, тамдылық шығар деп жобалаған бір азаматты ұшыратып, Совет Жаманғараев жөнінде сұрайын десем, әлденені бір сылтауратып, мардымси кергіп, жанаса қоймаған соң, кетіп қалуға тура келді. Оның тамдылық болмауы да мүмкін, әрине. Өзімше шамалағаным да. Онда кешірім өтіну менен.

Енді сонау жылдарда осы Алматыда біраз жыл қоян-қолтық әмпей-жәмпей боп араласқан тағы бір ақын десең ақын, жыршы десең жыршы, әдебиетші, термеші, домбырашы, әнші, Ташкенттегі пединститутты менен он шақты жыл кейін бітірген мейлінше еті тірі, алғыр, пысық, өткір, жаны таза, әділ, Мәдениет министрлігіне қарайтын Халық творчествосы үйінде ұзақ жыл істеп, діттеген арман-тілегіне жете алмай қапияда бақиға озған келесі бір тамдылық ғажап жігіт болған еді, соған келейік. Аты-жөні Шәрібек Алдашев. Бұқарадан бала-шағасымен көшіп келген бойда, сыртымнан жақсы білетіндіктен, маған қысылмай келіп, бар сырын өзімсіне жайып салды. Қаланың шет жағынан шиеттей бала-шағаммен пәтер жалдап тұрмын, мені Төлеген Айбергеновтің үйіне апарыңыз деген соң, ол тілегін сол замат орындадым. Қаламы қарымды екен, жазған-сызғандарын журналға және өзге де басылымдарда жарық көруіне аз-мұз сеп жасап жүрдім.

Тұрмыс тапшылығын көп көрді. Сонда да Базар жыраудың шығармаларын жинақтап, қомақты кітап етіп шығарғандай толып жатқан шаруалар тындырды. Мұқағали Мақатаев қайтыс болған соң оның елу жасқа толған тұңғыш мерейтойын өткізуге Мәдениет министрлігі атынан қатысып, көрге-білгендерін жыр қылып айтып келді. Журналға жазды. Біртуар ақынның сол тойында базбір қадірбілместердің оғаштау сөздері мен кейбір анайы іс-қылықтарын да жасырмады. «Халыққа бәрекелді, бәрін солар көтерді, Мұқанды ардақтайтын көр көкірек емес, халық екен, ақынның туған жеріндей сұлу жер көрген емеспін»,—деп тамсанды.

Әне, сол Шәрібек Алдашев бауырымыздың Алматыға келгендегі азды-көпті тындырған істерінің кей парасы сондай. Ғылым академиясымен тығыз байланыста болушы еді. Басқа да игі істері болса керек. Меніңше, баспанаға қолы жетпей кет-



ті-ау деймін. Егер үй алса, күллі жұртты шақырып ұлан-асыр той жасайтынын «күндердің күні болғанда, бас кесермін жасырман» деп тұспалдап айтушы еді. Бірде жалдамалы пәтеріне шақырғанда бара алмағаным өкінемін...

Шәрібек Алдашевтың бақилық болғанына көп жыл өтті: Кесіп сөйлейтін бір сөзді, мәрттің мәрті, жомарттың жомарты еді. Иманы саламат болсын. Аумин! Аллаһу әкбар!

## **ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ БЕЙШАРАЛЫҚ** *немесе америкалық қазақ тілі маманы* **Сәуле Батаеваның күйініші**

Сөзіміздің бісмілләсінен бастап ауызға ала кеткелі отырған осынау жайлар (біз ес білгелі) үнемі айтылып, жазылып, біреу-міреу назар аударып, ескерілсе дегенмен, тас керең құлаққа ілінер түрі көрінбей келеді. Есесіне, осы тақылеттес құбылыстар еселене көбейіп, пұшаймандық хал-ахуал одан сайын белең алулы. Әңгіме қазақы намыс, иә, иә, кәдімгі кез-келген ұлт өкілдерінен молынан табылатын табиғи ар-намыс хақында. Сонда не, сан ғасырлық тарихы бар, ұлан-байтақ жерге иелік ететін қазақта намыс жоқ па? Сені қайдам, өз басым олай деуден аулақпын. Қазақта намыс бар болғанда қандай, жарты әлемді төңкеріп, жайпап жіберердей құдірет-күшін ешкім де жоққа шығара алмасы кәдік. Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиев айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» қазақ небір сүргін алапаттарды аяусыз бастан кешсе де, халықтығы қалпында, басынан сөз асырмайтын батырлығы, батылдығы, от мінезі орнында, (бұрынғы) одақтас он алты республика сияқты, көктен іздегені жерден табылып, бір-ақ сәтте тәуелсіздікке қолы жетіп, өз арбасын өзі сүйрейтін халге жеткелі де едәуір уақыт болды. Онда «қайдағы бір» ұлттық ар-намыс дегенді «қоздатып» қажеті не? Міне, мәселе осында, ата-бабадан дарыған ар-намыстың майы таусылған шам секілді бір өшіп, бір жанып, әлжуаз күйден арылмай келе жатқан көнбістік, өз жігерін өзі жасытып, мансұқтауға ұқсай беретін «бейшаралықта». Айттық қой, бұл жөнінде айттылудай айтылып, жазылудай жазылып жүрсе де, селт еткен серпіліс байқалмауы таңқаларлық деп. Оппозициялық та, оппозициялық емес басылымдар да (қазақтар басқаратын оры-

стілділерден басқа) қапы қалып жатқан жоқ. Бүгінгі таңдағы от ауызды, орақ тілді ақындар Темірхан Медетбеков, Мұхтар Шаханов, Иран-Ғайып, Қасымхан Бегманов пен классик жазушылар Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Шерхан Мұртазаев, Герольд Бельгердің (олар көп, бәрінің атын атау шарт емес) толғаныстарын оқымаған, білмейтіндер жоқ шығар.

Солай, әлбетте. Енді соларды айғақтармен тұздықтап көрейік. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда мемлекет жас, республикаға аты берілген қазақ сан жағынан аз болғандықтан, (ғайыптан пайда болған термин) толеранттық дегенге бас шұлғып, өзара достық, ұлтаралық татулықты сақтауға жан салдық. Жан салғанымыз сонша, тіпті, орыс басшы Колбиннің тұсындағы қостілділік, ілеспе аударма дегендер былай ысырылып, жеме-жемде бүгінгі ресми тілге мемлекеттік статус бере салуға шақ қалдық. Егер Елбасы мен Мұхтар Шаханов күш салмағанда, солай болар ма еді, кім білсін. Одан беріде ұлтаралық татулық сақтау мақсатымен ассамблея, мәдени орталықтар құрылып, (америка болуды көкसेген Уәлиевалардың арқасында) қазақтардың өзі қазақстандық ұлт атала жаздағандай кереметтер де бастан өтті.

Одан бері де күні бүгінге дейін онып жатқан жағдай шамалы. Бұрын да шетпұшпақтап айтқанымыздай, тағы да айтқан артық болмас (өйткені, дәл осылар жөнінде өзге басылымдар сиректеу үн қатады), қазақстандық дипломаттарға не жорық десейші. Біздің шамалауымызша, басқа болмаса да, әлемдегі мемлекеттермен қарым-қатынас жасайтын отандық дипломаттардың тіптен жалтақтайтын жөні жоқ. Олардың қызметінің елдегі достық, ұлтаралық татулыққа қандай «зияны» бар? Ал, айтшы, түрікмен, ағылшын, қытай, неміс, қырғыз дипломаттарымен (аударма арқылы) неге қазақша сөйлейсің дейтін бір келімсек табылар ма екен? Анау жоғары Радада бір депутат орысша сөйлесе, қалған депутаттар жаппай төбелес бастайтын украиндық дипломаттар қай елмен болсын, өз тілдерінде сөйлейді емес пе? Олар орыспен түбі бір туыс, орыс тілін түгел білетін, еркін сөйлейтін халық. Бізден айырмасы, ұлттық ар-намысты жоғары қоятыны. Орыстар да солай. Қайда да өз тілдерін бірінші орынға қояды. Қазақша сөйлеуге құлықтары кемшіндеу.

Е, олар дипломаттары орысша сайрайтын бізді неғылсын. Қазақ тілін үстем етеміз деп жылына ірі мөлшерде қаржы жұмсаудан опа тапқаны шамалы бізге опынып-өкініп, «жылап-сықтаудан» өзге не қалып тұр? Осы (тәуелсіздік алғаннан бергі) жылдар ішінде «баршаға түсінікті болсын», келімсектер кекете айтатын «элитная нация» дейтін тіркестер қалай пайда болды? Достық, ұлтаралық қатынасқа болаттай берік қазаққа өздерінше тұлданып, менсінбестік пиғыл көрсететін келімсектер тайрандай бере ме? Әлде, олардан осы жасқану жасқанған боп жалғаса бере ме? Әлде, достық пен ұлтаралық татулық тек қазаққа керек пе, сан жағынан елу-алпыс этностар мен өз отандарында қылмыс өршіп, қан төгіліп жатқан ат төбеліндей диаспора өкілдеріне керек емес пе?

Бұл мақаланың мақсаты осыларды терең талдап, жіліктеп, саралау емес, керісінше, алда сөз болатын жайларға тікелей қатысы барлықтан ауызға алып отырмыз. Енді бір-екі ойымызды айтайық та, негізгі мәселеге ауысайық. Ол былай: дәл бүгінгі таңда – басқа ұлыс пен ұлт өкілдерін титтей кемсітпей, қайта, барлығын да төбеге көтере отырып – қайда да қазақ тілінде сөйлеуге басымдық беру لازым. Колбиннен қалған ілеспе аударма дегенді кең ауқымда қолдану кезінде өзін-өзі ақтап, қазақ дәл бүгінгідей төменшіктемеген еді ғой, соны қайта жандантуға бола ма? «Баршаға түсінікті болу үшін» деген көлгірліктің күлін көкке ұшырататын кез жетті дер ек. Әйтпесе, айтарыңды «баршаға» демей-ақ айта бер. Жуып-шайғандай боп қайтесің. Бұл біздің сөзіміз емес, қазір барша жұрт айтып жүрген бір пікір бар. Билікте (ондағылардың көбі) қазақтар ғой, шүкір. Жамбыл Ахметбеков айтатын ортақ тілге жетік, ресейлік кіші думада отырғандай көсілетін кіл ұлтжанды депутаттар мен Кәрім Мәсімов бастаған барша министр қазақша сөйлесе, көп мәселе бір-ақ сәтте шешілері даусыз. Әсіресе, қазіргі таңда. Сонда бәрін көріп, біліп, жігері құм боп, вокзал, базар, т.б. жерлерде арба сүйретіп жүрген бейбақтар, жеке көлігімен жолаушы тасып күнелтетіндер мен жігері жасыған жастардың көңілдері жайланып, біршама сергіп қалар ма еді, қайтер еді дейміз де (сөз бостандығына арқа сүйей отырып). Осыдан бес-алты ай бұрын көкбазарда сауда жасайтын бір топ қазақ әйелдері ойламаған жерден «метродағы алты аялдаманың біріне неге Қонаевтың

аты берілмейді» деп «шу» шығарып, ол телеарналардан көрсетілді. Осы ойланатын жай емес пе? Әңгіме Қонаевта да емес, қарапайым жұрт санасының қай деңгейде екенінде емес пе? Демек, қазақстандық ұлт «атанбай» тұрғанда, қазақ деген атау өзбек, қырғыз, грузин, украин деген атауларға теңелсін деудің, біздіңше, түк сөкеттігі жоқ сияқты.

Бір ғажабы, қазақ деген атау, қазақы рух пен асқақ лептің қай салада да «ақсаулы» екеніне дәлел-айғақ мол-ақ. Анау шетелге баратын базбір ерен әншілердің сонда аяғы тиер-тиместе сол елдің әнін шырқап (пах!) мұнда сол елден қолма-қол үйрене салған әндерін ала келіп аңырататыны жетістік пе, сеніңше? Түк те! Жетістік емес, жетесіздік. Себебі, әлемдегі қай ел болса да, онда барған қазақтардан қазақ өнерін көреміз деп дәмеленеді, ал, мұндағы қазақтар олардың шетелдерден шалашұрпы жөренесін үйреніп әкелген ыңылдарына түк те ділгер емес. Бірақ, оған пысқырып жатқан ешкім жоқ. Керісінше, біз осындаймыз деп шіренгенде қара жерді жарып жібере жаздайды. Ол шіркіндер, көп болса, өз еркіміз өзімізде, не істесек өзіміз білеміз дейтін шығар. Сонда қазақ атты ұлы халықтың намысы мен жігері қайда?

Жә, ағайын, мұндай кеселдің төркіні әріде, тереңде, сонау советтік кездердегі құлдық психология, еліктеу-солықтаудан бастау алатынын бізсіз де біледі емеспісің? Бұл орайда қазақ киносындағы тамырын тереңге жайып, осы уақытқа дейін бәсеңдеу орнына, дендеп бара жатқан қуыс кеуде құлшынысты айтса да жеткілікті (дер едік). Қазақ киносы дедік пе? Пәлі! Кейде, тіпті, ауыз бара бермесе де, амал жоқ, солай деп атауға тура келеді. Енді бұған кеңірек тоқталып көрейік. Өйткені...

Пролетариаттың ұлы көсемі Ленин бабамыздың «Өнердің ішіндегі ең бастысы – кино» деген тәмсілін ес білгеннен естіп, қанық боп өскеніміз шындық. Оның үстіне, кино дегеннің рөлі зор екені тағы рас. Қазіргілерді қайдам, советтік кездегі жастардың талғам-талабы, өмірге көзқарасы дұрыс қалыптасып, патриоттық сезімдерінің шындалуына киноның әсері шексіз болатын. Отан соғысы тұсында және одан кейінгі кездерде алыстағы қазақ ауылдарына апарып кеңсе үйінің дуалына тұтатын ақ матада көрсетілетін кинолардың ой-сезім, бала қиялға қаншалық әсер етіп, өшпес із қалдыратыны, құлаққа

жағымды музыка, әндер әлі күнге есте. Сөздері орысша болса да, қимыл-көрініске таң-тамаша боп, бірдене-шірденелер санаға жеткендей болатын. «Чапаев», «Петр первый», «Жас гвардия», «Екі дос» секілді кинолардағы бас кейіпкерлерді пір тұтып, солардай болуға тән берген кездер неткен ғажап еді, пай-пай! Одан «Амангелді». Оны көргендегі әсер-сезім мүлде бөлек. Әсіресе, Амангелдінің (Елубай Өмірзақов) айтатын әні, әйелі (Шара Жандарбекова) билейтін би, алашордашылардың халыққа, қазаққа жасайтын «киянаты» мен күллі сарбаздардың ерлігі, бас кейіпкердің қазасы–барлығы ғаламат-тын. Бірде-бір көрініс ұмытылмай, үлкен-кішілер көздеріне жас ала отырып толқитын. Кино көрсетілген жерде қалып қоятын үзік-үзік ленталарды қолдан-қолға тигізбей, теберіктей сақтайтынбыз. Бұл сөздерді Ленин бабамыздың киноға берген бағасының әділ, дұрыстығын аңғарту ниетімен ауызға алып отырмыз. Киноның қашанда, қай кезде де жөні бөлек екенін мәнзалдау ниетімен.

Ес біліп, етек жия келе кино дегеннің не екенін, бір фильмді түсіру үшін қаншама мамандардың кәсіби тұрғыда аяусыз тер төгетінін, сценарий жазатындардан бастап режиссер, оператор, гримерші, суретші, каскадер, Каскадерлар мен актер, актрисалардың иығына батпан жүк түсетінін және алып держава – Кеңес Одағының астанасы Мәскеу, Ленинград, Свердловск, Одесса қалаларында, әрі он алты одақтас республикалардың астаналарында киностудия болатынын біліп, осынау өнерге деген қызығушылық артқан үстіне арта түсті. Олардан тыс, ол кездерде де бүгінгідей есебінен жаңылысатындай болмағанмен, шетелдік кинолар да көрсетіліп тұратын. Шыны керек, ілуде болмаса, көрермендер көбіне түсіру деңгейі жоғары, шынайылығы басым шетелдік киноларды да көруге құлықты-тын. Стюарт Грюнджер, Жан Маре, Радж Капур, Ив Монтан, Грегори Пек, Вивьен Ли, Морилин Монро, Симона Синьора секілді шетелдік актер, актрисаларға айрықша табынып, пір тұтатын. Советтік киноның да үздіктері, көрермендер шапағатына бөленген Любовь Орлова, Николай Крючков, Борис Бабочкин, Владлен Давыдов, Сергей Гурзо, Борис Андреев, Николай Алейников, Андрей Файт, грузин Михайло Чиаурели т.б. актер, актрисалар болды.

Әр одақтас республиканың өз киностудиясы болған соң олар да ізденіп, талпынудың арқасында назарға іліккендей тәуір туындылар жасайтынына әрі қызығып, (жақсы мағынада) әрі қызғана да қарайтынымызды жасырып қайтейік. Себебі, олар жасайтын фильмдерде таза өз халқының тыныс-тіршілігі, тарихи өмір өткелдері, ұлттық ерекшелік, менталитеті айқын сипатталатын. Айта кетейік, одақтас республикалардың бәрі де көпұлтты, әсіресе, бәрінде де орыс халқының өкілдері аз болмайтын. Сол кездердегі ресми санақ бойынша, кавказдық үш республиканың әрқайсысында 1-2 млн, ал, тәжік, өзбектерде 2-4 млн аралығында, қырғыз елінде 2 млн. орыс, 1 млн-ға тарта тау халқының өкілдері бар делінетін. Өзбекстанда кәріс пен татар диаспорасының саны Қазақстаннан үш есе көп-тін (қазір де солай). Қысқасы, көп ұлтты емес республика болмайтын. Олар тұрмақ, татар, башқұрт, шұбаш секілді автономиялық республикаларда жергілікті тұрғындардан гөрі орыстар сан жағынан басым болатын (қазір де солай). Сол шақтардағы көпұлтты республиканың бірі Қазақстанда да орыстар сол шамалас, олардың да, өзге ұлт, ұлыс өкілдерінің де шегірткедей қаптап, құрт көбейгені көп кейін-тін. Соған қарамай...

Балтық жағалауындағы үш, кавказдық үш, ортаазиялық төрт, украин, белорус республикалары өз халқының өмірінен фильм түсіріп (орыстар екібастан солай) әрі, киностудияларын да өз халқының атауларымен атап, арқа-жарқа болған шақтарда қазақстандық киностудия олай етуге дәті бармай, көпке дейін «Алматы киностудиясы» деуден аса алмады. Әйтеуір, басқалардан ұят болар деді ме, қайдам, «Қазақфильм» деген атауды бәрінен кейін азар иеленді. Онда да, екі қарап, бір шоқып, көлденең қауіп туа қалмасына көздері айқын жеткен соң ғана. Бұл аралықта «Георгий Саакадзе», «Тайна двух океанов» тектес небір ғаламат фильмдер түсірген Тбилисидегі киностудия соғыстың алдында «Грузияфильм» аталып, Ленин орденімен наградталған-ды. «Похождение Насреддина», «Насреддин в Ходженте», «Тахир-Зухра» фильмдерін шығарған өзбекстандық киностудия ешбір жүрексіңбей «Өзбекфильм» аталып, орденмен марапатталды. Ал, соғыстың алдында және соғыс жылдарында «Райхан», «Алтын мүйіз», «Абай әндері» сынды фильмдер түсірген қазақ киностудиясы елуінші жыл-

дардан бастап «Дала қызы», «Махаббат дастаны», «Жамбыл», «Шабандоз қыз» секілді тәуір фильмдер жасағанына қарамай, «Алматы киностудиясы» боп ұзақ салпақтады (дедік).

Айтқалы, отырғанымыз бұл да емес, әйтеуір, түбі қайырлы боп, ештен кеш болса да «Қазақфильм» аталды ғой тәңір жарылқап. Мәселе басқада. Жоғарыда бізден өзге республикалар мен автономиялы республика, автономиялы облыстардың бәрі де көпұлтты, шамалап болса да, қайсысында қанша орыс болғанына шейін жобалап атадық. Ресей болса-болмаса (көпұлттының көкесі дерлік) федеративті республика. Солардың бірі – Қазақстан (еді дедік). Ендеше, сол Қазақстан, сол «Қазақфильміңіздің» жағдай, жай-жапсары сонда қалай еді, кейін қалай болды, қазір қалай, азды-көпті түсірген фильмдерінде ресейлік, одақтас республикалық киностудиялар құсап жер мен ел иесі қазақтың намысын бірінші қойып, туын жоғары ұстап келе ме, әлде, жалбақ қаға жалтандап жадағайлықтан шыға алмай пұшайман күй кешулі ме? Әлдебіреулердің көңілін табу үшін талабы тасқа шабылған жоқ па екен? Әй, солай болмаса неғылсын деңіз. Өйткені, «Алматы киностудиясы» делініп, көркемсуретті фильмдер түсіре бастағалы кейіпкерлерінің ішіне орыс араласпағаны бар ма? (Бұл жерде әңгіме орысқа қарсылықта емес, ол халықтың қазаққа жасаған жақсылық-шарапаттары мол, оқырман дұрыс түсінер деп сенеміз). Бар, әрине. Мәскеулік режиссер Рошаль түсірген «Абай әндері», «Махаббат дастаны», тағы да бірлі-жарым. Себебі Рошаль таза қазақ өмірін бейнелеуді мұрат тұтса, біздегі мамандар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры бойынша жасаған «Махаббат дастаны» фильміне орыс қосу мүмкін болмай, бармақ шайнаған болулары ғажап емес. Қалған фильмдерге орынды-орынсыз орыс тықпаламаса ішкен астары бойына дарымайтындар содан бері осы әдеттерінен бір елі ажырайтын түрлері жоқ. Уәждері дайын: бізде өмір сүретіндер жалғыз қазақтар емес, басқалар да бар, олай етпесек, халықтар достығына нұқсан келеді дегендей. Орыс неге олай етпейді, басқалар неге олай етпейді деп қаперлеріне кірсе неғылсын. Оның үстіне, олардың көздегені шынымен-ақ сол ма, басқа ма, оны да бір құдай білер. Бас қамы үшін жағыну, жалпақтау, көңіл табу болмаса бопты да. Мәрттік, ерлік, дарынсыздық деуге ауыз бармайды.

Енді тағы да өткенге (амалсыз) оралуға тура келеді. Қазақ кинолары (фильмдер) түсіріле бастаған алғашқы сәттерден бастап-ақ, бәрінде де орысты араластырмаса болмайтын «кесел» ешкімге құпия емес. Жоғарыда (сөз арасында) аталғандар теңіздің тамшысындай ғана. Қызық алда. Алғашқы кезеңдерде орыс кейіпкерлерді араластырудың саяси астары, қазақты адам еткен, көзін ашқан, болашаққа бастаушы (солар) дегендей «терең» мәні болды. Әрине, Октябрь революциясының шарапатымен қоса. Қазақтың тұңғыш ұлттық киносы аталатын «Амангелді» фильміндегі әлдебір орыс революционер есіңізде ме? Бәлкім, кино түсірушілерді солай етуге мәжбүрлейтін кіріптарлық болған шығар. Болған шығар емес, болды деп те айтуға болар еді. Олай етпесе, кино жарыққа шықпас та еді. Сондықтан, Амангелді батырға жөн-жоба сілтеп, дем беретін бір революционер қажет еді. Ондай мықты қазақ ішінен табылмағандай, орысты таңдады. 1914 жылдан компартия мүшесі, әлемді жаяу аралап шығып, Ленинмен кездесіп, сан рет тілдескен, соның арқасында Торғайға комиссар етіп жіберілген (дала комиссары аталған) Әліби Жангелдиннің прототипін жасау ойларына келмесе, амал қанша. Оның үстіне, олар бір-бірін жақсы біліп, бір-біріне сенімді серік, сүйеу болған атышулы тұлғалар емес пе еді? Дәуір, заман тұрғысынан алғанда, Әліби мен Амангелдінің Торғайда Совет өкіметін бірге орнатқаны жалған емес еді ғой. 1928 жылы әлдебір өштескен біреулер тарапынан Амангелдінің әйелі Мақтаарал жаққа қашып барып жан сауғалап, бастарына қауіп төнген екі ұлы Рамазан мен Шәріпті Алматыға өзі барып әкелген Әлібидің жанпидалық азаматтығы хақында аз айтылады. Кейін Амангелдінің Мақтаарал аймағында жүрген әйелін Ғабит Мүсірепов іздеп барып әңгімелесіпті деген де әңгімелер естілетін. Ал, Амангелдінің екі ұлы Рамазан мен Шәріпке Әліби Жангелдиннің тікелей қамқоршы боп, адам болуларына сеп жасағаны нақты ақиқат. Бұл жөнінде 1970 жылдары Шәріп ақсақал өз аузымен баян еткен-ді (журналистік мамандық алып, жазушылықпен айналыса бастаған Рамазан соғыста мерт болды деп). Бұл деректерді бүгінгі ұрпақ (қауым) біле жүргені шеккі болмас деп саналы түрде келтіре кеткенді жөн көрдік, дәлсіздіктер болса, өзгелер түзете жатар.



Осылайша айтулы, атаулы, «шыбыны» бар деген қазақ киноларына кемі бір не екі ақылгөй-революционер қосып жіберу одан кейін де жалғасқан үстіне жалғаса берді. Оларсыз фильм түсіру ойға келмеді, ол мүмкін де емес еді. Одан кейін шыққан (есте қалғандарды айтсақ) «Дала қызы» фильміндегі бас кейіпкерге бас-көз боп, нұсқаушы болған орыс әйел, «Жамбыл» фильміндегі Жамбылға етене жақын ақылгөй-революционер, «Ботагөздегі» тағы бір сара ойлы саңлақ (революционер), «Ән қанатындағы» қазақты жарылқайтын қасқалар, «Алыс аудандағы» жоғары шенді «ұстаз» міне, бұлардың барлығына етіміз үйреніп, көндігіп кеткеніміз сонша, ешкім пәлен демейтін де, қайта жан-тәндерімен қостап, қуаттайтын, мәз болатын. Оларсыз қазақ киносы жасалмайтыны, жасалуы мүмкін емесі де санаға берік орнығып, егер олай етпеген жағдайда кино мамандарының жолы кесіліп, қатаң жазаға тартылуы ғажап еместігі де айқын аңғарылып тұратын. Одақтағы күллі жаңа киноға бата беріп, бүкілодақтық экранға шығаратындар ондайға тосқауыл қойып неғылсын, оларға керегі де сол емес пе? Әйтсе де...

Олардың үкімі тек қазаққа жүріп, шамалары тек қазаққа ғана жетті ме деп ойлайсың. өйткені, көрші республикалар жасайтын фильмдерде аспаннан түскен орыс ақылшы да, айбарлы революционер де көрінбей, басшы да, қосшы да өздері болатын. Өтірік десең, егер кезінде көрудің сәті түскен болса, Армениядағы «революциялық қозғалысты» бейнелейтін «Братья Сарояны», өзбектегі «Чрезвычайный комиссар», грузиндегі «Покояние», «Фатима» секілді фильмдерді есіңе ал. Олар, сірә, ұлттық киноларына орыс ақылмандарын араластыруды ескермеген бе деп ойлайсың еріксіз. Сөйте тұра, бүкілодақтық экранға жолдама алғандарына бас қатырмайсың.

Бәлкім, сен бізді қазақ киносына шүйлігетіндей не бар деп те отырған боларсың. Айттық қой бұл әлі бер жағы деп. Сол сөзіміз – сөз. Алғашқы арпа ішіндегі бір бидай іспетті қазақ киноларындағы толып жатқан революционерер, қамқоршы-жебеуші, жол көрсетуші, жарылқаушы, ақылгөй орыстарды тым көпсінбей, заман талабы солай болған шығар деп кеңшілік жасайын десең, одан кейінгі жалтаңдық, жағымпаздық, келісімпаздық, намыссыздық, бейшаралық, өзге ұлттармен

тең екенінді ашықтан-ашық мансұқтаумен ұштасатын науқаншылдық, өресіздікті қайда қояр едің? Әлде, қазақ киносында сол жұқпалы «кеселдің» осы күнге шекті белең алып, айы оңынан туып, жырғап тұрғаны жалған ба? Жә, ретімен...

Сол ақылды революционерлерсіз жасалмайтын кинолардан соң өмірге – кезекті заман ауанына сай болуы тиіс – түйе сойғанда көретін қуырдақтың көкесінен де өткен небір анайы, дүбәрә, жарымжан, қарабайыр, нанымсыз фильмдер тоғытыла бастады. Және оған дейінгі қазақ киноларының бірде-бірі орыс революционерісіз жасалмаған болса, (олардан соңғы) жаңа дәуірдегі қазақ киноларында бұрын-соңды өң түтіл түске кірмеген тапқырлық, «жаңалық», жасандылық белең алды. Алматы киностудиясы қазақ жеріндегі тың игеру науқанын дәріптеу үшін түсірген «Мы здесь живем» деген фильмде шеттен қаптап енген келімсектерге ел мен жерді таптатып, қазақ ауылдарын хуторлармен біріктіріп, қазақы мәдени ошақтар мен ұлт тіліндегі мектептер жоғалып, газет-журналдар жабылып, салт-дәстүрді құрбандық ету аздай, үкілеп өсіріп отырған қыздарын өз қолдарымен орыстарға ұзатып жырғаған қазақ ата-аналардың бақыттан «бастары айналғанын» бүкіл одаққа жария ету жетістік пе еді, сеніңше? Бөтен ел, бөтен жұртта содан соң қазақты кім деп ойлайды, намысты халық санатына қоса ма, коспай ма деп толғанғандар болды ма? Ондайларды қайдам, бірақ, мынадай жосықсыздыққа іштен тынып, пұшайман болған қазақтарды көзімізбен көрдік (бірі өзіміз дегендей). Әне, сол («Мы здесь живем») кинодан кейін, түк жазығы жоқ болса да, тың игеруге келіп, қазақтың қызына қазақша «айналайын» деп жар болған мәскеулік актер Фричинскийді иттің етінен жек көріп, оның «қалыңдығы» боп ойнаған өзіміздің Лола Әбдікәрімованы да ұнатпай, көшеде көргенде теріс айналып жүруден басқа лаж қалмады (оның да түк жазығы болмаса да). «Қорытпа» («Сплав») деп аталатын қазақ киносына түскен мәскеулік актер Сафоновтың әйелі рөлінде көрінген кәдімгі әйгілі Рая Мұхамедиярова да қараптан-қарап «жеккөрінішті» болды десек, ол да «намысты, дабысты» қазақ киносының шарапаты.

Жалпы, Алматы киностудиясы «Қазақфильм» деп аталғанға дейін де, кейін де осы қияпаттан танбай, онсыз да сан жағынан

жылына төрт-бесеуден аспайтын қазақ киносының (қазақ киносы деп амалсыз айтылып отыр, қайдағы қазақ киносы) рухын асқақтату не, біразы тіпті орыспен некелесе де бүкілодақтық экранға қабылданбай, жарты жолда шаң қауып жатты. Бас кейіпкер еркек орыс болса, әйелі (ғашығы) міндетті түрде қазақ, ал, мәскеулік Куркина мен өзіміздің Ыдырыс Ноғайбаев түскен фильмдегідей әйел орыс болса, отағасы қазақ болу салтқа айналып, қазақтың сағын сындырды. Бұл тапқырлықтан аздап «жалыққан» шақтарда «Шабандоз қыздағыдай» орыс семьясы асырап өсірген қазақ қызы мен қазақ жігітінің (Қ.Қожабеков) махаббаты фильм мазмұнына арқау болды. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады, (қорқақтық емес) жағыну, жалпақтау, көңіл табу, көнбістіктен нәр тартатын жосықсыздық жалғаса берді, жалғаса түсті, осы күндерде шырқау шегіне жетті десе болады.

Базбір ақжүрек, кеңпейіл, білгір ағайынды тітіркендірмеу үшін тағы қайталайық, жалпы қалай деген күнде де, аралас-құралас ғұмыр кешіп, қазақпен бірге тату-тәтті тұрып жатқан, оның үстіне, адал ниетті орыстардың қилы кезеңдерде халқымызға тигізген игі шарапаты мен прогрессивті рөлін елемей, жоққа шығарғалы отырған ешкім жоқ. «Мәдениет және тұрмыс» журналында белгілі ғалым-журналист Әбиболла Ахметов жазғандай, Шоқан Уәлихановтың артында қалған ғылыми мұраларын ол қайтыс болған соң жиырма жылдан кейін ортадан қаржы жинап баспадан шығарған орыс зиялыларының ұлы Абай, Ыбырайға тигізген ықпалын неге, қалай ұмытарсың?! Ол мүмкін емес. Әңгіме басқада, жалғыз қазақ емес, күллі әлем көруі мүмкін қазақ киносын орыстарсыз шығару салт па, мода ма, сонда боп тұр-ау. Бірді-екілі орыс араласатын фильмдерге «Атаманның ақырындағы» сияқты жөні солай боп жатса—мейлі дейсің ғой, бірақ, (қашанғы айта береміз, мезі болдық қой деме) «Көшпенділердегі» екі бірдей көзі көк, батыр деуге келмейтін әлжуаз Абылай мен оның жаужүрек серігіне қарап, бұл «керемет» әрі қарай жалғаса бермесе игі деп ек, бірақ, солай боп тұр. Діңкесі құрып, орыс араластыруға болмайтын кинолар болмаса, басқаларында қапы кетіп жатқан қазақ жоқ. «Жаужүрек мың балада» орыс жоқ болғанмен, монғол актерлер бары оғаш емес. Практикада ондай бар. Алайда, (кинодағы) қазақ қыздарының

орысты былай қойып, шетелдік зәңгілермен әуейіленуі секілді анайылық, шетелдіктерге ұқсаймыз деп Карина Абдуллина түскен кинодағыдай ашық төсек қатынасы қазақта болып па еді? Ал, бізде бар боп тұр. «Алматыдағы тұңғыш махаббат» деген кинодағыдай. Тым болмаса, Ленин бабамыз кино басты өнер дегенге сиымды болса бірсәрі-ау. Өнер шынайылығымен бағалы емес пе? Көрермен табиғи рәуіште қабылдауы тиіс емес пе?

Бізден бөлек бірде-бір елде мұндай оғаштықтар жоқ, болған емес, болмайды да (деп кесіп айтуға бек болады). Ал, қазақты қайдам. Сол баяғы орыс араласпай кино түсірмейтініміздің соңы неге ұласқанын аз-мұз айтқан болдық. Оны өзін де көріп-біліп жүрсің. Кинолардың көбі орысша түсіріліп, қазақшаға аударылатыны, қай-қайсысында да орыстардың өріп жүретіні, орысша қазақ киноларында әкесінің баласына (дәл бүгінгі өмірдегідей) қазақша сөйлесе, баласының орысша жауап беретіні, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр кем насихатталатыны, ең ғаламаты, қазақ кім десе, мынау дейтін кейіпкердің тапшылығы, қазіргі қазақ киноларының (бәрі емес) көбі өзге түгілі, өзімізді түңілдіріп біткені— бәріне қанықсың.

Жоғарыда қозғалып, біршама қаузалған жайлардың базбіреулерге ұнай бермесін білеміз, сеземіз. Ондайларға айтар сөз біреу: біз қазақ деген елміз, халықпыз. Қазақтың кім екенін (өзі ғана емес) былайғы жұртшылық та білсін десең, аруағын асырып, айбынын асқақтататын кино жаса. Өзін қатты құрметтейтін орыс, өзбек, грузин құсап. Олардың неге олай етпейтінін зерделе. Мен кімнен кеммін деп серпіл. Және есінде сақта: бүгінгі қазақ киносының бәрі сын көтермейді деп отырған ешкім жоқ. Шүкір, тәуірлері бар. Жөні түзу телесериалдар «Аңшы бала», «Жаужүрек мың бала», «Шал», «Ақансері» мен «Жаралы сезім» фильміндегі ырым үшін қазақша жиырма сөз білемін деп қазақтармен біте қайнасып, тақылдап жүретін бір орыс болса да мейлі, бір орыс ештеңе етпейді. Айтпақшы... Тағы да...

Жасандылықтан сақтан! Сол ғой түпке жетіп, құрдымға құлдыратып бара жатқан. Кино, театр, әдебиет, өнер... бәрінде!

**Ал, енді бүгінгі қазақтар, оның киносы, өнері жайлы шетелдіктер не дейді, қандай пікірде? Сөзімізді сол жөнінде қазір Америкада тұрып жатқан, Висконсин штатындағы**

**Орта Азия халықтары ішінен тек қана қазақ тілі оқытылып, зерттелетін университетте сабақ беретін Сәуле Батаеваның пікірімен қорытындылап, нүкте қояйық.**

**Сәуле қандасымыздың бірінші айтары: «Америкалықтар өз тілінде сөйлеуге арланатын адамды ешқашан сыйламайды», – дейді. Онан соң...**

«Висконсин университетінде қазақ тілі 2006 жылдардан бері тұрақты түрде, яғни, жыл бойы оқытылады... қалған әр қаладағы алты университетте екі айдан оқытылады... Орта Азия халықтары тілінен тек қана қазақ тілі оқытылуының басты себебі: ол түркі тілдер ішіндегі ең бай тіл. Қазақ тілін білгендер Орта Азиядағы басқа тілдерді тез ұғып, тез үйренеді... Шетелдіктер біздің ана тілімізді Қазақстанға барғанда қазақ тілінде сөйлейміз деп үйренеді. Қазақ тілін білетін америкалықтардың ойынша, қазақ тілінің мәртебесін көтеру қажет... Америка университеттерінде қазақ тілімен қоса, қазақ мәдениеті қоса оқытылатын курстар ашылуы керек... Сайттарда марадымды ақпарат жоқ... **Ұлттық фильмдеріміз орыс тілінде түсіріліп жатыр... Шетелдіктер қазақтар туралы қандай көзқарас қалыптастырады? Шетелдіктердің қазақ туралы түсінігі Бораттан аспай жатса, оған кім кінәлі?.. Қыруар қаржы жұмсалатын Тіл қоғамдары мен тіл комитеттерінің сайттарынан құнды материал табу қиын... Кейбіреулер «патриот» дегенді құйтырқылықпен, мысқылмен қолданатын болыпты... «Патриот» отаншыл деген сөз... Мен ұлт мәселесіне бей-жай қарай алмаймын... Менің бай мәдениетім, сұлу тілім тұрғанда, мен неге сол ұлттың өкілі болуға арланамын... қазақ тілінде сөйлеуден бас тартатын не өз тілінде сөйлеуге арланатын отандастарымды көргенде бұларды осынша соқыр қылған кім деп назаланамын... қазақ деген халық Қазақстан деген алып елдің қожайыны... қазақ тілінің жағдайы қазіргідей күйде қала берсе, біз әлі-ақ өз тілінен өз еркімен бас тартқан халық ретінде алғаш Гинесс кітабына кіргелі тұрмыз...»–дейді америкалық Сәуле Батаева қандасымыз.**

Иә, Америкада тұратын Сәуле қандасымыз осылай дейді екен. Ал, сен ше? Сен не дейсің бұларға дана қазақ, дара қазақ, бала қазақ, жора қазақ, шала қазақ, албырт қазақ, салғырт қазақ, мәңгүрт қазақ, ой-хой! Ойлы қазақ?! **Және данышпан қазақ?!**

**Және сол Сәуле ұлттық фильмдеріміз орыс тілінде түсіріліп жатыр дейді-ау.** Мұхиттың арғы бетінде ғұмыр кеше жүріп ұлт намысына жаны ауыратын Сәуленің бұл сөзіне не айтасын орысша жетілген сен патриот! Ал, осы сен неме «патриот» деген сөзді, Сәуле айтқандай, құйтырқылықпен, мысқылмен қолданатындардан емеспісің?

*«Оян, қазақ!» (М.Дулатов).*

*Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» (Абай).*

## БЕРЕКЕ ДЕ, МЕРЕКЕ ДЕ МОЛ ЖЫЛДАР

Зымырап өтіп жатқан уақыт көшінен «баяғыдай көрініп», «кезекпен қалып жатқан» ұрпақ өкілдерінің негізінен өз бастарынан өтіп, куә болған оқиға-құбылыстарды қаузап, сол төңіректе ой толғауға құмбылдығы табиғи құбылыс екені түсінікті. Міне, кешегі КСРО деп аталған алып мемлекеттің де бар-жоғы бұлдыр тартып, санадан өшіп, сағымға айналып барады. Кейінгі буын оның болмыс-келбетін жөнді білмейді де. Ол жайлы таным-түсініктері, көп болса, кеңестік кезеңде ғұмыр кешкен қауымның XIX ғасыр (одан бергі Октябрь революциясына дейін) жөніндегі ұғым-пайымдарының о жақ, бұ жағынан аспаса керек. Олар тұрмақ, бүгінде кеңестік дәуірде өмір сүріп, біраз жайларды өз бастарынан кешірген аға буын өкілдері үшін де көмескі тартып, елеске айналғандай иірімдер жеткілікті емес пе? Қысқасы, келмеске кеткен кеңестік кез енді жоқ, естелік қана қалды. Нанбасаңыз, қазіргі кез-келген жас жігіттер мен қыздарға бұдан жарты ғасыр бұрынғы Алматы халқы үш жүз мыңға жетпейтін шағын қала болатын, анау Әуезов театры, цирк орналасқан аумақтар кешкілік мезгілдерде жұрт олай қарай аяқ басуға жүрексінетін шет түкпір саналатын немесе (бүгінгі) қазақ университеті орналасқан жерлерде жүгері, күнбағыс өсуші деп көрінізші, иланар ма екен. Олар Алматыны көз ашып, ес жиғанда қалай қабылдаса, солай пайымдайтыны анық. Жасы үлкендердің айтқаны, тіпті, көне фотосурет, құжатты фильмдердегі айғақтарға да күдік-күмәнмен қарайтыны сөзсіз. Уақытында біз де сөйткенбіз. Тума-туыс, әке-шешелеріміздің біздің кезімізде мектеп, кітап, газет-журнал дегендер болған жоқ дейтіндерін әшейін сөз шығар деп, онша сенгіміз келмейтін. Ертегідей

көретінбіз. Сол сияқты, бүгінде кеңестік дәуірде қазақ тілінде шыққан газет-журналдар саусақпен санарлықтай еді дегенге де иланғысы келмейтіндер жиі болмаса да, ұшырасып тұратынына енді біз де пәлендей таңданбаймыз. Жас оқырман, егер сәті түсіп, осы жолдарды оқысаң, сен де, бәлкім, әй қайдам деп бас шайқауың ғажап емес, әрине. Өйткені, қазір, құдай көпсінуден сақтасын, қазақ тіліндегі басылымдар аз емес, иншалла. Ал, «Жас Алаш» мәңгі жас болса да, солардың ағасы, атасы, бабасына аталатын кезге жетіп отыр, шүкір. Ендеше, «Жас Алаш» жарық көргелі дәм жазып, онда жұмыс атқарған мыңдаған (одан аз емес) үлкен-кіші әріптестерді де мәңгі жас деп түсінген жөн дер едік. Бақиға озғандар да, көзі тірілер де.

Иә, «Жас Алаш» туралы қаламгерлік жоралғыны бір замандарда (солай дейтін кез жеткеніне тәубе) осы шаңырақтан бастап, шама-шарықша қанат қатайғандай болған соң, сол шақтарда бастан өткен жәй-түйлердің бәрі болмаса да, кей параларын оқырманмен бөлісу анда-санда ойға түспей тұрмайды, әлбетте. Соның (ептеген) реті енді біз пақырға да келгендей. Келгенде, өз басым үшін ұнамайтыны, естелікке «мен» араласпай тұрмайды ғой. Сондықтан, әу бастан басын ашып алайық, «мен» қанша иектесе де, төменде сөз болатын жайлар мен сыр-естеліктер өзгелер жайында деп қараңыз. Сонау алыстап кеткен аяулы жылдардағы бүгінгі «Жас Алашты» (бұрынғы («Лениншіл жас»)) қалың елге кеңінен танытып, көркейтіп, гүлдендірген, ыстығына күйіп, суығына тоңған арыстар кімдер еді, солар хақында. Өзіме келсем, бұл газетке қалай келіп, қалай тәй-тәй тұрғаным, кімдерден шапағат-шафхат көргенім бұдан біраз жыл бұрын осы басылымда шет жағалап айтылған-ды. Онда да мен істеген кездерде түскен бір фотосуреттегі коллектив мүшелерінің аты-жөні шатасып кеткендіктен, өзімдегі фотосуретті қоса ұсына отырып, сол кемістікті түзеп жіберу үшін, (редакция басшыларының қалауымен, әрине). Бір өкінерлігі, артынан өзім де іздей қоймағандықтан ба, ол фотосурет кері қайтарылмады. Редакция архивінде сақталуы мүмкін. Тауып алып, қайталап жариялау көптік етпес еді.

Ал, енді сонау 1958 жылы – қазақ тіліндегі төрт-бес ғана санаулы басылымдардың бір де бірегейі – «Лениншіл жас» газетіндегі жалпы ахуал, басылымның рөлі қалай, басшылар

мен қосшылар кім, моралдық-психологиялық ахуал, ауызбірлік, кәсіби шеберлік, өзара қарым-қатынас, кісілік, сыйластық, ең бастысы, қазақты әспеттеу, таныту, ұлтжандылық, сондай-ақ, қызыл империя қылкөпірінің түр-түрінен жол тауып, аман өту, ұстанған принцип қандай еді, соларға ден қойып көрейік. «Мен» де қосылады, қайтеміз, шамданбай шыда.

Енді бәріміз де арғы-бергі дерек-мәліметтерді қапы жібермеуге тырысып, жылт еткеннен құлағдар боп жүреміз ғой, әрине. Соларды саралағанда, «Жас Алаш» газетінің беделі қашанда, қай мезгілде де жоғары, елден-ерек болғанына тән бермеуге болмайды. Газет шыға бастағаннан бері кім қай уақытта жұмыс істесе де, онда өткен думанды, базарлы, шуақты шақтарды тарихи мезгілге балаймын өз басым. Газет оларды танытса, олар газетті танытты. Сондықтан да, онда қызмет еткендердің қай-қайсысының да газеттің ту ұстаушысы мен едім деуі (олай демейді, демесе де) жарасымды, сыйымды көрінеді. Себебі, олардың бәрі де «Жас Алашпен» риясыз табысып, біте қайнасқан бір-бір алып бәйтерек іспетті. Мысал ма? Міне!

1958 жыл. Шілде айының басы. Ес білгелі арман болған Алматыға тұңғыш рет табан тиді. Таныс-туыс жоқ. Ташкент пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін үздік дипломмен бітіргенім былтыр. Бір жыл қазақ-өзбек аралас орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болдым. Өз мамандығым бойынша орын бос емес, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Қазақ университетін бітірген (бір жағдаймен Жезқазғаннан уақытша келген) басқа адам екен. Аты-жөні – Апбаз Қаражігітов. Мені Алматыға бастап келген ол, міне, қасымда тұр. Қонақүйде орын жоқ. Түн жарымда бір жерлесі жолыға кетіп, соның үйіне түнеп шықтық. Ертеңіне Апбаздың курстасы Ізтай ақын Мәмбетов, ол арқылы Жұбан Молдағалиев, Қуандық Шаңғытбаевпен таныстық. Бізді алақанға сап аялаған олар қолдан келген көмектерін жасады. Тіпті, мен Ізтай ағаның жалдамалы пәтерінде тұрып жүрдім. Менің қайтсем де Алматыда қалып, көше сыпырсам да, бір жұмыс табу ойымды білген Жұбан Молдағалиев «сәл шыда, Қазақ радиосына орналастырамын» деп демеу көрсетті. Қуан аға құптады, Ізтай аға қолдады. Жұбан аға «сәл шыда» деген аралықта редакцияларды жағалап, өзімше жұмыс қарастырамын. Бірде «Лениншіл жас» газетінің



редакциясына барайын. Төртінші қабатқа көтеріле бергенде қарсы алдымнан шыға келген жасы менен сәл үлкендей ақсары жігіт: «Иә, неғып жүрген жігітсің?» – деді әй-шәй жоқ бірден.

– Жұмыс іздеп жүрген жігітпін, – дедім оның «жігіт» деген сөзіне орай «жігітті» қосып жіберіп.

– Не жазасың? (Мені журналист деп түсінгені белгілі).

– Фельетон жазамын, – дей салдым аузыма түскені сол болып.

– Ой, онда бері жүр, – деп бірден жеті-сегіз адам отырған бөлмеге ертіп кірді де, шамасы, өзі отыратын орын болу керек, терезеге тақау столдың тартпасынан машинкаға басылған төрт-бес материалды шығарып:

– Мыналар жарамай қалған фельетондар, мынаны дәл бүгін жазып әкел, онан соң сөйлесеміз, – деді олардың біреуін қолыма ұстатып.

Бәрі күтпеген жай. Алматыда сандалып жүрген мен немкетті деп атышулы редакцияға келдім. Кездейсоқ жолыққан бейтаныс жігіт тапсырма берді. Не деу керек? Бұған дейін фельетон тұрмақ, газет-журналға бір жол қарабайыр мақала жазған пенде емеспін. Алайда, Алматыға келгенге дейін – өзбек еліндегі мектепте мұғалім боп жүргенде – астанадағы газет-журналдарға, тимесе бұтаққа деп, келсін-келмесін, топ-тобымен сықақ өлеңдер жолдайтынмын. Оларға көбіне басуға жарамсыз деген жауап алғанға да мәз болып, «жығылған күреске тоймайдының» кебімен, одан сайын тоғытатынмын. Осы жолы нартәуекелмен Алматыға келгенде, солардың бірі «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланыпты. Оны маған менен бұрын көзі түскен Ізтай аға Мәмбетов көрсетті. Көлемі әжептәуір. «Ара» журналына екі шумақ сықақ өлеңім шығыпты. Өзіме-өзім сенбегендіктен, әлде, ұяндық па, Алматыға жолдайтын – сықағы, сықақ емесі бар – өлеңдер соңына төл аты-жөнімді емес, әкемнің әкесінің атын жазатынмын. Оны келген бойда Ізтай ағаға айтқанмын. Сондықтан, ол әлгі сықақ өлеңнің менікі екенін бірден біліпті. «Бақыт Оразов». Бірінің («Қазақстан мұғалімі» газеті) қаламақысын Ізтай ағаның арқасында ертеңіне-ақ алдық. Алдық та жудық. Ізтай ағаға қолұшын берген газет қызметкері Шона Смаханұлы менімен терезесі тең адамдай сөйлесіп, жас пері сатирик деп ойлады ма, біраз ақыл-кеңес айтты. Алматыға

«қаңғырып» келгенімді аңғармады, «нағып жүрсін, қайда істейсің?» деген жоқ.

Алматыға алғаш келгендегі қоржында барым солар ғана еді. Әйтсе де, бала жастан фельетон, басқа да сатиралық сарындағы қағытпаларға әуестік-бейім ерекше болғандықтан-ау деймін, «Ара», басқа да басылымдардағы сын-сықақ, фельетондарды жібермей оқитынмын. Фельетон жаныма жақын болатын. Міне, «Лениншіл жастың» мені кәсіби журналист деп қабылдап, «неғып жүрген жігітсің?» деген қызметкері «Не жазасың?» дегенде, бетім бүлк етпестен «фельетон жазамын» дей салғаным сондықтан болатын. Аузыма құдай салды ма, ол тапсырған фельетонды түнімен жазып, ертеңіне сағат тоғызда әкелген бойда тапсырған жігіт: «Жақсы, тез машинкаға диктовка жаса», – десін. Журналистік даярлықтан өтпеген бейбақ: «Диктовка не?» – деймін ғой. Ол жалма-жан машбюроға ертіп барды да, басын орамалмен шарт таңған көзілдірікті әйелдің жанына жете бере: «Жазғаныңды мына апайға оқи бер», – деді. Айтқанын орындап, фельетонды оқи бастадым. Қолы-қолына жұқпай, сарт-сұрт басуға кіріскен (мен үшін) егделеу әйелдің ажары көркем болғанмен, түсі суық, үні қатқыл. Грамматиканың «майын ішкен» тілші емеспін бе, оқи отырып «үтір, нүкте, сызықша, сұрақ, леп белгісі» деп білгішси бастағанымда «тек отыр» деп жекіп тастады да, лезде басып бітірді. Бұл екі арада мұнда дегбірсіздене сан рет кіріп шыққан редакция қызметкеріне апарып, қолына ұстаттым. Ол ылдым-жылдым аударып-төңкерді де, бес бет қағазды «оқып шық» деп қолыма ұстатты. Сөйтсем, ол екінші дана екен (тәртіп солай екен). Жалма-жан оқып, қайта бердім. Қате жоқ. Редакция қызметкері алды да, шығып кетті. Сәлден соң келіп: «Жақсы екен, – деді жайдары күлімсіреп. – Орынбасарға ұнады, қазір редактор оқып жатыр, бір жауабын айтады, меніңше, қол қойса керек».

Ішкі жұмыс шығар, оның бұл айтқандарының бірін ұқсам бұйырмасын. Жарты сағаттан соң қайта шығып кеткен қызметкер ізінше күлім қаға кіріп келді де: «Айттым ғой, редакторға ұнау керек деп. Әбекең қол қойыпты. Енді сен мына фельетонды да жазып әкел», – деп (бұған дейін) жарамай қалған тағы бір фельетонды қолыма ұстатты (жақсы есімде, Арал қаласынан, авторы – Көпжан Жалдыбаев). Ертеңіне оны

да жазып алып келдім. «Бүгінгі газетті көрдің бе?» – деді кешегі жігіт. Бетіне аңтарылып қарадым. Әрине, көрген жоқпын және әзірше ойға да келмеген-ді. «Мә», – деді. Алдым. Ашып жіберсем, «Тентек» деген атпен шыққан күні кешегі өзім жазған фельетон. Ұмытқан жоқпын, фельетон Ұлытау (әлде, Жаңаарқа) аудандық атқару комитеті председателінің сотқар ұлы жөнінде болатын.

– Әкелдің бе? – деді кеше берген екінші фельетонды меңзеп.

– Иә, – деп алдына қойдым.

– Диктовка жаса, – деді кешегідей.

– Айта бер, – деп бетіме бір қараған машинкашы апай зуылдата жөнелді. Бұрын мұндайды көрмеген маған бұл да қызық, таңсық. Кеше «тек отыр» деп ұрсып тастаған соң, бүгін бәлен деу жоқ. Алдын-ала айта кетейін, бұл кісі әйгілі Бауыржан Момышұлының ажырасып кеткен әйелі Жамал апай екен (жұрт «тастап кеткен» деп те айтатын). Қазіргі белгілі жазушы Бақытжанның анасы. Ал, мені редакция табалдырығын аттар-аттамаста фельетон жанрының «білгірі» еткен – кейін Сарыағаш аудандық газетінде істеп жүргенімде Әбілпейіз Ыдырысов екеуі соңымнан іздеп келіп, бір апта ел-жұртты аралаған – Камал Смайылов еді. Ол мен жазған алғашқы фельетонды редактордың орынбасары Сапар Байжановқа беріп, ол ұнатып, редактор Абай Бейсембаевқа беріпті. Екінші фельетон жазылған күннің ертеңіне ол да жарияланды. Үшінші күні Абай Бейсембаев қабылдап, әдеби қызметкер етіп жұмысқа алды. Оның алдында екеуі шағын бір бөлмеде отыратын Сапар Байжанов пен жауапты секретарь Кәкімжан Қазыбаев біраз ақыл-кеңес айтқан-ды. Олар ғайыптан пайда болған самдағай фельетоншы (олары көрініп тұрды) деп ойлағанмен, менде сенім жоқ-тын. Өзімді аты жер жарған республикалық газетте істеуге лайық емеспін деп ойлаймын (өзімнің қызметке қабылданған жағдайымды редакцияның ішкі тыныс-тіршілігін содан да біршама байқауға болатыны үшін баяндап отырмын, оқырман дос, ғафу ет).

Жоғарыда айттық қой, «Лениншіл жас» сияқты жалпак жұртқа кеңінен белгілі басылымда кім қай уақытта жұмыс істемесін, ол үшін сол кезең тарихпен тең деп. Сол шақта (менімен бірге) қызмет еткен ұжым мүшелері үшін де нақ солай екеніне талас жоқ. Ұжым мүшелері дедік пе? Олар кімдер еді? Ендігі

азын-аулақ әңгімені сол төңіректе өрбітсек дейміз (басқасы былай да белгілі дегендей).

Тоқ естеріне келсек, редакцияның күнделікті жұмысында қатып қалған қасаң ештеңе жоқ, мен сияқтылар қорқып-үркетіндей де дәнеңе байқалмайды, шым-шым қайнап, баяу ағып жатқан алып өзен десе болғандай. Әрине, аласапыран абыр-сабыр, қайнаған тіршілік өзінше. Өйткені, көлемі үлкейгеніне көп болмаған газет аптасына – дүйсенбіден басқа күндерде – алты рет шығады. Жексенбіде шығатындықтан, біраз қызметкер сенбі күні (кезектесіп) жұмыс істейді.

– Сен журналист емес екенсің ғой, – деді мені жұмысқа қабылдайтын сәттегі әңгіме барысында редактор Абай Бейсембаев сәл кекештене сөйлеп. – Ештеңе етпейді, – деп жымия күлді онан соң. – Фельетон ақсаңқырап тұр еді, соны қолға ал.

Мамандығым мұғалім, газетте жұмыс істеу қалай болар екен деген күмән өзімде де болушы еді, міне, енді Әбекең ол түйінді шешіп бергендей болды. Әйткенмен, бойды құрсаған бір күдік, бәрібір, барына бар, сенімдімін деуге ерте. Ұзамай ол алдан шықты да.

Оннан аса қызметкер отыратын аядай бөлмедегі жазу столдарының біріне жайғастым. Жігіттер кезек-кезек құттықтап, танысып жатыр. Камал Смайылов, Сейдахмет Бердіқұлов, Хайдолла Тілемісов, Медеу Сәрсекеев – бұлар бөлім меңгерушісі; Қалихан Ысқақов, Салық Молдахметов, Фермахан Шоева – әдеби қызметкерлер. Мен Хайдолла Тілемісовтің қарауында әдеби қызметкер боп істейтін болдым. Мінезі ашық, жаны жайдары, жүрегі нәзік болғанмен, талабы қатты екені байқалатын Хайдекең мен жұмысқа алғаш шыққан күні орныма отырар-отырмаста:

– Мә, мына хаттарды қорыт, – деп алдыма он шақты хатты тастай салды.

Менде ешкімнің шаруасы жоқ, әркім өзімен-өзі, біреу сыпылдата жазып, біреу бірдеңеге үніліп, біреу телефонда дегендей. Бастығымның не бұйырғанын онша ұқпай мен отырмын. Көп хатты сапырылыстыра аударып-төңкеремін. Қорыт дейді. Ол не? Түк түсінсем бұйырмасын.

– Ағай, қорыт деген не? – дедім акыры қайдан шықса, одан шықсын деп.

Хайдекең сәл қабағын шытып, бетіме жалт қарады. Сейдахмет те сөйтті-ау деймін.

Хайдекең бір-екі ауыз сөзбен түсіндірген болды.

– Солай да солай, әр хаттың ішіндегі іліп аларын екшеп, қысқа мақала етіп жазу керек, – деп.

Камал аға да ағыл-тегіл бірденелер айтып жатыр өзінше. Фельетон жазып «шекем қызғанмен», бұл жерде қызмет істеуге о бастан құлқым жоқ-ты. Жұмыс соңында сол ой қайта бас көтерді. Оған себеп, мен «қорытқан» он шақты хаттың қолжазбасын қарап шыққан Хайдекең: «Ешқайсысы жарамайды, сен бала менің бір күн уақытымды құрттың, бүгін бір жол мақала бере алмайтын болдым», – деп кейді.

Айтқаны жөн. Хат қорыта алмағаным рас. Хайдекеңнің сөзі ауыр тигенін жасыра алмай: «Кешіріңіз, ертеңнен бастап келмеймін, кетемін», – дедім де, қағаздарды жинастыра бастадым.

– Қой, – деп күліп жіберді Хайдекең. – Сен не, бір ауыз сөзге сонша?! Әлі-ақ үйренесің, келмей жатып өйдеме. Маған ренжісең, оны айт. Басы қатты болса, аяғы тәтті болады, соны ұмытпа.

Бірақ, одан сабама түспесем керек.

– Не болды, өңің қашып отыр ғой, – деді осы кезде сырттан елпілдеп кіріп келген Камал. – Немене, бір жерің ауырып отырма?

– Бұл балада мінез бар екен, – деп Хайдекең селк-селк күліп жауап берді оған. – Кетемін дейді. Шамасы, маған өкпелесе керек.

– Жұмыстан ба? – деп Камал бетіме қарады. – Қой, алғашқыда солай болады, бәрімізде болған, – деді нақ бір менің жандүниемдегі астаң-кестенді түгел біліп тұрғандай. – Жұмысқа кіріскеніңе бірінші күн ғой, бүгін жақсылап демал. Айтпақшы, анау фельетон не болды? Ертең, арғы күні соны қолға ал, – деп өзі ұсынған – мен жазуым тиіс – төртінші фельетонды меңзеді.

– Болады, – дей салдым.

Тағы қайталайын, мәселе менің «Лениншіл жас» газетіне қалай келіп, қалай орналасу, бастан не өтіп, не қойғанында емес, дос, керісінше, сол шақтардағы аяулы жандардың адами қасиет, бір-біріне қамқорлық-шапағаты, өзара қарым-қатынас, болмыс-бітім, тіпті, заман-дәуір талабына сай жұдырықтай

жұмыла жұмыстану үрдістерінен аз-кем болса да мәлімет-деректер беруге талаптанудан өзге түк емес. Дос демекші, сол кездердегі Сапар Байжановтың екі сөзінің бірінде ақ пейіл, адал жүрекпен «сайдың тасындай» деп көтермелей айтатын «Лениншіл жастың» жігіттері бір-біріне «дос» деп сөйлейді екен. «Үй-ішің аман ба, дос», «анау не болды, дос», «олай емес, дос» дегендей. Жарасып тұратын. Бұл үрдіс – сол кездерде жұмыс істеген – сау-саламат жүргендер арасында күні бүгін де бар.

Жұмыс жағына келсек, қалыптасқан дағдымен жүріп жатады. Алдын-ала талқыланып, бекітілетін апталық, айлық жоспар, өтімді, тұшымды, сыни материалдар іздеу, табу, жылт еткен жаңалықты жария ету, жастар өмірі, мамандық таңдау, үйлену, үй болу, өнер, әдебиет, мәдениет – толып жатыр. Оларды қамтитын онға тарта бөлім бар. Ең қарымдысы – жасы бізден едәуір үлкен Бекмырза Баймаханов басқаратын комсомол жастар бөлімі. Неге екенін, редактор, орынбасар, жауапты секретарь бола тұра, бөлімдер әзірлейтін материалдардың көбін Бекен қарап, сүзгіден өткізеді. Өзі барынша сырбаз, салмақты, сауатты, түр-түсі сұсты көрінгенмен, жаны жұмсақ, қайырымды, әділ, бірегей тұлға болатын (осы күндері анда-санда кездескенде сол шақтарды ептеп еске аламыз, классик жазушы Қалихан Ысқақов ертеректе ол туралы «Бекеннің құбылыстары» деген әңгіме жазған).

Міне, мен 1958 жылғы шілде айының бас шамасында ынтымағы жарасқан осындай ортаға кезіктім. Алғашқы күндердегі торығып-толқығандарым бекер екен. Шетінен ашық, қарапайым, бірінші қызмет орны, екінші, бірге істейтін әріптестеріне мейірімі төгіліп, қолдан келген жақсылығын аямайтын жандарды қалай ұмытарсың. Төртінші қабатқа күлімсірей көтеріліп келе жататын редактор Абай Бейсембаев, жай дауыспен жіпке тізгендей етіп ақыл-нұсқау айтатын орынбасар Сапар Байжанов, материалды қалай жазған дұрыс болатынын жіктеп-жіліктеп түсіндіретін жауапты секретарь Кәкімжан Қазыбаев, макет қағаздарын ұстап бөлмеден-бөлмеге шауып жүретін оның орынбасары Әбсаттар Бөлдекбаев, төрт беттің макетін сызатын төрт жігіт – Т.Жанұзақов, Б.Тілегенов, Б.Жұматаев, С.Кәрібаев, күнұзақ машинкаға диктовка жасайтын аудармашы Т.Қайдаров, бір бұрышта жұртқа көзінің асты-

мен күлімсірей қарап отырып жазу жазатын Р.Мусин, қағазға қаршығадай шүйілетін М.Сәрсекеев, Х.Тілемісов, К.Смайылов, С.Бердіқұловтардың әрқайсысы бір-бір тұлға еді-ау. Тұлға және бір-бір дәуір десе де көптік етпейді. Олай дейтініміз, «Лениншіл жастың» осы аттары аталған және аталмаған саңлақтарының (газеттің сол кезде жиі қолданатын сөзі) кейін қандай биіктерге көтеріліп, кім болғандары көпшіліктің көз алдында, жадында. Қайталап қажеті жоқ. Алда айтыла жатар (мен болмасам, басқалар).

Өзіме келсем, қызметке тұрған соң бір айдың о жақ, бұ жағында насихат бөлімін басқаратын Камал Смайыловтың қарамағына ауысып, екі әдеби қызметкердің бірі болдым (бірі – Қалихан Ысқақов дос). Сүрініп-қабынып жүріп, хат қорыту құпиясын да білгендей болдық. Газетке келсек, сол кезде-ақ – дәл қанша екені есте жоқ – тиражы ғаламат болатын. Материал шақ келмейтіні айтпаса да түсінікті. Он алты облыстағы он алты меншікті тілші де құлаштарын кеңге сермеп жатады. Біреуі – Шерхан. Шерхан Мұртазаев. Қарағанды ма, сол жақтан жиі жазады. Мақаласы көбіне Камал ағаға келеді. Ол машинкаға бастырып, оқып, түзе деп маған сілтейді. Талабын орындаған соң, мен оған беремін. Содан ба, Шерағанның қолтаңбасы (почерк) әлі күнге көз алдымда. Қазір көрсем де жазбай таныр едім.

Он алты облыстағы он алты меншікті тілші жылына екі рет редакцияға келіп, есеп береді екен. Жаңа, тың тапсырмалар алады екен. Гурьевтік Жүсіп Жұмақанов, көкшетаулық Естай Мырзахметовтер шай берген топпен бірге, олармен дәмдес болдық (өзге меншікті тілшілер де редакция жігіттерін бөліп-бөліп қонақ етті). Редакциядағы жиналыста Шерхан Мұртазаевтың редакция басшыларына кесек сөздер айтып, кесіп сөйлейтінін көрдік. Ол келгеннен кеткенше Камалмен бірге жүріп, бірге тұрды.

Базбір жасы үлкен әріптестердің: «Біздің кезімізде жігіттер летучкада бір-бірін сойып салып, артынан баяғыша күліп-ойнап жүре беретін», – дейтінін осы күнде де естіп қаламыз. Оның шет пұшпағын біз де көрдік. Ондайда ерекше белсенді Әбілпейіз Ыдырысов, Бекмырза Баймаханов, Сейдахмет Бердіқұловтар жұртты қынадай жапыратын да, соңынан кәдімгідей ойнап-күліп, шуақ шашып жүретін. Сондықтан, ешкімнен сескену

болмайтын да, кемшілік жібермеуге сақтану болатын. Алдымен бірінші солардан ақыл сұрайтынбыз.

Енді бұл «Лениншіл жастағы» сыйластық, ауызбірлік, татулықтың түрлері көп-тін.

– Сендер менімен бірге жүріңдер, – деді бірде спорт бөлімінің меңгерушісі, қашанда спортшыларға ұқсап киініп жүретін, шымыр денелі, қара торы жігіт Сейдахмет Бердіқұлов жұмысқа менен сәл кейін келген Әбіқұл Ибрагимов екеумізге.

«Қайда» деп сұрамай, ердік те жүре бердік. Мезгіл түс әлеті болатын. Сол бойда Калинин көшесінің жоғары жағындағы «Алматы» ресторанына бардық. Үшеуміз жайғасып отырған соң, Сейдағаң бірінші, екінші тағамға заказ берді. Ащы суды да ұмытқан жоқ. Сейдағаңды қайдам, бұл қалталары жұқа Әбіқұл екеуміз зауада болмаса, көп келмейтін жер. Сыр білдірмей, тым-тырыс отырмыз. Тиын-тебен баршылық па дегендей, Әбіқұл Сейдағаңа білдірмей стол астынан мені түртіп қояды. Қам жеме дегендей етемін. Сөйтсек, бұл Сейдағаңның бізді арнайы түстікке шақырғаны екен. Есептесер кезде қалтаға ылдым-жылдым қол жүгірте бастаған бізге Сейдағаң:

– Тыныш отырыңдар, – деді күле сөйлесе де, қатаңдау үнмен.  
– Сендерді шақырған мен, өзім төлеймін. Сендер тағы бірде.

Жым болдық, қайтейік. Бір Сейдағаң емес, жігіттердің бәрі де бар болса аямайтын, қолдары ашық, мырза болатын. Үлкен-кіші мерекелерді түгел дастархан жайып атайтын дәстүр бар екен. Күздің ортасына таман редактордың орынбасары Сапекен, Сапар Байжанов – сол жылы ашылған жаңа басылым – «Мәдениет және тұрмыс» журналы, одан соң жауапты секретарь Кәкімжан Қазыбаев облыстық «Коммунизм туы» газеті, одан көп өтпей редактор Абай Бейсембаев «Социалистік Қазақстан» газетіне ауысты. Үшеуі де редактордың орынбасары болып. Үшеуіне де Жазушылар одағының асханасында бүкіл ұжым боп шығарып салу рәсімі жасалды. Онан соң «Мәдениет және тұрмысқа» (Сапекеннің арқасы болу керек) шақырылған «Лениншіл жастың» байырғы фототілшісі Петр Редькоға да сондай құрмет көрсетілді. Оған арнайы шақырумен Абай, Сапар, Кәкімжан ағалар да қатысты (қызықты қараңыз, олардың орнына кімдер болғаны нақты есте жоқ, шамасы, Әбсаттар Бөлдекбаев, Әбілпейіз Ыдырысовтар-ау деймін).



Республика жастарының өмірін тартымды, қызықты, тағлымды жазатын «Лениншіл жастағы» достық пейіл, ыстық ықылас, қадір-құрметтің кей паралары осындай еді. Оның үстіне, әзіл-қалжың, қара сөзге ешқайсысы дес бермейді. Жатқан думан-қызық. Өнер иелері де жеткілікті. Бір Совхозбек Тоғысбаевтың (кейін Бек деп аталды) домбыра тартып, әуелете ән шырқауы анау-мынау артистерді жолда қалдырады екен. Сапар Байжанов, Қайдолда Тілемісовтің ән салуының да жөні бөлек-тін. Айтпақшы, Абай Бейсембаевты «С.Қ»-ға шығарып салған кеште жұрт оған жабылып, халық әні «Үкілім-айды» айтқызды. Кәдімгі Байғали Досымжановтан бөлек (осы кезге дейін) ешкім орындамайтын, орындай алмайтын. Әбекең, Абай ағаның нақышымен айтқаны құлақтан кетпейді. Сол кездерде Қазақ радиосына «Бурылтай», «Құсни-Қорлан», «Ертіс», «Айнамкөз» тәрізді он шақты ән жаздырып тастаған мен бейбақ та қарап қалмаймын. Үйленгеніне көп болмағаны байқалып тұратын Камал, Қайдолда, Сапар, Кәкімжан, Әбілпейіздер дастархан жайылатын кештерге келіншектерін ерте келеді. Әбілпейіз аға сұлу келіншегі екеуі бірі Төлеген, бірі Қыз Жібек боп ария орындайды. Олардың осы кезде де оқта-текте той-томалақта дәл сондағыдай ария айтатынын көріп қалып жүреміз. Жаса, Әбеке! Сау болыңыз!

Міне, «Жас Алаштағы» біз бастан өткеріп, куә болған жас дәуреннің отты лебі, шапағат-шафхат, қызық-шыжықтардың бірқатары осындай еді. Айттық қой, «Жас Алашта» өткен әрбір күн тарих, тұтас дәуір іспетті деп. Сол сөзіміз – сөз. Барлығын қамти алмадық (мүмкін де емес). Өкінішке қарай, сол асыл жандардың көбі қазір бақилық, бәрінің де артында сайрап жатқан із қалды, өшпес мұра бар, әрқайсысының болмыс-бітімі есте, жарқын бейнелері көз алдымызда. Бүгінгі «Жас Алаштың» бастау сатыларында болған әріптестердің көзі тірілеріне бақыт-саулық, марқұмдарға иман тілейміз.

Әумин! Аллаһу әкбар!

## МҰРТЫМЕН ІН ҚАЗҒАН «ЖИЕНДЕР» барша саланы игерген

Бұл құрғыр жиен дегендердің соншалық жаны сірі, өлермен екенін кім білген? Ар-ұяттары оянып, ата кәсіптерінен қол үзе ме десек, ол үміт ақталмай, құрттай құжынап көбеюде екенін білгенде, о тоба дейсің. Және олар алғашқыда там-тұмдап өлең ұрласа, кейін бірі жазған ғылыми еңбекті бірі көшіріп, диссертация қорғауға көшті. Ал бүгін ше...

Бүгінгіні атама. Үрейің ұшады. Әсіресе, жиендерің әдебиетті былай қойып, ғылым, білім, өнер, мәдениет т.б. салаларға дендей еніп, дүрілдеп тұр. Солай екенін таяуда «Түркістан» газетінде жарияланған бір бет мақаладан да көріп, жағамызды ұстадық. Ұстадық та, эзелден таныс жиендер жөнінде өз тарапымыздан пікір қосуға ден қойдық. Бір қайран бола ма деген есек дәмемен. Тіпті, еш қайран болмаса да! Сонымен...

Қазақ жігітте үш жұрт болады деуші ме еді? Өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты (деп жіліктеп). Сол үшеуден әлгі бір бүйрегі мүрік жиенге ең мамыражай, қолайлысы, жайлысы нағашы жұрт екен-міс. Өйткені, өз жұрты – міншіл, қайын жұрты – сыншыл, екеуімен де сорпа қайнамайды. Ал, нағашы жұрт жүндемекке жақсы, қалай шалқақта, мейлі, өзінді де, сөзінді де көтереді, садаған кетіп, әздектейді, әлпештейді. Үлде мен бұлдеге бөлейді, ештеңе аямайды, мейлі, әлдебір қимасын үптеп кетсең де шәй демейді. Онан соң, араны апандай, айтпай алып дәнiккен жиенде нысап-тойым қайдан болсын? Жымқыру «ауруы» ұстағанда, бірінші нағашы жұрт есіне түспей қайтеді?

Байқампаз, сезімтал, сергек, кең қолтық қазақ та айтқыш-ақ қой: жаны қалмай өбектейтін қыздан туған сұқсырды «жиен ел болмас» деп жалпасынан бір-ақ түсірмей ме? Жиен – ел болмас! Пай-пай! Себебі, ол – нағашыларды берсе қолынан, бермесе жолынан қақшиды. «Жиен-қасқырды» қанша бақ, асыра, бәрібір, орманға қарайды. Нағашы деген – нағашы. Нағашымен ел болмайды. Қанша жерден міншіл болса да, өз елін таппай тұрмайды. Бұл ежелден келе жатқан баба дәстүр. Қазаққа тән салдаба салт, «жойылмайтын жоралғы», ал, қайтесің?!

Қазақ қазақ болғалы өз жұрты да, қайын жұрты да, нағашы жұрты – бәрі ырғалып-жырғалып, көштен қалмай келе жатыр. Суық қолдысы, ашық қолдысы бар – жиендер де келе жатыр. Және жиендер жиендігін бір сәт ұмытқан емес, ұмытпайды да екен. Өйткені, ол өлмес-өшпес «мұра», «жәдігерлік» немесе жымқыру теоремасы десе де (болғандай дедік қой).

Ұғып отырсыз ба? Жиендік – ежелгі «кәсіп». Төменде айтылатындарға қарап, жаңалық екен деп қалмағайсыз. Түк те жаңалық емес.

Өмір көшінен қалмай келе жатқан жиендердің неше қилысын сіз де, біз де көргенбіз, көріп те келеміз. Анау бауқеспе ұрықары, қаскүнем қарақшылардың жөні бөлек, олар жиен емес, біз білетін жиендердің құлқы да, тұрқы да басқа, іштеріне ит өлген жаратылыс. Өз басым олардың бір де бірегейлерінің бірін сонау (өткен ғасырдағы) алпысыншы жылдардың басында Сарыағаш аудандық «Қызыл Ту» газетінде істеп жүргенде көргенім бар. Сонау Алматыдан келген бір хатты ашып қалсам, көнелеу сарғыш қағазға машинкамен ұқыптап басқан сықақ өлең екен. Тақырыбы – «Шофердің намазы». Таяуда ғана республикалық басылымдардың бірінен оқып, сол замат санаға тоқылып қалған «Ассалаумағалайком радиатор, ассалаумағалайком карбидатор» деп келетін. Оны жазған – сол кезде елге кең танылып үлгерген жас сатирик ақын Оспанхан Әубәкіров еді. Мына хаттағы сол өлеңге қол қойған автор – бұрын аты-жөнін естімеген біреу. Газетке басуды өтінген үш-төрт ауыз жылымшы сөздері бар. Жариялай салуға болар еді, бірақ, онда бізді ашық ауыз аңқау санаған ұрының, яғни, жиеннің жетегінде кеткен боп шықпаймыз ба? Бірге істейтін, әдебиетке жақын әріптестердің біріне көрсетіп ем, ол әй-шәй жоқ, елп етіп: «Е, таныс өлең ғой, немене, Оспанхан жіберіп пе?» – деді бірден. «Иә, бізге жіберіпті», – деп, сықақ өлеңнің «жана» авторын көрсетіп ем, жатып кеп күлсін. «Апырай, Алматыда да мұндайлар болады екен-ау, сонда бұлар аудандық газеттегілер түк білмейді, оқымайды деп ойлай ма екен», – деп, Оспанханның өлеңі шыққан газетті тауып алып, салыстыра қарадық. Сол өлең – егіздің сыңарындай. Тек автор басқа.

Бірге істейтін жасы үлкен әріптес жаңа «апырай, мұндайлар Алматыда да болады екен-ау» деп текке айтпаған-ды. Шүкір,

осы ауданның о жер, бұ жерінен де облыстық, республикалық газет-журналдарға шыққан өзгелердің өлеңдерін өз аттарынан жіберіп тұратын сабаздар – жиі болмаса да – кезігіп тұратын. Ондайларды не газетте «әшкерелеп», не теріс қылықтарын беттеріне басып хат жазатынбыз. Ал мынау – қолға бүгін тиіп отырған – сыкак өлеңнің алыстағы Алматыдан келуі шынында да күтпеген құбылыс болатын. Әсем конвертке адресі анық жазып, заказной етіп жіберіпті. Соған қарағанда, бұл кәсіпке алдақашан бойы үйреніп, бай тәжірибе жинаған, бетіне бес қабат көн жамаған жырынды болу керек.

Бажайлап қарасақ, бұған дейін аудан көлеміндегі әдебиет ұрылары – онша-мұнша жиендерге – қазақшылықпен қарап, пәлендей мән бермей келгеніміз бекер екен. Осында – аудандық газетке – келгенге дейін «Лениншіл жас» газетінде істеп жүргенде негізінен өлең ұрлағыш жиендер жайлы құлақ шалатын. Қырағы жігіттер редакцияға өзгенің өлеңін өз атынан айдап жіберетін жанкештілерді әжуә етіп, күліп жүретіні еске түсті..

Енді мынаны қараңыз. Өз басым көпке дейін әдебиет аулының жиендері тек өлең ұрлайды деп келдім. Аудандық газеттен Алматыға ауысып, «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет істей бастаған шақтарда да солай ойлайтынмын. Аталмыш журналға жылына келетін сегіз-тоғыз мың хаттын кемі төрттен үш бөлігі өлең болады. Әлсін-әлсін бір бөлмеде сығылысып отыратын сегіз-тоғыз қызметкер кейде ойда жоқта у-шу боп, қыран топалаң күлкіге көміледі.

Бір жолы әдебиет бөлімінің меңгерушісі Бек Тоғысбаев белгілі ақын Қуандық Шаңғытбаевқа : «Мына өлеңді қараңызшы», – деп Қуан ағаға бір хат берді. Қуан аға, Қуандық Шаңғытбаев оны оқыған бойда әуелі екі сөзінің бірінде айтатын «аузыңды ұрайынына» басып алды да, онан соң «Әй, мынау менің өлеңім!–деп саңқ етті. – Енді не істейміз, жуауыз ба?».

– Әрине, сөйту керек,– деді Бек эзілге эзілмен жауап қайтарып.

– Жиеніңіз табылғаны құтты болсын! Тауып берген мен...

Сөз арасында айта кетейік, журнал редакциясына келетін хаттардың дені өлең (дедік). Тәртіп бойынша, барлығына жауап жазу керек. Басқа да қым-қиғаш жұмыстардан қолдары бо-

самайтын Бек пен әдеби қызметкері оған үлгермейді. Үшінші адам көмектесе де солай. Не істеу керек? Редакцияда болып тұратын жиналыстардың бірінде көпті көрген көнекөз, таны- мал жазушы-журналист Жекен Жұмақанов: «Менде ұсыныс бар, Мұсеке, – деді бас редактор Мұса Дінішевке қарап. – Мына Бекке обал боп барады. Қазақстанның қай облысында да не көп, ақын көп. Қанша еді, он жеті ме, иә, ендеше, меніңше, сол он жеті облыстан келетін әр он жеті ақынға бір мазмұндас хат жазған жөн. Және оларды қолмен жазып, машинкаға бастыруға уақыт кетеді. Сондықтан, жауапты он мың дана етіп, полиграфкомбинатқа бастыру керек. Қалай дейсіз?

– Дұрыс, дұрыс! – деп жұрт шу ете түсті. Мұсеке де құптаған сыңай білдірді.

Ұзамай мыңдаған стандартты (шығарып салма) жауап хат баспаханадан басылып келді. Рахат енді болды. Бек Тоғысбаев бір мазмұндас жауап хаттағы фамилиясының тұсына қол қояды да, хат бөліміндегі конвертке салып, адресстерін жазып, почта- мен жөнелтуі тиіс қызметкерлерге ысыра салады. Авторға қайтарған стандартты жауаптан кейін –әдептілік үшін – әр хат соңында міндетті түрде «Ізгі ниет, дұғай сәлеммен» деген сөз тұрады. Және жауаптың бірер жерінде «әлі жассың, көп оқы, ізден, үйрен» делінеді.

Күндердің күнінде коллективте тағы да у-ду, шаң-шұң, эзіл-қалжың, күлкі. Оған себеп: әлдебір алыстағы жасы егде тартқан ақын редакциядан барған сырғытпа жауаптың бесеуін қосып: «Жасы келген адаммын, көп оқып, ізденіп, үйренуге уақытым аз. Ізгі ниет, дұғай сәлеммен», - деп Бектің атына салып жіберіпті... Осындайлар көбейіп бара жатқан соң, бас редактор сырғытпа жауапты дереу тоқтатты. Кейде елу-алпыс автордың – аттарын атап –өлеңдеріне жасаған шолуды журналға жариялап құтылып жүрді. Олардың ішінде жиендердің де аттары аталып, түстері түстеліп жататын. Мұны өзге журналдарға баға беретін мақалаларында «Қазақстан коммунисті» журналы құптап, қолдау білдіретін. Аталмыш журнал партияның оң қолы, беделді ба- сылым болғандықтан, дегені деген, айтқаны айтқан, заң іспетті болатын.

Негізгі бағыттан ауытқып барамыз ба? Жок! Әңгіме өлең ұрлайтын жиендер жайында еді ғой. Олар «Мәдениет және

тұрмысты» да аямай, осында істейтін Қуандық Шаңғытбаевтың өлеңіне қол жүгірткен соң, не айтары бар. Қанша жерден сыры ашылып, бет пердесі сыпырылса да, бірі болмаса, екіншісі қақпанға ілігіп жатады. Ондайларды үркіту үшін сақпанын сермеп, айқай-сүренге басатын өзге газет-журналдар қаншама?!

Жүре-келе жиендерге селт етпейтін болып алдық. Бірін кессең, екіншісі тіріліп шыға келетін жеті басты сілімтіктерге селт етті не, етпеді не? Оның үстіне, жаны жайсаң Қуандық Шаңғытбаев: «Әй, олардың жаны сірі, неғыласыңдар, жүре берсін»,– дейтін болса.

Мейлі ғой, бірақ, анау әлгі Сарыағаштың газетіне баяғы Оспанханның өлеңін айдап жіберген қасқа бар емес пе еді, аты-жөні жадымда, осында тұратынын білемін, оқта-текте өзін бір көрер ме еді деген қызығу жоқ емес. Бір жолы бірге жұмыс істейтін Қосжан Мүсіреповтен шет жағалап сұрап едім, қолын бір сілтеді. Ұға қойдым. Қайтып қаузамайтын болдым. Бірақ, бір күні ол сабаздың өзі ойда жоқта редакцияға келе қалмасын ба? Алғашында ол екенін білген жоқпын, әрине. Қара сөзбен, өлеңмен жазған бір қауым сықақтары бар екен. Бұл сала маған тиесілі болғандықтан, өзін таныстырып, әкелгендерін алдыма қойды. Міне, ақыры өзі келді, енді асығып қайтейін, автор ретінде ілтипат жасап, жазғандарының жарайды-ау дегендерін іріктеп жатырмын. Байқаймын, риза. Орта бойлы, ақ сары, жүзі жылы, селкілдеп күле беретін, қарапайым, қаймана қазақ. Пәлен деуге қимайсың. Жасы менен үлкендеу тәрізді. Содан, не керек, мені қызметке қабылдаған бас редактор Сапар Байжанов сын-сықақ, сатира, юморға жақын еді, сондықтан, мына жазарманның бір-екі сықақ өлеңін алып қалып, ұзамай жарық көрді. Әрине, олардың өз қаламынан шыққаны айдан анық болған соң. Көп өтпей тағы келді. Ағыл-тегіл алғыс. Ризалық. Бірде маған қарап: «Бұрын сіз мұнда жоқ едіңіз, шамасы, басқа жақтан келгенсіз-ау,»– деп қалды. Маған «сіз» деп сөйлеп. Көлгірсу көрініп тұрады, мұныкі табиғи, күлбілтелемей айтып отыр.

– Иә, –дей салдым.

– Қайдан келдіңіз, Орал жақтан емес пе?

– Жок, оңтүстіктен. Сарыағаш.

– О, солай ма? Сарыағаш жақсы жер, онда курорт бар ғой, солай ма?

– Солай.

– Білемін, білемін. Бір барсам деймін, бірақ, жол түспей жүр.

Жазғандарын бұдан кейін де там-тұмдап журналға ұсынып, жарық көруіне сеп жасап жүрдім. Біразға дейін реті келер деп, Оспанханның өлеңі жайлы айта қоймадым. Күндердің күні солай болды да.

– Осы сіз Оспанхан Әубәкіровті білесіз бе?– дедім бір жолы көшеде жолығып қалғанда.

– Е, білгенде қандай, – деп елп етті. – Қазіргі мықты сатиригіміз ғой. Біз оның қасында жіп есе алмаймыз. Біздікі әшейін...

Менің түпкі ойымнан бейхабар.

«Неге сұрадыңыз?» деген жоқ. Әрі қарай тікесіне көшіп: – Мен Сарыағаштың газетінде істеп жүргенде сіз Оспанханның өлеңін өз атыңыздан жібергеніңіз есіңізде ме? Неге өйттіңіз?– дедім шамына тимей.

– Е, «Шофердің намазы» ғой. Рас, рас. Жұмыс болмады, күнкөріс керек. Сол үшін кім біліп жатыр деп, жалғыз Сарыағаш емес, республикада қанша аудан болса, солардың бәріне жіберуші едім. Бірі болмаса, бірі басар деп. Басса, гонорар келеді. Нем кетті, екі-үш сом жіберсе де олжа дегендей.

Құй сен, құй сенбе, ол тура осылай ашығын айтты. Ақиқатын айтты. Айтты да, сылқ-сылқ күлді. Ұялып-қызарған да, қысылған да жоқ. Әшейін жай нәрсе сияқты. Енді ұрасың ба, соғасың ба оны? Байқауымша, бұл пақыр, анау айтқан қу да, сұм да, мүтгәйім, алаяқ та емес, осылай жаратылған пендеге ұқсайды.

Міне, жиен! Жиеннің көкесі!..

Кейін де көрісіп, сәлемдесіп жүрдік. Баяғы қалпы. Жолыққан жерде аңқылдап, жік-жапар болады. «Сіз ойламаңыз, мен анау әдетті алдақашан қойғанмын, – деді бір ұшырасқанда. – Жақсы емесін білеміз ғой, түсінеміз. Ақыл кеш кірді, қайтейін».

Бұл жиенге кеңірек тоқталып отырған себебіміз, бірінші, ол жай жиен емес, «ақылды» жиен боп шыққаны, екінші, «жиендіктен» арылып, тәп-тәуір кітаптар шығарғаны, пәлендей сатирик болмаса да, сол топтың қарасын көбейтіп жүргені үшін

болса да. Ал, Оспанханның (тағы кімдерден жымқырғанын өзі біледі) өлеңдерін республикадағы күллі аудандық, облыстық газеттерге сан рет өз атынан жолдағанын мойындауы – ол да мәрттік, білгендік деуге сыйымды секілді. Тек Оспанхан оны кей-кейде ауызша да, баспа жүзінде де кемталанттар қатарында әжуалап жіберуші еді демесе. Оспанхан және тағы басқалар...

Бір жиен жайлы (егжей-тегжейлі баян еткен) әңгімені осымен бітіргенмен, енді алда кезекте тағы да талай «жетелі» жиендер самсап тұрғанын айта кетейік, ағайын. Олардың да меселі қайтпау үшін, түбі күнәң күйгір жиендер мүлде болмай-ақ қойса деген дәмемен, бәрі болмаса да, бір-екеуінің (үшеу-төртеу болса да) пошымдарына зер салып байқайық. Бұл жолы қысқа. Қысқа және нұсқа.

Уақытта тоқтау жоқ. Керуен көшуде. Алдыңғы толқын ағалар орнын кейінгі толқын інілер басуда. Бұл фәлсафа жиендерге де ортақ. Баяғы жиендер енді қайта айналып келмейді, ал, бүгінгі, қазіргі тұрқы, болмыс-бітімі бөлек жиендердің бас терісі қандай екенін, бәлкім, бізден гөрі, сіз жақсырақ білерсіз. Әйткенмен, сөзді бастаған біз екенбіз, онда барды базарлап, тағы да ептеп көрейік бір атар, екі атарды аяп қалмай.

Бүгінгі жиендер басқаша дедік. Біз бұған дейін ойлап келгендей, олар тек өлең емес, қазір басқа салаларға да қолды аямай салудан титтей де шімірікпейді. Өлең де ұмыт қалып жатқан жоқ. Анау бір жылы тек отты өлеңдер басамыз дейтін «Жалын» журналының Қызылорда жақтан бір қыз жолдаған топтама өлеңдерін суретімен қоса басып жіберіп, кейін авторы басқа адам болып шыққанындай шикандар шаш етектен. Әлбетте, ол қыз жиен «әшкере» етілуін етілді. Бірақ, не пайда? Жиендікті қойды ма? Қоймаса ше?

Бертінде (күні кеше десе де болады) белгілі ақын Байбота Қошым Ноғай өзімен үзенгілес (жазушылыққа мүше) бір замандасының талай шығармасын ұрлап, өз атынан жариялап жібергенін «Дат» газетінде көз жасын көлдете отырып жазды. Не шықты, не қойды? Тым-тырыс, белгісіз...

Осымен әдебиет аулына нүкте қояйық. Ондағы жиендерге дауа жоғы түсінікті болған шығар дейміз (бірақ, мысал сарқылды деменіз, толып жатыр, ендігісі қызық та емес). Енді бұл жиен, жиендік дегендердің қоғамның барлық саласын жегі



күрттай үнгіп, дендеп бара жатқаны қасиетсіз қылық боп тұр. Едірендеп көзге түсе бермейтін қарапайым, момын, қаламы қарымды журналист Қайрат Дүйсеновтің құлаққа жағымды, сүйкімді, әсерлі әндер де шығаратын қабілеті барын біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін. Орындалып жүрген қисапсыз әндердің музыкасы кімдікі, сөзі кімдікі екені айтыла бермейтін қазіргідей кезеңде оған таңданудың жөні жоқ. Қайрат түгілі, одан әлдеқайда атақты, кәсіби композиторлар Марат Илиясов, Марат Омаровтардың аттары көмескілене бастаған тұста, таңданумен көсеге көгермейді (қандай амал бар, оны ашып айту да қиын). Өне, сол Қайраттың әндерін әлдебіреулер иемденіп, біздікі (менікі) деп өзеурейді екен. Өз әнін өзі бес саусақтай білетін Қайрат басқа лаж қалмаған соң, бірде («Парасат») журналына келіп, сонда басылған әндері туралы анықтама жаздырып алды. Мақсаты – авторлардың құқын қорғайтын мекемеге өткізіп, өз туындыларын өзіне қайтару, әннің шын иесі өзі екенін дәлелдеу екен. Ол мақсаты орындалды ма, жоқ па, бір құдай біледі. Ал, сол журналдан («Парасат») осындай анықтама алғандар жалғыз Қайрат Дүйсенов ғана емес, басқалар да жетіп артылады. Бұл не сонда? Ақындардың өлеңіне жиендік жасайтындардың қатарын толықтыру ма? Немесе жиендік әнге де ауысқан ба? Біреудің әніне жиендік жасаудан өткен мәлғұндық бола ма? Оны айтасыз, сонау бір жылдарда алыптардың алыбы Нұрғиса Тілендиевтің де әлдебір әнімді әлдебіреу өз атына аударып алып, беті шімірікпей орындап жүр дегенін өз құлағымызбен естігенбіз. Кейін оны қайтарып алып, ұрының сазайын бердім деп мәз болғанын да білеміз.

Жиендік, жиендік! Енді мына масқараны қараңыз. Жаңарқа ауданының азаматы, ғаламат өнерпаз, әйгілі әнші Қорабай Есеновтің даңқы қалың жұртқа жақсы мәлім. Ал, осы Қорабайыңыз Қорабай болғалы айтып келе жатқан «Сен маған ыстықсың» дейтін ән кімдікі? «Шалқар» бағдарламасы біраз бұрын сол әннің атын «Жас қалам» деп өзгертіп, иесі Қорабай деп сайрады. Рас, Қорабай ол әнді алда-жалда менікі демей, ұнаған соң айтып жүрсе керек (нақты айғақ жоқ). Бәрін шатастырып жүрген – радиодағы ақ пен қараны айыруға қауқары аз қызметкерлер. Сонда олар Қорабай Есеновті «жиен» жасағандарын аңғармай ма? Енді біреу ол ән Қорабайдікі емес,

менікі десе, радиодағылар араша түсе ала ма? Әділдігін айтуға шамалары жете ме?

Жарайды, Қорабайдың гитарамен орындауында жұртқа кеңінен мәлім болған (радиодағы сауаты аздар «Жас қалам» деп өзгерткен) «Сен маған ыстықсың» дейтін әннің шын иесі кім? Мәселе сонда. Назар аударыңыз, ол әннің авторы – қытай қазақтарынан шыққан, атамекенге елуінші жылдарда оралған дарынды жазушы Төлеубек Жақыпбайұлы мен – «Социалистік Қазақстан» газетінің ардагері, ол да қытайдан шыққан, бүгінде көзі тірі зейнеткер Ғалым Тыныбаев. Ән 1955 жылы 15 мамырда, Үрімжі қаласында өмірге келген. Төлеубек Жақыпбайұлы бақилық. Ал, Ғалым Тыныбаев аталмыш әнді көп жылдардан бері әсіреқызыл жиендерден арашалап ала алмай, пұшайман күй кешулі. Тіпті, Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов пен ақиық ақын Оразақын Асқар баспасөз бетінде жоғарыдағы әннің авторы Төлеубек екенін дәлелдеп берсе де, нәтиже жоқ. Қазақ радиосы, бәрібір, белден басып, Қорабайға теліп жібереді. Ал, енді осы әннің нотасы мен сөзі «Егемен Қазақстанда» басылды. Қазақ радиосындағы Қорабайды қолдан жиен жасағандар енді қайтер екен? «Сен маған ыстықсың». Әні Төлеубек Жақыпбайұлынікі, сөзі Ғалым Тыныбаевтікі, орындайтын Қорабай Есенов дер ме екен, әлде, бұрынғыша бетпақтыққа басып, керезулене берер ме екен? Әлде, заңға жүгінер кез келді ме? Жо-жоқ, авторлар құқығын қорғайтын азулы мекеме (әлде қоғам) бар емес пе? Басқа болмаса да, бұл солардың-ақ қолынан келетін шаруа деп ойлаймыз.

Енді біз білетін – талай автордың төл туындыларын өз атынан жариялап, бұл сұғанақтығын жалғастырып келе жатқан – бір жиенге «неге бүйтесің» десең, «бой үйренген әдет, қоя алмаймын» деп беті бүлк етпей шынын айтады, жасырып-жаппайды. Ол кім демей-ақ қой, ол алыста емес, қасында жүр, бір сәті түскенде сенің де не әңгіме, не очеркің, не өлең, әлде, зерттеу мақаланды ма, өз атынан жарқ еткізіп жіберер, бәлкім, әне сонда біле жатарсың.

Қош, жиендер жыры бітті ме? Біткен жоқ. Бітпейтіні, техникалық прогресс дамығандықтан ба екен, соңғы уақыттарда әбілет баспағыр жиендердің сықпыты жоғарыда сөз болған жиендерден мүлде бөлек, әлдеқайда қауіпті, ар-ождан, адамдықты

таптап жүре беретін жаңа, жас буындары қаулап өсіп келеді. Олардан қалай аттап өтеміз? Олардың қасында қазір әдебиет пен өнердегі жиендермен жылап көрісетін кез келді. Бәрінен сорақысы, екінің бірі инемен құдық қазып жете алмайтын ғылым айналасына шиебөрідей үймелеген жиендер болып тұр. Бұл жиендерді ұялтпай-ақ қойса да болар еді, бірақ, онда ғылымның обалы кімге болмақ? Ғылымның киесінен қорықпайтын жетесіз жиендер тайрандай бере ме? (Бұл оларды тоқтатамыз деген сөз емес).

Бұл өмірде қоғам қайраткері, ұлтжанды, қазақ десе жанын киюға әзір Советқазы Ақатаев деген белгілі ғалым болған. Бақиға озғанына біраз жыл. Әне, күні кеше елім, жерім деп еңіреп өткен сол азамат та көзі тірісінде ғылым төңірегінде бұр жара бастаған «жаңа жиендерден» көресіні көргені біраз қауымның есінде болса керек. Советқазы сол тұстағы жұрт жабыла оқитын бір газеттің екі не үш санында тұтас екі беттің біріне өз еңбегінің, екіншісіне жиенінің соны айнытпай көшірген мәтіндерін жария етіп, айды аспанға бір-ақ шығарған-ды. Соңы немен тынғаны беймәлім. Жабулы қазан жабулы күйде қалды ма, әлде, «нағашылы-жиен» өзара тіл тауып, мәмілеге келді ме, бұл жағы қараңғылау. Әйтсе де, тік тұрып ғұмыр кешуге құмбыл Советқазының іш дерті ішінде кетпесе нағылсын. Ол мейлінше адал, тура жолдан таймайтын, қиянатқа көнбейтін, ешкімнің бет-жүзіне қарамайтын қайсар тұлға болатын. Советқазы, біздіңше, ащы терін аямай төгіп, көз майын тауысып жазған ғылыми еңбегіне жымысқылықпен қол салған жиенін (аты-жөнін ашып айтқан сияқты еді, қазір есте жоқ) бір жүріп, бір тұрған, қатар өскен замандасым еді деп күйінген еді. Оның сол жанайқайы өзгелерге (ғалымдар деп біліңіз) сабақ боп, олар сақтанып, аяқтарын аңдап басуы керек сияқты еді, әттең, олай болмады. Қайта қазір Советқазының жиенінен «үлгі алған» пақырлардың көбейген үстіне көбейіп, санынан жаңылғандай ахуал орнағанына күлесің бе, жылайсын ба? Ау, ағайын, өткен ғасырда Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмахановтармен үзеңгілес жүріп, ыстық-суықты бір көрген атақты ғұлама Әуелбек Қоңыратбаевтың мұрасына жиендік жасап, құны көк тиын диссертацияларына «азық еткендерді» кім десе болады? Әуелбек Қоңыратбаевты місе тұтпай,

оның ұлы, көзі тірі Тынысбек Қоңыратбаевтың еңбектерін қоса ұрлап, әкелі-балалы ғалымдардың екеуін бірдей «қажетке» жарату не масқара? Бұл туралы Әукеннің жолын қуған ғалым ұлы, қыздар университетінде ұстаздық ететін профессор Тынысбек Қоңыратбаев «Ғылымға жиендік жүрмейді» деген мақала жазып, ол «Мәдениет» журналында жарық көрді. Не шықты? Ештеңе! Кішіпейіл, ибалы, зипа, жан-жүрегі аппақ қардай Тынысбек сол мақаласында әкесі екеуінің еңбектеріне лас қолдарын салуға дәті барған жиендердің бірде-бірінің аты-жөндерін атамады. «Неге?» дегенге: «Өйтуге арым жібермеді, олардың қылығынан мен ұяламын», – деп жымиды. «Өздері оқыса, іштері білер», – деді. Өздері оқыса! Тапқан екенсің! Ештеңе оқымай, оқыса да санасына ештеңе қонбайтын жиендер өзін аямаса, ол оларды аяды.

Біраз бұрын «Жас қазақ» газетінің бірнеше санында тарихшы ғалымдар бір-бірімен бет жыртысып, әйдай, кеп айтыссын. Дұрысы болар, бұрысы болар, айтарымыз ол емес. Мұндағы қызығы, уәжден ұтып, үстем шығу үшін әлгілердің қыздықыздымен бір-бірінің жиендігін (шоқпар ретінде пайдаға жаратып) әшкерелеп, нақты айғақ-дәлелдер келтіруі болды (газетті қарауға болады). Тізе беріп қайтейік. Жиендік пәле боп тұр. Жиеннің аты – жиен ғой. Басқа шауып, төске өрлеген жиендерді осыншама есіртіп, шәнтендетіп қойған қайран нағашылар-ай! Неткен кең пейіл, кешірімді едіндер?!

## САРЫАҒАШТЫҢ КЕЛІНІ

*Біртуар ғалым Рәбига Сыздықова зиялының зиялысы*

Белгілі сатирик-жазушы Үмбетбай (Уайдин) дос айтатындай, таңғы шықтай тап-таза жан-дүниесінің ар жағынан ақтарыла күліп, кім-кімді де шапағатқа бөлеп жүретін, табиғи бітім-болмыс, кісілігі ерекше жаратылыс иелері болады (және аз емес). Тіршілікке сән, өмірге мән беру үшін ғана жаралған олармен жақын аралас-құралас, қоян-қолтық жүріп-тұру, бәлкім, шарт емес те шығар, тек ондайлармен бір рет дидарласып, лебізін естудің өзі неткен мәртебе, ғажап десеңізші. Ал, алда сөз еткелі отырған тумысынан ерен, періштедей пәк, өз басым әуелі аты-жөнін естіп, онан соң өзін де, көзін де көріп, сөзін де естіп, сан

рет дидарласқан, қашанда әулиеге балайтын хас ғұлама, білімпаз ғалым апайымыз сол топқа жатады десем, құдай біледі, ешкім теріс дей алмасына иман кәміл. Өйткені, бұл айтылғандар оны менен он, жүз есе жақсырақ білетіндердің ой-пікірімен де үндес, сабақтас бола алатынына шәк жоқ. Иә, апайымыз. Тіл маманы. Академик. 1958 жылы (шілде айында) ашылып, тиражы жарты миллионға жеткен «Мәдениет және тұрмыс» журналы алғаш шыққан күннен бастап қашан аты өзгеріп, «суалғанға» дейін отыз жылдан астам уақыт бойы редколлегия мүшесі болған (бүгінде жасы тоқсанды еңсеруге таяу) ардақты да аяулы Рәбиға Сыздықова. Иә, апайымыз. Тіл маманы. Академик. Апайымыздың бұған дейін онша көп айтылмайтын (не сирек айтылатын) тағы бір қырына келсек, ол о баста сонау оңтүстіктегі Сарыағаш аймағының келіні болған (екен). Мәскеуде (сирек мамандық) дипломаттық оқу бітіріп, Рәбиғамен аз жыл отасып (орталарында бір ұл бар, қазір Мәскеуде тұрады), 1955-56 жылдардың бірінде ауыр науқастан көз жұмған Мақаш атты жігітке жар болыпты. Мақаш Сыздықов! Рәбиға апай – өзі айтатындай – алғашқы отағасының аты сақталу үшін әлі күнге адалдық танытып, Сыздықова боп жүр (екен). Аз-кем шегініс.

1960 жылдың басында Алматыдан Сарыағашқа барып аудандық газет редакциясына жұмысқа орналастым. Ол (редакция) аупарткомнан 300-400 метрдей жерде, ауданның қас ортасындағы еңселі, кең-мол, ақ шаңқандай, зәулім ғимаратта екен. «Лениншіл жаста» бір кабинетте он екі адам отырып, запы болған басым мұнда екі адамдық бөлмеге жайғасып, жырғап жүрдік. Ұзамай облыстағы әр үш ауданның газеті бір ауданға бірігіп, қалған екі ауданның жұмыссыз қалған журналистері жан-жаққа бұршақтай бытырап кетіп жатты. Созақ пен Түлкібас аудандық газеттерінің «далада қалған» редакторлары (С.Серімбетов, М.Тезекбаев) Сарыағашқа келіп, онда да орыннан тарлық көргеніміз жоқ. Келесі жылғы жаздың басында Алматыдан мені «Лениншіл жастан» білетін «Қазақстан пионері» газетінің редакторы Әбілпейіз Ыдырысов пен жаңадан ашылған «Білім және еңбек» журналының су жаңа редакторы Камал Смайылов іздеп келіп, Әбекең бір күннен соң Нүкіске ұшып кетті, Кәмекең ауданды бір апта аралап, қашан кеткен-

ше бірге жүріп, бірге тұрдық. (Біер айдан соң Ташкентке жолы түскен Қалихан дос Ысқақов та жарты күнге келіп қайтқан).

Бұларды айтып отырғаным, сол тұстарда халық арасындағы республикалық басылымдардың беделі қаншалық биік болса, аудандық газеттердің орны мен рөлі де олардан төмен емес-тін. Аудандағы түрлі мекеме басшыларынан бастап қатардағы қызметкерлер, алыс-жақындағы орта және орталау мектеп директорлары, «Қапланбек» зооветтехникумы жанындағы совхоз директорларын даярлайтын екі жылдық республикалық курске бүкіл елдің түкпір-түкпірінен келіп оқып жататын тыңдаушылар, редакция жанындағы кешкі мектеп директоры Төлеген Айбергенов басқаратын әдебиет үйірмесінің мүшелері – бәрі-бәрі бірі келіп, бірі кетіп, араның ұясындай құжынап жататын. Сол кездерде әдебиет үйірмесіне қатысатындар ішінен кейін – өздерін Төлегеннің шәкіртіміз дейтін – Шәріпбай Медетбаев, Мейірбек Ақынбеков, Орынкүл Тәжиева, Мамыр Тарақтыұлы, Мұхтар Әуезовтің Сарыағашта тұратын ағасы Ахмет Әуезовтің айтқандары бойынша «Бала Мұхтар» деген повесть жазған, ешкімнің ала жібін аттамайтын, кристалдай таза, сол кездерде бірлі-жарым ұшырасатын парақорларды аямай шенеп, өлтіре жазатын Жақыпбек Аяшев сынды болашақ ақын-жазушылар өсіп шығып, бәрі де Жазушылар одағына мүше болды (олардан кейін шыққан Орынбек Шойбеков секілді белгілі қаламгерлер қаншама). Айына бір рет мұғалімдердің жалақысын алу үшін ауданға келетін мектеп директорларының көбі редакцияға бас сұқпай кетпейтін. Олар үшін газет қызметкерлерімен дидакталасып, әңгіме-дүкен құру, дәмдес болу өзінше мәртебе-тін. Аудан орталығындағы орта мектеп директоры Асылбек Бейсембаев пен жақын төңіректегі әдебиетті сүйетін Пернеш Медетов, Илияс Мақанов, Дардан Дамбылшаев, Әріпхан Ақбердиевтей мектеп директорлары мен шаруашылық мамандары былай да жиі келетін (есте сақталғандарды айтып отырмыз, олар көп болатын). Бәрі де газет редакциясын рухани ошақ, мәдени орталық санайтын. Солардың бірі...

Шамасы, соғыс ардагері болса керек, қолына таяқ ұстап, бір аяғын ақсап басатын, орта бойлы, ақсары өңді, кездескен бойда орталық асханаға қарай бастайтын барынша ақ көңіл, қолы ашық жомарт, қарағым-шырағымнан бөлек сөзі жоқ Нұрмахан

Сыздықов атты аяулы адам болатын-ды. Қай пәннің мама-ны екені есте жоқ (математик болса керек), бірақ, өте білімді, әр жайдан хабардар, әдебиетке іңкәрлігі ерекше, ара-тұра біз шығаратын газетке сын айтып та тастайтын (сол) Нұрекен кей-кейде күрт көңілі босап, Мәскеуде оқып, үлкен қызмет істеген інісі қапияда қайтыс болғанын айтып, ебіл-дебіл жылайтын, жарықтық. Жан-жақтан басу айтып, әрең жұбататынбыз. Қашан көрсең мұңға батып, шойнаңдап бара жататын...

Сол Нұрмахан ағамыздың аудан іргесіндегі «Қапланбекте» мұғалім боп істейтін Манап деген інісі мен (ол да мұғалім) Жібек деген келіні бар-тын. Өз басым Манап пен Жібектің үйінде отбасымызбен сан рет қона жатып, сайраңдаған сәттер қалай ұмытылсын. (Артығы болмас, айта кетейін, Камал Смайылов Сарыағашта бір апта болғанда, бір күн Манаптың үйінде қонақ боп, түнеп шыққанбыз). Аса елгезек, адал, кішіпейіл Манап Сыздықов (мен арқылы) Төлеген Айбергеновпен де жақын танысып, ол өлең оқығанда беріле тыңдап, басын шайқап, ризалық білдіретін. Арагідік ол да айтушы еді Мақаш деген ағам бар еді, жастай қайтыс болды, жеңгем Алматыда тұрады деп. Сырдың суы сирақтан келмейтін кездер емес пе еді, онша мән бермесек керек. Жо-жоқ, мән беруін бердік, әрине. Білген сөзімізді айтып, рух берген де шығармыз. Бірақ, Алматыда тұратын жеңгесі кім, не істейді, ол жағын індету ойға келмегенін айтам да.

Міне, солайша, сонау 1960 жылдары Сарыағашта ағалы-інілі Нұрмахан және Манап Сыздықовтар тұрған-ды. Екеуі де үйлі-баранды, бала-шағалы, екеуі де (үй іштерімен) педагог, бірі орталау мектепте директор, бірі орта мектептің мұғалімі. Аузын ашса жүректері көрінетін қос ғазиз жанның қарапайым бітім-жаратылыстары осы күнге шекті санада. Анда-санда еске түскенде жан дүние бір сілкініп басылғандай болады. Анда-санда қылаң бергенде көңіл шіркінді бір мезет мұң шалып, мұз қарығандай болады, амал нешік. Бірақ, олардың ерте көктеп, ерте солған, фәни жалғаннан арманда кеткен ағалары Мақаштың жаны сүйіп қосылған алғашқы асыл жары қазақтың әйгілі ғұлама қызы, академик Рәбиға Сыздықова екенін кештеу, бертінде білдік. Осы таяуда Рәбиға апайдың «Ана тілі» газетіне ағынан жарыла берген сұхбатынан бұрынғыдан да толығырақ,

егжей-тегжейлі білдік (десек те болады). Өткен-кеткен жайлар еске түсіп, біраз торықтық, толқыдық, қобалжыдық, қайтейік.

1964 жылы көктемде Алматыға қоныс аударып (бұған дейін де айтып жүретінімдей) сол кездегі шыға бастағанына бес жылдан сәл асса да, кең танымал «Мәдениет және тұрмыс» журналына қызметке іліктім. Бас редактор С.Байжанов жаңа жыл алдында ОК-ке ауысып, орнына бұған дейін төрт жыл Мәдениет министрінің орынбасары лауазымын атқарған аталмыш басылымның ең алғашқы басшысы М.Дінішев қайта келді. Редколлегия мүшелері – Мұсекең, Мұса Дінішев журнал шыға бастаған кезде өзі іріктеген – кіл атақты, әр салада істейтін белгілі маман-тұлғалар (екен). ҚазПИ-де істейтін педагог-ғалым, марқұм Әбдеш Қалмырзаевтың айтуынша, кезінде Алматының атақты аруы болған Райхан Ержанова, психолог Валентина Есенғалиева, дәрігер-ғалым Бақия Атшабаров, Ғылым академиясында істейтін кер маралдай керілген, ақылына көркі сай, айдай ару жас профессор Р.Сыздықова т.б. екен. Жастары үлкен болғандықтан, қай-қайсысына да кішілік ізетпен қараймыз, әрине. Әрі, атақ-дәрежелері таудай болса. Олар еркін сөйлегенмен, біз ауыз ашпаймыз. Мыстары басып, айбындары асып тұрады. Сөздері орнықты, тағлымды. Алайда...

Фамилиясы Сыздықова Рәбиға апайдың Сарыағаштағы (өзім білетін) ағайынды Нұрмахан мен Манап Сыздықовтарға қатысы жайлы ойламаппын (фамилиялары ұқсас деп қарадым ба екен, мүлде қаперге келмепті).

Жылдар өткенде Алматыда кездейсоқ жолығып қалған Манап: «Қарағанды жаққа барып ем, содан қайтып келе жатырмын, таңертең осындағы жеңешемнің үйіне соғып, енді Ташкентке ұшамын», – десін алақ-жулақ сағатына қарап. «Неге асығасың. Үйге жүр, қонақ бол». «Жоқ, уақыт тығыз. Алматыға жеңешемді көре кетейін деп бұрылғанмын. Әйтпесе, Қарағандыдан Ташкентке самолет көп. Білетін шығарсың, жеңешем сендерде істейді ғой». «Қайдам, бізде ондай адам жоқ, аты-жөні кім?» «Журналда тұр ғой. Рәбиға Сыздықова!». «Мәссаған! Ол кісі бізде істемейді, редколлегия мүшесі». «Мейлі ғой, қайдан білейік». «Онда мейлі, шынымен кететін болсаң, Жібекке сәлем айт». «Өзің де құрдасқа сәлем айт. Енді келгенде сендерді қалайда табамын, жолығамыз».



Сөйтiп, бiр түйткiлдiң мән-жайын бiлгенмен, Рәбига апайға қалай айтайын. Үндемей жүре бердiм. Оның үстiне, Рәбига апайдың ол кездегi екiншi күйеуi белгiлi халық артисi болса. Тек бiр жолы кезектi редколлегия мәжiлiсiнен кейiнгi әңгiме үстiнде тәуекелге буып: «Апай, мен жақында Сарыағашта болып ем, сiзге сәлем айтты», – дедiм. «Кiм?» – дедi елп етiп. «Сонда Нұрмахан, Манап дейтiндер бар. Солар». «Е, олар менiң бұрынғы жолдасымның аға-iнiлерi ғой. Қалай, аман ба екен? Манап қайным келiп тұрушы едi. Бiраздан берi хабарсыз. Олармен барыс-келiсiмiз үзiлген емес. Сен өзiң не, Сарыағаштан ба едiң?» «Иә». «Ау онда менiң қайын жұртым екенсiң ғой. Ой, Алла-ай. Бұған дейiн неге айтпадың? Мейлi, ендi бiлетiн болдық».

Мiне, қадiрлi оқырман, белгiлi ғалым, ертеден қадiрлеп, пiр тұтатын атышулы академик Рәбига Сыздықованың таяуда «Ана тiлi» газетiнде жарияланған сұхбатын оқыған соң туындаған жәй-түйге байланысты айтайын деген азын-аулақ ой-пiкiрлердiң кей парасы осылар (деп бiлгейсiз).

Сонау жылдарда («Мәдениет және тұрмыс» журналын меңзеп) айтушы едi: «Қазiргi қазақ баспасөздерiнде грамматикалық, орфографиялық қате дегендер өрiп жүредi. Тек сендерде ғана сәл-пәл мизам таразылау», – деп. Сол бiр ауыз сөзге битiмiз семiрiп, кәдiмгiдей марқайып қалатынбыз.

Ал, Рәбига апай «Мәдениет және тұрмыс» журналының редколлегия мүшесi болған отыз жылдан астам уақыт iшiнде журналдың әр санын қадағалап оқып, әр тоқсан сайын бас қосқанда жақсыны да, жаманды да жасырмай, ой-пiкiрлерiн көңiлге тимей, көкейге қонардай, ғибрат болардай етiп ашық айтатын, бүкпей айтатын, онымен әр жүздескен сайын кереметтей әсерге бөленiп, риза болатынбыз. Әлгiнде айтқанымыздай, сөздерiнiң мәйегi қазақ баспасөздерiндегi сауаттылық жайында болатын. Көптеген баспасөзге көңiлi тола бермейтiнiн аңғартудан жалықпайтын едi. Ештеп дұрыстауы сендерсiңдер, онда да шартты түрде, салыстыра қарағанда дейтiн.

Рәбига апай сол кезде солай деушi едi. Бүгiн ше? Не ойлайды екен?

Ал, сен (бүгiнде) тек жауырды жаба тоқы, жабыға жақсы көрiн, дос арттыр! Күнiңе жарайды! Пах!

### Шамаң жетпейді

Осылай деп сен де айтасың, мен де айтамын, бәріміз де жұлқына, жұлымырлана, серпіле, бар қазақ – бір қазақ деп таусыла (сөз бен ісіміз қабыспаса да) сайрап. Олай болса, тағы айтайық. Бұл жолы кезінде байтақ елімізді аралағанда көрген-білген, түйсінгендер негізінде (нақты айғақ-деректерге сүйеніп) тілге тиек ететін азаматтардың – есте сақталғандарының – аты-жөндерін атап.

Сонда бұл не жаңалық па? Әлде, тыңға түрен салу, америка ашу ма? Әйтеуір, құмбылмыз, мықтағанда «бөлінбейік, бөлінгенді бөрі жейді» деп жағы тынбай қақсағанмен, жершілдік, рушылдық батпағынан шығуға құлықсыз мүміндерге сабақ болар ма екен десек те. Одан дәме болмаса да. Сонымен...

Ертеректе Көкшетауға жол түсті. Күздің алғашқы күндері. Тың астығын жинау қызып тұрған шақ. Құдай жарылқап, күллі Арқада тек осы облыстың бірінші басшысы (секретарь) қазақ болған тұс. Бірінші басшы идеология жөніндегі үшінші хатшыны қазақтан сайлапты (Бисен Жұмағалиев). Бұдан үш жыл алдын келгенімізде облпартком, облатком басшыларының бәрі басқа ұлттан, тек облаткомның (жоғары лауазымға жатпайтын) секретары ғана қазақшаға шорқақ, әлдебір қазақ атын жамылған дүрегей әйел еді. Бүкіл облыстағы 21 ауданның біреуінің ғана (Зеренді) бірінші басшысы, бүкіл облыс совхоздарының 6-ның ғана директоры қазақ екен.

Бұл жолы, шүкір, 6 аупарткомның бірінші секретары, 30 совхоздың директоры (21 ауданға шаққанда ол не, тәйірі) қазақ екен. Бәрі облпарткомның бірінші секретары Е.Әуелбековтің арқасы, оны Д.Қонаев үлкен киындықпен сайлады ғой десті білетіндер. Мамандығы журналист үшінші секретарь Т.Жұмағалиев та ұлтжанды азамат екен, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасарын қазақ етіпті (бұрын түске кірмеген), әйтеуір. Фамилиясы Сабилов. Әне, сол Сабилов (Жұмағалиевтің тапсыруымен) бізге жеңіл көлік, жанымызға бір нұсқаушы қосып беріп, Володар ауданына аттандырды. Біз дейтінім, жанымда фототілші В.Мыльников бар болатын. Бұдан бұрын келгенде пұшайман болған басымыз бұл жолы өзімізді адам сияқты сезініп, жырғап қалдық.

Ол кездерде, әсіресе, солтүстік, орталық аймақтарда атқа мінер қазақтардың аздығын біреулер (қазақ деп түсін) ұлттық кадрлар жетімсіз ғой деп жуып-шаюға тырысатын. Олай емес. Қазақ сан жағынан азайғанмен, іздейтін жанашыр болса, ұлттық кадр табылатын және молынан табылатын. Солай екені Е.Әуелбековтің іс-әрекетінен байқалды емес пе? Демек, мәселе басқада. Басшы басқа ұлттан болса, ол әрине, бар қазақты көрмейді, елемейді, «жок» деп мыңқ етеді. Өз қандастарымыздан болса, табылады. Әрине, Е.Әуелбековке де оңай емес, қазақ басшыларын көбейтсе, айналадағы шолақ белсенділер (алдымен қазақтың өздері) «ұлтшыл» деп шулап шыға келері тұрған гәп. Әйтсе де, ең болмаса, қасиетті Арқа жеріндегі бір облыстың бірінші басшысын қазақтан сайлауға әрең шамасы жеткен (Брежневтің досы) Қонаевты кейін сол азаматтың аздап «жерге қаратқаны» онша дұрыс болмады, әрине. Қонаевтың мүмкіндігі сол емес пе еді? Қонаевтың алдындағы қазақшаға судай (аты-жөні есте жоқ) бастық неге олай етпеді? Олай ету тұрмақ, ол өзінің алдында республиканы екі жыл басқарған Қонаев тағайындаған ұлты қазақ б. министрді келе сала ауыстырып, бәрінің орнына (қасақана, әдейі) орыстарды қонжитпады ма?

Қонаев республика тізгінін ұстаған кезде республикадағы барша облпарткомның ұлты қазақ бірінші секретары 2 не 3, Орталық Комитеттегі бәленбай бөлім меңгерушілерінің біреуі ғана (Т.Жанкелдин) қазақ еді. Ал, енді сол тұстарда көрші Өзбекстанның Орталық Комитетінде екі қазақ бөлім басқарды, ауыр өнеркәсіп бөлімін Мінәйдар Рамазанов, транспорт және байланыс бөлімін Рәсіл Манкелдин, ондағы біраз министрлік тізгінін де қазақтар ұстады (Ауыл шаруашылық министрі Бекіш Насыров, Мақта шаруашылығы министрі Е.Тасанбаев, Ә.Үркімбаев, З.Есенбаев т.б.). Олар тұрмақ, бірінші басшы Ш.Рашидовтың көмекшілерінің көбі – бірінен соң бірі – Қарабаев, Тілеулиев, Төлепбаев секілді қазақтар болды. Бұл не? Бұл қазақта іскер, сауатты, алғыр азаматтардың аз болмағанының айғақ-дәлелі. Өзімізде суалған үстіне суала берді. Жоқ та жоқ, қазақ дәрменсіз, марғау. Осылар еске түкенде, қазір де бейжай күй кешесің. Соны білген, күйінген, ойланған қазақ болды ма деп толғанасың. Болды, болды! Хрущевті төңкеріп тастауға көмектескен нөкерлерінің бәрін (Игна-

тов, Подгорный, Егорычев, Семичастный, көп-ақ) бір жарым жыл ішінде бірін қалдырмай аластап жіберген Брежневтің Қонаевты қолдағанын көре алмай, қуанудың орнына тұс-тұстан шәуілдеген заржақ, қызғаншақтар болғанда қандай, қарғадай қаркылдап, буалдыр елестей кезіп жүретін. Оу, Қонаевқа оңай болды ма? Егер бір жерден мүлт кетсе, өз қандастарын (достарын) аямаған Брежневке оны ысыра салу не тұрушы еді. Соны білген Қонаев (қанша жерден күнәкар болса да) сақтықпен, құдай берген жайсаң қалпымен жетпегенді бірте-бірте жеткізіп айтқаны айтқан, дегені деген болмады ма? Соны көп көресің бе, әлде, қимайсың ба? Алматыда бірден қазақ мектебі мен балабақшасын қосақ-қосағымен көбейте салмады деп шәуілдеуің қаншалық орынды бола қояр екен? Қонаев үшін ондай проблема миллиондап саналмайтын ба еді?

Қонаевтың Тың өлкесіндегі, ең болмаса, бір облыстың басшысын қазақ еткенінің өзі жеңіспен пара-пар емес пе еді? Және қандай жеңіс! Келе-келе сол Қонаевтың он бір облпарткомның біріншісі секретарын қазақ еткені нағыз ерлік болды. Одан арғыға қауқары жетпеді. Әр үш-төрт жылда ауысып отырғанда, 25 жыл ішінде бірінші секретарь болған қазақтар саны 70-тен асып жығылмады ма? Солардың екеуі ғана – сен осы күнге шейін шашыңды жұлып, ойбайлап айта беретін – Оңтүстік өңірден, яғни, Асқаров пен Аухадиев болатын. О, қасқа! Егер Қонаев жетпіс қазақтың қатарында әлгі екеуін де бірінші етіп, «рушыл» аталмағанда, біреулер оның орнына Колбин келуін 20 жыл күтпес пе еді, қайтер еді. Әлде, оларға басқа Колбин келсе де бәрібір ме еді? Оны да айта кетейік, ұлты қазақ 4-5 министр санын 34-ке жеткізген де Қонаев болатын (архивтерді кара).

Әне, Көкшетауға барған сол жолы «Айнакөл» атты ансамбльдің өнерін тамашаладық. Тамашалағанда, облыстық мәдениет бөлімінің бастығы Мұрат Жексембин ағасы бізді (фототілші екеуімізді) Бурабайға апарып, Кенесары үңгірі, Оқжетпесті көрсетті, айдын шалқар көл бетінде әнші-күйшілерді суретке түсірдік. Ансамбль жетекшісі Батыс Қазақстан облысындағы Қаратөбе ауданының тумасы, асқан өнерлі жігіт екен. «Мен көкшетаулықпын, – деді ол. – Бұл жерден ешқайда кетпеймін. Себебі, бұл қазақтың атамекені, менің атамекенім. Бұл жерде мені бөтенсің деп жатқан ешкім жоқ. Жалғыз мен емес, мұнда

батыстық қазақтар көп. Осында бітісіп, тусып кеттік. Қайын жұртым осы жерден».

Бұл қарапайым, қақ-соқпен ісі жоқ, өзін ірі санағанмен, майдалықтың шұңқырынан шыға алмайтын базбір жарымжандардай емес, табиғаты таза, тумысы жауһар адамның сөзі еді. (Өзі жақсыға бір кісілік орын бар дегеннің жарқын көрінісі). Сондықтан еске алып отырмыз.

Бір жолы – 1990 жылдардың басында – Ақтөбе облысындағы Ырғыз ауданына жол түсті. Ұмытпасам, аупарткомның бірінші секретары Пангереев деген жігіт еді. Аудандық Мәдениет үйінің директоры шығыс қазақстандық жігіт екен. Ол да айтты: «Пәлен уақыттан бері осында жұмыс істеймін. Ырғыз – атамекенім. Ешқайда кетпеймін», – деп. Шағын оркестр құрыпты, халық театрын ұйымдастырыпты. Ел-жұрт риза. Аупарткомның екінші секретары оңтүстікқазақстандық (Келес ауданынан) жайсаң екен. Бір совхоздың директоры Түркістан түлегі екен. «Бұл біздің жеріміз, қазақтың жері, атамекеніміз», – десіп еді бәрі де.

Тағы бірде Батыс Қазақстанға жол түсті (онда Орал облысы дейді). Жаңақала ауданының халқы бұрын осында совхоз директоры, онан соң аупарткомның бірінші секретары болған оңтүстікқазақстандық Қалдыбек Сәбденовты ұмытпай, ардақтайды екен. Сарыағаштан апарып ектірген мыңдаған түп терек көшетінің бәйтерекке айналғанына мақтанады екен. Ол кезде Қалекеннің Алматы облыстық парткомының хатшылығынан ауысып, Зооветинститутта ректор болған кезі еді. Сол жайлы айтқанымда кәдімгідей серпіліп, рахаттанып қалды. «Е, ол облыста аупарткомда бірінші болған оңтүстік қазағы жалғыз мен емес, Каменка ауданында бірінші болған түркістандық Сабыровты білуші ме едің, сол және басқалар да аз емес-тін. Түрлі мекемелерді басқарғандар да жететін», – деді.

Өз басым қазақ жерінің қай түкпірінен де мұндайларды көп көрдім. Өмірбақи сонда істеп, сонда топырақ бұйырған Семей облысы, Абай ауданының прокуроры (сарыағаштық) Сүттібаев, Шығыс Қазақстан облысында аудандық парткомды басқарған оңтүстіктің перзенті, тағы да сол батыстағы Жәнібек ауданында біржола орнығып, совхоз директоры болған шымкенттік жігіт, – бәрі есте. Бәлкім, біреу-біреу оларға «ау, сендер мұнда

неғып жүрсіндер» деп айтар ма еді, қайдам, ал, менің олай деу қаперіме келген жоқ. Себебі, олар туған жер, атамекендерінде жүр. Әлде, басқаша ма? Ішін күйсе, тұз жала!

Әй, қазақ! Бар қазақ – бір қазақ қой, ә! «Иә» – деймісің. Дейсің. Әйтсе де, таусылмайтын жымысқы тірлігіңмен мұратқа жетпеген – ат төбеліндей азғыншақ топ – сен мұндайды ұға аласың ба, жоқ па, айта алмаймын. Менің айтарым басқа, жоғарыда баяндалғандай жарқын жайлар, жарасымды жайлар. Қазақтың ауызбірлігін бұзуға ешкімнің шамасы жетпейді. Ал, сен қасқа «Отбасында ошақтың үш бұты боп пөстегіңе оранып отыра бер» (Нұржан Наушабаев). Бірақ, қазақпен ойнама! Ойының осылады!

### Өнер ортақ

Әр халықтың тарихқа таңба қалдырғандай өнері болатыны даусыз. Әр халық өзіндік өнерімен күдіретті. Бір қарағанда, бір халықтың өнеріне екінші халықтың тісі батпайтындай көрінетіні де бар. Бұл жерде біз шамасы келсін-келмесін, әлі жетсін-жетпесін, тұштаң қағып, өзге халықтың әнін бүлдіре айтып, биін оспадарсыз билеп, ерен көрінуге құмбыл (қазақта жыртылып айырылатын) жартыкештерді айтып отырған жоқпыз. Керісінше, тағдыр талайымен өзге ұлт өнеріне ден қоюдың арқасында сол халықпен біте қайнасып, даңққа бөленген, бүгінде өрепкі өріп жүрген елпілдектерге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын шынайы дарындар жайында азын-аулақ пікір өрбітсек дейміз.

Бірінші айтарымыз, Октябрь революциясынан кейін – қуыршақ ретінде болса да – әрқайсысы жеке-жеке республика атанған елдерде, қалай дегенде де, өнер өркендеді, қанат жайды. Бұрын ата-бабаларының түсіне кірмеген опера, балет, драма театрлар пайда болды. Концерттік мекемелер шешек жайды. Өне, сонда ұлттық өнердің гүлденуіне тек сол республика халқы емес, өзге ұлт өкілдері де ат салысты, үлес қосты. Мәселен, қазақ, өзбек, түрікпен, қырғыз, тәжік республикаларындағы ұлттық драма, опера театрларының негізін қалап, тұңғыш демеу жасағандар – негізінен еврей халқының перзенттері. Қазақтың тұңғыш операсын жазған Брусиловский («Қыз Жібек»), өзбекте Глиэр («Гүлсара») дегендей.

Аталмыш республикалардағы опера, драма театрларындағы актер, актрисалар арасында да өзге ұлт өкілдері (бәріне рахмет, бас иеміз) аз болған жоқ. Өзбектің Хамза атындағы драма театрында ұлты орыс Нина Кузнецова дейтін актриса болды. Айтушылар оны кезінде Хамза ақынның жұбайы болған дейтін. Өзбек тіліне ағып тұратын Кузнецова талай басты рольдерді келіміне келтіріп сомдағаны үшін республика халық артисі атанды. Сол театрдың алғашқы бас режиссерлерінің бірі – ол да халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, ұлты да ұйғыр – Маннон Ұйғыр еді. Ол қазақ жеріндегі тамаша дирижер, ұлты ұйғыр Ғазиз Доғашев сияқты Мәскеу, Киевке кетіп қалмай, өле-өлгенше өзбек өнеріне қызмет етті. Халық артисі атанған, ұлты ұйғыр әнші Халисқан Қадырова да өзбек өнерінің гүлденуіне мол үлес қосты. Ұлты армян (Тамара Артемовна Петросянц) Тамара-ханум да солай. Өзбек елінде ұлты татар балет бишісі, КСРО халық артисі Галия Измайлова, бұқаралық еврейлер, лингвист ғалым Эсса Маллаев, ғаламат дирижер Мұхтар Ашрафи (қазір ондағы консерватория соның атымен аталады) мен біреулер қазақ дейтін драма артисі, КСРО халық артисі, түр-түсі қазақтан аумайтын Шүкір Бұрқанов, Өзбекстанның халық артисі, әнші Айниса Күшікова (өзбектер Кушликова дейтін), Нәзирә Ахметовалар да қазақ перзенттері еді. Шүкір Бұрқановпен аэропортта жолығып сөйлескенде, қазақпын деп ашып айтпаса да, өзбекпін де деместен, экранда қазақ бейнесін жасағым келеді деген-ді. Қазіргі өзбекстандық белгілі әнші Әзиза қазақ қызы, басқа да толып жатыр.

Өзімізге келсек, қазақ өнерін аспанға шарықтатқан, ұлты татар ағайынды Ришат, Мүсілім Абдуллиндер не тұратын еді. Олардың туған әпкесі Кәмилә Абдуллина ше? Екі інісінен де өткен ғажап әнші еді-ау, шіркін. Рас, қазақтың аяулы перзенті, Отан соғысы жылдарында майдандық газеттерде тілші болған байырғы журналист, баспа директоры, Мәдениет министрінің орынбасары, «Мәдениет және тұрмыс» журналы, «Отан» газетінің редакторы лауазымдарын атқарған Мұса Дінішевке тұрмысқа шыққан соң, үй шаруасында болды. Үш ұл тәрбиелеп өсірді. Кенжесі – қазіргі белгілі әнші, КСРО Халық артисі Әлібек Дінішев.

Қазақ өнеріне бір кісідей үлес қосып, еңбек сіңірген басқалар да аз емес. Рас болса, атақты опера әншісі, халық артисі Әнуарбек Үмбетбаевтың арғы тегі қырғыз дейтін. Жасөспірімдер театрында еңбек еткен халық артисі Сәлима Саттарованың ұйғыр екеніне ешкім мән бермейтін, қазақ дейтін. Қазір Әуезов атындағы театрда жұмыс істейтін ұйғыр қызы Рахила Машурова да қазақ өнерінің ірі өкілі. Қазақ әндерін тамылжыта шырқайтын ұйғыр қызы Гүлвира Разиева алдымен қазақ әншісі ретінде танылған, екі халыққа ортақ өнерпаз. Опера театрында ұзақ жыл әнші болған орыс қызы Эра Епонешникова, ұлты шешен әнші Байсұлтанов, Лаки Кесоглы, әнші Татьяна Бурмистровалардың қазақ өнеріне қосқан, қосып келе жатқан үлестерін ешкім мансұқтай алмайды. Опера театрында дирижер болған, екеуі де татар Фуат Мансуров пен Ренат Салаватовтардың орындары өз алдына бір-бір төбе.

Міне, қасиетті де киелі өнер халықпен халықты осылай табыстырады, туыстырады. Бір мақсат, бір арнаға салады, ымыжымын білдірмейді, оларды бөле-жара қарау мүмкін емес. Естуімізше, бүгінде қырғыз опера театрында әнші боп істейтін қазақ өнерпаздары аз емес құсайды. Санкт-Петербургтегі атақты қазақ өнерпаздарын мақтан етеміз. Сонау жылдарда Ақтөбе облыстық филармониясында істеген ұлты украин Александр Шульга шырқайтын қазақтың халық әндерін қазақ радиосынан тамсана тындаған сәттер есте (олар алтын қорда сақталса керек).

Мұндай құбылыстар айта берсе таусылмайды. Жарасымды, заңды. Айттық қой, өнер адам таңдамайды, ұлтқа бөлінбейді, аударманың (перевод) қажеті жоқ деп. Қазір Ирландиядағы бас дирижер Алан Бөрібаев, Англияда жүрген скрипкашы Марат Бисенғалиевтей бірегей өнерпаз қазақтар ондап саналады. Хас өнерпаздар солардай болсын. «Қатын» бола салғыш еркек артистер мен «өзбек» бола салғыш (намысы шамалы) құны көк тиын бишісімақтардан құдай сақтасын! Сатираны садыралап біткендерге төзім берсін!



**ОЙРАН БОЛА ЖАЗДАҒАН АТАМЕКЕН**

*Әділетке тас аттық,  
Тілсіз қалды мың мықты.  
Өтірікті босаттық,  
Қамап қойып шындықты.  
Қадыр МЫРЗАЛИЕВ*

О, тоба! Тәуелсіздік алғанымызға пәленбай жыл болып, шекарамыз нақты, іргеміз берік, достығымыз нық, экономика мықты, тұрмыс тамаша, мәңгілік ел болуға алғышарт түгел, дүние жүзіне мәшһүр, сыйлымыз, құрметтіміз, бізбен бәрі санасады деп шат-шадыман боп жүргенде, қазақ жеріне сұғын қадауын қоймайтын екіұшты көршілер ішінен сол баяғы империялық-шовинистік пиғылдан арылмаған (арылмайтыны да аян) базбір серкелер Қазақстанның солтүстік аймақтарын Ресейге қарату керек, оны жүзеге асыру биліктің ауыс-түйісі кезінде қолайлы болмақ, сол мүмкіндікті пайдаланып қалу керек дегенге саятын бәдікшатыс сөз (ұсыныс) айтыпты. Ол кім десеңіз, ол – пасықтығы Солженицын, Проханов, Говорухин, Жириновский, Горбачевтан аспаса, кем түспейтін қарсақ жүрек қайраткерсымақ Лимонов қасқа. Оны мемлекетімізге жаны ашып, күйіне жария еткен «Караван» апталығы әлгі сандыраққа Сыртқы істер министрлігі қарсы лебіз білдіргенін атағансып, тіпті, нота жолдап қалуы (О, бәрекелді, өйтсе, жараған!) да мүмкін екенін тұспалдай кетіпті. Әдетте, мұндай нәрсе қабырғалы басылымдарда егжей-тегжейлі баяндалушы еді, бұл жолы апшысы шамалы апталықта (Лимоновтың сайтани бет-бейнесімен қоса) алақандай орын берілгеніне бәрекелді (дей салуға болады әрине). Сөйтіп, өздерін доспыз, адалмыз деп ант-су ішіп, қазақты жарылқауға құмбыл елдің ішінде Лимонов сияқты жұлынкұрттар бар шығар-ау деген күдік расқа шыққандай болды. Лимоновтың жалғыз емесі екібастан. Қазақ елін іштей мойындамай, сырттай көлгірситіндердің жәдігөйлігі құпия емес. Ал, біз болсақ...

Тәуелсіздікке қол жеткеннен бастап ынтымақ, татулықты үздіге насихаттап, түрлі ұлт, ұлыс өкілдеріне мәдени орталықтар ашып, олар аз десең, ассамблея құрып, тіпті, олардың он

шақтысын мәжіліске депутат сайлап, адалдыққа беріктігімізді әй, көрсетудей көрсетіп-ақ келеміз-ау, шіркін. Содан қайыр болса. Неге болмасын, қайыр жоқ емес – бір қасық болса да – табылады. Және бұл үрдісті біз қолдаймыз. Тек...

Біреулер айтатындай, түбі бізді опынтатын кіріптарлық, бас шұлғу, көнбістік болып жүрмесін дейік. Осы тақылеттес жайлар бізсіз де сыналып-мінеліп жатады. Әйтсе де қазақтың атышулы перзенті, біртуар тұлға Алтынбек Сәрсенбаевтың «... биліктің құлағын ұстап отырып, еш нәрсеге ықпал ете алмай кететіндерді «билікте болдының» қатарына жатқызбаймын... қоғамдық-саяси қызметте жүргенде сол ықпалдың реттілігі төмендеуі мүмкін, бірақ, сондай ықпалдылыққа негіз жасап жатқанымыздың өзіне толық қанағаттанамын», – деп ағынан жарылатыны шындықтан алыс емес.

Жә, көнбістік, төзімділік дедік пе? Солардың аясында «толеранттық» деген тағы бір су жаңа даналық термин өмірге келгелі қашан?! Нақ бір кешегі келмеске кеткен кеңес кезінде көнбістік, төзімділік (толеранттық) дегендер болмағандай. Олар болған, болғанда қандай. Болмаса, қыл бұрау салып, шыңғыртып отырып болдырған. Қолдан болдырған. Олардың қасында бүгінгі «толеранттығың» жолда қалады. Дозақтан өзгенің бәрін көрген қазақ ата-бабадан қалған құт мекені ойрандалып, ауылдар хуторлармен біріктіріліп, аты өзгеріп, өз тілінде тәлім-тәрбие алатын балабақша, мектептер, аудандық, облыстық газеттер жабылып, мәдениет ошақтары суалып, ұлттық рухтағы мәдени-тұрмыстық қызметтен мақұрым болған шақтарды да бастан өткерген. Өткерген емес, атамекенде тұрамыз деген сеніммен жүріп-ақ салт-санаы ұмытып, жаппай мәнгүртке айнала жаздап, бейшара күн кешкеніне айғақ-дәлел шаш етектен. Сан рет іссапарға барғанда олардың кей парасына сан рет куә болған шақтар әлі күнге көкейде көңірсиді. Айтпаспыз, айта алмаспыз, айттырмас та деуші едік, бірақ, айтатын, айта алатын, айтуға шек қоймайтын еркін заман, сөз бостандығы келіп, құдай жарылқап тұр емес пе? Ендеше, солардың ішінен Совет өкіметі эне-міне құлау қарсаңында алыстағы бір ауданға барған іссапар кезінде көз көріп, куә болған жолсыздықтарды ғана қаузап, саралап көрсек те біраз нәрсе раушандалар дейміз. Қоспасыз, қаз-қалпында, сапар барысында таныс-біліс болған

(кей) азаматтардың есте сақталған аты-жөндерімен қоса, әлбетте. Әлқисса...

1991 жылғы жаз айларының бірінде содан екі жыл бұрын елден бұрын елп еткіш әсіре белсенділердің арқасында «Мәдениет және тұрмыс» деген атауы «Парасат» боп өзгеріп, соның кесірінен 500 мыңнан жыл сайын 170-180 мыңнан тираж жоғалтып, кәдімгідей селдіреп қалған «Парасат» журналының тапсырмасымен фототілші В.Мыльников (марқұм) екеуміз сол кездегі Целиноград (қазір Ақмола) облысының Алексеев (қазір Ақкөл) ауданына аттандық. Танертең күн шығар алдында самолеттен түстік те, бірден автовокзалға барып, аталмыш ауданға тартып кеттік. Айта кетейін, бұл өз басымның Алексеев ауданына үшінші рет баруым еді. Бұған дейін біз бармаған облыс, аудан кем, кейбіріне екі-үш реттен жол түскен. Алдын-ала телефон соғып қойғандықтан, жеткен бойда бірден қонақүйден орын алып, жайғасып болысымен аупарткомге келдік. Ол кезде аупартком мен ауатком советі бірігіп, екеуі бір адамның қолына көшкен шақ болатын. Оларды басқаратын аса сыпайы, тәжірибелі, білімді, сұңғақ бойлы, қара торы, жылы жүзді жас қазақ жігіт екен. Жайдары қарсы алып, асты-үстімізге түсе елпілдеп жатыр. «Бізге тілшілер сирек келуші еді, қадамдарыңызға гүл бітсін» деп ақ жарылады. Жалма-жан ауатком председателінің бірінші орынбасары (Серік Оразбаев), аупарткомның идеология жөніндегі секретарын (Рақымғали) шақырып, бізді оларға, оларды бізге таныстырды. Жүрегінің түгі бар, батыл, іскерлігі бірден байқалған бірінші секретарь аудан жағдайымен таныстырып шықты да: «Сіздерден жасыратын ештеңе жоқ, әлі өздеріңіз де көріп-біліп, қаныға жатасыздар ғой, халық санының жартысынан астамы өз қандастарымыз болса да, аудан тарихында бірінші басшы болған қазақ мен ғанамын. Онан соң мына екі жігіт – тізгін ұстаушы осы үшеуміз, қалғандар өзге ұлттан. Ал, енді жоспарларыңыз қалай, айта беріңіздер. Қайда барам десеңіздер де Серік бірге жүреді, кеткендеріңізше жандарыңызда болады»,—деді ауатком председателінің бірінші орынбасарына қарап. Серік күлімсіреп, бас изеді. Аудан басқаратын үш қазақ басшы да иманжүзді, қызметтеріне лайық сияқты көрінді.

– Біз әуелі бірыңғай қазақтар тұратын ауылға барсақ дейміз. Ел-жұртпен дидарласып, мәдени-тұрмыстық жағдайларымен танысып, суретке түсіру үшін. Бар ма сондай ауыл? Басқасын көре жатамыз,– дедім.

Үш бастық ойланып қалды. Мойындары салбырап, жауап айта алмай қипақтады.

– Секе, не дейсіз?– деді бірінші секретарь ауатком председателінің бірінші орынбасарына.

Ол үшінші секретарьға қарады. Үшінші секретарь:

– Ойланайық,– деді. – Ауылдар аз емес қой, бірақ, бәрі өзге ұлт өкілдерімен аралас емес пе?

– Шетінен хутор боп кеткен ғой,– деді Серік.

– Иә, қазір бірыңғай қазақтар тұратын ауыл жоқ-ау деймін. Секең айтқандай, бәрі хутор боп кеткен,– деді бірінші секретарь да. – Бұрынғы қазақ ауылдарының тек жұрты қалған. Қираған үйінділер. Бірақ, атаулары сақталып қалған. Қалай еді, «Қыпшақ ауылы», «Үйсін ауылы», «Керей ауылы», «Шөмекей ауылы», «Жаппас ауылы», «Арғын ауылы», «Уақ ауылы»... кете береді. Баяғы ауылдарды қай рудың адамдары мекендесе, солардың атымен аталған екен ғой. Мәселен, біздегі «Қыпшақ» аулында Қажымұқан атамыз, генерал Сағадат Нұрмағамбетов, «Арғын аулында» Рақымжан Қошқарбаев, «Үйсін ауылында» Балуан Шолақ, «Керей» аулында Ғабит Мүсірепов туған деседі. Генерал Сағадат Нұрмағамбетов туған ауылына әр жыл сайын келіп, аунап-қунап қайтады. Жылына болмаса да, Рақымжан Қошқарбаев та сөйтеді. Сағадат ағамыздың бірге туған ағайындары қайтыс боп, қазір көзі тірі апасы мен қарындасына келеді. Әрине, бәріміз күтіп алып, шығарып салып, қасында жүреміз ғой. Ғажайып адам. Ал, Секе, не істейміз, қонақтарға бірыңғай қазақтар тұратын ауыл таба аламыз ба, жоқ па? Есіңе түсірші...

– Есіме түсті,– деді еңсегей бойлы, толықтау денелі, сарғыш өңді, қалың кара шашы бұйраланыңқырап тұратын Серік жымың етіп.

– Айт онда!

– «Ерназар» ауылында бірыңғай қазақтар тұрады. Он шақты үй неміс бар еді, көбі көшіп кеткен. Қазір үш-төрт үй қалған

шығар. Өздері қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жақсы біледі, қазақшаны қазақтан артық сөйлейді.

– Соңғы рет онда қашан болып едің?

– Есімде жоқ, ары-бері өткенде соғып жүреміз ғой. Бір совхоздың өзінде «Ерназар» сияқты он бөлімше бар, бас-басына бара беретін жағдай қайда? Керек кезде телефонмен сөйлесеміз, – деді Серік.

– Білемін, – деді бірінші секретарь. – Бөлімше меңгерушісі оңды жігіт. Әкесі соғыс ардагері. Ал, не істейміз? Сонда барасыздар ма?

Барамыз, әлбетте. Түстен кейін Серік бастап жолға шықтық. Орталықтан алыстау «Ерназар» ауылы үлкен жолдың бойында екен. Көше бойларында бой түзеген тал, терек, үйенкі, қайың ағаштары, шағындау арықта мөлдір су ағып жатыр. Бөлімше кеңсесіне таяу жерде маңдайшасына «клуб», «кітапхана» деп жазылған екі бірдей мекеме орналасқан еңселі ғимарат. Сәл әріде балабақша, монша, мектеп, шаштараз, сағат, етік жөндейтін шеберханалар. «Е, жаман емес, дәл біз іздегендей ауыл екен», – дейміз. Бізді алдын-ала хабарланған бөлімше меңгерушісі – жасы қырықтан асқан шымыр денелі, қара торы жігіт қарсылап, кеңсеге бастады. Ішке кірген бойда:

– Ал, добро пожаловать, жақсы жеттіңіздер ме? – деді. – Садитесь! Мына Сәкең сіздер келеді деп... Алматыдансыздар ғой... Біз осы Ерназарда тұрамыз. Жағдай жаман емес... – деп гүр-гүр етті.

– Әй, Бектас, бұл кісілер қазақша журналдан келіп отыр. Орысша араластырмай сөйле, – деді Серік бауырымыз аңқылдай күліп. – Қазақша оқисыңдар ма? Газет-журнал келе ме?

Меңгеруші күмілжіді. «Парасат» журналын білмейтініне кешірім сұраған болды. «Бұдан былай жазыламыз, аламыз» деп жатыр. Біздің міндет тың жердегі қазақ ауылының жай-жапсар, мәдени-тұрмыстық хал-ахуалын біліп, суретке түсіріп, журналда көрсету еді. Екі-үш күн ішінде біраз жай айқындалып, көз жеткендей болды. Бұл жерде оларды бас-басына тәптіштеп жатпай, әлі күнге көкейден өшпей, санада сақталған бірер жайды ортаға салып байқайық. Әңгіме тың игеруші қауым ішіндегі қазақтардың рухани деңгейі, ой-өрісі қай дәрежеде еді, сол жайында.

Ауданда кіл қазақтар тұратын ауыл бар ма деп, жауап ретінде «Ерназар» аталғанда-ақ әлденеден секем алғандай болған ек. Себебі, сөз арасында «Ерназардың» не екенін басқа тұрмақ, аудан басшыларының өздері де жөнді білмейтіні аңғарылған. Сондықтан, «Ерназар» деген не, адамның аты ма, әлде... деп сұрауға асықпай, әліптің артын күткенбіз. Міне, енді сәті келіп, бөлімше меңгерушісінен бірінші сол хақында сұрадық: «Ауылдың аты Ерназар болса, ол кім?» – деп. Меңгеруші мүдірді. Онан соң бірденені бүлдіріп алмайық деп бұл жайлы сөз қозғамай, сақ сөйлеуден бөлек лаж қалмаған-ды. «Ерназарда» тұрған не бар, біле жатармыз, бәйек боп жүрген ағайындарды ұялтпайық деп те ойладық. Сонда да арагідік әлдекімдерден әзіл-қалжың ретінде сұрап жүрдік, ауылдарыңыздың аты Ерназар екен, ол кім, белгілі қайраткер ме, әлде, шопан ба деп. «Соған мән бермеппіз, әйтеуір, біз ес білгелі солай атайды ғой», – деп, ешкім жөнді жауап айта алмады.

Мақсат халықтың мәдени-тұрмыстық жағдайын саралау болған соң, мұндағылар мал ұстай ма, айран-сүт, ет, май, нан өздерінен бе деп те ойлаймыз ғой баяғы. Өйткені, магазиннен қап-қап ұн, әр үйдің ауласынан кемі бес-алты жандық, бұзаулы сиыр, құлынды бие көргендіктен. Естігеніміз: «Ешкім бие сауып, қымыз ашытпайды, сиыр сауып айран-сүт, кілегей, каймақ, құрт, май жасамайды, нан жаппайды, барлығын магазиннен алады. Әр күні таңғы сағат алтыда ауданнан әкелетін камды-катала, күйелеш нанды таласып-тармасып бөліп алады. Жеткенге жетеді, жетпеген құр қалады. Қыс ұзақ, қатал. Қыста соғым сояды. Мал сол үшін ұсталады. Басқасына зауық жоқ. Жастар емес пе, қолдарынан келмейді», – болды. Мәссаған! Үйіне кірсең шай деп сары суды сапырып ішіп, таң атар-атпаста ауданнан әкелетін магазиннің шала піскен бөлке нанын қаужандап отыратын, қырықты қусырып, елуді еңсерген балашағалы пақырлар қолда барды ұқсата алмай, өздерін-өздері ырзық-несібеден қағып отыратын жастар екен-міс! Пәлі!

– Қымыз ашытатындар бар ма?

– Бар, – деп жабылып қалған қазақ мектебінде мұғалым боп істеген зейнеткердің үйіне ертіп барып, қымыздан дәм таттық. Әрі, бір ауылда «Лениншіл жас» газеті мен «Парасат» журналын жаздырып алып оқитын да сол және тағы бір ақсақал ғана

болып шықты. Қарияны ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін (әрі, үш-төрт пендеден сұрап, нақты жауап ала алмай аузымыз күйгендіктен) «Ерназар» жайлы айтқан жоқпыз.

– Айраны бар үй бар ма?– дедік тағы бірде бөлімше меңгерушісіне.

– Бар,– деп, бау-бақшаға малынған әсем ғимаратта тұратын –ол да зейнеткер – неміс ақсақалдың үйіне ертіп барды.

Кемпірі екеуі ғана тұратын қутындаған неміс ақсақал бізді бірден төрге отырғызып, дастарқан жайды да, құрт, ірімшік, сары май, бауырсақ, айран, қымыз –бәрін төгіп тастады. Жаңа пісіп уылжыған жеміс-жидектер өзінше. Кемпірі екеуі шауып жүр. «Балалар бірі Мәскеу, бірі Целиноград, әрқайсысы әр жақта. Қазір Каролина екеуміз тұрамыз. Қырық бірінші жылы жер ауып келгенде бізді аштықтан қазақтар аман алып қалып еді. Содан бері осындамыз. Атымыз неміс демесе, затымыз қазақ. Ішіп-жейтініміз қазақ тағамдары: қазы, қарта, жал, жая, қымыз, айран, жент, бауырсақ, құйрық, бауыр. Көкөніс, жеміс-жидек те өзімізден. Бір таңқалатыным, қазақтар осылардың бәрінен өздерін-өздері қағып, жадап-жүдеп жүреді, мына көршім төрт сиырының біреуін де саумай, бұзауларына емізеді»,–деп үй иесі неміс қария әп-сәтте біраз әңгіме тиегін ағытып тастады.

Ал, енді бір сәті түскен болар-ау деп көкейдегі сұрақтың шетін шығарып, үй иесіне: «Ерназар» деген не?» – дедім. Бетіме сығырая қараған ол: «Не емес, кім де. Ерназар кәдімгі белгілі мемлекет қайраткері Елтай Ерназаров емес пе? Елтайын баяғыда алып тастап, Ерназар боп қалды ғой. Оны неге сұрадың?»–деді саңқ етіп. «Жәй, әшейін»,– дей салдым.

Ал, шын мәнінде, тіпті де жәй емес, кітапханасында қазақша кітап жоқ, клубында қазақша шаралар өтпейтін осынау үлкен ауыл тұрғындарының Елтай Ерназаровты Ерназар деп, оның кім екенін білмейтіндері жақсылықтың нышаны емес-тін. Немесе, бұл сол шақтардағы тың игеру науқанынан рухани зардап шеккеніне көнбістікпен қарап, толеранттық танытудың тәтесі де, жәкесі де емес, көкесі болатын. Және бұған орыстанған Ерназар ауылы емес, Арқадағы алты-жеті облыста тұратын қара ормандай найшасы пәс – қазақтарды кінәлі деуге де болмастай еді. Компартияның ұранымен жан-жақтан құмырсқадай қаптап келген тың игерушілер туралы да солай. Алайда, олардың

келген бойда ел мен жер иесі қазақтарды менсінбей, ана қыр, мына қыр астындағы ауылдарды өздері орнатқан не бұрыннан бар хуторларға күштеп қосып, атамекенді ойрандап, «бір ел, бір жұрт», еткені күні кешегі өктемдік, зорлық зардабы екенін көзімізбен көрген сұрқай сүргін, ақырет іспетті ақиқат еді.

Иә, көзбен көрген, куә болған. Өзіміз. Сан рет. Жоғарыда айтқанымыздай, (ұзақ уақыт) әлдебір Алексеевтің атымен аталған аудан тұрғындарының тең жарымынан астамы қазақтар екен. Соған қарамай, астық өсіретін он бір совхоздың бір-екеуінен басқаларының басшысы келімсектерден қойылыпты. Бөлімшелер болса-болмаса. «Жол мұраты жету» дегендей, алыстан әдейілеп ат терлетіп келген соң, жолбасшымыз Серік Оразбаевпен бірге төрт-бес күн бойы басқа да біраз шаруашылықты аралап, арлы-берлі жүрген шақтарда даладағы иесі жоқ, қиранды үйінділері қалған ондаған, жүздеген қазақ ауылдарының орнына жайбарақат қарау мүмкін емес-ті. Сондай шақтарда бізге жолбасшы боп, сырттай сыр бермей, бір карағанда, жайраң қағып жүретін Серік бауырымыздың да іш дерті ішінде екеніне куә боп жүрдік. Тұрғындары орыс хуторларына көшіріліп, ойраны шыққан қазақтар тұрған ежелгі атамекеннің қай-қайсысының да жанынан өткенде Серік машинаны тоқтатып, аруақтарға бағыштап құран оқып, бет сипап жүрдік. Аупарткомның бірінші секретары әрі ауатком Советінің председателі бізбен алғаш жолыққанда айтқан ру аттарымен аталатын «Қыпшақ ауылы», «Шөмекей ауылы», «Үйсін ауылы», «Жаппас ауылы», «Керей», «Уақ аулы» дейтіндердің бәрінің жермен-жексен болған орнын көріп, қандай күйге түскенімізді айтып жеткізу қиын (дер едік). Және бұл есте жоқ ескі замандардағы ертегі-әфсана емес, біраз жыл қатарынан миллиард пұт астық беріп, соған маз болған тың игеру деген науқанның қазақты жерге қаратып, пұшайман еткенінің көрінісі болатын.

– Анау менің ата-бабаларымның жұрты, – деді Серік келесі бір қиранды мекеннің тұсынан өтіп бара жатқанда (мұнда да көлікті тоқтатып, дұға оқылды). Айнала кең жазық, сусылдап өсіп тұрған астық алқабы. –Тұрғындарды Ерофей хуторына көшірген. Ерофейде жасайтын халықтың үштен екісі қазақ. Сонда барамыз ба? Көресіздер ме?

– Барайық.



Октябрь революциясынан бұрын пайда болып, әлдебір мұжықтың атымен аталатын – қазақша айтсақ – Ерофей аулы тұрғындарының басым бөлігі шынында да қазақтар екен. Бірақ, шетінен бала бақшада орысша тәрбиеленіп, мектепте (барлық жердегідей) орысша білім алатын, үйде де, түзде де сол тілде сөйлесетін, қазақша ән, күй, музыка, кітап, газет-журналдан мақұрым пақырлар. Соған қарамай, клуб пен кітапхана меңгерушілері қазақ келіншектер екен. Екеуі де иманжүзді, ұяң, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап қана қоймай, дүрілдете қанат жайдыруға құмбыл, оған мүмкіндіктері де жететін мамандар болғанмен, қайтерсің, қол қысқа, ерік жоқ. Кітапханада бірлі-жарым саяси брошюра, әдістемеден бөлек, қазақ тіліндегі кітаптар жоққа тән. Бірен-саран барларының өзі атамзамандағы ескіріп, жыртылып, тозған кітаптар. Оқитын пенде болмаған соң, сол кітаптардың өзін ешкім алмайды екен. Газет-журналдарды атама. Клуб меңгерушісі біздің қолқалауымызбен бір қазақ әнін бұзып-жарып зорға айтты. Екеуі де мұңды. Қабақтарында кірбің бар. Іштей ойламайды, қайғырмайды дейсің бе?

Ауыл (хутор) дегені болмаса, Ерофей елді мекенінің аумағы ат шаптырым, халқының саны кейбір кішігірім колхоз не совхозға жетеқабылдай екен. Ресми тұрғыдан, совхоздың жетінші не сегізінші бөлімшесі. Оны басқаратын ұлты ингуш Мальцагов деген біреу екен. «Мені бұл қызметке мұсылман болғандықтан қойды, өйткені, бізде қазақтар көп»,—деді ол орысшалап. «Онда неге қазақша сөйлемейсің?» дегеміз жоқ. Себебі белгілі, оның да қолында кісен, басында ноқта. Шовинист билеп-төстеушілер ашық болмаса да, түрлі айла-шарғымен ондайға жол беретін бе еді? Өйткені, Совет Одағы бір ел, бір халық. Тіл де біреу бола жаздап барып құдай сақтады емес пе?

Алексеев ауданына барған осы сапарда бірқатар (ұлты басқа) совхоз директоры, партком секретарларымен де дидарласып, үйлерінде қонақ болып әңгімелестік, пікірлестік. Қалай дегенмен, біз де, олар да бір мемлекетте өмір сүретіндіктен, қоғам ауанымен санасамыз, санасуға тиіспіз, міндеттіміз, онсыз тауық шақырып, таң атпайды. Бүгінгі айтып отырғанды ол кезде айту қаперде жоқ, бола қалғанда да іштен тынып, білдірмей,

сақ жүру керек. Өйткені, талап солай. Совет өкіметінің талабы. Ортақ талап. Толеранттық өзінше (көнбей көр).

Қазақтың небір айтулы тұлғалары өмірге келген сулы, нулы, адым сайын қайың, қарағайлы орман, көлдері қисапсыз аумақты аудандағы жалғыз қазақ орта мектепке да барып, өзі де, әйелі де өнерлі, көзі ашық, ұлтжанды директордың үйінде болып, ерлі-зайыптылардың құйқылжыта шырқаған әндерін тыңдадық, әңгіме-дүкен құрдық. Осы совхоздан бұрынғы «Мәдениет және тұрмыс» журналына жиі-жиі мақала жолдайтын штаттан тыс тілші Қарпықбаевпен кездестік. Сонда бір білгеніміз, жалғыз қазақ орта мектебінде оқитын шәкірттер саны мардымсыз, біраз ата-аналар балаларын көрші шаруашылықтағы орыс мектебіне бергенді қалайды екен. Міне, идеология! Орысша оқымасаң, адам болмайсының сиқы. Керісінше екенін ұқпаудың, ұға алмаудың көрінісі. Ел иесі, жер иесі кім екеніне мән беруге шек қойылған бейшаралық. Қазір ойлайсың, егер сол бетпен кете бергенде не болар еді деп. Және бұл бір аудан. Тың өлкесіне қарайтын алты-жеті облыста дәл сондай қаншама ауыл, аудандар болды, бажайлай бер. Және сол аймақтардан шыққан базбір (алматылық) мықтылардың (біз көргендей) ойран болған атамекеннің ахуалын ойлаудың орнына, республикалық деңгейде бірлі-жарым атқа мінген қазақтар жайлы өсек-аяң қоздатудан қолдары босамағаны өте қызық еді, пай-пай! Әлде, атамекен ойрандалып, қазақ ауылдары орыс хуторларымен біріктіріліп, мектеп, кітапхана, аудандық, облыстық қазақ газеттері жабылып, қазақылықтан жұрдай болған ахуал олардың жандарына батпады ма екен. Солай болмаса неғылсын. Ол жайлы тіс жармаушы еді ғой. Жарса да сирек, бірен-саран. Есесіне, бар шаруасы Қонаев боп, оның орнына Колбин келуін жиырма бес жыл күткен шерменделер шерлі шежіре жазып тұлданбады ма?

Төрт-бес күндік сапар аяқталып, аупарткомның бірінші секретарының кабинетінде көрген-білгендер айналасында әңгімелесіп отырғанда, кенет есік ашылып, орта бойлы, толықтау, бұйра шашты, көздері өткір, келісті де көркем жігіт кіріп келді де, кабинет иесінен кешірім сұрап, бізбен амандасқан соң:

– «Парасат» журналынан келген сіздерсіздер ме?– деді фототілші В.Мыльников екеумізге күлімдей қарап. Даусында әлденеге абыржу, толқу бар.

– Иә,– дедік оған.– Айта беріңіз.

– Бұл жігіт аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, есімі Әужан,– деді бізбен бірнеше күн бірге жүргенде етене жақын болып қалған Серік Оразбаев.

Сөйтті де: «Не шаруа, айта бер»,– деді Әужанға қарап.

– Бұл кісілердің келгенін естіп, екі-үш күннен бері тосып жүредім. Сөйлесуім керек. Сіздер әңгімелесе беріңіздер. Мен коридорда күте тұрайын,– деген Әужан кабинеттен шығып кетті.

– Қазақ десе шығарға жаны жоқ жігіт,– деді аупарткомның бірінші секретары ол кетісімен.– Шамасы, сіздерге бірдеңе айтатын сыңайы бар секілді, тыңдап көріңіздер, не дер екен.

– Арыз болмаса бопты да,– деп Серік мырс етті.

– Жоқ, ол ондай емес,– деді бірінші секретарь.

– Қалжың ғой,– деді Серік.

Біраздан кейін, жанымызда Серік бар, коридорға шығып, Әужанмен жолықтық. Ол жақын жердегі кеңсесіне шақырып, сонда кеңірек әңгімелесейік деді. «Секе, менің айтарымның сізге де қатысы бар, бірге жүрсеңіз жақсы болар еді»,– деп те қойды Серікке қарап.

– Ал, бастай бер онда.

– Уақыттарыңызды алмай, сіздерге төтесін айтайын. Пәлен жердегі пәлен ауылдың тұрғындары,– деп бір елді мекенді атады да,–қазақша бастауыш мектеп ашайық десек, келісетін түрлері жоқ. Естіп жатырмыз, Ерназар аулының адамдарын қазақша бала бақша ашуға көндіріп, ондағылар қарсы емеспіз деп қол қойған шешімін әкеп берді. Енді құдай үшін анау ауылдан бастауыш мектеп ашуға жәрдемдесіңіздерші. Ол үшін осы қазір бәріміз сонда барып мәжіліс өткізейік. Сіздер сөйлеңіздер, сонда олар келіседі.

Ал керек болса! Мен Серікке қарадым. Ол жымыып күлді де, телефон тұтқасын көтеріп, бірінші секретармен хабарласты. Ол бірден келіссе керек, Серік: «Жарайды, барамыз»,– деді.

– Қонақтар, не дейсіздер? Шаршадыңыздар, әрине, бірақ, Әужанның сөзін естіп отырсыздар ғой, сірә, көңілін қалдырмаған дұрыс болар. Баратын жер алыс емес, ол ауылда менің туған

балдызым тұрады, бие байлайды, бүгін сонда түнеп, қымыз ішіп, жақсылап демаласыздар. Бұйырса, Әужанның өтініші жерде қалмайды, әрі, оның әнін тыңдайсыздар, – деді Серік.

Оқу бөлімінің меңгерушісі Әужанның (есімін қате айтсам, кешірім өтінемін, Әужан әкесінің аты болуы да мүмкін, онда «овы» жоқ Әужан болады да, не айырмасы бар) айтқандары дұрыс. Ерназар аулында екі күн болуымыздың себебі, ауыл тұрғындарының басым бөлігі қазақша балабақша ашуға келіспей, бұра тартып жүреді екен, бес-алты ақсақалды жиналыста сөйлетіп, өзіміз де тіліміз жеткенше айтып, көпшілікті әрең идіріп, шешім қабылдап, келісеміз деп қол қойдырғанымыз рас еді. міне, енді соған ұқсас тағы бір мәселе алдан шығып отыр. Ат аунаған жерде түк қалсын, тәуекел (дестік).

Әужан өзі білетін адамдарға алдын-ала хабарлап қойса керек, біз барғанда жұрт шағын клубқа жиналып, күтіп отыр екен. Бірінші сөйлеген Серік «Парасат» журналы дей бергені сол еді, әр тұстан «білеміз, білеміз» деген дауыстар естіліп, жұрттың назары Мыльников екеумізге ауды. Мұндайда іштегіні айтпай біліп, қамшы салдырмайтын Мыльников ұшып тұрды да, отырған жұртты сырт-сырт суретке түсіре бастады. Көңілденген көпшілік менің «ақыл-насихатымды» да ықыласпен тыңдап, қазақша бастауыш класс ашуға келісеміз деп қолдарын көтерді. Шешім қатталып, қағазға түсті. Қол қойылды. Әужанның қуанышында шек жоқ. Қайта-қайта рахмет айтып, «осылай болар деп сенген соң ғой сіздерді кешеден бері күткенім» деп жарқын-жарқын күледі. Сол аралықта жолбасшымыз Серік бұл жаңалықты аупарткомның бірінші секретарына да хабарлап үлгеріпті.

Ертеңіне ауданға аттандық. Тағы да аупарткомның бірінші секретарының кабинетінде бас қостық. Мен – Мыльников екеуміз, Серік және Әужан.

– Облпарткомға телефон соғып, сіздерге қонақүйден люкс эзірлетіп қойдым. Қашан барсаңыздар да дайын. Бәлкім, ауданда әлі де бола тұрарсыздар, – деді бірінші секретарь.

Менің мұндағы шаруа біткен соң айтармын деп жүрген өтінішім бар еді, соны айттым:

– Сағадат Нұрмағамбетов жыл сайын келіп тұратын ауылды көрсек, ет жақындарымен сөйлессек, суретке түсірсек, бәлкім, журналда жариялармыз, – деп.

– Е, ол қиын емес, – деген бірінші секретарь қолма-қол әлдекімге телефон соқты. – Жарайды, апайға хабарла, оның үйіне қонақтарды өзін бастап бар, – деп шегелеп тапсырды.

– «Қыпшақ ауылының» бұрынғы орнын көрдіңіз ғой. Қазір баратынымыз басқа жер, яғни, совхоз орталығы, қыпшақтар сонда тұрады. Батыр ағамыздың апайы да сонда. Аудан орталығында тұратын туған ағасы қайтыс болған, – деді Серік.

Сөйтіп, түске таман Совет Одағының Батыры, (сол кезде) өзіміздің Орта Азия соғыс округінде басшы қызмет істейтін сергек те сезімтал, елгезек, ширақ, қазақ әдебиетін бір кісідей оқып, жақсы білетін, Ұлы Жеңісті Берлинде бірге қарсы алған майдандас досы, «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакторы Мұса Дінішев пен бөлім бастығы Жекен Жұмақановқа (редакцияға) жиі келіп жүретін қазақтың самдағай перзенттерінің бірі Сағадат Нұрмағамбетовтың – әр жыл сайын арнайы ат басын бұрып, туған жер ауасын жұтып қайтатын мекені – туған апайы тұратын совхозға табан тіредік. Жанымызда – кәдімгі өзімізбен сыралғылас, аупарткомның бюро мүшесі, ауатком председателінің бірінші орынбасары, жайдары да жайсаң жігіт Серік Оразбаев. Оның үстіне, аупарткомның бірінші секретары (аты-жөні есіме түспей отырған оны еліміз тәуелсіздік алған соң орталық Астанаға көшкен жылдарда телевизор арқылы Елбасының айналасынан байқайтынбыз, қазір көрінбейді) телефон соғып тапсырыс бергендіктен де болар, біз келгенде шаруашылық басшылары директордың кабинетінде тайлы-тұяғы қалмай күтіп отыр екен. Кіл еңселі, ажарлы, айбынды, кесек бітімді азаматтар. Араларында өзге ұлт өкілдері жоқ есебі. «Е-е-е!» деп еңсе жазғандай болдық. Солайы солай болғанмен, қалай дегенде де, көңілге сәл кірбің түсіріп, сәл секем алған сәл тәуір еместеу нәрсе – Қажымұқан мен Сағадаттың ұрпақтары бізбен де, бір-бірімен де нақ солай болуы тиістей, өзара қысылып-қымтырылмастан орысша сөйлесіп отырды. Тек Сағадаттың апайы болмаса, басқалар салт па, әдет пе, әлде еттері өліп, көнтері боп кеткен бе, бәрі бөтен тілде шүлдірледі. Айттық қой қазақ тілін білме-

се бірсәрі деп. Олай емес, ана тілге шеттерінен ағып тұр. «Бізде солай», – деді Серік екіұштылау етіп. Ол сөздің де түбіріне мән беріп, бажайлап жатқан ешкім жоғы, бәрі қалыпты жағдай екені көрініп тұр (сондықтан да Серік әлгідей деген болу керек). Көрген көзде жазық жоқ, әрине, біздікі байқау, андау, қонақ қойдан жуас. Бұлар, тіпті, орыс тұрмақ, гагауз, эвенки, хакас, шүршітше сөйлей ме, ол уақытта ешкім пәлен демейді, дей алмайды, тіпті, қаперге кіретін де заман емес еді ғой. Оған қоса, құқ та, құлық та жоқ. Білген қиларын жесін (жей берсін) деуден бөлек әдді болмайды. Совхоз басшылары – кілең көз тойғандай жылы жүзді, қонақжай қазақ азаматтарға риза боп, бар екенбіз ғой деп марқайғанымызды жасырмаймыз (қазіргі «баршаға түсінікті болсын» дейтін қыжыртпаның сол кездерден бастау алмағанына кім кепіл, өйткені, біз барған шаруашылықта бірлі-жарым өзге ұлт өкілдеріне бола осындағы сан жағынан әлдеқайда мол қалын қазақтың басшысы да, қосшысы да ортақ тілде сайрағанына сан рет куә болдық емес пе?).

Мұнда келу себебіміз, Сағадат Нұрмағамбетовтің туған жерге жыл сайын арнайы ат басын бұрып, түсетін үйі, ет жақын тума-туыстарын көру, танысу болған соң, ол мақсат түгелдей орындалды (десе болады). Сағадаттың өзімен бірге туған ағалары бақилық болғанын бұған дейін білетіндер айтқан (дегенбіз). Бір-екі майдандас досы да марқұм екен. Сондықтан, бірге туған апайының үйіне барып, ашық-жарқын әңгімелестік. Өрен-жарандарын фотосуретке түсірдік. Батырдың апайы қазақтың қонақжайлық дәстүрі бойынша (алдын ала) мал сойдырып, қазан көтерді, ол үшін алғыс айттық. Сәті түссе, Алматыдағы бауырыңызға (Сағадат Нұрмағамбетовке) айта барамыз дестік (кейін солай еттік, журналға да жазылды).

Сөз басында бұл өз басымның Алексеев ауданына үшінші рет жолым түсуі екенін айтқанмын. Қазір ойлап отырсам, «Мәдениет және тұрмыста» қалыптасқан дағды бойынша, әр айда кемі үш қызметкер алыс облыс, аудандарға барып, су жаңа материал жазбаса болмайтын. Соған орай, біз бармаған жер, баспаған тау жоқ есебі-тін. Ұлан-байтақ өлкедегі кей ауданға бір не екі, тіпті, үш реттен сапарға шығу үйреншікті нәрсе болатын. Мәселен, менің осы (Целиноград) облыстың Шортанды, Макин, Қорғалжын т.б. аудандары мен Жолымбет кеніші-

не де әлденеше рет жолым түскен-ді. Сонау жер түбіндегі (ол кезде аудан) Маңғыстау, Семей облысындағы Абай, Шығыс Қазақстандағы Самар, Талдықорған облысындағы Алакөл аудандарына да кемі үш реттен барғаным есте. Халыққа кеңінен танылып, тиражы жарты миллион болған «Мәдениет және тұрмыс» журналының арқасы еді-ау, шіркін, соның бәрі!..

Міне, үшінші рет келген Алексеев ауданындағы іссапар аяқталып, сол кездегі Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші секретары Н.Назарбаевтың себі ме, осы аудан тарихында құдай жарылқап тұңғыш рет тізгін ұстаған қандасымыз және оның үзеңгілес серіктестерімен қоштасуға жиналды (ол кезде журнал қызметкерлерін қайда да хан көтере қарсылап, барғаннан кеткенше алақанда ұстап аялайтын, дұрыс жұмыс істеулеріне жағдай жасайтын, қазір қайдам).

– Мен бұл жерге бірінші рет келгенде ауданның сырт көрінісі де, ішкі жай-жапсар да бүгінгіден көп төмен болатын,– дедім аупарткомдағы әңгіме үстінде.– Бүкіл ауданда ауатком председателінің бірінші орынбасары, біреу де болса бірегей, сұсты, айбынды, іскерлігі бірден аңғарылатын, тыңгерлерді бір шыбықпен айдайтын еңсегей бойлы, қызыл шырайлы, батыр болмысты жалғыз қазақ азаматын көргенмін. Қазір бәрі өзгеріпті, жаңарыпты. Аудан орталығы да, совхоздар да көркейіп, гүлденіп, оқтай тұзу асфальт көшелер, зәулім ғимараттар пайда болыпты. Сіздерге алда да табыстар тілеймін. Аман-сау болыңыздар,– деп аупартком басшысы ұсынған жеңіл көлікпен облыс орталығына (Целиноград) аттандық. Жақсы көңіл-күй, үлкен ризалықпен, әрине.

Иә, жақсы көңіл күймен, ризалықпен. Ел көріп, жер көріп, бұрын ұшыраспаған жаны жайсаң, жайдары азаматтармен танысып-білісіп, үлкен әсер-сезіммен, шаттықпен...қашанғыдай...

Солай ойлаушы едім. Ойлап келдім. Бертінге дейін. Бірақ, сол жолы біз қайда бардық, не сездік, не байқадық, не түйдік, не көрдік, шынымен-ақ бәрі керемет пе еді? О, жоқ! Жоқ!..Қазір ойласақ... Сол жолы...

Қираған мәдениет ошақтары, кері кеткен мәдени-тұрмыстық қызмет, жаппай орыс хуторларына қосылған қазақ ауылдар, жаппай рухани құлдырау, рухани жүдеу, сан жағынан көп болса да қызыл империяның тегеурінінен пәлігі басылып, жасып

қалған, ана тілде жұмыс істейтін балабақша мен мектепті қажет етпеуге айналған қандастар, пұшаймандық халін білдіргісі келмейтін «менің де күнім күн еместің» кебін киген ел ағалары (басшылар), бір сөзбен айтқанда, жоғарыда баяндалғандай көз алдауға таптырмас тасырлық, құлмінездік елестер ғана еді-ау көріп-біліп, куә болғандарымыз. Немесе...

Ойран болған атамекен... Сондықтан...

*«Алға жылжу тек бір-бірімізді толықтырғанда болады, ал бір-бірімізді толықтыру үшін өзара пікір алмасуларға көп баруымыз керек».*

*«Үлкен мәдениетті игерген адам әманда шындық жағында болады».*

*«...Бізде қоғамдық институттардың сөзіне құлақ асу жағы «кемшін...».*

*Біз өз тілімізді... дамыту үшін көрші елдерге жалтақтамауымыз керек. Себебі, олар өз тілін дамытуда бізбен санасып отырған жоқ».*

*«...Мемлекеттік қызметтегілердің 95 пайызы қазақ ұлтының өкілдері.. сол 95 пайыз қазақша сөйлесе... проблема шешіледі. Бұл қолдан жасалып отырған проблема».* (Белгілі қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбаевтың жазбаларынан).

## ЕКІ РЕТ МИНИСТР, ЕКІ РЕТ РЕКТОР БОЛҒАН

Қазақтың тумысы бөлек, жан-дүниесі таза, елге сыйлы, қадірлі адамдары жайлы айтқанда, әртүрлі ұнамды теңеу-анықтамалар қатарында «е, ол кісі ғой» деп те қысқа қайыра салатыны болады. Түсінікті. Қосымша ештеңе қажет емес. «Кісі ғой» дегенге бәрі сыйып тұр. Өз басым, құдайға шүкір, арғы-бергіде сондай кісілердің талайын ұшыратқаным аман тәуба. Бұл олармен жақын араласып, қоян-қолтық болдым деген сөз емес. Кісілікті жандар онсыз да, сырттай болса да жігерді жанып, кім-кімнің де көңіл әлеміне нұр сепкендей сезім ұялататыны әлімсақтан аян (дер едік).

Ұлттық мақтаныш, намыс, қазақ дегенді кім қалай қабылдап, қалай түйсінеді, ол басқа әңгіме, ал, өз басым қала (Ташкент) болмаса да, облыс аумағын алпыс пайыз қазақ мекендейтін Ташкенттен (1958) Алматыға алғаш келгенде, алдымен мұндағы өз



қандастарымыздан қара үзіп шыққан айтулы тұлғалар кім, ұзын саны қанша, бірден сондайларға зер салдым. Бұл енді өздерін қашанда көтермелеп сөйлейтін өзбек ағайындардан ауысқан «жоралғы» болуы да ғажап емес. Жақсы жоралғы. Өйткені, олардан әлдебіреулер елден ерек топ жарып шыққанда, сол замат бізде кім бар деп елең етудің көрінісі. Сол Ташкентте (1950 жылдар) КСРО халық суретшісі Орал Таңсықбаев, отыз жыл республикалық банқты басқарған Құлшар Әлиев, (біздегі) «Социалистік Қазақстан» газеті сияқты «Қызыл Өзбекстан» газетінің редакторы Зиябек Есенбаев, өзбек тіліндегі мұғалімдер газетінің редакторы Сейіт Көркембаев, Политехникалық, Тоқыма институттарының директорлары (онда ректор демейді) Ниязов, Оразбаев, басқа да толып жатқан министр, Орталық партия комитетінде бөлім, сектор басқарған қазақтарды іштей мақтан еткенмен, бәрібір, жеме-жемде өзге жұрттың адамдары секілді көрінетіні де рас-тын.

Өзбектердің де оза шапқан мықтылары аз болмайтын, әрине. Хамза атындағы драма театрында Аброр Хидояттов, Сара Ишантураева, Әлім Ходжаев, түп атасы қазақ Шүкір Бұрқановтай төрт бірдей КСРО халық артисі болған шақта, бізде бірде-бір ондай алыптар жоғына жүрек ауыратын (бұл олқылық 1958 жылғы онкүндіктен кейін сәл түзелгендей болды). Ал, әлгі төрт өзбек актер шынында да асқан дарын иелері-тін. Өзбек тілін түсіну қиын емес, оларды сахнадан талай көрдік. Олар одақтық фильмдерге де түсетін. Шүкір Бұрқанов қазақ кинорежиссері Дариға Тінәлина (екінші режиссер боп) қойған «Илья Муромец» фильмінде басты кейіпкерлердің бірін сомдады.

Дәм жазып Алматыға келген соң осындай-осындайларға мән бере жүрдік. Тіпті, медицина саласында қазақтан қанша профессор барына дейін анықтап білдік, төрт-бесеуден аспайды екен. Басқа институттар мен маңдайдағы жалғыз университетте де солай (онда да, тарих пен тіл-әдебиеттен басқаларда жоққа тән, арадан көп жылдар өткенде ғана төрт құбыла теңелгендей болғаны жеке гәп).

Бертінде Орталық Комитеттің санаторийінде Байкенов, Байтасов секілді генералдар, Қ.Шәріпов, Қ.Үсебаевтай белгілі журналистерді сырттай көргенге марқаятынбыз. Шетінен қарапайым, сыпайы, зипа. Бірде санаторийде бойы ортадан

жоғары, шымыр денелі, қыран қабақ, қыр мұрын, түр-тұлғасы келіскен, егде жастағы бейтаныс қазақ пайда болды. «Танымасты сыйламас», бұл кім болды екен дейміз. Ұзамай білдік: медицина ғылымының докторы, профессор Сibaғатолла Рысқалиұлы Қарынбаев екен. Екі рет Денсаулық сақтау министрі, екі рет медицина институтында ректор болыпты. Түсі суық, пандау. Ешкімнің бет-жүзіне тіктеп қарамайды. Жеке жүріп, жеке тұрады. Кейде демалыс залының түкпір жағында жападан-жалғыз кітап оқып отырады.

Онан соң да коридор, ванна, асхана, тағы басқа жерлерде бетпе-бет не былайша да көріп жүрдік. Ең бастысы, бұл атышулы Қарынбаев. Кейіннен білуімізше, (сол кезде) екінің бірінің қолы жетпейтін, аса мәртебелі Петербург (Ленинград) әскери медицина академиясын бітірген төрт қазақ болса, Қарынбаев сол төртеудің бірі екен (қалғандары С.Асфендияров, Х.Досмұхамедов, А.Рақышев). 1937 жылғы топалаңнан кейін қазақ медицинасында жұлдызы ерте жанған ғұлама. А.Рақышев біршама беріде. Демек, екі рет директор, екі рет министр болған адамның қолында бәрі болған. Сөйте тұра, ұлттық кадр тәрбиелеуде пәлен дерліктей ештеңе бітірмеген. Мені түлен түртіп, осындай қияс ойлар иектесін. Оған Ташкент медицина институтын бітірген бойда соғысқа кетіп, бес жылдан кейін Алматыға келіп ғылыммен айналысқан, дер кезінде жазған докторлық диссертациясын – өз «достары», қандас арызқойлардың арқасында – қайтыс боларынан екі жыл бұрын әрең қорғаған жерлес ағамыз профессор Әмір Алданазаровтың сөзі де қамшы болды-ау деймін. Себебі, бірде оның: «Анау өзбектер кадрларын орталыққа (Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьковты айтады) жіберіп, доктор, профессорларды топ-тобымен шығарып жатыр. Бізде ондай жоқ», – дегені бар-тын. Сонда мұның себеп-салдарына жете үңілмеген мен пақыр оны іштей қолдап, өзімше Қарынбаевқа ренжіген болдым. Және ол шақтарда қазақта медицина ғалымдары жоқ болмағанмен, көп те емесі шын еді. Қазіргі Т.Шарманов, Қ.Ормантаев, А.Алдашевтар ол кездерде доктор ма еді, емес пе еді, есте жоқ. Сондықтан, медицина ғалымдарын өзбектер құсап топ-тобымен тәрбиелемеген қасаң қасқалардың бірі маған Қарынбаев боп көрінді. Абырой болғанда, бұл жөнінде оған жолына көлденең

тұра қалып, бетіне айтқан жоқпын (бірақ, сөйтсем бе деген ниет болғанын жасырмаймын).

Енді, міне, бүгін өз дәуіріне лайық ғұмыр кешкен қазақтың сол бір айтулы перзенті, сергек те зерделі, қарапайым, терең ойлы, елге, жерге жасаған жақсылық-шапағаты ұшан-теңіз зиялы жанның аруағынан кезінде (бір сәтке десек те) ұшқары ойлаған асылық, күпірлік үшін кешірім сұрай отырып, Сибағатолла Рысқалиұлы Қарынбаевтың кім болғаны жайлы – ол тәрбиелеген шәкірттерінің бірі – фармацевтика докторы, профессор Кеңес Үшбаевтан тыңдап көрейік. Алдымен Кеңестің өзі жөнінде аз-кем мәлімет-дерек. Жетісу аймағына белгілі ақын, абыз, көріпкел, мейірімді, қарапайымдығымен аты шыққан Әжібай атаның ұрпағы Кеңес 1940 жылы шілде айында туған. Балалық шағы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген болашақ ғалым сол дәуірдің ұрпақтары сияқты, колхозды ауылда (Шелек ауданы) барлық қиын-қыстауды көріп өседі. Бір жасқа жетер-жетпесте әкесі соғысқа кетіп, жасы 85-те болса да, бір әулетті ештеңеден кенде қылмай бағып-қаққан ақылды қария Ноғайбайдың қамқорлығында өседі (ол кісі 103 жасқа жетіп дүние салған). Кеңестің әкесі майданнан аман-сау оралады. Кеңес колхозға да, үй шаруасына да араласа жүріп, орта мектепті медальмен бітіреді. Сол шақтағы үрдіс бойынша, екі жыл өндірісте жұмыс істеп, институтқа содан соң келеді. Қалауы медициналық оқу орны болады. Мектепті медальмен бітіргендіктен, оқуға түсу үшін бір-ақ пәннен емтихан тапсыруы және тек «бес» алуы керек. Бірақ, емтихан қабылдаушылар оған «төрт» қояды. Бұған наразы болған Кеңес қолма-қол ешкім күтпеген тосын әрекетке барады: «Емтиханды қайта қабылдауды өтініп, сол кездегі ректор Самаринге кірейін десем, маңына жолатпады. Денсаулық сақтау министрі қазақ деген соң, тәуекелге бел байлап, сол кісінің қабылдауына бардым», – деп еске алады Кеңес бұл жөнінде. Ал, енді ауылдан келген шикіөкпе баланың мұнысы жүрек жұтқандық па, өткірлік пе, шамалай беріңіз. Әйтеуір, қалай десе де жарасқандай. Өйткені, тағдыры қыл үстінде. Не әрі, не бері. Сондықтан, жығылса, нардан жығылуға бел буды.

– Ол кісі (министр) жұмысқа сағат сегізде келеді екен, – деп сөзін жалғастырды Кеңес Үшбайұлы. – Мен жеті жарымда ба-

рып, есік алдында тосамын. Тамыз айының ортасы, басқа емтихандар өтіп кеткен. Бір пәннен ғана тапсырып түсемін ғой деп, өзге сабақтарға дайындалмаған ем. Алайда, химияны түгел жаттап алғанмын. Министрлікке екі-үш мәрте барғаннан кейін бір жолы қабылдау бөлмеден мені күнде көрсе де елемей өтіп кететін министр: «Сен маған келіп жүрсің бе?» – деді «Иә, аға, химиядан бар кітапты жатқа білемін, сонда да төрт қойды. Ендігі өмірім сізге байланысты боп тұр», – деп ашығын айттым. Арызымды алдына қойдым. Ол: «Профессор Самарин! Прошу его принять», – деп жазып берді. Қуанышымда шек жоқ. Бірден Самаринге тарттым. Ректор дереу емтихан комиссиясының жауапты секретары Полина Степановнаға тапсырды, ол емтихан қабылдайтын – біреуі қазақ, біреуі орыс – екі оқытушыны шақырды. Осылайша емтиханды қайта тапсырып, «бес» алдым. Бірінші Құдай, екінші Қарынбаевтың арқасында оқуға түстім. Неткен кісілік, адамгершілік! Қарынбаевтан басқа біреу мұндай ізгілікті жасар ма еді, жасамас па еді, білмеймін. Қарынбаевқа рахмет. Қабылдауына қайта барып, ризалық білдіруге жүрексіндім.

Кеңес Үшбаев осылай дейді. Сонда бір бейтаныс балаға солай еткенде, басқалар қағыс қалды дейсіз бе? Кейін Қарынбаевтың көмек қолын созып, қамқорлық жасағаны тек ол емес, көл-көсір боп шықты. Біз біреуін ғана сөз етіп отырмыз.

Әрі қарай: «1963 жылы Қарынбаев министрліктен түсіп, біздің институтқа ректор боп келді, – деп жалғастырды Кеңес Үшбайұлы. – Ол кісі жұмысқа күн сайын бір минут артық та емес, кем де емес, тура сағат сегіз жарымда келетін. Ілуде болмаса, терезеден қарап отырамын да, көрген бойда алдынан шығып сәлем беремін. Бетіме көз қиығымен қарайды да, өтіп кетеді. Бір күні тағы да сәлем бере алдынан шыққанымда: «Сен менімен бірге жүр», – деді салқындау сөйлеп. Кабинетіне кірдік. Көптен айтсам деп жүргендерімді апыл-ғұпыл сыртқа шығарып: «Рахмет, ағай, сіздің арқаңызда оқуға түстім», – деп жалпылдап жатырмын. Ол болса бірден:

– Сабақты қалай оқып жүрсің? Деканың кім? – деді.

– Оқуым жақсы, декан Тихон Федорович Ильинский, – дей бергенімде, сөзімді бөліп, хатшы қызды шақырды да: «Партбюро секретары Калдашов келсін», – деді әй-шәй жоқ.

Калдашов келді. Институтта комсомол комитеті секретарының орны бос екен. Қарынбаев: «Мына жігітті секретарлыққа сайлауға салындар,— деді Калдашовқа (бұйыра сөйлегендей раймен). «Оған басқа біреуді ойластырып жүр едік» деп, бір орыстың атын атап, «бұл жігіт екінші секретарь болса қайтеді» деген Калдашовқа «жоқ» деп шорт кесті. Маған қала тұр деп, Калдашовқа «сен бара бер» деді.

Калдашов кетісімен:

— Сен саспа,— деді жылы қабақпен. — Бұл қызмет қолыңнан келеді,— деді де, үкіметтік телефонды көтеріп: «Әй, Ғибат!— деді әлдекімге. — Сен атадан жалғыз едің, өзің сияқты әкеден жалғыз бір жігітті жібергелі отырмын, соның шаруасын бітір»,— деп телефонды тастай салды.

Бәрі қысқа, нық. Пәлен деуге мұршамды келтірмеді.

— Қазір қажет документтеріңді ал да, қалалық комсомол комитетінің бірінші секретары Ғибат Мырзағалиевқа бар, — деді онан соң. — Осы қазір, тез жет!

Бұлтақтайтын шама жоқ, бардым. Ғибат тез қабылдады. Барынша кішіпейіл, сыпайы жігіт екен. Бірден шүйіркелесіп, таныстық, табыстық. Тапсырмаларын беріп, міндеттерді түсіндірді. Ұзамай секретарлыққа сайланып, Ғибатпен ағалы-інідей боп кеттік. Сол сыйластық Ғибат аға өмірден өткенше жалғасты. Айттым ғой, сауатты, іскер, алғыр, әділ, бүрмесіз, жалпы қазаққа ортақ, жігіттің сұлтаны еді деп. Сол сөзім—сөз. Содан да шығар, оны Димаш Қонаевтың бағалап, биіктен биікке көтергені, жауапты қызметтерге қойғаны. Қонаев орнынан түскен соң, әлдекімдер біздейлерге де жармасып, жұмыстан босатып, партиялық мәселемізді қарап, біраз сарсаңға салғанын жасырып қайтеміз. Онда Ғибат Жергілікті өнеркәсіп министрі еді. Шын азамат осындайда көрінеді емес пе?

Ғибат менімен ретін тауып қездесіп, оңаша әңімелесіп жүрдік. «Жабырқама. Бәрі уақытша. Әлі-ақ орнына келеді. Қазір езуі көпіріп ұлып жүргендер жөнін табады. Әділдік жеңеді, інім»,— деп көңілімді аулайтын. Ешкім тура жолдан тайдыра алмайтын, ешқандай былапыт топқа қосылмаған (мен білетін) Ғибат сондай тұлға еді. Ал, Қарынбаев...

Институтта комсомол комитетінің секретары боп жүргенімде, онымен тығыз араласып, туысып кеткендей болдық. Үйіне де

барып жүрдім. Сондайда айтқан сөзінің бірінде: «Бала, маған жұмысың ұнайды. Оқуды жақсы оқитының ұнайды»,– деп, оқу бітірген соң жұмысқа жолдама беретін комиссия отырысында мені бір облысқа аптека бастығы етеміз дегендерге «бұл жігіт өзімізге керек» деп, кафедраға алып қалды. Комсомол хатшылығын да қоса атқара бердім. Қазақшылықты қойсайшы, санада түк жоқ, уақыт зымырап өтіп жатыр. Бір күні Қарынбаев шақырып: «Сен не, осылай жүре бересің бе? Аспирантураға талаптан. Тиісті жерлерге менің атымнан хат жаз»,– деп тапсырды.

Ол уақытта Қазақстан тұрмақ, күллі Орта Азияда бірде-бір фармацевтика ғылымының докторы жоқ-тын. Бүкіл одақ бойынша 11 доктор бар екен. Бәріне ректордың атынан хат жазылды. Ұзамай барлығынан шақыру келді. Үш хаттың авторын тандадық. Енді сол үшеудің біреуін тағы тандадық. Міне, осы жерде Қарынбаев:

– Шақырғандардың екеуі әйел, біреуі ер адам екен. Меніңше, ер адам дұрыс. Себебі, естуімше, ол соғысқа қатысқан, білімге іңкәр жастарды бағалайтын, ащы-тұщыны татқан жан құсайды. Оның үстіне, украиндар майдалыққа бармайтын, кең пейілді халық. Соған барсаң қайтеді?– деді мейірімді жүзбен.

– Жарайды, аға,– дедім (көңілім сәл босағандай боп).

– Онда жолың болсын! Өзім телефон соғып сөйлесемін. Дайындал.

Сөйтіп, алыс Украинадағы Львов қаласына бардым. Болашақ ғылыми жетекші-ұстазым Василий Филиппович Крамаренко, Қарынбаев ағам айтқандай, беделді, білімді, кішіпейіл, алғыр жан екен. Емтиханнан сүрінбей өтіп, аспирант болдым. Кандидаттықты да, докторлықты да сол кісіден қорғап, өзім оқыған институтта Қарынбаевтың қолдау-қалауымен алғашқыда қызметті ассистенттіктен бастап, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, проректорлық сатылардан өттім. Ол аралықта Қазақстан аптекалар Бас басқармасы бастығының орынбасары, бастығы лауазымдарын атқардым.

Мединститутқа проректор боп келгенімде, қадірлі ұстаз-ағам Сibaғатолла Рысқалиұлы зейнетке шығып, кеңесші боп жүр екен. Сондағы оның бір ұлағатты ісін айта кетейін. Ол кісі басқа корпуста отыратын. Келген бойда іздеп барып сәлем бердім. Ұзамай бір күні жұмысқа келсем, столымның үстінде

Сibaғатолла ағаның «Кезектен тыс демалысқа шығуыма байланысты жалақымды тоқтатып қоюыңызды сұраймын» деген арызы жатыр екен. Соған орай: «Алаңсыз демала беріңіз, жалақыңызды тоқтатпаймыз, келген соң шамалы уақыт үш сағаттың орнына алты сағаттан істерсіз» деген ойымды өз аузыммен барып айту үшін: «Аға, сізге келіп кетейін деп едім», – деп телефон соқтым. Ол салған жерден (баяғыша): «Әй, бала, егер менде шаруаң болса, сен кел, менің шаруам болса, мен барамын», – деп өзі келді. Әлгі ұсынысыма көнбей: «Осы уақытқа дейін үкіметтің бір тиынын жеген жоқпын, енді келіп маған қалайша ұрла деп айтасын», – деп ренжіді.

Оның адалдық, тазалық, кіршіксіз, адами қасиеті осыдан да анық көрінгендей еді. Жоғарыда айтылғандай, оның екі рет министр, екі рет ректор болуы да тегін емес-ті. Өз басым Сibaғатолла ағадан көрген шапағат-жақсылық, қамқорлық бір төбе де, одан алған үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие бір төбе деп білемін. «Кім-кімге де айтарың болса, бетіне айт, ешкімді сыртынан жамандама, егер ол шынымен жаман адам болса, басқалар айтсын, сенен шықпасын», – деуші еді-ау жарықтық. Өзі де биязы, көп сөйлемейтін, тұйықтау болғанмен, тура мінезді, тіке айтатын қайсар тұлға болатын. Таутұлға! Жарқын бейнесі әрқашан көз алдымда, жадымда. Өткен жылы туғанына 100 жыл толғанда С.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінде онымен қызметтес болған әріптестері, шәкірттерінің басын қосып, еске алу кешін өткіздім. Жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

Ендігі айтарымыз, осы баяндалған (азын-аулақ) жайлардың өзі-ақ қазақ топырағында Сibaғатолла Қарынбаевтай ел қамы, ұлт мүддесіне адал, сол жолда шама-шарқынша тер төгіп, күш-жігерін сарқа жұмсаған сайыпқырандардың тіпті де аз болмағанына (қазір де аз емес) айғақ-дәлел екені күмәнсіз. Не дері бар, ол заманның тұрқы да, сұрқы да басқа болмады ма?

1950 жылдардың басында бір Баянауылдан өз беттерінше оқып, жетілген өрендерді жершіл, рушыл деген жаманат тағу үшін қасақана Қаныш Сәтпаевқа теліп, «Казахстанская правда» газетінде «Баянаульская академия» деген фельетон шықты. Сол үшін оны (Д.Қонаев емес) Ж.Шаяхметов орнынан босатып, қала берді, Ташкент архивтерінде сарғая отырып, Мәскеуде оқып

жетілген Е.Бекмаханов, ондаған жылдар көз майын тауысып роман жазған М.Әуезовтерді ұлтшыл деу үшін соңына шырақ алып түскен нұрыштар мен шойынбайлардың сойқандарын көріп-біліп куә болған С.Қарынбаевтай оқығандардан жоғарыда айтылғандай кісіліктен артық не күтуге болатын еді?! Біз біреуін ғана шет пұшпақтап айтқан болдық. Қадірменді Сibaғатолла Рысқалиұлы Қарынбаевтың қазақ үшін жасаған, басқа да екiнiң бiрi бiле бермейтiн iзгiлiктi iстерi мен қам-қарекеттерi алда да айтыла берер деп сенемiз. Бiз болмасақ, оны жақсы бiлетiн өзгелер тарапынан.

Шүкір, профессор С.Қарынбаевтың бүгінде «Фармация» компаниясының президенті, айтулы ғалым, адал азамат, қазақ еліндегі белгілі атымтай жомарттардың бір де бірегейі, әдебиет жанашыры, өлең, дастан, прозалық деректі шығармалары сан рет кітап боп шыққан қадірменді Кенекең, профессор Кеңес Үшбаевтан өзге де адал шәкірттері аз емес. Қазақтың асқаралы ғалым, айтулы перзенті С.Қарынбаевтың атын мәңгі есте қалдыру үшін бұрынғыларға қосымша тың бастама көтеріп, жар құлақтары жастыққа тимей жүргендер де солар.

Рухың шат болсын, Сibaғатолла Рысқалиұлы. Қазақтың қадірлі перзенті Қарынбаев. Ғалым, ғұлама, қайраткер, жанашыр!..

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИНДІ ТЕРГЕГЕН МҮМІН

Қызыл империя құлағалы бері оны жерден алып, жерге сала байбаламдау кейде «жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» секілді боп та көрінетіні рас. Сол кезді аңсап, көкірегі қарс айырылатындар жоқ емес және аз да емес. Кеңестік идеологияға құлай беріліп, құдайдай сенгендер ішінде туған ағасы не әкесі халық жауы деп атылып-айдалғанына қайғырмақ түгіл, ондай нәрсе түсіне кірмейтін міскіндер де болған. Заңгерлік салада қырық жыл жұмыстанған бір бейбақтың: «Әкеңіздің қалай ұсталып, айдалғаны туралы айтатын кез келді емес пе?», – дегенде: «Қайтесің, ол кезде солай болуы тиіс еді», – дегеніне таңданғанбыз да қойғанбыз. 1937 жылдың қанды қақпанына іліккен грузиннің бір мемлекет қайраткерінің баласының да: «Сталинге тағар кінәм жоқ», – дегенін оқығанбыз. Тағы бір



(әкесі халық жауы болған) грузиннің өз үйінде Сталинге музей ашқаны жайлы да дерек білгенбіз (ол музей әлі бар болу керек).

Қазақтың аяулы перзенті Сәкен Сейфуллин жау деп ұсталғанда өзі туып-өскен жеріндегі шолақ белсенділер қарт әкесін түрмеге жауып, үй-жайы, қора-қопсысын өртеп жібергені немесе Сәкен мен Ілияс ұстала сала күні кеше екеуін пір санап жүрген ізбасарларының іле-шала олардың тұрған үйлерін басып алып, жаңа қоныс қожасы бола қалғандары ше? Жазықсыз жайсаңдар «халық жауы» атанғанда іштей егіліп, өкінгендер болса болған шығар, бірақ, сол сүргінге шынымен иланып, жан-тәнімен бас изегендер де болғаны белгілі. Орта мектептің жоғары класында оқып жүргенде ондайдың шет пұшпағын өзіміз де көріп-білгенбіз. Астанада оқу бітіріп келген жас маман-педагогтар 1937-38 жылғы атылып-асылғандар тұрмақ, сол 1950 жылдардың бас кезінде түрмеге жабылған зиялылардың «жау» екеніне зәредей күмәнданбайтын. Солардың ашуға булығып, тепсіне айтатын сөздеріне қарап, Е.Бекмаханов, Ы.Ысмайлов, Б.Сүлейменов т.б. ғалымдардың атын атауға оқушылар – біздің де дәтіміз бармайтын. Қорыққаннан емес, иланғаннан, солай екеніне күдік-күмән жоқтықтан.

Ташкент педагогика институтының тіл-әдебиет факультетінде дәріс беретін базбір пенделер де – олар әлі ақталмай тұрғанда – Сәкен, Бейімбет, Ілиястарды көп ауызға алмайтын. Алса да өң-түстерінен пәлендей өкініш-нала білінбей, табалағандай түр көрсетіп, мысқылдап сөйлейтін. «Сәкенді осы Ташкентте көргенбіз, өте паң, менмен, тәкәппар, кесір болатын» не «Ілиястың тілі жаман еді, фельетондары тіліп түсетін», – десетін. «Рысқұлов, Қожанов, Төреқұловтарға обал жоқ», – деп көсілетін.

Заман өзгерген соң, бәрі өзгерді. Жұрттың бәрі білгіш, бәрі өкінгіш. Әлі-ақ уақыт қателіктерді түзеп, бәрін орнына қояр, жаладан құтылып, ақталар деген қаперлеріне кірмейтін дәйістер бүгінде шегінен өткенді қаралағыш болып алды. Жо-жоқ, тым олай емес, кеңестік кездің идеологиясы еттен өтіп, сүйегіне жеткен, одан өлсе айнымайтын өжеттер де болды (қазір де ұшырасады). Және көбінің шыққан тегі – кеңес өкіметі «жарылқаған» кедей-кепшік. Төменде сондайлардың бірі, ата-анадан тұл жетім қап, балалар үйінде өскен, Сәкен Сейфуллин

түрмеге түскенде тергеу амалдарына қатысқан, өмірбақи өз ісін жөн деп өткен бір бейбақ жөнінде аз-кем сөз қозғамақпыз.

Жасы егде тартқанда дүние салды. Кемпірі сәл бұрын кетті. Бір қарағанда, жайдары, ақкөңіл, қарапайым боп көрінетін оның бұрын не істеп, не қойғанын ешкім білмейтін. Көп жұрт Целиноградта адвокат болған деп санайтын, ал, мен оның шын мәнінде кім болғанын ептеп білетінмін.

Өткен ғасырдағы жетпісінші жылдардың орта шенінде Целиноград облысына командировкаға баратынымды білген бір жасы үлкен жанашыр: «Ол жақта (қаланы айтады) қонақүй жағы қиындау. Қиналсаң мына үйге бар, менің атымды айтсаң болды», – деп бір танысының адресін берді.

Самолет таңертең қонған бойда Шортанды, Алексеев аудандарына жүріп кеттім де, қайтарда бірер күн Целиноградта аялдауға тура келді. Самолетке билет алып, қонақүйге барсам, айтқандай-ақ, маңына жолатпайды. Дұрыстап тыңдамайды да. Амал жоқ, танысым берген адрес бойынша сонда бардым. Толықтау денелі, орта бойлы, орта жастағы ер адам мен жасы өзі қатарлы сымбатты, ашаң жүзді ақ сары әйел жылы қарсы алды. Үй иесі:

– Келгенің дұрыс болды, қысылма, өз үйіңдей көр, – деп жалпылдап жатыр.

Ол кезде азық-түлік қайда да қат, содан ба, отағасы мен отырар-отырмастан үйден шығып кетті де, ұзамай алып келген мұздатқышта қатып қақиған үйректі жоғары көтеріп:

– Мінеки, анда бардым да атып әкелдім, – деп қарқылдай күлді.

Жайғасып отырған соң:

– Туған жерім Қарқаралы, – деді өзі жайлы. – Біраз жылдан бері осы қалада адвокат боп істеймін. Оған дейін... – деп сәл іркілгендей болды. Мән бергенім жоқ.

– Ә, қоя бер, – деп сөзін әрі қарай жалғады. – Пенсияға шығатын кез жақындап келеді. Бәлкім, сонан соң Алматыға көшеміз бе, көреміз. Балалар келіндер деп қоймайды. Барсақ барамыз, Алматы бөтен емес, жастық шағымыз өткен қала, мына апайың екеуіміз сонда үйленгенбіз. Апаңның туған ағасы Алматыда тұрады, жауапты қызмет атқарады. Жағдай осылай... Ал сен...

Өзімді таныстырған мен де үй иесінің бір мақала жазып, поштамен салып жіберемін деген уәдесін алған соң қона жатып, таңертең аэропортқа тарттым.

Арадан он шақты жыл өткенде – оған дейін анда-санда хат арқылы хабарласып тұратын – целиноградтық адвокат Алматыға қоныс аударды. Жиі болмаса да, кездесіп, көрісіп жүрдік.

Сөзін әскерилер сияқты нық, кесіп сөйлейтін ол бір жолы паркте әңгімелесіп жүргенде:

– Совет өкіметі біздің обалымызға қалды, – деп қалды көздері от шашып.

Күмістей жалт-жұлт еткен қысқа шаштары тікірейіп, үрпиіп кеткендей болды. Аяқ-қолдары қалтырап, өңі қуарып, иегі дір-дір етті де, тез қалпына келді. Келді де:

– Балалар үйінде өскен бір топ жетім бала зооветинститутта оқитынбыз. Үшінші курсты бітірер алдында ойда жоқта сау етіп келген түсі суық біреулер алты студентті құлақтан сүйреп алып барсын да, ОГПУ-ден бір-ақ шығарсын. Онда солай аталады. Оның не екенін білесің бе? Қазіргі КГБ. Оның алдында ОГПУ, НКВД болған. Ай-шай жоқ, сендер комсомолсындар, айтқанымызды орындайсындар, бір жылдан бері сырттарыңнан бақылап, тексеріп жүрдік. Енді осында тергеуші боласындар, – деп мәселені төтеден қойды.

– Не істейміз, айтқандарына көндік, айдауларына жүрдік. Қысқа курста оқытып, иығымызға лейтенант, аға лейтенант деген погондар тақты. Баспана берді, айлық жаман емес. Бірақ, жұмыс шектен тыс ауыр, қауырт. Тез үйреніп, көндігіп кеттік. Жастыққа бәрі сиымды, асып-тасып шыға келдік. Совет өкіметінің қолдаушысы да, қорғаушысы да біз боп, шаш ал десе бас алу түк еместей боп жүрдік. Ұзамай 1937 жылдың алапат күндері келді. Ол 1936 жылы-ақ басталған ғой, бірақ, нағыз ушығып, құтырған кез – 1937. Одан сон біртіндеп саябырлады. Саябырлағанын қайтейік, өз ішімізден де, органды айтамын, турасын айтқан талайлардың басы жұтылды. Біздің тұсымыздағы қазақстандық ОГПУ-дың талай бастығы атылып кетті. Мәскеудегі Ежовтың қасында олар кім? Өзінің алдында атылған Ягоданың орынтағына отырған сол бірінші чекистің өзі де (Ежовты айтамын) миллиондарға жасаған зұлымдығының за-

уалын тартпады ма? Әй, ол кезде бізді чекист дейтін. Қазір көп айтпайды. Сөйтіп, бұл ағаң дүрілдеген чекист болған, білдің бе? Анау-мынау емес, отанға адал, табанды чекист. Анау-мынау емес, Сәкен Сейфуллинді тергеп, қылмысын мойындата алмай пұшайман болған чекист, білдің бе? Саған сеніп, өзімсініп айтып жатқаным да. Әйтпесе нем бар, бұл туралы ешкімге тіс жарма, мақұл ма?

– Сәкен Сейфуллинді тергедім дейсіз бе?

– Иә! – деп елп етті өткір көздері ежірейе. – Не жазығымыз бар, терге деді, тергедік, міндетімізді атқардық, атқармасаң, бас кетеді дедім ғой, қызметтің аты – қызмет. Ант бергенбіз, оны бұзуға болмайды. Неғыл дейсіндер енді?!

– Жазығыңыз жоқ, білеміз. Енді соны былай ептеп... кеңірек айтсаңыз... қайтеді?..

– Кеңірек айт дейсің бе? Қорқып-үркетін дәнеңе жоқ. Тағы бірде болсын, жарай ма?

Аузын ашса жүрегі көрінетін, ақкөңілдігі де бар, жаны жайсаң осынау адамнан басқаны күтсем де, мұндайды күтпеген басым біраз уақыт бей-жай күйде, нанар-нанбасымды білмей жүрдім. Қызығу шексіз. Басқасында шаруам жоқ, бірақ, Сәкенді қалай тергеп-тексеріп, жауап алғанын естісем деймін. Өзі қызмет еткен қоғамға қалтқысыз берілгені әр сөз, жүріс-тұрысынан көрініп тұратын жан ол туралы ағынан жарылып айтар ма екен, қалай тергеді, не тексерді, Сәкен не деді, ол не деді екен, Сәкеннің кім екенін білді ме, байыбына барды ма, бүйрегі бұрды ма, әлде, сыңаржақ кетті ме, қысқасы, түйткіл көп, түйін көп. 1958 жылы Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық милиция бөлімін басқарған подполковник Иванов кішіпейіл, адамгершілігі мол адам сияқты көрінетін, паспортымды есепке тұрғызу керек кезде туындаған қиындықтан құтқарып көмек жасап еді. Кейін оны Сәкенді тергегенде қатыгездік жасады, жазалау керек дегендей сөздер естіліп жүрді. Соңы немен біткенін білмеймін.

Міне, Целиноградтан Алматыға қоныс аударған адвокатпен тағы да паркте серуендеп жүрміз. Ананы бір, мынаны бір сөз етіп, Сәкен жайлы әңгімеге бұрылар емес. Ақыры өзім бастап:

– Өткен жолғы уәдеңіз... – деп шетін шығардым.

– Ә, Сәкен Сейфуллин бе? Не білгің келеді, айта бер! – деді көздері күлім қаға езу тартып.

– Қалай тексердіңіз? Онда кім болып істеуші едіңіз? Қай жерде? – деймін сыздықтатып.

– Қалай тексереміз, кәдімгідей тексердік. Осы Алматыда. Дзержинский көшесіндегі сұр үйді білесің бе, сонда. Онда бізді қызметіміз үлкен болсын, кіші болсын, бір-ақ сөзбен тергеуші немесе чекист дейтін еді дедім ғой.

– Сәкеннен қалай жауап алдыңыз, соны ғана айтыңызшы.

– Менің алдымда екі тергеуші түк шығара алмаған соң, бір күні кезек бір серігім мен маған келді. Екеуміз кезектесіп тергейтін болдық. Ендігісін өзім жайлы айтайын. Бастықтар егер Сәкеннің қылмысын мойындатсаң өйтеміз, бүйтеміз, шенің жоғарылайды дейді. Селт етпеймін. Маған бас керек. Әуелі бұл жерден аман шығу керек. Мүлт кетсең, аяғың көктен келеді. Сәкенді тергегенде серігім екеуміз бастықтар не істе деді, соны істедік. Камерадан шықпай жұмыс істедік. Аз-кем көрші бөлмеде кезек-кезек көз шырымын аламыз да, қайта тергейміз. Солайша екі апта өтті. Сәкен ештеңе мойындамады, кессең бас міне деп міз бақпады. Күндіз де, түнде де аузы көпіріп сөйлейтін, қара терге түсіп шаршайтын екі тергеуші – біз болдық.

– Сәкен шаршаушы ма еді?

– Не дем алмай, не тамақ ішпей, тергеушінің алдында тәулік бойы тік тұратын адам қалай шаршамайды? Бірақ, біздің онда жұмысымыз қанша. Екі адым жерде бізді де аңдып отыратындар барын білеміз.

– Сонда не тергедіңіз? Не білу керек еді?

– Толып жатыр, көбі естен шығып кетті. Құп көрсең, біреуін айтайын. Анау әлгі Сәкеннің «Қызыл ат» деген өлеңі бар емес пе, оқып па едің?

– Оқығанмын, ол өлең емес, поэма, – деймін бұрынғы тергеушіні шамдандырып алмау үшін жұмсақ сөйлеп.

– Болса болар, әйтеуір, ащы ішектей шұбатылған бірдеңе еді ғой. Сәкеннің қателігі сонда. Олай жазбау керек еді, абайлау керек еді.

– Қателігі не, қалай жазу керек еді?

– Қызыл ат – баптауы, күтімі келіскен бұрынғы байдың аты. Совет өкіметі кезінде неше түрлі қара жұмысқа жегіліп,

көрмегенін көрген, азап шеккен, жадап-жүдеген. Сәкен осы жағын ойламаған.

– Ағатай-ау, поэмада дәл олай емес кой. Әлде, сіз солай қабылдап па едіңіз!

– Солай, солай. Қазір үйіңе барып, қайта оқы, сонда білесің.

– Ой, ағатай-ау!

– Қой, бала, – деп адвокат қарқ-қарқ күлді. – Сәкеннің қателігі көп болды. «Қызыл ат» біреуі ғана. Байдың қыздарынан тартып алған қанша қатыны болғанын білесің бе? «Тар жол, тайғақ кешу» деген кітабында совет өкіметінің қас жауларын мақтағанын білесің бе? Мейлі, өтті-кетті, енді пайда жоқ.

– Сіздіңше, Сәкенді ақтамау керек пе еді?

– Мен олай деген жоқпын. Ақтағаны дұрыс, әрине.

– Қайдан білейін, Сәкенді әлі де жау көретін сияқтысыз ба, қалай деп жатқаным да.

– Айттым ғой, жау көрмеймін, ол саяси қатесі үшін жазаланды. Сәкендей ақылды адам олай етпеу керек еді...

– Онда, сіздіңше, Сәкенді атып тастағаны дұрыс болған ба?

– Дұрыс емес. Одан гөрі жеңілдеу жаза берсе де болар еді.

– Мәселен, қандай?

– Оны айта алмаймын. Мен сот емеспін.

– Сот болмасаңыз, адвокатсыз ғой.

– Онда адвокат емес, тергеуші едім. Адвокат болғаным кейін. Жалпы, халық жауларын соттағанда адвокат деген болмайтын. Менің білуімде солай. Қателесем, Құдай кешірсін.

– Тағы бір сұрақ. Жоғарыдағы бір сөзіңізге қарағанда, Сәкеннің Совет өкіметі алдындағы «қылмыстарын» сіз де мойындата алмапсыз. Әрі қарай не болды? Іс басқа тергеушілерге өтті ме?

– Бастықтар солай шешкен соң, солай болады да.

– Ол кім деген тергеуші еді? Құпия болмаса...

– Құпия түгі жоқ, бізден кейін Иванов деген тергеді. Қазір қайда екенін білмеймін. Оның қасында ұлты татар тағы біреу бар еді, аты-жөні есіме түспей тұр. Қазір... Ә, иә, Харисов, әлде, Хафизов па, сол екеуінің бірі.

Ал, мен оған «Иванов осында» дегенім жоқ. Иванов жөнінде айтылып-жазылып жүргендерге сын көзбен қараған жөн. Ақиқатты айқындау қажет. Кім білсін, ол да бар болғаны «өз

борышын адал атқарған» пақыр шығар. Мына біздің адвокат ағамыз құсап. Әйтпесе, бәлкім, бүгін екеуі де жер басып жүрмес пе еді, кім білсін.

Тергеушіге тағы да бір-екі сауал қойдым. «Сәкенге ептеп жылы қабақ таныттыңыз ба? Көмек қолын соза алдыңыз ба? Ұрып-соққан жоқсыз ба?» – деп.

Түсі қуқыл тартқан тергеуші «жоқ» деп бір-ақ қайырды. «Олай ету мүмкін емес еді» дейтінін айтпаса да ұқтым.

– Репрессия жылдары ОГПУ-да тергеуші боп, Сәкенді екі апта қинағаныңызға өкінесіз бе?

– Қинады деп қайтесің? Мен үкімет жүктеген міндетімді атқардым. Неге өкінуім керек? Мен болмасам, басқа біреу жауап алар еді. Сәкен бәрібір аман қалмас еді. Оны мен де, басқалар да білетінбіз. Ал, болдың ба? Өзің Сәкеншіл екенсің ғой...

– Сәкен қазақтың мақтанышы емес пе?

– Мақтаныш болса, мақтаныш шығар, бірақ, қателеспеу керек еді.

– Қателеспейтін адам бола ма?

– Болмайды, бірақ, Сәкендікі мемлекеттік қате! Сен, бала, мені ештеңе түсінбейтін тасжүрек, рақымсыз біреу деп тұрсың ба? Біз де адамбыз. Мәселен, өткенде Совет өкіметіне менің де өкпем бар деп ем ғой саған, есінде ме? Егер мені зооветинститутты бітіруге бір жыл қалғанда еркімнен тыс басқа салаға бұрып әкетпегенде, бәлкім, кейін обком не райком хатшысы, құрығанда, бір совхоздың директоры боларым бек мүмкін еді. Амал қанша, тағдырымды тәлкекке салды. Репрессия тұсында Сәкен сияқты талайларды тергеп, жүйкеден жүйке қалмады, содан тапқан қайыр шамалы, бірақ, қоғамға, халыққа адал болдым, міндетіме кір жұқтырған жоқпын. Соған шүкірлік етемін. Басқа арттырған түтім жоқ.

Тым ағынан жарылып ақтарылмаса да, біраз жайды бүкпесіз айтып, әрі, ол қызметтен пәлендей опа таппағанын да жасырмай пушайман хал кешіп тұрғандай көрінген бұрынғы чекісті іштей аяп, жаным ашығандай болды. Сонда да өзінің рұқсатымен оған тағы бір соңғы сұрақ қоюға тура келді: «Сол жылдарда сіз сияқты бір тергеуші Сәкенді осы қазір сіз екеуіміз тұрған паркке алып келіп, орындыққа отырғызып қойып жауап алғанда, қорлыққа шыдамаған ақын тұра келіп, оны астындағы

орындықпен ұрып басын жарыпты дегенді оқығанымыз бар. Сол жайлы білесіз бе, рас па?» – деп.

Бұл жолы да жауап қысқа, нақты болды: «Жоқ! Ондайды айтып жүрген өздерің сияқты жазғыштар болар. Сен әуелі саяси арестанттарды таза ауа жұту үшін он-он бес минут түрменің қорасына шығаратын ба еді деп сұрамайсың ба? Мейлі, дейтіндер дей берсін. Біреудің күнәсін көтеретін жайым жоқ! Мүмкін, рас шығар.

Оның әңгімелері әлдекімдерді еске түсіргендей болды. Мәселен, Қарасартов. Айтқандары содан аумайды. Шәкәрімді айдалада атып, құдыққа тастап кеткен Қарасартов та өз әрекетінің дұрыстығына шәк келтірмей өтті емес пе өмірден (сонау бір жылы ғұлама ғалым, профессор Евней Букетов таспаға жазып алып, баспасөзде жариялаған әңгіме-сұхбатта Қарасартов та осы құралпас уәждер айтқанын еске түсіріңіз).

Ал, менімен әңгімелескен, Сәкеннен екі апта жауап алған чекистің айтқандарына ендігі жерде ештеңе қосып-алмаса да болатынын өзіңіз де шамалап, сезіп-біліп отырсыз, ағайын. Осыдан соң әкесін бай-құлаққа жатқызып Көкаралға айдаған заңгердің оғын селқос қарағаны, әкесін үштіктің үкімімен атып тастаған грузин азаматының өз үйінен Сталиннің музейін ашқанына таңданудың реті бар ма, жоқ па, пәлен деу қиын шығар...

Сонымен, бұл не?

Жанкештілік, қаныпезерлік пе, әлде... Мен өз басым кенестік идеологияның миллиондар санасына сіңірген насихаттық құдірет-күші, имандай сенімі, темірдей тегеуріні деуге бейлімін. Сіз ше?

*P.S. Сәкенді тергеген чекист кездейсоқ біреу емес. Бертінге дейін бұйырған жұмысты істеп, тоқсанға таяп бақиға озған Құдайдың көп құлдарының бірі. Аруағы кешірсін.*



**ТУҒАН ЕЛГЕ СЫЙМАҒАН**

*геология-минералогия ғылымының докторы, профессор  
Өзбек ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, про-  
фессор Натая Әзімханұлы Кенесаринмен кездесу*

Өткен ғасырдың 40 жылдарының бас кезінде ауыл-ауыл-да қайдан, қай жақтан келетіні беймәлім ақын-жыршылардан көбіне Әзірет Әлі, Қобыланды, Алпамыс, Қамбар батырлардан бөлек, ара-тұра Кенесары-Наурызбай дастанын тыңдап, Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Қозы Көрпеш-Баян сұлу секілді лиро-эпостық жырларға құлағымыз қанық болатын. Бертін келе сау-ат ашып, қаріп таныған соң, оларды кітаптардан оқи бастадық. Солардың ішінде Қаншайым мен Наурызбай атты ұзақ дастан бар болатын, бұған дейін құлақта қалған жыр-дастандардан Наурызбай батырдың Кенесары ханның інісі екенін білетінбіз. Сондықтан, «Наурызбай мен Қаншайым» атты дастандағы тас қараңғы түнде жылқы күзеткен Қаншайым сұлудың сызылта салатын әнін өз құлағымызбен тыңдағандай әсерленіп, тумысы бөлек батыр қызға Наурызбайдың жасаған мәрттігіне, аяқ асты-нан оянатын екі жастың махаббатына тән беретінбіз.

Амал нешік, ұзамай бәрі суалып, құрдымға кеткендей болды. Қара сирақ кедейден шыққан Қара қасқа атты Қамбар батырдан басқа жыр, дастандар әдебиеттік оқу құралдардан алып тасталып, Кенесары-Наурызбайдың аттарын атаудың өзі қорқынышқа айналды. Ол кездегі советтік идеологияның тегеуріні күштілігі сонша, сол насихатқа жұрт имандай сенді, иланды. Бұл сол шақтарда баспа беттерінде жарияланатын материалдардан да, Алматыдан университет, институт бітіріп келген мұғалімдердің сөздерінен де байқалып, көрініп тұратын. Сол бір аласапыран кездерде бұған дейін өмірге келген – М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов жазған – Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Қозы Көрпеш-Баян сұлу сияқты спектакльдердің қандай күй кешкенін кім білсін. Абырой болғанда, Кенесары-Наурызбайдан басқа жыр-дастандардың ұзамай таңдары қайта атып, қалпына келді. «Кенесары-Наурызбайдың» тағдыры ауырлау болды. Оларды жан-жақты зерттеп, монография жазған тарихшы Ермұхан Бекмаханов (басқалар да) айдаудан оралған соң да айы оңынан туа қоймады. Әйгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің өзі «Қаһар»

романында Кенесарыны жорта «жау» ретінде көрсете отырып «дәріптеуге» мәжбүр болды (біз солай қабылдағанбыз).

Міне, осындай қиын-қыстауда базбір ғұламалар болмаса, Кенесары-Наурызбай ұрпақтары хақында сөз қозғау, іздеу салу былай тұрсын, ауызға алу мүмкін емес-ті. Әйтсе де...

Сол өткен ғасырдағы 50 жылдардың орта тұсында Ташкентте оқитын қазақ жастары, біздер әркім-әркімнен осы қалада тұратын қазақтың ғұлама ғалым, зиялылары жайлы естігенде, кәдімгідей марқайып қалатынбыз. Мұның алдындағы ширек ғасыр ішінде аталмыш қалада қазақ тілінде дәріс жүретін (кейіннен жабылып қалған) жоғары және орта дәрежелі оқу орындары аз болмағаны, ең соңғы қазақ педагогикалық училищенің жуырда ғана жабылғанын да білмейтінбіз. Ол туралы сол училищеде жұмыс істеп, одан Низами атындағы педагогикалық институтқа ауысқан Ниятіллә Базарбаев т.б. оқытушылар да «аш пәледен қаш пәле» дегендей, ләм демейтін.

Низами атындағы институт жанынан қазақ тілі мен әдебиеті, физика-математика, педагогика факультеттері өзбекстандық қазақ мектептеріне кадр даярлау үшін ашылғанына да мән бермейтінбіз. Бәрі біртіндеп (кейін) белгілі болып жатты...

Менімен бірге оқитын Тәшкенбай Сопбеков досым: «Осында экономика институтында директор боп істейтін жақын ағайым бар, сенбі, жексенбіде соның үйіне барып тұрамын», – деп жиі айтатын.

Ол ағайының да, басқадай жоғары лауазым иесі – ғалым қазақтардың да біразының аты-жөнін сырттай естіп жүретінбіз. Орта Азия политехникалық институтының директоры (онда ректор демейді) Ниязов, Тоқыма (текстильный) институтының директоры Оразбаев, Орта Азия мемлекеттік университетінің директоры Сарымсақов дегендей. Олар маман кадр даярлайтын оқу орындарының басшылары. Ал, Тәшкенбай досымның ағасы Өнер Жамалов Өзбекстан Ғылым академиясына қарасты Экономика институтының директоры. Сол Академия құзырындағы Геология институтының директоры Кенесарин де қазақ деседі. Бұлар біздің тиіп-қашып білетіндеріміз, білмейтіндеріміз де аз болмауға тиіс. Жоғары оқу орындарының екінші басшысы боп есептелетін – партбюро секретарларының көбі қайда да қазақтар болатын. Осы өзіміз оқитын пединституттың пар-

тбюро секретары, директордан соңғы екінші тұлға (маған жерлес) келестік Жолбарыс Қасымбеков Москвада оқыған, тарих ғылымының кандидаты, қазақша лекция оқығанда мүдірмейді, бірақ, жазған (оқулық) кітаптары орысша болатын-ды.

Жоғары оқу орындарында сабақ екі топта жүргізіледі. Орыс тобы, жергілікті топ (местная группа). Бір қызығы, қай институт болмасын, екі топта да сан жағынан қазақ жастары басым. Ол кезде өзбек жастары оқуға құлықсыз ба, қайдам, әйтеуір, Көлік (транспортный), Мелиорация, Орта Азия политехникалық институттарының кейбір факультеттеріндегі жергілікті топтарда түгелге жуық қазақ жастары оқитынына сан рет куә болғанбыз. Орыс тобында да қазақтар аз болмайтын.

Біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін осынау азын-аулақ мәліметтерді кейінгі ұрпақтың қаперіне салу мақсатымен келтіріп отырмыз.

Иә, Ташкент қаласы қазақтар үшін ежелден ғылым-білім орталығы болғаны аян. Кейін қазақстандық көрнекті қайраткерге айналған қазақ ұл-қыздарының біразы сол қаладан түлеп ұшқаны да мәлім. Жоғарыда өзіміз Ташкентте оқыған жылдарда әйгілі қазақ ғалымдарынан сырттай білетіндердің қатарында Кенесариннің де есімін атадық. Ол кім? Енді соны өз білетіндеріміз аясында сөз етіп көрейік.

Рас, ол кездерде Кенесаринмен де, өзгедей зиялы адамдармен де көзбе-көз жолығу, ауызба-ауыз сөйлесу өң түгіл, түске кірмейді. Тіпті, Тәшкенбай досымның ағасының (Өнер Жамалов) үйіне олар алыс сапарға не демалысқа кеткенде ғана қона жатуға барып, қарауыл боп жүретінбіз (өзімді айтып отырмын).

Кенесаринге келсек, оны бізге хан ұрпағы деп ешкім айтқан емес, бала жастан жыр-дастандардан естіген Кенесарыға қатысы бар-ау деп те ойламайтынбыз. Ташкентте Кенесарының немересі тұрады екен, ғалым екен, қиын жылдарда Алматыдан сонда қашып барып бас сауғалаған екен дегендей әңгімелерді кейбір басылымдарда жарияланатын қасаң хабарлардан, ауызекі сөздерден құлақ шала бастағаны көп кейін. Қызығу, құштарлық оянып, оны бір көріп, ауызба-ауыз сөйлесер ме еді деп қиялданатынбыз. Қазақи салғырттықты қойсайшы, Ташкенттің қақ ортасында Төле би бабамыздың кесенесі, Көркемсурет галереясында Орал Таңсықбаевтың ғажап туындылары барынан

бейхабар бейбақтарға не дері бар. Хрущевтің жылымығы жетіп, Е.Бекмаханов айдаудан оралғанмен, Кенесары-Наурызбай басы бүтін ақталған жоқ-ты, олардың таңы еліміз егемендік алған соң атты деуге болады.

Содан 60-жылдардың орта шенінде Ташкентке жол түсті (жол түскенде жылына кемі 2-3 рет баратын кез, туған жер іргеден болғандықтан, бірден сонда тартамыз).

– Ауылға ертең барамыз, бүгін үйде бол, қонақ шақырып қойып едім, ол белгілі адам, үлкен ғалым, танысасың, – деді аэропортта қарсы алған туған інім.

– Ол кім?

– Кенесарин, білесің ғой.

– Білмеймін, қай Кенесарин?

– Профессор, геолог Кенесарин, бұрын директор болған.

– Қазір ше?

– Қазір кафедра меңгерушісі.

– Қайдан танысың.

– Танимыз да, неғыласың. Танымасак, шақырамыз ба?

– Есімі кім?

– Есімі Натай, әкесінің аты Әзімхан, атасы Кенесары да сонда.

– Атасы Кенесары деймісің? Демек, ол Кенесары ханның немересі болғаны ма, солай ма?

– Қайдам, солай шығар. Жөндеп сұрамаппыз.

– Сұрамағаны несі?

– Осында институтта менімен бірге оқыған ағайыны бар, сол айтады ғой артық сөз сөйлемендер, жақтырмайды деп. Онан соң ештеңе демейміз. Қазір барған соң өзің танысасың да жақсылап.

Үйге келдік. Қоңыр салқын бөлме. Дастарқан жасаулы. Артық-ауыс адам көрінбейді. Қонақ әлі келмепті.

– Ол кісі кешікпейді, айтқан уақытқа жарты сағат бар, дәл сол кезде келеді. Бөтен адам болмасын деген соң, басы артық ешкімді шақырған жоқпын. Бірақ, сен туралы айтқанмын. Алматыдан келеді деп ем, мақұл деді.

– Дұрыс бопты, – деп әзілдедім. – Мақұл дегеніңе бәрекелде.

Әзіл өзінше. Кезінде (40 жылдардың ортасында) Алматыға сыймай, басына бұлт үйіріліп, Ташкентке келген соң да қыл

үстінде ғұмыр кешкен Кенесары ханның ұрпағымен дидарласу, бір дастарқанда дәм-тұздас болу ғанибет, әрине. Және азынаулақ білуімше, қуғын-сүргінге түскен Кенесары ұрпақтары бірлі-жарым емес. Мына келетін адам солардың бірі. Ғылым докторы, профессор, Өзбекстан ғылым академиясының мүше-корреспонденті, ұзақ жыл геология ғылыми-зерттеу институтын басқарған Натай Әзімханұлы Кенесарин.

Қоңырау сынғыр еті. Қонақ келді. Үстіндегі қара костюм, ақ көйлек, қоңыр галстугі ұзын бойлы толықтау денесіне құйып қойғандай. Жазық маңдай, қыр мұрын, қыран қабақ, қалың қара қасты, батыр тұлғалы жаратылыс. Ептеп бурыл тартқан қалың шаш жоғары қарай қайыстыра таралған. Қара торы өңі жылы, айбынды. Даусы өткір, ашық. Жанында дөңгелек жүзі алаулап, қасы-көзі қиылған, ақ сары жүзді, талдырмаш денелі жар қосағы. Наздана күлімдеп, еркелей сөйлейді екен, тектілігі көрініп тұр. Алдын-ала айта кетейік, жеңгеміздің тумысы орталық қалалардың бірінде білім алған қызылордалық төрелер әулетінен екен (жарасымды).

Әлбетте, таныстық, табыстық, білістік. Мақсат – ауыз бағу, қиғаш сұрақтан қашу, сақ отыру. Мұндай жандар айтатынды өздері-ақ айтады, айтпайтынға баспайды. Солай болды да. Қайда туды, қайда өсті, не оқу бітірді, қандай құқай көрді, Ташкентке қашан, неге келді – бірі сөз болған жоқ. Есесіне, ғылым, қазақ халқының жайы қозғалды. Онда да аздап, тиіп-қашып. Әр сөзінен бекзаттық, ұлтжандылық, шамырқанған қазақы намыс ұшқындайды. Кейде өзбекше сөйлеп жіберуінде де мүкіс жоқ.

– Натай ағамыз өзбекшеге жүйрік екен, сіз ше? – деп қалдым сөз арасында оның әйеліне.

– Жоқ, мен білмеймін, – деді жеңгеміз жымың етіп. – Өзбекшені саған-ақ бердім деп бұған баяғыда айтып қойғанмын.

– Өз басымның өзбек ағайындарға өкпем жоқ, – деді Натай Әзімханұлы. – Тек қазақтан шыққан зиялыларға ұлтынды өзбек деп өзгерт, сонда өйтеміз-бүйтеміз дейтіні болмаса. Ондайға мақұл дегендер де, демегендер де бар. мен де паспортыңа өзбекпін деп жазсаң, академияға толық мүше етеміз дегендеріне көнбедім. Көнбегендердің біразы Алматы, тағы басқа жақтарға кетті. Атақты суретші Орал Таңсықбаев бар емес пе, әне сол да

өзбек бол дегеннен бас тартқаны үшін онша ұлықталмай жүр. Әрине, ештеңеден кенде емес. Сонда да...

Натай Әзімханұлы көп жас үлкен болса да, маған «сіз» деп сөйлеп отырды. Осында пединститут бітіргенімді біліп алған соң:

– Ташкентте оқысаңыз, Оразбаевты білетін шығарсыз, – деп бір әңгіменің ұштығын шығарды.

– Сыртынан естігенім бар, бірақ таныс емеспін.

– Қоқанда туған дарынды қазақ, соғысқа дейін техника ғылымының кандидаты, соғыс біткен соң бір жылдан кейін (1946 жылы) ғылым докторы, одан ұзамай академик, Сталиндік, Лениндік сыйлықтардың лауреаты болды. Жоғары атақ-марапаттың бәрін иеленді. Соның бәрі ұлтын өзбек деп өзгерткенінің арқасы. Бұрынғы орыс әйелін тастап, өзбекке үйленді. Алғашқы әйелінен бір ұл, бір қызы бар. Қазір олардың екеуі де Мәскеуде тұрады. Ұлы кино саласында, қызы Эльвира әнші боп істейді. Ұлтын өзбек деп өзгерткен соң, Оразбаевтың аты-жөнін Мұхамед Ташевич дейді. Біздің білуімізде ол Махамбет Тасболатұлы болатын. Бұл сөзді дұрыс түсініңіз, жай әңгіме ретінде айтып отырмын. Тағдыр шығар. Кінәлаудан аулақпыз.

Сол жолы Натай Әзімханұлының өзі де, әйелі де: «Біз артық дүние-мүлік жимаймыз, тапқан табысымызды тек киім мен тамаққа жұмсаймыз», – деп отырды.

Мұны сыпайылық үшін айтылған сөз шығар деп онша мән бермегенмен, шындық екеніне ұзамай көзіміз жетті. Қазақстандағы он шақты күндік командировка бітіп, кері қайту үшін Ташкентке оралған соң, Натай Әзімханұлына сәлем беру үшін Шыланзардағы мекен-жайына бардық. Ағамыз үйде болмай, жеңгеміз көл-көсір дастарқан жайып қарсы алды. Сонда көрдім, төрт бөлмеде төсек-орын, киім ілетін шкаф, ас ішетін стол, орындықтардан бөлек түйір нәрсе көзге түспеді. Қабырғалар тұттай жалаңаш, жасау-жабдық, жиһаздардан дәнеңе жоқ. Оған қайғырып отырған тағы ешкім жоқ. Сұлу жеңгеміздің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, ұпайы түгел жандар осылай болса керек-ті.

Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының азаттығы үшін ат үстінде өткізген Кенесары ханның немересі, әйгілі ғалым-ұстаз Натай Әзімханұлымен бір рет кездескендегі әсер-түйсіктің кей

парасы осындай. Ұзақ жылдар көкей түкпірінде өшпей, сары майдай сақталып жүрген жайларды артық-кемсіз, қаз-қалпында баян етіп отырмыз.

Үйінде болғанымызда ержеткен ұл-қызы бар сияқты еді. Олардың кейінгі тағдырынан бейхабармын. Мені Натай ағамызбен таныстырған інімнің айтуынша, ол кісі Ташкент айналасындағы қазақтың бетке шығар жақсы-жайсандарын жатсынып-жатырқамай, риясыз араласып тұрады екен. Ташкентке кіре берістегі Черняевка селосы немесе сондағы Сарыағаш ауданына қарасты «Красный Восток» колхозының председателі, төре тұқымы Әріпхан Ақбердиевпен ағалы-інілідей болыпты (басқалардың да аттарын атап еді, естен шығыпты).

Кейін Натай Кенесарин 66 жасында қайтыс болып, Ташкенттен топырақ бұйырғанын інімнен естідім. Ендігі бір айтарымыз, нәубет жылдары Қазақстаннан теперіш көріп, өзбек арасын сағалаған Натай Әзімханұлы қазақ жерінің төл перзенті ғой, туған елінде елеусіз-ескерусіз қалып келе жатқан жоқ па деген ой қылаң береді. Кенесары Қасымов өмірін зерттеушілер оның анау-мынау емес, атақ-даңқы атасымен жетеқабыл дерліктей ғалым немересі жайлы қандай деректер жинап, нендей шараларды іске асырып жүргені (біз үшін) беймәлім.

Ол көрші республикада жүріп ғылымға өлшеусіз еңбек сіңіріп, қазақ деген атқа кір келтірмей, ұлт намысын жоғары ұстағаны үшін де ардақтап, аялауға тұрарлық тұлға, ірі тұлға. Біртуар ғалым, ардагер азаматтың есімін есте қалдырарлықтай шаралар жүзеге асса, марқұмның аруағы риза болар еді. Ең бастысы, қазақ үшін қажет.

Жә, ол туған елден қара басының қамын күйттеп не кісі елінде сұлтан болу үшін емес, керісінше, басына қатер төнген соң амалсыз кетті. Атасы Кенесары қол бастаған батыр болса, немересі әйгілі ғалым болды. Қазір Өзбекстанда оның аты аталып, есімі әспеттеле ме, бұл орайда нендей шаралар жүзеге асқан-аспағанын дөп басып айту қиын. Қалған әңгімені бұл жайлы бізден гөрі толықтау мәлімет-деректер білетін ағайындар айта жатар деп ойлаймыз. Әрі, жаңылмас жақ болмас дегендей, біздің тарапымыздан жазатайым мүлт кеткен тұстар болса, оларды түзетуге ниет еткен ағайындарға айтар алғыс таудай болмақ.

Бір жолы өткен ғасырдың 50-ші жылдарының бас кезінде Ташкенттегі театр-көркемсурет институтында Нұрмұқан Жантурин екеуі бірге оқығанда Натай Кенесаринмен жақын араласып, жақсы білген өнертану ғылымының докторы, профессор Бағыбек Құндақбаев ол жөнінде білетінім көп, екеуіміз арнайы жолыққанда айтып берермін деп еді, бірақ, ұзамай ойламаған жерден бақилық боп, қапы қалған жай бар. Әйтсе де, телефоннан біраз жайды қоярда-қоймай сұрап, қағазға түсірген едім. Сонда бір білгенім, Натайдың ұлы қазір Алматыда тұрады, сенімен міндетті түрде жолықтырамын деп еді марқұм. Үлгермеді. Бәлкім, алда марқұм Бағыбек Құндақбаев, Бәкеңнен сол жолы телефонда естіген дерек-мәліметтерді ұсынармыз. Қажет деп табылып жатса, әрине.

Натай Кенесарин. Кісі елінде сұлтан болған сұңғыла қазақ ұмтылмауы тиіс. Тек намыс туын қолға алатын ер бар ма? Мәселе сонда.

## НҰРҚАДІЛОВТІҢ ЕКІ ШАПАҒАТЫ

Өзге қауым секілді, Алматының барша тіршілік-тыныс, күнделікті өмір ағысына қалалық партия комитеті мен атқару комитеті және сол екеуіне бағынатын түрліше мекемелер жауапты екенін білсек те, қызмет бабы жағынан қатысымыз аз болатындықтан ба, олардың бар-жоғы, басшылыққа кімдер келіп, кімдер кетіп жататынында шаруамыз болмай, әркім өз арбасын сүйретіп жүре беретін. Әйтсе де, бірінші басшылардың кімдер екенін білетінбіз, әрине. Олардың мойнындағы ауыр жүк, міндет, жауапкершілікті де шамалайтынбыз. Өйткені, қалалық партком, атком болмағанмен, аупарткомның мәжіліс-жиындарына шақырып, кейде мекемедегі бастауыш партия ұйымының жұмысы жайлы есеп беруге баратынбыз (жиналыс, саяси сабақтың қаулылары, жарна т.б.).

Ал, қалалық атқару комитетіне ат ізін салмаушы едік десек те болады. Алайда, оның қалалық парткомнан гөрі күлшелілеу екені айдай аян-тын. Әсіресе, пәтер. Басқа да тұрмысқа қажеттілер солардың қолында.

Өз басым Заманбек Нұрқаділовті ол қалалық атқару комитетіне председатель болғанда газеттегі ресми хабарлардан біл-



дім. Оған дейін қайда, кім болып істегенінен хабарым жоқ-тын. Қалай председатель болды, солай жылы лебіздер естіле бастады: «Храпунов деген сандалтып бітті, Нұрқаділовтің өзіне бару керек», – дегендей. «Әдебиет пен мәдениет, өнерді түсінеді, зиялы қауымды сыйлайды екен» дегенді де талай рет құлақ шалды.

Сөйлеп үйренген ауыз не демейді? Әсіресе, жаңадан келген бастық жайында. Әуелі не оймен болса да мақтайды, жүре келе сәл нәрсеге бола... бебеу қаға даттайды. Солайы солай шығар, бірақ (Заманбек қала басқаруға келген) ол кездерде біздің күні-түні ізін бағып, көрген-баққанымыз Нұрқаділов болды дегенге ешкім илана қоймас, әрине. Десе де, оның кісілік, қайырымдылық, өзгелерге қолұшын беруге құмбылдығы жайлы әңгіме көбеймесе, азайған жоқ (болатын).

Бірде белгілі газеттердің бірінен сәл шадырлау мақалаға көзіміз түсіп, сәл тандана отырып оқыдық. Қысқа түйіні: белгілі ақын Фариза Оңғарсынова Нұрқаділовке әй-шәйсіз кіріп барады да, сәлем берместен, қабағын шыта тік тұрған қалпында: «Маған сарай салып беріңіз», – дейді бірден дік еткізіп.

Орнынан күлімсірей көтерілген Нұрқаділов: «Жарайды, саламыз?, – дейді сыр білдірмей. – Отырыңыз. Басқа қандай шаруаңыз бар?»

«Басқа шаруам жоқ. Уәде бердіңіз, енді орындайсыз».

Қала бастығы мен атышулы ақын арасындағы әңгіме, шамамен, осылай өрбиді. Ақын мен әкім – бір-бірін емеуріннен ұқты, түсінді. Әрі қарай тақтайдай тегіс кең данғыл.

Содан соң айтылған сарай салынды ма, салынбады ма, хабарым жоқ. Бір қарағанда, екеуі де тарпан, кіді, асаудың асауы. Сонда ше? Шақшандаса кетуі керек пе еді? Жоқ. Тектілер өйтпейді!

Әне, сол Заманбек Нұрқаділовтың күндердің күні бұрын таныс-білістігі жоқ қаймана көптің бірі – маған да ойламаған жерден айта қаларлықтай шарапаты тигені бар-тын. Бір емес, екі рет. Екеуінде де артық-ауыс әңгімесіз, бұлдаусыз, табиғи рәуіште. Біріншісі былай.

1988 жыл. 7 қараша. Совет өкіметінің кезі. Қазақстанды Колбин басқарады. Басшылықтағы қазақтар саны селдір тартқан. Әйтеуір Нұрқаділов орнында – Алматы қалалық атқару комитетінің председателі.

Әйелімнің (анасының туған інісі) Хамит Ғайсин дейтін нағашысы Алматыда тұратын. 1930 жылдарда батыс өңірдегі Жәнібек ауданынан Алматыға келіп, халық таланттарының слетінде домбыра тартудан жүлде алған. Шамалы уақыт домбырашы боп істеген. Ол да сол аймақтан келіп, әнші болуды қалаған Құспанғалиев опера театрының хор құрамына қабылданады. Бірақ, ұзамай екеуі де мамандықтарын өзгертіп, Хамит Ғайсин соғыстан алдын медицина институтын тамамдайды. Қатардағы милиционер Құспанғалиев генерал-майор дәрежесіне дейін көтеріліп, ұзақ жыл қалалық ішкі істер бөлімін басқарады. Соғысқа бастан-аяқ қатысқан Хамит Ғайсин майданнан аман-сау оралған соң өмірінің соңына дейін медицина институтының хирургия кафедрасында жұмыстанып, ғылым кандидаты, доцент болды. Әрі, студенттерге сабақ берді, әрі, емдеумен айналысты. Жарықтық соғыс туралы сөз қозғауды ұнатпайтын, өйтпек-бүйтпек демейтін, майдан жайлы фильмдерді көрмей, ол жөнінде бір сөз айтпай, Жеңіс мерекесінде көшеге орден-медальдарын тағып шықпайтын. Содан ба, соғыста және бейбіт күндерде қандай наградалар алғанын ешкім жөнді біле бермейтін. Жақын тума-туыстар пәлен демей, ыңғайына қарайтын. Ондай адамдар сирек, бірақ, болатын. Ең жақын достары Қаракұлов, Горшков, Файзуллин, Сүлейменовтермен бас қосқанда да соғыс жайында ешбірі ләм демейтін.

Дағды бойынша парадтан кейін – мейраммен құттықтау үшін – Хамаңның үйіне барсақ, әйелі екеуі түшпара түйіп, салат жасап, шүйіркелесіп отыр екен. Жасы жетпіс үштен асқан Хамаң жастай көрген қиындық, соғыста алған жарақат салдарынан соңғы екі-үш жылдан бері сырқаттанып, аяқ ұшында жүретін. Дастарқан басында әзіл-қалжың айтып, домбырада Құрманғазының «Қызыл қайың», «Кішкентай» күйлерін тартты. Кәдімгідей дені сау адамша ас-судан алып, «мүйіз шықса мұны бір адамдай сілтегеміз ғой» деп, шараптан татқан жоқ. Сағат 10-нан асқанда ертең тағы да кездесетін боп, қайыр-қош айтып, қайтып кеттік. Үйге келіп телевизор қарап, өйтіп-бүйтіп отырғанда телефон шырылдады. Хамаңның үйіндегі жеңгей. «Ағаларыңнан айрылдық», – деді даусы дірілдеп. «Қалай?». «Солай, сендер кеткен соң диванда отырған қалпы үн-түнсіз үзілді».

Сағатқа қарасақ, түнгі 2-ден ауыпты. Дереву үйіне барып, қам жасауға кірістік. Қам болғанда, алда төрт күн демалыс. Әркім өз тірлігімен. Хамаң жұмыс істейтін кафедрада да солай. Не істеу керек? Жедел жәрдемге хабарлассақ, келіп алып кетеді де, мәйітханаға апарып тастай салады. Онан соң жүресің сабылып. Себебі, мәлім – мейрам. Оның үстіне, сол кездерде кеңсай зираты жабылып (кейін қайта ашылды ғой), марқұм болғандарды түгелдей қаладан жырақтағы Боралдай зиратына апарып жерлейтін. Соғыс және еңбек ардагері, белгілі ғалым-хирургті онда жерлеу обал әрі тәшпіші көп. Қалайда бір амалын қарастырып, Кеңсайдан орын алу керек. Бірақ, қалай, кім береді? Осы сәттерде бұл бос қиял боп көрінді.

Сонда да үмітсіз сайтан, алдымен іргедегі Хамаң тіркелген емханаға барып жағдайды айттым. Егер олардан қайтыс болды деген анықтама алсақ, құдайдың бергені: мәйітханаға жібермей, Боралдай болса да, жерлеу қамы жасалады. Емханадағы кезекші дәрігер Хамаңды біледі екен, сөзге келмей анықтама берді (бұл аралықта таныс-білістерге хабар беріліп жатты).

Ендігі міндет – тансәриден жерлеу бюросына бару шарт. Ол үшін Хамаңның барлық наградасының құжаттарын да ала бару керек. Кім білсін, бәлкім, Кеңсайдан жер алуға септігі тиіп қалар, біздікі есек дәме.

Осы кезде бір ой келе қалсын. Кеше, 7 қарашада парад болды. 8-ші қараша күні қалалық парткомды қайдам, қалалық атком басшылары соны талқылайтыны анық. Және сағат 7-і мен 9-дың арасында. Онан соң жөндеріне кетеді (олар да демалады дегендей). Сондықтан, осы аралықта Хамаң ағаның барша құжаттарын алып, қалайда Нұрқаділовке бару керек. Алды кең, шапағаты мол деуші еді, көрейік, тыңдар-тыңдамас, неміз кетеді деп.

Сағат 7-ден аса кеңсесіне бардым. Онда адам құрметтеуге (қазіргідей) селкеу түспеген заман ба, жоқ, Нұрқаділов орнатқан тәртіп пе, төмендегі үш-төрт милиционер көлденеңдемей, қайта жол көрсетіп, жөн сілтеді.

Екінші қабаттағы қабылдау бөлмеде хатшы қыз көрінбейді, соны пайдаланып бірден (сыртына аты-жөні жазылған) есікті аштым. Атшаптырым кабинеттің төр жағында отырған мол денелі, ақсары жігіт: «Маған келдіңіз бе, кіріңіз», – деп гүр

етті. Түнімен ұйықтамаған, киімі олпы-солпы мен пақырда не пошым болсын. Ұзын столды жағалай, қаздай тізіліп отырған оншақты орынбасарының жақтырмаған (олардың мені танытын Қаһарман Бабағұлов деген біреуі ғана атымды атап, жылы сәлемдесті) кейіптеріне қарамай, ентелей жетіп бардым да, құжаттарды алдына қойдым. Қойдым да, соғыс ардагері, ғалым, хирург деп бірденелер айта бастадым. Нұрқаділов тыңдады ма, жоқ па, құжаттарды тез қарап шықты да: «Ау, мына кісі батыр ғой. Қайсысы қолайлы, Кеңсай ма, Ташкентский ме?» – десін. Кеңсайға зар боп, жай алдынан өтуге келген басым «Ташкентский дұрыс шығар» деп мінгірледім. «Арызыңызды әкеліңіз». Жоқ екенін білді де, бір парақ қағаз бен қалам берді, ол айтты, мен жаздым. Біткен бойда қалалық комбинат директорының атына тушыпен багтитып тұрып нұсқау жазып, қол қойды. Рахмет айттым ба, айтпадым ба, білмеймін, қағазды ала сала сыртқа беттедім. Қапияда басқа түскен ауыр міндет осылайша жылжып, Хамит Ғайсин ертеңіне Ташкент зиратына жерленді. Тіпті, жанынан әйеліне де орын алып, қоршап қойдық.

Ал, енді бұл айтылғандарға қосымша түсініктің қажеті бола қоймас дейміз. Тек Нұрқаділовтің «біз жерлеу бюросы емеспіз, сонда барыңыз» деп сызданбай және соғыста алған наградаларын өмірбақи дабыра жасамай, қарапайым ғұмыр кешкен қайран Хамаң, Хамит Жолмұхамбетұлы мен Заманбектің кісіліктеріне бас иеміз демесек.

Осыдан кейін Заманбек жайында құлақ шалатын жылы сөздердің тегін айтылмайтынына одан сайын көз жетіп, құрметіміз арта түсті. Мұндай жандар екі дүниеде де өзгеге жасаған жақсылығын бұлдаса, жасамауы да мүмкін-ау деп қарауға да болар еді. Ал, мен Нұрқаділовке барып ризалығымды айтуға, шыны керек, бата алмадым. Оным дұрыс па, бұрыс па, айта алмаймын.

Ол жолы бара алмағанмен, арада бір-екі жыл өтер-өтпесте Нұрқаділовтің алдына екінші рет баруға тура келді. Бұл жолы да тағы бір өтінішпен, мұқтаждықпен. 1989 жылы жеңіл автомашина сатып алушылар көбейіп, оның үстіне, 1990 жылдан бастап бағасы екі-үш есе қымбаттайды-мыс деген қауесет желдей еспеді ме? Әркім тырбанып, арзан кезде алып қалуға ұмтылды. Мен де Нұрқаділовке барып өтініш айттым. Ол бірден: «Сі-

зде не, машина жоқ па?» – деді. Сұраған бойда бере салады деп емес, ақылдасу үшін келгенімді айтуға оқтала бергенімде: «Арызыңызды әкеліңіз», – деді. Мен өткен жолғыдай «жазған жоқ едім» деп күмілжідім. «Онда жұмыс істейтін жеріңізден бастықтарыңызға қол қойдырып әкеліңіз. Сол дұрыс болады», – деді де, «маған келші» деп көмекшісін шақырды. Ол келгенше: «Ертеңнен кешікпеңіз, жыл бітуге таяп қалды», – деді маған қарап.

Онысының жаны бар. Қазір желтоқсанның басы. Көмекшісі келді. Заманбек оған: «Мына кісіні ертең келген бетте маған кезексіз кіргіз», – деді.

Қайыр-қош айтып, жұмысқа келдім де, Нұрқаділовтің атына арыз дайындап, ертеңіне қайта бардым. «Бізде жұмыс көбін білесіз, ұмытып кету түк емес, сондықтан, әр екі-үш күнде тікелей өзіме телефон соғып, есіме салып тұрыңыз», – деп үкіметтік телефон нөмірін (вертушка) берді. «Ыңғайсыз болмай ма?» – дегеніме, «жоқ» деп бір-ақ кесті де, бетіме қарап: «Өзім айтып отырмын ғой», – деп күлімсіреді.

Ана кездегідей емес, бұл жолы келген бойда өзімді таныстырып, кім екенім, «Мәдениет және тұрмыс» журналындағы қызметім жайында шет-пұшпақтап айтқан болдым. Бірақ, мына ықылас-пейіл, ниеті оларға байланысты дей алмас едім. Кім келсе, ол келсін, бәріне де кісі деп қарайтыны сирек құбылыс сияқты көрінгені рас.

Сөйтіп, мекеме бастығы қол қойған қағазды Нұрқаділовке ертеңіне апарып беріп, ара-тұра вертушкамен хабарласып жүрдім. Қысқа ғана бірде «дұрыс», бірде «есімде» дейді де, тұтқаны қоя салады.

Арадан екі апта өткенде Нұрқаділовтің көмекшісі Ұлан Сапарұлы Байжанов телефон соғып, шешім шықты, келіп алып кетіңіз деді. Сол күні су жаңа көлік кілті қолға тиді.

Екі-үш күннен кейін рахмет айтуға барғанымда дәлізде ұшырасқан Нұрқаділов: «Сіз үшін бір ауғандықты қолдан жасадық», – деп күлді де, «енді былай... алған затты атау жоралғысын жасамаймыз ба?..» дегеніме: «Қайтесіз, оған біріншіден, уақыт жоқ, екіншіден, риза болсаңыз болды да!» – деп бұрылып кете барды.

Бір кездегі шаһар басшысы Заманбек Нұрқаділовтің жоғарыда баяндалған екі шапағаты ерлік һәм мәрттік деуге бек сыйымды еді. Зәредей қоспасы жоқ ақиқат сыры осындай. Оған марқұмның әруағы куә деп те айта аламыз. Алдына барғандарды алаламай жасаған жақсылығы о дүниеде өзінің де алдынан шыға берсін дейміз. Ұрпақтарына жұғысты болсын. Иманы саламат болсын.

**ПЕРНЕБЕК МОМЫНОВ ҚАТАРҒА ҚОСҚАН  
әнші, халық артисі Мәдениет Ешекеев туралы  
бір үзік сыр**

*Байқаймысың, байқаймысың, мынау зажап тамашаны,  
Бір адамға байланысты бір адамның болашағы.  
Мұхтар Шаханов*

Халықты табиғат сыйлаған талантымен табындырып, руханият әлемінде өшпес із қалдырған (және жер басып жүрген көзі тірілердің де) тұлғалардың қай-қайсысының да алғашында көкейге аңыз адам ретінде орнығатыны ғажап-ақ. Оларды бір көрсем, сөзін тыңдасам, өмірде қандай екенін білсем деген інкәрлік солардан бастау алса керек (дегіміз келеді). Мәселен, өз басым сахнадан да, былай да көре алмай арманда қалған әйгілі Күләш Байсейітованы әлі күнге сол аңыз адам ретінде қабылдап, аруағына тағзым етемін, оны көріп-білгендерге қызығамын, мұраттарына жеткендей көремін. Кейін білген Күләш жайлы деректерден санаға тоқылғандар аз көрінеді, әлі де бірдеңе жетпейді. Әйтсе де, оның да қарпайым пенде ретіндегі бастан кешкен қызық-шыжықтары жайлы кейбір мағлұматтар әрі қуантып, әрі түңілдіреді. Әйтпесе, өз дәуірінде шығар биіктің бәріне шығып, жоғары атақтың бәрін (дерлік) иеленіп, кемеліне келген шақта іші тар (аты-жөні белгілі) пасықтар оның үстінен домалақ арыз жазып, Қытайға одақ атынан барғалы тұрған өнерлі топтан қасақана қағылғанына не деуге болады. Ал, жазды. Ал, бармады. Бір мезетке зұлымдықтың жолы болды. Күләш бармай қалды (барғызбады). Ұзамай Мәскеудегі қонақүйде өлім құшты. Мақсат сол ма еді? Әрине. Басқа не? Тек жаны жауыз жайсаңдар одан кейін (содан бері де) қалай жер басып жүр екен

демесе. Бәлкім, күллі ел аза тұтқан Күләштің қазасы үстінде олар да қоштасуға барған болар, тіпті, іштей айызы қана тұрып бір уыс топырақ салған шығар. Бәрі мүмкін.

Қош, сөзді неге бұлай бастадық? Тоқ етерін айтсақ, дарын иелерінің ешбірінің тағдыры шуақты, жолы даңғыл бола бермейтінін тағы да қосымша еске салу ниетімен. Осы жолы қолға қалам алуға таяуда ойламаған жерден бір кітаптан белгілі әнші Мәдениет Ешекеевтің мүлде Ешекеев болмай қалуы мүмкін екенін аңғартатын айғақтың алдан шығуы болды. Біз белгілі дегенмен, кезінде Еңбек сіңірген, Халық артисі атанған семейлік Мәдениет Ешекеев белгіліден жоғары, бірегей әнші-тін. Оның орындауындағы қазақтың небір керемет әндері бүгінде сирек естілгенмен, алтын қорда аз болмаса керек деп шамалаймыз.

Жоғарыда айтқандай, алғаш көргенде өнері ерен бұйра шапты, еңсегей бойлы, толықтау, жалпақ бет, ақ сары жігіт те аспаннан осы қалыпта түсе қалғандай, қамсыз-мұңсыз жандай көрінген. Дәл осыған дейін басынан нендей құқайлар өткенін кім білген. Егер сол шақтарда іші тар, қызғаншақ біреулерден жандарын сала араша түскен арлы азаматтар болмаса, пәленбай жылды аркалап не әншілік көз ұшындағы арман күйінде қол бұлғап қала ерер ме еді, қайтер еді?! Құдай сақтаған. Мәдениет әншіні тұңғыш рет көрген сәттер өзінше хикая деуге сиымды (қазір білесің).

1963 жыл. Март айының басы. Болмашы қар алдақашан жоқ болған. Жер көктей бастағанмен, ағаштар бүр жармаған. Күн салқындау. Бірақ, костюммен жүре беруге болады. Кейде қысы да жазғытұрымға ұқсайтын Сарыағаштың көктемі. Аудандық Мәдениет университетінің қоғамдық негіздегі директоры Төлеген дос Айбергенов редакцияға телефон соқты:

– Павлодардан алты жігіт, үш қыз – бір топ өнерпаз келіпті. Кешке концерт. Барайық, – деп.

Бұдан бірер ай бұрын Алматыдан да кіл уыздай жас талап өнерпаздар келіп бір серпілткен. Ішінде – есте сақталғаны – уыздай жас Сара Тыныштығұлова, Мекес Төрешев бар-тын. Асығыс болды ма, олардың ертеңіне қайда кеткенін білмей қалдық. Газетке мақала жазумен тындық та қойдық. Мыналар...

Көбінің қазір аты-жөні есте жоқ, павлодарлық өнерпаздар да ғаламат екен. Орталарындағы аласа бойлы, арық, жәпірейген

қалқан құлақ, қара жігіт баяншыдан өзгелері түгел әнші, үш қыз әнші әрі биші. Ал, енді жасы біз құралпас анау бұйра шашты ақ сары жігіттің әншілік қарымы елден-ерек екен. Ашық, кең, мәнерлі әуендер бірден баурады. Айтқандары түгелдей Арқаның әні. Өздері Павлодардан келсе, олай болмай қайтушы еді. Әрине, бірлі-жарым Шәмші, Әблахат, Әсет Бейсеуов, Сейділ Шәріповтің әндері де араласпай қалған жоқ. Тек ән емес, күй, терме, сын-сықақ, тақпақ орындаған павлодарлық өнерпаздардың мейлінше кішіпейіл, қарапайым, білім-біліктілігі де көрініп тұрды. Олар сол жолы Иса Байзақов, әнші Майра туралы естеліктер айтты.

Ертеңіне тағы да Төлеген Айбергенов телефон соқсын:

– Кешегі павлодарлық өнерпаздар қазір «Таскескенге» жүруге дайындалып жатыр. Аудандық Мәдениет бөлімі сен екеумізге бірге барындар деп қолқа салып отыр. Аупарткоммен келісіпті. Орталық асханаға келе бер, сонда жолығамыз. Қонақтарға шай берейік, – деп.

Әй, Төлеген-ай! Өнер десе елпілдеп тұрады. Бармаймын деп көр. Жо...о...оқ! «Бармаймыны» несі, барамыз. Оның үстіне, кешегі концертте ерекше көрінген анау бұйра бас, сары жігітпен жақынырақ танысқан тіпті де артық емес. Оның үстіне, Карл Маркс атындағы совхоздың бір бөлімшесі саналатын «Таскескен» ауданға тиіп тұр, төрт-бес шақырым. Оның үстіне, бірыңғай Жағалбайлы тұратын бөлімше меңгерушісі Тағай Оспановтың өзі де өнерлі, көзі ашық, қонақжай, жайдары жігіт (бүгінде марқұм). Сондықтан, аудан бөлген автобуспен түстен кейін сонда аттандық. Айтқандай-ақ, Тағай Оспанов қойын сойып, қолын қусыра қарсы алды. Аузын апса, жүрегі көрініп, алыстан ата-бабасы тіріліп келгендей құрсан.

Дастарханға отырар-отырмаста ауылдың алты ауызы деп өзі бастап, баянға қосылып бірнеше әнді төгіп-төгіп жіберді. Қонақтар да аянған жоқ. Кешкі концертке дейін де, кейін де. Менің есіл-дертім Мәдениетте. Біршама жақын танысқандай болдық. Сөйлесе келе білгенім, Алматыдағы «Қазақконцертте» істейді екен. «Мыналардың ортасында қайдан жүрсің?!» – дегеніме: «Қазір демалыстамын, танитын жігіттер ғой, өтініш еткен соң келісіп едім», – деді.

Концерттен соңғы қонақасыдан кейін алыстан келген бауырларды ауылдың тағы екі тұрғыны қоярда-қоймай шайға



шақырды. Лаж жоқ, баруға тура келді. «Павлодарға барып тұрамыз, ол жақта тума-туыстарымыз көп», – деушілер де табылды. «Енді барсақ сіздерді тауып аламыз», – десті. Міне, қарға тамырлы қазақ!

Павлодарлық қонақтар Төлеген Айбергеновтің өлеңдерін тыңдап, ұзаққа сілтейтін жыр-термелерін тыңдап тәнті болысты. Ертеңіне адрес алмасып, қимай қоштастық. Қонақтар келесі шаруашылыққа аттанды. Біз ауданға қайттық. Бұрын онша аңғармағанбыз ба, немене, анау әлгі Мәдениет Ешекеевтің орындауындағы әндер, әлде, даусы тым ұқсас болғандықтан Жүсіпбек Елебеков деп ойладық па, радио, телевизордан жиі беріледі екен. Құлақ шалған сайын «Міне, біздің Мәдениет!»-деп елпендейміз.

Арадан бірер жыл өткенде Алматыға қоныс аударып, «Мәдениет және тұрмыс» журналына қоныс аударған менде қым-қуыт тіршілікпен жүріп, Мәдениетті іздейтін мұрша болмады. Астанаға менен кейін келген Төлеген де пәлен дей қоймады. Бірақ, концерт залдарында әндерін тыңдап, о жер, бұ жерде көріп қалатын Мәдениетпен арқа-жарқа амандасып, жағдай сұрасып жүрдік. Баяғыша қақ-сұқ, артық сөзі жоқ біртоға, ұстамды, қарапайым, бекзат қалпы.

Айтпақшы, еңбек сіңірген артист атағын алған соң өзі қатысатын концертке шақырып, гүл ұсынып құттықтаған сәт есте. Бір көргенде «Семейде істеймін», бір көргенде «Алматыға қайтып келдім» деп жүрді. Кейін Семейге біржола табан тірегенін білдік. Бірде Қазақ радиосындағы музыкалық редакцияның бас редакторы Илья Жақанов: «Осында Семейден Мәдениет Ешекеев келіп жүр. Білесің бе, білмейсің бе, жақында халық артисі атағын алды ғой. Сол туралы музыкалық очерк жазсаң қайтеді? Келсін десең, менде отыр, қазір барады, – деді телефон арқылы. – Бізде талай дүниең барын білесің, мұны да алтын қорға лайықтап жазғаның дұрыс»

Бұған дейін Мұхтар Өтебаев, Әзидолла Есқалиев, Мәкен Әлиасқаров, Рақым Тәжібаев, Рәбиға Есімжанова т.б. әнші-күйшілер жайлы музыкалық очерк жаздырған Ильяға қалай жок дейін. «Келсін», – дедім.

– Еңбегің бағаланып жатыр, құттықтаймын, – дедім ұзамай редакцияға келген Мәдениетке.

– Рахмет, – деп жымыды бұрынғыдан біраз толысып, жігіт ағасы жастан аса бастаған Мәдениет. – Бір тілегім, радиоға жазсаң Жүсекеңе еліктейді демеші. Ұқсаса ұқсар, бірақ, мендегі өзіме тән дауыс. Біреулер солай деп зығырыма тиіп бітті.

– Білемін, – дедім. – Мен олай ойламаймын. Соны шама келгенше айқындап, дәлелдеп көреміз, – дедім.

– Өзің Семейге барасың ба? Барсаң, соқпай кетпе, – деді ол маған.

– Жол түссе, сөйтеміз.

Сол жолы жазылған музыкалы очерк радиодан көп жыл бойы беріліп жүрді. Қазір білмеймін. Мәдениет Ешкеевтің шығармашылығы жайлы біраз деректер қамтылған-ды. Тек... тек... сол жолы...

Бақиға аттанғанына біраз жыл болған қайран әншінің таны-мал өнер иесі болу өңі түгіл түсіне кірмей, тосаттан тап болған тағдыр талқысына бас иіп, келешектен біржола үміті үзілген шақтарынан басқа. Оларды несіне айтам деді ме екен, кім білсін.

Оны біз де кейін, соңғы екі-үш жылдың айналасында біліп жүрміз. Білгенде, белгілі музыка зерттеуші ғалым, сын сағттарда кейбір жас өскіндерге көмек қолын созып, желеп-жебеп жүретін қадірменді профессор Пернебек Момыновтың «Қазақ музыкасының қысқаша тарихы» кітабының III-томынан (базбірі хақында осы журналда бұған дейін де айтылған).

Мәдениеттің сырын білмейтін екінің біріне көктен аяғы сал-бырап түсе қалғандай көрінетін әншінің қандай тар жол, тайғақ кешулерден өткені жайлы ендігі сөзді оның әкесіндей қамқоршы болған ұстазы Пернекеңнің өзінен тындайық: «1957 жылдың қыркүйек айында Семейдің Абай атындағы драма театрында облыстағы талантты жастардың (солай дейік) жарысы өтіп жатты. Осындағы музыкалық училишенің директоры маған қазылар алқасының төрағалығы жүктелген-ді. Ән, күй, би, акробаттық-цирк, көркемсөз бойынша бәрін зерделеп, елеп-екшеп, таразылап отырмыз. Бір кезде сахнаға еңсегей бойлы, бұйра шашты, қолында домбырасы бар өрімдей жас жігіт шықты. Ауылдан келгені көрініп тұр. Киімі жұпыны, мақталы шалбар, күпәйке. Жүргізушінің хабарлауынша, аты-жөні Мәдениет Ешкеев, Абай ауданындағы бір шаруашылықта тракторға тіркеуші екен.

Ол Абайдың «Бойы бұлған», Біржан салдың «Жамбас сипарын» жеріне жеткізе орындады.

Елең еткен алқа мүшелерінің бірі: «Даусы Жүсіпбек Елебековтен аумайды екен», – деп күбір етті. «Ұқсаса ұқсар, бірақ, көшірме емес, бұл аймақта әркімнің өзіндік орындау мәнері болады», – дедім мен. Шыны керек, оның орындау шеберлігіне танданып әрі риза болған қазылар алқасы бірінші орынды сөзге келмей Мәдениетке берді, үзілісте өзіме шақырып, жай-жапсарын сұрадым: «Қарағым, жасың қаншада, үйлендің бе?» – деп.

– Жасым жиырма бірде, бойдақпын, әкем қайтыс болған, шешем, қарындасым үшеуміз тұрамыз. Білімім бес кластық, – деді қысыла төмен қарап. – Әкеден жеті жаста қалсам да, анамның арқасында консерватория бітіріп, адам қатарына қосылған өз жағдайымды ойлай келе, бұл балаға қайтсем де жәрдемдесуге бел будым. Себебі, ол Абай, Әміре сынды асылдардың сынығындай көрінді. Егер оған қолдау жасау қолымнан келсе, жаңылмайтыныма сендім. Сендім де, әңгіменің ашығына көштім. Мен музыка училищесінде директормын, сонда оқуға кел деп. Білімі бес кластық, училищеге онжылдық бітіргендер алынады. Ол жағын өз мойныма алып, документтеріңді тез әкел де тапсыр дедім. «Орысша білмеймін ғой», – деді. «Білмесең үйренесің, ал сабақты өзім қазақша оқытамын», – деп қамшылай түстім. Ән салу шеберлігін игерсең жетті, – дедім.

Сөйтіп, оны оқуға қабылдадық. Дауыстан сабақ беретін еврей оқытушы бар еді, ол бірден «мынадай даусы бұзылмаған табиғи дарын тапқанымызға ризамын» деп, Мәдениетті өз қамқорлығына алды. «Сіз еуропалық ән айту дәстүрінде тәрбие алғансыз, ал, бұл бала халықтық дәстүр өкілі, тыныс, демалу техникасын үйретсеңіз», – дедім. Ол келісті.

Мәдениетті екі-үш ай ән айтқызбай даярлап, баптап, мамыр айында баяғы екі әнін айтқыздық. Осы аралықта шеберлігі арта түсіпті. Тыңдаушылар риза болды. Маған алғыс айтқандар да аз болмады. Мәдениеттің алғысы өзінше.

Ол ұзамай еліне кетіп, біраз күннен соң ренжіп оралды. Себебін сұрап едім, еңсесі түсіп, көңілі жер болған ол: «Менің азынаулақ жетістігімді газеттен оқып, іштері күйген ауыл басшылары не үй салуға алған қарыз ақшаны қайтар, не колхозға келіп жұмыс істе, әйтпесе, заңға тартыласың деп шарт қойды. Енді әрі қарай

оқи алмаймын, колхоз үйді алып қойса, анам мен қарындасым далада қалады», – деп мұңайды. Мынау шынында да күтпеген қырсық. Не істеу керек? Дереву облатком председателінің атына үш-төрт ұстаз атынан хат әзірлеп, Ербосын Хасеновке өзім бардым. Хатты беріп, ауызша да айттым: «Елдің жұлдызы болатын әншіден айрылып қалмасақ игі еді», – деп. Е. Хасенов түсініп: «Өтінішің ерекше екен, қарағым. Сен сол болашақ әншінің екі машинаның құнына тең қарызы кешірілсін деп тұрсың ғой, солай ма?» – деді. «Дәл солай», – дедім. «Сессияда қараймыз», – деді. Ұзамай Мәдениет Ешекеевтің қарызы кешірілді деген шешім шығып, көшірмесі маған берілді. Мен Мәдениетке беріп, аулына жібердім. Облатком шешімі орындалды. Бірақ, біреулер менің үстімнен Мәскеуге домалақ арыз жіберіп, ол қара күйеден де құтылды. Енді оны қалайда Алматыға жіберіп, Жүсіпбек Елебековтен тәлім алу жағын ойластырдық. Онсыз болмайтынына көзіміз жетті. Мәдениет министрі Әмір Қанәпінге хат жаздық. Министр бізді қолдады. Мәдениет Жүсекеңнің класында оқып, кәсіби әнші боп шықты.

Табиғи талантының арқасында Мәдениет тез өсті, тез қатайды, тез танымал болды. 1981 жылы Еңбек сіңірген, 1987 жылы Халық артисі атанды. 1981 жылы есімі республиканың Алтын кітабына жазылды. Менің Мәдениеттің атақты әнші болуына қосқан үлесімнің кей парасы осындай. Алматы, Семей өнер ордаларында жемісті еңбек еткен Мәдениеттің есімі халық жадында. Жуырда Семей музыка училищесінің атаулы тойына барғанымда ондағылар мені хан көтеріп қарсы алды. Азынаулақ еңбегімді ұмытпапты. Кейбірін атап айтты да. Барлығына рахмет. Сол жолы тірілермен қауышып, марқұмдарға құран оқыдық».

Пернекең осылай дейді. Саралай білсек, оның бұл сөздерінде көп мән-мағына жатыр. Пернебектің шарапат-шафхатын көргендер аз емес. Біреуі жоғарыда айтылған Мәдениет Ешекеев, әрине. Жақсылық ұмытылмайды, ерте ме, кеш пе, алдан шығады. Жақсылардың мерейі шалқи берсін, лайым да.

## АБАЙ БЕЙСЕМБАЕВ ШЫРҚАҒАН «ҮКІЛІМ-АЙ»

1959 жылдың бас шамасында «Лениншіл жастың» редакторлығынан «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының бірінші орынбасарлығына ауысқандағы Абай Бейсембаевпен қоштасу салтанаты осы күндерде сағынышпен ойға оралады.

1957 жылы Ташкент пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін қызыл дипломмен бітіріп, орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген мен арада бір жыл өтер-өтпесте Алматыға тартайын. Ғажайып қала – Алматыда тамыр-таныс, туыс-туған жоқ. Бар болғаны, көше сыпырсақ та, әлдебір жерге тұяқ ілінсе деген қиял ғана.

Бірақ, «үмітсіз шайтан», редакцияларды да жағалап жүрдік. Бірі – «Лениншіл жас». Коммунист проспектісі мен Горький көшесінің бұрышында.

1958 жылдың шілде айы. Төртінші қабатқа көтеріле бере алдымнан жасы өзімнен үлкендеу жігіт жолыға кетті де, жайраңдай күліп:

– Неғып жүрген жігітсің? – десін.

«Жігіт» дегенінен әсерленіп:

– Жұмыс іздеп жүрген жігітпін, – дедім.

– Не жазасың?

Журналистік қазанда қайнамасам да, сірә, фельетон жаза алатын шығармын дейтін сандалбай ой болушы еді, соны малданып:

– Фельетон жазамын, – дедім қайдан шықса, одан шықсын деп.

– Онда бері жүр, – деген бейтаныс жігіт кабинетіне ертіп барды да, сыртына редактор ма, біреу «жарамайды» деп баттита жазған (машинкаға басылған) төрт-бес беттік материалды қолыма ұстатып, осыдан фельетон жаса деді. Материалды алдым да, уақытша жалдаған пәтерге асықтым. Фактілер жарағанмен, жазылуы жарамаған фельетон Қарағанды облысындағы Жаңаарқа аудандық атқару комитетінің сотқар ұлы жайында екен. Түнімен жазып, таңертеңгі сағат тоғызда редакцияға жеттім. Қолжазбаны оқыған кешегі жігіт, шамасы, мені журналист деп ойласа ке-

рек, «машинкаға диктовка жаса» деді. «Диктовка не?» – деймін. Түсіндірді. Өмірімде тұңғыш рет машинисткалар отыратын бөлмеге кіріп, кекселеу әйелдің жанына қонжидым. Кекселеу дегенмен, өңі таймаған, көзілдірікті, реңді әйел бетіме бұрылып та қарамай:

– Айта бер! – деп зірк етті.

Жазғанымды оқуға кірістім. Сөздерімді ауыздан шығаршықпаста сақ еткізеді де, «тез» деп бұйырады. Жылдамдатқан боламын. Қазақ тілінің маманы болғандықтан, «сызықша», «үтір», «нүкте» деп те қоямын. «Оларды айтпа!», – дейді.

Диктовка бітісімен бейтаныс «бастығыма» апарамын. Ол: «Оқып, қатесін жөнде», – дейді. Оқимын. Қате таппаймын. Соны айтамын. «Жамал апай сауатты ғой», – дейді ол. (Кейіннен Жамал апай атақты Бауыржан Момышұлының жары, белгілі жазушы болған марқұм Бақытжан Момышұлының анасы екенін Бүркіт Ысқақовтан естідім). Мен оқып шығысымен «бастығым» бес беттік фельетонды апыл-ғұпыл алды да, «осында отыра тұр» деп шығып кетті. Көп ұзамай қайта келіп, мені орта бойлы, сирек шашты, ересектеу сары жігіттің кабинетіне ертіп барды. Оның жанында шашы қоюлау, сұңғақ бойлы, қара торы жігіт отыр.

– Мынаны сен жаздың ба? – деді екеуі екі жақтап.

– Иә, – деймін төмен қарап.

– Бұрын фельетон жазып па ең?

– Жоқ.

– Онда қалай жаздың?

– Фельетонды ұнатушы ем. Газеттерден оқушы ем. Сейділда Төлешовтің «Түрлі-түрлі бастар бар» деген фельеон жинағын оқығанмын.

– Жарайды, Камалдың кабинетінде бола тұр.

«Камалдың кабинеті... Ол кім? Ә, иә. Кешеден бері бәйек боп жүрген жігіт. Демек, аты Камал». Жалма-жан сонда бардым.

Он адам үйме-жүйме боп отыратын кабинеттің бір шетінде мөлііп отырмын. Он адам үн-түнсіз сыпылдатып жазып жатыр. Телефон шыр етсе, тұтқаны біреуі алады да, не өзі сөйлеседі, не жанындағы әріптесіне береді. Мен жазған фельетон ертеңіне «Тентек» деген тақырыппен газетке шықты. Сол күні тағы бір фельетон жазып, оның ертеңіне ол да шықты.

Үшінші күні Кәмекең:

– Жүр, редакторға барамыз, – деді кабинетке кіріп келген бойда.

Басқа болмаса да, «редактор» дегенді шамалаймын. Газеттің басшысы. Кірдік. Алғаш көрген сирек шашты сары жігіт пен қою шашты қара жігіт те сонда екен. Үшеулеп үш жақтан мақтасын кеп: «Бізде фельетоншы жоқ, сені қызметке аламыз. Жазатының бірыңғай фельетон болады», – деп.

Редактор – Абай Бейсембаев, сирек шашты, сары жігіт – Сапар Байжанов оның орынбасары, қою қара шашты қара торы жігіт – Кәкімжан Қазыбаев жауапты секретарь екен.

Бір қызығы, фактілері өткір болғанмен, редакцияда жарамай жатқан фельетондар аз емес екен. Осыларды жарат деп, тағы бір-екеуін берді. Біреуі есімде – Арал ауданынан жолданған, авторы Көпжан Жалдыбаев (мен жазған төртінші фельетон сол екеуміздің атымыздан шықты). Жалдыбаевтың жазғанын «мал кылып» әкелген бойда қызметке алу жөнінде бұйрық берілді...

Қанша дегенмен, журналистік оқу оқымағанның салдарынан сүрініп-қабына жүріп қатарға қосылғандай күндер өтіп жатты.

Жігіттер шетінен кішіпейіл, қарапайым. Іші-бауырыңа кіріп, елжіреп тұрады (маған солай көрінді). Мен үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Камал Смайыловтың қарауындағы екі әдеби қызметкердің бірі болдым. Бірі – Қалихан Ысқақов. Он шақты адам отыратын бөлме тар, қапырық. Қызметкерлермен жақынырақ таныстым. Спорт бөлімін басқаратын Сейдахмет Бердіқұлов, жұмысшы жастар – Медеу Сәрсекеев, шаруа жастар – Хайдолла Тілемісов, мәдениет – Бүркіт Ысқақов, әдеби қызметкерлерден – Салық Молдахметов, Фермахан Шоева т.б.

Ұзамай Сапар Байжанов сол жылы ашылған «Мәдениет және тұрмыс» журналына редакторға орынбасар, Кәкімжан Қазыбаев облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Жетісу») газетіне редакторға орынбасар боп ауысты да, олардың ізінен Абай Бейсембаев та «Социалистік Қазақстанға» бірінші орынбасар боп баратын болды. Бәріне де Жазушылар одағының асханасында дастархан жайылып, қоштасу рәсімі жасалды. Абай Бейсембаевқа көрсетілген құрмет ерекше есте. Әзіл-қалжың, ән-күй. Қызметкерлердің көбі өнерлі. Хайдолла Тілемісов, Бек Тоғысбаевтар керемет ән салды, екеуі де кәсіби әншілерден

рек, «машинкаға диктовка жаса» деді. «Диктовка не?» – деймін. Түсіндірді. Өмірімде тұңғыш рет машинисткалар отыратын бөлмеге кіріп, кекселеу әйелдің жанына қонжидым. Кекселеу дегенмен, өңі таймаған, көзілдірікті, ренді әйел бетіме бұрылып та қарамай:

– Айта бер! – деп зірк етті.

Жазғанымды оқуға кірістім. Сөздерімді ауыздан шығаршықпаста сақ еткізеді де, «тез» деп бұйырады. Жылдамдатқан боламын. Қазақ тілінің маманы болғандықтан, «сызықша», «үтір», «нүкте» деп те қоямын. «Оларды айтпа!», – дейді.

Диктовка бітісімен бейтаныс «бастығыма» апарамын. Ол: «Оқып, қатесін жөнде», – дейді. Оқимын. Қате таппаймын. Соны айтамын. «Жамал апай сауатты ғой», – дейді ол. (Кейіннен Жамал апай атақты Бауыржан Момышұлының жары, белгілі жазушы болған марқұм Бақытжан Момышұлының анасы екенін Бүркіт Ысқақовтан естідім). Мен оқып шығысымен «бастығым» бес беттік фельетонды апыл-ғұпыл алды да, «осында отыра тұр» деп шығып кетті. Көп ұзамай қайта келіп, мені орта бойлы, сирек шашты, ересектеу сары жігіттің кабинетіне ертіп барды. Оның жанында шашы қоюлау, сұңғақ бойлы, қара торы жігіт отыр.

– Мынаны сен жаздың ба? – деді екеуі екі жақтап.

– Иә, – деймін төмен қарап.

– Бұрын фельетон жазып па ең?

– Жоқ.

– Онда қалай жаздың?

– Фельетонды ұнатушы ем. Газеттерден оқушы ем. Сейділда Төлешовтің «Түрлі-түрлі бастар бар» деген фельеон жинағын оқығанмын.

– Жарайды, Камалдың кабинетінде бола тұр.

«Камалдың кабинеті... Ол кім? Ә, иә. Кешеден бері бәйек боп жүрген жігіт. Демек, аты Камал». Жалма-жан сонда бардым.

Он адам үйме-жүйме боп отыратын кабинеттің бір шетінде мөлііп отырмын. Он адам үн-түнсіз сыпылдатып жазып жатыр. Телефон шыр етсе, тұтқаны біреуі алады да, не өзі сөйлеседі, не жанындағы әріптесіне береді. Мен жазған фельетон ертеңіне «Тентек» деген тақырыппен газетке шықты. Сол күні тағы бір фельетон жазып, оның ертеңіне ол да шықты.



Үшінші күні Кәмекең:

– Жүр, редакторға барамыз, – деді кабинетке кіріп келген бойда.

Басқа болмаса да, «редактор» дегенді шамалаймын. Газеттің басшысы. Кірдік. Алғаш көрген сирек шашты сары жігіт пен қою шашты қара жігіт те сонда екен. Үшеулеп үш жақтан мақтасын кеп: «Бізде фельетоншы жоқ, сені қызметке аламыз. Жазатының бірыңғай фельетон болады», – деп.

Редактор – Абай Бейсембаев, сирек шашты, сары жігіт – Сапар Байжанов оның орынбасары, қою қара шашты қара торы жігіт – Кәкімжан Қазыбаев жауапты секретарь екен.

Бір қызығы, фактілері өткір болғанмен, редакцияда жарамай жатқан фельетондар аз емес екен. Осыларды жарат деп, тағы бір-екеуін берді. Біреуі есімде – Арал ауданынан жолданған, авторы Көпжан Жалдыбаев (мен жазған төртінші фельетон сол екеуміздің атымыздан шықты). Жалдыбаевтың жазғанын «мал қылып» әкелген бойда қызметке алу жөнінде бұйрық берілді...

Қанша дегенмен, журналистік оқу оқымағанның салдарынан сүрініп-қабына жүріп қатарға қосылғандай күндер өтіп жатты.

Жігіттер шетінен кішіпейіл, қарапайым. Іші-бауырына кіріп, елжіреп тұрады (маған солай көрінді). Мен үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі Камал Смайыловтың қарауындағы екі әдеби қызметкердің бірі болдым. Бірі – Қалихан Ысқақов. Он шақты адам отыратын бөлме тар, қапырық. Қызметкерлермен жақынырақ таныстым. Спорт бөлімін басқаратын Сейдахмет Бердіқұлов, жұмысшы жастар – Медеу Сәрсекеев, шаруа жастар – Хайдолла Тілемісов, мәдениет – Бүркіт Ысқақов, әдеби қызметкерлерден – Салық Молдахметов, Фермахан Шоева т.б.

Ұзамай Сапар Байжанов сол жылы ашылған «Мәдениет және тұрмыс» журналына редакторға орынбасар, Кәкімжан Қазыбаев облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Жетісу») газетіне редакторға орынбасар боп ауысты да, олардың ізінен Абай Бейсембаев та «Социалистік Қазақстанға» бірінші орынбасар боп баратын болды. Бәріне де Жазушылар одағының асханасында дастархан жайылып, қоштасу рәсімі жасалды. Абай Бейсембаевқа көрсетілген құрмет ерекше есте. Әзіл-қалжың, ән-күй. Қызметкерлердің көбі өнерлі. Хайдолла Тілемісов, Бек Тоғысбаевтар керемет ән салды, екеуі де кәсіби әншілерден

ілгері болмаса, кейін емес. Бір кезде дуылдаған жұрт: «Әбеке! «Үкілім-айды» айтыңызшы!», – деп тұс-тұстан жамырасын. Бет-аузы сәл қызарғандай болған Әбекең біраз үндемей отырды да, орнынан «жарайды» деп тұрып, жұрт қалаған әнді салды. «Үкілім-ай». Бұған дейін анда-санда Байғали Досымжановтың орындауында радиодан еститін ән төресі. Пах!..

Былай сырттай қарағанда ән салатын адамға ұқсай бермейтін Әбекеңнің сол кештегі әншілік қыры ерекше көрінді. Нақышымен, бабымен, нәзік сезім, жүрекпен шырқады. Бұған қазір біреу сенсе, біреу сенбес, бәлкім. Бірақ, сол кешке қатысқан менен бөлек те көзі тірі куәлар жоқ емес. Құдайлығын айтам десе, өздері білер. «Үкілім-ай». Сол кездерде сирек орындалып, кейін мүлде ешкім айтпай, ұмытылды деуге болғандай інжумаржан. Егер ол қандай ән, шынымен солай ма деген күдігін болса, есекке міндім деп есіре бермей, таза пейілмен «Үкілім-айды» үйрен, үйрен де шырқа. «Үкілім-ай» біржола ұмыт қалды демейміз. Қайта шарықтасын. Оған өнерсүйер қазақ, сен де үлес қос. Сен де!.. Сен де!..

Қайран Абай аға! Ұстаз! Рухың шат болсын!..

## ТАУДА ШЕРТІЛГЕН СЫР

*«Зытып келем, зытып келем».*

*(Ғ.Мүсірепов. «Қазақ солдаты» романынан)*

Зуылдап келеміз. Дуылдап-шуылдап келеміз. Жоғары қарай. Медеу жаққа. Таудан сарқырай ағатын өзен жағасына. Кейде жұмыстан кейін сонда барып, шілденің аптап ыстығынан тал, терек, қайыңдар саясында салқындап, жан шақыратынымыз болушы еді, сол ниетпен. Екеуден-екеу. Әңгіме, әзіл-қалжың, ән. «Біздің әкейді білесіз ғой, – дейді (менен мүшел жастай кіші) ақ сары жүзді, аласалау, тас қайрақтай, айбынды серігім нықтай сөйлеп. – Мендей емес, ұзын бойлы, зор денелі, жас кезінде шахтада істеп, бұлшық еті бұлтылдаған күш иесі болыпты. Соғыстан алдын Қажымұқан палуан қасына әйелі мен кішкене баласын алып, ат арбамен елге келгенде, төсіне қойған тасты балғамен ұрып уататын ешкім болмай, жұрт біздің әкейге қолқа салмай ма? Барлығы жабылып «Төребай соқсын балғаны!» деп тұрып алыпты. Сонан соң қайтеді, атақты палуанды

сыйлағандықтан онша зауқы соқпаса да, амалсыз мақұл депті. Депті де, Қажымұқанның төсіне қойған көлемі қол диірмендей шұбар тасты шойын балғамен үш-төрт соғып, быт-шыт етіпті. Бұл мен туардан он шақты жыл бұрын болған жағдай, кейін білетіндердің айтуынан естіп, әкейден рас па деп сұрағанымда, рас деді де қойды. Таратып ештеңе айтпады. Өзіңіз білесіз ғой, әкей сөзге жоқ, мінезі тұйық адам, бірде әйтеуір өйтіп-бүйтіп айтқызғаным бар. Қалай, тыңдайсыз ба, әлде...

«Ойбай, айта бер!» «Қайдан білейін, құлқыңыз соға ма, жоқ па деп жатқаным да. Жарайды, айтайын. Бұл енді өзінше бір хикая. Түбі кәдеге жарауы да ғажап емес. Аржағында Қажымұқан тұрған жоқ па? Шіркін, ұлылардың ұлысы! Қайран, Қажекен!»

Жөңкіле аққан өзен. Баяу ескен жел. Салқын сая. Ырғалған ақ қайың, кеуде керген бәйтерек, иілген сәмбі тал. Таза ауа. Әнші құстар. Фибратты әңгіме. Пай-пай! Және қандай! Және қырық жылдай бұрынғы... Ендеше, тәуекел. Бүгін соны қаузап көрейік...

Әдетте, өткен ғасырдағы Отан соғысы деп аталатын алапатқа дейін де, кейін де бұл қазақ нелерді бастан өткермеді, не көрмеді? Әрісін айтпағанда, күштеп коллективтендіру, ашаршылық, репрессия... соғыс лаңы... ой, дүние-ай! Толып жатыр ғой. Айналайын халық сетілмеді, кетілмеді, қайта бекінді, жетілді... Бірден емес, бірте-бірте. Сондай шақтардың бірінде – соғыстың алдында, екі-үш жыл бұрын – бүкіл әлемге әйгілі палуан Қажымұқан әлдебір бәләйі себептермен ата-бабаларының ежелгі мекені оңтүстік өңірге оралып, қарапайым көптің бірі ретінде Шәуілдір, Шұбар ауылдарында ғұмыр кеше бастады. Бірақ, бір орында отырмай, аталмыш облысты түгелдеп, одан қалса, көрші Өзбекстан, Тәжікстанды аралап халыққа өнер көрсетті, дәріптеді. Тәжікстан астанасы Сталинабад қаласында өміріне қастандық жасалып, сондағы қалың қазақтың арқасында аман қалды. Соғыс кезінде самолет жасату үшін отан қорғау қорына қаржы аударып, өз басы қашан Қазақ ССР Комиссарлар Советінің председателі Н.Оңдасынов тікелей қамқорлық жасап, зейнетақы тағайындағанша жұпынылау өмір сүрсе де жасымады, мойымады. Ескілеу ат арбасына әйелі мен жас баласын салып алып, ұдайы ауыл-аймақты аралады. Бірде сол кездерде кен орны ашылған (қазіргі Кентау) Мырғалымсайдың маңындағы Хантағының етегіне орналасқан Біресек ауылына

келді. Бұл соғыстан екі-үш жыл бұрын, сол кездерде дендеген жаппай репрессия құтырмасының сәл-пәл беті қайтып, СССР Жоғарғы Советінің бірінші шақырылған сессиясы өткен күндер еді. Сельсоветті Алсаев (деген) басқарып, Қалықұлов дейтін ауыл тұрғыны – озат кенші – Жоғарғы Советке депутат боп, дүрілдеп тұрған шақ.

Сол тұстарда ашылған (қазіргі) Ащысай, Мырғалымсай кеніштерінің айнала төңіректегі төрт түлік малдан айрылған, күн көрісі қиындаған қазақтар үшін себі мол болды. Қолына қайла ұстауға жарайтындардың бірқатары көмір шығатын шахтаға орналасты (орыстан бастап, басқа ұлт өкілдері де аз болмайтын). Әрине, техника әлсіз, құрал-сайман жетімсіз, елдімекендер әлжуаз, өзге де кем-кетіктер бастан асатын. Соған қарамай, патриоттық бастама, отаншылдық ынта-жігердің арқасында қазақтан шыққан жұмысшы табы өкілдерінің еңбектері жанып, хал-ахуалдары жақсара түсті. Тіпті, ауыз су, жол қатынас, дәрігерлік қызмет т.б. салаларда олқылықтар бастан асып жатса да. Ал, сол кездерде...

Мырғалымсай кенішінде көмір қазатын шахтерлардың бірі екі иығына екі кісі мінгендей алпамса денелі, бойшаң, қос жауырыны қақпақтай, қыран қабақ, қаршыға көз, қара торы өңді, сұсты, ауыр мінезді, жасы әлі қырыққа жете қоймаған қарулы, айбатынан арыстан сескенетіндей, сонымен бірге, қайырымды, кішіпейіл, әділ, адал, таза, отбасына пана, абыройы бір басына жетіп артылатын Төребай деген естияр жігіт ағасы болатын-ды.

Кеніш басшылары Төребай мен тағы бір шымыр денелі, палуан пішінді Хұсанбай деген қолы шебер, епсекті, жастау өзбек жігіт екеуін (керек кезде) мекемедегі өзге де жұмыс түрлеріне жұмсай беретін-ді. Жаз кезі. Шықылдаған шілде. Бірде Төребай мен (өзбек) Хұсанбай көрік басып, темір балқытып жатқан төбесі ашық, аумағы ат шаптырым ұстаханаға араб ертегілеріндегі қалақтай құман ішінен бу боп шығып, қолма-қол қара дәуге айналатын алып диюға ұқсас, үстінде майка, бұтында жұқа шалбары бар, дене бітімі алқам-салқам, қос емшегі салбыраған, құлақ-мұрны жырым-жырым, түр-түсінен адам шошырлық таудай біреу аяқтарын алшаң басып, үн-түнсіз кіріп келе жатты. Жұмыстарын кілт доғарып, таңдана қараған Төребай мен Хұсанбайға тақап келіп: «Амансындар ма, жігіттер, – деді гүр

еткен зор дауыспен. – Естулерің бар ма, мен Қажымұқан деген палуан боламын. Бүкіл әлемде мен болмаған, мен бармаған ешбір ел де, жер де жоқ. Орыс, француз, түрік, қытай, жапон – бәрінің қабырғасын күйретіп, бас терісін сыпырғанмын. Омбы деген қалада тұрушы ем, жас ұлғайып қартайған соң, ата-бабаларымның сүйегі жатқан осы жаққа көшіп келдім. Қазіргі мекенім Шәуілдір (Темірлан маңайына қоныстанғаны кейінірек. З.А.). Қарап жатып қайтемін деп ат арбамен ел аралап, жұртқа өнер көрсетемін. Кейде жеке, кейде үлкен қалалардағы циркпен бірге. Бұл жолы өзім келдім. Кәне, сендерден мойынға салғанда екі жағына он бес-он бестен отыз адам отыратын арматура табыла ма? Бар болса бере тұрыңдар. Екі-үш күннен кейін әкеп беремін.

Тосыннан келген қара дәудің сөздерін Төребай мен Хұсанбай әрі үрейленіп, әрі естері кете қызығып тыңдады. Қажымұқан туралы еміс-еміс естігендері жоқ емес-ті. Бірақ, ауыз ашуға шама жоқ. Абырой болғанда, палуан сұрағандай арматураның неше қилысы бар еді. Біреуін таңдап, екі жігіттің апарып берейік дегеніне сендерге ауыр болады деп көнбей, палуан иығына салып өзі алып кетті. «Қызық көрем десеңдер, кешке келіңдер», – деп гүж етті қорадан шығып бара жатып. Әлбетте, барады. Бұлар бармай кім барады.

Кешке дейін Біресек ауылында неше қилы әңгіме желдей есті. Қажымұқан жерге шалқасынан жатып, үстінен машина өтеді екен деп те даңғазалады. Алайда, ешқандай даңғаза емес, сол күнгі кешкіліктегі үлкен аланда көрсетілген ойында барлығы солай болды, тіпті, одан да асып түсті: иықтағы отыз адам отырған арматурамен аланды екі-үш қайтара айналып шығу, білектей-білектей темірлерді екі бүктей салу, отыз бір пұт кірдің тасын бастан шыр айналдыра жоғары көтеру, (жан-жағын тақтаймен шегендеп) үстінен (полуторка) машина жүріп өту секілді кереметтерді көзбен көрген жұртта ес жоқ. Ең соңында:

– Енді бір ойын қалды. Сонан соң бүгінге аяқтаймыз, – деді Қажымұқан жайбарақат.

Сөйтті де, тақыр жерге шалқасынан жатып, көлемі қол диірменнен үлкен сұрғылт түс бұжыр тасты көкірегіне қойды. «Ал, кәне, мына тасты анау шойын балғамен соғып уататын қайсын

бар, шығындар ортаға, қорықпандар, келіндер!», – деп гүр-гүр етті.

Үнсіздік. Тым-тырыс. Біреулер кеу-кеуледі ме екен, ауылдағы ең мықты саналатын Хұсанбай өзбек алға бір-екі аттады да, ізінше жүрегі дауаламағандай кері шегініп кетті. У-шу, ду-ду. «Ай, бұл не? Үстінен машина өткен палуанды аяп тұрсындар ма? Шықсандаршы! Бар емессіңдер ме?»

Ешкім тырс етпейді. Қажымұқанда асып-сасу жоқ. Әлі-ақ балға соғатын жаужүрек табыларын білетіндей, пәруәйі пәлек. Ауыл совет бастығы Алсаев пен Жоғарғы Совет депутаты Қалықұлов қайта-қайта орындарынан тұрып, қалың қауымға қарайды. Бастарын шайқайды. Әр тұстан гүжілдеген дауыстар естіледі:

– Болсандаршы, түге!

– Әй, Хұсанбай, саған не болған?

– Хұсанбайды қайтесің, ол әлгінде қашып кетті ғой. Төребай шықсын!

– Төребай қайда? Осында ма?

– Осында!

– Онда Төребай шықсын!

– Төребай соқсын балғаны!..

Жаратылысынан діні берік, томаға-тұйықтау, көзге түсуді қаламайтын Төребай екіойлы боп, бір жағы намыс қысып, онсыз да ұшып тұруға шақ отыр еді, енді шегінетін рет қалмай, тез-тез адымдап барды да, шойын балғаны үш-төрт қайтара ұршықтай үйіріп, періп-періп жібергенде Қажымұқанның көкірегіндегі көлемді қалың тастың күл-талқаны шығып, жан-жаққа жанқадай шашырады. Түк болмағандай орнынан атып тұрған Қажымұқан «ей, сен бағанағы жігітсің ғой» деп арқасынан қақты. «Тегін емесінді сонда-ақ біліп, балға соғуға жарайды-ау деп кеткенмін. Ойым дәл келді. Алдыңнан жарылқасын!»

Халық айтса, қалт айтпайды. Пах! «Төребай соқсын балғаны!» Соқты, әрине! Қалт кетпеді, мүлт кетпеді. Төребайдың ұзақ жылдар бойы кейінгі ұрпаққа аңыз ретінде жетіп, ара-тұра айтылып келе жатқан осынау «балға соғу» оқиғасын оның бүгінгі атақты ғалым, сыншы, жазушы, ғұлама дәрежесіне көтерілген «бір жапырақ сарғалдақ» ұлы Әшірбек Төребайұлынан – сол тау баурайында – естіген бойда мұны хатқа түсіріп, жазса да көптік

етпейді екен-ау дегенім болатын да, сәті келмей жүруші еді. Соның орайы бүгін – қырық жылдан кейін – келгеніне іншалла, тәуба. Төребай ағамыздың туғанына 110, Аққыз апамыздың туғанына 100 жыл толып, баласы Әшірбек пен келіні Күләш бастаған үрім-бұтақ, өрен-жарандары аяулы ата-әжелерінің әруақтарын еске алып отырған шақтарда...

**P.S.** Жаздың соңы, күздің басы. Түнгі сағат төрт. Телефон шыр етті. Тұтқаны көтерсем – қайран Рекең, Райымбек Сейтметов. «Әшірбектің анасы Аққыз апамыз қайтыс бопты. Сыртқа шыға беріңіз, қазір барамын» деді. Үй арамыз алыс емес-ті, дереу «Орбитаға» тарттық. Ол кезде Әшірбек сонда тұрады, ЦК-да істейді. Барсақ әлі онша ешкім келіп үлгермеді...

Таң атысымен Райымбек «мен шаруамен айналысайын, сіз осында болыңыз, мұнда жақындардан біреу болу керек» деген соң, ол кетіп, мен қалдым. Қалғанда, үш күн-үш түн тапжырмай отырып, Аққыз апамызды ел-жұрт боп ақтық сапарға шығарып салдық. Бұл қайғы Қажымұқандай палуанның төсіндегі шоқпар тасқа шойын балға соққан Төребай ағамызға тіпті де оңай соққан жоқ-тын. Ағамыз апамыз қайтқан соң, бірінші құдай, онан соң ұлы мен келінінің күтімімен он екі-он үш жылдай зұмыр кешіп, кейін ол да аттанды бақиға. Аққызымен табысуға, қауышуға!

Бірге тумасақ та, туғаннан былай болмай, үрім-бұтағымен сіз-біздесіп жүргенге қанағат демей не дейік. Алматыға Әшірбек деп келген әзіз ата-ана рухына тағзым демей не дейік. Нұрларың пейіште шалқи берсін, қайран Төребай ата, аяулы Аққыз ана!

Сендерді бүгінгі еске алу жоралғысы жұғысты боп, ұрпақтарыңа Алланың нұры жауа берсін!.. Әумин!..

## НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВТЫҢ АУЫЛҒА КЕЛУІ

Өткен ғасырдағы екінші дүниежүзілік алапат соғыс жылдарының ауыртпалығын көтеру кім-кімге де оңай болған жоқ. Үй саны отызға жетер-жетпес «Ынталы» колхозындағы бас көтерер ер азаматтар майданға алынып, ауылда қалған кемпір-шал, бала-шағаның күні барлық жұмыс мойындарына артылған әйелдерге қарап қалды. Мақта, бидай, арпа өсіріп, азын-аулақ жылқы, сиыр, қой-ешкіні бағып-қағатын солар. Колхоз бастығы, ферма бастығы, есепші, бригадирлер де әйелдер. Үш колхоз қарайтын ауыл совет пен біз тұратын колхозға көбіне әлдеқайдан (партияның тапсыруымен) келетін әйелдер басшы болды. (Біреуі – Күлнәш дейтін әйел, бейнесі ұмытылмайды. Тәкен Әлімқұловтың шығармасындағы Күлнәш содан аумайды, бәлкім, сол шығар деп ойлап жүремін). Кемпір-шал, бала-шағаларға да жұмыс жетіп артылатын.

Қиындық бастан асатын сол шақтарда жұрттың бір сәт те болса жұбаныш ететіні – кейбірінің әскердегі күйеулерімен қосылғанына бір жыл да болмаған – жас келіншектердің сыңсып, өксіп, қосыла шырқайтын мұң-зарға толы әндері. Ауылдан әудем жер алыстағы мақта алқабы жақтан күні ұзақ талып естілетін әуендерге ойын балалары жиі елеңдеп, құлақ түреді. Кешке қарай қыз-келіншектер бір үйге жиналып, сығырайған шырақтың жарығында Бібәйшә жеңгеміз тартатын домбыраға саусақтарын сыртылдатып ойнайды. Ішіп-жейтін ештеңе болмайтындықтан, дастархан жайылмайды. Әркім өз үйінде ба-рымен өзек жалғайды.

Ең қызығы, айналадағы басқа ауылдарды қайдам, біздің ауылдағы үлкен-кішінің бәрі кіл бұрын естілмеген әндер айтады. Ел басына күн туғанда екінің бірі жанынан ән (зарлы әуен) шығарып, жаппай өлең айтатынын сонда көргенбіз. Соғыс жылдарындағы сондай әуендердің бесеуін ұмытпай, жадымда сақтап келемін. Өзімше оларды 1941, 1942, 1943, 1944, 1945 жылдарға теліп қойғанмын. Ол әуендер сол жылдардың сипатын аңғартатынымен бағалы (түбі нотаға жаздырармын деген үміт бар. Мыңжасар Маңғытаев досым талай уәде беріп, әлі күнге қолы тиетін түр жоқ).



Соғыс жылдарында, әсіресе, қыс айларында ауылға андасанда әлдеқайдан дастан, қыса айтатын жыршылар келеді. Бірі домбыра, бірі гармонмен айтады. Жүгері ботқамен жасалатын той-томалаққа қайдан болса да, міндетті түрде бір-екі жыршы келеді. Кейде Алматы ма, Шымкент пе, бір жақтардан артистер келетіні де бар. Олардың ән-күйлерін есіміз кетіп, еліре тыңдаймыз. Құйма құлақ балалар «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр» дастандарын естіген күннің ертеңіне-ақ зуылдатып айтып жүреді. Артистер айтатын әндерді күллі ауыл қағып алып, жарыса шырқайды. Әне, солардың ішінде ерекше есте қалғаны «Алтын көкем» атты өзгеше мәнермен созып айтылатын, сұлу әуезді ән болатын. Кім шығарғанын қайдан білейік, ауыл адамдары бас қосқанда бірінші содан бастайды:

*«Арыстандай айбатты алтын көкем,*

*Жауды жеңіп есен-сау келер ме екен-ау»,* – деп.

Соғыс кезінің табы лапылдап тұратын бұл әндегі «алтын көке» біреудің әкесі, біреудің ағасы, інісі, біреудің жар қосағы, ғашығы. Сондықтан, «Алтын көкем» айтылғанда, үлкендер түгілі, балалар көз жастарына ие бола алмай, ағыл-тегіл жылайды.

Енді сәл шегініс. Арадан пәленбай жыл өткенде Шымкентке жол түсті. Онда «Мәдениет және тұрмыс» журналында істеймін. Бір үйде облыстық партия комитетінің жауапты қызметкері, әрі, ән шығарып, кітап жазатын, баянмен тамылжытып ән шырқайтын, қыз мінезді, артық сөзі жоқ Мұхаметжан Рүстемовпен дәмдес болдық (кейін өз үйінде де болғанбыз). Мұхаметжан, әрине, ән салды. Өз әндері де, халық әндері де шырқалып жатыр. Бірде баянды құлаштай созып, келесі әнді әуелетті. Тоқта, тоқта! Әй, мынау таныс әуен ғой. Қайда, қашан, кімнен есіттім? Жә, еске түсті. Бұл сол соғыс жылдары елді күңдіреткен алтындай ардақты «Алтын көкем» ғой. Одан бері не заман. Ұмытқалы қашан. Оның үстіне, аталмыш әнді одан беріде ешкім айтпаса, жаңғыртпаса. Міне, енді ұзақ жылдардан соң тыңдап отырмыз.

– Оу, Мұқа, мұны қайдан білесіз? – демейін бе ән бітісімен.

– Неге білмеймін? Әкеммен туыс ағам шығарған емес пе? Ол белгілі жыршы, жырау, әнші еді. Мүмкін, естіген шығарсың, Нартай Бекежанов, – деді Мұқамен сабырлы қалыппен.

– Солай ма? Сонда сіз Нартайға туыссыз ба?

– Айттым ғой немерелеспіз деп.

– Кешіріңіз, Мұқа, білмейді екенмін. Бірақ, Нартайды білеміз. Жаратылысы қарапайым сыпайы Мұқаң жымыды да қойды.

– Бала кезде «Алтын көкемді» көп тыңдағанбыз. Бүкіл ауыл айтатын, – дедім тағы да көп уақыттан соң естіп отырған таныс әннің әсерінен арыла алмай.

– Ал, мен Нартай ағамның тікелей өзінен үйренгенмін, – деді арқалана сөйлеген Мұхаметжан. – Жетпеген жерін түзеп, міне, енді өстіп айт деп бата берген. Содан бері айтып келемін. Қалай, жақсы ма? Бүгінгі көзбен қарағанда, әрине.

– Жақсы болғанда қандай, сонау кездердегі жабырқау жылдардың лебі есіп тұр ғой. Не айтары бар? – деймін ғой.

Сөйтіп, ойда жоқта әрі, бала кезден таныс «Алтын көкемді» тыңдап, әрі, көптен сыйласып, араласып жүретін Мұхаметжан Рүстемовтың Нартайдың жақын інісі екенін бірінші рет білдім. Апырай деймін өзімше, Мұқаң бұл жайлы осы кезге дейін неге айтпаған, ішіне қалай сақтап келген? Басқа біреу болса... баяғыда-ақ...

Енді соғыс жылдарына қайта оралсақ, көп соза беретін ештеңе жоқ, бірде аш, бірде тоқ, жұрттың көз жасы көл боп жататын, қайғы-қасіреті мол сұрғылт, сұрқай күндер, айлар, жылдар өтіп жатты. Елдің бар тірек-сүйенері – үміт, алдан күтетін жақсылық.

Арагідікте ауылға жыршылар келіп бір жасасақ, әлдеқайдан артистер келсе, екі жасаймыз. Жеңіс күні жеткенде, бала да болсақ, шаттықтан жарылуға шақ қалдық. Жеңістің не екенін жан-жүрегімізбен сезіндік, білдік.

Міне, сол шақтарда киелі өнердің бір қауым самдағай өкілдерін көріп, көңіл көкке шарықтаған сәттер күні бүгінгідей көз алдымызда, санада сайрап тұр, ұмытылмайды, ұмытылуы мүмкін емес. Себебі, ол – өнер! Өнерсіз ешбір халық, тіпті, мың өліп, мың тірілсе де, өркендеп, өсе алмайды, гүлдемейді. Өнердің самдағай өкілдері дедік пе? Кімдер олар? Консерватория бітірмеген – Шәмшіге ұқсас – Құрманғазы, Дана, Мұхит, Қазанғап, Дәулеткерей, Ақансері, Біржан сал, Сегіз сері, Балуан Шолақ па? Шүкір, олардың аты-жөндері ел есінде. Ал, олардан

артық болмаса, кем емес, бәләйі себептермен кейін аттары атала бермеген саңлақтар аз ба еді?

Онда арғы-бергіде ғұмыр кешкен аты-жөндері белгісіз дарын иелерінің әндері мен күйлерін қайда қоямыз? Олардың шығармаларын ардақтап, аялап, халық әндері не халық күйлері дейтініміз жалған ба? Жалған емес. «Бипыл», «Нақ-нақ», «Ой көк», «Топан», «Аққу» секілді т.б. ән-күйлердің салмағы авторы белгілі шығармалардан артық па, кем бе? Артық дей алмасақта, кем емесі шындық.

Ендеше, ән-күйлерді орындаушылар да солай. Кейбірі, тіпті, бүгінгі халық артисі, неше түрлі сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері атанып жүрген әнші-орындаушылардан анағұрлым биік, жоғары. Оны көз көріп, көңілде орныққан. Тек бүгінде есімдері «белгісіз» демесе. Енді ол да өмір заңы, әлбетте. Фәни жалғанның үрдісі солай. Мысалы, Отан соғысы аяқталардан бірер жыл бұрын «Қоңыртөбе», «Комитерн», біз тұратын «Ынтылы» – үш колхозды біріктірген «Сары-жылға» ауыл советіне Төлеш Қармақбаев деген председатель келді. Еңсегей бойлы, толық денелі, үрпек шаш, көк көз, сарғыш өңді, халыққа жайлы, кішіпейіл Төлеш әншілігімен де танылды. Домбыра, гармонды мінсіз тартады, әнді нақышымен айтады, даусы алты қырдың ар жағынан естіледі. Және мен осындаймын деп кеуде көтермейді, күпінбейді, қазіргі базбір таланты көк тірейтін кірпияз «ұлылардай» шытына сызданбайды. Ешкімді жатсынбайды. Өз басым 1945 жылы әкем соғыстан аман-сау келгендегі жұпыны тойда сол Төлештің неше түрлі халық әндерін құйқылжыта шырқағанына куәмін. Есімде қалғаны – «Екі жирен» (бірінші түрі). Солар жөнінде ертеректе жазған – соғыстан оралған әкемді оның інісімен бірге тас жолда күтіп алғандағы оқиғаларды өзек етіп – «Тас жолдағы кездесу» деген деректі әңгіме «Қазақстан әйелдері» журналында басылды. Басты кейіпкер – Төлеш Қармақбаев. Жүрегінің түгі бар, қызу мінезді, ержүрек адам-тын. Соғыстан оралған әкеммен әңгімелері жарасып, біздің үйде жиі болатын. Өзінің отбасы қайда екенін (онда) білмейтінбіз. Кейінірек Келес ауданына кіре берістегі қалың Шанышқылы мекендейтін Әжіке ауылындағы бес-алты үй түркістандық ағайындарының ортасында тұрғанын білдік. Екі араға атпен қатынапты. 1946 ма, 1947 жыл ма, сол аралықта біздің үйге тосаттан кіріп келіп, әкеме «мені қызметтен босатты,

партиядан шығарды, партбилетті президиумға апарып бермей, лақтырып жібердім» дегені есте. Бұл шындық еді. Оны сол кездерде Келес аупарткомында екінші секретарь болған (кейін Өзбекәлі Жәнібековке партбилет тапсырған) Қайып Жидебаев 1993 жылы Алматыдағы үйінде жолыққанда өз аузымен айтты. Қайып Алматы облысының тумасы екен. Келеске дейін Арыс, Шәуілдір аудандарында басшылық қызметте болған байырғы партия қызметкері (қазір марқұм).

Осы жайларды арқау етіп жазған «Партбилетін лақтырған әнші» деген көлемді мақала қазіргі берері жоқ, таралымы тақыр басылымдардың бірінде тақ-тұқ жарық көрген болды. Құмға құйған судай кетіп жатқан есіл еңбекті енді бұйырса, «Мәдениет» журналына ұсыну ойда бар. (Егер Төлеш жайлы көлемді мақала осы журналда басылса, бұл айтқан қысқа деректер оған кедергі жасамайды. Керісінше, білген үстіне білдіре түседі). Бұған дейін де Төлеш жайлы айтып, там-тұмдап болса да жазып та жүрген жайым барын айттым ғой. Келестіктер Төлешті ешқашан ұмытпайды. Тік мінезді, батыр бітімді, ерекше әншілігі үшін.

Сол жылдарда менің анамның күйеуі соғыстан оралмаған сіндісінің үш бөлмелі үйінің бір бөлмесінде (ол да түркістандық) Қыдырбай дейтін жас жігіт тұрды. Керемет күйші болатын. Динаның «Тойбастар» күйін содан бірінші рет естідім, үйрендім. Жайдары, кішіпейіл, қарапайым еді. Ауданда салық жинайтын агент боп істейтін. Ауыл аралағанда ара-тұра біздің үйге қонып кететін. Ондайда бір жасайтынбыз. Енді ойласақ, ауыр тіршілік еңсені езген сол шақтарда халықты үлкен тығырықтан алып шыққан құдіреттің бірі қасиетті өнер, оның Төлеш Қармақбаев әнші, Қыдырбай күйші секілді бірегей өкілдері екен ғой.

Сол бірегейлердің бірі Нартай екенін де құлақ шалатын. Аты аталғанда тегін адам емесін сезетінбіз. Оны көзбе-көз көреміз, өнеріне куә боламыз деген қайда ол кезде. Қайда тұратынын да білмейтінбіз. Бірақ, дәм бұйырып, жаратқан Алла Нартайдың өзін де, өнерін де көруге жазғанына шүкірлік етеміз. Бір-ақ рет! Бірақ, қандай кездесу!

Соғыс біткеніне екі не үшінші жыл. Жаз. Марғау тіршілік. Ыстық ми қайнатқандай. «Сары-жылға» ауыл советіне қарайтын – қатар орналасқан – үш колхоздың біреуінде ғана іші

тар, орындықтары алқам-салқам, (егер солай деуге болса) сахнасына ат айналмайтын клубсымақ бар. Сондықтан кино келсін, артистер келсін, кеңсенің алдында көрсетіледі.

«Артистер келіпті, ішінде Нартай бар екен» деген хабар дүңк етті. Және концерт үш колхоздың біреуі – Коминтернде болады, қалған екі колхоздың адамдары сонда барады десті. Екі ара бірер шақырым. Енді ал кеп күн батуын күтейік. Кешке үш колхоздың адамдары тайлы-таяғымен кеңсе алдына жиналды. Даңқы кең жайылған Нартайдың өнерін тамашалаудан гөрі, өзін көрсек деген қызығу басым. Электр жоқ. Сондықтан, бұған дейінгі концерттерде сол жұмысқа төселген біреу солярка жағып жарық беретін. Ол деген бір жанып, бір сөніп, артистердің дидарын әрең көреміз. Бұл жолы құдай жарылқап, «Қоңыртөбе» колхозының жақында алған жүк машинасын әкеліп, концерт соның жарығымен көрсетілді.

Концерт жүргізуші біздің топта Нартай бар деп атын атағанда жұрт ду қол шапалақтап, дуылдап кетті. Әуелі бір-екі артист ән салып, күй тартты. Біздің есіл-дертіміз Нартай. Қашан шығады деп тағатсызданамыз. Міне, үш-төрт артистен кейін ол да шықты. Орта бойлы, төртпак, шашын тап-тақыр етіп алдырған, басы үлкендеу, қара мұртты, сұсты адам екен. Енді ойласақ, жас шамасы сол кездерде елудің жуан ортасында болса керек. Иығында – гармоны (бізде сырнай демеіді, сырнай басқа, музыкалық аспап емес).

Нартай басын сәл иді де, әнге басты. Ән болғанда, жыр ма, терме ме, түйдек-түйдек ағылып жатқан әсем әуен, асқақ лебіз. Алғаш сабырлы, салмақты көрінген хас өнерпаз біртіндеп серпіліп, халықты ән-жыр емес, ұтымды әзіл-қалжың, күлдіргі әңгімелерімен де баурай түсті. Онан соң концерт жүргізуді қолына алып, өзі басқарды. Кезекті өнерпаз сахнаға шығарда: «Ғайни». Пәленше орындайды», – деп қысқа қайырады. Нартаймен кім көрінген бірге жүре ме, серіктері кілең сен тұр, мен атайыннан. Бірінен бірі өтеді. Арагідікте тізгінді өзі алады да, жалтыраған етженді үлкен басын бір жағына қарай бұрып, ұзақ толғайды. Даусы сәл қарлығыңқы ма еді, есте жоқ. Есте қалғаны – бет-бейне, пошым нұсқасы. Нартай тұлғасы.

Атышулы ақын Әбділдә Тәжібаевтың «Есімдегілер» тағы басқа кітаптарында Нартай туралы көп айтылады. Білме-

гендерімізді солардан білдік. Арқалы ақын сәл қиялға ерік беріңкірей ме, немене, Нартайдың гармонын суреттегенде іші бос, тозығы жеткен алабажақ қапшыққа теңейгіні бар. Иесі қолға алғанда ғаламат үн шығады, былай тастай салса, мыж-мыж қапшық. Пах!

Жоғарыда тым жақын болмаса да, шама-шарыққа қарай біршама араласқан, жастайынан оңтүстікте әртүрлі жауапты қызметтер атқарған, жазушы, композитор, әнші, жыршы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, жуырда өмірден өткен марқұм Мұхаметжан Рүстемовті текке атаған жоқпыз. Ең алдымен, сыпайы, кішіпейілдігі, онан соң, Нартай секілді біртуар өнер иесінің туысы болғаны үшін десек те. Оның аузынан бала кезден таныс «Алтын көкем» әнін естігенде, Нартай туралы баяндалған осы жайларды қысқаша есіне салғанмын. Жүзі жайнап, ризалық білдірген еді.

Ал, енді Нартайдың есімін мәңгі есте қалдыру, мұраларын жинақтау, кәдеге жарату, ардақтау, аялау аясында жүзеге асқан, асуы тиіс қандай шаралар бар? Қызылорда қаласындағы театр Нартай Бекежановтың атымен аталады, оған да шүкір, әрине. Басқа білетініміз шамалы.

## ӘКЕ ТӘЛІМІ

*Біреуге жақсылық істеген жақсы,  
оны міндет етпеген одан да жақсы.*

*Әлішер Навои*

Адам баласы жаралғалы түп атасы ібілістен таралатын қатыгездік, қараулық, зұлымдық, сатқындық секілді жаман әдеттермен қоса қайырымдылық, мейірбандық, адалдық, мәрттік, жомарттық, тұрақтылық, кісілік, ерлік, өрлік те қатар «өрбіп», өмірдің мәні де, сәні де солар екені әлімсақтан аян. Жақсылықтың да, жамандықтың да – бүгінше айтқанда – өз аудиториясы, ортасы, өкілдері болуы да заңдылыққа саятыны тағы белгілі. Болмай тұрмайтын жамандықтан жапа шегіп, (амалсыз) найшасы пәс болатындар ол да кезегімен жетпеуі мүмкін емес жақсылықтан жадырап, жандары жай тауып, барқадар ғұмыр кешуге, келешекке сеніммен қарауға

құштарлықтары еселеп артып отырған. «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» дейтін мәтел, шамасы, сондықтан айтылса керек. Бір қарағанда, бұлардың бәрі қай халыққа да тән (ортақ) әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен сабақтасады, әлбетте. Сондықтан да...

1958 жылы шілде айынан бастап белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, баспа директоры, киностудияда бас редактор, министрдің орынбасары секілді жоғары лауазымды қызметтер атқарған, (өткен ғасырдағы) алапат соғысты Берлинде аяқтаған, майдандық газеттерде әскери тілші болған байырғы журналист Мұса Дінішев шығарып, нәйәті екі-үш жылда тиражы жүз мыңға бір-ақ секірген (кейін 500 мың болды) «Мәдениет және тұрмыс» журналы бісіміллені қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен бастап, олар жайлы тұрақты жазу арқылы оқырмандар ілтипатына бөленді. Журнал жарыққа шыққан алғашқы жылдардағы тігінділерге назар салған ағайын «Әдет әдет емес, жөн әдет», «Дәтүрдің озығы бар, тозығы бар», «Жирен жаман әдеттен», «Үйрен жақсы әдептен», «Советтік өмір салты», «Ғұмырлы ғұрып», «Жақсылық жасау салтымыз» дегендей рубрикалармен берілетін мақалаларды көрер еді. Журналда бөлім меңгерушісі боп қызмет атқарған Қосжан Мүсірепов ендірген «Оқушылар ой салады, сыр шертеді», Бекен Әбдіразақов тапқан «Жаныңда жүр жақсы адам» деген айдарлар күні бүгінге дейін сақталулы. Және бұл жарасымды, заңды да. Өйткені, журналдың аты «Мәдениет және тұрмыс» болды емес пе? Мақсат ауыл-село тұрғындарының мәдениеті мен тұрмысы жайлы – ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты – сан алуан мәселелерді қозғап, кемшіліктер мен жетістіктерді ортаға салу-тын. Айтыңызшы, қырсыздық, кезудемсоқтық, өзімбілермендік, салақтық-настық, салғырттық, жалған сөйлеу, өтірік-өсекке оп-оңай сене салу, жалақорлық, қызғаныш, іштарлық дегендер жақсы әдет пе сіздіңше? Әрине, жоқ. Осындай дәйістіктер туралы нақты фактілермен жазылатын (жазылуы тиіс) материалдар «Жирен жаман әдеттен» деген рубрикамен берілсе, жұртты жақсылыққа бастайтын дәстүрлер «Үйрен жақсы әдептен» деген рубрикамен жарық көретін. Үнемі. Ал, жекелеген адамдардың өзгелерге

өтеусіз жасайтын жақсылық, шапқат-шарапаты өмірлік мәні зор түрлі рубрикамен ұсынылатын. Солайша, таразының басын тең ұстап, жақсылық пен жамандық жайында ашық айту, ой талқыға салу басылымның өзгермес ұстанымына айналды. Ол бертінге дейін – тиражы 500 мыңнан 4 мыңға құлдырағанша – жалғасты (1 мыңға жетпеген шаққа дейін десе де болады). Есесіне, шүкір...

Соңғы бес-алты жылдан бері шыға бастап, оқырмандардың көзайымына айналған қолдарыңыздағы (бүгінгі) «Мәдениет» журналы қапияда үзіліп қалған сол үрдісті жалғастырып, мәдениетпен қоса, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрін шама-шарқынша кешенді түрде (қамтып) жазуға тырысады. Қадамы құптарлық, қуанарлық. Ауқымы кең, ғарыштай шексіз, мұхиттай терең (дер ек). Қайырымдылық, жақсылық жасау – қастерлі ғұрып, қасиетті дәстүр. Аруақты ата салт. Олай болса, бұдан арғы сөзімізді соған бір-екі нақты айғақ-дәлелмен әдіштеп нүкте қоя тұрайық.

Өткен ғасырда соғыс басталысымен жиырма шақты қожалықтан тұратын шағын колхоздағы ер азаматтар түгелдей әскерге алынып, ауылда кемпір-шал, бала-шаға, әйелдер қалды. Бір үйден екі, бір үйден үш-төрт боздақ ел қорғауға аттанған-ды. Соғыс аяқталған соң солардан (отызға тарта жауынгер) бес-алтауы ғана оралды. Онда да он екі мүшесі сау келген менің әкемнен басқасы – біреуінің аяғы түбінен жок, біреуінің қолы жок, көзден айырылған, қабырғасы қақыраған – өңшең мүгедек. Екі ұлы соғыстан келмеген Анайы (бізін жақта әкемізден жасы үлкен ағайындардың әйелі солай аталады) мамамыз шалы қайтыс боп, кішкентай қызымен қалған еңбекке жарамсыз адам еді. Екі ұлы соғыста мерт болған Күлсін мамамыз да солай (қауқарсыз). Соғыстан келген Арапбай көкеміздің бір аяғының саусақтары мен оң қолы жок, бір көзі көрмейді.

Колхоз жұмысы қысы-жазы қауырт. Шамаға қарай егетін мақта, арпа, бидай, мал өнімдері сыпырып-сиырып мемлекетке өтеді. Бір тиын табыс жок. Жұрттың күн көрісі – әр үйдің алдындағы 25 сотық жер. Соған жүгері, пісте егіп, жыл бойы талғау етеді. Оларды егіп, шабықтап, өсіріп, өнімін жинау өзінше машақат. Колхоз жұмысынан бас көтере ал-



майтын бейбақтардың шамалары жете бермейді. Жер аудару, жүйек алып, су қойып, жүгері, пісте, (аздап) мас, қауын егуге дегендей.

Бір үйдегі 3 бала, үлкені 12, одан кейінгі екі қара домалақтың бірі 10, бірі 8 жаста. Ерте көктемнен жүйек жатқызып, колхоз трактормен жыртып беретін жерге жүйек алу, су қою, жүгері, пісте егу, оларды арам шөптен арылту, шабықтау, күзде егін жинау – бәрі солардың мойнында. Әкеміз бастап бірге жұмыс істейтін бізге жақсы, ал, қарасатын ешкімі жоқ Анайы (есімі солай), Күлсін мамаларымызға қиындау. Сондықтан, ол екі үйдің салмағы бізге түседі. Әкеміз айтқан соң, амал жоқ, олардың да егінін шабықтаймыз (өлесі боп шаршаймыз), су қоямыз, жинап береміз.

Бірде әкеміз Арапбайдың іргедегі жинаулы шөбін түнде қаңғыбас малдар жегенін жеп, жемегенін таптап, ысырап етеді екен деп, үйінің айналасына топырақ дуал тұрғызып берді. Топырақ дуал тұрғызу қиын жұмыс, біздің (балалар) шамамыз келмейді. Сондықтан, әкем ересектерді (асар деп) жинап, бірлесіп соғады. Дуал біткен соң қораға ағаштан есік жасап берді, сөйтіп, көлденең мал, ит, құс кіре алмайтын болды. Әкемнің алақандай ауыдағы қараушысы, сүйеніші жоқ кемтарларға да, өзгелерге де жасайтын мұндай істері көп болатын. Бір жолы Попан мамамыздың ұрылар айдап кеткен бес-алты қойын сонау Бозайға артынан қуып барып әкеп бергеніндей қайырымды істерінің қайсы бірін айтайық.

Иә, бұлар қайырымдылық еді. Ата салт, дәстүр. Қанға біткен. Өтеусіз, міндетсіз.

Оны бағалаған да, бағаламаған да адамдар болды, әлбетте. «Бала-шағасын аямай, кім көрінгеннің жұмысын істейтін ақжүрек қой ол» дейтіндерді көріп те, естіп те жүрдік. Әкеміздің мұндай істері өмірбақи санада қалды. Үлгі боп...

## ОРЫС ТА ТҮС ЖОРИДЫ ЕКЕН әкем айтқан әңгіме

Шағын ауылдан соғысқа аттанғандардың ішінде төрт жыл алғы шепте жүріп, туған елге төрт мүшесі сау, аман оралғандардың бірі менің әкем еді. Соғыста бастан кешкенін әңгімелеп отыратын.

– ...Бірде біздің батарея айдалада жалғыз қалды. Соғыс бір-шама тынған кез. Түнде алаңсыз ұйықтап, едәуір тынығыппыз. Таңертең төрт солдат кателокқа қайнатқан шайды қатқан нанмен ішіп отырғанда, екінші ат айдаушы – менің серігім Петро ойламаған жерден түнде көрген түсін айтты:

– Түсімде, – деді ол, – мен үш-төрт кило ақ ұн мен екі бөлке нанды мұқият орап, үйіме салып жібердім. Әнеукүнгі жазған хатында әйелім, екі қызым аш жүрміз деп еді, соның әсері ме, кім білсін, – деді. Өзі біртүрлі жүні жығылып, мұңайып отырды.

Өз басым бұған пәлендей мән бере қойған жоқпын. «Түс түлкінің боғы», оның үстіне, орыстың түсіне ден қоярлық не бар деймін, баяғы. Аздан соң, Петро сонадай жердегі төбе астына дәрет сындыруға кетті де, зеңбірек түбінде үш адам қалдық. Кенет зеңбірек көздеуші Андрей:

– Туыстар, бүгін Петро өледі, – деді төбеден түскендей етіп. – Түсінің түрі солай. Ұн мен нанды үйіне жібергені – ырзығының таусылғаны. Қиын болатын болды. Екі қызы мен әйеліне не деп жауап жазар екенбіз?

– Е, қой, Андрей. Олай болмас. Соғыс саябырлады ғой. Қайдағы өлім, – десіп жатырмыз.

– Петро өледі, – деп Андрей тағы қайталады.

Сол жатқаннан жата бердік. Біз тынығып мазбіз, аттар жайылып маз. Бірақ, ұрысқа сақадай-саймыз. Түс қайта әлде қайдан қаңғырған снарядтың зәрені ұшыратын сұмдық үні келді құлаққа. Содан ол пәле тура бізден он бес метрдей жерге түсіп жарылмасы бар ма? Жата-жата қалғанбыз. Бір кезде әуріпімдеп басымызды көтерсек, үш ат пен зеңбірек, снаряд салынған жәшіктер (әдетте олар жерде көмулі жатады) аман. Мен де, октаушы да саумыз. Ал, сонадай жерде Петро жайрап

жатыр. Снаряд жарықшасы басын жұлып кетіпті. «Астапыралла» деп жағамды ұстадым.

Кейін әкем қашан өмірден өткенше анда-санда осы жайды есіне алып: «Орыс та түс көреді және түсінің айнымай келетін шағы да болатынын өз көзіммен көрдім», – деп отыратын.

– Олардың да құдайы бар. Құдайдың құдіретіне мұсылман да, кәпір де шәк келтірмеуі керек, – деп те қоятын.

Міне, мен анық та айқын білетін, ешбір қоспасы жоқ, көңіл түкпірінде жылдар бойы сақталып келе жатқан екі оқиға сыры осындай...

## ЖАҚСЫ АДАМ

*Сарыағаштық азамат, марқұм  
Әлібек Қаламбаев хақында мөлтек сыр*

Орыс қауымы жарық әлемге шынайы жаралып, шынайы ғұмыр кешкен кісілікті, қарапайым қалпымен айналаға шуақ шашып жүретін ізгі жан иелерінің тірісін де, өлісін де көбіне бір-ақ ауыз сөзбен «удивительный человек» деп әспеттейтіні бар. Біздіңше, «таңданарлық» не «таң қаларлық адам» дегенге келетін болар, сірә. Бірақ, қазақтар олай деп айта бермейді. Есесіне «жақсы адам» дейді де қояды. Осыған бәрі сиып тұрғандай. Кейде бұлай деп жиілеу айтылса да, ұжданы таза, жаны мөлдір шын жақсыларды көпшілік өзі айырып, даралап алады. Ала біледі. Бұл жалғанда мен жаманмын дейтін ешкім жоғын білетіндіктен де. Дана халықтың өмір тек жақсылармен гүлденіп, алға жылжиды, хас надан, керауыздармен таң атып, тауық шақырмайды дейтіні де философиялық бағам, түйін дегуге келіп тұр. Қысқасы, жақсының жөні бөлек. Оны ес білгеннен сезініп, қанығып келеміз. Осыған өз басымыздан да дәйек-дәлел келтірер болсақ, олар эзелден көлдария, балалық шақтан бастап (күні бүгінге шекті). Жақсылар көңіл төрінде алаулап, жаны лас жамандар өз-өзінен ысырылып қалып жаады (екен). Жә, тым таусыла бермей...

Төтесіне келсек, балалық шағы соғыс жылдарына тап келген ұрпақ не көрмеді?! Сол алапаттан сегіз-тоғыз жыл алдындағы асаршылық, үш-төрт жыл бұрынғы елді қоғадай жусатқан репрессия лаңы... Бәрін көрдік. Бір әулеттен де, атадан да

жеке қалған бейбақтар мен әр ауылда алыс жақтардан жан сауғалап келіп, қалып қойған селеу-селеу қандастар... бәрін... бәрін.. Сөзді көп созбай, өзіміз өскен алақандай ауылды алсақ, әлгіндейлер мұнда да жетерлік-тұғын. Әке-шешесі (кулак деп) алысқа айдалған ауылдастар, атамекені қайда екенін білмейтін жетімектер, сормандайлар. Бірақ, тіршілік оты сөнген жоқ. Шаңырағы шайқалып, шаруасы мандымаған ел біртіндеп ес жиды, түтіні түзелді. Соғыс аяқталысымен Көкаралда жоқ болған Нұрпейіс атамыздың жалғыз ұлы Охарты менің әкем үйлендіріп, апа-қарындастары тұрмысқа шықты. Оның да әкесі Көкаралға айдалып, шешесімен қалған Жүніс ағамыз ержетіп, Ташкенттегі заң институтына түсіп кетті (кейін аудандық, облыстық прокурор боп зейнетке шықты, бүгінде марқұм). Бір-бір атадан қосылып, тату ағайын, ел-жұрт боп отыратын топтағы біздің тағы бір апайымыз көрші ауылда бір ұлымен ғана тұрады екен. Төркіншілеп келгенде біздің үйге табан тірейтін. Өйткені, Жүніс ағамыздың анасы қайтыс боп, Охат ағамыз бізбен бір шаңырақ астында тұратын (кейін ол Жүніс ағамыз қызмет істейтін қырғыз жаққа көшіп кетті).

Әлгі (жасы менің әкемнен аздап үлкендеу) апамыздың есімі Зәмира болатын. Баласының есімі – Әлібек. Қазақ салты бойынша бізге жиен. Бірақ, сезімтал, сергек, еті тірі жасөспірімді ешкім жиен демей, әсіресе, менің (соғыста төрт жыл болған) әкем асты-үстіне түсіп мәпелейді, еркелетеді. Мұны Әлібек өле-өлгенше ұмытпай, аузынан тастамай жүрді. Жасы үлкен болғандықтан, біздің ауылға біз туылмай тұрып келгенде көрген-білгендерін әңгіме етіп айтқанда, аузымыз ашыла тыңдайтынбыз. Анда-санда олар тұратын «Мәдениет» колхозына барғанда, Әлібек жоқ, үйде апамыздың бір өзі болатын. Барын аузымызға тосып, айналып-толғанып, асты-үстімізге түсетін еді-ау қайран әпшем.

Үйде Әлібектің болмайтыны, ол іргедегі Ташкентте мұғалімдік институтта оқитын. Қысқы-жазғы каникулға шыққанда біздің үйге қыдырып келіп, аунап-қунап жатып қайтатын. Мектепте оқитын біздер оны үнемі қашан келеді деп сағына күтіп жүретінбіз. Ол келсе – мереке. Қала жайлы небір қызықты жайларды айтып, орысша кітаптан қолма-қол қазақшаға аударып, әңгіме оқып береді. Бізге әсіресе осыны

ұнайды. Бір жолы орысша оқулықтан «Айога» дейтін әңгімені қазақша тәржімалап оқығаны әлі есте.

Әлібек өнегелі, әдепті, қарапайым, ақылды, ұстамды, білімді боп өсті. Институтты бітіріп, жұмысқа кірісер-кіріспесте – сол кездегі тәртіп бойынша – әскерге алынып, үш жыл Башқұртстандағы Кумер-Тау деген жерде қызмет етті. 1952 жылы мен тоғызыншы класта оқып жүргенде сол жақтан салып жіберген суреті сақтаулы. Сыртында «Зәкірге Әлібектен! БАССР. р-н Кумер-Тау. 8.5.52» деген жазу бар. Онан соң қойған қолы. Жазуы (почерк) сұлу, әсем болатын.

Жоғарыда күллі қазаққа ортақ қасыретті жайлардан қысқаша үзіп-жұлып айта келіп, сөз арнасын Әлібек, Әлекеңе қарай тегін бұрып отырған жоқпыз, ағайын. Өйткені, сол тәшпіш-тауқыметтің бәрін ол да көріп өсті. Біздің апамыз – анасының жалғыз тал шыбығы кейін елге белгілі тұлға, қайраткер, ұлағатты ұстаз, бұтақ жайған бәйтерекке айналды. Бұл жайлы сәл таратып айтсақ, ешқашан атақ-мансап қумаған Әлібек Қаламбаев азаматтық борышын өтеп біткен бойда Ленинградқа жіберіліп, сондағы қауіпсіздік органдары үшін кадр дайындайтын курста екі жыл оқыды. Оны бітірген соң Ташкентке келіп, капитан шенінде жұмыс істеді. Ол сырт адамдар кіруге болмайтын жабық мекеме болатын. Ташкентте пәтер жалдап, анасымен бірге тұрды. Мен сол қалада студент болғандықтан, оларға жиі баратынмын. Екі-үш жылдан соң орта мектеп бітірген Роза атты қызға үйленді. Тұрмыс жағдайына байланысты Сарыағашқа қоныс аударды. Егер олай етпегенде, ұзамай кең-мол пәтер алып, шені өсіп, құрығанда полковник, әйтпесе, генерал болары тұрған гәп еді. Бірақ, амалсыз елге оралып, мұғалім, аупарткомда бөлім меңгерушісі, орта мектепте директор боп, содан пенсияға шықты. «Қазақстан халық-ағарту ісінің озаты» атағынан басқа алған орден, медаль, грамоталары қисапсыз. Ұл-қыздары ержетті. Немере, шөбере, шөпшек көрді. Ленинградта институт бітірген тұңғышы Шолпан Шымкентте жоғары оқу орнының ұстазы, жолдасы Икрам бас дәрігер. Одан кейінгі Раушан, Полат, Мұрат – бәрі отау иесі.

Әлекең алдағы таяу уақытта тоқсан жасқа толатын еді. Оған дәм-түз бұйырмады. Жақында Шымкентте болып, өзімнен екі

жас кіші туған інімнен айрылып, қайғы үстінде жүрсем де, Сарыағаштағы Әлекеңе әдейі барып көңілін сұрадым. Әйелі Розаның айтуынша, бір апта бұрын тамақ, тілден қалған Әлекең сол күні қораға шығып, сәл-пәл тыныстап, сорпа-су ішіп, сәл-пәл сөйлейтін халге жеткен екен. Бірақ, менімен төсекте жатып зорға сөйлесті. Бір-екі ауыз әлдене деді де, қайта-қайта қолын көкірегіне басып, басын қайта-қайта изеп, екі-үш қайтара атымды атады. Ризалық па, қоштасу ма, әлде, екеуі де ме... ол жағы бір Аллаға аян-ды. Ең бастысы, бір-бірімізді түсіндік, ұқтық. Әріден... Тереңнен...

Кұдай түсінбеуден сақтасын! Бақұл бол, Әлеке!

## ӘБУ СӘРСЕНБАЕВТЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Көз ашып, ес білгеннен ауыз әдебиетінің інжу-маржан жауһарынан нәр алып, арғы-бергі әйгілі ақын-жырау, көрнекті қалам иелерінің өлмес-өшпес туындыларын да, өздерін де пір тұтып, табынып өскен ұрпақ өкілдері өздерін сол үшін де қарыздар санап, күдірет-қуатын сезінумен ғұмыр кешетіні қандай ғажап десейші, шіркін. Оларсыз онсыз да ала құйын тіршілік мәні одан сайын сұрқай тарта түсер ме еді, қайтер еді деп толғанасың. Бәлкім, сондықтан да шығар, руханият атты жан дүние байлығының адамзатты алға бастап, қашанда қасынан табылып, биіктен биікке жетелейтіні. Кеудесі жақсылардың алтын сандық демекші, базбір таза жаратылысты қалам қайраткерлерінің мәңгі жасайтын шығармаларынан бөлек, көздері тірісінде айналаға шуақ төгіп, жасаған жақсылық, қамқорлық, шапағатты істері де жаңғырған үстіне жаңғырып, ұрпақтар жадынан шықпай, өздері ана дүниеге кетсе де, өзгелерді өшпес әсер-сезім, нұрға бөлеп жүреді екен. Осындай ойламаған жерден күрт бас көтерген от-жалын толғанысқа белгілі ақын Мінуар Әкімхановтың (біршама бұрын) «Ақшамда» жарияланған мақаласы себеп боп отыр. Мінуар онда өзінің бүгінгідей (бұйырған) дәрежеге жетуіне қазақ совет әдебиеті бәйтеректерінің бірі, майдангер ақын, жазушы, қадірменді Әбу Сәрсенбаевтың жасаған риясыз қамқорлығы, ақ пейіл, адал ниеті адамгершілігі хақында өзі де қобалжи отырып, ыстық ықыласпен армансыз шешіліпті.

Бәрекедді! Ақ сөйлеген ақынға шексіз алғыс! Мен білетін Мінуар осылай болса керек-ті. Тек... тек... бір сәт...

Мінуар інім Әбу ақыннан көрген шапағатын ертелеу айтса... да... болғандай екен-ау деген көлденең ой сап етті де, ізінше тілді кәлимаға келтіріп, айылды жия қойдым. Астарыпалла! Өзім ше? Әрі де, бері де емес. 1965 жылы тамыз айында медицина институтында дәріс беретін майдангер, хирург-ғалым, (марқұм) әйелімнің туған нағашысы Хамит Гайсин (ертеден дос жерлесі) Әбу сынды алыппен дастархан басында таныстырып, мен оған «Жазушы» баспасынан тұңғыш әңгімелер жинағымның шығуына көмек жасауын өтініп, ол сол күннің ертеңіне қолжазбаны сыйлас інісі Сайын Мұратбековке бермеп пе еді? Бұған дейін араласым аз Сайын сонда (Хамит аға солай атайтын) Әбу аға жөнінде әуелі тасып-төгілген жылы сөздер айтып, екі-үш күнде оқып шыққан қолжазбаны «қырнап-сырнайтын ештеңесі жоқ екен, осы қалыпта баспаға тапсыра бер» демеді ме? Обалы не, проза редакциясының меңгерушісі Сәуірбек Бакбергенов жоспарға кіргізіп, жинақ бір жылдан кейін жарыққа шықты. («Ар соты». Редакторы Дүкенбай Досжанов). Алғыс айта барғанымда қайран Сәукеңнің екіұштылау етіп: «Әбу Сәрсенбаевты танитын ба едің?» дегені ше? Бұл не? Әбу ағаның арқасы емес пе? Әлбетте! Әбу ағаның бір ауыз сөзін сыйлаған Сәукең, Сәуірбек Бакбергеновтің де арқасы шығар. Қала берді, (кітапты жуу қызығын көбірек көрген) редакторым Дүкеш, Дүкенбай Досжановтың да...

Міне, солай, Мінуар інім! Өзіңді көптен білемін. Мұқағали туған топырақтан шыққан арқалы ақындардың бірісің. Мәрт, тура, жомартсың. Жақсылықты ұмытпайтының өзінше. Оған – көп жылдар өткен соң – Әбу аға жөнінде ағыңнан жарылып жазған көлемді мақалаң да куә іспетті (дер едім күлбілтелеусіз). Сенің серпініңнен бе кен, менің де «ұйықтап жатқан» бір «күпиям» бас көтергеніне неге «бәллі» демеске! Ал, енді...

Әбу ағаның телегей-теңіз қамқорлығын көріп, шапағатына бөленгендер біз екеуміз ғанамыз ба, Мінуар! Жоқ! Толып жатыр! Оны сен де білетініне шүбәм жоқ. Көзі тірілер, бақиға озғандар бар, кейбірінің аты-жөндерін атауға болар...

Сонау жылдарда мен жұмыстанатын «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакциясына ғаламат лирик ақын Қанипа Бұғыбаева жиі келетін де, өлеңдерін оқып, басынан өткен ыстық-суықтар жайында әңгіме шертетін. Сонда көбірек есте қалғаны – Алматыға алғаш келгенде бір-екі жыл Әбу ағамның үйінде өз қызындай боп тұрдым дейтіні де марқұмның. Содан бері барыс-келіс үзілген емес, Әбу ағама ризамын, қазақта ондай адам сирек деп, заты әйел емес пе, кейде көңілі босап, көзіне жас ала толқитыны да болушы еді. Өне, Әбу ағаның жай ғана қамқорлығын көріп қоймай, Қанипа сияқты оның үйінде ет жақынындай жатып-тұрған талайларды білуші едім, бәрі бірдей еске түспей отыр. Әйтсе де, тағы біреуі жадымда...

Бірде редакцияға ұяң мінезді, қара торы өнді, әдеміше жас қыз келіп, жұмыс сұрады. «Мамандығың қандай, не бітіргенсің» дегеніме: «Әке-шешем 60-жылдары Қытайдан келген, Жармада тұрады. Өзім сонда орта мектеп бітірген соң, Алматыға оқуға келіп ем, түсе алмай, осындағы атамның айтуымен машинкашы курсін тәмамдадым. «Осында атам бар дейсің бе?» «Иә, ол кісіні бәрі біледі. Әбу Сәрсенбаев. Ауылдан келгелі сол үйде тұрамын». Мен ойланып қалдым. Бірақ, таңданғаным жоқ. Өйткені, ол Әбу емес пе? Кісілігіне қанықпын. Бір кісідей. Ақтөбе, Қостанай, Жезқазған жақтан келіп, Әбу ағаның шаңырағында тұрамын дейтіндердің талайын білуші ем (дедім ғой). Білмейтіндерім одан да көп болу керек. Демек, мына қыз мен білмейтіндердің бірі. Сәтін салғанда, редакцияда үш машинистканың бірінің орны бос, әне-міне, адам іздемек едік. «Аты-жөнің кім?» «Ғалия Мырзаметова». «Машинканы жақсы басасың ба?» Ол жауап қатпай, сызыла төмен қарады. «Неге үндемейсің? Бір орын бар. Егер жақсы бассаң, редакторға айтып көруге болады». Сонда ғана «айта беріңіз, жақсы басамын» деді. «Онда әуелі мынаны бас» деп машбюроға ертіп апарып, алты беттік қолжазба бердім. Ойым – егер басқаны дұрыс шықса, редакторға сынақтан өткізіп, бір-ақ апару. Солай болды да. Жылдам әрі қатесіз басатынына көз жеткен соң, редактор Мұса Дінішевке айтып, Ғалияны машинистка етіп қабылдадық. Ұзақ жыл жемісті жұмыс істеді. Осында пәтер алды, тұрмыс құрып,



үйлі-баранды болды. Әбу ағаның да, біздің де сенімімізді ақтады. Әбу Сәрсенбаевтың қытайлық туыстардың перзентіне жасаған сол жақсылығы да үнемі көкейімде жүретін. Рухы шат болсын!

## ӘМІРЕНІ ТАНЫП БІТТІК ПЕ?

Жалпы қауым, ұрпақ, табиғи жалғастық, ұлы тұлғаларды танып-әспеттеуде мүлт кету жоқ па, есімдері ғарышта жарқыраған (біздің) алыптар батыс елдеріндегі Шекспир, Штраус, Верди, Гете, Гейне, Шопен, Моцарт, Карузо, Паваротти, Пол Робсон, Монро, қалаберді ұлы көршіміз орыстың Пушкин, Лермонтов, Толстой, Чайковский, Крючков, Плисецкая, Уланова секілді мәңгі жасайтын жампоздардай кеңінен мәшһүр ме, аттары аталған бойда қосымша түсініксіз көкейге бірден ұялай ма? Әлде, мәселені осылайша көлденеңінен қою қазаққа лайықсыз ба? Әмірені танып біттік пе деуге не себеп? Осы күнгі үлкен-кіші «Әміре кім?» дегенге мардымды жауап айта ала ма? Әлде, тым болмаса, «Әміре ме? Ол әнші ғой» дейтіндерді сирек ұшырататынымызды жалған дейсің бе (дей алмайтыныңа күмән жоқ). Әйтсе де...

Әміре ғұмыр кешкен кезеңдегі үнемі жалғасып келе жатқан – жақсыларды тұқырту, тобықтан шалып, пұшайман ету сияқты ездiк, өсек-аян, ғайбат, жала, қасақана елеп-ескермеу салдарынан әлем мойындаған дүлдүл әншіні туған халқы қазірге дейін толық танып бітпегендей көрінетіні заңды ма деп те ойлайсың. Өйткені, елден ерек дарынымен Париж бен Майндағы Франкфурт жұртшылығын мойындатып, сол шақтағы Ромен Ролландай ұлы тұлғалар бағалаған қайран Әміре Қашаубаев (одан беріде) қашан қапияда көз жұмғанға дейін не көрмеді, қандай құқайларды бастан өткермеді?! Біздің жоғарыда аталған алыптардың кім екені мен аты-жөндерін нақпа-нақ біліп отырғанымыздай, Әміре де солардай болса маңдайға тар келер ме еді? Қайдан? Олардай болмақ тұрмақ, қазағының өзі жөнді білмейтін Әміренің, бәрібір, өнердегі орны бір сәт те ортаймақ та, ойсырамақ та емес. Кейде алдағы кезде, ештен кеш болса да, ғарыш көгіне бір-ақ шығып, әлемдік алыптардың қатарын толықтыратыны

тұрған гәп демесе. Оған алғышарттар жоқ емес. Кейбіріне әңгіме барысында тоқталамыз.

Иә, Әміренің шетелдік сапарлардан оралған соң мақтау-марапат орнына, «қырағылар» тарапынан қуғынға ұшырап, жолы болмағаны ашық айтылмаса да белгілі болатын да, елімізде Тәуелсіздік орнаған соң, көп жайдың беті ашылды. Оған дейін де біржола атаусыз, ұмыт қалған жоқ-ты. Шетелдік байқауда ән салып, өнер көрсеткені тиіп-қашып айтылып, жазылып, Алматыдағы әлдебір музыка мектебіне аты берілумен шектелгендей болса да. Республикалық, облыстық театрлар мен филармония, концерт мекемелерін бірде-біріне Әміре есімінің берілмегені енді-енді белгілі болып жатқандай.

Сонда да, Әміренің ғарышқа шарлап, жұлдызы жанатын шақ әлі-ақ келеді, келді деген сөзімізге қайта оралсақ, бұл орайда, әуелі таяуда қазақтың 1000 және 500 ән-күйін жазып алып, екі кітап етіп шығарған мәскеулік этнограф А.Затаевичке 11 ән жаздырған ұлы әншінің өлі денесі көшеден табылғаны туралы деректі «Ақшамнан» оқыдық. Неткен қысастық, жауыздық! Осы тақылеттес әфсана-жорамалдарды бұған дейін де құлақ шалғанмен, ғылым кандидаты, өнертанушы ғалым Дәурен Ескекбаевтың Мәскеу архивтерінен тапқан деректер мен дәйектерден де біраз жайлардың беті ашылғандай бопты. Ал...

«Қазақфильм» киностудиясының Әміре туралы Голливудпен бірлесіп фильм түсіргені тіпті әйбат. Әміре аруағының асқақтағанына таптырмас айғақ. Қазақстан тарапынан продюсер әрі инвестор Әлиядар Өтемұратов, Америка жағынан «ОСКАР» сыйлығының лауреаты, продюсер Эд.Джонсон екені көңілге зор сенім ұялатты. Үміт үлкен. Егер фильм жер шарына көрсетілсе, Әміренің даңқы он, жүз еселеп артары күмәнсіз. Әлемдік алыптар қатарынан тұрақты орын алатыны өзінше. Лайым, солай болғай!

Өзбасым Әміре туралы өткен ғасырдың 40-шы жылдарының соңына қарай білгенмен, білгеннен білмегеніміздің көп екенін кейіннен сезінгенімізді жоғарыда да аңғартқанбыз. Әміре жөнінде бала жастан біліп өскен жай-жапсарлар қасаң, қораш, болар-болмас, толар-толмастың ар жақ, бер жағынан аспаса да, солардың өзі оны ерен қазақ деп мақтануға же-

тетіндей көрінетін. Ол жөнінде Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыровтардың естеліктерін оқып, радиодан тыңдайтын сәттер де болатын. Тек Әміренің әндері естілмейтін. Таспаға жазылмаған дейтін (бұл өзінше өкініш).

Өткен ғасырдағы 50 жылдардың ортасына таман жарық көрген Қайнекей Жармағамбетовтың «Әнші азамат» атты повесі өзінше құбылыс, сол шақтардағы көп олқылықтың орнын толтырғандай болды. Ол да тамаша повесть жазған Зейнолла Қабдолов пен Қайнекей Жармағамбетовты – сол кітаптары үшін – Ташкент пединститутының қазақ тіл-әдебиет факультеті Алматыдан арнайы шақырып, студенттермен бір ғажап кездесу өтті. Қос қаламгер қардай бораған сұрақтарға кезек-кезек жауап беріп, жастардың рухын көтерді. Қ.Жармағамбетовтің аталмыш кітабында – Әміре Парижге барғанда жолығатын, сол қалада тұратын – Дәулет деген таксист қазақ жігіт (кейіпкері) – бар-тын. Автордың шебер суреттейтіні сонша, өз басым құдайдай сеніп, әрі Париждей үлкен қалада Дәулет сынды қазақ болғанына кәдімгідей марқайып жүретінмін. Алматылық екі бірдей аттары белгілі жазушымен кездесу үстінде Қ.Жармағамбетовке сол сұрақты қойдым. «Парижде сондай қазақ тұрғаны рас па?» – деп.

Обалы нешік, тілдей қағазда жазылғандарды оқыған Қайнекей залға күлімдей қарап: «Мына сұрақ дұрыс қойылыпты, – деді даусын құбылта шығарып. – Жазушылық тәжірибеде егер баяндалатын оқиғалармен жымдасып, кірігіп жатса, кей кейіпкерді ойдан шығаратын дәстүр бар. Тек оқушы күдік-күмәнсіз илануы тиіс. Сондықтан, мен де солай еттім. Парижде тұратын бір қазақты ойдан шығарғаным рас», – деп өзі бастап қол соққан соң студенттер қостап, зал іші жаңғырығып кетті. «Дұрыс! Дұрыс! Әміре жат жерде жалғыз болмасын деген екенсіз де!» – дегендей дауыстар естілді. Одан соң әнге кезек беріліп, еңгезердей алып денелі (бізден екі курс төмен оқитын), өнер десе ішкен асын жерге қоятын Қазбек Әзімбаев баянға қосылып, халық әні «Жас келінді» шырқады.

Ташкенттегі кездесу әдемі өтті. Алматыға келіп, «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарты ғасырдай қызмет еткен жылдарда талай-талай жақсылар мен жайсаңдарды

жолықтырып, таныс-біліс болдық. Зейнолла Қабдолов, Қайнекей Жармағамбетовпен де ұшырасқанда, Ташкентте оқығанымды, оларды тұңғыш рет кездесуде көргенімді айттым. Оны да айта кетейік, қос қаламгердің Ташкентке жолдары түскенде, ұмытпасам, Зейнолла Қабдолов «Қазақ әдебиеті» газетінде, Қайнекей Жармағамбетов «Ара» журналында бас редактор сияқты еді. Екеуі де қылшылдаған жас, жүздерінен нұр тамған жігіттің төрелері еді. Пах!

«Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет еткен жылдарда бөлім меңгерушісі, жазушы Жекен Жұмақановтың жақын інісі, үш шекті домбырада ойнайтын белгілі әнші Жарқын Шәкәрім редакцияға жиі келіп жүретін. Жарқынды бәрімізден жасы үлкен, майдангер аға Жекеннен өзгелер де жақын тартып, алақандарына салып жүрді. Терең білімді, байыпты, ұстамды жас өнерпаз Жарқынның сөйлеген сөздерінен де, айтатын әндерінен де алды жарқын екені, бұйырса, одан болашақта тек әнші емес, зерделі зерттеуші ғалым, маман шығатынына күмән жоқтай көрінетін.

Құдай жар боп, солай болды да. Сонау жылдарда Мәскеуден Әміренің орындауында таспаға жазылған бірнеше әнді тауып әкеліп, сапасы төмендігіне қарамай, грампластинка етіп шығарған Шәкәрім таяуда түсіріліп біткен «Әміре» атты қазақ-американ фильміне кеңесші болды. Аталмыш фильм көрермен жұртшылыққа ұсынылатын шақ алыс емес (болу керек).

Әне, сол Шәкәрім Мәскеуден тауып, пластинка етіп шығарған әндердің жазылу сапасы солғын, қырыл-сырылы болғанмен, Әміренің шырқау мәнері сақталады емес пе? Солардан базбір жай-түйлер аңғарылмай тұрмайды. Мәселен, өз басымның түйгенім, биік дауыспен шырқайтын Әміре кейбір әндердің кейбір тұстарын мейлінше аспандату үстінде әрін әлсіретіп, сұйылтып жіберетіндей көрінеді екен. Бірақ, бұл жөнінде жан баласына тіс жарғаным жоқ. Олай етсем, біреу сана төмендігіне сілтесе, енді біреу дұрыс қабылдай алмадыға балауы бек мүмкін.

Дегенмен, күндердің күнінде мұның да түйіні шешілгендей болды. Қысқаша былай.

Республикаға мол тарайтындықтан, ауыл, аудан, қала, облыс орталықтарынан Алматыға келетін қауымның бәрі болмаса да, кейбірі міндетті түрде «Мәдениет және тұрмыстың» редакциясына соқпай кетпейтін. Солардың бірі – жасы егде тартқан, сұңғақ бойлы арықтау, ат жақты, қара торы, сақал-мұртсыз, артық сөзі жоқ, сабырлы, байыпты, байсалды, оқыған-тоқыған, сауатты, білетіні аз емесі байқалып тұратын Мұқатай Тоқжігітов ақсақал еді. Пенсия жасына жеткен-жетпегені белгісіз, бірақ, қызметтен қалмаған Мұқан ұзақ жылдан бері Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінде лектормын дейтін. Және басына қоңыр шляпа, аяғына шымқай қара хром етік киіп келетін Мұқатайдың қолтығында қашанда қорапқа салған баяны болатын. «Алматыда қызым тұрады, соған келдім. Бұл журналды жарыққа шыққалы оқимын», – дейтін ол кейде бәсеңдеу, жағымды дауыспен ән салатын. Саяси тақырыптағы мақалалары журналда жарияланып тұратын. Қаншама жұмысбасты болғанмен де алыстан ат терлетіп келген ғазиз жанды әрдайым аялай қарсылап, құрмет көрсететінмін. Ол да кездескен сайын өзіміне елпең қаға бәйек болатын. «Семейде әкем екеуміз Әміре Қашаубаевпен бір қорада тұрып, оған талай қызмет жасағанбыз. Әкем оны жұмысына ат арбамен апарып, алып келетін. Әкем де, мен де музыканы жақсы көретінбіз. Әміренің талай әнін тыңдадым, үйрендім. Алыстан қосылатын ағайынбыз», – дейтінін де талай естуші едім. Әміренің пластинкасы шығып, әндерін тыңдаған соң, Мұқатай Алматыға бір келгенде оған жоғарыдағы ойымды айттым: «Кейбір әндерді аздап бұзыңқырап айта ма, қалай, таспадағы жазба нашар болғанмен, бәрібір, ырғақ, мәнер сақтадады емес пе?» – деп.

– Жөн, – деді ол. – Дұрыс байқағансың. Әміренің даусы сүре дауыс еді ғой, сондықтан... солай...

«Сүре» дегенді бірінші рет естісем де, мағынасын қапысыз ұқтым. Айтушының еркінен тыс аспандаған асқақ дауыс... Әйтеуір, өзіне де бір адамдай өнер қонған Мұқатай Тоқжігітов Әмірені титтей де төмендетпей, даусының орасан күштілігін солай бағамдайды екен. «Әміредей әнші жоқ, болмас та» дегенін де естідім. Сан рет.

– Әміре туралы жаздыңыз ба?

- Көп емес, жазғанмын. Кем-кетігі көп, түзету керек...
- Бізге ұсынамыз.
- Жарайды, әуелі бітсін.

Облпарткомда істеген Мұқатай Тоқжігітовтің кейінгі тағдырынан бейхабармын. Текті, зипа болатын. Қарапайым, кішіпейіл еді. Мұндай жандардың соңында жазған-сызғандары қалмауы мүмкін емес. Ұрпақтарында болуы мүмкін. Осынау жазбалар солардың бірі болмаса, бірінің көзіне ілігіп, хабарласып жатса, артықтығы жоқ.

Әміре туралы (жеке тұрғыдан) кейбір ой-пікір ұшқындары осылай, дос. Ендігі тілек, «Әміре» фильмі тезірек экранға шығып, қалың қазақты қуантса, ұлы әншіні кеңінен тануға мүмкіндік аясы да кеңі түсер еді деп қараймыз.

Әміре Қашаубаев рухы шат болсын!

### «Ақшамды» оқитын айымдар

Қазір қазақ тіліндегі тиражы аз, оқырманы селдір тартқан басылымдардың ахуалын ойлағанда көңіл шіркін төменшіктеп, ұйқы қашатыны кім-кім үшін де жаңалық та, жалған да емесі аян. Апырай, бұл қалай, оқымайтын елге айналып бара жатқаннан саумыз ба демеске әдді жоқ. Әсіресе, журналдар. Газеттер де жырғап жатқаны шамалы. Шын мәнінде 2 мыңға жетер-жетпес тиражын екі есе көбейтіп көрсететін журналдарға қалай жан ауырмасқа?! Өз басым бағы шауып, бағасы асып, тиражы 520 мыңға жеткен «Мәдениет және тұрмыс» журналы туралы ойлағанда, бір кезде (күні кеше деп те қараса болады) солай болғанына сенгім келмейтін жағдайды жиі бастан өткеремін. Бүгінгі атауы (он жеті жылдан бері) «Парасат» болған сол журналдың қазіргі тиражы 1,5 мыңның ар жақ, бер жағы. «Көзбояусыз», қоспасыз. Таза жазылғандар қанша, тек сол есептен. Редактор Серік Сарыбаев солай шешкен. Сапасы нашарлықтан емесін де назарда ұстаған мақұл. Кез келген данасы түгел оқылады. «Жұлдыз», «Үркер», «Таң-Шолпан», «Ақиқат» т.б. солай. Онда неге жазылушылар мардымсыз? Бір кездегі, айталық, бір өлеңін бастыратын қазақша газет-журнал болмаған Абай заманы әлі онша алыстаған жоқ қой. Қазақша тұрақты басылымдар Октябрь революциясынан кейін ғана пайда болып,

оларға шөліркей ұмтылған қазақ оқырмандарының енді бейжай қарап, назар бөлмеуі қай ережеге сияр екен? Бұл қалай, ағайын?

Кейбір республикалық деген аты бар газеттер ішінде тиражы он мыңнан асатындар некен-саяқ. Мейлі, тіпті, жиырма мыңға тартса да, бәрібір, жетіскендікке балау қиын. Соларға қарап, 350 мың халқы бар Сарыағаш аудандық газетінің 11 мың тиражына шүкірлік еткенмен, ол да, 3 млн. халқы бар Оңтүстік Қазақстан облыстық газетінің тиражы 30 мыңның үстінде екені де пәлендей жетістік емес. Бірақ, республикалық деңгеймен салыстырғанда, түзулеу көрінгенмен, ойлантпай тұрмайды.

Басылым өтімді, жаппай таралатын болуы үшін сапа, деңгей, мазмұны мінсіз болу لازым дегенді де құлақ шалады. Обалы не, қазақ тілді басылымдарда әзірге ол жағынан осалдық жоқ. Ізденіс, талпыныс қалпында. Артығымен. Онда нетпек керек? Бұған кесіп-пішіп бірдеңе деу – жеке пендеге ауыр жүк. Аталы сөз, келелі пікірді көпшіліктен күткен дұрыс шығар (дейміз).

Төменде сөз еткелі отырған жайлардан алдын осылайша аз-кем толғаныстың пайдасы болмаса, зияны жоқ шығар деп шамаладық. Енді негізгі айтарымызға келсек, тиражы тасып-төгілген, жұртшылық солардың бәріне де ынты-шынтыларымен жаппай жазылған, жазылатын қазақша басылымдардың қалың оқырманмен біте қайнасып, рухани тірегі, жан азығына айналған кездерге куә болған (біз секілді) аға буын өкілдері әлі де жақсылықтан үміт үзбей, болашаққа оптимистік тұрғыдан қараудан танған емес, танбаса да керек.

Ал, қазақ баспасөзінің аруағы асқан сол кездерде, шүкір, айналадағы өзге басылым қызметкерлері, басшы-қосшыларымен қатар жүріп, қатар тұрып, кейбірімен жақын аралас-құралас ғұмыр кешкен шақтар неге ұмытылсын. Қимастықпен еске түсіп, сағыныш баурайды.

Бәрін айт та, бірін айт демекші, өз басым сырдың суы сирақтан келмей, шалқып-тасып, жүктелген міндетті қайтсем дұрыс атқарамын деп шыжкеуек боп жүретін мезгілдердегі жақын араласқан сыралғы әріптестердің үйлеріндегі тамаша зайыптарына гүл ұсынып, шайларын ішуден өзгеге мән де

бермей, көңіл де бөлмей, тік барып, тік қайтып жүретініміз осы күнде еске түссе, біртүрлі бейжай күй кешесің. Олардың өмірден өткен жарқосақтарының рухына тәу еткеннен бөлек шара жоғына төзесің. Сөйте отырып, өзі аяусыз сынап-мінеген адамдарын да аялап, ардақтап өткен кешегі қайран Герольд Бельгер айтқандай, бәріне тәубе дейсің.

Тәубе! Тәубе!

Газет-журналдардың ыстық-суығына төзіп, сатылап өсіп, басшылық сатыға көтерілген аға буын марқұмдардың үйлеріндегі айымдары бүгінде кезінде айналаға қадірлі болған бас иелерінің шаңырағын шайқалтпай, шамын сөндірмей, ұрпақтарына пана, ақылшы боп, немере, шөберелерінің шапағатына бөлене ғұмыр кешулі. Ұзағынан!..

Енді әңгіме желісін солардың базбіреулерінің аты-жөндерін атай отыра өрбітер болсақ, еске алдымен «Қазақстан коммунисті» журналы, «Қазақстан» баспасы, өзге де құзырлы мекемелерде басшылық лауазым атқарған майдангер журналист Құрманбек Әбілдаевтың зайыбы Гүлзада жеңгеміз түседі. Әсіресе, ағамыз өмірден өткен соң біраз жыл ауық-ауық телефон соғып, «Ақшамнан» оқыған дүниелері туралы жылы пікір айтатын. Мектепті орысша бітіріп, Оқу министрлігінде Басқарма бастығы боп істеген Гүлзада жеңгеміздің қазақша таза сөйлеп, жазып, ұлт тіліндегі басылымдарды түгелге жуық үйіне жаздырып алатыны журналист ағамыз Күрекен, Құрманбектің арқасы шығар деп қарайтынмын (шындық солай екеніне не талас). Осы күнде көп хабарласпаймыз, жасы ұлғайғанын білеміз. Бірақ, «Ақшамды» оқып тұратынынан хабардармын. Оқта-текте телефон соғамын. Кейде алып, кейде алмайды.

Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының тумасы, Мәскеуде Жоғарғы партия мектебін бітіріп келген бойда «Жетісу» газетінде редактордың бірінші орынбасары, Алматы облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары, Семей облыстық газетінің редакторы, Президент аппаратында жауапты қызметтер атқарып, зейнетке шыққан соң өмірден озған аса аяулы аға дос Ермұқан Әбдірахмановпен ұзақ жыл тонның ішкі бауындай жақын болдық.



Әне, сол Ерекеңнің үйіндегі Бикамал да «Ақшамның» тұрақты оқырманы, жиі хабарласып, пікір бөліседі, басылым атына ақ тілегін айтады. Үнемі. Ұдайы.

Шыны керек, ғұмырының көбі «Социалистік Қазақстан» газетінде өтіп, сонда бөлім меңгерушісі, жауапты секретарь болған, одан «Жетісу» газетін он екі жыл басқарған белгілі журналист Пернебек Бейсеновтің жарқосағы Күлән жеңгеміздің газет-журналды беріле оқитынына ағамыздың көзі тірі кезінде мүлде мән бермеген екенмін. Міне, Пернекең бақиға озғанына алты-жеті жыл болса, содан бері Күлән жеңгемізбен сөйлескенде ол бірінші сөздің бісіміллесін газет-журналдардан не оқығанынан бастайды. Пікірлерін жіпке тізгендей етіп баяндайды. Біраз басылымды, ішінде «Ақшам» де бар, жаздырып алатынын айтады. «Ақшамға» ықыласы алабөтен.

Айтпақшы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі жазушы-журналист Балғабек Қыдырбекұлының зайыбы Сафураның да «Ақшамды» оқитынын Күлән жеңгемізден естіп жүреміз.

Пернекеңнен кейін «Жетісу» газетіне бір жыл редактор болған марқұм Баймолда Мусиннің зайыбымен көрген жерде бас изеп қана амандасушы едік. Таяуда көбіне төмен қарап, тұйықтау жүретін ол кездейсоқ ұшырасып қалғанда: «Ақшамдағы» мақалаңызды оқып риза болдым», – деп ағынан жарылады.

Туберкулез институтына ұзақ жыл директор болған марқұм профессор Әлдеш Жүнісбековтің зайыбы Пернекүл, басқасын қайдам, «Ақшамды» көп жылдардан бері жаздырып алып оқитын жанашырдың бірі. Анда-санда пікір айтады. Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігінде Басқарма бастығы болған марқұм Көпжан Арынбаевтың зайыбы Раушан, сонау жылдарда Алматы қалалық сотының төрағасы болған (ол да марқұм) Әбдіразақ Әубәкіровтің зайыбы да көрген жерде «Ақшамды» оқитындарын аңғартады. Барлығына Алланың нұры жаусын. Алматы тұрғындарының сүйікті газеті «Ақшамның» мәртебесі арта берсін.

## «... ІШКІ ӘЛЕМІ САЙРАП ТА, ЖАЙНАП ТА ТҮР» ақын Өзбек Дүйсенбаев хақында

Қазіргі Сарыағаш ауданына үш-төрт рет қосылып, үш-төрт рет бөлініп, жеке аудан болған жылдарда екінің бірінің жадында қала бермеген бұрынғы Келес атты аудан ақыры сонау бір жылы қайтадан Сарыағашпен бірігіп тынды. Біздер сол аудандағы жалғыз орта мектепті бітірген 1953 жылы атауы Келес болатын. 50-60 колхоздан жинайтын (оқушы) бала саны аз, қатарлас (параллель) екі-ақ класс болған-ды. Бұл не? Кеңестік кезең ойраны, қолдан жасалған сүргіндер салдарынан халық саны азайып, біржола жоқ бола жаздағанының көрінісі-тін. Сол «Ленин жолы» орта мектебін бітіргендердің ішінде жоғары оқу орындарына түсіп, білім алғандар да, тұрмыс тауқыметінен алысқа ұзай алмай қалып қойғандар да болды. Бізден екі жыл бұрын бітірген Өзбекәлі Дүйсенбаев сол топқа жататын.

Ол кездегі мектеп оқушылары сабақты үздік оқумен бірге, болашаққа сенімдері селкеусіз, армандары асқар таудай-тын. Ең ғажабы, келешекте математик, химик, геолог, инженер, ұшқыш болсам дейтіндер әдебиетті жаңғақтай шағатын. Өлең жазып, сурет салатындар өзінше. Ал, Өзбекәлінің қабырға газетіне салатын суреттері тіпті ерекше, бірден назар аудартын. Болашақта атақты суретші болатынына ешкім шәк келтірмейтін. Ойлы, зейінді, алғыр, рухани жан дүниесі бай екені бала жастан байқалып, көзге ұрып тұратын. Әттең...

Үйдің үлкені болғандықтан, өзінен кейінгі бауырларына қамқор боламын деп ешқайда бармай, қалып қойды. Суретті жақсы салатындықтан, жазуы тасқа басқандай әсем, сұлу еді, сондықтан, аупартком қызметке алып, есеп секторының меңгерушісі болды. Осы қызметте ұзақ жыл отырды. Өз басым Өзбекәлі жазған партбилетті кейін (Алматыда) ауыстыру кезінде ішім удай ашып, қимай-қимай өткізгенім есімде. Көп жылдар өткен соң Өзбекәлі аупарткомда бөлім меңгерушілігіне жоғарылады.

Көзі ашық, көкірегі сара Өзбекәлінің көп оқып, көп түйетінін мектептен білетіндіктен, ауданға аяқ іліккен бой-

да бірден соған барып, дөкейлерге сонан соң кіретінмін. Өзбекәлі мұны жақсы біледі.

Тағы бір айтарым, Өзбекәлінің отбасы жағдайына байланысты өзін «құрбандыққа» шалған мәрттігі тек кеткен жоқ, інілері, бала-шағасы шетінен белгілі суретші болды. Қазір біразы Алматыда тұрады. Үлкен атақ-марапатқа ие болған інісі Кенжебай Дүйсенбаев белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Өзекеңнің бір баласы колледжде сабақ береді.

Біраз жылдан бері хабарласа алмағанмен, аман-саулығын біліп, сырттай тілектестігім үзілген емес-ті. Ал, кейіннен білгенім, Өзекең тіпті де тегін болмай шықты. Таяуда қолтаңба жазып, арнайы жолдаған кітабын алдым. Парақтап отырып, басыма бірден «е, бәсе» деген ой келді. О баста жоғары білімі жоқтығын жиі айтатын оның үлкен ой иесі екеніне айғақ дерліктей осынау тұңғыш кітабының алғысөзін мейлінше әділ, кішіпейіл, бүкпесіз, сыршыл ақын Исраил Сапарбай жазып, ол да бұрын білмейтін Өзекеңнің жаңа қырын ашқанын әрі таңданып, әрі сүйсіне баян етіпті. Енді бұрын-соңды жазған-сызғаны еш жерде жарық көрмеген (қателессек, кешірім өтінеміз) Өзекең жайлы екі-үш беттік алғысөзінде Исраил не дейді екен, соған назар аударып, тұжырымдарына ден қойып көрейік. И.Сапарбай айтады: «Кеңестік кезең кезінде қолжазбаларды көп оқитынбыз. Баспаның жылдық жоспарына енгенін де, енбегенін де. Ақ пен қараны айыру мақсатында. Ал, мына қолжазбадағы өлеңдер эп дегеннен көңіл ауанымды әріге тартып... Әдемі ағыспен... иіріміне ала жөнелді. Басаяғы қысқа да нұсқа... Мұнда ғибратты нақыл да, ұстаздық ұсталық та, қыл аяғы бүгінгі поэзияның ырғақ-иірі де қылаң береді. Жалықтырмайды, қызықтырады. Зеріктірмейді, зейін аударады... бір сәтте оқып шығасың... қолжазба иесі кемінде жетпіс бес жаста, ары аттасақ сексенге иек артқан. Көргені көп, түйгені одан да көп».

Осылай дейтін И.Сапарбайдың кезінде қол қысқалықтан алысқа ұзап оқи алмай қалған Өзбекәліні соңғы жылдардың бірінде кездейсоқ ұшыратып, шығармаларын тұшына оқығаны байқалып тұр. Ол занды да. Өзбекәлінің де көлемі

онша көп емес өлеңдерін бұған дейін ешкімге көрсетпегені аңғарылады.

Тағы да Израилдың: «Қайбірде Абай ауылына барып қайтасың, енді бірде Мұқағали мен Еркіннің Елшенбүйрегіне есі-дертің кетеді. Құлқынымызды құр мақтауға жегуден аулақпыз, сенбесеңіз, мына білем-білем, бунақ-бунақ тұздығы ащы да тұщы жыр жолдарына назар аударыңыз» дегеніне қараңыз:

*«Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен,  
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен...»*

*Бабаларым, кешіре гөр ұрпақты*

*Жете туу орнына кері кеткен.*

*Дертке айналған*

*құлдық мінез меңдеткен,*

*Айырды зой елдік, ұлттық келбеттен.*

*Қассақ пенен Ертүріктің ұрпағы,*

*Бесігіңді ұмыттың-ау тербеткен?!*

*Құраманы жинап алып ел еткен,*

*Құралайды қуып ұстап мал еткен,*

*Байтақ жерге сиыспайсың неліктен,*

*Бір-біріңмен жұлқысасың не бетпен?»*

Бірде олай, бірде бұлай өрбіп, кербезсіген буынның, ұрпақтың мінез-құлқын сексендегі қарияның қырымды шалған қырағы көзі қапысыз көріп, көріп қана қоймай, байқамшыл бағасын беріп те отыр. «Жоқ, олай емес» дей аласыз ба?» (И.С.).

Израилдың алыстағы Абай ауылында тұрып, ешқайда шықпаған Өзбекәлінің қолжазбасына таңдана үңіліп, өрнекті өлең жолдарының еріксіз «тұтқынына» айналғандай күй кешкеніне сіз де еріксіз сүйсінесіз, талантты талант танидының шындығына куәгер боласыз. Табиғилық, шынайылық, тазалыққа тән бересіз.

Сөз тағы да өз басы да қарапайым, кішіліктен де, кісіліктен де кенде емес Израилға: «Қарияның жас мөлшерін асырып та, жасырып та отырғанымыз жоқ, өзі айтып отырғанда өрекіп неғылайық.

*«Қызығы араласқан қасіретпен,*

*Ұзақ жол артта қалды басып өткен.*

*Сексен атты бекетке таяп келдім,  
Татуға сыбағамды нәсіп еткен...»*

Шау тарттым, шалдықтым демейді, сексеннің өзін нәсіп көреді. Енді мына жолдарға қараңыз. Абай мұрасының иісі аңқып тұр.

*«...Күйкіден кезде босаған,  
Татымсыз күлкі күйлеппін.  
Мұңсыздың жауы – Қосаба,  
Уайым барын білмеппін.  
Құрық сап қуып әр күнді,  
Жетуді ойлап айлыққа,  
Ұқсайды өмір сарқынды  
Бартерге кеткен байлыққа.  
Өтпейді енді өтініш,  
Кетті өмір өтіп өткелден.  
Оралды болып өкініш  
Күндерім ойсыз өткерген».*

«Ұқсайды өмір сарқынды, Бартерге кеткен байлыққа» дейді-ау, шіркін. Иі мен күйін келтірсе, заманауи жаңа термин де «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» кәдеге аса береді екен-ау. «Өлеңі жас, өзі жасамыс жарықтық бірден-бірге ішке еніп барады» дейтін Исраил оған айғақ ретінде мынадай шумақтар келтіреді:

*«Жасым келді жетпістің бесеуіне,  
Бірақ көңілім өспеді бес елі де.  
... Жетпіс бес төртке бөлді түн ұйқымды,  
Кірпі кіріп кеткендей төсегіме.  
Елім деген есепсіз қуғын көріп,  
Билік беріп қойған кез есеріне.  
... Тұлпарлардың қан түсіп аяғына,  
Бәйге әперіп жүр арсыз есегіне.  
... Қылмыс билік жүргізген қилы кезең,  
Ондай қозғам өспейді, өшеді де...».*

Тұздығы ащы, шындығы бұлтартпайды... Арғы-бергіні қатар көрген ақынның ішкі әлемі сайрап та, жайнап та тұр. Бүгінгі күннің митыңына өкініші де, өкпесі де аз емес... Оқырманға да сөз қалдырайық. Өзбекәлі ақсақалдың өзге де өлеңдері бар ма, жоқ па, бізге беймәлім. Бізді отыз шақты өлеңінің өзі қанағаттандырып тастады», – дейді Исраил.

Соған карағанда, Өзбекәлінің мына кітаптағы (сол отыздан бөлек) 203 өлең, 10 бет төрттағандар мен сұхбат, 90 түйіндеу, сонет, сұхбаттар Исраилдың назарына түсе қоймаған сияқты. Тіпті, өзі алғысөз жазған кітаптың жарыққа шыққанынан да бейхабар екен, маған Өзбекәлімен сонау жылы кездейсоқ жолығып, бір түн әңгімелескенім бар, біраз өлеңдерін сонда берген еді деді де қойды. Исраил, саған бәрекедлі!

Аталмыш кітап маған да кешігіп жетті. «Қарт көңілдің «Аманатын» (кітап аты солай) ұсынушы ескі досың» депті де қойыпты. Басқаға болмаса да, тумысынан бекзат, қарапайым, өзін бүкіл өмір бойы «Қ.Ө» газетінің жанашыры, қолдаушысы санап, әр жыл сайын біраз қауымның жазылуына ұйытқы боп жүретіні ақыл-ойы зерек, талантты жанға бек жарасатын жақсы жоралғы демеске әдді жоқ. Ендігі жерде оған құлашты кеңінен сермей түс деуден бөлек не айтайық. Алға, сексенді еңсерген сері дос, Өзбекәлі, Өзеке!

## ТОҚАШТЫ БАЛА ЖАСТАН БІЛІП ӨСТІК

Қашан көрсен де, сәл кіжініңкіреп, сәл тістеніңкіреп, сәл мысқылданқырап, жымыиңқырап, кейде қабақ түйе бұрқылдай жөнелетін де, ізінше сабасына тез түсе қалатын, сығырайыңқыраған отты көздерінің бірі кейде одан сайын сығырайып кететін Тоқаш Бердияровтың, егер татар дәмі ертерек таусылып, мезгілінен бұрын бақилық болмағанда, бүгінде қатар-құрбы, қаламдас, замандас, қалың ел-жұртының ортасында әзіл-қалжыңын айтып, шалқып жүрері сөзсіз еді-ау! Дариға-ай! Шығармаларында өзі де қайта-қайта қадап айта беретініндей, оның бұл фәни жалғандағы табан тірер жалғыз сүйеніші – қызығына тоймай өткен тәтті өмірдің өзі және артында қалдырған мәңгі өлмес жырлары.

Бір жолы маған: «Осы біз екеуміз қашан, қайда танысып едік? Есінде ме?» – десін.

– Есімде. Сізді алғаш рет Нарпоша апайдың үйінде көргенмін.

– Нарпоша нең болушы еді?

– Өзіңіз білесіз, соғыстан кейінгі елдің жағдайы қиын болғанын, – деп түсіндірдім. – Біздің (кейін Сарыағашқа қосылған) Келес деп аталатын ауданда не көп, кішігірім колхоз көп. Ал, орта мектеп күллі ауданда біреу-ақ (болатын).

Аудан орталығындағысы, колхоздардан келгені бар, соның өзінде сол жалғыз орта мектепте бала саны көп емес-ті. Әр класс екеу-екеуден ғана. Ауыл балаларына аядай интернат тар, сыймайды. Сондықтан, әркім тапқан баспанасын сағалайды. Тоғызыншы класта оқитын үш-төрт бала 1952 жылдың күзінен қыс түсіп, қар жауғанша аудан орталығында майда-шүйде кәсіппен күнелтетін Нарпоша деген әйелдің қорасындағы бос тұрған шағын үйшікте жаттық. Нарпоша адамгершілігі жоғары, мейірімді болатын, бізден ақы-пұл алмайтын. Төсек-орындарыңды әкеліндер де, жата беріндер дейтін. Едені сыз, пеші жоқ, ескі баспанада қар жауғанша жататын себебіміз сол. Әрі қарай әркім өз жөнін табады.

Ол кезде әдебиетке құштарлық үлкен. Ара-тұра өзіміздің Келес ауданынан шыққан ақын бар екен, аты-жөні Тоқаш Бердияров екен деп естіп жүреміз. Газет-журналда басылған өлеңдерін қызығып оқимыз. Алматы – арман. Онда кілең мықтылар тұрады, олардың ішінде жүрген Тоқаш Бердияровта не арман бар деп те ойлаймыз, әлбетте.

Қара күз. Екі-үш күн қатарынан жаңбыр жауған. Аспан ала бұлт. Табиғат жабырқау, қабағы салбырап, бір жадырамайды. Ызғырық жел сүйектен өтіп, еңсені езеді, көңіл құлазытады. Кенет... о, тәңірім, тосын хабар! Тоқаш келіпті! Келгенде, дәл осы қазір іргеміздегі Нарпоша апайдың үйінде отыр-мыс. Үш-төрт бала дүркіреп сыртқа шықтық. Қора ішінде жүрміз. Мақсат – Тоқаш та тысқа шыға қалса, жүзін көру, тілдесіп қалу.

Көп күттірген жоқ. Ұзамай көкшіл костюм-шалбар киген, шымыр денелі, орта бойлы, көмірдей қап-қара шашын жоғары қайырған, жұқалтаң мұрты бар, қара торы жігіт ортамызда жаймашуақ әңгіме айтып тұрды. Тоқаш осы еді. Бізді баласынған да, жатсынған да жоқ. Төбеміз көкке жетті. Сұрақ үстіне сұрақ қоямыз. «Сәбит Мұқанов қай көшеде тұрады?» «Артиллерийскаяда», – дейді ол. (Осы адреспен Сәбит Мұқановқа талай рет хат жаздық).

Әйтеуір, өзіміз ұнадық па, сөзіміз ұнады ма, Тоқаш бізбен едәуір шүйіркелесті. «Менің есімім Тоқаш емес, Торқыс, Торқысбек», – деді. Бірақ, содан қайтып бұл атауды ешкімнен естіген емеспіз. Есімі Тоқаш боп қала берді.

Екеуміздің алғаш рет қашан кездесіп, танысқанымыз жайлы сұраған Тоқашқа осынау жайларды тәптіштей баян-

дап бергенімде, ойына қайдағы-жайдағылар түскен қайран ақынның жүрегі тебіреніп толқығаны сонша, бір жерге барып сыра ішейікші деп емеурін білдірді. «Саған аттым ба, айтпадым ба, жуықта менің әлгі бір өлеңдер жинағым шығып еді ғой, – деді әдеттегісінше, селқос сөйлеп. – Егер нансаң, соның қаламақысынан қалтамда көк тиын жоқ. Біреулерге қарыз едім, оны бердім. Онан соң, әлгі... – деп, селк-селк күлді. «Білемін, Тоқа, – деймін. – Хабарым бар». Білетінім – осыдан біршама бұрын кезекті өлеңдер жинағы шыққан, ақшасын оңды-солды жұмсап, талайдың көңілін тапқан. Солардың ішінде жүзге тарта студентті ресторанға шақырып, қонақ еткен (мен де қатысып, куә болғанмын).

Міне, сол Тоқаш, ешқашан тиын-тебеннің құлы боп көрмеген, қолы ашық, мәрт Тоқаш кей-кейде арзымас жерден соңынан сөз ілестіріп қап та жүретін, жарықтық. Оны өзі де білетін. Кейде отқа қасақана май тамызып, ушықтыратын да өзі болатын. «Мұныңыз қалай?» десек, қолды бір сілтейтін.

Дос-жараны, сырлас-мұндастары аз емес еді. Толып жатқан жыр жинақтары, көзі тірісінде таңдамалысы жарық көрді. Дүкен сөрелерінде саржамбас боп жатқан Тоқаш кітаптарын ешкім көрген емес. Пышақ үстінен бөліп әкететін.

Тумысы бөлек тарланбоз қай-қай ақынның да тек бір өзіне ғана тән, бір басына ғана сиымды қырлары аз болмайды, әдетте. Ботааш деген жасы қатарлас, балалар үйінде бірге тәрбиеленген досы бар-тын. Елде тұрып, тәуір қызмет істейтін, денесі шағын, мойны қылқиған Ботааштың, неге екенін қайдам, тістері сап-сары боп жүретін. Басына дағарадай шляпа киетін. Бір жолы сол Ботааштың әйелі Тоқашты түнде үйінен қуып жіберіпті деген қаңқу сөз тарасын. Біршама уақыттан кейін республикалық газеттердің біріне Тоқашның әңгімесі жарияланды. Бас кейіпкерінің шляпасын «тайлаққа артқан шаңырақтай», тістерін «сап-сары жүгерідей» деп сипаттайды. Айнымаған Ботааш. «Бұл қалай?» – дейміз. Тоқаш ащылау жымиды да қойды. Ал, Созақта тұратын Ботаашпен достықтары үзілген жоқ. Ботааш астанаға келгенде алдымен Тоқашты іздейтін.

Қаншалық асау, кірпияз, кінәмшіл бола берсін, бәрібір, сырбаз суреткер, талғампаз ақынға тән ішкі мәдениеті байқалмай, аңғарылмай тұрмайтын. Бір жолы Сарыағаш аупарткомының бюро мүшесі Бектен деген жігіттің үйінде –



Төлеген Айбергенов те бар – дастархан басында жан-жақты білімділік, мәдениеттілік көрсетіп, сырбаз қалып танытты. «Пах!» – дестік.

Өзімен қатар ғұмыр кешкен замандастары Құдыш Мұқашев, Төлеужан Исмайылов, Фатих Дінісләмов, Ақат Еспаев, Шәміл Мұқамеджанов, Мұқағали Мақатаев, Нұрсұлтан Әлімқұловтардың (басқалар да аз емес) көбінің аты-жөні Тоқаштың жыр кітаптарында аталады. Кіммен аралас-құралас болуды білетін. Қай дәуірде де шын дарын иелерінің асығы алшы тұра бермейтінін де білетін. «Мүшелтой туралы» өлеңінде өзі жайында:

Өмірім бұрқырап өтті ғой,

Ашыған қымыздай сабада.

Күндерім – телеграф сымдары,

Жылдарым – ыздиган бағана, – дейді.

Бұған не қосып-алары бар?! Дәл солай. Бірге тумаса да, өле-өлгенше бірге жүріп, бірге тұрған Мұқағали ақын өмірден өткенде:

Сен жоқсың!

Жан табылмас енді сендей,

Мен жүрмін бірде сеніп, бірде сенбей.

Таусылған ішіндегі сыбағасы,

Жатырсың төңкеріліп нән кеседей, – деп тұншыға жылады, көз жасын көлдетті.

Бұған не қосып-алары бар?! Дәл солай. Шындық!

Атаулы мерейтой болсын, белгілі біреу қайтпас сапарға аттансын, ондайда апыл-ғұпыл өтімді өлең жазып, аттанға сүрен қосып, көп алдында суырыла оқығанын көрген де, естіген де емеспіз. Бірақ, қай-қайсысында да бейжай қалмайтын. Бәрі кітаптарында. Іздеуші солардан табады. Бір Тоқаш осындай еді дейді ақынның артында қалған жыр мұралары...

Ірі тұлғалардың көзі тірісінде бір-біріне етене үйір болуын базбіреулер өздерінше пайымдап, әлденеге жорығансиды. Бұл бос сөз. Тұлғасы нардай, атағы дардай болғанмен, тұзы татымсыз, нәрі кемшін тұрғыластарына Тоқаң өзі де жоламайтын, одан олар да көш аулақ жүретін. Алайда, Тоқаң біреу-міреудің дарынсыздығын бетке баса бермейтін, сөкпейтін. «Жұрттың бәрі Пушкин, Абай болса, поэзияда не мән қалады?» дегенді жиі айтатын.

Оның есесіне, зілі аз, кермек әңгімелерді жиілеу айтатын да, «кисық сөз күлмекке жақсы» деп жөндемелеп қоятын.

Қазан айының орта тұсы. Ауа райы кілт бұзылып, әуелі жаңбыр, соңынан жапалақ-жапалақ қар жауды. Дәл осы шақта қызмет бөлмеме Тоқаш кіріп келді. Келді де, терезе алдына барып, сыртқа көз тастаған қалпында: «Қар жауып кетті. Ақ емес, қызыл болса да жарар еді, – деді әлденені меңзеп. – Сыртта Нұрсұлтан (Әлімқұлов) тұр». Түсіндім. Керегін бердім. Үнсіз шығып кетті. Несі бар!..

Еркелеп келді, еркелеп кетті. Әбестігі жоқ. Адам бар жерге адам келеді. Күні ертең не зейнетақы, не кітабына ақша алады. Сонда тағы келеді. Дудыратып шашады. Ештеңе дей алмайсың. Себебі, ол ақын. Ақын болғанда да, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, өшпес із қалдырған, поэзия көгіндегі жарық жұлдыздармен қатар тұрған саңлақ ақын! Сардар ақын!..

Қысқасы, Тоқаш елдің еркесі, ақындардың серкесі, санаулы дарын иелерінің бірі-тін. Оның қысқа ғұмырында көрген, бастан кешкен сан алуан жай-жапсардың бәрін қамтыдық демеіміз. Ол мүмкін емес. Бұл жолғымыз – әруағын тірілтіп, есімін еске алу. Рухы шат болсын!

## БРУСИЛОВСКИЙ 31 ОПЕРА ЖАЗҒАН

### *Ермек Серкебаев солай дейтін*

Қазақ қауымының барлық буынына өлшеусіз рухани нәр берген Абай атындағы опера және балет театры бірегей өнер ордасы, ұлттық мақтаныш. Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдарда шаңырақ көтеріп, елдің даңқын асқақтатуға қосып келе жатқан үлесі орасан. Онда арғы-бергіде қызмет еткен халқымыздың дарынды ұл-қыздары Отанымыздың даңқын күллі әлемге жария етті, етіп те жүр. Бар болғаны 24 жасында СССР халық артисі атанған Күләш Байсейітова, 33 жасында сол атаққа ие болған Ермек Серкебаев не тұратын еді. Иә, өткен жылы бақиға озған Ерекең, Ермек Серкебаевтың есімін де өткен шақпен айтып отырмыз. Жасы тоқсанға жақындап өмірден озған оның (бірыңғай ұстаздықпен айналысып) опералық басты партияларды орындаудан алдақашан қол үзгенін білсек те, осы жолы бұл фәниде жоқтығы алабөтен білініп, орны үңірейіп тұрғандай әсерде болдық. Яғни, «Ер

Тарғын» операсының өткен жолғы бір кезекті қойылымы кезінде. Неге екені белгісіз, сахнадағы Ер Тарғын мен Ақжүніс көз алдымызға Ермек пен Күләш боп елестеді де отырды (өз басым Күләшті сахнадан көрмесем де). Қазақ өнерінің тарихы қоса ойға оралып... тағы да әлденелер...

Бұл жерде қазақ өнерінің (театр деп біл) тарихы дегенде, советтік кезенді меңзейміз. Қазан төңкерісіне дейін опера, балет, концерт, оркестр, композитор, дирижер, маэстро, метр дейтін ұғымдар болмағанын мәнзалдаймыз (әлде, болып па еді?). Және солардың арқасында тұтас халықтың орасан зор рухани байлыққа ие боп, басқалардан асып кетпесе де, қалып та қоймай, терезесі теңелгендей болғанын да бағамдаймыз. Бағамдай отырып...

Тыңға түрен салып, оларды жасаған кімдер еді дегенде амалсыз тосыламыз. Басқадай мүмкін емес. Осы біз қазаққа әлемдік өркениетпен өзектес өнер үлгілерін әкеліп, ақ тер, көк тер болған бастаушы қайраткерлердің жанпида еңбегін ұмытқаннан саумыз ба, жазатайым ұмытып, ардақтау, еске алуға енжар емеспіз бе? «Ер Тарғынның» сол жолғы кезекті қойылымын тамашалау үстінде осындай бір бейжай ой-сезімдер иектеп, көкіректі тырнаудай тырнады. Әсіресе, Брусиловский... Өткен ғасырдағы 30-шы жылдардың басында атышулы Ахмет Жұбанов Ленинградқа барып, сондағы консерваторияны енді бітірген жерінен «қақпайлап» Алматыға әкелген Евгений Григорьевич... Онан соң өзіне ұстаз тұтып, оны да Мәскеуден «әкелген» Латиф Хамиди екеуін ардақтаған Ахаң, Ахмет Жұбанов. Бұл орасан ерлік, жанашырлық еді. Брусиловский де, Хамиди де қазақ өнеріне терең бойлап, ықпыл-жықпылын шебер меңгерді. Опера, балет, симфония жанрларын жандантумен бірге, ұлттық кадрлар дайындады, қазақша шығарған әндері өз алдына. Ол екеуінің алдында сахараға сапар шегіп, ой мен қырды шарлау нәтижесінде қазақтың мың және бес жүз әнін жинап, екі бірдей кітап етіп шығарған – Мәскеуде тұратын – халық әртісі А.В.Затаевич бар-тын.

Олар аз десеніз, қазақ музыкасын зерттеп, түрлі жанрда шығармалар жазған Шабельский, Шаргородский, Орлов, Мацуцин, Ерзакович т.б. болмады ма? Қазақтың кәсіби музыка өнері солардың арқасында шешек атып гүлденбеп пе еді. Солай, бірақ...

Соларға мән беріп, тиісінше, бағалай алдық па? Жоқ! Оған бір ғана дәлел – 1958-59 жылдары «Қыз Жібек» операсының афишаларында Брусиловскийдің атын атамай, музыкасын қасақана халықтікі деп көрсетіп, СССР халық артисі атағына ұсынбай, ақыры ол өкпелеп Мәскеуге кетіп, сонда дүниеден өткені, қазақтың қаншама халық әнін өңдеп-қырнап, қаншама әншілерге қамқорлық жасап, зерттеу кітаптар шығарған Борис Ерзаковичті өсек-аяңға таңып, жерге қарату десек те жетіп жатқандай (бұлар бір шөкім жөренесі). Ал, Брусиловскийге қайта оралсақ...

Ермек Серкебаевпен жасалған эссе-диалог («Маэстро») кітапта Ерекең Брусиловскийдің қазақ тақырыбына 31 опера жазып, солардан сахналанғаны «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» екенін айтады. Үшеуі де халық әндерінің інжу-маржандары негізінде. 1967 жылы «Қыз Жібек» операсы мыңыншы рет қойылып, ол мәдени өмірдегі елеулі оқиға ретінде атап өтілгені, «Ер Тарғын» операсы да одан аз қойылмай, өзбек опера театрында сахналанғанына қарағанда, олар бертінге дейін көрсетіліп келген болса керек. Соңғы он бес, жиырма жыл көлемінде сахнада жылына бір-екі рет қана шаң береді. Соның өзінде тек қана қазақтың халық әндерінен тұратын осы екі операға ағылып-төгіліп келетін қазақтарды байқау қиын. Ау, бұл енді (шығармашылық оқиғасын айтпағанда) түсінде тыңдай алмайтын ғаламат ән-күйлердің қазынасы емес пе? Бұл мақала жазылар ма еді, жазылмас па еді, «Ер Тарғын» қойылған күннің дәл ертеңінде бұдан отыз жыл бұрын радиоға жазылған Илья Жақанов екеуміздің музыкалық сұхбатымыз түнгі сағат он бірде эфирден беріліп, сонда Ілекең осы жайларды қинала, күйіне сөз еткенін (тағы да) тыңдамағанда. Тыңдадым да ойға қалдым: содан бері не өзгерді? Ештеңе! Баяғы жартас – бір жартас!..

Оны да айта кетейік, Брусиловский жазған «Жалбыр» операсының кейбір арияларын ертеректе Құрманбек Жандарбеков, Күләш Байсейітованың орындауында пластинкадан тыңдағанымыз болмаса, опера театрында қойылғанын көрмедік. Тек бір жолы Жетісай музыкалы-драма театры Алматыға гастрольге келіп, Әуезов атындағы театрда көрсеткенде тыңдағанымыз бар. Ғажап болатын. «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғыннан» асып түспесе, кем емес-тін

(халық ән-күйлерін айтып отырмыз). Ара-тұра «Жалбырды» неге қоймайды деген өкінішті ой қылаң береді. Ал...

«Ер Тарғынның» (жоғарыда аталған) қойылымында көрермен болмады емес, болды, әрине, Зал аузы-мұрнынан шықпаса да, жартыдан аса толды деуге болады. Олардың үштен біріне жуығы өзге ұлт өкілдері – қазақты, оның ұлттық ән-күйі, операсына мән беріп, ардақтап сыйлайтын, өнерін бағалап түсінетін мәдениетті қауым. Үнемі солай. «Қыз Жібекте» де солай болады. Тек... тек... Анау жоқ, мынау жоқ, олай емес, былай емес деп Алатаудай арманын айтатын, айтып жүретін, айтудан алдарына жан салмайтын, айту арқылы мәртебелі атақ алуды көксейтін, кейде алып та жіберетін, сөзге бар, іске жоқ, шетінен мәдениетті, шетінен зипа, өнерсүйгіш зиялы қауым өкілдері театрда төбе көрсетпейді демесе. Бұл біреу-міреуді кінәлау емес, пікір. Бар болғаны. Өмірбақи көрме, тындама. Театрда қазақ операсы қашан қойылар екен деп қарап, байқап, мән беріп жүретін жұрт сенсіз де жоқ емес (дедік). Енді...

Сол жолғы «Ер Тарғын» қалай өтті, декорация, басты партияларды кімдер орындады, солар жайлы бір-екі сөз. Сонау 1958 жылдан бері сан рет көріп, «Ер Тарғын» рөлін Ермек Серкебаев, Әнуарбек Үмбетбаев, Кәукен Кенжетаев, Ғафиз Есімовтердің сомдағанына талай куә болған өз басым бұл жолы тыңдаушы ретінде Болат Жомартовтың Ер Тарғыны мен Рымкеш Жұмаділованың Ақжүнісіне бек риза боп, екеуінің де өнердің қыр-сырына жетік, самдағай әншіліктеріне тән бердім десем болады («мен» дегенге кешірім өтінемін, тыңдаушы ретінде айтып отырмын). Дана, Қожақ, Балпан, Қапан, Жырау, Ақша хан рөлдерін орындаушылар да кәсіби шеберлігі жетік, қай жағынан да мығым, білікті өнерпаздар екендері көрінді. Алайда...

Ең бастысы, операның өн бойында шебер өріліп, ілмектесіп, жымдасып, үйлесіп отыратын қазақтың халық әндері мен күйлері, әрине. Осы жолы аңғардық, сахна ашылғанда хормен орындалатын «Қорлан» әні одан кейін де ария ретінде төрт-бес рет келістіре шырқалды. «Ләйлім шырақ», «Ғауһартас», «Сұржекей»... Барлығы... барлығы Брусиловскийдің арқасы, Брусиловскийдің құдіреті. Брусиловскийге тағзым. Ермек Серкебаевқа тағзым!

Қоюшы-режиссер, дирижер, балетмейстр, хормейстр, концертмейстрлердің еңбегі, сахналық декорация көңілдегідей болған еді сол жолы. Дирижер Қабылбаевтың оркестр басқару қабілеті назар аударды. Баяу, сырлы, нәзік үн жағымды естіледі, жан жадыратады. Бұл орайда, оның (дирижер Қабылбаевтың) ұзақ жыл Мәдениет министрлігінде жауапты қызмет атқарған, ән-күйлері кең таралған композитор Болат Қабылбаевтың ұлы екенін айта кетуді жөн көреміз. Оның алда биік асулардан көрінуіне тілек қосамыз.

Брусиловскийге тағзым. Оны ұмытпа, ағайын. Ой жібер, зерделе. Есімін ардақта. Ұмытпа. Басқа не дейік.

### ОҢДАСЫНОВ ТУРАЛЫ АЙТА БЕРГЕНШЕ...

Ертеректегі қазақтілді басылымдарда кейбір жарияланымдар айналасында оқырмандар тарапынан пікір білдіру, ой алмасу, ұсыныс-тілектер айтылып, олардан оң нәтижелер шығып жататын жақсы дәстүр болатын. Кейін онша көрініпкіремейтін осынау жоралғы соңғы кездерде кейбір басылымдарда («Мәдениет» журналында да) шаң беретін боп жүр. Нақты айғақ ретінде Киікбай Ізетұлының «Алматы ақшамында» шыққан ғаламат әнші Науат Айдәулетова туралы «Науат жайлы бір үзік сыр» деген мақаласын айтсақ та болатындай. Себебі, автор оның алдында Науат жөнінде сол газетте шыққан екі (шағын) мақалада сөз болмаған базбір тың деректерді қамти кетіпті. Ұзақ жыл Мәдениет министрі болған Жексенбек Еркінбековке алғыс білдіріпті.

Киікбайдың мақаласынан – кезінде «Мәдениет және тұрмыс» журналында фотосуреттері басылып тұратын – Арзынбек Мадединовтың: «... Науатта бұрынғыдай дауыс жоқ. Қатты ауырған... Науатты Шымкентке жібердім. Бұрынғысынан едәуір қалыпқа келді. Дегенмен, әлі де оған емделу керек», – дейтініндей жолдарды оқып, ойға қалдық. Әйтсе де, соңғы бір-екі жыл төңірегінде Науаттың теледидардан айтқан термесін тыңдағанымыз еске түсіп, шүкіршілік еттік. Бұрын да айтқанымыздай, «Гүлдер» ансамблінің мәдениет жанашыры Өзбекәлі Жәнібеков қатысқан тұңғыш концертінде жасындай жарқ етіп көрінген Науат сынды сирек дарын иесіне сәттілік, бақыт тілейміз. Бұл бір.

Екінші, соның алдында аталмыш газеттен Райхан Сыздықова деген еңбек ардагерінің қазақтың біртуар перзенті, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасынов жөнінде «Оңдасыновтың сөзі ойымнан шығар емес» деген жан сырын оқып едік. Райхан онда таяуда бір танысының үйінен «Нұртас Оңдасынов» деген кітапқа көзі түсіп, оны сол замат түгел оқып шыққанын баян етеді. Сөйтіп, әрі қарай Оңдасыновтың ұлан-ғайыр еңбегі жайлы тәптіштеңкіреп айтады. Дұрыс. Айту керек. Айта беру керек. Алайда...

Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алған жылдарда басқа да арыстар секілді, Нұртас Оңдасынов туралы да қазақша басылымдардың бәрінде дерлік айтылудай айтылып, жазылып та келеді, шүкір. Ол туралы қазіргі қауым біраз нәрсеге қанық шығар деп те шамалауға болады. Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі жылдарда елге, халыққа жасаған орасан қызметі, Қонаев сынды болашақ қайраткерге жол ашып, қаншама өндіріс мекемелері, кәсіпорындар ашқаны, Гурьев (қазір Атырау) облысында қалдырған ізі, өнегелі істері, зейнетке шыққан соң Мәскеуде тұрып, ғылыми жұмыспен айналысқаны, үш арманы болғаны хақында кім-кім де бір кісідей біледі деуге болады. Өткен ғасырдың 80-жылдарында белгілі жазушы Сапар Байжановтың айтулы қайраткермен дидарласып, сұхбаттасу үшін арнайы Мәскеуге барып жазған көлемді мақаласы «Парасат» журналында жарық көргені еске түседі. Сөйтіп, енді дейміз ғой...

*Нұртас Оңдасынов туралы айтқан да, жазған да – бәрі дұрыс, қашанғы айта береміз дей отырып, бірер ұсыныс жасасақ дейміз. Мәселен, нақты мәлімет-деректерге сүйене айтар болсақ, Отан соғысы жылдарында Нұртас Оңдасыновтың арқасында ашылған Қазақ қыздар педагогикалық институты қабырғасынан қаншама мамандар тәрбиеленіп шықты десеңізші. Бүгінде ол университет деп аталады. Міне, осынау айтулы оқу ордасына Оңдасыновтың аты сұранып-ақ тұрған жоқ па? Тек қолға алатын жанашырлар табылса егер. Ал, біздіңше, жанашырлар бар болғанда қандай. Университеттің қазіргі ректоры Динар Нүкетаева мен орынбасары Зәуреш Сабырованың бұл істі ешқандай науқанға айналдырмай, оң жамбастан келтіре алатынына сенім үлкен. Екеуі де білімді, сергек, бірсөзді, батыл, іскер, қазақтың жанарынан жалын атқан намысты*

қыздары!.. Басқа болмаса да, Н.Оңдасыновтың кім болғанын олар біледі, қадіріне жете алады екеуі де!..

Осыған не дейсіздер қадірменді ректор мен проректор? Басқа да қайраткерлердің құлақтарына алтын сырға. Егер Оңдасынов болмаса, бүгінгі университет – әйгілі ЖенПИ болар ма еді, болмас па еді? Әңгіме сонда! Олай болса сөзден ішке көшейік, достар. Оңдасыновтың аруағы риза боп, рухы алауласын!

### **ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВТЫ «ЕЛЕМЕГЕН» дөрекі күзетшіні Елбасы байқап қалған екен**

Құрметті оқушы! «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын қайта тірілтіп, қалың оқырманмен қауыштырған Қоғабай Сәрсекеев сынды ұлтжанды тұлға, көрнекті жазушының бақиға озғанына да біршама айдың жүзі боп қалыпты-ау. Бүгінде Қоғабайдың да көзіндей боп елестейтін осынау басылымдардың Қоғаш өмірден озған соң да жарық көріп жатуы күпті көңілді марқайтатын жай. Екі басылымға атсалуды авторлар да беделді, белгілі қайраткерлер. «Қазақтың» соңғы (№7) санындағы газеттің тұрақты авторы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Алаш» бағдарламасы: «Қиянат пен ақиқат» мақаласы мейлінше қажет, салдарлы дүние. Мұхтарға шексіз алғыс, осы бағыттан танбағай.

Марқұм Қоғаш, Қоғабай қашанда кең ойлап, мол пішетін азамат болатын. Біртуар әнші Ермек Серкебаев туралы эссе-диалог кітаптың алғашқы нұсқасын оқыған әзірде қазір кітаптарда тираж аз, біздің оқырмандар да таныссын деп бір емес, екі тарауын бір санда жариялаған-ды. Кейін аталмыш кітап тағы да екі рет қайта басылып, алты жылда үш рет жарық көрді (соңғысы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қолдауымен). Қоғабай былтыр жазда Америкадан келген соң көңілін сұрап барғанымда аман-саулықтан соң Серкебаев туралы кітаптан тағы да бірер тарауын берсеңіз қайтеді дегендей боп еді. Сол замат бере қоярлық рет болмады (себебі белгілі). Әйтсе де, бірнеше тарау ішінен сұрыптап, іріктеген базбір оқиға-құбылыстарды тұтас дүние қалпына келтіріп ұсынуды парыз санадым. Қоғаш айтатындай, бұрын назарына түспеген қауым оқыса деген ниетпен ғана. Басқа түк емес.

**Автор**



– Қытайдың ел артисі (бізше халық артисі), марқұм Хамит Ысқақұлы Пекин, Шанхай, Гонконгтан бастап, дүние жүзінің қай түкпіріне барсам да, бірінші әнді қазақшадан бастаймын дейтін. Біздегі қазақ әншілерінде сондай дәстүр бар ма, байқадыңыз ба? Сізде ше?

– Сөзіңнің төркіні түсінікті. Қай әнші де өзге елдер алдында өз ұлтын ұлықтап, ардақтаса құптарлық жай. Алыс-жақын ел-жұртқа гастрольге барғанда бірінші шығарманы ана тілінде орындаса, ол да жарасымды, ешкім теріс демейді. Бірақ, оны қатып қалған қағида деуге тағы болмайды. Бәрі нақты жағдайға байланысты. Мәселен, Полат Бюль-Бюльоглы (әкесін айтамын) бірінші әнді эзирбайжанша шырқаса, жөні бар. Батыр Закиров, Хамит Ысқақұлы дейсің бе, оған да сыйымды. Маған да сөйтуге болар еді.

Бір жолы Бельгияда болғанымда, әлдебір бизнесмен жаныма келіп: «Сіз қайда оқыдыңыз? Италияда ма?» – деп сұрады. «Жоқ», – деп басымды шайқадым. Бәлкім, Мәскеуде оқыған шығарсыз?» «Жоқ», – дедім тағы да. «Енді қайда?» «Өз отаным Қазақстанда», – дедім. «Ол қандай мемлекет, қай жерде?» — деді танданғанын жасырмай. «Мұнда карта жоқ қой, көрсете алмаймын», – деймін. «Дегенмен, айтыңызшы, қайсы құрылықта, қай өлкеде?» – деп одан сайын қиылады. Сонан соң кеңірек түсіндірдім: «КСРО дейтін мемлекет бар, 16 республикадан құралады, солардың бірі менің елім Қазақстан, жер көлемі жағынан Ресейден кейінгі екінші орында, Франция сияқты 5, Бельгия сықылды ондаған мемлекеттің аумағымен пара-пар. Орналасқан жері Азия, Еуропамен иіндес, бізде ғылым-білім дамыған, өркендеген, белгілі музыкалық оқу орындары, консерваториямыз бар, менен өзге де танымал әнші, айтулы музыканттар соларда оқыған», – деп.

Аң-таң болған ол:

– Қалай дегенде де, сіз ғаламат әншісіз, елдеріңіздің биік өркениеті көрініп тұр, осы уақытқа дейін қалай білмегенбіз. Гафу өтінемін, бүгіннен бастап Қазақстан жайлы мәлімет жинап, жан-жақты танысамын, білуге болатын нәрсенің бәрін білуге ұмтыламын, – деді басын шайқап.

Айттым ғой, шет жұрттарға шыққанда алдымен өз ұлтыңның әуенін өз тілінде шырқа, шырқама, әңгіме онда емес, гәп хас өнер, шеберлікте. Құдайға шүкір, табиғат сыйлаған баритон

даусымның арқасында елімді халықаралық деңгейге көтердім дейтін менің өзім де әлем жұрты Қазақстанды әлі күнге дейін жарытып білмейтініне жаным ауырады. Шетелдерде жиі болатын немерем де «олар неге Қазақстанды білмейді?» деп менен жиі сұрайды. Демек, бұл әлі біз өзімізден басқаларға жеткілікті танылған жоқпыз, бірдеңе жетпейді деген сөз. Қазақ халқын әлемге кеңінен әйгілеу оңай-оспақ нәрсе емес. Көп жұмыс істеу керек. Елдің даңқын шығаратын алдымен әдебиет, мәдениет, өнер екенін ұмытпауымыз қажет.

Әлбетте, саяси жағынан жағдайымыз жақсы. Нұрекең, Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында Қазақстан жер жүзіне танылып, даңқы артқан үстіне артып келеді. Шуылдақтар не десе, о десін, өз басым Нұрсұлтанға тәнтімін. Лайым да, осы қалыптан танбаса екен деп тілек тілеп жүремін Жаратқаннан.

*– Елбасымызды атап қалдыңыз. Ендеше, сол кісі жөніндегі ой-пікіріңізді кеңірек айтсаңыз қайтеді? Бүгінгі саясатына көңіліңіз тола ма, қай нәрсеге ризасыз, қай нәрсеге наразысыз дегендей. Тимесе бұтаққа деп, ызалана сөйлейтін, қит еткенді жіпке тізіп, түймедейден түйедей жасауға бейім, өзара кикілжің, дау-жанжалы таусылмайтындарға көзқарасыңыз қалай?*

– Бауырым, мен саясаттан алыс адаммын. Батпаққа бастама. Нұрекең жайлы айтсам, ол бәріміз бірауыздан сайлаған тұңғыш президентіміз болғандықтан аз-мұз лебіз білдіргенім деп түсін. Жалпақшешейің мен емеспін. Атақ-дәреже, марапаттың бәрін кеңестік дәуірде Нұрекеңсіз де алып қойғанмын. Нұрсұлтанның тұсында алғаным – мемлекетіміздің қазіргі ең жоғарғы наградасы – «Отан» ордені. Әрине, Нұрекең мені біледі. Жұрттың көзінше елпілдеп-желпілдемесе де, ыстық ықыласын ылғи да сезіп жүремін. Бір дидарласу үстінде тіпті: «Ереке! Мен сіздің әндеріңізді тындап өскен ұрпақ өкілдерінің бірімін. Сізді шын жүрегіммен құрметтеймін. Мені қашанда өзіңізбен бірге деп есептеңіз. Егер де базбір жерлерде өң-түсім бұзылып, көңілсіз жүрсем, оның сізге қатысы жоғы қаперіңізде болсын», – деп таусыла сөйлегені бар. Жиі болмаса да, оқта-текте телефон соғып, хал-жағдайымды сұрап тұрады. Бір жолы машинада бара жатқанымда мерейтойыма байланысты телефон соғып құттықтады.

Нұрсұлтанның бүгінгі ел басқаруы ұнайды. Білімді, шешен, алғыр, өткір. Анау нәрсеге ризамын, мынау нәрсеге наразымын деп жіліктеп жатпаймын.

Біздің Нұрекеңмен жер жүзіндегі мемлекет басшыларының бәрі санасады, мақтауға кенде емес және бәрін де әділ деп есептеймін. Назарбаевтың арқасында қол жеткен жақсылықтардың қайсы бірін айтайын. Ертеде қасиетті Арқадан басқарылған байтақ елдің қақ ортасынан Астанадай қала тұрғызып, солтүстіктегі қазақ рухы сөнуге айналған қалалардан бір-бір театр, жоғарғы оқу орындары, ағарту, мәдениет орталықтарының көптеп ашылуы не тұрады!? Нұрсұлтан да ет пен сүйектен жаралған, кемшіліктері болуы мүмкін. Абайдай ол заманда бүкіл қазаққа танымал адам болған жоқ. Оның аты өзі өлгеннен кейін, М. Әуезов арқылы ғана танылды. Осындай, қит етсе қазаққа жала жабатын әдет қайдан шыққан, осы? Әлбетте, олқылықтар жетеді, кейбірін ойлағанда жүрек сыздайды. Сонда не, бәріне кінәлі жалғыз Нұрекең бе?

Бір нәрсе арқама аяздай батады. Елбасының маңайында табанының бүрі жоқ, «бойы бұлғаң, сөзі жылмаңдар» көбейіп бара ма деп қорқамын. Ойы дана, ақылы сара, қара қылды қақ жаратын сайыпқыран серіктері болмаса, өзің айтшы, Елбасы қанша мықты болса да, жалғыз өзі не істей алады? Бұлар жеке пікірім. Реті келгенде сыртқа шығарып жатқаным да.

– *Зиялылардың көбі ара-тұра президенттің қабылдауында болып, сыр бөлісіп, пікірлесіп жатады. Сіз де онымен жолығып, осы ойларыңызды өзіне көзбе-көз айтпайсыз ба? Астана алыс десеңіз, Алматыда кездесуге болатын шығар дегендей.*

– Ол нәрсе ойымда жоқ емес, бірақ онсыз да жетпей жатқан уақытын алып неғылайын деймін де. Егер өз тарапынан ұсыныс болып жатса, қарсылық жоқ. Онда жоғарыда айтқандарымнан бөлек те біраз жайларды алдына жайып салар едім.

– *Мәселен, қандай? Бір-екеуін айтыңызшы.*

– Біріншіден, асып-тасқан байлығым жоқ екен деп, күлше сұрамасым анық. Екіншіден, сен шетелдердегі әдебиет, мәдениет, өнер өкілдері қалай тұратынын білесің бе? Шеттерінен мыңғырған бай. Тіпті, анау гастрольге барған сапарында Парижде қалып қойған Рудольф Нуриев дейтін

балет бишісінің тұрмыс құрып, бала-шағалы болмаса да, соқа басында 24 бөлмелі пәтер, ұрмақтай аралдар мен теңіз жағалауларында толып жатқан үйлері болғаны айдай әлемге аян. Үшіншіден, мен Нүрекене, әрине, олар туралы емес, өнер адамдарына көзқарасты өзгерту, дарынды жастар күнкөріс үшін шетелдерге топ-тобымен кетпейтіндей жағдай тудыру, халықтың арыз-шағымына жіті қарау хақында айтар едім. Өзің ойлашы, басқасын былай қойғанда, күнделікті газет беттерінде президенттің атына қаншама ашық хат, өтініш, тілек жарияланады. Солар оған түгел жете ме, жеткізе ме, алдына қойыла ма, әй қайдам, күдігім бар. Президенттің қабылдауына барған адам міне, мен қандаймын деп өзгелерге қыр көрсетпей, халықтың мұң-мұқтажын қаузасын, жабулы қазанның қақпағын ашсын, жұмбақ түйткілдерге көзін жеткізсін. Нағыз азаматтық сол болады, меніңше.

– Әйтсе де, кейбір сөз сыңайларыңызға қарағанда, өкпе-наз, реніштеріңіз де жоқ емес сияқты зой. Кімге? Президентке ме, қоғамға ма?

– Әй, өкпе-наз, реніші жоқ адам бола ма? Менде де бар. Бірақ, президентке де, қоғамға да емес. Жаңадан қаз тұрып келе жатқан қоғамды көркейтеміз, көгертеміз, төрт аяқтан тік тұрғызамыз деп өздерінше өрекіп жүрген әкімқараларға, пысықайларға, жартыкештерге, шикілерге, тиісті міндетін мінсіз атқарарлық шамасы жоқ бос белбеу, болбырлар мен әліге дейін масылдықтан дәмелі бейбақтарға! Қайсы бірін айтайын. Алысқа бармай-ақ, осы күнде шынайы өнердің шырайын кетіріп біткен фонограмма дегенді алайықшы. Қазіргі дауасы жоқ бір дерт осы. Баяғыда мұндай пәле жоқ еді. Тіпті, радиодан берілуі тиіс дүниелердің өзі алдын-ала жазып алған таспалардан емес, тікелей эфирден таралатын, оқылатын. Яғни, микрофон алдында әншілер қысылып-қымтырылмай ән салып, спектакльдер қойылып жатқан күйінде берілетін. Сұхбаттың бас жағында айтқанмын, Мұқан Төлебаев сұраған арияны мен де оркестрге қосылып, тікелей эфирден шырқадым деп. Қай данагөйдің тапқанын қайдам, фонограмма дейтін шықты да, шырықты бұзды. Бір қарағанда, бәлкім, орындаушыға жеңіл, ыңғайлы, қосымша күш түсірмейтін шығар, бірақ көзбояудың көкесі. Қайсыбір жылы сахнадан «Шапибаяуды» орындайды деп хабарлаған менің орныма фонограммдан Байғали Досымжановтың дау-

сы естіліп маскара болғанбыз. Осы күнде концерт залдарында аузын ашып, секендеп жүретін әншілердің кешіне жапырыла баратын көрермендерге жаным ашиды. Шақырғанға барғаны үшін ақша алатын әншілер жиын-тойларда да сөйтеді. Өнерге әсіре-қызылдық жат. Рас болса, Қытайда фонограммаға қатаң тиым салынған дейді, бізде де ойланып көрсе артық болмас еді, бұл бір.

Екінші, қазір үлкен болсын, кіші болсын, атқаратын қызметіне салдыр-салаң, жауапсыз қарау белең алулы. Қайда барма, есінеп, қалғып-мүлгіп отыратын, ең жаманы, жұртты менсінбейтін шарт мінез, шамшылдарды жиі көресің. Жұмыссыздық азайып келеді деп жүрміз ғой, ендеше, әркім бұйырған жұмысын камшы салдырмай атқаруы керек емес пе? Мына бір сорақылық есімнен кетпейді. Қайсыбір жылы өмірбақи қаралып жүретін құзырлы емханаға барсам, мен жайлы деректер ізім-қайым жоқ. Ақ халатты бикеш бір парақ қағаз ұсынып: «Өзіңіз жөнінде қысқаша мәлімет жазыңыз, онан соң көреміз», – дейді беті бүлк етпей. «Қалқам-ау, компьютерде бәрі болу керек қой, жазып қайтемін», – дедім ашуымды әрең тежеп. Ол көнбейді. Сонан соң амалсыз «Социалистік Еңбек Ері» деген атағымды ғана айттым. Сол-ақ екен, әлгі пақыр қайта-қайта кешірім сұрап, бұрынғы құжаттарды қас қағымда тауып алды. «Ешкімге айта көрмеңіз, біз кішкентай адамбыз» деп жыларман болды.

– *Сұраққа ауысамыз ба?*

– Қоя тұр. Тағы бір оқиғаны айтайын. Бұл өзі алмағайыптау нәрсе. Сонда да болса. Қашанғы іште сақтаймын. Жұртшылық шындықты білсін, таразыға салсын, бағамдасын. Ертеректе атаулы мерекелер кезінде алаңнан өтетін халықты мінбеге көтерілетін ат төбеліндей бюро мүшелері ғана қол бұлғап құттықтаушы еді ғой, есінде ме? Басшылыққа Назарбаев келісімен ол үрдіс өзгеріп, мінбеге біз секілді адамдар да топ-тобымен шығатын болды. Әркім алдын-ала белгіленген орында тұрамыз. Бір жолы жаза басып тұрмайтын жерде тұрып қалған екенмін, екі көзі сыртына шыққан зәңгі күзетшінің бірі сұп-сұр боп жетіп келді де, қарқ етіп, сенсең де, сенбесең де өзің біл, мені «анда бар» деп итеріп жіберді. Иба-ізеттен жұрдай, нағыз шаш ал десе бас алатынның өзі. Ар-ұятты білмейтін тілсіз, мылқау, қалайы солдатқа жұрттың көзінше не дейін, ашуымды тежеп, ешкімнің беті-жүзіне қарамай, ор-

ныма әрең жеттім. «Апырай, – деймін, – мына түрмен қайда барар екенбіз, қашан оналамыз, қалай түзелеміз? Неткен көргенсіздік, дөрекілік».

Сол сәттерде Қытайда болған бір жай сап етіп есіме түсе кетсін. Оны мына сорақылықпен салыстыруға тіпті де болмайды. Онда да (Қытайға барғанда) үкімет мінберінде тұрғанбыз. Бұл енді ертеректе. Мао-Цзедунның тірі кезі. Жамбыл атындағы филармонияның директоры Қапланбеков бастап, Құрманғазы атындағы оркестр, оның дирижері Шамғон Қажығалиев, мен және Бибігүл бәріміз 1 Май мерекесі қарсаңында Пекинге бардық. Қытайлықтар жік-жапар боп қарсы алды. Неге екенін білмеймін, біздің делегацияға жауапты Қытай мәдениет министрінің орынбасары – жүзіктің көзінен өткендей пысық әйел – Бибігүл екеумізді елден-ерек әспеттеп: «Ертең мейрам, Мао-Цзедунды көргілеріңіз келе ме?» – десін. «Әлбетте, көргіміз келеді», – дейміз жарыса. «Онда ертең ерте тұрып, жуынып-шайынып, дайын отырыңыздар, мен сіздерге көсем шығатын мінбеге қалайда екі шақыру билетін тауып келемін», – деді.

Ертеңіне алаңға барып, министрдің орынбасары әйел, Бибігүл үшеуміз толып жатқан қадірлі қонақтармен бірге мінбенің бір шетінде тұрдық. Мінбе ұзын, биік. Атақты Тяньаньмэнь алаңында оңды-солды бастарын шайқап, малдас құрып отырған қара құрым халық. Есебін білу қиын. Миллионнан артық болса артық, кем емес. Гуілдеген үннен аспан айналып, жер шайқалғандай. «Ана жерге барып, халыққа қараған боп тұрыңыздар», – деді жетекшіміз. Солай еттік. Билеттегі орнымыз басқа тұста, бұл жетекшіміздің біз Маоны жақсылап көру үшін жасаған айналасы екен. Мао біздің ту сыртымыздағы есіктен шығады екен. Біз халыққа қарап тұрмыз. Арамызда үлкен қызметкерлердің ештеңеде шаруасы жоқ балалары екілене асыр салып, ойнап жүр. Әлбетте, құтымыз қашып, қобалжып тұрмыз. Қорқыныш-үрей де жоқ емес. Кенет артымыздағы есік ашылып, Мао-Цзедун шықты. Жанында К.Е.Ворошилов пен өзбек басшысы Ш.Рашидов. Оларға жол берген боп бұрылған біз Маоны анық көрдік. Бибігүл екеумізге кезек-кезек қараған Маоның өңінде «бұлар кім» дегендей тандану бар. Соны сезе қойған Рашидов: «Бұлар Қазақстаннан келген өкілдер», – деп тез таныстырып жіберді. Мао: «Е, Қазақстан ба?» – деп қабырғадағы картаға қарады.

Ворошилов та қарап тұрмай: «Мен онда болдым ғой, орден тапсырдым», – деді қосарлана тіл қатып. Мао бізге болар-болмас бас изеп, жылы шырай білдіргендей болды да, өзінің орнына қарай қозғалды. Бар болғаны бірнеше секундтың айналасы. Осы қас қағым сәтте екі жақ та біраз нәрсені біліп үлгердік. Шамасы, жетекшіміз арнайы ескерткен болса керек, онда да қырағы күзетшілердің бізді сыртымыздан бақылап тұрғанын соңынан білдік. Шетінен қарапайым, кішіпейіл. Мао кетісімен жанымызға келіп басын иген екі күзетші енді өз орнымызға бару керегін білдіріп, сыпайы жымыып, жол көрсетті. Біз мінбердің шет жағындағы орнымызға бардық.

Алнеайтасың, Қытайдақалай, біздеқалай? Қытайлықтардың кішіпейілдігіне ғажап қалған мен сол уақиғаны ұмытып та кеткендей едім. Алматыдағы жиында еріксіз ойыма оралды. Өзіміздің мәртебелі мінбеде талай болып жүрмін ғой. Бізде үлкенді сыйлау, жалпы адамды сыйлау кеміс. Өйткені ауан бөлек. Көрдің бе, сәл жаза басқаным үшін ұрдажық, көрсоқыр күзетші жағаға жармасып, тексіздік танытты.

Айтқан соң түгел айтайын, сол уақиғадан кейін тағы бір мерекеде ел басшыларымен бірге біраз адам Республика алаңындағы мінберге көтерілдік. Мен қасақана ең шеткері орынға барып, қитығып тұрдым. Кенет сонадай жерден маған қарап тұрған Назарбаевқа көзім түсті. Сәлемдесу ишарасын жасап, бас изедім. Сол-ақ екен, ол топты жарып жаныма жетіп келіп, қол беріп амандасты. Хал-жағдайымды сұрап, жылы сөздер айтты. «Ренжімеңіз, Ереке!» – деп те қойды. «Ренжігені несі, сізге көп рахмет», – деймін ғой ағымнан жарылып. Сөйтсем, ол бітеу көкірек күзетшінің өткендегі қылығын алыстан аңғарып, көріп қалған екен. Соны ишаралап айтқанда мен: «Нұреке, сіз өте үлкен азаматсыз. Адамгершілігіңіз мол. Жан дүниенің мөлдір, ішіңіз ақ. Бәрі көрініп тұр», – дедім. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мені құртатын да сол ғой», – деп күлді. Жалпы, мен биік мінберге құштар да, құмар да адам емеспін. Әрі-беріден соң ұяламын, қысыламын. Ертеректе мәртебелі мінберде халықаралық қайраткерлер, саяси бюро мүшелері, қолбасшылар тұратын. Ол кездегі мінбер мен бүгінгі мінберде айырма үлкен. Сонда да бәрібір, құлқым соқпайды. Сен бұл айтқандарымды қаз-қалпында жаз. Және бас жаққа бара бермей, астарлаңқырап жаз. Түсінетіндер түсінер, түсінбейтіндер өздері біледі. Менде өтірік көлгірсіп, біреу-міреуге көпшік

қояйын деген ниет жоқ. Бізде бір-бірімізге құрмет жетпейді. Сөзімнің түйіні сол.

– Басқа да айтатындарыңыз бар шығар?

– Асықпа. Ұлы Моцарт қайыршылықта өлді. Қаңғыбастар жерленетін қорымға қойылғандықтан, қабірінің қайда екенін де ешкім білмейді. Сенесің бе? Ұлы композитор, дарабоз тұлға. Міне, тағдыр.

Бірде Австрия королі атақты композитор Ференц Листке «сарайыма келіп концерт қойып берсін» деген бұйрық жібереді. Сонда Лист не деп жауап берді дейсің ғой. Корольдің шабарманына: «Ұлы мәртебеліге айта барыңыз, жұртпен бірге келіп, залға билет алып кірсін», – дейді. Міне, тектілік! Қыңырлық емес, қайсарлық!

## ҚОСЖАН ТҰРҒАН ҮЙ

Қазіргі Жандосов даңғылымен Алматының оңтүстік-батысына қарай (автобустен) бара жатқанда (кейін өзгерген) кезекті аялдаманың атауы Морис Торез болатын. Одан кейін жеміс-жидек комбинаты. Даңғылды кесіп өтетін Морис Торез көшесінің бойындағы кіл төрт қабатты қара қошқыл темір-бетон үйлердің бірінде 1967 жылы март айында қайтыс болғанға дейін белгілі ақын Қосжан Мүсірепов тұрды. 1950-60 жылдарда пәтер жалдап тұратын (әсіресе ұлты қазақ) әдебиет, мәдениет, өнер өкілдері, ғалымдар, түрлі саладағы мамандардың қай-қайсысына да өкіметтен пәтер алу қиынның қиыны еді. Бірақ, алатын. 1958 жылы университетте оқумен қатар, «Қазақстан пионері» газетінде бөлім меңгерушісі боп істеп жүргенде танысқан Қосжан Мүсірепов пен (ол да бөлім меңгерушісі, ақын) Нұрдан Жанаев әлгі газеттің редакторы Сансызбай Сарғасқаевтың үйінде тұрып, жұмысқа бастықтарымен бірге барып, бірге қайтатынына әрі сүйсініп, әрі таңданатынбыз. Мен жұмыстанатын «Лениншіл жаста» бірінші бастықтан өзгелері түгелге жуық пәтер жалдайтын. Қасымыздағы «Балдырған», «Пионер» журналдарында істейтін Сәкен Жүнісов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев те солай. Екі жылдан кейін Сарыағаш аудандық редакциясына ауысып, үш жылдан кейін Алматыға қайта келгенімде әлгілердің барлығы үйлі боп, мерейлері тасып жүр екен. Бірі – сол кезде үш-төрт өлең кітабы шығып үлгерген таны-



мал ақыл Қосжан Мүсірепов. Ол мен келген бойда редактор Сапар Байжановтың (жаны жәннатта болғай) арқасында қызметке тұрған «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі екен. Пәтерді оған дейін жұмыс істеген «Жетісу» газетінен алыпты. Оны «Жетісуға» редактордың орынбасары Кәкімжан Қазыбаев, «М.ж.Т.»-қа Сапекең, Сапар Байжанов шақырғанын айта кетуді парыз санаймыз. Қосжан ерте көктемде дүние салғанда – екеуі де Орталық партия комитетінде жауапты қызмет атқаратын – Сапар аға мен Кәкімжан аға Қосжанды соңғы сапарға шығарып салуға бастан-аяқ қатысты. Қаралы шараны «Мәдениет және тұрмыстың» редакторы, Қосжанды риясыз сыйлаған дегдар, зиялы азамат Мұса Дінішев басқарды. Ал, сөзімізді Қосжан тұрған үйден бастаған себебіміз...

Мен Сарыағаштан қайтып оралғанда Қосжан шаңырақ көтеріп, сол үйде Гүлжазира, Раушан деген қыздары өмірге келіпті. Бақиға озарынан бір жыл бұрын үшінші қызы Ғазиза туылды. Қатты сырқат болғандықтан, жақын досы Жүмекенді (Нәжімеденов) ғана шақырып, үшеуден-үшеу шілдехана рәсімін жасаған болдық. Қайран, Қосаға! Фәниден ерте кетті. Жан жары Әйшөрек үш бірдей жас перзентпен қала берді... Иә, Қосжан тұрған үйді еске алып, тоқталып отырғанымыздың мәнісіне одан әрі тереңдей түссек...

Сол кездерде ол үйде жалғыз Қосжан емес, (аты-жөндері есте қалғандардан) композитор Өмірбек Байділдаев, ақын Жүсіп Қыдыров, Жақан Смақов, басқа да ақын-жазушы, журналистер, өнер өкілдері, ғалымдар, ал, айналадағы өзге үйлерде де ақын-жазушылар, драма, жастар театры мен кино артистері ғұмыр кешті. Кейде аулада әңгімелесіп отыратын жастар театрының актерлары Байділда Қалтаев, Қасым Жәкібаев, Атакелді Исмайылов, басқа да жүзі таныс әнші, режиссер, артистерді көзіміз шалатын. Соған қарағанда, осы маңайдағы бірқатар үйлерден Жұмабек Тәшеневтей жанашырлардың арқасында жалаң аяқ жар кешіп жүрген біраз белгілі қазаққа пәтер берілсе керек... деген ой келеді.

Әрине, сол кездерде қиындық көре жүре пәтерлі болған аяулылардың көбі қазір өмірде жоқ. Ал, сырт пошымы қораш, төрт қабатты қара қошқыл, темір-бетон үйлер орнында. Тозған, ескірген. Анда-санда – сол жаққа жол түскенде – сырттарынан қарап өтемін. Жүрек елегізіп, көңілді мұң шалады. Өмірбек Байділдаев, Байділда Қалтаев, Қасым Жәкібаев,

Жақан Смақов, Жұмекен Нәжімеденов, Жүсіп Қыдыровтар бейнесі елестейді. Қайран Қосжан, Қосаға – екібастан. Жоғарыда аттары аталған, аталмаған жандардың ұрпақтары білер ме екен сол үйлерді?! Қосаған, Қосжанның қыздары ше? Егер осы жолдар көздеріне түсіп, редакциямен хабарласса шеккі болмас еді (дер едік). Айшүрек, сен қайдасың? Қадірлі жеңеше, аяулы ана!..

## ҚАЙРАН ҚОСЖАН, ҚОСАҒА

*Қысқа ғұмырында бір қатар қазақ басылымдарында жемісті қызмет атқарған қарымды қаламгер, белгілі ақын Қосжан Мүсіреповтің есімі әсіресе аға буын өкілдеріне кеңірек мәлім. Жазушылар одағына мүше боп, артында айтарлықтай мұра қалдырған ол кезінде ортасына сыйлы боп, гибратты ғұмыр кешкен-ді. Төменде Қосжанмен қатар жүріп, қызметтес болған жылдарда көз көріп, көкейде тоқылған кейбір жайларды оқырмандармен бөлісуді жән көреміз.*

**«Редакторымыз түнімен төбелесті»**

1958 жылың шілдесі. «Лениншіл жас» газетіне қызметке тұрып, аспандап жүрген шақ. Редакция қазіргі Абылайхан мен Жібек жолы көшелерінің бұрышында. «Лениншіл жас» пен Сәкен Жүнісов, Тұманбай Молдағалиев істейтін «Пионер» журналы жоғары қабатта, төменде «Қазақстан пионері» газеті мен «Балдырған» журналы. Күнделікті кіріп-шығатын есік біреу. (Мұнда Қазақстан комсомолының орталық комитетінен бастап, басқа да толып жатқан мекеме бар-тын). Қызметке орналасқан бойда сол кездегі танымал ақын Бүркіт Ысқақов мені «Қазақстан пионерінде» істейтін Қосжанмен таныстырды. Орта бойлы, шымыр денелі, қара торы өңді қағылез жігіт Қосжан бірден бауырына тартып, әмпей-жәмпей болыстық. Мінезі жібектей. Күлгенде екі бетінің ұшына қос шұңқыр ұялайды екен. Қосжан аталмыш газеттің әдебиет, оған қарама-қарсы отыратын Нұрқан Жанаев мектеп бөлімін басқарады. Қатар жүргенде де, отырғанда да екеуі қойдың қос қошақанынан аумайды.

Әзіл-қалжыңдары жарасты, табиғи.

Бір жолы Қосжан мені көргеннен сылқ-сылқ күліп:

– Бүгін Нұрқан екеуміз түнімен ұйықтаған жоқпыз, – десін.

– Неге?

– Редакторымыз түні бойы әйелімен төбелесіп шықты...

Қосжан алғаш танысқанда-ақ Нұрқан екеуі газет редакторы Сансызбай Сарғасқаевтың жеке үйінің бір бөлмесінде тұратындарын, ақы-пұл төлемейтіндерін айтып:

– Әр күні машинамен бірге келіп, бірге қайтамыз. Тамақ әзір, төсек-орын салулы, – деген-ді.

– Кейде бастықпен бірге екі-үш шөлмекті төңкеріп тастаймыз, – дейтіні де болатын.

Енді... редакторының сырын ашқандай болғанын сезіп:

– Ой, сен ойлама. Сансызбай Сарғасқаев жақсы адам. Жеңгеміз де тамаша. Таңертең барлығымыз күліп-ойнап шәй ішкенбіз, – деп өзінше жуып-шайғансып жатыр.

### «Тұманбай – төгіліп тұрған өлең»

Қосжан менен үш-төрт жас үлкен екен. Кісіге жанасқыш, көпшіл. Қарапайымдығы шексіз. Үлкен де, кіші де Қосжан демей, Қосаға дейді. «Лениншіл жас» орналасқан төртінші қабаттағы «Пионер» журналында істейтін Нәсіреддин Серәлиев, Тұманбай Молдағалиев, Қосжанмен түйдей құрдас Нұрқан да Қосаға дейтіндерін естіп жүреміз. Қосжан екі-үш адамның басы қосылған жерде өлең оқиды. Қазақ поэзиясы туралы әңгіме шертеді. Өзінің де, өзгелердің де өлеңін оқуға інкәр. Қасым, Тайыр, Әбділдәнің көп өлеңдерін жатқа біледі.

Сол кездерде бірді-екі кітабы жарыққа шығып, оқырманға танылып қалған Қосжанның университеттің соңғы курсында оқи жүріп, қызметке орналасқан жайы бар-ды.

Сол шақтарда оқырман қауымға кеңінен белгілі Шәміл, Қабдыкәрім, Сағи, Тұманбай сынды ақындардың таңғы шықтай балауса өлеңдерімен қатар, адамгершілік қасиеттерін де жіпке тізгендей айтып жүретін Қосағаң бейнебір солардың насихатшысы секілді көрінетін. Әсіресе, Тұманбайды сыртынан да, көзінше де: «Тұманбай төгіліп тұрған өлең ғой», – деп әспеттейтін. Тұманбай жымың-жымың күлетін.

Қазір ойлағанда, нағыз ірілік сол екен. Бірақ, ондайды сирек ұшыратып келеміз ғой. «Сен ғана мықтысың» демегеннен қаншама рет тауымыз шағылып, аузымыз күйді емес пе?..

### «Бұл Зейнолла Серікқалиев»

Езуінен күлкі кетпей, кім-кіммен де әдемі қалжыңдасып, өзін емен-жарқын ұстайтыны сырт көзге ғана-тын. Шын мәнінде ол көбіне торығып, көңілі жабырқап, жаны жаралы тәрізденіп жүретін. Екіншісі біріне айтылмай, іште шемен боп жататын сырларының шетін кейде: «Шешем ерте өлді. Әкем қаршадайымнан сүймеген қызға үйлендіріп, аяғыма кісен салды. Он жылдық біліммен Арыс аудандық газетінде пәлен жыл редактор боп, онан Шымкенттегі екіжылдық мұғалімдік оқуды бітірдім», – деп суыртпақтап шығаратын. «Ол әйелмен дәм тұзымыз жараспай, амалсыз ажырастым. Оның үстіне, университетке түскен жылы бүкіл студентті Мақтарал ауданына мақта теруге апарып, жарамсыз судың кесірінен бәріміз сары аурумен ауырдық. Міне, қарашы, бауырым ісіп кеткен», – деп, қарнының төменгі жағын нұсқайды.

Екі күннің бірінде университетте бірге оқитын жолдастары кезек-кезек келіп жатады. Кейбірін маған да таныстырады. Олар да Қосжанды «Қосаға» деседі. Редакция іргесінде асхана бар. Қосжан: «Бұлар студент. Ақшалары аз», – деп асханаға ертіп барады. «Жақсының шарапаты» дегендей, кейін бірі белгілі ақын, бірі көрнекті партия қайраткері болған Жүсіп Қыдыров, Мақсұт Әубәкіровпен сондай кездердің бірінде танысқан едік.

Бір жолы кабинетке кірсем, Қосағанның алдында ұзын бойлы, ашаң жүзді көрікті жігіт пен айдай көркем, әсем бойжеткен отыр.

– Е, жақсы келдің, жүр, мына меймандармен бірге тамақтанайық, – деп төртеуіміз асханаға бардық.

– Бұл жігіт Зейнолла Серікқалиев, мынау сүйген қызы Эльвира екеуі бір-бірін сүйеді. Жақында үйленеді, – деді Қосжан. – Таныс болыңдар, бір-біріңді біліп жүріңдер.

Сол Зейнолла да кейін белгілі сыншы-әдебиетші, қоғам қайраткері болды. Өмірден өткенше сәлем түзу, ниеттес, тілектес боп жүрдік. Көрген жерде Қосжанды еске алатынбыз. Сонда Зейнолла да сары аурумен ауырады екен.

### Қосжан мен Төлеген

Танымал балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаев бір қарағанда сұсты, қабағы ашылмайтын суық адам сияқты көрінетін. Сәлем берсең, қолын селкос ұсынады да өте

шығады. Менмен, тәкаппар дейін десең, Қосжан мен Нұрқанды туған балаларындай мәпелеп, аялап жүреді.

Қосжанға соны айтсам:

– Е, ондайлар сирек қой, – дейтін жымыш. – Мен білсем, бұл жалғанда Сәкеңдей кішіпейіл адам жоқ.

Бір күні жұмыста отырсам, Сансызбай маған есіктен мойнын соза қарады да:

– Мұнда келші, – деді атымды атап.

Жүгіріп шықтым. Алдыма түсіп, жортып барады. Жоғарыдан төменгі қабатқа түсіп, кабинетіне кірдік. Орнына отырар-отырмастан:

– Әй, туысқаның қайда? – десін әй-шәй жоқ.

Түк түсінбеген мен оған таңдана қараймын.

– Қосжан қайда деп тұрмын ғой саған?! – деп зірк етті. – Үш күннен бері не үйде, не жұмыста жоқ. Дұрыс емес қой онысы. Нұрқан да білмейді. Саған не, Ташкенттен біреу келіп пе еді? Бәріңнің бірге жүргендеріңді көріпті ғой біреулер.

– Иә, Ташкенттен Төлеген Айбергенов деген досым келген. Өткен күні бәріміз бірге болғанбыз. Содан бері мен де көрген жоқпын оларды, – деймін түк білмегендей.

– Аман болса бопты, – деп одан сайын тықырши бастады Сәкең. – Егер осыдан ол табылмаса бар ғой, ә, онда сен бала...

«Апырай, бұлар шышында да қайда жүр екен» деймін енді мен де дегбірім қашып.

Абырой болғанда, «жоғалған» қос ақын дәл сол сәттерде есіктен қаздай тізіліп кіре берді де, Сәкеңе кезек-кезек қол ұсынып амандаса бастады.

Көздері қанталаған Сансызай:

– Әй, жетесіз, – деп қалды Қосжанға ашулы көзбен қарап.

Мен Төлегенмен бірге шығып кеттім. Бұл Төлегеннің Алматыға тұңғыш рет келген кезі еді. Қосжан екеуі Талғар жақта жүріпті...

– Хал қалай, Қосаға? – деймін ертеңіне. – Бастығың ұрысты ма?

Бетіме жымыя қараған Қосаған:

– Қалай десем екен, жұмыстан кейін моншаға апарды, онан үйге барып демалдық жақсылап. Дархан адам ғой Сәкең. Редактор болса, сондай болсын, – деп желпінді.

### Қосжанның қорқынышы

1964 жылы Сарыағаштан Алматыға көшіп келіп, «Мәдениет және тұрмыс» журналына қызметке орналасқанымда, Қосжан осында мәдениет бөлімінің меңгерушісі екен. Қатар жүріп, бірге қызмет ете бастадық. Мұның алдында «Қазақстан пионері» газетінен кейін Алматы облыстық «Коммунизм туы» газетінде мәдениет бөлімін басқарғанынан хабардар едім. «Онда шақырған редактордың орынбасары Кәкімжан Қазыбаев. Мұнда шақырған редактор Сапар Байжанов», – деп, екеуіне де ризалық білдіретін. Денсаулығы төмендепті. Мінез-құлқы да өзгерген бе, болмашы нәрсеге тыз етіп, шарт-пұрт ете қалатын бопты. Сөйте жүріп, (алдындағыларын қосқанда) үш-төрт өлең кітабын шығарды. Аурулығына қарамай, ресторанда оларды жуамыз.

– Өлеңді жазуын жазамыз ғой. Бірақ, түптің түбі олар кімге керек? Заман бұлдыр. Мейлі, бізге бір күн болса да, өмір сүру керек, – деп жиі мұңаятын. – Қазақ тілінің қадірі қашып барады. Содан қорқамын.

Қайран ақынның 1965 жылдың соңғы айларында осынау сөздерді текке айтпағаны белгілі боп келеді емес пе?

### Мұса Дінішевтің жылағаны

Қосжан – кеңестік кезеңше айтқанда – өзіне жүктелген қай міндетті болмасын қашанда абыроймен атқарды. «Мәдениет және тұрмыс» журналында келелі мәселелер көтеріп, тың айдарлар ашты. «Жирен жаман әдеттен», «Оқушылар ой салады, сыр шертеді» т.б айдарларды ашқан сол еді. Олар көпке дейін журналдан түспей, бертінге дейін сақталды. 1965 жылғы 31 желтоқсан күні алдағы жаңа жыл (1966) құрметіне «Қазақстан» ресторанында (қазіргі «Жетісу» қонақүйі) дәм таттық. Ертесіне ауруханаға түсіп, жаңа жылдың бірінші күнінен бастап жұмысқа келе алмаған Қосжан сол жатқаннан мол жатып, 1967 жылдың март айында 36 жасында дүние салды. Ауруханаға бір түсіп, бір шығып жүргенде неше алуан тұщымды дүниелер жазды. «Қысқа новеллалар жазып жүрмін», – деді бір жолы. Олары сол кездегі қазақ басылымдарында жарияланып жатты. Қазір марқұм бір белгілі азаматтың шәйпау әйелінің тіліне еріп, туған анасын қуып, үй қызметкер ұстайтыны хақында жазған «Астамшылық» атты новелласы мен біраз өлеңі өзі істеген («Мәдениет және

тұрмыс») журналда, «Қош бол, атамекең» новелласы «Лениншіл жас» газетінде жарық көріп, серпіліс туғызған-ды.

1964 жылдың соңында бас редактор Сапар Байжанов Орталық комитетке ауысып, орнына Мұса Дінішов келді. Қосжан Мұсакеңмен 1965 жылдың басынан аяғына дейін – бар болғаны бір жыл ғана – бірге жұмыс істеді. Осы мезгіл ішінде басшының сеніміне кіріп, ілтипатына бөленді. Қосжан көз жұмғанда Мұсекеңнің Қосжанның үйінде де, қабір басында да көз жасын тия алмай, еңкілдеп жылағаны соған дәлел іспетті еді. (ОК-те екеуі де нұсқаушы боп істейтін Сапар Байжанов пен Кәкімжан Қазыбаев та жерлеуге қатысып, марқұмның қабіріне топырақ салған-ды).

Журналда басылған қазанаманың тақырыбын да қайран Мұсекең «Қош бол, Қосжан» деп өз қолымен жазған-ды.

## БІЗДІҢ ЖАҚСЫБАЙ

*көрнекті ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор Ж.Н.Қасымбеков жайлы бір үздік сыр*

Жер бетіндегі ең саналы жаратылыс иесі – адам өмірінің де өзіндік шарт-ерекшеліктері толып жатыр: құдайдың әмірімен жарық дүниеге көз ашқан соң, сәби көңіл-зейінмен біртіндеп айналаны тану, білу, қабылдау, алға, болашаққа ұмтылу, талаптану, туған жер, халық, Отанды сүю, азамат дәрежесіне жетіп, туған өлкеге адал қызмет ету, ата-ана алдындағы парыз, сенімді ақтау, ұрпақ өрбітіп, ғұмырды жалғастыру секілді. Бұларды жиып-теріп, бір ауыз сөзбен тұйықтай салу қаншалық оңай болғанмен, үдесінен шыға білудің соншалық қиямет-қайым (іспетті) екені айтпаса да белгілі, әлбетте. Бұл аралықта қаншама сара жол, сайраған даңғыл мен тар жол, тайғақ кешулерден де өтіп, сан алуан күй кешесің, ыстық-суықты бастан өткересің. Қаншама игі жақсылармен танысып, табысып, тілектестер, ниеттестер табасың, оны сен, сені ол түсінетін ізгі жаратылыс иелерімен қатарың толып, көркейіп-гүлденіп жүресің, шалқып-тасып, жадырайсың. Жалт бергіш жабылар мен ғайбатшыл, табансыз ібілістердің пұшаймандық қылықтары солар арқылы шайылып, маса шаққан құрлы болмайтын сәттерге тәуба дейсің. «Адам күні адаммен» дейтін қазақ бұл тәмсілді елеп-екшеп, түбіріне

терең бойлап айтса керек. Жә, біз ешқандай жаңалық ашып отырған жоқпыз, ағайын. Айтсақ, кім-кімге де таныс ортақ жайларды шетпұшпақтап қаузаған болармыз. Және алда аз-мұз айтылатын жайларға кіріспес бұрын, осылайша шамалы бір серпіліс жасау ыңғайы кеп тұрғанын жасырып қайтейік. Сонымен...

Бүгінде алпыс деген атаулы (киелі) жастың асқарына бала-шаға, тума-туыс, қатар-құрбы, дос-жарандарының ортасында тұлпардай шапқылап, күнделікті қызмет, ұпы-қиыры жоқ басқа қым-қуыт міндеттерді де қамшы салдырмай атқарып, атаулы концерт, театрлардан қалмай, бас-сейнде жүзіп, футбол, баскетболын да ойнап, тәуба, жақсы көңіл-күй, құлшыныс, биік рухпен жетіп отырған Жақсыбай Нұрлыбайұлының үлгі-өнеге, ғибраты мол ғұмыр жолына көз жібергенде, бір сәт жоғарыда баяндалғандай сезімдерге қалай шырмалғаныңды өзің де аңғармастан, толғанысқа түседі екенсің. Оллаһи, солай. Сонау Мәскеуден жоғары білім алып, маман боп қатарға қосылғаннан бергі күллі өткел, бағындырған биік, бастан кешкен ыстық-суықтарға куә боп, ортақтасып келе жатқан – ата көріп, оқ жонған азамат, аяулы інімізге жылдар бойы санада сүрленген бір-екі ауыз жылы лебізді осындайда білдірмегенде қашан білдіреміз (дегеннің оғаштығы жоқ шығар, сірә). Қарапайым да сыпайылығы бір басына жетіп артылатын Жақсыбай кешіре жатар, бұл тіпті де мақтау-марапат, қолпаштау, көтермелеу емес, керісінше, оны бес саусақтай білетін (академик Мәлік Асылбеков, Ресей ғылым академиясының академигі Абай Тұрсынов,, ҚР Ұлттық Ғылым акадмеиясының ғылыми секретары, профессор Өрісбек Шоманов сынды) біраз қауымның ақ пейіл, адал ниет, шынайы тілектестік жоралғысы. Және қайда да Жақсыбайдың соған бек лайық екенін білетіндер жеткілікті болғандықтан да. «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», белгілі ғалым, қоғам қайраткерінің ерен еңбегін бағалаған Елбасы Н.Назарбаевтан сан рет «Алғыс хат» алғаны соған айғақ-дәлел екендіктен де.

Жақсыбай Қасымбеков көп балалы қарапайым отбасынан шыққан қазақ зиялыларының бірі. Отан соғысына қатысқан әкесі Нұрлыбай ұзақ жыл ауылдағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып істеді. Он ұл-қызының барлығына жоғары білім беріп, зейнетке шығып, бергін-



де өмірден өтті. Нұрекең бақилық болғанша Жақсыбай әр жылы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс мейрамы күндері Түлкібас ауданындағы туған ауылына барып, мерекені бірге атайтын (ол дәстүрді әлі де жалғастыруда). Анасы үй шаруасында болды.

Жақсыбай жайлы осы айтылған қысқаша мәліметтерден біраз ой түюге болар дейміз. Ал, мен үшін ол – алғаш ұшырасқандағы сұнғақ бойлы, ұстамды, кішіпейіл, ара-тұра кәсіби әншілер шырқаған әндерге (делебесі қоза) қосылып қойып отыратын арықтау ашан жүзді, сарғыш өңді баяғы Жақсыбай көз алдымда сол күйде қалып қойып, өзгермей келе жатқан әлі жап-жас қалпында елестейді. Өйткені, онымен алғаш рет белгілі актер-әнші, марқұм Мұқтар Өтебаевтың үйінде, осы күнгі Жүргенов атындағы өнер академиясының профессоры Майра Омарбаева жайған берекелі дастарқан басында танысып едік. Қайран Мұқанның бақиға аттанғанына үш-төрт жыл болып қалған кез еді. Тірі адам тіршілігін жасайтынындай, ол кезде Майра, ұмытпасам, консерваторияда істейтін. Бір топ сыйлас жандар ара-тұра Майраның үйіне барып тұратынбыз. Көбі әнші, күйші, өнер адамдары-тын. Қазір бәрі бірдей есте жоқ, есте сақталған біреуі «Қазақконцертте істейтін самдағай әнші Ақжігіт Дәрібаева мен соған еріп келген тағы бір-екі сұлқым-сұлу әнші қыздар болатын. Жалпы, ол шаңыраққа қашан болмасын, өнерлі адамдар келетін. Мұқанның көзі тірісінде де. Қалай әспеттесе де сиятын дарабоз әнші, сегіз қырлы, бір сырлы, ерекше дарын иесі Мұқтар Өтебаевтың ғаламат әнші, жыршы болғанын бүгінде екінің бірі біле бермейтін де болар. Еске алу, насихаттау кемшін. Осы жолдар авторы Мұқаң М.Әуезов театрында істеп жүргенде (1966 ж) Қазақ радиосына жазған музыкалық очерк бертінге дейін берілуші еді, қазір білмеймін. Әйтеуір, құрдымға кетпесе болды. Себебі, оны Илия Жақанов алтын қор үшін деп жаздырған-ды.

Иә, бірді айтып, бірге кетіп отырған жоқпыз. Сол күнгі емен-жарқын кездесу жайлы әсерін күні бүгінге дейін ұмытпай келе жатқан Жақсыбайдың да айтары аз емесіне куәлердің бірімін. Онда Жақсыбайдың Мәскеудегі Бауман атындағы жоғарғы техникалық училищені бітіріп келгеніне көп болмаған, еңбек жолын енді бастаған кезі-тін. «Дарақ бір жерден көгереді» дегендей, Политехникалық институтта (қазіргі Техникалық

университет) стажерлықтан аспирант, ғылым кандидаты, доцент, доктор, профессор, деканның орынбасары, декандық сатылардан өтіп, 1999 жылдан бері Алматы экономикалық колледжінің директоры қызметін атқарады. Аталмыш оқу ордасы үлкен жетістіктерге жетуде: «Жылдың таңдаулы колледжі» республикалық байқауында I орын, Алматы облысы колледждері арасында өткен «үздік кәсіптік білім беретін мекеме» байқауында I орын, «Жыл таңдауы» республикалық байқауында үздік орын иеленуі Жақсыбайдың басшы ретіндегі қабілет-қарымының жоғары екенін аңғартары сөзсіз. Біз бұларға қысқаша тоқталып отырмыз. Шын мәнінде олар кеңінен толғап, молынан қамтып сөз етуге тұратын жайлар.

Айтулы азамат, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ұлағатты әке, үлкен ұжымның байыпты басшысы, қазақтың ұлтжанды перзенттерінің бірі Жақсыбай Қасымбековке денсаулығың мықты боп, ұзақ жаса, бақытты, абыройлы бола бер дейміз.

## ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІНЕН

**МИРМУХСИН,  
өзбек жазушысы**

### ӘМБИЕНІҢ ЕМІ

Күркілдекте біреу пайда болды. Анау-мынау емес, нағыз әмбиенің өзі құсайды. Барлық кеселді емдеп, жазып жібереді-мыс. Сондықтан, оны алыс-жақыннан іздеп келушілерде сан жоқ деседі. Ауланың іші-сырты құжынаған машина көрінеді. Тек ақша берсең бітті, көзі ашық «әулиенің» көмегі қолма-қол әзір.

Ал, енді ол өзі әлемнің ең алыс түкпіріндегі тып-тыныш жатқан осынау мекенге қай жерлерден келді екен? Дұрысы, бұл жөнінде Рәбия тәтейден сұраған мақұл.

Бір жолы Рәбия тәтей түн жарымында әлденеден елегізіп, шошып оянсын. Біраз уақыт терезеден сыртқа қарап, сұлқ жатты. Ай сәулесіне малынған айнала төңірек сүттей жарық. Әсіресе, жақын маңдағы ескі мешіттің өрмелі қабырғалары мен зәулім теректер көзге ап-айқын көрінеді. Кенет Рәбия тәтейге медресенің өрме қабырғасынан әлдекім жоғары қарай көтеріліп бара жатқан сияқты сезілді. Басын қалт көтерген ол көздерін сүртіп, анықтаңқырап қарап еді, жаңылмапты. Дәл солай. Тірі әруақ тәрізді бірдеңе мешіт күмбезінің ұшар басында ербең қағып, қалтаң-құлтаң етеді.

Рәбия тәтей аузын жыбырлатып, құран оқи бастады. Көздері жұмулы. «Осы құрылысшылардың жүрмейтін жері жоқ, түге. Дүниенің астан-кестенін шығармаса қайтер екен? Ауылдың о шеті мен бұ шетіне шейін үй салып, әруақ атаулыны үркітіп, берекені қашырып бітті бетпақтар. Әруақ сорлылар мешітті сағаламағанда қайтсін енді», – дейді өзінше ой түйіп. Көзін ашса, әлгідегі елес ғайып болыпты.

Танды әрең атырған Рәбия тәтей түндегі көргендерін ертемен мектепке баруға әзірленіп жатқан немересіне айта бастап еді, сүлесоқ тыңдаған ол: «Жейтін не бар?» – деп күңк етті де, тамақтанып болысымен портфелін арқалап кетіп қалды.

Шыдамы таусылған Рәбия есік алдына атып шықты. Өз үйінің есігінен басы қылт еткен көршісі Фатима:

– Рәбия тәтей, неге мұнша ерте тұрдыңыз? – деп дауыстады.

– Бері кел, – деді тәтей оған ымдап. – Медресе жаққа қарашы. Бүгін түнде бар ғой, ә...

Сөйтіп, түндегі оқиға бұл ауылға қас пен көздің арасында тарады да кетті. Қақпалар сықырлап, есіктер тарс бекітіліп, әйел біткен бірінен соң бірі Рәбияның үйіне жүгіріссін. Рәбия көрген-білгендерін бояуын қалыңдатып, майын тамыза баяндаумен әуре.

Әрине, оның сөзіне күмән келтірушілер де болды. Бірақ, осы түні әдетте күзет кезінде тірі өлік боп ұйықтап жататын мешіт қарауылы да оқыстан оянып, бас айналардай биік дуал қабырғасымен жоғары қарай өрмелеп бара жатқан елесті ол да өз көзімен көріпті. Ақ киімді жұмбақ елес онан соң жақын маңдағы Күркілдек өзеніне қарай зып беріпті. Қатты қорықса да, соңынан білдірмей еріп отырған қарауыл әлгі елестің өзен үстіне асулы темір арқанмен жүгіріп өткеніне де куә болып, өзі былайырақтағы үлкендеу көпірден тез айналып өтіп, оның кірген үйіне шейін ілесіп барыпты. Сөйтіп, елестің кім екенін анық біліп алыпты. Ол осы ауылға таяуда әлдеқайдан келген Дуадақ-қари деген жеке басты адам-тын. Өзінің есімімен бастап тұла бойы түгел жұмбақ дерліктей біреу. Дуадақ-қари. Шын есімі солай ма, әлде лақап ат па, белгісіз. Бірақ, әйтеуір, сырт пошымының кәдімгі денесі үп-үлкен де, басы кішкентай дуадақтан айнымайтыны рас. Қысық көздері аздап қитарлау. Жылтыр бетінде ұзын-ұзын үш қылы бар меңінен бөлек, бір тал сақал, не мұрт жоқ. Бір нүктеден көз алмай, бірнеше сағат үнсіз отырады. Жалпы, оның үнін естігендер сирек.

Қарауыл бұл адам туралы өзіне белгілі тағы да біраз жайларды есіне түсірді. Шамасы, ол егеуқұйрықтар мен тышқандарды жоятын әлдебір мекемеде жұмыс істесе керек. Аздап қаржы жинаған көрінеді. Туған-туысқаннан жұрдай, ата тегін өзі де білмейді.

Түндегі оқиғалар ойынан мүлде шықпай қойған қарауыл тәуекелге бел буды. Күндіз Дуадақ-қаридың үйіне барды. Сөзді әріпектен бастап:

– Ұлым, мен өткен түні сенің Күркілдектен қашып өткенінді көрдім...

– Немене, одан өтуге тыйым салынған ба еді?

– Жоқ, ә! Олай емес қой. Темір арқанның үстімен қорықпастан, құламай өткенінді айтам да.

– Бәлкім, түсіңізде көрген боларсыз.

– Көрген жалғыз мен емес, адал пенденің айтқанына шәк келтірмеңіз. Сіз туралы бірінші болып хабар таратқан әлгі Рәбия емес, мен боламын. Ғажап оқиғаны бірінші көрген менмін.

Сөйтті де, қарауыл Дуадақ-қаридың қолынан шап беріп ұстай алып, бас бармағын сипалап байқады. Көріпкелдің бас бармағында тырнақ болмайды демеуші ме еді. Әрине, мінекей, дәл солай екен.

– Сіз көріпкелсіз! Қолыңыздан бәрі келеді! – деп айқайлап жіберді қарауыл.

– Ал, солай-ақ болсын, – деп мінгірледі Дуадақ-қари. – Одан сізге не пайда?

Қарауыл үстіндегі май-май жұқа шапанын шешті. Иығы мен көкірек тұсына қып-қызыл ұсақ бөртпелер қаптап кетіпті.

– Есекжем дейтін індет көрінеді бұл. Дәрігерлер түк істей алмай отыр. Бұршақ сорпа, немесе, машаба жедім-ақ, денем сол бойда қыши бастайды. Жаңғақ жесем де солай.

Дуадақ-қари кесеге шай құйды.

– Алыңыз.

Өзі тысқа шығып кетті де, ұзамай күйелештенген ағаш қасықпен аздаған балшық алып қайта келді. Қарауылдың денесінің кей жерлеріне там-тұмдап балшық жағып, әлдене деп күбірледі. Сонан кейін:

– Қайта беріңіз. Алла жар болса, қыс түсе дертіңізден сауығасыз, – деді қарауылға. – Бірақ та кімнің арқасында дауаланғаныңызды жұртқа айта жүруді ұмытпаңыз.

Шынында да, мұндай хабар көптің құлағына құстың ұшқанынан да жылдам жетті емес пе?

## II

Бірде алыстағы басқа ауылда бір топ әйел бас қоса қалсын. Алтын тістері жалт-жұлт еткен Мехиргүл тым есіріңкіреп:

– Міне, сендердің барлығыңның ештеңеден хабарларың жоқ. Күркілдекте ғажайып тәуіп пайда бопты. Емдемейтін ауруы жоқ дейді. Барушыларда қисап жоқ. Есігінен аттап кіру мұң екен, адамдар дертінен дереу айығады екен – деді жаңалықты жария етіп.

– Бала таппайтындарды да емдей ме екен? – деді нәзік денелі Дүндікхан сәл қысыла сөйлеп.

– Емдегенде қандай. Адресін менен аласың. Бірақ, құр қол баруға болмайтынын білім қой. Әмбиеге арнап атағаның болсын!

... Бірнеше он сомдықты орамалға мұқият түйген Дүндікхан Күркілдек қайдасың деп жолға шықты.

Кезек күтушілер көп екен. Әмбие туралы Дүндікханның құлағы небір ғажаптарды естіді. Ол дегеніңіз медресенің ұшар басына құша ұшып көтеріледі дейді. Өзен үстімен де әрлі-берлі қалықтап ұшып өтеді-мыс. Баяғы дүкеннің қарауылы ол жұмысын біржола тастап, қазір осында әмбиеге қызмет етеді екен. Кезек күтушілерге нан, шай, салқын су сатып, осы аймақтың одан да басқа қаншама адамдары сабылып жүр десейші!

Дүндікхан кілем төселген күңгірттеу бөлменің төр жағында көздерін аспанға қаратып, тәңірге сыйынып отырған Дуадақ-қариды көрді. Ол ұсынған ақшаны маңғаздана алды да, жас әйелге қағазға оралған дәрі-дәрмек берді.

– Кәнеки, қалқатайым, мен сізді жақсылап тексерейін. Мына көрпенің үстіне жалаңаштанып жата қойыңыз...

Шаштары ұйпа-тұйпа болған Дүндікхан әмбие отырған бөлмеден есік алдына ашуға сыймай атылып шықты:

– О, тәуіп болмай әдірем қалғыр! Жігітінде желкең үзілгір жексұрын! Осыны да әулие деп!.. Ұятсыз әбілет!..

Қарауыл қарт қалбалақтап оның соңынан ұмтылды:

– Жап аузыңды, сайқал! Әмбиенің емі ұнамаса, үн-түңсіз кете бермейсің бе?

– Кете бермеймі! Айтамын!.. Жұртқа жаямын!..

Қақпаға қарай жұлқына адымдаған Дүндікхан қалтасындағы дәрілерді суырып-суырып алды да, лақтырып жіберді...

### III

Әйтсе де, әзірге әмбиеге келушілер көбеймесе, азаяр емес. Жүк машинасының жүргізушісі Омар да бірде науқас әйелін «әулиеге» алып келіп кіргізіп жіберді де, өзі кабинада күтіп отырды. Ұзамай ойбай сала бажылдап, қатты ренжіп отырған әйелінен «әулиенің» қалай «емдемек» болғанын естіп, өз құлағына өзі сенбеді. Кезек күтушілерді жарып өтіп, «әулие» отырған бөлмеге баса-көкеп кіріп барды.

– Сен осылай емдеуші ме едің? Қарғыс атқанның тұқымы!

Дуадақ-қари беті бүлк етпеген қалпы жаймен ғана:

– Күнәһар! Мен қасиетті тұқымнанмын, тіл тигізбе! – деді безірейе.

Омар бұл «әулиені» енді ғана таныды. Есіне түсті. Осыдан екі жыл бұрын жол шетінде далбаңдап бара жатқан кемпірді қағып кетіп, еңбек түзеу колониясында бір жыл отырып шыққаны бар-тын. Сонда ұрлық жасағаны үшін алты жылға сотталған Тоймасов деген біреумен танысқан болатын. Ал, ол өзінің түн жарымында төсектен тұрып, ұйқылы көзбен жол тауып жүре беретін аруағы бар екенін айтқан-ды. Егер де мынау темір торлар мен ауыр болат есіктер болмаса, айлы түнде биік дуалдар мен үйлердің басында жүре беру оған түк те емес екен.

Омар әулиенің жағасына жармасты.

– Қолға түстің бе, бәлем! Ендігі кәсібің осылай дегін!

– Есінді жый, оңбаған! Қарғаймын! Өзінді де, балаларынды да түгел қарғаймын! – Сөйтті де Дуадақ-қари түсініксіз бірдеңелерді айта бастады: «... илло Али...»

Әулиенің сандырақтарын жас кезінде әкесінен жиі естіген құран сүрелері деп ойладым да, қайдам, әйтеуір Омар әулиенің жағасын босатып жіберді.

– Уа, жарандар, – деп айқайлады сонан соң: – Бұған сенбеңдер! Ол ұры! Оны көптен бері милиция іздеп жүр!

Айқай-шуға жұрт лезде жинала қалды. Мән-жайды білісімен, бір-біріне қарамай, әркім өз машинасына ұмтылды. Машиналар қора ішінен шұбатыла сыртқа шығып барады...

*Өзбекшеден аударылды.*

## ЖЕТІСУ УӘЛӘЯТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР

*«Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық сала-  
ны қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін  
жаңғыру жолы... Стратегияны мүлтіксіз орындау... ортақ  
парыз, абыройлы міндет.  
Н.НАЗАРБАЕВ*

Қазақстан Республикасында «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жергілікті дамудың барлық мәселелерін шешуге азаматтардың қатысуын кеңейтудің маңызы зор» және «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» екені Елбасымыздың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында атап айтылған болатын. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шындығында да, жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы–бұл мемлекеттік институттар, азаматтық қоғамның дамуымен, сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен жергілікті тұрғындардың өміріне тікелей әсер ететін серпінді процесс. Осыған орай, Іле ауданының әкімдігі Елбасының 2012 жылғы жолдауы мен «Жалпыға ортақ еңбек майданына қарай 20 қадам» атты тапсырмасын орындау мақсатында әр ауылда (бұған дейін болмаған) қоғамдық кеңес құруды қолға алды. Бұдан үш жыл бұрынғы қалың көпшілік тарапынан қызу қолдау тапқан осынау **бастамаға жаңалық деп қарауымыз тегін емес.** Оған төменде баян етілетін іс-әрекеттер айғақ-дәлел бола алады.

Алдымен айтарымыз, ауданның сол шақтағы (кейін Жаркент ауданына ауысып, ол жақта да тың бастаманы қолға алған) әкім Бердәулет Абдуллаев 2012 жылдың 3-ші шілдесінде ауылдарда қоғамдық кеңес құруды Ащыбұлақ округінен бастауды ұсынды. Сөйтіп, аса үлкен елді мекен саналатын аталмыш ауылдық округінде 7 қоғамдық кеңес құрылып, атап айтқанда, Түймебаев ауылы, Әйтеке би ықшамауданы, Жәпек батыр, Қазыбек би ықшамауданы, Көкқайнар-2, Көкқайнар-3 және Төле би ауылдарында қоғамдық кеңестер құрылып, төрағалары сайланды. Ащыбұлақ округіндегі бүкіл ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы – кәсіпкер Рүстем



кажы Бақтыбаев. Әрқайсысына аудан әкімі куәлік тапсырып, атқаратын жұмыстар мен міндеттер пысықталды. Әрі қарай округ әкімінің аппараты әр ауылдағы ардагерлер, қоғамдық кеңес төрағаларының қатысуымен әр көшеде жиналыс өткізіп, көше комитеттері және олардың мүшелерін сайлады, алда істелетін жұмыстарға бағыт-бағдар берілді. Олар қандай жұмыс, қандай бағыт-бағдар дейтін болсақ, округтік қоғамдық кеңес пен көше комитеттері мүшелерінен білім беру саласы, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылық, Тұрғын үй, Коммунальдық шаруашылық, қоғамдық тәртіп, почта, телефон байланысы, электр желісі, газдандыру салалары бойынша комиссиялар құрылып, олар жоғарыда аталған салалардың жұмысына бақылау тексеру, бұра-тарту, жайбарақаттық, өзге де кем-кетіктердің алдын алумен қатар, дабыл қағу, ескерту, жоғарғы билік орындрына хабарлау құқтарына ие болды.

Ең бастысы, әр салаға бюджеттен бөлінетін қаржының дұрыс жұмсалуды көп болып қадағалау оң нәтиже беруде. Мәселен, «Ащыбұлақ» ауылдық округіндегі (жоғарыда айтылған) қоғамдық кеңес пен ардагерлер кеңесі және көше комитеттерінің мүшелері Түймебаев ауылындағы мемлекеттік бюджет қаржысына салынып жатқан 900 орындық мектеп ғимаратының құрылыс барысы, ауылдар арасындағы жолдарды жөндеу, Түймебаев ауылында «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша жүргізілген ескі су құбырларын ауыстыру, жолаушылар автобустарының маршруттары, мәдени, санитарлық-тазалық жұмыстарын қас қақпай қадағалап, нәтижеде округке қарасты ауылдардағы іс-шаралар бұрынғы кездердегіден жүйелі түрде жүзеге асуда. Содан болу керек, «Ащыбұлақ» ауылдық округі қоғамдық кеңесінің жұмысы өзгелерге үлгі-өнеге ретінде насихатталып келеді. Ол жайлы «Аймақ» қоғамдық қорының атқарушы директоры Ш.Әйкенова, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Исаев, мемлекеттік емес «Болашақ» ұйымының төрайымы Р. Әбілова, аудандағы барша ауылдық округтер жанындағы қоғамдық кеңес төрағаларының қатысуымен Астана қаласында өткен дөңгелек стол басында **жан-жақты сөз болды.** Оған сондағы бірқатар жауапты қызметкерлер, Парламент депутаттары қатысып, пікір алмасты, қолдау жасады. «Ащыбұлақ» ауылдық округі қоғамдық кеңесінің жұмысы осылайша облыс, республика деңгейінде бағаланып, Республика үкіметінің 2013 жыл, 18 қазан, Алма-

ты облыстық мәслихатының 2013 жыл, 18 сәуір, Іле аудандық мәслихатының 2013 жыл, 7 қарашасындағы №25-123 шешімі бойынша өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру мақсатында құрылған 7 қоғамдық кеңес мүшелеріне қосымша «Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі-қағидаттары» негізінде ауылдарда бөлек жиналыстар өткізіліп, Түймебаев ауылынан-51, Жәпек батыр ауылынан-36, Көкқайнар ауылынан-17, Төле би ауылынан-13, округ бойынша 117 өкілетті өкілдер сайланды. Сайланған күннен бастап олар **билік пен жергілікті тұрғындар арасындағы байланысты бұрынғыдан да нығайтып, ұштап, жетілдіріп» округке қарасты елді мекендерде жүргізілетін жұмыстардың дер кезінде әрі дұрыс орындалуын ауыл тұрғындары атынан қадағалайды.**

Округтік әкім аппараты мен «Аймақ» қоғамдық қоры (атқарушы директоры Шолпан Әйкенова) бірлесіп, Ащыбұлақ ауылдық округінің 2014-2018 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын жүйелі түрде (қалың қауымның көз алдында) жүзеге асыруда. Бұл нәйәті үш жыл бұрын қолға алған жақсы бастаманың өркен жайып, қолдауға ие болғанының көрінісі. Өңірлерді дамыту министрлігі 2013 жылы 12-13 желтоқсан күндері Астана қаласында өткізген дөңгелек столда «Ащыбұлақ» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасымен республиканың түкпір-түкпірі және ОБСЕ-ден келген делегаттар танысып, жоғары баға бергені де оңды құбылыс болды (дедік). Оны да айта кетейік, Астана қаласында өткен аталмыш шараға Іле аудандық мәслихатының депутаты Шолпан Қағазбаева, Жәпек батыр ауылы қоғамдық кеңесінің төрағасы Рүстем Бақтыбаев, Әйтеке би ықшамауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Самат Сүлейменқұлов пен Түймебаев ауылы қоғамдық кеңесінің төрағасы Сақид Чатуев қатысып қайтқан-ды. Енді осы үш азамат хақында аз-кем әңгіме.

2012 жылдың қаңтар айында Іле ауданының (сол кездегі) әкімі Б.Абдуллаев барша активті жинап, «Нұр Отан» партиясының жергілікті жетекшілерінің бірі Әмзе Исаевқа қоғамдық кеңес құруды тапсырған соң, ол өз кезегінде аудандағы он бір округті аралап, көше бастықтарын сайлап, барлығын партия құрамына енгізді. Аудан көлемінде қоғамдық кеңестің пайда болуы осы уақыттан бастау алады. Қоғамдық кеңес пен көше бастықтарын халықтың өзі

сайлап, «Нұр Отан» партиясы мақұлдады. Ал, біз сөз еткелі отырған жігіттер «Ащыбұлақ» округіндегі қоғамдық кеңестерді басқарады. Ешкімге аласы-бересі жоқ олардың үшеуі де адал еңбекпен күн көріп жүрген шағын кәсіпкер-мамандар. Елге, жерге қамқор, жанашыр тұлғалар. Үшеуі де аудан топырағына еліміз тәуелсіздік алған жылдарда төрткүл дүниенің үш түкпірінен келген намазхан қажы.

Жеке кәсіпкер (1961 жылы) Рустем Бақтыбаев Түрікменстанның Ташауз ауданында дүниеге келіп, Ташкент мединститутында тіс дәрігері, фармацевт-екі бірдей мамандық алған. 1990 жылдардың басында әке-шеше, сүйген жары сарыағаштық Мейрамкүл Өтенбайқызы, тума-туыстарымен бірге қазіргі Жәпек батыр ауылына көшіп келіп орнығады. Түймебаев ауылынан дәріхана, тіс емдеу кабинетін ашады. Ұлы Мақсат, қызы Маржан да тіс дәрігерлері. Ащыбұлақ округіне қарайтын бүкіл ауылдық қоғамға төраға болғаннан бері көптеген игілікті істер тындырды. Округте қоғамдық кеңес және көше басшыларының араласуымен қоғамдық тәртіп жолға қойылды. Ұрлық-қарлық, бұзақылық тиылды. Түнгі сағат 11-ден кейін спиртті ішімдік сатылмайды десе болады. Түрлі мемлекеттік салалардың жұмысы үнемі назарда. Аудан әкімдігі, «Нұр Отан» партиясының қолдауы арқасында қандай кемшілікке болса да жол бермеуге құқылы. Әсіресе, бөлінген бюджет қаржысының қалай пайдаланылатынын өз тараптарынан бақылауда ұстайтынына ел-жұрт риза. Бұл барлығын қатырдық деген сөз емес. Кемшіліктер бар болуы бек мүмкін. Міндет соларды азайту не мүлде болдырмау. Округ әкімі Мұхит Кәрібаев үнемі ақыл-кеңес беріп, көмегін аямайды. Оған ризалықтан бөлек айтар сөз жоқ. Ауылда реттілік, тәртіп қалпында. Аула, көшелер таза, тұрмыстық қажеттіліктер дер кезінде өтеліп тұрады.

Осындай лебізді «Ащыбұлақ» ауылдық округіне қарайтын Әйтеке би ықшамауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Санат Сүлейменқұлов, Түймебаев ауылы қоғамдық кеңесінің төрағасы Сакид Чатувентен де естуге болады. Олардың да туған ел, жер, халық үшін қоғамдық негізде атқарып жүрген жұмыстары ұлан-ғайыр, нәтиже көл-көсір. Жеке кәсіпкер Санат Асанұлы Сүлейменқұлов меркелік режиссер-драматург Асанның отбасында дүниеге келген. «Кэмпит» аталатын жекеменшік мекеме иесі. Биылғы 1-ші қыркүйекте ашылуы тиіс

болған 900 орындық мектеп ғимаратының мерзімінде салынып бітуін қас қақпай қадағалағаны секілді нәтижелі істері аз емес.

Түймебаев ауылы қоғамдық кеңесінің төрағасы, қырғыз елінде туған, ұлты курд Тимур Чатуев Ресейдің Мичуринск қаласында жоғары білім алған салауатты жігіт ағасы, жеке кәсіпкер. Ақы-пұлсыз атқаратын қоғамдық міндетін бұлдамай, айналаға шуақ шашып жүретін мейірімді, шапағатты тұлға. «Қазақ елінде тұрып жатқаныма жідә құрсанмын, кіші ұлым қазақ мектебінде оқиды, өзгелеріміз де қазақ тілінде еркін сөйлейміз, қазақ атты данышпан, дарқан халықтың мәртебесі өсе беруіне қолдан келген үлесімізді аянбай қоса береміз. Лайым, қазақ жасай берсін!»-дейді жаны жайсаң Чатуев.

Ал, енді бұл айтылғандарға қосарымыз, Астана қаласында тұратын белгілі социолог маман Шолпан Әйтенова жағымды лебіз білдірген кәсіпкер Рүстем Бақтыбаев төрағалық ететін «Ащыбұлақ» округтік (әкімі Мұхит Кәрібаев) қоғамдық кеңесінің қазіргі жұмысы мен іске асырып жүрген іс-шаралардан Іле ауданындағы барша (өзге) округтік қоғамдық кеңес төрағалары мен мүшелері тәлім, тәжірибе алып, сондай-ақ, облыстағы басқа аудандар мен Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының аудандарынан да арнайы өкілдер келіп жатады. Бұл, әрине, жер-жерде өзін-өзі басқару, ардагерлер мен қоғамдық кеңестердің бірлесіп атқаратын жұмыстарынан үлгі алу, солай етуге талпыну белгісі. Мәселен, «Ащыбұлақ» округтік қоғамдық кеңесі мүшелерінің соңғы үш жылда әр жыл сайын ардагерлерді қамқорлыққа алып, Желтоқсан, Тәуелсіздік күні, Наурыз, Айт өзге де айтулы мерекелерді кеңінен атайтыны, көркемөнерпаздар үйірмесі, «Әжелер ансамблі» ұйымдастырып, олардың ауыл тұрғындарына, қарттар үйінде үзбей концерт көрсетіп тұратынын жақсы жаңалық емес деп кім айта алады?! Осы биылғы 25 тамызда «Ауыл кеші көңілді» деген шара, 1 қазанда «Қарттар күнін» өткізгені де өнегелі нысан. Бұл шараларды өткізуге «Ащыбұлақ» округтік қоғамдық кеңес төрағасы Рүстем Бақтыбаев пен оның орынбасары, белсенді азамат, іскер тұлға Тайыр Махановтың барынша қамқорлық жасағанын атап кеткен артық емес. Бұларды осы мақаламен қоса беріліп отырған фотосуреттер де айғақтайтыны сөзсіз.

Енді осынау бастамаға бас-көз, жанашыр боп жүрген аудан басшылары не дер екен, солардан мір кем пікір.

**Қыдыркелді МЕДЕУОВ:** (Іле ауданының әкімі): «Бізде қарқынымызды бәсеңдетпей, аудан болашағын азаматтық қоғаммен бірге құраймыз деген нық сенім бар. Жергілікті өзін-өзі дамыту бағытындағы бірлескен жұмыстар нәтижесі болашақта кез-келген заманауи демократияның басты әрі өзекті элементі болып табылатынына үміт артамын. (Ауданда «Жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті деңгейде тиімді қоғамдық қатысудың дамуы» атты конференцияда сөйлеген сөзінен. 3 шілде, 22015)

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ:** (Іле аудандық мәслихат хатшысы): «Бүгінгі таңда біздің ауданда қоғамдық Кеңес төрағаларының аудандық мәслихат сессиясына және тұрақты комиссиялар отырысына белсене қатысуы тәжірибеге айналған».

**Рүстем БАҚТЫБАЕВ:** (Жәпек батыр ауылы қоғамдық Кеңесінің төрағасы): «Ащыбұлақ» ауылдық округіне қарасты әр ауылда қоғамдық кеңес және комитет мүшелері сайланып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі құрылғалы бері үлкен өзгерістер болып жатыр.

Көшелерге аншлаг орнату, жолдарды жөндеу, асфальт төсеу, газ құбырын тарту, санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу, сенбіліктер ұйымдастыру, мәдени іс-шараларды бірлесе атқару сияқты жұмыстар көпшіліктің белсене араласуымен және қолдауымен өтеді. Кеңестің бағыт-бағдары тұрғындарға түсіндірілген соң, халықтың өзі кез-келген мәселеде бірлесе шешім қабылдап, бар шаруаны жұмыла атқаруға бейімделді. Бұрынғыдай әкімшіліктің алдын тоздырып, алақан жайғанды тоқтатты.

Қазақстан Республикасының айтулы мерекелерін ауыл болып атап өтуге қоғамдық Кеңес мүшелері, көше комитеттері, ардагерлер Кеңесі, әйелдер Кеңесі, «Ардагерлер» ансамблі белсене қатысады. Олармен күндіз-түні жұмыс істеп, ұйытқы боп жүретін менің орынбасарым Тайыр Махановтың еңбегі бір төбе.

Міне, еліміздің өзге аудан, ауылдарында да қолға алып, жүзеге асыруға болатын Іле ауданындағы қоғамдық бастамалар сипаты осындай, дос. Қалай дейсің?

## САРЖАҒАЛДЫҚ САРЫН

*дінтанушы Досай Кенжетайдың көкейін тескен қызжыл не?*

Дана халқымыздың әр сөз, пайым, пікірлерінің астарында терең философиялық мән жататыны әлімсақтан аян. «Жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады» деген тіркесті-ақ алайықшы. Айдай анық, түсінік қажет емес. Әйтсе де, төменде сөз еткелі отырған саржағал сарын иесін «жаман» пенде деуден аулақпыз. Керісінше, жақсы пенде болуы ықтимал. Бірақ, әңгіме оның жақсы не жаман екенімде емес, аузынан шыққан атылған оқ – сөзінде боп тұр. Ол не?

Ол дінтанушы пенденің «Сүйінбай мен Жамбылдың жырларынан тұрмыстық қағытпалардан басқа тұшымды шумақ көрмедім» дегені. Апырай, ә! Мұнысы, біздіңше, бұған дейін ешкім айтпаған тың «тұжырым», «жаңалық» десе болғандай екен. Немесе, тыңға түрен салған тосын «серпіннен» бір кемдігі жоқ (десе де артық емес). Неге? Дінтанушы Досай Кенжетай өз парақшасында «Сүйінбай мен Жамбылдың жырларынан тұрмыстық қағытпалардан басқа тұшымды шумақ көрмедім» деп тепсінсе, солай демей не дейміз. Пақырдың Сүйінбай Аронұлының 200 жылдық мерейтойы тойланып жатқан тұстарда шығармаларында елдік, еркіндік, адамгершілік туралы ой жоқтығына опынып, түн ұйқысы төрт бөлінген құсайды. Елден-ерек ғылым-біліммен мұздай қаруланған жазекен «Адамды адам қылатын ішкі тереңдікке қатысты ойлар Сүйінбайда жоқ» деп тақ етеді. Мейлі, ауыз өзінікі, көки берсін дей салайын десең, мына лепіrmесіне қарап, «адамды адам қылатын ішкі тереңдікке қатысты ойлардан» өзі де құралақан емес пе екен деп қауіп етесің еріксіз. Әйтпесе, алты алаштың ардақтысы, абыз ақын Сүйінбайдың Тезек төрені айтыста тізе бүктіріп, артынан екеуінің тіл табысқан достығы немесе қырғыздың бет қаратпас дүлей ақыны Қатағанды жер қаптырып, екі елдің намысы сынға түскен айтысты ұйымдастырған қырғыз манаптарының оның алдына бір отар қой, үйірлі жылқы салып, жиһазға толы отау үйімен қоса, жас аруды сыйға тартқаны жайдан-жай болғаны ма? Досайша солай-мыс. Күллі әлем мойындаған Сүйінбай мен Жамбылдан титімдей нәр таппаған Досайдың ғұмыры қос алыптың жырларынан философиялық ой оқи алмай

опынумен өтіп келеді екен, ойбай-ай, ойбай. Бірақ, кім білсін, әлгідей деуіне қарағанда, пақырдың өзінің де түйсігінде әлдебір кінәрат жоқ па екен, қайдан білейік.

Дінтанушы Досайдың осы тақылеттес мұң-нала, өкініштері хақында «Қазақ» газетіндегі шағын жазбадан кездейсоқ оқып білдік. Оқыдық та ойладық: басқа басылымдар неге жақ ашпайды екен деп. Әлде, көрмей қалдық па? Әйтсе де, «Қазақтағы» мақала шағын болғанмен, салмағы атан түйеге жүк болардай (екен). Сондықтан, оқырман ретінде үнсіз қалмауды құп көрдік. Бірақ, бізден бұрын да үн қосқандар бар екен. Оларды да «Қазақтан» білдік. Мәселен...

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері Айгүл Ісмақова: «Сүйінбайдың туыстары естісе жауапқа тартуға болады деп ойлаймын. Өзге ұлт өкілдері айтса мен түсінемін. Бірақ, өзіміздің зиялы азаматтар Сүйінбайдың қадірін білмей, тіпті, мұсылман адамдар өмірден өтіп кеткендер туралы күдікпен айту ақылдың көрінісі емес болып табылады», – дейді.

Осы жерде Айгүлмен онша келісуге болмайтын тұстарды да айта кетейік. Қадірлі Айгүл! «Сүйінбайдың туыстары естісе, жауапқа тартуға болады деп ойлаймын» деуіңізді қалай түсінуге болады? Сүйінбайдың туыстары деген кімдер? Солар ғана дабыл қағуы керек пе? Олайша қарасақ, сіз де, біз де, барша қазақ Сүйінбайға туыс емес пе? Сізді қайдам, біздіңше, Сүйінбай мен Жамбылдың жырларынан философиялық ой оқи алмай пұшайман боп жүрген Досай да туыс оларға. Егер ол да қазақ болса, әрине. Ал, әзірге қазақ бір-біріне туыс емес деген аксиома ешқайда жоқ. Алайда...

Дінтанушы Кенжетай мырзаның жоғарыда айтқандарына қоса: «Қазақтың, қырғыздың немесе бір аймақтың мәселелері ретінде тойлана берсе қарсылығым жоқ (өй, деген!). Бірақ, ұлттан шығатын, мемлекеттің сыртында, халықаралық деңгейде оларды жариялап, ортақ нәрсе екен деуге ұят», – дейтін дүмбілдеу пайымына қарағанда, өзін қос алыпқа туыстығым жоқ десе де еркі, әрине. Әйткенмен, сабазың кеш қалғанын ескермейтін сияқты. Себебі, ұлы Жамбыл дінтанушы Досай мырза бұл дүниеге жаралмай тұрғанда халықаралық деңгейге көтеріліп, басқаны айтпағанда, бұрынғы одақтас республикалардың барлығында аудан,

шаруашылық, мектеп, көшелерге аты берілген жоқ па еді?! Қырғыз, өзбек, түрікпен елдерінде әлі бар. Петерборда екібастан. Жамбылдың соғыс жылдарында шығарған «Ленинградтық өренім» атты өлеңін ондағылар осы күнге дейін пір тұтады емес пе? Егер Досайдың көкейін тескен ұлы жыраудың кеңестік көсемдер мен сол дәуірді жырға қосқаны болса, ол басқа әңгіме. Жамбылдың бала жастан майталман ақын ретінде танылғанына Құлмамбет, Айкүміспен сөз сайысына түскендей толып жатқан айтыс, Өтеген батыр, Сұраншы батыр т.б. дастан, жырлары айғақ екені ғылыми негізде алдақашан дәлелденген. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов мойындап, Ғабит Мүсірепов «феникс-феномен» деген Жамбылдың бағасы Досай дінтанушы мен өзге де бірлі-жарым ақылгөйлердің жымысқы шатпақтарынан әсте де кеми қояды демейміз, қайта, асқақтай түсетіні дау туғызбаса керек. Ал, сөзін иман, сауаптан бастауға мәшһүр дауасыздар аруақпен алысудан жандары жай табар болса, жолдары болсын. Бельгерше айтсақ, алға Күзембай!

«Қазақ» газетіндегі өткір де шағын мақалаға орай өз басым бұл пікірлерді Сүйінбай мен Жамбылға қазақ ретінде туыс болғандықтан білдіріп отырмағанымды айту ыңғайсыз, артық. Олай десе, ғалым қарындас Айгүл де, дінтанушы Досайға да мені өздеріне туыс деулеріне жол ашық. Бар қазақ бір қазақпыз. Аталмыш мақалада көрнекті жазушы Жұмабай Шаштайұлы да: «Досай Кенжетай деген азамат әдебиеттен мақрұмдық сыйпаты бар екені мынадан байқалады. Ол қандай философия іздеп жүр? Қандай рациональды дән іздеп жүр? Мен соны түсінбедім. Ол әдебиетші немесе өз ұлтына жаны ашитын адам болса, олай айтуға қақысы жоқ еді», – деп тоқетерін нақты, дәл айтады. Бұл пайымды: «Дінтанушы ұстанымы әдебиетшілердің де жағасын ұстатып отыр. Себебі, сөз атасы Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбылдың жыр-толғаулары нағыз бірлікті, батырлықты насихаттауға бағытталған. Сондықтан, ғалымның бұлай айтуы барып тұрған білімсіздік екенін алға тартады әдебиетшілер», – деп газет редакциясы да нықтай түседі. Сондай-ақ, газетте: «...Досай Кенжетайдың бұл пікірі әлеуметтік желілерде талқыланды жоқ. Өйткені, ол жазбасын жылдам өшіріп тастаған екен. Шамасы, арты шуға ұласатынын сезсе керек. Соған қарамастан, дінтанушының



Сүйінбай мен Жамбылға қатысты көзқарасы өзгермейтін сыңайлы», – деген жолдар жүр.

Бұған қатысты тағы да айтарымыз, ойбай-ау, қайдағы шу? Осы айтылғандар шу ма? Жок! Пікір! Дінтанушы айтады екен, ендеше, өзгелер неге айтпасқа дегендей тұрғыдан. Екінші, дінтанушының көзқарасы өзгерген-өзгермегенінде тұрған не бар? Өзгермей кетсін! Бейпіл ауыз айтты, қойды. Наны пәтір. Тек сәл-пәл көңіл қабартты демесе...

Айтпақшы, сол Досайыңыздың «Тәуелсіздік жылдары ұлттық, болмыстық ерекшелігімізге оралып жатқан кезде кейбір жершілдік, рушылдық мәселелерді тоқтату керек. Қазақта тұнып тұрған философиялық ойлардың шежіресі, кені болып табылатын тұлғалар жетеді бізде», – деп тұлданатынын қайтерсіз. Түсінікті. Міне, міне, төбесі қылтиды. Әйтеуір, ақ сөйлеуге іңкәр дінтанушының ындынын тескен Сүйінбай да, Жамбыл да емес, керісінше, өз басы жүрдай жершілдік, рушылдық боп, қос алыпты қалқан ретінде ауызға алып отырмаса бопты да! Пах!..

Сол газет («Қазақ») тағы да: «Досай Кенжетай анау-мынау адам емес, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы деген ауыр атақтары бар азамат қой», – деп бір тастайды. Бәлкім, ауыр емес, салмақты шығар. Жә, онда тұрған дәнеңе жоқ. Анау-мынау адам емес екен ғой, профессор болса, бәлкім, Сүйінбай мен Жамбылға кесімді баға беруге жарап қалғанмын дейтін шығар. Әйткенмен, дінтанушы жас перінің бүгінде «Құндылықтардың құлдырағаны» жайлы дабыл қағып, өзін академикпін деуге ұяламын деп жүрген ғұлама-ғалым Төрегелді Шармановтың қасында балаң нұсқа емесіне кім кепіл? Тәйт! Өзі кепіл! Солай екені Сүйінбай мен Жамбыл жөніндегі саржағалдық сарынынан тайға таңба басқандай көрініп тұрған жоқ па? Пішту! Бай, бакуат болғыр!..

## АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ НАҚЫПБЕКОВАЛАР

- Апалы-сіңлілі музыканттарға кезінде қисапсыз қамқорлық жасалды.
- Туған жерді қимай кетті ме, сыймай кетті ме? Екеуі де емес.
- Кісі елінде сұлтан болды ма? Әй, қайдам!

Осыдан біраз жыл бұрын «Жас Алаш» газетінде қасиетті Арқадағы бір қалада тұратыны мәлім болған Нақыпбеков дейтін ақсақал жайлы өкініш пен үміт, қызық пен қуаныш, мұң-наласы аралас көлемді мақала жарияланды. Ол кісінің дерегін білген бойда арнайы іссапармен іздеп барған газет қызметкері отағасымен ашық әңгіме-дүкен құрып, бұған дейін жұртқа беймәлім жай-күйлерді айқындапты, көп адамның көкейіндегі күмән-күдікті сөйілтердей саралау жасапты. Біраз мәселенің беті ашылғандай бопты.

Қош, мұны неге айтып отырмыз? Жер бетінде Нақыпбековтей қаймана қазақ аз ба еді? Тілші неге іздеп барды? Жауап біреу: ол адамның аты-жөні Нақыпбеков және бір кезде (қырық жылдай бұрын) қазақ өнерінің үш жұлдызы атанған аса дарынды музыканттар – апалы-сіңлілі Нақыпбековалардың туған әкесі болғаны үшін. Шыны керек, оған дейін Нақыпбековалардың аналары жайлы тиіп-қашып айтылатын да, әкелері жөнінде ешкім ештеңе демейтін.

Әйтсе де, талантты қыздардың фамилиялары Нақыпбекова емес пе? Қазақтың атын аспандатып, даңқын әлемге жаятын. Ендеше, ондай фамилия иелері туған халқын жерге қаратпаулары лазым. Апалы-сіңлілі Нақыпбековалар: Эльвира, Элеанора, Әлфия. Ұлтжанды ма екен өздері?! Әйтеуір, орындау шеберліктері кереметтің кереметі. Үшеуі үш аспапта (трио боп) ойнайды. (Эльвира – скрипка, Элеанора – фортепьяно, Әлфия – виолончель).

Ал, енді қазір қазақ сахнасынан көрінбейтініне ұзақ жылдар өтіп, бүгінде ешкім онша көп еске ала бермейтін, тіпті, санадан өшіп, біржола ұмытылды десе де болатын Нақыпбековалар жайлы неліктен сөз қозғап отырмыз? Жоғарыда айтылғандай, бірінші себеп әкелері болса, екінші себеп, олардың жас өрім кездерінде туған жер топырағында

өніп-өсіп, фамилиясы Нақыпбековалар болғандықтарынан да қазақтың сол кездердегі жақсы-жайсаңдарының мейірім-шапағатына бөленіп, ештеңеден кемтарлық көрместен түлеп ұшулары. Сол кездегі белгілі өнер қайраткерлері оларды аялады, ардақтады, көл-көсір материалдық көмек жасады, қиындықтардан қорғаштады, себебі, үміт артты. Және қандай үміт?! Амал не, Нақыпбековалар үмітті ақтай алмады, «битке өкпелеп, тонын отқа салғанның» керімен, шетел асып кетті. Алдақашан...

Оларды сарыауыз балапан кездерінен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қас-қабақтарына қарап, мәпелеп тәрбиелеген кімдер? Кімдер болсын, қазақтан шыққан зиялылар (демедік пе?). Нақпа-нақ, қаз-қалпында айтқанда былай:

– 1964 жылы мен Қазақ ССР Оқу министрлігі жанындағы ғылыми-методикалық, музыкалы-эстетикалық кабинеттің меңгерушісі боп істеп жүрдім, – деп еске алады белгілі музыкатанушы, қазіргі Мәдениет министрі Арыстан Мұхамедиұлы секілді көптеген қайраткерлер ұстаз санайтын ғұлама-ғалым, профессор Пернебек Момынов. – Оқу министрі Кенжеәлі Айманов, орынбасары Шиаб Сағындықов болатын. Екеуі де ұлтжанды, кеңпейіл, қайырымды, зиялы жандар еді. Бірде Күләш Байсейітова атындағы ерекше дарынды балалар оқитын онбір жылдық музыка мектебінің директоры Досымжан Тезекбаев маған келіп, бір жайды ақылдасты: «Бізге биыл Қарағандының жетіжылдық музыка мектебінен апалы-сіңлілі үш қыз келді. Үшеуі үш мамандықта, үш түрлі класта оқиды. Әкесі қазақ, шешесі татар көрінеді. Қыздардың айтуынша, семьяда келісім болмай, шешелері үш қызын алып, Алматыға көшіп келіпті. Қазір филармонияда еден жуатын жұмыс істейді екен. Анасы менен үш қызды интернатқа алып, киім-кешекпен қамтамасыз етуді, не үшеуінің тамағын беріп, үйлерінде уақытша пайдалану үшін пианино сұрайды. Қыздардың үшеуі де елден-ерек дарынды. Бұрын-соңды мұндай жағдай болған емес. Оларға көмектесу керек. Әйтпесе, қазақ атымызға сын болады. Сол себепті, министрліктің келісімін сұрап, Шиаб Сағындықовтың атына өтініш-хат әкелдім. Осыған жәрдем ет.

– Ұзамай жауабын айтамыз, – деп шығарып салдым.

Ертеңіне министр К.Айманов пен орынбасары Ш.Сағындықовқа кіріп, жағдайды түсіндірдім. Олар қаржы бөлімі, мектептер басқармасының бастықтарын шақырып

(мен де бармын), мәселені жедел шешті. Әкеден көмек жоқ, жалақысы жартымсыз жай жұмысшы боп істейтін әйелдің жартылай жетім қыздары министрлік қамқорлығына алынып, тегін киім-кешек, үйлеріне интернат бағасымен тамақ, уақытша пианино берілетін болды. Осыларды оларға хабарлап, қыздардың оқуын қадағалау маған және мектеп басшыларына тапсырылды.

Әрине, бәріміз қуандық. Министрден бастап, орынбасары, мектеп директоры Досымжан Тезекбаев бір-бірін құттықтап жатты. Мектепті үздік бітірген үш қыздың үшеуі де Мәскеу консерваториясына қиналмай түсті. Студенттік жылдарда оларға Министрлер Советінің арнаулы қаулысына сай, жетерліктей мөлшерде стипендия беріліп тұрды. Апалы-сіңлілі дарынды қыздардың оқуы Мәскеу консерваториясының тарихында да кездеспеген оқиға болған екен. Классикалық шығармаларды орындайтын трио түрлі конкурстарға қатысып, биіктен көрініп жүреді.

Осындай қамқорлыққа олар қалай жауап берді, риза болып, алғыс білдірді ме? Аналары да, өздері де рахмет айтуын айтты, оқуларын бітірген соң, Қазақстанға келді. Өнерсүйер қауым жылы қабылдады. Қазақтың қыздары деп төбеге көтерді. Трио ретінде сахнаға шығып, теледидардан көрініп, шетелдік гастрольдерге шығып жүрді. Алда оларды зор болашақ күтіп тұрды. Әттең, бірақ...

Бір жолы үшеуі Англияға гастрольдік сапармен барғанда, ең кішісі Әлфия қиқарлық танытып, сонда қалып қойды. Сол шақтағы тәртіп бойынша, бұл тек қазақ елі емес, күллі одақтың атына жағылған қара күйемен тең еді. Аяқ астынан көтерілген айқай-шу, дау-дамай өрттей қаулады. Әлфияға ие бола алмай, қолдан шығарып алған біраз адам ескерту алып, жазаға тартылды. Эльвира мен Элеанораға былайғы жерде шетелге шығу қиындады. Олардан теріс айналғандар да табылмай қалған жоқ.

Әрине, бұл жақсы емес-ті. Үміт желге ұшқандай болды. Алайда, Нақыпбековаларсыз да қазақ өнерінің таңы атып, тауығы шақыратыны да белгілі еді. Сол тұстарда қазақтың көптеген дарынды ұл-қыздары жауқазындай жайнап, өсіп-жетілу үстінде болатын. Гүлжәмила Қадірбекова, Әлібек Дінішев, Гауһар Мырзабекова, Айман Мұсаходжаева, Жәния Әубәкірова, марқұм Амангелді Сембиндер ұлт мақтанышына

айналды, олар қазір де туған халқын, қазақ өнерін әлемге әйгілеуде.

Арадан біршама уақыт өткенде өкіну орнына, ебін тауып Әлфияның соңынан Эльвира мен Элеанора да табандарын жалтыратты. Сөйтіп, қазақ зиялылары алақанда аялап, кемтарлық көрсетпей оқытып-тәрбиелеген үш қыз жатжұрттыққа айналды. Өкініш пе? Бір қарағанда солай. Студент боп жүргенде одақ атынан Николо Паганини атындағы – оның туған қаласы Генуяда өткен – скрипкашылар жарысына қатысып, бесінші орынды иеленген Эльвираны өзге жаққа кию қайдан оңай болсын. Аталмыш конкурстың ережесі бойынша, 1-5 орынды иемденгендер ұлы орындаушы, композитор Паганинидің мұрағатта сақталған скрипкасымен жеке концерт беруге міндетті екен. Соған орай, Паганинидің скрипкасымен Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсындағы «Биді» орындаған Эльвира зор табыспен оралған-ды.

Апалы-сіңлілі Нақыпбековаларды күні бүгінге дейін елжірей еске алып, «қарындастарым» деп сөйлейтін, оларға көп шапағаты тигендердің бірі, белгілі музыкатанушы-ғалым Пернебек Момынов осылай дейді. Алдақашан қыр асып кеткендеріне реніш байқатпайды. Ішінде не жатқанын кім білсін, сырттай шаң жуытпауға құмбыл.

Алдақашан отанын тастап кеткен Нақыпбековаларды жоқтап, онша жаны жүдеп отырған да біз жоқ. Шүкір, халық орнында, қазақ орнында, кейбір өзгелердің қаңсығын таңсық көретіндер бар болғанмен, дарын иелері кемшін емес. Сырбай Мәуленовтің: «Өмідің өзенінде жылдар ағып, келешек келе берер жыл жаңарып, жақыннан кейде оны байқамасақ, алыстан өсе берер тұлғаланып», – дейтініндей, алыс-жақыннан жарқырай бой көрсетіп, тұлғалана өсіп жатқан өрендерге көз тояды, көңіл марқаяды.

Сондай-ақ, бүгінде туған елінде біреу біліп, біреу білмейтін, бар-жоғы белгісіз жағдайға жеткен Нақыпбековаларды біржақты кінәлаудан да аулақпыз. Өскен жердің ауасы жақпады ма, орта тарлық етті ме, кім білсін. Туған топырақта көзайым болып жүріп те жетер биікке жетуге болмас па еді деген ниет қой біздікі.

Жалпы, мұндай нәрсе қашанда болған, бола беруі де бек ықтимал. Әріге бармай-ақ, орыс халқының қаншама айтулы тұлғалары әртүрлі себеппен шет жұрттарда ғұмыр кешіп,

құсамен көз жұмғанын кім білмейді. Жазушы И.С.Тургенев, композитор С.Рахманинов, биші А.Павлова, әнші Ф.Шаляпин, т.б. дегендей. Кеңестік дәуірде елден безгендер қаншама. Ерлі-зайыпты Растропович пен Вишневская, балет бишісі Рудольф Нуриевтер де шет елдерге кеткен кезінде. Кәдімгі қазақ топырағында өнген мәскеулік А.Зацепин де солай. Бір ғажабы, олар отандарынан кеткенмен, туған жерді сарғая сағынып, аңсаумен өтті. Біразы қайтып оралды, біразы екі араны жол қылып, бірде онда, бірде мұнда шауып жүр. Нақыпбековалар ше? Елді сағынар ма екен, кері оралу ойлары бар ма?

Дәл бүгінгі таңда бұған онша мән бермесе де болады дер едік. Өйткені, жатжұрттық боп, елден кеткен Нақыпбековалар жалғыз-жарым емес. Халық байлығын қалтаға басып, шетелдерді сағалап жүрген байшыкештер мен қандықол қылмыскерлерді айтпағанда, су ішкен құдығына түкіріп, бұл болмасаң, күл бол деп кесірленіп кеткен өзге өнер иелері аз ба? Одан да, солар кері қайта ма, жоқ па деп неге ойланбасқа?! Қайтсын-қайтпасын, біз үшін наны пәтір. Оларға қарап қалған түк те жоқ. «Жан рахатын» жат жұрттардан тапқан екен, алдарынан жарылқасын. Тек сол ақылдылар бүкіл ғұмыры Францияда өткен И.С.Тургеневтің: «Россия обойдется без меня, а я без России не обойдусь», – дегенінен хабардар ма екен? Мәселе сонда.

Осылардың бәрін сараптай келгенде, кейде апалы-сіңлілі Нақыпбековаларға бүйрек бұрып, іш жылитын да кездер жоқ емес (әсіресе, соңғы жылдарда). Неге дейсіз бе? Бұрын болмаса да, соңғы уақыттарда өздері өсіп-өніп, үлкен өнерге жол ашқан Қарағанды, Алматы, Астанаға ат басын бұрып, кездесулер, қайырымдылық концерттер өткізіп тұруға әдділері жете бастағаны үшін болса да. Рим, Париж, Милан, Лондондағы айтулы өнер мекемелерінде қазақ музыкасын насихаттап, қазақ дейтін халық барын андата жүргендері үшін де. Белгілі бір уақыттарда Лондонда қазақ мәдени кештерін ұйымдастыратыны туралы да айтылып, жазылып жүр. Оларды біржақты кінәлаудан аулақпыз деуіміздің бір себебі сол дер едік.

Олар естелік жазады екен. Солардан аз-кем үзінді.

Эльвира (үлкені): «Мәскеу консерваториясына түсердегі азабым есімнен кетпейді. Әлемге аян Леонид Коган, Давид Ойстрах секілді алыптарға скрипкадан емтихан тапсыру

маған, Алматыдан келген қазақ қызына оңай болған жоқ. Менің ұстаздан жолым болған. Қарағандыда – Роман Мазанов, Алматыда – Вениамин Хесс, Мәскеуде – Игорь Безродный. Кеңестік скрипка мектебінде тәрбие алып, соның арқасында орындаушы әрі ұстаз атандым. Сіңділерімнен ерекшелігім де сол – ұстазбын. Олар орындаушы ғана.

Элеанора (ортаншысы): «Қазақстанда дарынды жастар көп. Оларды қолдау керек. Қазір қазақ елінде түрлі форум, симпозиум, музыка фестивалі, жарыс, конкурстар жиі өтеді. Қазақтың дарынды өнер иелеріне шет елдерде қызығу, ынта басым. Қазақ жастарының биік деңгейден көрінулеріне мүмкіндіктер мол. Біздің әлемдік деңгейге жеткеніміз – қазақстандық және мәскеулік ұстаздарымыздың арқасы. Апалы-сіңділі үшеуіміз бір-бірімізді нәзік түсініп жұмыс істейміз. Лондонда алғаш сахнаға шыққанда көрермендер қазақтың үш қызына үлкен құрмет көрсетіп, зор қошеметпен қарсы алғанына тебірендік. Рахманинов, Чайковский, Шуман, Равель, Бах, Шостаковичтің шығармаларын орындағанымызда зал тік тұрып қол шапалақтады. Біз қазақ екенімізді ұмытпаймыз».

Әлфия (кенжесі): «Қазір бүкіл әлемде өнер, мәдениет, музыкаға жол ашық. Халықтар арасында мәдени қарым-қатынас зор қарқынмен дамуда. Орындайтын шығармаларды үшеуіміз бірігіп саралаймыз, триоға лайық туындыларды таңдаймыз».

Пернебек Момынов: «Эльвираға қатысты жоғарыдағы әңгімеде Николо Паганинидің атын атап қалдым ғой. Ол кім? Қалың қауым біле ме? Бір-екі ауыз айта кетейін. Жастайынан музыкаға құмар боп өскен Николо Паганини мандолина, скрипкада ойнауды әкесінен үйреніп, бірнеше ұстаздан сабақ алған, өз бетінше ізденген. Он бір жасында Италияда концерт беріп, одан Еуропаның ірі қалаларында көрсеткен өнерімен әлемдік үздік орындаушы аталады. Сахнадағы жүріс-тұрыс, артистік қимыл-қозғалысы хақында замандастары «демондық күдірет иесі» деп баға берген. Скрипкада ойнау шеберлігінің бұрын-соңды тарихта болмаған құбылыс екенін барша жұрт мойындаған. Композиторлығы өз алдына. Гитарада орындау үшін жазған 200-дей, скрипкаға арнап 24 каприз, екі концерт, скрипка мен симфониялық оркестрге жазған шығармаларының күрделілігі сондай, өзі қайтыс болған соң, оларды орындауға

ешкімнің тісі батпай, техникалық қиындықтарды жеңуге үлкен шеберлік қажет болған. Паганини әлемге белгілі скрипкашы, композитор. Атақ-даңқы ғасырлар бойы өшпейтін ұлы тұлға. Жер шарының түкпір-түкпірінде Паганини мектебінің түлектері тәрбиеленуде. Орыстан шыққан ұлы скрипкашы Давид Ойстрах: «Егер мен скрипкада күн сайын сегіз сағат жаттықпасам, оны бірінші өзім сезінемін, екінші, үшінші күні тыңдаушылар сезеді», – дейді. Мұнда терең мән бар. Жатпай-тұрмай еңбек етпесең, жалғыз дарынмен алысқа бармайсың деген сөз ол».

Апалы-сіңлілі Нақыпбековалалар жайлы сөзді осымен тәмамдаймыз. Қимастықпен басталып, (қазақ деп білгендіктен) қимастықпен аяқтағалы отырған әңгіме төркіні түсінікті шығар деп ойлаймыз. Елге қайтып орала ма, жоқ па, бір құдай білер. «Ел іші – алтын бесік». Егерәкиде, бәтшағарлар қартайып-қаудыраған шақта болса да, туған топырақтың киесі тартып, кері оралып жатса, ешкім кеуделерінен итере қоймасына сенім жоқ емес.

## ОЗБЫРЛЫҚ

*немесе казакты қазақ қуған күн*

Қазақ халқы ешқашан бөтен жұрттың жер-су, жеке меншігіне көз алартып, басқыншылық жасады дегенді ешкім естіген де, оқыған да емес. Тек өзара қырқысып, алысып-жұлысудан алдарына жан салмайтыны демесе. Өзін болмаса да, өзге халықтың бәрін құрметтеген, жаулыққа бармаған. Бірақ, киелі атамекенге шабуыл жасаған дұшпандарға аяусыз соққы беріп, қасық қаны қалғанша қорғаған, қорғай білген. Бұл өзінше әңгіме.

Қазақ бұрын да, бүгін де солай болды, бола бермек. Әйтсе де, қазақ, әсіресе, кеңестік кезеңде қызыл империя басшылары меншікті жерін жырымдап, өзгелерге бергендеріне амал жоқ көнді. Алғаш қазақ астанасы болған Орынбор қаласы мен сол аттас облыс Ресейге өткенде де көнді, өйткені, қарсылықтан түк өнбесін білді. Одан беріде оңтүстіктегі бір аудан біржолла, кейін жарым-жартылай кері қайтарылған үш аудан ала тақиялы жұртқа өткенде де тілдерін тістеді. Ал, Арқадағы алты облыстың орысқа өту қаупі туғанда Ж.Тәшеновтей санаулы арыстар қарсылық білдіріп, қара ниет іске аспады.



Бірақ, бәрібір, іске асуы мүмкін еді, егер Хрушев тағы алты ай тұрғанда. Маңғыстаудан айрылып қалу да бек ықтимал еді (оны Қонаевтың айтуымен сақтап қалған СССР Геология министрі Сидоренко).

Бүгін ше? Қазақ өз жеріндегі (ұлт емес) диаспора өкілдеріне бүгін де зор ілтипатпен қарайды. Ұлтаралық татулық, бірлікке өте...е...е адал. Басқалар ше? Олар да солай ма? Әй, қайдам. Егер ұлтаралық татулық пен бірлікті ойласа, ақылы теңіздей терең шовинистер неге қазақ жеріне қайта-қайта телміруге құмбыл? Күні кешеге дейін, біресе, солтүстік, біресе, шығыс өңірлерде «бөліну» қоламтасын қоздатқан солар емей кім? Қазір де сол пиғылдарынан қайтар емес. Үй ішінен үй тігіп, автономия болғысы келгендер өзінше. Сонда олар қазақтың көңіліне қарамастан, тұтас бір халықты қорсынғаны ма, кемсіткені ме? Әлде, оларға ұлтаралық татулық, сыйластық, ынтымақ керек емес пе еді? Соңы қантөгіске соғарын білмей ме, түсінбей ме? Солай! Басқаша қалай? Қазақты можантопай көріп, атамекенін жырымдауға неге құштар бола береді? Күні бүгінгі интернетті қарашы! Қазақты кемсітетін қандай-қандай «кереметтер» көрер екенсің?

Ғасырлар бойы ұлтарактай жерін жатқа бермеген қазақ сын сағатта өзара кикілжің, алауыздықты бір-ақ сәтте жиып тастап, жұдырықтай жұмылып, атқа қонатын халық. Бұған әріге бармай-ақ, күні кешегі 1991 жылғы Орал қаласында орын алған казак-орыстардың астамшылығын айтсақ та жетіп жатқандай. Бұл аса қатерлі, қауіпті, бүкіл елді от-жалынға орауға шақ қалған, алмағайып кез еді. Қазір ғой соны да ұмытқандай боп, моп-момақан боп жүргеніміз. Ал, ол кезде...

1986 жылғы желтоқсан, 1989 жылғы Жаңаөзен оқиғалары аз болғандай, ұлтаралық татулық пен ынтымақ-бірлікке пысықырып та қарамаған ресейлік казактар өз елдеріндегі осы (казактар) қауымдастықтың төрт жүз жылдығын қазақ жеріндегі Орал қаласында атап өтпек болды. Бұл көрер көзге өктемсу, көзге ілмеу, кеудемсоқтық еді. Бұған қарсы жер-жерде наразылық топтар құрылды. «Азат» қозғалысы аттан салды, штабтар жасақталды. Михаил Есенәлиев, Амантай Асылбеков, Жасарал Қуанышәлин, Сәбетқазы Ақатаев, Айсұлу Қадырбаева, Серік Ерғалиев (бұл азамагтың ақиқатты ашып айтқан ерлік, әділдігіне төменде тоқталамыз), басқа да белгілі тұлғалар өре түрегелді. Желтоқсан оқиғасы кезінде бұғып

калып, кейін батыр болғандар бұл жолы да табылмай қалған жоқ. Қазақ элитасы (Орал оқиғасына бірде-бір атакты зиялы қатыспады) халық үшін бас көтеруге құмбыл болмады, қоғамдық топ та болмады. Қазақ халқына бұл жолы алдымен Жаратқан ие жар болды, онан соң сол халықтың саналы ұл-қыздары. Әлі есте, Есқалиев басқаратын облпарткомның жалтақтық, жасықтығы күн сайын байқалып, көрініп жатты. Ай, мынау күллі Ресейдің түкпір-түкпірінен топ-топ болып ағылып келіп жатқан менменсіген казак-орыстарға неге тойтарыс бермейді деген сауалға жауап болмады. Бәлкім, казак-орыстарды ауыздықтауға шара қолданылса, қан төгіледі деген шығар. Сонда олар егер казак-орыстардың дегендері болса, қан төгілмейді деп ойлады ма екен? Төгілер еді және шелектеп емес, өзен боп ағуы мүмкін еді. (Есқалиевтер мұны я ұқты, я ұқпады. Пәлен деу қиын). Онымен қоймай, қазақтың намысы тапталып, әлемге күлкі-мазақ болар еді. Алайда, Құдай қолдаған ержүрек халық оған жол бермеді. Мәселе Есқалиевтерсіз де шешіліп, барлығы жөнге келді.

Осы арада қазір сол жөнінде әркімдер айтып жүретін бір оқиға еске түседі. Солардың бірі былай.

«Қазақта намыс жоқ» деп қақсаудан жалықпайтын, өзі де қит етсе, лаң салуға бейім бір кекше бас, ешкікөз заржаққа атақ-даңқы жоғары өнер өкілі: «Неге олай дейсің? Өзіңе қарап тон пішесің бе? Қазақта намыс болмаса, батыстағы Орал қаласында төрт жүз жылдық мерекесін өткізбек болған ресейлік казак-орыстардың арам ойын іске асырмау үшін Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарынан 24 мыңға жуық казак үш күндік жерге не үшін ат сабылтып барды? Араларында жасы келген қарттар, жаңа туған сәбиі бар әйелдер болды, ұмыттың ба? Бұл туралы сол күндерде бүкіл телевизор үсті-үстіне көрсетіп, газеттерде кеңінен жазылды емес пе?» – деп уәж айтты.

Әйтсе де, бәрібір, көңілде шынымен солай болып па еді дегендей әлдебір күдік-күмән қылаң беретін. Жоғарыда есімі аталған (төменде тоқталамыз деген) Серік Ерғалиев «Қазақ» газетінде осы фактілердің растығын дәлелдейтін деректерді алға тартыпты. Бәрекезде! Құдайлығын, әділдігін айтыпты. Біреулер өздерінше «менсінбестік» танытып, бұрын партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарып, кейін ұлтжандылық сүрлеуге білек сыбанып түскен Амантай

қажының қазақ мүддесі үшін жасаған (жасап жүрген) жанкештілігіне әділ баға беріп, ақ сөйлепті, ағынан жарылыпты. Ал, қазақ десе шығарға жаны жоқ Амантай қажының, кім қалай десе, олай десін, халқымыздың мерейін өсіріп, ұлылығын таныту жолындағы қызметі – кез-келген сәтте аңдысын аңдып, артын бағып, соңынан бәрін беттері бүлк етпей біз жасадық деп шыға келетін жылтырақтардан анағұрлым биік, ауқымды. Егер Амантайды қомсынсаң, алдымен соның жасап жүргенінің мыңнан бірін жасап көр. Әй, қайдам. Қолыңнан келе ме, жоқ па, кім білген. Меніңше, келсе керек. Себебі, өз айтуыңша, сен де ержүрек батырсың, мықты қазақсың. Қазақтың осал жағын көре қоюға жетік қыран көз!

Жә, Серік Ерғалиевті тыңдайық:

...Сағат 10-да шіркеуде шоқыну салтанаты, 11-де «Зенитке» казактар құрылтайы болады деген хабар алдық. Ресми басшылықтан күдер үзген біздер оқиға барысын үйлестіріп, қолға алуды және басқаруды ойластыра бастадық. 13 адамнан тұратын (қандай аз) штаб жұмысын іске қостық... 100 адамнан тұратын (қандай аз) ерікті жасақ құрдық... Казактар шіркеуінде шоқыну басталған кезде, біздер де – 113 адам. – «Зенит» сарайына тарттық.

«Зенитке» таяп келіп, сап түзеп тұрдық. Милиция жасағы бізден де көп екен... Алматылық орта бойлы қазақ генерал-майоры жүрді. Бірақ, оның қызметі қаншалық екенін түсіне алмадық. Милиция жасағы «Зенит» пен біздің арамызға қалқан болып сап түзеп тұрды. Әсіресе, орыс-казак милициялардың қабағы қатыңқы, дөрекі сөйлейді... Бар мақсатымыз келімсек казактарды қуып, құрылтайын болдырмау... Бұл кезде жақын маңда митинг жасамақ болған мындаған қазақтар тұрған-ды...

Күн қара суық... Ызғар өңменнен өтіп барады. Бір кезде... әскери киінген қауға сақал казактар сап түзеп... «Зенитке» қарай жүре бастады. Бізден шыдам кетті, арамыздағы жамбылдық шымыр денелі, қаратэшы Мұхтар деген жігіт казактарға тұра ұмтылды. Оны ұстап қалдық. Намысқой жігіт еңкілдеп жылап жіберді... Саптағы бір милиционер қазақ та үнсіз жылап тұрды (облпартком жетекшісі Есқалиев жылады ма, белгісіз).

...Жеті адам казактарға барып келіссөз жүргізуге ұйғардық. Сөйткенше болмай, осылай қарай қарлы көшкіндей қаптап

келе жатқан мың-мыңдаған қазақтарды көрдік. «Қазір қырғын басталады» деген суық ой жүгіріп өтті...

Дереу жамбылдық (қолында кішкентай қызы бар) Хадиша дейтін келіншек басындағы орамалын қазақ жастарының алдына жайып тастады да: «Тоқтандар!» – деді. Біз де қол ұстасып тұра қалдық... Казактармен келіссөзге 15 минут сұрадық. Осы уақыт ішінде ештеңе үлгермесек, не болса да болады дедік. Облыс басшысы Н.Есқалиевке да ескерттік. Есірген казактардың автобустарын сарай есігіне тақап, шұғыл қашудан бөлек шарасы қалмады. Сол шақта мыңдаған казактар тосқауылды да, милиция құрсауын да быт-шыт қылып, тұс-тұстан сарайға ұмтылды. Казактардың автобусқа мінгені мініп, мінбегені тырағайлап қашты. Осылайша қантөгіссіз, қиратусыз ұлттық рух салтанат құрды... Бірақ, өтген...

Қазақ элитасы халық үшін бас көтерудің қаншалықты қажет екенін онша аңдамады. Зиялы қауымның әлсіздігі осы оқиғадан тағы да көрініп қалды. Біз Серік Ерғалиевтің жазбалары бойынша кей тұстарын ғана ауызға алған Орал оқиғасының мән-жайы осындай.

Өз тарапымыздан қосымша айтарымыз, сол шақтарда қазақ жерін шамалары келгенше иелену үшін желеу еткен казактар құрылтайын болдырмаған казактардың жанқиярлық іс-әрекеті арқасында Горбачев, Солженицынның арам пиғылдары құрдымға кетті. Қазақстан басшылығына елдің территориялық тұтастығын нығайта түсуге баға жетпес мүмкіндік туды.

Серік Ерғалиев бауырымыздың сараптамасынан кейін ақпарат құралдарында сол жылдарда Оралдағы казактар лаңын басу үшін Жамбыл, Шымкент облыстарынан 20 мыңнан аса адам барды деп қайта-қайта айтылып, жазылғанына күмән-күдік сейілгендей болды. «...Туған ағасын ертіп Шоқай ақсақал, 3 жасар қызын жетелеп Хадиша секілді батыр әйелдер араласып қаптап келген Шымкент, Жамбыл облысының патриоттарын айтсайшы», – дейтін Серікке бәрежелде. Бұл нені білдіреді? Бұл қазақта ел, жер біреу, Отан біреу, намыс біреу, сол үшін мыңдаған казактар үш күндік жолды артқа тастап, казактардан қорғауға барған ірілікті, тұтастықты білдіреді. Басқаша болуы мүмкін бе еді? Жоқ! Мүмкін емес-ті. Сен қасқа, бәлкім, сөз нұсқасын өзінше

долбарлап, Шымкент пен Жамбылды неге бөле-жара сөз етеді дерсің. Бөле-жарған кім бар. Егер олай десең, бұдан жүздеген жыл бұрын Самарқандағы Жалаңтөс Баһадүрдың жиырма мың қолмен Жаркент жеріндегі Орлыға барғанын есіңе ал. Абылайханның ақырғы баһадүрі, Ташкенттен шыққан Шанышқылы Бердіқожа батырдың сүйегі Қарқаралы мен Шұбартау аралығындағы сайын далада неліктен жатқанын зерделе...

Ал, Орал оқиғасы тіпті де жеңіл-желпі, жылы жауып қоя салатын жағдай емес-тін. Біздіңше, бұл әзірше жабық тақырып боп тұр. Кеңінен талдап, зерделеп, тарих бетінде таңбалануы, тиісті бағасын алуы ләзім. Әй, бірақ, Желтоқсан, Жаңаөзен оқиғалары жетім қыздың тойындай күйге ұшырап тұрғанда, ол кімнің шікәрәсі дейтіндер табылмас па екен? Табылмайды! Себебі, қазақ өте намысты халық. Грузин, шешендер сияқты! Әлде, жалған ба? Жалған демейсің, өйткені, дей алмайсың!

Оян, қазақ! Ура...а!..

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ НҰРЫМБЕК ЖАНДІЛДИНГЕ ЖАУАБЫ**

*бұрынғы Мәдениет министрі Жексембек Еркінбековтің  
естелігінен*

Совет өкіметі дәуірінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі секретары болған белгілі философ-ғалым Нұрымбек Жанділдиннің ұлттық мәдениет, әдебиет, өнердің дамуына қосқан үлесі, қамқорлығы, сол тұстардағы зиялы қауым өкілдерімен қарым-қатынасы жөнінде сан-саққа жүгірте айтылып жүретін әңгімелер ішінде ақиқаттан алыс қияли бәдіктерден тыс, жан жадыратар ғибратты жайлар аз ұшыраспайды. Мәселен, кезінде – базбіреулер құсап – жұртқа жасаған жақсылықтарын өңеш жырта жарнамалау өң түгіл, түсіне кірмеген осынау өзі ғұмыр кешкен дәуір ығында шама-шарқынша еңбек еткен қайраткердің күнгей жақтары кешегі өткен самдағай әнші Ермек Серкебаевтың эссе-диалог кітабында да біршама қамтылады, боямасыз, артық-кемсіз, нақты дерек-дәйек, айғақтар негізінде. Алайда, бұл жолы таяуда байырғы мәдениет патриархы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Жекең, Жексенбек

Ерімбеков Жанділдин туралы өзі куә болған бір мәлімет айтты еді, соны оқырман қауыммен бөлісуді жөн көреміз.

– Бәлкім, білетін де шығарсың, өткен ғасырдағы 60-шы жылдардың басында атышулы Бауыржан Момышұлы ойламаған жерден төсек жаңғыртып, жұртты біраз дүрліктірмеді ме? – деді Жекең әдеттегідей күлімсірей сөйлеп. – Сыныққа сылтау іздеген белсенділер оны әр саққа жүгіртіп, қалайда Баукенді тұқырту үшін тұс-тұстан жамырасты. Әсіресе, доспыз деп қолтығына кіріп жылмандап жүретін кейбір қарау ниет әріптестері ақилана еліріп, газет-журналдарда жарыса жазып, улап-шулады. Қарап тұрсаң, ол шіркіндер кіл моральдық жақтан тап-таза, қиғаштыққа жаны қас, ақыл айтуға шебер абыз шеттерінен. Жасаған тоқтамдары – Баукеннің мәселесін Жазушылар одағының партбюро мәжілісінде қарап, партиядан шығарып (одақ мүшелігінен аластау екібастан) қатаң жазалау (бопты). Одаққа бір шақырады, екі шақырады, он шақырса да, бірақ, Баукен баратын ба еді. Бармақ түгіл, хабарласқандарды жеті атасына дейін сыбап, маңына жолатпапты. Әрине, бұл жайлы ОК-ке тынымсыз жетіп жатады. Ол кезде мен сонда сектор меңгерушісі едім. Бірде Жанділдин шақырды. Қашанда қатал, сұсты көрінетін Нұрсекеннің бұл жолы өңі жылы, қабағы ашық, көздері күлім қағады.

– Солай да солай, Жазушылар одағы бізден жауап күтіп отыр, – деп мән-жайды қысқаша түсіндірді де: – Сен барып менің атымнан Баукенмен сөйлес, жауабын тек маған айт, – деді бетіме жайрандай қарап.

Апырай, қиын болды-ау деймін өзімше. Қалай барамын, не деп барамын, есіктен кірмей жатып қуып шықса қайтпекпін. Түсінемін, Баукенге сөздері өтпеген одақ басшыларының ендігі үміті – Орталық комитет. Егер ОК бұйырса, Баукен жиналысқа келеді деп ойлайтыны анық.

Амал жоқ, Баукенге телефон соғып, сізге барайын деп ем дедім. «Келе бер», – деді гүр етіп. «Үйді таба аласың ба?». «Табамын».

Бардым. Есікті айдай сұлу жас әйел ашты. Залдан «мұнда кел» деген зілді дауыс естілді. Кірдім. Баукен креслода отыр екен. Қол беріп амандастым.

– Сен солдатсың, – деді Баукен. – Партияның солдаттысың. Солдат бұйрықты орындауы керек. Келгенің дұрыс, қояр

кінәм жоқ. Білемін, Жанділдин сенен жауап күтіп отыр. Ендеше, оған былай деп айтып бар: «Я наконец женился на свою жену». Дәл осылай деп айтты де. Болды! Кругом! Шагом марш!

Қош деуге шамам келмей, сыртқа зып бердім. Жанділдинге кіріп, Баукеңнің жауабын жеткіздім. Нұрекен: «Дәл солай деді ме?» – деді. «Дәл солай деді, Нұреке».

Нұрекең ренжіген де, ашу шақырған да жоқ. Қайта өң-түсі ажарланып, маған «боссың, бара бер» деді. Мен мойнымнан ауыр жүк түскендей, жеңілдеп шықтым.

Бұл оқиға таяуда «Түркістан» газетінен Жанділдин мен Имашев туралы мақала оқыған соң есіме түсті. Онда көп нәрсе әділ, дұрыс, жөнімен айтылыпты. Менің түсінігімде Жанділдин де, Имашев та қоғамға, халыққа адал қызмет еткен сұңғыла қайраткерлер. Менен өзге де солай ойлайтындар аз емесін білемін.

– Жеке, сөзіңіз аузыңызда, Баукеңе байланысты ызғын-шу сонымен басылып па еді? Қайта қозғалған жоқ па? – дедім.

– Міне, міне, мәселе сонда, Жанділдиннің Баукеңе ықылас-пейілін білген шуылдақтар бірден «жуасып», бәрі сонымен тынды, тиылды деуге болады. Баукеңнің мұртын балта кескен жоқ.

Тағы бір айтарым, Ермек Серкебаев өзі туралы жазылған кітапты бірінші маған сыйлаған еді ғой. Жеңгең екеуміз бір-екі күнде таласа-тармаса оқып шыққанбыз. Жанділдин жөнінде сонда да жақсы айтылады. Ал, Ермек Серкебаев күлбітелеуді білмейтін, турашыл адам. Оған толық қосыламын. Жаны жаннатта болсын.

Онан соң, көзіңе түсті ме, түспеді ме, Бауыржан Момышұлының жазбаларында Имашев туралы құдайлығын айтқан пікірлер аз емес екен. Олардан Баукеңнің Имашевті дұрыс түсініп, дұрыс қабылдағаны, құрметпен қарағаны байқалады. Тіпті, іштарта жақын көріп, ақыл-кеңесін айтты екен. Бата беріпті. Ал, жарайды, реті келген соң айтып жатқаным ғой.

Жексенбек Еркімбековтің аузынан шыққан осынау бір-екі ауыз лебізді (мәлімет-дерек) басқалар да біле жүрсе деп алға тартып отырғанымызды тағы да қаперге саламыз. Әсіресе, Нұрымбек Жанділдиннің Бауыржан батырға қатысты ірілігі мен Жекеңнің Баукеңнің «Я наконец женился на свою жену»

дегенін осы күнге шекті көкейінде сақтап жүргені неткен ғажап, керемет! Тарих десе – тарих, шежіре десе – шежіре! Тағдыр десе де болғандай! Характер!..

\*\*\*

**P.S.** Кеңес одағының батыры Бауыржанның ОК-тің секретары Саттар Имашев жөніндегі жағымды пікірлері мен оған көзбе-көз айтқан сөздерін Баукең туралы (30 томнан тыс) 2010 жылы Алматы-ден шыққан көлемді естеліктер жинағынан біз де оқығанымызды айта кеткіміз келеді.

Жоғарыда аттары аталған (Баукең, Жанділдин, Имашев) үш тұлғаны осы күнге шекті ғайбаттауға құмбыл «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» найсаптар мен «жамантайдың» (білдірмей шағатын бүйіден де қауіпті) «көзектерінің» құлақтарына алтын сырға. Енді доғаратын кездерің жетті емес пе дейміз ойранкеш «ойлыларға».

Бар болғырлар десе!..

## ДИДАХМЕТ ӘШІМХАНОВ АЙТҚАН СЫР

Совет үкіметі он алты (қуыршақ) республиканы біріктіріп, КСРО деген мемлекет болған кезеңде дүниеге келген ұрпақ өкілдерінің тағдыр-талайы, көрген-білген, бастан өткендері егіздің сыңарындай ұқсас екені аян. 1917 жылы қазанда туған айтулы тұлғаларды кезінде «октябрьдің құрдасы» деп әздейтейтін. Жоғарының жарлығын біз де екі етпей, журналда («Мәдениет және тұрмыс») жазып, насихаттайтынбыз. Жоғары дегеніміз Мәскеудегі Компартияның Орталық комитеті мен өзіміздегі ОК – екеуі (болатын). Екеуінде де идеологиялық салаға басшылық жасайтын секретарь болады. Қазақстанда ол тізгінді ұзақ жыл философия ғылымының докторы, профессор Нұрымбек Жанділдин ұстады. Тәуелсіздік алғанға дейін де, кейін де Нұрекенді пәлен-түген деп ғайбаттаушылар табылғанмен, жақсы жақтары жайлы жақ ашқан ешкім бола қоймады. Себебін кесіп айту қиын-ды. Әйтсе де, базбіреулер тарапынан құдайлығын айтқан лебіздерді де – сиректеу болса да – құлақ шалатын. Солардың ішінен сегіз жыл бұрын жарық көрген эссе-диалог кітапта пікір айтқан бір адам – дарабоз әнші Ермек Серкебаев. Содан бері оның сөздерінің әділ, шын екені білініп те, жария боп та келеді. Біреуін айтсақ та жетер. Мәселен, 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде



өткен онкүндігінде ұлы композитор Ахмет Жұбановтың өз қолымен құрған (Құрманғазы атындағы) оркестрге дирижерлік етуге жіберілмеу себебі жуырда оның қызы, композитор Ғазиза Жұбанованың «Алматы ақшамында» жарияланған естеліктерінен Ермек Серкебаев туралы кітапта баяндалғандар үндес боп шыққаны байқалды. Әйтеуір, осы күндерге шекті бақадай бақылдайтындар «бағамдайтындай», Ахмет Жұбановқа қиянат жасаған Нұрымбек Жанділдин емес екен.

Ермек Серкебаевтың тек өз айтуларымен (бөгде сөз қоспай) жазылып, – алты жылда қатарынан – үш рет қайталап басылған кітапта ОК-тің тағы бір секретары Саттар Имашев туралы да мәліметтер баршылық. Соларды жаңғырту мақсатымен осы биылғы жаздың бас шамасында Нұрымбек Жанділдин мен Саттар Имашев жөнінде (ойтүрткі) мақала жазылып, «Түркістан» газетінде жарық көрген-ді. Сол-ақ екен, оны оқыған біраз өзге басылым басшылары «қазір тираж аз, біздің оқушыларымыз басқа, солар да оқысын» деп автордан сұрап алып, кейбірі (көшіру емес) жариялап та үлгерді. («Таңшолпан», №5, 2014. Мереке Құлкеновке алғыс). Кейбірі жариялауға шақ отыр.

Әне, сол («Түркістанда» басылған) мақалада Нұрымбек Жанділдиннің көзі тірі кезде сол шақтағы Қызылқұм (қазір Отырар) аудандық партия комитетінің бірінші секретары, марқұм Қалдарбек Есімбековтің Алматыға бір келгенде «кеше академик Сақтаған Бәйішевтің үйінде Нұрымбек Жанділдинмен бірге қонақта болдым. Нұрекең домбыраны шебер тартып, керемет ән салады екен. Мұндай адамның домбыраға қарсы болуы мүмкін емес қой», – деген сөздері тілге тиек етілгенмен, көкейде әлдебір күдік-күмән де жүруші еді. Қалдарбектің жалған сөйлемейтінін жақсы білсем де, бәрібір, жазатайым мүлт кетпеді ме екен дегендей (онда мысықтілеулердің жандары кірді дей бер). Бірақ, Алла жар боп, ондай бүксік сыбыс естіле қоймады. Ал, таяуда ол түйткілдің түйіні біржола шешілгендей болды. Бірде...

Өзін қашанда салиқалы ұстап, сақ сөйлейтін арда азамат, белгілі жазушы Дидахмет Әшімханов бетіме сәл-пәл жымыя қарап алды да:

– Сізге бір нәрсе айтсам бола ма? Реті келмей жүр еді. Уақытыңыз бар ма? – десін.

Қас қылғанда, дәл сол сәттерде уақыт түспегірдің тығыздау екені рас еді. Оның үстіне, тықыршыған қимыл-әрекетінен Дидахметтің де әлденеге алаңдап, асығыстығы байқалып тұрды. Әйткенмен, «айта бер» дедім.

– Айтсам былай, – деді қоңыр даусымен бәсендеу сөйлеп. – Қысқа қайырайын. Біздің газеттегі мақалада (ол «Түркістан» газетінде бас редактордың орынбасары ғой) Жәнділдин мен Имашев туралы көп жайлар дұрыс баяндалыпты. Артық-кемсіз, әсірелеусіз. Біреулердің Жәнділдин домбыраға қарсы болған деуін біз де еститінбіз. Бірақ, олай емесін шамалайтынбыз. Ертеректе «Қазақ әдебиетінде» бөлім меңгерушісі боп жүргенімде Одаққа жиі кеп тұратын ақсақал жаушы Әлжаппар Әбішев: «Нұрымбек Жәнділдин ауырып жүр. Көрген-білгені көп адам ғой. Сөйлесіп, бірдеңе алып қалсаңдаршы, – деді. – Ол дегдар адам, ықылас білдірсеңдер бұлданбайды».

Сол сөз қамшы боп, ұзамай хабарласып ем, «жарайды, өзім барайын» деп, редакцияға өзі келді. Бірге отыратын әріптесім екеуіміз сұрақты қардай боратайық. Ашы-тұщы аралас. Нұрекең сыр білдірмей, жайбарақат жауап беріп отырды. Әсіресе, «қолға түстің бе» дегендей еркінсіп, бес кетіңкіреп отырған әріптесіме пәлен демей, тектілік танытудан танбады. Әрине, домбыра туралы да сөз болмай қалған жоқ.

– Оған сенбеңдер. Мен домбыраны бір кісідей тартамын, – дегені жадымда.

– Дәл солай деді ме?

– Өз құлағыммен естідім ғой. Қасымдағы әріптес те естіді.

– Онда бітті. Айтқаның жақсы болды, – деп арқам кеңігендей болды. Дидахметпен жылы қоштастық.

О, дүние-ай! Бейпіл ауыз бөскіштерге дауа жоқ шығар. Жәнділдин домбыра тартыпты. Және қалай?! Менде бұған дейінгі күдіктен із қалмады...

## БИБИГҮЛ ТӨЛЕГЕНОВАНЫҢ АНАСЫ

Өткен ғасырдағы 1995 жылдың май айында «Парасат» журналына бас редактор боп келген Баққожа Мұқаев бірінші кезекте белгілі өнер тарландарына мән беріп, олар туралы мақала, сұхбат, фотосурет, жеке өмірлеріне қатысты дерек-мәлімет, тәуелсіз елде болып жататын әртүрлі оқиғаларға олардың көзқарас-пікірлерін ұйымдастыру секілді шаралар тынбай жүзеге асып жатты. Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Роза Жаманова, Әзірбайжан Мәмбетов, Сұлушаш Нұрмағамбетова, консерваторияның жетекші өнерпаз мамандарын редакцияға шақырып, жиі-жиі бас қосу өтіп тұрды. Айтулы алыптардың мекенжай, үй телефондары алдымызда жатты. Өз басым сол тұстарда редакция шаруасымен Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Фатима Балғаева, (кейінірек) Ермек Серкебаевтың үйлерінде әлденеше рет болдым. Баққожа бас редакторлыққа келген соң бір-екі айдан кейін бірінші орынбасарлыққа шақырған танымал эстет, өнерге іңкәр Қали Сәрсенбаев та белсене араласып, Күләш Байсейітованың жұмбақ өлімі, Әйткеш Толғанбаев, Амангелді Сембин, т.б. хақында небір тұшымды дүниелерді тоғытып жүрді.

– Жуырда білдім, Бибігүл Төлегенованың анасы бар екен. Гогольдің бойындағы «Юбилейный» дүкенінің үстінде тұратын көрінеді. Сол кісімен кездесіп, сұхбат алыңызшы, – деді бір жолы бастығымыз Баққожа маған.

«Жарайды» деп Бибігүл Ахметқызымен хабарласып, ертеңіне жұмыстан кейін сағат 6-да анасының үйінде кездесуге келістік. Айтылған уақытта мен де бардым, (кейін марқұм болған) Мариямгүл атты әнші қызын ертіп Бибігүл де жетті. Ашық-жарқын қарсылаған орта бойлы, ақ сары жүзді, қартандау әйел Бибігүлге қарап бірден: «Әй, қатын, сөз кейін, әуелі қонаққа шай беріндер, – деді өктемдеу сөйлеп. – Асүйде бәрі әзір».

Асүйге барып, апайдың өз қолымен дайындаған тағамдарынан дәм татып, шайлануға тура келді. Онан соң залға өтіп, алдын-ала қағазға түсірген сұрақтарды қоюға кірістім. Апай тағы да өзімсіне шамырқанып:

– Оларды қайтесің, мен айта берейін, сен тыңдай бер, ұмытпайтын шығарсың, ұмытсаң артынан сұрап аласың, – деді де, сөзді әріден, қайда өсті, қайда ержетті, Бибігүлдің әкесі Ахметке қалай жар болды, әке-шешесі кімдер болғанынан бастап, небір тағлымды әңгімелер айтуға кірісті. Бибігүл мен Мариямгүл анадай жерде аналарының аузына қарап, тым-тырыс отыр. Бірдене дей бастаса, апай сол замат жеки сөйлеп, тиып тастайды екен. Мен де сөзін бөлмей, мұқият тыңдаған боп отырдым. Солардың бір-екеуін қысқаша келтірейік.

– Бибігүлді он жетімде тапқанмын, – деді (апырай, ә! дедім іштей). – Мұның алдында туған қызым қазір Таразда тұрады. Өзге перзенттерім бірі анда, бірі мұнда, бәрі аман, шүкір. Мына қатын (Бибігүлді нұсқап) қазақ әндерін менен үйренген. Мен болмасам қайда!/? Қазір саған бір-екі ән айтып берер ем, жақында тамағыма операция жасап, даусым шықпай қалып тұр. Мен өнім сары, көзім көк, арғы тегім татар болғанмен, болмысым қазақ. Өсіп-өнген ортам қазақ, күйеуім қазақ болса, мен қайда барамын. Қазақтың ән-күйлеріне ынтызар боп өстім. Халық әндеріне ештеңе жетпейді. Мынаған (Бибігүлді айтады) менен дарыған. Әнші боламын деді, болды. Бетінен қаққаным жоқ. Еркін өсіп ержетті. Болды, басқа айтарым жоқ. Осылар жете ме?

– Иә, – деуін дегенмен, ептеп өзге де әңгімелер айтылды, әрине. Бірақ, Бибігүлдің анасының болмыс-бітім, мінез-құлық, кім болғанына оның сол жолы айтқан бір-екі ауыз қысқа да нұсқа сөздері бек жеткілікті еді. Ендеше, әңгімені солармен тәмамдасақ та болады. Тек бір айтарым, атақ-абыройы аспандап тұрған қазақ бұлбұлы Бибігүлдің сол жолы анасының алдында өзін барынша мәйін, жұмсақ ұстап, анасы не десе де былқ етпей, артық сөз қоспай, Мариямгүл екеуінің қарияны барынша әздектеп, риясыз сыйлап, қасқабағына қарайтындарына риза болдым, сүйсіндім. Оларды ата-ана тәрбиесі, бекзаттық деп ұқтым, қабылдадым. Қазақы өнеге!.. Онан соң...

Мақала жарыққа шыққан соң Бибігүл Ахметқызы, бәлкім, Баққожаға телефон соғып (не өз аяғымен келіп) жылы сөз айтқан да шығар, бірақ, менімен хабарласқан жоқ. Ал, мен оны өзімді осы қаладағы азды-көпті білетін таныстарының біріне балайтын болар деп жүретінмін (әлі де солай).

Өзіңіз арқылы бір рет болса да дидарласып, қолынан дәм-тұз татып, ауызба-ауыз тілдескен асыл анаңыздың рухы шат болсын, Бибігүл Ахметқызы!

## КЕНЕННІҢ БІР ҚЫЗ, ЕКІ НЕМЕРЕСІ

Иә, әйгілі халық ақыны Кенен Әзірбаев. Өткен ғасырдағы Ұлы Отан соғысы басталардан бұрын қазақты бүкіл әлемге танытқан ұлы жырау Жамбылмен қатар шығып, өзін Жамбылға шәкірт санап, қазақ руханиятына өшпес үлес қосқан суырып-салма ақын-әнші, атышулы өнерпаз. Оның соғыстан алдын патефон пластинкасына жазылған (шамасы төрт-бес жаста тыңдаған) екі – «Боз торғай» және «Көкшолақ» әні осы күнге шекті есте (бір сөзіне дейін ұмытылмай, қаз-қалпында). Онан соң соғыс аяқталар қарсаңда ма екен, Кенен шығарған деген тағы бір ән қалың жұртқа кең тарап, екінің бірінен естіп жүрдік. Өз басым оны басқа емес, майданға кеткен нағашымның менен бірер жас үлкендігі бар – тай-құлындай тебісіп өскен – тұңғыш ұлы Бәкірден еститінмін. Алғашқы шумағы «Сорлы ақ ешкі жылайсың лағыңа, тастан-тасқа секірген шұнағыңа, кел екеуміз қосылып ән салайық, жетер ме екен құдайдың құлағына» боп келетін де, қайырмасы «Базарым-ай, Назарым-ай, қу шешектен болды-ау сенің ажалың-ай» деп аяқталатын (бәлкім, басқашалау шығар, біз қалай естісек, солай айтып отырмыз). Бала болсақ та, ән иесінің басына түскен қайғыны өзімізше түйсініп-сезінетіндіктен, көңілге мұң ұялайтын. Және оның «Боз торғай» мен «Көк шолақтың» авторы екенін онша бажайламасақ та керек.

Қош, бұл жайларды неге еске алып отырмыз, соған келейік. Кейін ержетіп, қызметке араласқан соң, әрине, Кенендей сирек жаратылыс иесінің кім екенін бір кісідей біліп, 1965 жылы (қазір «Атакент» аталатын) Республикалық көрмеде өткен шопандардың республикалық слетінде айтқан ән-термелерін өз аузынан тыңдадық және сол жиында Қонаев қазақ тілінде баяндама жасап, Қосжан Мүсірепов екеуміз «Мәдениет және тұрмыс» журналына мақала әзірлегенімізді де айта кеткен көптік етпес. Кейін Кенен Әзірбаевтың Әуезов театрында өткен атаулы мерейтойына қатыстық. Қызық-шыжығы аралас өмірдеректеріне де қанық болатынбыз. Негізінен аяулы қызы Төрткеннің баспасөз беттеріндегі сұхбат, мақалалары

мен телевизорда айтатын әңгімелері арқылы десек те болады. Алайда...

Бұл жолы, тіпті, Кенендей әулие адамның аруағына тәу етіп, есімін еске алуымызға басты себеп олар да емес, керісінше, оның бір қызы мен екі немересі. Яғни, қызы Ақбілек және қос немересі Жарқынай мен Баян. Неге? Төтесіне келсек...

1970 жылдардың бас шамасында «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы (рухы шат болсын) Мұса Дінішевтің қабылдау бөлмесінде жасы әлі жиырмаға толмаған (дерлік), сұңғақ бойлы, талдырмаш, аяқ-қолдары балғадай, «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», қыр мұрынды, тана көз, аққұбаша әсем бойжеткен пайда болды да, ұяң мінез, әдепті жүріс-тұрысымен коллектив мүшелеріне бірден ұнады. Аты – Ақбілек. Жұмысқа уақытында келіп, уақытында кететінін былай қойғанда, сауатты, сабырлы, тындырымды, үлкен-кішіге ізет-құрметі бөлекше, тәрбиелі екені ісінен де, сөзінен де көрініп, байқалып жүрді. Мұнда қалай келді, қайдан келді, кім әкелді – шаруамыз жоқ. Әйтеуір, редакцияның сәні кірді, мәні артты. Әзілкеш Қуандық Шаңғытбаев «Мүсекеңнің аузының салымы бар екен» десе, Ақбілектің Кенен Әзірбаевтың қызы екенін білетін (өзгелер де білеміз) Жекен Жұмақанов «тұқым мықты ғой» деп бір-ақ қайырады. Шындығы да солай-тын. Әйтсе де...

Арадан екі-үш жыл өтер-өтпесте баршаға көзайым боп, редакцияның көркіне айналған мақтаулы Ақбілегіміз күнделікті орнында бір-ақ сәтте жоқ боп шығып, сол жоқтан қайтып оралмады. Кейіннен мәлім болғандай, жастың аты – жас, әлдебір қу жігіт алып қашып кетіпті. Ай, сондағы Мүсекеңнің редакцияда істейтін Шәрбану Құмароваға «сен қашырдың» деп қиғылық салғаны-ай! Шәрбану «мен емеспін» деп шыж-быж болады. Ақбілекке бақыт тілей отырып өкінген өзгелер ауыздарын басып күледі. Енді қайтсін...

«Мәдениет және тұрмыс» журналына құт боп қонып, ата-баба жоралғысымен «жөнін тапқан» Ақбілек отырған орында ұзамай орта бойлы, толықшалау, аққұба, жылы жүзді, ибалы, ізетті басқа қыз пайда болып, әсем жүріс-тұрыс, кішіпейіл мінезімен осындағы қауымға ол да ұнады. Білгеніміз – есімі Жарқынай, ол да Кенен ұрпағы, ақынның ең үлкен қызынан туған немересі екен. Ата-әже, әке-шешеден алған тәрбиесі бірден көзге ұратын Жарқынай әдемі жүріп, әдемі тұрды.

Ұжым мүшелері алақанда аялады. Мүсекеңнің ризалығы өзінше. Мен оған оң қол – орынбасар болғанда, Жарқынай осында-тын. Қызмет бабында бір рет те реніш болмағаны құрметпен еске түседі. Сағыныш! О, дүние-ай! Күндердің күні – Жарқынай да кетті отау құрып. Ақ жол тілеп қала бердік. Онда пенсияға шыққан Мүсекең өзге редакцияға ауысып, орнына басқа редактор келген-ді. «Қабылдау бөлмеге Жарқынай сияқты қыз табылса жақсы болар еді», – деген ол бұл міндетті маған жүктеді. Мен ондай қызды іздегенім де, іздеп қиналғаным да жоқ. Жарқынай кетісімен екі-үш күннен соң шолпан жұлдыздай жарқ етіп өзі келді. Келді де, жұмыс керегін айтты. «Білімің қандай?». «Орта». «Машинка баса аласың ба?». «Баса аламын, сол үшін келдім ғой». «Атың кім?». «Баян. Сіздерде Жарқынай деген қыз істеді ғой. Соның туысымын». «Токта, сонда қалай, Жарқынайдың сіңлісің бе?». «Екеуміздің аналарымыз апалы-сіңлілі. Мен Төрткеннің қызымын». «Төрткен?» «Кәдімгі Төрткен бе?»

Ақбілек пен Жарқынайдан әлдеқайда жас, күрек тістері ақсиган, қара торы, мөлдір көз, қимылы ширақ, батылдау балаң қыз сасатын емес, «сол» деп күлім қақты. «Е, сен де Кененнің немересі екенсің ғой, солай ма?». «Солай. Қабылдайсыз ба?»

Жанымда Марат Мәжитов отыр еді, сол «қабылдайық» деп қалды елп етіп.

Бас редактор Бақытжан Жиенғалиев те сөзге келмей мақұл деген соң, қабылдау бөлмеге Баян отырды. Жоғарғы оқу орнына неге түспегенін қайдам, ал, орысшасы да мықты Баян да қамшы салдырмайтын қыз боп шықты. Тәрбие қандай! Қол ұзарып, жырғап қалдық. Кейін ГРЭС-те тұратын Төрткен бір рет келіп, сыпайы түрде алғыс айтып кетті. Төрткеннің інісі Бақытжан Әзірбаев та жазған-сызғандарын алып келіп жүрді...

Әлбетте, мәңгі ештеңе жоқ. Мезгіл жеткенде институтқа түсетінін айтып, Баянды да шығарып салдық. Солайша, республикадағы тиражы 500 мыңнан асқан аса беделді «Мәдениет және тұрмыс» басылымында Кенен Әзірбаевтай ұлы жаратылыс иесінің үш ұрпақ – бір қыз, екі немересі қызмет етіп, бәрінің де артында жақсы үлгі, із қалған-ды.

Бүгінде олардың қай-қайсысының да «Алматы ақшамының» оқырманы екеніне шүбә жоқ. Сонау жылы орта мектепте

мұғалім боп істейтін Баянмен жолыққанда солай деген-ді. Төрткеннің жөні бір басқа!..

## ҚАРАКӨЗ САЛҒАН «ҚАРЛЫҒАШ»

Ертеректе әлдебір басылымға берген сұхбатында халық артисі Нұрмұхан Жантөрин: «Құрманғазының күйлерін тыңдаудан жалықпаймын», – деген-ді. Әлбетте, Құрманғазының күйлерін тыңдаса жалықпайтын басқалар да аз емесі күмәнсіз. Сондай-ақ, жан-дүниеге ерекше әсер етіп, жүректе орнығып қалатын әндер де болатыны өзінше. Өзім үшін солардың бір де бірегейі Ахмет Жұбановтың соғыс жылдарында шығарған – «Қарлығаш» әні. Алғаш қайдан, кімнен естігенім дәл есте жоқ, әйтеуір, ауыздан-ауызға тарайтын ән сазы құлақта жүретін. Ал, 1945 жылы май айының алғашқы күндерінде Келес ауданы, «1-Май» колхозының клубында Алматыдан келген концерт бригадасының мүшесі, өң-түсі сұстылау, нәркес көзді қара торы қыз орындаған «Қарлығаштың» жөні басқа-тын. Басқалығы сонша, аталмыш әнді радио, телевизор, концерт залы, тіпті, «Абай» операсынан (онда хормен орындалады) естіген шақта мен үшін жөні бөлек әнші боп көрінген сол қыз үнемі еске түсетін. Бертінге дейін егер аман-сау болса, Алматыда тұратын болуы да мүмкін-ау деп қиялдайтынмын (өзімше). Оның үстіне, «Мәдениет және тұрмыс» журналында (1964 жылғы апрельден бастап) қызмет істеп жүргенде бас редактор Мұса Дінішевтің үйіндегі жеңгемізді төрт ұлдың анасы боп (кенжесі Әлібек), жасы шау тартса да, үнемі бір жерден көргендей болатынмын да, қой, мүмкін емес дейтінмін. Ақыры, 1972 жылғы 4 май күні Мүсекеңнің үйінде бүкіл коллективпен бірге қонақта болғанда ширек ғасыр бойы көңілді күпті еткен түйткілдің түйіні шешілгендей болды. 1945 жылы 9 май – Жеңіс күні қарсаңында «1-Май» колхозының клубында «Қарлығаш» әнін келістіре шырақан жүзі сұсты, нәркес көзді, қара торы әнші қыз осы, бүгін бізге дастархан жайып, бәйек боп жүрген бес биенің сабасындай апайтөс жеңгеміз, аяулы Мүсекеңнің жар қосағы, ағайынды Ришат және Мүсілім Абдуллиндердің туған әпкесі, кезінде атаулы концерттік мекемелерде әнші боп істеген Кәмила Абдуллина боп шықты. Әрине, өнерден алдақашан қол үзген, көп жылдан бері үй ша-



руасында. Бірақ, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген. Сол күнгі қонақтықта бірнеше халық әнін шырқап, құлақ құрышын әй, қандырсын деңіз. «Қарлығашты» айтыңызшы деп ем, «қонақ күту оңай дейсіңдер ме, шаршадым» деп кейіп тастады. Бірақ...

Бүгінгі олжа, Ахмет Жұбановтың «Қарлығашын» алғаш орындағандардың бірі не бірегейін кездестіріп, көңіл көншігендей болды. Кәмила апайдың орындауында 1945 жылы (ұлы Жеңіс күні) «Қарлығашты» естігенімді өзімше бірінші рет тыңдағанға балап, көкірекке түйіп қойған едім. Одан кейін тыңдамағандай боп жүрдім. Кейінірек сол күнгі (Мүсекеңнің үйінде) көрген-білгендер жайлы жазған мақала «Алматы ақшамы», «Егемен Қазақстан» газеттерінде (тұтас бір бетте) жарияланды. Кәмила апай салған «Қарлығаштың» әсер-құдіреті сонша, ол әнді қайтып естімедім деген пікір сол мақалаларда да айтылды. Иә, дәл солай. Одан бері «Қарлығашты» тыңдаған жоқ едім. Жуырда сәті түсіп, екінші рет тыңдадым. Екінші рет! «Қарлығашты!» Қаракөз салған «Қарлығаш». Қаракөз! Кәдімгі Герольд Бельгердің жан досы Асқар Сүлейменовтің қызы – Қаракөз. Асқар Сүлейменов! Біртуар жазушы, драматург, сыншы, әнші. Ертеректе Төлеген Тоқбергеновтің үйінде Асқар айтқан «Теміртасты» тыңдаған сәт өзінше хикаят. «Парасат» журналында екі жылға жуық бірге жұмыстандық. Сонда жүргенде ауырып қайтыс болды. Бүгінгі айтулы азамат, классик жазушы Смағұл Елубаев бастаған коллектив Асқарды жерлеу рәсімінде (жылқы сойып) тік тұрып қызмет етті. «Кеңсайға» қойылды.

Асқардың баласы Әлішерді бір-екі рет көріп, әңгімелескенім бар-тын, ал, қызы Қаракөзді сырттай естігенім болмаса, мүлде білмейтінмін. Бір жолы... осы таяуда...

Абыз актер, ұлы өнерпаз, халық артисі Сәбит Оразбаевтың белгілі тұлғалар құттықтау сөйлеп, ән-күймен әрленіп, ың-шың, у-шусыз, тып-тыныш өтіп жатқан мерейтой дастарханында кенет бірден жүрекке жетіп, жан баурайтын ғажап ән естілді. Сезім, түйсік, мәнер, дауыс – бәрі бөлек. Ән! «Қарлығаш»!. Орындаушы – Қаракөз (екен). Жанымда отырған арқалы ақын Қасымхан Бегманов солай деді. Асқардың қызы. Тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы. Киелі өнер шын иесін тауып, қонған-ақ екен. Жанында отырған белгілі актер, режиссер Досқан Жолжақсыновтың жары.

Досқанды ертеден білеміз. Өнеріне қанықпыз. Ал, Қаракөзді тұңғыш рет көруім. Қаракөздің орындауында «Қарлығашты» екінші рет тыңдауым. Екінші рет!.. Сол баяғыдан соң. Кәмила апайдан кейін. Одан бергі екі арада тыңдағандар есеп емес. Мен үшін, әрине!

Бір жапырақ қағазға солай деп жазып, Досқан екеуіне беріп жібердім. Жібердім де, той иесінен рұқсат сұрап, қайтып кеттім.

«Сіз кетіп бара жатқанда қағазыңызды Қаракөз бен Досқанның соншалық ықыласпен оқып жатқанына көзім түсті», – деді кейін Қасымхан. Сол кештегі әсер ұмытылмақ емес. Ол деген қазақтың Қаракөз сынды қаракөз қызы «Қарлығашты» салған кеш емес пе?

Аяулы Ақаң! Қазақстан мен Тәжікстан – қос бірдей ғылым академиясының академигі, өнер абызы Ахмет Жұбановтың даңқы арта берсін! Рухы шат болсын!

## МАЗМҰНЫ

Қос қайраткер, қос тұлға .....	3
Саттар Иماشев .....	13
Асулар мен биіктер .....	25
Сәкен Сейфуллиннің Үржарға келуі .....	35
Роза Бағланованың алғашқы махаббаты .....	47
«Маэстро» қалай жазылды .....	58
«Көп қазына ішінде кетті» .....	68
Сәкен Сейфуллин ұнатқан екі ән .....	80
Сәбит Оразбаевтың айтқаны .....	83
Әлібек Дінішевке қойылған сұрақ .....	85
Менің редакторым .....	88
Ызғарлы көктем .....	97
Дастарқан басындағы а, капельді хор .....	101
Әуезовтің Арагонға хаты .....	105
Бізді әлі әлем мойындайды .....	108
Камал Смайыловтың әділдігі .....	116
Салық Зимановтың қайсарлығы .....	119
Ришат пен Байғали .....	121
«Соңғы поштадан...» .....	139
...Қазақтар жалғыз Абайды да құртып тынбаса неғылсын .....	146
Бізді таныстырған – Ермек Серкебаев .....	150
Бельгердің аруағына тиіспе .....	157
Екеуі де Рамазан Елебаев – әнші, композитор .....	162
Бұқаралық қаламгерлер, жыраулар .....	168
Қазақ киносындағы бейшаралық .....	173
Береке де, мереке де мол жылдар .....	186
Мұртымен ін қазған «жиендер» .....	198
Сарыағаштың келіні .....	208
Ойран бола жаздаған атамекен .....	221
Екі рет министр, екі рет ректор болған .....	236
Сәкен Сейфулинді тергеген мүмін .....	244
Туған елге сыймаған .....	253

Нұрқаділовтің екі шапағаты.....	260
Пернебек Момынов қатарға қосқан .....	266
Абай Бейсембаев шырқаған «Үкілім-ай» .....	273
Тауда шертілген сыр .....	276
Нартай Бекежановтың ауылға келуі .....	282
Әке тәлімі.....	288
Жақсы адам.....	293
Әбу Сәрсенбаевтың қамқорлығы .....	296
Әмірені танып біттік пе? .....	299
«Ішкі әлемі сайрап та, жайнап та тұр».....	308
Тоқашты бала жастан біліп өстік.....	312
Брусиловский 31 опера жазған .....	316
Оңдасыновты айта бергенше .....	320
Ермек Серкебаевты «елемеген».....	322
Қосжан тұрған үй.....	330
Қайран Қосжан, Қосаға .....	332
Біздің Жақсыбай.....	337
Әмбиенің емі .....	341
Жетісу уәлаятындағы қоғамдық кеңестер .....	346
Саржағалдық сарын .....	352
Апалы-сіңлілі Нақыпбековалар .....	356
Озбырлық.....	362
Бауыржан Момышұлының	
Нұрымбек Жәнділдинге жауабы.....	367
Дидахмет Әшімханов айтқан сыр .....	370
Бибігүл Төлегенованың анасы.....	373
Кененнің бір қыз, екі немересі.....	375
Қаракөз салған «Қарлығаш» .....	378

**Зәкір АСАБАЕВ**

**Замана тынысы**

*Очерк, эссе, көсемсөз, естеліктер*  
(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –  
**Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: *Тымболова А.О.*  
Техникалық редакторы: *Әлімжанұлы Т.*  
Безендірген: *Еңсебай М.*

Басуға 15.05.2017 ж. қол қойылды  
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.  
Пішімі 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 20  
Таралымы 5000+120 дана.  
Тапсырыс № 235

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143. офис 321  
Ұялы тел.: 87772119934.  
Эл.пошта: dastur\_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7505-49-3



9 786017 505493



